


Ұрпақ-ұлттың тамыры

Қажет АНДАС

Жалаулымызды желбіретіп, жаудан қайтпаған ел едік. Жасаның тиген жоңғарды да жер жастандырып, ұлан-байтақ даламызды арымызбен сақтағанбыз. Тарихты парақтап қарасақ, Ескелді он бес жасында билік айтқан екен, Ерасыл он бесінде Қабанбай батыр атана бастапты, Райымбек он бес жасында жас жігіттердің басын қосып жауға шапқан. Біздің он бестегі бүгінгі жігіттерімізге не істеп жүр? Бұл күндері атамыздан естімегенді ботамыздан көретін болдық. Сол батыр халықтың ұрпақтары ұсақталып бара жатқан жоқпыз ба?

Біз әлемдегі ең бай елде өмір сүріп жатырмыз. Алайда, оның бағасын бағамдайтын парасаттан ғана ақсап жатқан жайымыз бар. "Орнында бар оңалады" дегендей, бізге керегі осы байлықтың қадіріне жетер ұлағатты ұрпақ. Әрине, ондай ұрпақ өсіп келеді. Десе де, сол жеткіншектеріміздің санасын батысқа еліктеу деген жаһанданудың ағымы теріс жолға бастап отырған жоқ па? Мен батысқа еліктеуге қарсы болсам да, батыстың озық мәдениеті мен ғылымынан үйреніктенуге қарсы емеспін. Өйткені заман талабы солай. Бірақ біздің жастар кесірі мол ағымдарға үйір болып бара жатқандығы ғана алаңдатады, ұлтқа төнін түрген қауіп ойландырады. Жеріміз кең болса да, санымыз аз қазақпыз. "Жат жарылқамайды" деген бар, келешегіміз туралы ойланбасақ, ертеңгі күні мына ұлан-ғайыр даланы кім қорғайды, кім түлендіреді, кім не болады? Бұл жөнінде мен де, сен де, сіз де жауап іздеуіміз керек.

Адам – ұрпағымен...

Бала күнімізде әке-шешемізді "ертегі кітап, шаңғы әпер" деп мазалаушы едік. Қазіргі балалар "компьютер, бейнемагнитафон, музыкалық орталық, ұялы телефон, машина әпер" – деп құ жанымызды құырдақтай құырады.

Көршіміздің тоғызыншы сыныпта оқитын сүйкімді ұлы үйдің шатырында асылып қалып, өмірімен қош айтысыпты деп естігенде бәріміз жағамызды ұстадық. Басында ол оқитын мектеп пен оның ұстаздары сынға алынды. Олардың не жазығы бар еді? Жалқауды пысық, тентекті парасатты, баланы ақылды етемін деп, жарғақ құлағы жастыққа тимей жүретін ақ пейіл жандар біраз уақыт ар азабын тартты. Алайда, ақиқат киізінің кім екендігін ақыры анықтады. Автоматты ойындарға құмар болған қалталы бала жамандықтың бәрін экраннан үйреніп, ерікті басын тұзақталған жіпке еріксіз ұсынған екен. Ол осылай өмірден кетті, бірақ оның артында адамды мазалайтын ауыр сұрақ қалды.

ДОСЫМНЫҢ ШЕШЕСІ

білдей бір мектептің оқу ісінің жауаптысы. Отыз жылдық еңбек жолында көптеген ұрпақты білім нәрімен сусындатып, елине еселі еңбек етіп жүрген талай тарланды тәрбиелеп, қатарға қосқан қарт ұстаз. Осы күнгі оқушы балаларға іші жылымайтынын айтып сыр бөлісті.

– Біздің кезімиздегі балалар мұғалімдерін қалай құрметтеуші еді! Оған қылық көрсетіп қалса қысылып, айыпты адамдай күй кешетін. Оқуға құмар, үйренуге бейім, тапсырған міндетті асыра орындамаса көңілдері тыныш таппайтын. Бір-бірімен бәсекелесе білім үйреніп, өнер жолына ұмтылатын. Ол кездері еңбегінді ел танитын, ұстаз болып бала тәрбиелеу деген абыройлы жұмыс болатын. Ал қазіргі күндегі кейбір жағдайлар жаныңды жаралайды. Мектепке келіп оқуды күн өткізудің амалына айналдырып алған балалар да бар. Оларға қатаң тәрбие жұмысын жүргізе бастасаң дау көтеріп, табалдырығыңнан кетпей қоятын ата-аналарын қосыңыз. Қалтасының қалыңдығына арқа сүйеп, балаларын шолжандатып, олардың келешегіне кері әсер етіп отырған әке-шешелердің құлағына алтын сырға! Кейбір жеткіншектер мектепке келіп қай-қайдағы тәртіпсіз қылықтарымен оқуға бейім өрендерді азғыра бастағанын көріп, оған ескерту жасасаң, өзіне қарсы келеді. Одан соңғы істердің де күәсі болып жүрмін. Бір баланың айтқан әңгімесін ойласам болды тұла бойым түршігеді. Оның айтуынша, жоғары мектепке түсуі, мамандық алуы, болашақта жұмысқа тұруы да жоғарыда отырған көкелерінің ықпалымен кәзір-ақ шешіліп қойылған. Ол мектеп бітіргеніше көкесі орнында отыра ма, жоқ па, бұл жағы ойландырмайды. Оған тек күту ғана қалыпты.

Біздің болашақ осылай болып барады. Бұған кінәлі кім? Кінәлі – сіз, біз, бәріміз. Түпке жетер бойдағы енжарлығымыз. Халқымызда "Адам ұрпағымен мың жасайды" дейтін аталы сөз бар. Бүгін біз сол ұрпақтың ұлағатына балта шауып отырмыз.

Мұның қайнары "өркениет" деп өз орнымен танымай, өркөкіректікпен қабылдап алған атышулы жаһанданудың жалыны. Ал, санамызды ұлап, адамгершілігімізден бездірген ақшақұмарлық бұл отқа май құйғандай лаулатып жіберді. Оның да талай қисынсыз қылығының куәсі болып жүрміз.

ЕКІ ЖҰЗ ТЕҢГЕ. Әрине, бұл аз ақша. Бастауыш мектепте оқитын баланың оны дәретхана қағазының орнына пайдаланып, құдыққа лақтыра салуы жай нәрсе ме? Бұл ұрпақ санасының каншалықты деңгейде екендігін түсіндіреді. Иә, еліміз тәуелсіздік алғанына біраз жыл болды, осы жылдар аясында "ақтабан шұбырынды" кезінде болмаған ауыр күндерді басып өттік. Қоғам мүлкін талан-таражымлау да, күйреу де, күйзелу де болды. Бірақ еліміз тығырықтан шықты. Мұндағы бірден-бір себеп, қазақ халқының қайсарлығы мен төзімділігі қолға барға қанағаттылығы. Алайда, бұл жылдарда экономикалық кикеттілік басты назарда болып, ұрпақ тәрбиесі назардан тыс қалды деп айта аламыз. Біз ел экономикасын еркендету барысында, барлық мәселені ақша арқылы шешуге болады дейтін керағар пікірді жұқтырып алдық. Бұл кәзіргі жас ұрпақтың санасын да уландырып отыр. Елдің ертеңі болатын ұрпақ буыны қатпай жатып ақшамен абырой табуды ойласа, одан қандай болашақ шығады? Білімге құмартпай билік пен байлыққа басы айналған бала ертеңгі күні кім болып ержетеді? Арқанға асылудың төркіні осы жерде жатқан жоқ па? Барлық адам өзі шықпаған биікке балам шықсын деп армандайды, тілейді. Сол тілек баланы есін аудара есірту ме? Әлде, бала болашағына көңіл болгенімиздің сиқы осы ма?

Өткенге көз салсақ ұлтымыз сан ғасырлық тарихында бала тәрбиесіне ерекше ден қойып келген. "Өсер елдің ұрпағы он бесінде баспын дер" деген есіне қалдырған халқымыз ер баланы ат жалын тартып мінгеннен бастап батырлыққа, қайсарлыққа, бауырмалдыққа баулып отырған. Ел шетіне жау тисе, ақ найзаын қолына алып елін қорғау ерлердің ісі саналатын. Сондықтан да осындай ұлан-ғайыр даланың иесі болып отырмыз. Қызым – ұятым деп білген халқымыз қыз балаларды нәзіктікке, парасаттылыққа, ізгілікке үйреткен. Ел басына күн туғанда ерлермен бірге ерлік жасап, елінің рухын өсіріп, жұртына ұран болған қыздарымыз қаншама! Мұның бәрі ұрпақ тәрбиесінің ұлағаты емей не? Міне, бұл – ғасырлар бойы қазақ деген халықты сақтап келген баба заңы. Осы заңды тәрк еткен әулеттің болашағы күмән. Қасиетті Құран Кәрімнің "Мұхаммед" сүресінің 38 аятында: "... Алла өзінен бетбұрған халықты басқа халыққа айналдырады, ол бұрынғыдай болмайды", – делинген. Алладан бет бұру дегеніміз – дәстүрді көзге ілмеу, ата-ананы сыйламау, дұрыс кеңеске құлақ аспау, тілшілділіктерін тәрк ету, т.б. Қазіргі күнде біз жақсы қасиеттерімізден айырылып барамыз. Жаһандану деп шетелге еліктеу деген шықты. Әрине, батыстан біз үйренетін жақсы жақтар бар. Ягни, олардың ұрпақ тәрбиесіндегі өнегелі істері. Алайда, біздің балалар азғындыққа жетелейтін дүниелерге құмар болып барады. Осы құмарлық қасіретке толы қайғылы істерімен жүректерді қан жылататын әрекеттерді тудырып отыр. Бүгінгі таңда қазақстандықтар үшін экономика алаңдайтын мәселе емес. Ой бөлетін нәрсе – ел тізгінін ұстайтын ұрпақ тәрбиесі. Ол– ақшамен сатып алуға келмейтін ірі байлық. Арманымызды жалғайтын ұлағатты ұрпақты ақшаның құлдығына айырбастап алмайық.

Ауру айтып келмейді

Біздің жас кезімізде әке-шешеміз "Достарыңмен ойнап кел", "Ата - әжелеріне әмансәлем жасап кел", "Кинога бар", "Кітапханага бар" деп үйден қуалайтын. Ал, кәзіргі күндегі ата-аналарға бала деген пәле болды. Таң азаннан компьютердің алдынан шықпайды да, кеш кірегеннен таң атқанша үй қарасын көрмейді. Әрбір таңды алаңдаумен атыратын аналарда маза жоқ. Мүмкін мұны біз осы дәуірдің жастары болмағасын түсінбейтін шығармыз. Бірақ, мәселе онда тұрған жоқ. Ұрпақ санасын ұлағатқа емес, ұятсыздыққа жетелейтін дәуірлік жаңалықтарда тұр. Ғасырлар үрлісінен аққөңіл, адал, адамгершілікті талдап алған халықтың балалары қайырымсыз болып бара жатқан жоқпыз ба?

САУДА ІСТЕЙТІН ӘЙЕЛ КІЖІНІП ТҰР: " Осы күнгі жастарға ақылың жетпейді, қалқуляторсыз есеп шығара білмейді. Әдеттегі қарапайым есепке бола қол телефондарын шұқылап тұрғанын көргенде жыным келеді. Мектептерде ауызша есеп шығару тәсілін, үміті ақталмаған үйретпей ме? Әлде, үйренуге құлқы жоқ па, түсінбейсің". Әрине, барлық құбылыс бірбірімен байланысты түрде дамиды, кемелденеді, күйрейді. Өндіріске техникалық тездік керек, онсыз өнімділік болмайды. Адам баласына төзімділік, сезімталдық, табандылық керек. Ол болмаса табыс та болмайды. Техника қаншама күрделі болғанымен бәрібір адам миының жемісі. Сондықтан мидағы білім, санадағы ақылы кемелденбеген ұрпақтың ойламы да, бойламы да ұзаққа бара алмайды. Жуырда бір басылымнан компьютерге әбден құныққан бір қатегез баланың "тамақ іш", "демал", "өшір" деп мазасын ала берген шешесін қылқындырып өлтіргені туралы оқыдым. Қазіргі күнде тек электронды құралдарға сүйеніп жұмыс істейтін, ал одан айырылса басы істемейтін жастарымыздың қатары көбейіп келеді. Бұл қатер емей не? Тас мүсін жабдық барлығын дайындап берігенімен, қайсарлық пен төзім бере алмайды.

Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымы компьютерге құмарлықты адам ағзасына қауіпті, психиканың бұзылуына әкеп соқтыратын аурулардың қатарына енгізді. Қазір адамды баюға жетелейтін, үміті ақталмаған жағдайда өзіне-өзі қол салуға дейін баратын жаһандану сынды өркениет жан-жағымызда анталап тұр. Ұяты басым халықтың ұрпағын уландыратын дерт келешегіміздің жақсылығы болудан қалып, жамандықтың қайнарына айналып бара жатқан жоқ па?

ЖЕҢІЛ КӨЛІКПЕН ағызып келе жатқан 16, 17 жастағы екі бала көше қиылысында ұшыраса кеткен ат арбаны ілініп әкетті. Әп-сәтте үш бірдей өмір көз жұмды. Ол жеті мың АҚШ долларына сатып алынған жаңа көлік қою көк түтінге оранып темір болып қалды. Неге? Сұрақ көп, жауап та жетіп-артылады.

Иә, экономикамыз өркендеп, ересіз көтерілген соң, әрине, басқа ел мен жұрт кешіп жатқан жайлы тіршілікті біздің де игілігімізге асыруға қақымыз бар. Алайда, өркениетке сай өре болуы керек емес пе? Адам өмірін ойрандап отырған келеңсіздіктерге қарап жаның түршігеді. Мен көлік пайдалануға қарсы емеспін. Әрине, ол заманымыздың талабы. Десе де осы мәдениетті өз орнымен, айналамыздағы шарт-жағдайларды өресімен, өмірге деген қызу сүйіспеншілікпен пайдаланса құба-құп болар еді. Ал біз көріп отырған шындық мұның керісін көрсетіп тұрған жоқ па? Әңгімеміздің арқауын алыс-жақын шет елдерден іздеп көрелік.

ҚЫТАЙЛЫҚ ЕҢ БАЙ саналатын Лу Ның бикл 62 жаста. Төрт баласы бар. Балаларын демалыс сайын ауылдағы ата-әжелеріне апарып, құрдыс, жол, ауыл шаруашылығы жұмыстарын істетеді. Бұл көптеген адамды қызықтыратын жағдай. Осы жайында бір телеарнаға берген сұхбатында мынадай қызғылықты әңгімені баяндады:

– Мен балаларыма өмірдегі барлық жағдайды жасауға мүмкіндігім бар. Алайда бойында ұлттық рухы болмаған адамнан үлкен үміт күтуге болмайды. Ауыл тәрбиесінен сіңген кайсарлықтың арқасында мен осы дәрежеге жетіп отырмын... Сонымен бірге, маған осылай шешім жасауға себеп болған тағы бір жайт Америкаға сапарымнан басталды.

Лу Ның ең алғаш рет Америкаға 1985 жылы келді, электр жабдықтарын тасымалдаумен айналысқан. Оған келісімшартқа отырған фирма қожайынының үй қызметін істейтін он бес жасар американдық қыз Гейси көп көмек жасады. Демалыс сайын өз алдына тіршілік етуге дағдыланып жүрген каршадай қыз жапон, орыс, қытай тілдерін жетік білуші еді.

Екінші реттік азотты тыңайтқыштарды тасымалдау сапары да сәтті болды. Өйткені, оған бір отбасында бала бағушы болып жүрген Гейси тағы да жол көрсеткен болатын.

1988 жылы Лу Ның Америкадағы ең алпауыт компания MICROSOFT фирмасымен келісімшартқа отыруға тура келді. Ол Гейсиге қоңырау шалып көмекке мұқтаждығын білдірді. Бұл кезде ол Гарвард университетінің студенті еді. Лу Ның арманы орындалды. Десе де, ол тағы бір қызықты жағдайға көз жеткізді. Үш жыл бойы өзіне көмек көрсетіп келген қыз компьютер өндірумен дағдыланған шықпен дүниедегі ең ірі бай Бил Гейтстің қызы болып шықты.

Бұл турасында сұрағанда алпауыт бай былай деп жауап берген:

– Менің табыска жету жолым екі нәрсеге байланысты, бірі – өз ұлтымның дәстүрі мен тарихына деген терең құрмет. Екіншісі – қажырлылық пен төзімділік. Мұндай екі қасиет болмаған адамның үлкен іс істей алатындығына сенбеймін. Мен

САНАЛЫ БАЛА – ЕЛ КЕЛЕШЕГІ

Бір күні карбалас жұмыс үстінде бір бала ілгері кетіп шығып сұрады. Ол екі отбасының ортасында еркелеп өскен жалғыз ұл. Оның арманы – бокспен шұғылдану. Алайда, әке-шешесі экономист болуын қалайды. Ал, ата-әжесі Америка мен Индияда түсірілген бокс майдандарындағы шытырман оқиғалы фильмдерді көп көріп жүргендіктен оның талғамына түбегейлі қарсы. Менің де бұл идеядан ілгіктіруге әлім жетпеді. Сосын оймыды оқырмандармен бөлісейін деген түйінге келдім.

Ғылыми-зерттеудің дәлелдеуінше, қазақ балаларының жастарымызның жігеріне күш беру былай тұрсын, оның жолына тұсау, қолына байлау болып отырмыз. Біздің ұтылар жеріміз осы.

Айтпақшы, оймымызды айқындау үшін мына фактіні де тіркеуге тура келеді.

Бразилиялық Пеле "футбол патшасы" деген атпен танылып, данқы әлемге әйгілі болғаннан кейін ілгерінді-кейінді 88 мемлекетті аралады. 10 елдің патшасы, 5 шахтың, 40 елдің үәзірі, 2 поптың тікелей қабылдауында болды. Соғыс қабылдауында Нигерияға барғанда соғысушы екі жақ Пелеиің өнерін тамашалау үшін екі күн соғыс тоқтатқан. Міне, бұл



Қайыржан ЖАЙТАСОВ, облыстық ІІД жол полициясы басқармасы бастығының орынбасары, полиция полковнигі:

– Өткен жылдың есебіне қарайтын болсақ, Алматы облысы аумағында 1301 жол апаты болыпты. Онын ішінде 540 адам қазаға ұшыраған, 1515 адам әртүрлі жарақат алған. Бір жылдың ішінде біз бес жүз қырық адамнан көз жазып қалдық. Қаншама адам жарымжан болып, азапты күй кешіп жүр. Бұл орны толмас жоғалту деп білу керек. Бір адамның ақылпарасатымен бір елді басқаруға болады, ал біз қайтыс болғандардың есебінен қаншама талантты жоғалтып отырмыз. Осынау жол апаттарының себептерін зерделесек, бірнеше факторға бөлінеді. Бірі – автомобиль жолдарының шетелдік көліктердің талабына сай еместігі десек, бұл туралы бірнеше жайды тізбелеуге болады. Ең бастысы адам факторы болып отыр. Әр адам әртүрлі ойлайды. Көптеген жүргізушілер – көліктің рөліне отырғанымға пален жыл болды. Оның үстіне астымыда судай жаңа шетел көлігі дегендей, күпіршілікпен сапасы сын көтермейтін жолда жоғары жылдамдықпен жүруді әдетке айналдырады. Көкірегің мақтанышқа бизеп, пенде пендешілігін істеп бұл әдет дағдыға айналады. Күн өте келе арақ қосылады. Содан барып не керек, қазақтың қаншама асыл ұлдарын жоғалтып жатырмыз. Жол апатынан тұмдаған істерге талдау жасағанда мерт болғандардың басым бөлігі жасы 25-ке жетпеген қыздар мен жігіттер екен. Қазақстандағы демографияны жақсарту және дамыту жөніндегі Елбасының нұсқауы бар. Бала туып, адам санын көбейтетін жастарымыз пәни дүниемен қоштасып, бақұлық болып жатса, біз адам санын қалай көбейтеміз. Мектеп бітіру құрметіне сыйланған машинаның кілті жалындап тұрған қаншама жас өрендері қырқынынан қиын жағдайға ұшырап, соның орнына кеткен қомақты қаржы оның келешегіне пайдалы басқа жоспарларға жұмсалса қаншама мағыналы болар еді деп ойлайсың. Жүрегіңді сыздататын мұндай дәнекерлі әңгімелерді күн сайын естіп, ауушылық біздірген болармыз. Ал, оның арты жалында обаран болып жатқан отбасы мен күйреп жатқан тағдырларға бола кімді кінәлаймыз?





Сағыныш НАМАЗШАМОВА, облыстық тілдерді дамыту басқармасының бас маманы:

– ел болғанымызға санаулы жылдар болды. Оң-солымызды енді танып, ел басқарудың сара жолына түсіп келе жатқан осы бір кезең де, жаһандануың жалыны да қанжығалап қоймады. Сытыра жамандауға да келмейтін кеңестік дәуірдің тағылымды тәрбиесінде өскен біздің танымымыз бен талғамымызға салқының тигізе қоймас. Алайда, жас өркеннің өрлігі мен өміршеңдігіне кері әсер етіп жатқанын көріп те, естіп те жүрміз. Біз осы бір дүлей толқынның қауіпті шарпуына шыдай алатын халдеміз бе, жоқ, қауқарымыз жетпей жатыр ма?

Ұлттық сипаты айқын ел қандайда бір кер заманның теріс ағқан тасқынына төтеп бере алады. Ал, өз ана тілінің қадірі мен қасиетін бағалай алмағаны былай тұрсын, отбасында орысша шұлдірлеп, ағылшын болып арман арқалап жүрген қара көз қандастарымыздың жайы мен күйіне қарап қарның ашады. Болашаққа бірде сенсең, бірде сенбей ойлана қарайсың.

Тарихымыз таланды болған кездерде, "ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама" сияқты алапатта, бодандықпен белдесіп, бостандыққа ұмтылған сәттерде жанға жігер, санаға нәр берген ұл-қыздарымыздың қайсарлығы дейтұрғанмен сол батылдыққа апарған қазақтың тіліне деген құрмет еді ғой. Ал, бабалар аңсаған тәуелсіздікке қол жеткендегі санамыз не болып барады?

Кітапханаларға кіре қалсаңыз көзіңіз бір сәт балаларға арналған кітапшаларға ауады. Өкінішке орай, өз тілінде, өз халқының қаламгерлері жазған, ұлттың болмысынан туындаған базарлықтардың аздығы жаныңды ауыртады. Кейде қандай болсын, ертегі естігеніне шүкіршілік етесің-ау! Бірақ, "Маша мен аю", "Бауырсақ", "Қызыл телпекті қыз", "Шал мен Шалқан" сияқты басқа халықтың ертегілерін естіп тәтті ұйқыға кеткен баланың не ойлап жанатынын білмейсің.

Қазіргі таңда теледидар балалардың екінші мектебіне айналып отыр. Бірақ жаһанның осы бір жаңалығынан көреріміз қыпқызыл қанға боялған фильмдер, нәпсіқұмар кинолар, адамшылықтан ада ток-шоулар...Алар пайдамыздан тартар зиянымыз көбейіп барады.



Лида КЕМАЛОВА, облыстық СПИД-тің алдын алу және күресу орталығының дәрігер-эпидемиологі:

– Қазір түнгі клубтарда немесе жиһазорлыққа, суық жүріске салынып ВИЧ/СПИД-ке шалдыққандардың 80,3 пайызын жастар құрап отыр. Оның таразу көзі шеміен (78,8%), жыныстық қатынастен (15,5%), содо және бисексуалдық қатынас арқылы (0,7%), ал (0,2%) балаға жатырда жатқанда анасынан беріледі.

Жыл басында бір оқиға: 19 жастағы А. тұрмысқа шығып, жүктілігін алтынша айында қанын тексерсе кезде ВИЧ- ті жұқтырып алғаны анықталады. Сосын оның күйеуі тексеруден өткен. Нәтижесінде ол да ауру болып шықты. Енді олардың көрелері қандай болып туатындығы белгісіз. Ауру анадан балаға 50% беріледі екен. Міне, бір адамның жеңіл жүрісінен екі жан зардап шегіп отыр. Өкінішті жасырға алмаған ананың көз жасына шыдап тұра алмайсың.

Л. деген әйелдан М. атты бала дүниеге келді. Бөбектің анасы нашақор және кездейсоқ адамдардың жыныстық қатынаста болып, ВИЧ инфекциясына шалдыққан. Енді сол қатер бала аузасынан көрініс тауып отыр. Кәзірге дейін облысымызда ВИЧ инфекциясын жұқтырған 387 жағдай тіркелін, оның ішінде 4 адам қайтыс болған. Осындай жанынды жаралайтын, санаңды мазалайтын кітер күн сайын көбейіп келеді.

Й ТҮЙІН:

Оны шырайлы, ойламы толғақты, көз қарасы шалқар оқырман қауым! Халқымыздың "Көп түкірсе көл болады", "Кеңесіп пішкен тон келте болмас" деп келетін қасиетті сөзі бар. Ал ендеше, ел болған екенбіз, оның ертеңгі болашағы жанында неге кең көсіліп отырып сыр ақтармасқа. Келешек ұрпақ мәнді де, мағыналы өмір кешіп, қазақтың көкбайрағын асқақ ұстап алуы үшін сіздің де қандай ықпарымыз бар.

ЖАҚСЫ БІЛЕТІНІМ – ГАЗЕТТІҢ АБЫРОЙ-БЕДЕЛІН КӨТЕРУГЕ, ОҚЫРМАНДАРҒА МАҢЫЗДЫ ХАБАРДАР ЖЕТКІЗІП, МАҚАЛАЛАР ЖАЗУҒА КҮН-ТҮН ДЕМЕЙ, ОЙЫН ОПЫРЫП, МИЫН ШАҒЫП, ҚЫМ-ҚУЫТ ЖҰМЫСТЫҢ АЗАП-ТОЗАҒЫНА КӨНІП ҮЛЕС ҚОСҚАН ТАЛАЙ САБАЗДАР ІСТЕДІ-АУ МҰНДА.

Сенбі, 31 мамыр, 2008 жыл 90 Жетісу e-mail: Jetisu2002@mail.ru

Құрылғанына төрт жыл болған Ескелді ауданындағы "Алматы облыстық ерікті мүгедек балалар қоғамы" қоғамдық бірлестігі облыстық ішкі саясат департаментінен ұтып алған гранттың көмегімен өз жұмыстарын жүргізіп келеді. Мүмкіндігі шектеулі жандарға қарайласып тұратын ел азаматтары да жоқ емес.

Балаларды қуантты

Кәжет АЙДАС

Балаларды қоғамдық ортаға бейімдеу және түзету жұмысымен айналысатын аталмыш бірлестікте бүгінгі таңда 2 мен 19 жас аралығындағы 36 бала тіркелген. Олардың бәрі 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күнін асыға күтеді.

Биылғы мереке қарсаңында олар облыстық жастар мәслихатының басшысымен "ТАГТАh" туристік фирмасы сыйлаған газ плитаға ие болды. Аса қажетті техникаға ие болған олардың алғысы шексіз.

Ал аталмыш фирманың директоры Ерлан Жансейітов:

– Бұл қайырымдылық шараны неніңдей де бір асып-тасып жатқанымыздан немесе елге танылу мақсатында ұйымдастырып отырғанымыз жоқ. Бізге керегі балалардың бақытты күлкісін есту, – дейді ағынан жарылып.

Балалардың бүгінгі көтеріңкі көңіл-күйі аталмыш шынырықта жұмыс істейтін тәрбиешілерді өте қуантты.

– Біздің балаларға, міне, осындай қайырымдылық керек. Себебі, олар осы арқылы өздерінің қоғамда орны бар екенін сезінеді. Шабыт алады, сол арқылы тәрбие жұмысына бейімделеді, – дейді бірлестік төрағасы Төлеу Қасымбекова.

Бұл күнгі шараны балалар қуанышпен қарсы алды. Өздері дайындаған шағын да болса мағыналы концерттік нөмірлерін орындап, бала көкілінен туған жарқын болашақ тақырыбында сурет салды. Шара соңында бүлдіршіндерге сыйлықтар тапсырылып, мерекелік дастарқан жайылды.

Ең бастысы – мейірім

– Ол өзін Ира деп атайды. Алайда, бұл оның шын аты ма, әлде, жалғаны ма? Ол бізге беймәлім. Ішкі істер қызметкерлері оны көшеде қаңғып жүрген жерінен тауып алып, біздің мекемеге әкелген еді, – дейді Алматы облыстық ішкі істер департаменті кәмелетке толмағандарды оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталығының инспектор-психологы Жанар Көптілеуова жүзі жадау, оны сынық сегіз жасар баланы бізге таныстырып.

... Қазір осы аталмыш мекемеде кәмелетке толмаған, қараусыз қалған 25 бала бар. Олар ата-анасының қамқорлығынан айрылған немесе іздеусіз болып кеткендердің балалары. Олардың қазіргі жағдайы жаман емес. Әрине, жайлы үй, құнарлы тамақ болғанымен бізді олардың кейінгі болашағы алаңдатады. Сондықтан мұндай балаларға қоғамның шетсіз мейірімі керек.

Жуырда осындай балаларға "Жас Отан" жастар қанаты мен "Жетісу жастары" жастар орталығы бірлесе отырып, "Жастар қауіпті дерттен аулақ" атты қайырымдылық аксиясын ұйымдастырған еді. Бұл күнгі шараға облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының мүшелері мен Талдықорған политехникалық колледжі студенттерінен құрылған насихаттау тобы және бейімдеу орталығында тәрбиеленіп жатқан балалар қатысты.

Шара барысында балаларға жұқпалы аурулар жайында мәліметтер берілді. Сауалнама жүргізіле отырып қызығушылық танытқан оқырмандар ойналды және үлестірмелі қағаздар табыс етілді.

Өз тілшіміз.

ЭЛЕКТР ҚУАТЫНЫҢ ТАРИФІ

ТАҢДАУ ӨЗ ЕРКІҢІЗДЕ

ҚР Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі агенттіктің Алматы облысы бойынша департаменті Талдықорған аймағында тәуліктік аймақтар бойынша электр қуатының жіктеуші тарифін енгізу туралы журналистермен жедел мәслихат өткізді. Басқосуға «ТАТЭК» АҚ, «Жетісу Энерготрейд» ЖШС, облыстық энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасының басшылары, облыстық және қалалық мәслихаттардың депутаттары, «Нұр Отан» ХДП филиалының өкілдері, «Мәдениет» облыстық кәсіподақ комитетінің төрағасы және тағы басқа да мүдделі тұлғалар қатысты.

ҚР Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі агенттіктің Алматы облысы бойынша департаментінің бастығы Я. Баратов электр қуаты тарифіне қатысты оңтайландырылып отырған өзгерістің мән-жайын жан-жақты айтып берді. Тәуліктік аймақтар бойынша электр қуатын есептеудің жіктеуші тарифін енгізу Талдықорған аймағы тұрғындары арасында кең көлемде түсіндіру жұмыстарын жүргізуді талап етеді. Алдағы уақытта жіктеуші тарифтерді енгізудің шарттары мен үрдістерін тағы да нақтылау қажет болып қалуы әбден мүмкін. Талдықорған аймағында 1 КвТ. сағатқа 8,14 теңге болып белгіленген тариф қолданылып келеді. Үстіміздегі жылдың 15 маусымынан бастап жіктеуші тариф енгізу ойластырылуда. Жаңалықты жатсынбайтын тұтынушылар мүмкіндіктері мен ынталары болса, қазірден бастап өтініштерін тапсыра беруі керек.

«Жетісу Энерготрейд» ЖШС директорының орынбасары Серік Демидовтың айтуынша, ҚР Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі агенттіктің тапсырмасы бойынша «Жетісу Энерготрейд» ЖШС қолданыста бұрыннан бар әдістемеге сәйкес, Алматы облысының Талдықорған аймағындағы заңды тұлғалар үшін үш аймақтық, жеке тұлғаларға арнап екі аймақтық жүйе негізінде электр қуатының жіктеуші тарифін енгізу жобасын жасапты. Тағы ең көп электр қуаты жұмсалатын және күндізгі бос кезеңдегі уақыттарды біріктіретін күндізгі тұтыну аймағы – таңертеңгі сағат 7.00-ден кешкі 19.00-ге дейін жалғасады. Кешкісін көп электр қуаты жұмсалатын мерзіммен сәйкес келетін кешкі тұтыну аймағы – кешкі сағат 19.00-ден түнгі 23.00-ге дейін жалғасса, түнгі тұтыну аймағы мен түнгі бос кезең –түнгі сағат 23.00-ден таңғы сағат 7.00-ге дейін созылады.

Директор орынбасарының мәлімдеуінше, тұрғындар үшін ұсынылып отырған күндізгі тарифтің ставкасы 1 КвТ. сағат үшін – 14,48 теңге болса, түнгі есептеу жүйесі – 1КвТ. сағатқа – 3,50 теңге. Заңды тұлғалар үшін: күндізгі тариф – 11,98 теңге, кешкі тариф – 16,61, түнгі тариф – 3,50 теңге. Ал бұрыннан қолданыста болған тариф бойынша есеп айырысқысы келетіндер үшін 1 КвТ. сағат үшін төленетін 8,14 теңгелік тариф сақталады. Жіктеуші тарифке көшу үшін тұтынушы электр есептегіштің көрсеткіштерін жазып алып, жаңасын орнату үшін электр қуатын сату бөлімдеріне хабарласулары қажет.

Жіктеуші электресептегіштерді орнатудың техникалық мәселелері бойынша «ТАТЭК» АҚ-ның вице-президенті Владимир Педан түсінік берді. Электр қуатын есептеудің көп тарифті жүйесіне көшу үшін тұтынушы өз есебінен қуатты жіктеуші тарифпен есептейтін электресептегіш алуы керек. Біздің республика аумағында пайдалануға рұқсат етілген кез келген есептегіш келе береді. Мемстандартта электр қуатын жұмсауды коммерциялық тұрғыда есептеуге құқылы есептеу жабдықтарының тізімі бар. Мәселен, Алматыдағы «Сайман» зауыты шығаратын аймақтар бойынша есептеу уақытына бағдарланған есептегіштердің барлық түрлері солардың қатарына жатады. Есептегіш жабдықтарды орнату да тұтынушы есебінен жүргізіледі.

«ТАТЭК» АҚ, «Жетісуэнерготрейд» ЖШС жетекшілері мен энергетика басқармасының басшылары журналистер тарапынан түскен сауалдардың бірде бірін жауапсыз қалдырған жоқ.

Кездесуді қорытындылаған Я. Баратов енгізілелі жатқан жаңалықтың электр қуатын көп қажетсінетін өндіріс орындары үшін пайдасының аз болмайтындығын атап өтті. Облыстың Алматы аймағы бойынша электр қуатын есептеудің көптарифті жүйесіне ауысқандар да бар. Шешім қабылдауға уақыт жеткілікті. 15 маусымға дейін ойланып-толғанып барып, өтініштер жасауға болады. Егер ынтаңыз болмаса, оған да қарсылық жоқ. Онда пайдаланған электр қуаты үшін аяның бұрыннан бар тариф бойынша төлей бересіз. Таңдау өз еркіңізде.

Б. ҚАБДЕШҰЛЫ.

КЕДЕНДЕ

ЗАҢ АУҚЫМЫНДА АТҚАРЫЛАДЫ

Алматы облысы бойынша кедендік бақылау департаментінің Талдықорған аймағында жұмыс жүргізетін «Талдықорған» кеден бекеті өндірісті өңірдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың жақсаруына өзіндік үлкен үлесін қосып, ҚР Кеден кодексі мен тағы басқа заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілер ауқымында өз міндеттерін мінсіз атқаруда дегенді сеніммен айта аламыз.

Соңғы жылдары облыстың Талдықорған аймағы бойынша өндірістер қарқынды даму үстінде. Мұның ішінде ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп саласының арқалап отырған жүгі аса салмақты. Қазіргі кезде елі... сетуде ешқандай түсінбестіктер орын алып отырған жоқ. Барлығы қолданыстағы заңнамалар ауқымында атқарылады. Еліміздегі, оның ішінде облысымыздағы азық-түлік қымбатшылығына жол бермеу мақсатында ке-

Пункттегі білікті кеден мамандары сыртқы экономикалық қызметке қатысушыны толғандырып отырған кез келген мәселенің бүгешігесін тарқатып, түсіндіріп бере алады. Дәл қазіргі кезде еліміздегі барлық кеден органдарындағы сияқты «Талдықорған» кеден бекетіндегі барлық жұмыстар мен шаралар ашық әрі жария түрде жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің биылғы ақпанда Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Жолдауында: «Демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше мәнге ие болады» – дей келе, осынау біздің қоғамды кеулеп бара

Отызыншы – қырқыншы жылдары жалынды жастық шағын өткізген аға ұрпақтың ерекше бір қасиеті – сол кездерде бұқаралық ақпарат құралдарының тек газеттен басқа шалғайдағы ауылдарда жоқтығынан ба аға ұрпақтың қолынан газет түспейтін. Ұлы Отан соғысының ардагері, кезінде ауыл мектебінде ұстаз, мектеп басшысы болған, сол кездегі партияның үгітшісі, насихатшысы әке назарынан да республикалық, облыстық «Жетісу», аудандық газеттер қалыс қалмайтын. Былайша айтқан сол кездегі үйдің ең аяулы мүлкінің бірі газеттер болатын. Апаларымыз да әкелерін келін оқыды тиелер, дейтін қызғанышқа көрып. Біз де балалық шақта ауыл карттарына сұраулары бойынша оқып беріп, үлкен алғыстарын алушы едік. Міне, газетпен осылай бала кезден жақын таныса бастадық.

1969 жылдың аяғында Кеген аудандық комсомол ұйымының хатшысы болып сайланғаннан кейін газетке айрықша мән бере бастадым. Осындай өмірге қанаттанып тасу кезінде республика облыс жастарының жақсы бастамаларымен, еліміздегі жаңалықтармен, Алматы облысындағы жаңалықтарды білу үшін газеттерді жібермей оқуға тура келді. Бірде Кеген аудандық партия комитетінің хатшысы, ақын Төлеген Нұрмұхамедов ағамыз өзінің шәкірттері. Хатшының бөлмесінде аудандық газеттің қызметкерлері бар біраз адам жиналған екен. Төлеген ағамыз облыстық «Жетісу» газеті біздің ауданның әдебиетші жастарының шығармаларынан арнайы бет береді. Соған ауданның өлең, әңгіме жазатын әдебиетті сүйгіштерінің шығармаларын жинақтандар, деп тапсырма берді.

Ауданымызда жас әдебиетшілер үйірмесі құрылды. Оның жетекшісі аудандық партия комитетінің ауыл шаруашылығы жөніндегі хатшысы, бірнеше өлең кітаптың авторы ақын Т. Нұрмұхамедов ағамыздың өзі, орынбасары болып мен, мүшелері сол кездегі аудандық газеттің қызметкерлері және ауданның өлең, әңгіме жазатын жас әдебиетшілері тартылды. Көп ұзамай ауданның жас әдебиетшілерінің шығармаларын жинақтап, «Жетісу» газетіне жібердік. Ауданның жас әдебиетшілеріне арналған "әдебиет беті" 1970 жылдың 12 қыркүйегі күні жарияланды. Әдебиет бетінің кіріспесінде аудан әдебиетшілеріне арнайы берілген өлең-жырларына, творчестволарына баға бере келіп, «Аудандық комсомол комитетінің секретары М. Такабаев прозаның ықшам түрі новелла жазуға бейімділігі барын байқатады», – деп атап көрсетіп, әдебиет бетіне «Домбыра сыры» деген новелламды берiптi. Бала кезде әке қолынан көріп таныған газетте алғашқы тырнақалды шығармам жарық көріп, үлкен жауапкершілік жүктеді. Осылайша былай газеттің әр нөмірін жібермей оқып, аудан өмірінен хат-хабар, шағын мақалалар жіберу тұру әдетіме айналып кеткен еді. Әсіресе жастар өмірінен, шалғайдағы ауданның әр саласындағы озаттар өмірінен үзбей мақала жіберіп тұратын болдым. Журналистері келе қалса алыстан бір туыстарымыз келгендей қарсы алып, сырласып жүрдік.

1973 жылы сол кездегі аудандық партия комитетінің үгіт-насихат бөліміне шақырып, газеттің сол кездегі редакторы

Ғиғат Сәдірмеков ағаларымыз, жерлесіміз журналист Жәмилә Молдабаева тәтелеріміз, тағы басқа да журналистер ауылдар, аудандарды жиі аралап, штаттан тыс тілшілердің міндеті жайлы, жұрт оқитындай материалдарды қалай жазуға болатындығы жайлы сырласып та кеттім.

1983 жылы Кеген аудандық партия комитетінің ауыл шаруашылығы хатшысы, кейін идеологиялық жұмыс саласына жауап беретін екінші хатшы болып жұмыс істедім. Бұл кезде облыстық газетпен байланысым бұрынғыдан да жақсара түсті. Ауданда өтетін

рет жиындар айтысы ұйымдастырылып, сол кезде ауданнан шыққан талантты жас Нәсілхан Тоқтасынова бас жүлдені жеңіп алып, ауыл халқын көп қуанышқа бөлеген болатын. Осының бәрі де облыстық газетке жарияланып тұрды. 1990 жылы көктем айында Жалаңаш ауылынан Есік қала сының маңынан табылған Алтын адамның кейінгі құнды мүлік, 15 мыңдай алтын әшекей бұйымдар табылған еді. Бұл жөнінде газет редакциясына шұғыл хабарладық. Газеттің сол кездегі шебер журналистерінің бірі Мейрамбек Төлепбергенов келіп, осы әшекей бұйымдарды суретімен көлемді материалды республикаға алғаш рет жариялады. Одан кейін басқа газеттер берді.

Жетісу 90 жыл

СЫРЛАСЫМ ДА СЫЙЛАСЫМ

Ә. Қарағұлов ағамыздың қолы қойылған «Такабаев Марат жолдас «Жетісу»газеті редакциясының Кеген ауданы бойынша штаттан тыс хабаршысы болып жұмыс істейді», – деген №590 куәлік берілді. Бұл жергілікті тілші ретінде жауапкершілікті арттыра түсті. Ауданда орын алған жаңалықтарды үнемі хабарлап тұратын болдым. Әлі есімде, осы жылдары облыстық газеттің екі қызметкері Жолдасхан Бөлімбеков, Қаржау Омаров біздің ауданда бір жетідей жүріп, жаз жайлауда қазақ-қырғыз малшыларының араласып отырған жолдастығы мен достығы жайлы араласып көріп, арнайы номер ұйымдастырды. Сол кезде аудандық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Оразбаев Совет ағамыз, бөлім қызметкерлері Мансұров Сәкен және мен газет қызметкерлеріне жайлауларды аралату тапсырылған. Кейін газеттің сондағы материалдар арнайы номер болып шыққанда тапсырманың ойдағыдай орындалғанына көзіміз жетті. Ауданымызда алғаш шыққан механизатор әйел, кезінде СССР Жоғарғы Советінің депутаты болған Оңласын Даурецова, Социалистік Еңбек Ерлері атағын алған ага шопандар Ж. Молдасапов, Ы. Әбдіғұлов, шаруашылық басшылары М. Мүсіралиев, І. Жұмағұлов, Н. Әшімбаев, тағы басқа да ағаларымыздың еңбек жолдарын, өсу жолдарын осы газеттен оқып, қызығатынбыз, үлгі-өнеге тұтатынбыз. Шіркін, не деген бақытты адамдар еді дейтінбіз.

Кейінгі жылдары да совхоз партия комитетінің шаруашылық тың жұмысы мен «Жетісу» газетінің тәжірибелі журналистері Баймолда Мұса, Мұғалімбай Жылқайдаров, Төлен Қаупынбаев,

әрбір малшылар тойына, озаттардың кеңесіне, аудан күндеріне облыс айнасы «Жетісу» газетінің ұжымымен хабарласып, журналистер шақыртып отыратынбыз. Оған аудандық партия комитетінің бюросы, газетпен байланысы жақсы деп бұл жұмысты көбіне маған тапсыратын еді. Осындай салтанатты жиындарға көп жыл бас редактор болып жұмыс істеген Баймолда Мұса, бөлім меңгерушісі Мұғалімбай Жылқайдаров ағаларымыз қатысып, аудан өмірі жайлы еңбек озаттары жайлы жақсы-жақсы материалдар жазып, аудан халқын тәрбиелеуге, озаттар қатарының көбеюіне өлшеусіз үлес қосып отырды.

Аудандық партия комитетінің хатшысы және бюро мүшесі болып жұмыс істеген жеті жыл ішінде көптеген республикамыздың белгілі адамдармен кездескенім бар, олардың жақсы істеріне куә болғанымды мақтан етемін. Сол кезде облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары, кейін Мәдениет министрінің орынбасары, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің хатшысы болған Өзбекәлі Жәнібеков ағамызбен кездесу өзінше бір үлкен мектеп еді. Ол кісі ауданға жиі келіп, көптеген жақсы істердің ұйытқысы болған. 1986 жылдың Қарқара көтерілісінің 70 жылдығына байланысты бабалар рухын асқақтатуға, онда ескерткіш орнатуға, атақты көтеріліс болған жерді Қарқара жәрмеңкесінің орнын тауып ескерткіш белгілер орнатуға мұрындық болған еді. Ол кісінің тікелей араласуымен Алғабас, Тасашы, Ұзынбұлақ ауылдарына Мәдениет үйлері салынып, Белексаз, Қызылту орта мектептері жаңадан пайдалануға берілген болатын. Облыста алғаш

Мен облыстық газеттің штаттан тыс тілшісі ретінде газеттің бөлімдерінен әр түрлі тақырыптарда хаттар алып тұрдым. 1990 жылы партия жұмысынан шаруашылық басқару жұмысына өз өтінішім бойынша Жылысай совхозының директорлығы жұмысына ауыстым. Бұл елдің масасыз уақыт еді. Көптеген үлкен өзгерістер болып жатты. Шаруашылықтың өндірген өнімдерін өткізу қиынның-қиынына айналып бара жатқан. 1991 жылы қыркүйек айында коммунистік партия тараған еді. Осындай кезде «Жетісу» газеті арқылы шаруашылық жүргізудің жаңа формасына қалай көшу керектігін, шаруашылықты жекешелендіруді ескеру керектігі жайлы ұсыныстарымызды білдіріп отырдым. Іздеп салада да бірнеше мақала жазып, оны оқырмандар жылы қабылдағаны бар. Шаруашылықтың басшысы болып жүрген кездерде шаруашылыққа жиі сапармен газеттің белсенді тілшісі, әр ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, орденді журналист Мұғалімбай Жылқайдаров ағамыздың келген бар. Тәжірибелі журналист шебер тілші ғана емес, ауыл шаруашылығының білгірі десе де болатын еді. Келеді бұрынғы әдетінше сан сұрақтардың астына алатын-ды. Сонан өткеннен кейін ғана айтқанымызды тыңдайтын еді. Осы жолы шаруашылықты аралап көріп, бүгін мен ертең не істемек екенімізге баса назар аударды. Кейін тәжірибелі журналист шаруашылық жайлы жақсы материал жазды.

«Жетісу» газетінің ерекшелігі, көрнекілігінің тағы бір себебі, газеттің бүгінгі редакторы республикамыздағы танымал журналистердің бірі Жақыпжан Нұр-

ғожаевпен алғашқы еңбек жолымызды Кеген аудандық комсомол ұйымының бюро мүшесі болып бірге бастаған едік. Міне, биылғы жылы облысымыздың руханият айнасы «Жетісу» газеті 90 жасқа толады. Газет бұл күнге 90 жасқа толған нағыз абыз қарт тай десек артық айтқандық емес. Егемендік алған ел өмірін, облысымыздың өмірін жарқырата жазып келеді. Әсіресе, газеттің әке және оның жолын қуған балалары жайлы материалдар бүгін де ел өмірінде ойып орын алып, шет елдің сіңкерлерімен таласа алатындай дәрежеге жеткен кәсіпкерлері жайлы материалдар еріксіз қызықтырады. Еліміздің еркендігі, өскендігін, білімі де, ой өрісі де бүгінгі заманға лайықты азаматтардың өсіп келе жатқанын көрсетіп, болашаққа нық сеніммен қарауға ықпал етеді.

Сол сияқты газеттен халқымыздың тарихынан ойып орын алатын тарихи тұлғалар жайлы батырларымыз бен ақындарымыз жайлы суретімен берілген материалдар да ерекше құнды. Сонымен бірге әр аптада берілетін «Айлық номердің соңғы бетіндегі» қанатты сөздер билер мен шешендерімізді қызықтырады. Не номерде не шығар екен деп сағындырып, асыға күттіріп отыралы. Сүйікті газетіміздің 90 жылдық өсу жолында әсіресе қыз-келіншек журналистеріміздің шеберліктерінің өскенін, жазған материалдарынан оқып еріксіз мойындайсың. «Біздің елдің жігіттері» – деген айдармен беретін журналист қыздарымыз Жанкүміс Жәменке, Шолпан Жұмаділова, Нұржамал Әлішева лардың мақалалары тәрбиелік мәнімен де, көркемділігімен де, жазылу тартымдылығымен де оқырмандарын еріксіз қызықтырады. «Жетісу» газетінің беттерінен С. Ақтаев, Қ. Байбөлов, тағы басқа танымал ағаларымыздың көркем очерктерін, өлеңдерін оқып, ерекше қызығатын, үлгі-өнеге алдым. Бүгін де 90 жасқа келген рухани сырлас ретінен 38 жыл бойы хат жазып, жергілікті тілші деген міндетімді абыроймен орындап келеді екенмін. Жергілікті тілші қалың оқырмандар арасында жүріп, қызықты оқиғаларға жолығасың. Бірін-бірі жарты ғасырға жуық көрмей-тыңдар тауқыметімен кеткен аналар баланың, бауырларын кездесуі сияқты оқиғаларды зор мәнде газетке жолдап отырдым. Немесе өмірдегі, еңбектегі алғашқы қадамы жайлы шағын мақала жазсам, кейін сол азаматтың ел мен жер қамын ойлайтын тұлға болып өсіп шыққанын өз көзіммен көріп, бір кезде қатесіздер, көңілің жетеді, рахат боласың. Иә, тоқсан жасқа келіп, оның қырық-жылға жуық сырласым да, сыйласым да болған газеттің ұжымына зор творчестволық табыс тілеймін. Оның әр санын асыға күтемін, сөйтіп егемен еліміздің әр таңының жаңалық күтесің. Оны сүйікті газетіміз абыроймен орындап келеді.

Марат ТАКАБАЕВ.

ҰЗЫНБҰЛАҚ АУЫЛЫ,
РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.

Өмірдің шежіресіндей



Өзім асыға күтіп, құмарта оқитын газетім – «Жетісу». Міне, сол басылым 90-ға келіп отыр. Соған орай ол туралы ой бөлісу, көңіл түкпірінде жүрген пікірді айту парызым сияқты. Үнсіз қалу күнә болуы мүмкін. Себебі, бұл газетпен достасып жүргеніме 50 жылдан асты. Оны өмірдегі серігім еткенім сонау 50 жылдарда Қазақ мемлекеттік университетінде оқып жүрген студенттік шағымнан басталды. Содан бері әр жыл сайын әр түрлі материалдарым жарияланып келеді. Демек өз лебізімді білдірмесем, қаламгер ретінде азаматтығыма мін. Бұл кезге дейін мақалаларымызды есептемегенде, 18 кітап жазып шығардым, солардың кейбірінің «Жетісу» бетінде жылы лебіз жазылғаны және бар.

Газетпен байланыста жүргенімде оның алғаш шыға бастауы, әр кездерде аты өзгеріп, жабылып қалмай, шыңдалып, гүрлеп...

деп мақалдап келетін сөздер «Жетісу» газетінің сыр-сыйпатын аңғартындай. Газеттің әр санын оқыған сайын, алыс-жақынына қарамай, алуан сырдың мән-жайын аңғатын жерді үні естілетіндей.

Газет 1918 жылы 21 маусымда «Жетісу іслі халық мұхбірі» аталып шыққан алғашқы санынан бастап бүгінгі күнге дейін заман үрдісінен қалысқан емес. Одан соң аты бірнеше рет өзгеріп, 1968 жылы «Жетісу» атанып, 40 жыл бойы осы атпен шығып келеді. Бұл тұрақтанды, бекіп, қанатын кеңге жайды деген сөз.

Қашанда газетте кімдер істеді деген сауалға назар аударатынмын. Жақсы білетінім – газеттің абырой-беделін көтеруге, оқырмандарға маңызды хабардар жеткізіп, мақалалар жазуға күн-түн демей, ойын опырып, миын шағып, қым-қуыт жұмыстың азап-тозағына көніп үлес қосқан талай сабаз...

тығы да болды. Бірді-жарым жазғанымды берсем, көлгабыс жасап, күзеп емес, мүрттарын түзеп жариялатып беретін. Кейін редактор болған Баймолда да, қазіргі редактор Жақыпжан да апарған мақалам болса, бастырмай қойған емес. Бүгін ойлап қарасам, «Жетісуға» қоғамдық тілші сияқты болып жүруімнің өзі қалам ұштау, ой толғау, пікір қорыту, қағазға түсіру өз алдына бір мектеп болған сияқты. Сол орайы келгенде, сол үшін де кол соғып газет қызметкерлеріне ризалық көңілімді білдіремін.

Редакцияда әр түрлі кездесулер, салтанатты күндерді атап өту сәттері болып тұратыны есімде. Реті келсе, қатынасып та тұратынмын. Бірде соғыс ардагері, осы газетте 1954 жылдан бері істейтін Ескемен Жүсіповтың мерейтойын атап өтуге қатысқан едім. Редактордың сол кездегі орынбасары Сарбас Ақтаев сөзді тегінте жасағын қысқа баяндамасында ол кісінің өмір жолын, майдангерлік болмысын, газеттегі журналистік еңбегін жарқыратып көрсеткен еді. Бұл ұжымдағы жалғасын тапқан жақсы дәстүр болатын.

Сондай-ақ «Жетісу» газетінің 50 жылдық салтанатының атап өтуі де ұмытылған жоқ. Бұл 1968 жылы еді. «Жетісу» газетінің «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталғаны осы алмауға болмайды. Сол кезде басылымның арнаулы саны жарық көрді. Оның бірінші бетіне КСРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы жарияланған. Онда былай делінген: «Алматы облыстық «Жетісу» газетін Еңбек Қызыл Ту орденімен марапаттау туралы. Алматы облысының еңбекшілерін коммунистік тәрбие беру, олардың шаруашылық және мәдени құрылыстағы міндеттерін орындау жұмысына жұмылдыру жөніндегі жемісті жұмысы үшін және бірінші нөмірінің жарыққа шыққанына 50 жыл толуына байланысты облыстық «Жетісу» газеті Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталсын. 1968 жылғы 20 ... Осынау орай цитаты редакциясының ... ұжымын, авторларын, тілшілерін, оқырмандарын құттықтаған лебіздер ... Казақстан Компартиясы Орталық комитеті, Қазақстан Жоғарғы ... Журналистер одағы, «Правда» ... газетінің редакциясы, «Социалистік Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттері, тағы басқа ұжымдардан, белгілі адамдардан, жеке авторлардан ...

бiлдiрген, жемiстi еңбек ете берулерiне тiлек айтқан құттықтауларды көбi әлi арнаулы санында жарық көрген. Сол газет менiң архивiмде сақтаулы. Мен ол кезде Алматы облыстық радио басқармасы бастығының қызметiнде едiм. Бiз де жүрекжарды құттықтауымызды жолдаған болатынбыз. Солардың кейбiрiн келтiре кетейiн. Мәселенки, «Правда» газетiнен «Қымбатты жолдастар! Сiздердiң жемiстi еңбек етiп, кәстердi қызметтерiңiзде творчестволық тың табыстарға жете берулерiңiзге шын пейiлден тiлектеспiз» деген әрiптестiк жылы лебiз жетсе, Қазақстан Журналистер одағы құттықтауында «редакция коллективiне, газеттiң жұмысшы, ауыл-село тiлшiлерiне, оқушылар қауымына қызу құтты болсын айтып, жалынды сәлем жолдайды» депті. Тұңғыш редактор Сабыржан Шәкiржанов, одан кейiнгi Сара Есова, редакцияда iстеген Хасен Өзденбаев, Жақан Сыздықов, осы газеттi екiншi мектебiм деп есептеген ақын Нұрсұлтан Әлiмқұловтар да құттықтау ... Солардың iшiнде ақын Жақан Сыздықовтың құттықтауына назар аудартсам дейміп: «Біздің «Жетісу» газетінің жоғары наградасымен құттықтаймын. Саған (редакторы Ә. Қарағұловты айтады – Т.Б.) және редакция коллективіне, жолдастарға әрдайым шаттық, қуаныш, денсаулық тілеймін. Мен бір-екі жыл осы редакцияда (ол кезде «Сталин жолы» аталатын) істегендіктен маған «Жетісу» газеті сондай ыстық, жүрегіме жылы сезіледі. Үзбестен оқып отырамын. Табысқа жетіп, қарыштай беріңдер» деп қолын қойыпты. Бір кереметі сол Жақан бұл шағын хатын Алматыда отырып емес, Жамбыл облысының сонау Келелі құмы деген жерден жолдапты.

Газеттің 50 жылдығына арнап тоқталуым жақсы әсерлер шығар. Алайда одан кейін де әр түрлі салтанаттары өтіп, 80 жылдығы да ескерусіз қалған жоқ. Жақан айтқандай, редакция ұжымы қарыштай түсіп, оқырмандардың қызыға оқитын мақалаларымен абырой-беделге ие болып келеді. Не жазылды екен деп әр санын асыға күтетінімді несіне жасырамын. Қысқа қайырып айтсам, халықтың әлеуметтік жағдайы, жер, мәдениет, тіл, діл, шаруашылық, оқушылары, жастары тәрбиешілер мәселелері кең қамтылатыны көңілге қонады. Әсіресе, сый-құрметке бөленген азаматтардың өнегелі өмір жолдары туралы, батырлар жөніндегі мақалалар, «Ұлылардан ұлағат», «Даналық», «Бата» айдарларымен беріліп жүрген қанатты, маңызды, мазмұнды сөздер, баталардың әсері пайдалы екені де есепсіз. Бас редакторы Жақыпжан Нұрғожаев басқаған редакцияның сайдың тасындай саралған қаламгерлері Әміре Әрін, Нүсіп Әбдірахым, Жанкүміс Жәменке, Сайлаубек Байдаулетов, Болат Абақан, Құат Қайранбаев ... басқалар «Жетісудың» арқанын ... абыройын арттыра беретіне ... 90 жылдығында ...

ВОЗВРАЩЕНИЕ ...
КОЛОМБИАНА
Я НЕ ЗНАЮ, КАК ОНА ДЕЛАЕТ ЭТО
ПОГОНЯ

4 октября ... октября ... октября ... октября
мин. макс. +10 +25
мин. макс. +8 +16
мин. макс. +6 +10
мин. макс. +4 +8

Бабушка, родная,
С днем рожденья, милая!
Молодая самая,
И самая красивая!
Будь здорова, весела,
Жизнью наслаждайся,
И в хорошем настроеньи
Быть всегда старайся!
ДЕТИ И ВНУКИ: ИЛЬЯ, ДА...

МЕНШІ...
Бас р...
Жақы...
НҰРҒ...

Кезекші редактор: Жұматай ӘМІРЕЕВ.

КӨЛЕМІ — 2 ...

Қабылдау бөлмесі және факс — 24-37-11, байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары — 21-01-90, 24-33-02, жауапты хатшы — 24-38-16, ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі — 24-34-06, саясат және тәрбие, әдебиет және мәдениет бөлімі — 24-36-07, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 24-32-43, білім және ғылым бөлімі — 24-30-57, фототілшілер — 21-21-55, хат және ақпарат бөлімі — 24-29-82, есеп-қисап бөлімі — 24-35... Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары ... 2-19-33. Газет табыс етілмесе — 72-59-01 телефоны...

От всего сердца! Поздравляем!

УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ «ВЕЧЕРНЕГО ЖЕТІСУ»!
Поздравьте родных и близких на страницах нашей газеты всего за 300 тенге (с фото), без фото - 200 тенге.
Тел.: 24-34-45, 27-41-97.

С ДНЕМ УЧИТЕЛЯ КАЛЕНИКОВУ МАРГАРИТУ ИОНАТАНОВНУ!



Вы самый лучший,
истинный учитель!
Вам от души
сегодня говорим:
Вы нас за все
сегодня извините,
Прощения мы
попросить хотим,
Бываем на уроках
непослушны,
И невпопад
порою говорим,
Но знайте – вы для
нас – учитель лучший!
МЫ ВАМ ЗДОРОВЬЯ
ПОЖЕЛАТЬ ХОТИМ!

От всей души поздравляю с Днем учителя отличных педагогов и надежных подруг Надежду Кулик, Татьяну Кургину и Наталью Лебедеву.



Вы главное будите в душах ребячьих,
Отважно дорогу открытий торя
От первого звука и первой удачи,
Начавшихся с азбучных слов букваря.
Вы добрые феи, ведущие в знанья,
Дарящие радость, несущие свет.
Надежд вам счастливых,
Большого признанья
И новых находок,
И новых побед!

Жамиля АТИБАЕВА.

ДОРОГАЯ ТАТЬЯНА АНАТОЛЬЕВНА!

Поздравляем Вас с профессиональным праздником – Днем учителя!



Душою красивы
и очень добры,
Талантом сильны Вы
и сердцем щедры.
Все Ваши идеи,
мечты о прекрасном,
Уроки, затеи
не будут напрасны!
Вы к детям дорогу
сумели найти,
Пусть ждут Вас успехи
на этом пути!

С уважением, 1 «Г» класс, СШ №2 г. Талдыкоргана.

С ДНЕМ РОЖДЕНИЯ МАТВЕЕВУ ВАЛЕНТИНУ ГЕОРГИЕВНУ!



Дорогая наша мамочка! Живи ты много-много лет. Пусть не убудут силы. За все, что сделала для нас, тебе огромное спасибо.

ВИКТОР И ЛИДА.

Редакция газеты «Вечерний Жетісу» Поздравляет всех учителей с ПРОФЕССИОНАЛЬНЫМ ПРАЗДНИКОМ!

Дорогие наши педагоги!
В этот праздник - День учителей -
Позабудьте все свои тревоги
И на мир смотрите веселей.
Ведь сегодня день для вас счастливый,
И ребята все, как сговорясь,
Вам несут букет большой, красивый,
И для них сиянье ваших глаз -
Лучшая награда за старанье,
Лучше, чем любая из похвал.
И у них всегда одно желанье:
Угодить, доставить радость вам.
Ради вашей искренней улыбки
И студент, и каждый ученик
Вмиг исправит все свои ошибки
И в дальнейшем их не повторит.
Вы для всех несете факел знаний,
Тот, что не погаснет никогда.
Пусть же сбудутся все ваши пожеланья,
И исполнится заветная мечта.

ЛЮБИМУЮ МАМОЧКУ И БАБУШКУ КУЛЯШ БЕКЕЖАНОВУ С ПРОФЕССИОНАЛЬНЫМ ПРАЗДНИКОМ – ДНЕМ УЧИТЕЛЯ!



Ты - Учитель
с буквы большой,
С молодой
и прекрасной душой!
Сколько долгих лет,
сколько зим
Отдаешь душу
ты молодым!
И поэтому душа много лет
Остается молодой –
вот секрет
Твоей жизни.
Пусть и дальше она
Будет счастья и
здоровья полна!

СУПРУГ, ДЕТИ, ВНУКИ.

КИНО АФИША ТАЛДЫКОРГАНА

«АТАМЕКЕН»
ЧЕЛЮСТИ
ПРОФЕССИОНАЛ
«СИТИ ПЛЮС»
ВОЗВРАЩЕНИЕ В А
КОЛОМБИАНА
Я НЕ ЗНАЮ, КАК ОНА ДЕЛАЕТ ЭТО
ПОГОНЯ

Газету можно купить в киосках АиФ и в магазинах нашего города.
Телефоны редакции:
8 (7282) 27-41-97, 24-34-45.

ПРОГНОЗ ПОГОДЫ ПО АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ С 30 СЕНТЯБРЯ ПО 7 ОКТЯБРЯ

пятница 30 сентября	суббота 1 октября	воскресенье 2 октября	понедельник 3 октября
мин. +10 макс. +18	мин. +10 макс. +22	мин. +12 макс. +25	мин. +16 макс. +23
вторник 4 октября	**среда 5 октября**	**четверг 6 октября**	**пятница 7 октября**
мин. +10 макс. +25	мин. +8 макс. +16	мин. +6 макс. +10	мин. +4 макс. +8



Сердечно поздравляют сыновей Рамазана и Олжаса с недавним, незабываемым событием в жизни - сундетом. Желаем детям крепкого здоровья и всего самого-самого хорошего.

Младшенькому Рамазану именно в этот сентябрьский день исполняется, аккурат, три годика со дня появления на свет божий.

- С днем рождения! – душевно желаем всех благ на свете!

Мама НАЗГУЛЬ, папа АЙДОС, бабушка и дедушка.

ЛЮБИМУЮ, ДОРОГУЮ БАБУШКУ АЛЬБИНУ МИХАЙЛОВНУ ЗАЙЦЕВУ ПОЗДРАВЛЯЕМ С ДНЕМ РОЖДЕНИЯ!

Бабушка, родная,
С днем рожденья, милая!
Молодая самая,
И самая красивая!
Будь здорова, весела,
Жизнью наслаждайся.
И в хорошем настроеньи
Быть всегда старайся!



ДЕТИ И ВНУКИ: ИЛЬЯ, ДАНИИЛ И ЛЕНЯ.

Құттықтаймыз!

Алматы қаласының түбіндегі Абай ауылының тұрғыны, «Қалқаман» шалғай ауданындағы қалалық № 7 аурухананың гинекология бөлімінің меңгерушісі ЖАЙМЫРБАЕВА Нұрзия Кабірмашқызына 60 жасқа толу мерейтойымен құттықтаймыз!

Келінім – Нұрзия!

Мейірімің шапағаттан дәрмендің,
Тер төгісің ез жұртыңа Марапаттың,
«Қобыланды» жомарттың Құттықтайды
Ата-анаңның сүйікті ақылы едің.

Тамылжын жас кезіңнен дана төсті,
Тіршілікті ота-ашының терін төсті,
Ұлт тәуіпін көпшіл ұстасыңда,
Мыңдаған емшілікті жеңіп кеттің.

Кезегіңді бауырыңа сіріге болған,
Тіпінде жүректілік көріп болған,
Қабыл бен ақ батасы бабаларың,
Отыздың 60 жасқа орнап толған.

Тілейміз ұзақ өмір, бақыт бер,
Алтынсың ақыл толған кемелдер шақ,
Әже бол Ұлы Абайдың әжесіндей,
Жұбаныш, қуанышың мәлім ортақ.

Талдықорған қаласы.

ҚҰТТЫҚТАУШЫ: қайын апкем –Жайырбаева Қаныза Нұрмұханбетқызы, жездем – Әбзірахман Бамайұлы.

БАЙҚАУ

Жас сазгерлер байқауы

Оқушылардың эстетикалық тәрбиесін жетілдіру, олардың орындау шеберлігін арттыру, аса қабілетті жас сазгерлерді анықтау мақсатында жас музыканттар байқауы жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келеді. Таяуда жас сазгерлердің 43-ші облыстық байқауы өтті.

Тартысты бәсеке жеке тұлға мен ұжымдар арасында ұйымдастырылды. Жеке тұлғалар арасында кіші топ – 10 жас, орта топ – 11-13 жас, ересек топ – 14-17 жасқа дейінгі балалар қатысты. Байқауға Раймбек, Қарасай, Қаратал, Талғар, Көксу, Кербұлақ, Іле, Алакөл аудандары мен Талдықорған, Текелі, Қапшағай қалалары үлкен жауаптылықпен қарап, жаңжақты дайындықпен келген. Бұрынғы жылдарға қарағанда қатысушылардың да саз өнеріне деген бейімділігі мен орындау шеберлігі арта түскен. Байқау өткен Н. Тілендиев атындағы музыка мектебі ұжымымен тікелей байланыста болған облыстық білім басқармасының бас маманы Гүлнара Жұмалева мен Руслан Құсманов ұйымдастыру жұмыстарын тиянақты жүргізді.

Міне, осылай "Мыңнан тұлпар, жүзден жүйрік" шығатын бәсекеде ұжымдық топтар арасынан Н. Тілендиев атындағы музыка мектебінің оркестрі бірінші орынды иеленді. Жұлдыз Исахан осы Н. Тілендиев атындағы музыка мектебінің 5-сынып оқушысы. Ол өзінің қалауы бойынша қазақтың қобызы мен құпиялығын меңгеруге талпынып жүр. Жақсы нәтижесімен де көзге көрініп келеді. Жұлдыз аталмыш байқауға өз сыныптастарымен бірге қатысып, оркестрде бас домбырада өнер көрсетті. Ал жеке тұлғалар арасынан кіші топтан Абзал Әлібаев (домбыра), Іле ауданынан Бейбарыс Сұлтан (гитара) бірінші орынға табан тіреді. Орта топтағылар арасынан Қарасай ауданынан Әділбек Аргынжан (домбыра) жеңімпаз деп танылды. Ал, ересектер тобынан Бекболат Әбдіберіқұлы топ жарды. Бұдан өзге екінші, үшінші орынды иеленген өнерпаздар да өз шеберлігін бағамдап қайтты. Осы аталған жеңімпаздар мен жүлдегерлерге облыстық білім басқармасының дипломы мен бағалы сыйлықтарына ие болды. Оны жеңімпаздарға облыстық білім басқармасының бөлім бастығы Майгүл Омарова табыс етті.

Әрине, аталмыш байқау жоғары деңгейде өтті. Бірақ, әттегенайларда болғанын жасырмаймыз. Облыстық деңгейдегі бәсекеге аудандардағы ең таңдаулы өнерпаз қатысуы керек еді. Өкінішке орай, шеберлігі жетіле қоймағандар да көрініп қалып жатты. Сонымен бірге, қатысушылардың киіну үлгісі мен жүріс-тұрысы сахна тәртібіне үйлеспейді. Жай түздегі киімдерімен сахнаға шыға салғандар да болды. Орындалған шығармалар да бір сарынды. Алдағы күндері осы аталған кемшіліктердің орны толығатын болады деген ойдамыз.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

ЖАСТЫҒЫМ – «ЖАС ОТАН»

«Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының 10 жылдығына орай «Нұрбес» мұз айдынында «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясы Талдықорған қалалық филиалы мен І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ұйымдастыруымен «Жастығым жастығым – «Жас Отан» атты шара өтті.

Шараға «Нұр Отан» ХДП Талдықорған қалалық филиалы жанындағы «Жас Отан» жастар қанатының белсенділері, «Жас кәсіпкер» рауан мектебінің тыңдаушылары, «Отан ардагерлері» кеңесінің мүшілері, Алматы облыстық Кіші Ассамблеясы жанындағы «Үлағат» ақсақалдар алқасының мүшелері мен қала жастары қатысты.

Салтанатты рәсімді «Нұр Отан» ХДП Талдықорған қалалық филиалы идеология бөлімінің кеңесшісі Махиран Хамитқызы ашып, жастарды партияның 10 жылдық мерейтойымен құттықтады. Келесі кезекте шараның құрметті қонағы, «Отан ардагерлері» кеңесінің мүшесі, Алматы облыстық Кіші Ассамблеясы жанындағы «Үлағат» ақсақалдар алқасының төрайымы Светлана Гаитова өзінің ұлы, «Контраст» өнби ансамблінің көркемдік жетекшісі, халықаралық байқаулардың лауреаты, партия мүшесі Эдик Гаитовпен және немересімен алаңға коньякимен шығып, жастарға үлгі көрсетті. Одан кейін «Жас Отан» жастар қанатының І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті бойынша жетекшісі А. Шаденова сөз алып, жарыска қатысушыларға сәт сапар тіледі.

Жеңімпаздар қалалық партия филиалының сыйлықтарымен марапатталды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

БАҒА КӨТЕРІЛМЕУІ БАСТЫ НАЗАРДА

ҚР ДСМ Фармацевтикалық бақылау комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті фармацевтикалық қауымдастықтар өкілдерімен және дәріханалық ұйымдардың басшыларымен семинар-кеңес өткізді. Отан Талдықорған медициналық колледжі директорының көмекшісі Г. Тілеуберлинова, Алматы облысы әкімінің денсаулық сақтау басқармасының бөлім бастығы Г. Иманбекова, Алматы облысы бойынша фармацевтикалық қызметті қолдау Ассоциациясының төрайымы Р. Мұрадова қатысты. Семинар-кеңесте департаменттің 2008 жылғы атқарылған істер қорытындысы және 2009 жылға қойылған мақсаттары айтылды.

Департамент директоры Н. Асылбек орындалған жұмыс, тексерістер нәтижесінде айқындалған кемшіліктер туралы (мамандану талаптарына сәйкес келмеу; дәрі-дәрмекті сақтау ережелері мен шарттарын сақтамау; дәрілік заттардың босатылуы мен есепке алынуы; ережелер мен нормаларға санитарлық талаптардың бұзылуы), олардың алдын алу мүмкіндігі туралы хабарлады. Департаменттің 2009 жылғы мақсаттары: кепілді тегін медициналық көмек көрсету шеңберінде дәрілік қамтамасыз етудің жаңа моделін енгізу, медициналық техниканы қолдану тиімділігін арттыру, сонын ішінде халыққа дәрілік көмектің сапасы мен қолжетімділігін көтеру жайын ерекше атап, қатысушыларды Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылдың 17 ақпандағы «Шағын және орта кәсіпкерлікті тексеруге моратория жариялау туралы» № 176 қаулысымен таныстырды. Бір мезгілде дағдарысқа қарсы қолданылып жатқан шаралар туралы айтып өтті. Нақтырақ айтатын болсақ, Алматы облысының әкімшілігі мен көтерме және бөлшек сауда жеке фармацевтикалық объектілері басшыларының арасында Меморандум жасалынған. Талдықорған қаласы әкімдігінің, «Нұр Отан» ХДП және фармацевтикалық қызметті қолдау Ассоциациясы өкілдерінің қатысуымен бағаның көтерілмеуін бақылау үшін дәрілік заттардың бағасына жетісіне екі рет мониторинг жүргізілуде.

«Фармацевтикалық салаға халықаралық стандарттарды енгізу» тақырыбы бойынша дәрілік заттардың қолданылуын бақылау бөлімінің бастығы З. Бекқалиева баяндама жасады. Ол өз сөзінде жұмысқа тиісті тәжірибелік элементтерді кезеңімен енгізу қажеттілігін айтып, «Тиісті дәріханалық тәжірибе» мемлекеттік стандарттымен таныстырды.

Фармацевтикалық білімі бар мамандардың қызметіне сәйкестігін аттестациялау нәтижелерін департаменттің бас маманы Г. Омарова ортаға салды. Ол әр 5 жыл сайын білімін жетілдіру курстарынан өту және мамандарға сертификат алу қажеттігін айтып өтті.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

ЛАЙЫҚТЫ БАҒАЛАНДЫ

● МҰҚАҒАЛИ – МӘҢГІЛІК ҒҰМЫР

Таулы өлкенің әр күні ардақты ақынымыз Мұқағалиға арналған ән шаралардан құралақан емес. Аудандық Мәдениет үйінде «Ақындар, қош болыңдар!» деген атпен өткен жыршыларына жазылған әндердің, дәлірек айтқанда ән орындаушылардың аудандық байқауы болып өтті. Хантәңірі баурайы мен Көлсайға дейінгі ауданнан жұмағынан құрыққа тіарта үміткер қатысып, өнер шақтарын , рағын әуезді әнге толтырып, сәнін келтірді.

К. БІРЖАНСАЛҰЛЫ, "Жетісу"

Байқауда танымал композиторлардан бөлек Хасен Сматыров, Ақылбек Қикымов, Мұрат Шымырбаев секілді жергілікті сазгерлердің ақын жырына шығарған әндерінің орындалуы жарасымды болды. Тіпті, байқауға қатысқан Бақытжан Әкімханов, Әбілашым Есуанов секілді өнерпаздардың ақын өлеңіне шығарған өз әндерін орындағанына таңданғанымыз жоқ. Әр өлең өнер сұранып тұрған Мұқағали өлеңдерінің әр кеудеге өлместей орныққаны қашан. Таулы өлке таланттарынан кенде емес. Қарасаз, Қайнар, Жалаңаш ауылдарынан үміткерлердің көптеп қатысқаны қуантты. «Ақтасты» ЖШС-нің белді қызметкері, айтыскер ақын Ерболат Төребаев бас жүлдені еншіледі. Жалаңаштан келген Гүлжаһан Нүреловадай өнді қыз бірінші орынан көрінді. Еркебұлан Қасымов, Назым Байсабаева, Нұргелді Әлешов, Алмас Жетпісбаев, Ермек Әшімбаев, Дархан Қырықбаев секілді өнер иелерінің орындаушылық шеберліктері лайықты бағаланды. Олардың бәріне аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бағалы сыйлықтары мен Мақтау қағаздары табыс етілді.

РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.

«Әсель» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының мемлекеттік құжаттары – жарғы, РНН, статистикалық карта, куәлік, лицензия, бұрыштама мөрі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Кербұлақ ауданы Көксу ауылдық округіндегі «Руслан» шаруа қожалығына, Жайтеміров Абдулла Нартбаевичтің атына берілген қалдықтарлық № 03-260-101-105 мемлекеттік акті жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

● МӘДЕНИ МҰРА

ҚАЗАҚТЫҢ ХАН ДОЙБЫСЫ

ұлттық спорт қатарында



Халқымызда: "Жеті атасын жоқтаған жеті қазынаға кез болар" деген сөз бар. Қазіргі күнде техникалық ғылымнан кенже қалсақ та, бабаларымыздың жаратқан ұлан-ғайыр мәдениетімен мақтана аламыз. Тәубе, тәуелсіз ел болғалы жоғымыз табылып, толықтаиып келеді. Міне, осы ұлттық құндылығымыздың бірі – қазақтың хан дойбысы. Қиыл-қиыл заманның салдарынан ұмыт болған мұраны 15 жыл бойы ізденіп, оның құпиясын ашып, халық қазынасына қосқан Ануар Қабдолдаұлы. Таяуда осы мұраны ел арасына насихаттау мақсатында қаламыздағы Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы №18 мектеп-лицейінде ойынды таныстыру салтанаты болып өтті.

Өнертапқыш үшін осы күнге жету оңай болған жоқ. Қытай елінде туып, жат елдің білімімен өссе де, ол бала жастайынан ұлттық құндылыққа деп қойды. Қазақтың тарихын құмығып оқыды. Аузы дуалы ақсақалдармен кеңес құрды. Осындай тынымсыз іздену барысында қазақтың хан дойбысы туралы тың деректерге қол жеткізді. Содан кейін ұмыт болған ұлттық ойынның құпиясын ашуға бірден кірісіп кетті.

Хан дойбысы ойынының мағызы мен мәні туралы өнертапқыш Ануар Қабдолдаұлы жан-жақты түсіндіре келіп, оның құндылығы жайында ой өрбітті:

–Тарихы терең жатқан хан дойбысы темір дәуірінің өркендеу кезеңінде жарыққа шыққан. Хан мен би, бек пен батырлар арасында ойналып сақталғаны белгілі. Оны Үйсін, Жетісу, Отырар қазбаларынан табылған тас, ағаш, сүйектен жасалған қазақ үй пішінді дойбылар айғақтайды. Ойынның шешуі өте күрделі. Өйткені, ол тұтас қазақ халқының өмір сүру тәсіліне сай келген. Қазақтың философиясы – ою-өрнек, идеологиясы – қазақ үйдің құрылымы, білімі – даналық сөзі, ғылымы – қазақы болмыс. Міне, осы төрт биіктік аталмыш ойынның құпиясы болып саналады. Егер кімде кім бұл ойынды толық меңгермек болса, алдымен халқымыздың ұлттық болмысын білу талап етіледі, – деді ол.

"Еңбегі бардың, өнбегі бар" дегендей, тынымсыз іздену үлкен нәтиже шықты. Аталмыш ойын тарихшы ғалымдардың назарын аударды, ұлтым деген азаматтардың қолдауына не болды. Ең үлкен табыс өнертапқыштың Елбасына жазған хаты ескерілін, 2008 жылдың 11 қаңтарынан бастап, Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт комитеті тарапынан Қазақтың дана би дойбысы ұлттық спорт түрі ретінде "Ұлттық спорт түрлері" тарауына енгізілді. Алдағы уақытта бюджет есебінен қаржыландыруда қарастырып отыр.

Алдағы міндеттер де аукымды. Хан дойбысын дамыту ұйымы 2009 – 2010 жылдар арасында республика аумағында және түркі тілдес мемлекеттерде аталмыш ойынды таныстыру, жаттықтыру шараларын ұйымдастыруды жоспарлап отыр. Осыдан кейін, яғни 2010 жылдан бастап, ресми түрде аудандық, облыстық жарыстар өтеді. Ары қарай халықаралық өредегі спорт ойынына айналдыру сөзсіз. Десе де, хан дойбысын дамыту ұйымы Үкіметтің қаржылай демеуіне ұмтылмақ, ұйым мүшелеріне аттаттық бірлік бөлініп, арнайы жаттықтыратын орын берілсе пұр үстіне нұр болғалы тұр.

Несі бар, "Көш жүре келе түзеледі" демекші, ұмыт болған тарихымыздың бір асылы қайта айналып оралғанын қуанып, жәрдем көрсету – біздің борышымыз. Ал аталмыш ұйымның бір қуанышы – үйренемін деушілердің күн санап көбейіп келе жатқандығы. Бүгінгі шара барысында, қаламдағы №6, №10, №18 мектеп оқушылары арасынан жаттығып қатқан балалар өз ойын өнегін көрсетіп, қатысқан жұртты тәнті-тамаша етті.

А. ҚАЖЕТ.

● ЛЕБІЗ

ҰСТАМЫ ЖАҚСЫ ҰСТАЗ

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп Абай атамыз айтқандай әр баланың көзін ашып, көкіретін оятуда мұғалімнің еңбегі ерекше. Отбасында алған тәрбиені ұл-қыздарымыз әрі қарай мектепте шыңдайды. Ұстазы жақсы болса, әр баланың ұстамы да дұрыс болады. Осы тұрғыда айтар болсам, Талдықорған қаласындағы № 19 Мағжан Жұмабаев атындағы гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі Арайлым Бауыржанқызының еңбегін атап өткім келеді. Арайлым Омарханова жас та болса бір-бір үйдің еркесі болып жүрген балдырған балалардың тілін тауып, жақсы оқып, алдыңғы қатардан көрінуіне атсалысып жүрген жан. Ұстаздық жолдың ең жауаптысы төменгі сынып екені белгілі. Өйткені, әр баланың білімге деген ынтасы мен болашаққа деген көзқарасы қалыптасады. Арайлым Бауыржанқызының ұстаздық біліктілігі мен ұйымдастыру қабілетіне ата-аналар да дән риза. Бойындағы жастық жалынын жас ұрпақтың санасына сыналай сіңіріп, білім көкжиегіне қанаттандырып жатыр. Оның сыныбы мектепішілік шараларға қатысып, алдыңғы қатардан көрінін келеді. Біздер Арайлымның алтырлығы мен білімділігіне сенім арта отырып, тек биіктен көріне беруіне тілек білдіреміз.

Ата-аналар атынан
Дәурен КЕРЕЙБАЕВ.

● АТА-АНА НАЗАРЫНА



ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОН ҚАУІПТІ

«Бала сабақ оқымайды» деп сөгіп жатамыз. Шынында солай сияқты көрінеді. Содан келіп, алдымызда өсіп келе жатқан ұл-қыздарымыздың ойлау қабілетін, сөз сайтауын, мінез-құлқын осыдан жиырма, отыз жыл бұрынғымен салыстырамыз. Ренжиміз. Ізденбейді. Тіпті, лықты ілгері дамығанын ескермейміз.

Қай кезең болсын өзіне тән қиындықтары болады. Қалай айтсақ та, балаларымыз бақытты. Жаңа ғасырдың баласы үшін бәрі жасалуда. Кез келген үйде озық үлгідегі техникалардың бәрі бар деуге болады. Балалар кітапты дәл біздің кезімізде гідей жастанып жатып оқымағанымен, компьютерден қажеттінің бәрін ала алады. Сананы техника билеген кезең осы. Мұның балаларға ететін кері әсері де бар. Бар емес-ау, өте зиянды жақтары көп-ақ.

Мен айтып, көпшіліктің назарына салмасам да, әрбір ата-ана мұндай жайттарды естіп, біліп жатыр. Компьютер, спутниктік теледидардан берілетін түрлі кинофильмдер, дискілер балалардың мынн аударып тастады. Бұлардың мектеп оқушыларына зиянын әрбір отбасында байқап отыр. Ата-аналар ұл-қыздарының есл-дерті шетелдік дүниелерге ауып кеткенін айтқанымен, шарасыз. «Білсін, үйренсін» деп заманауи техникаларды сатып алып беруде.

Жақында, радиохабардан ұялы телефонды кішкентайынан пайдаланған балалардың бас миында көтерлі ісік пайда болатынын шетелдік ғалымдардың зерттегені жайында ақпарат естідім. Онда ес білген шағынан 18-ге дейінгі ұялы телефон пайдаланған жаспен жасы 18-ге толғаннан кейін телефонды пайдаланған жасты салыстырған. Сонда, ерте жастан пайдаланған баланың миында көтерлі ісік тез дамыған. Яғни, мұндай жағдайда қыз болсын, ұл болсын әрі қарай өмір сүруі негайбыл.

Қазір бір баланың қолында аз дегенде екіден телефон жүреді. Байланыстың түрлері де көп. «Kcell», «Aktiv», «Beeline» болса, кейінгі кезде «Neo» шықты. Тіпті, «Neo» байланысының арзандағаны сонша-лық, 400 теңгеге нөмерді сатып алуға болады. Жасөспірімдердің басын айналдыру ма, жоқ па? Мектептің жоғары сыныбында оқитын қыздар мен бозбалалар, ата-аналары күнделікті берген ақшаны тамаққа жұмсамай, «Neo» нөмеріне жұмсауда.

Ішінде барлық қызметі бар телефонның ішіне үңілдіңіз бе? Ойындар, кинофильмдер, небір керемет суреттер көресің. «Bluetooth» арқылы өлең, сурет, қажет нәрсені баланың киналмай-ақ он-оңай бірінен-бірі көшіріп алады. Осындай нәрселерге қызығып, балаларымыз әрқайсысын шыр айналдырғанына мәз болып жүргенде, олардың миы желініп жатыр.

Мен Үмбетәлі атындағы орта мектепте технология пәнін жүргізем. Аталмыш пән қыз балаларды еңбекке баулиды. Қыз бала – болашақ ана. Сондықтан, оған қолөнер мен тағам дайындаудың барлық түрін меңгеруі қажет. Қыздар – стюардесса, әнші, суретші, бизнес ханым болмасын, оған технология пәнін де үйреигендері ешуақытта артық болмайды. Бүгін өз пәнімді айта отырып, сабақтың ерекшеліктерін әңгімелегеннен гөрі, жанымды толғандырып жүрген мәселелерді ортаға салғанды жөн көрдім.

Елена ГУСЕВА.
ЖАМБЫЛ АУДАНЫ.

● ТӘРБИЕ САҒАТЫ

Мағжан Жұмабаев атындағы №19 мектеп-гимназиясы соңғы жылдары білім берудің жаңа үлгілерін қолдани бастады. Алымдағы жылы мектеп ұстаздары "Атадан ұлағат, ұрпаққа өнеге" атты тәрбие сағатын ұйымдастырып, оқушылардың білімі мен біліктілігін шыңдан келеді. Таяуда осы мектептің 9 "Б" сынып жетекшісі Светлана Исеованың бастамасымен 9-10 сынып оқушылары жас композиторлар Әбдірахман Әріпұлымен кездесу өткізді.

Еркін елдің ұландары

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Бұл кездесудің өзіндік мәні бар еді. Қытай елінен атажұртқа қоныс аударған қандасымыз балдаққа сүйеніп жүрсе де, туа біткен қажыры мен қайратының нәтижесінде тамаша туындылар жазып, аты ел аузына ілініп жүрген аныс. Бұл оқушыларға "Талап таудан да асыратынын" ұғындырса, енді бір жағынан қаржы мамандығын тамамдаған оның композиторлар ортасынан кесікті орын алуы оқушылардың өнерге қызығуына түрткі болады.

Әбдірахман бала кезінен атасы Шылбы Көбекұлының өлеңдерін жаттап өсті. Бұл оның ер жете келе өнер жолына түсуіне түрткі болған еді. Институт қабырғасында жүргенде алғашқы туындыларын жаза бастады. Оның композиторлық өресінің өсуі атажұртқа келгеннен кейін тың серпіліп, ән-күйлерінің ұлттық сарынға ие болды. Тоқтасын Сүтірбеков ағасының ақылын, Мұратхан Егінбаевтардың жасампаздық бағытынан үлгі-өнеге алды. Тұманбай Молдағалиев, Ұлықбек Есдәулетов, Мұхтар Шахан сияқты белгілі ақындардың өлеңдеріне жазған әндері үлкен сахналарда орындалып жүр. Ал Әміре Әріп, Нүсіпбай Әбдірахым, Қуат Қайранбаев, Қажет Аидас, Ерғазы Манапұлы сияқты ақындардың патриоттық бағыттағы өлеңдеріне жазған әндері бұл күндері мектеп оқушылары арасында кең тарала бастаған. Осы туындылардың жазылу тарихы да сөз болды, әрі автор мен зайыбы Нұрсара бірлесіп, оқушыларға орындап берді.

Кездесу барысында сазгердің тағы бір қыры ашылды. Ол қызы Інкәр мен ұлы Еламанды өнер жолына тәрбиелеген. Облыстық байқауларда жүлделі орындардан көрініе бастаған кәкәсіпкер өнерлерімен тәнті етті.

Бұл күнгі кездесу еркін елдің ұландарына ағалар ұланғасын сіңірудегі маңыздылығымен есте қалды. Міне, "Осындай шара жиі өткізілсе деген ойлмен қайттық.

ЕСКЕ АЛУ

Наурыздың 6-сы қадірлі жездеміз **Сайлаухан Тергеубаевтың** туған күні еді. Өмірден озғанына 3 ай болған аяулы жанды балалары, туғандары қимастықпен еске алады.

Жүзің көз көнтен құладың,
Сонымда қалды жарқын сөз.
Қара жер болды-ау тұрпатың,
Құшып ең кеткен тарпыңыс.
Жаның жаннатта, тәнің рахатта болғай!

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: балдыздары – **Ерлан-Гүлмира, Аскар, Жазира.**

Алматы облысы бойынша жекелеген азық-түлік өнімдерінің, көкөніс жемістерінің, халық тұтыну тауарларының орташа импорттық және бөлшек сауда бағаларының салыстырмалы кестесі.

(20 02.– **26.02.09 ж. аралығында).**

Тауардың аталуы	Өлшем бірлігі	Кеңейтілген тазалаудан кейінгі орташа импорттық бағасы (тасымалдау мен кеңейтілген төлемдерді есепке отырып), бір бірлікке бір теңге.	Орташа жеткізушінің сауда бағасы.	Бағдағы сауда мен импорттық орташа бағалардың ауытқуы, канша есе.
	жеміс-жидектер	Жеміс-жидектер		
[illegible]	кг	58	69	1,2
[illegible]	кг	66	74	1,0
[illegible]	кг	152	203	1,3
[illegible]	кг	99	99	1,0
[illegible]	кг	179	319	1,7
[illegible]	кг	104	104	1,0
[illegible]	кг	137	304	2,2
[illegible]	кг	90	185	2,1
[illegible]	кг	71	197	2,8
		Азықтүлік		
Жаңа піскен [illegible]				
[illegible]	кг	136	335	2,5
[illegible]	кг	50	205	4,0
[illegible]	кг	96	150	1,6
[illegible]	кг	139	376	2,7
[illegible]	кг	194	261	1,3
[illegible]	кг	1 234	1 485	1,0
[illegible]	кг	303	400	1,3
[illegible]	кг	176	282	1,6
[illegible]	кг	167	931	5,6
		Халық тұтыну тауарлары		
Тіс [illegible]	кг	693	1 667	2,4
[illegible]	кг	323	710	2,2
[illegible]	кг	378	1 008	2,7
[illegible]	кг	1 291	3 775	2,9
[illegible]	дана	1 089	2 255	2,0
[illegible]	дана	1 593	3 186	2,0
[illegible]	дана	593	1 319	2,2
[illegible]	дана	1301	5 420	4,2
[illegible]	дана	2 806	2 750	1,1
Халық тұтыну тауарларын сақтайтын бір [illegible] құралының өндірістегі жеделсіз өлшемдер мен салыстырмалы		2 500 393		743 822
Көлік құралдары мен жеміс-терді сақтайтын бір [illegible] құралының өндірістегі жеделсіз өлшемдер мен салыстырмалы				213 806

* – 2009 ж. ақпанына және [illegible] статистикасы бойынша ҚР Ауылшаруашылық министрлігінің мәліметтері).
** – 02.2009 ж. ақпанына және [illegible] статистикасы бойынша ҚР Ауылшаруашылық министрлігінің мәліметтері).
*** – жүк көлігімен[illegible] тарифтері ақпанның құрамында.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША КЕДЕНДІК БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ.

МЕНШІК ИЕСІ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны. ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімі

Бас редактор Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, N3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

Жетісу

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілін, беттелелі.
Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Алты машинкелік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылды.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10


Кезекші редактор: Жұматай ӘМІРЕЕВ.

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ. ТАПСЫРЫС — 276. ТАРАЛЫМЫ — 41989. ИНДЕКСІ — 65469.

Қабылдау бөлмесі және факс — **24-37-11**, байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары — **21-01-90, 24-33-02,** жауапты хатшы —**24-38-16,** ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі — **24-34-06,** саясат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі — **24-36-07,** уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — **24-32-43,** білім және ғылым бөлімі — **24-30-57,** фототілшілер –**21-21-55,** заң және ақпарат бөлімі —**24-29-82,** есеп-қисап бөлімі — **24-35-28.** Алматы қаласындағы тілшілер қосыны —**279-13-37** (факс), **79-13-86, 79-36-43, 2-19-33.** Газет табыс етілмесе — **72-59-01** телефонымен хабарласу керек.

● БӘРЕКЕЛДІ

АМЕРИКАДА ДОКТОРЛЫҚТЫ ҚОРҒАҒАН



Талдықорғандағы Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің оқытушы-ғалымдар құрамының қатары жаңа есіммен толықты. Университет ұстазы, жас ғалым Алтай Ақанұлы Шалтабаев Америкаға барып, Йорк университетінде ғылыми жұмысын қорғап, философия ғылымдарының докторы атанып, құрметпен оралды.

Шалтабаев Алтай Ақанұлы Қоянар орта мектебін бітірген соң 1991–1995 жылдар аралығында Талдықорғандағы І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде оқып, «Математика және информатика» факультетін бітіреді.

Өзінің еңбек жолын Ескелді ауданына қарасты Қоянар орта мектебінен бастайды. Мектеп шәкірттеріне «Қолданбалы экономика» және «Информатика» пәндерінен сабақ береді. Өз ісінің білгір маманы ретінде Алтай тәжірибелік базасы ретінде танылып, мерейі үстем болады. «Жыл мұғалімі» байқауларына қатысып, онда да жоғары білікті тәлімгер ретінде танылады. Мұның бері Алтайдың еңбек сүйгіштігін, кез келген іске жауапкершілікпен қарайтындығын ұғындырады. Жеті жылдық ұстаздық өмірінде ол ешқашан қызметтік міндеттерін орындаудан жалтарып көрмеген. Керісінше, ізденіске толы, шығармашылық жұмыстарға ерекше ден қойған. Оның ұйымдастыруымен мектеп оқушыларының республикалық, облыстық олимпиадаларға қатысуы жақсы жолға қойылған. Мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарын қорғауға дайындаған. Оның шәкірттерінің көпшілігі облыстық, республикалық деңгейдегі ғылыми-практикалық конференцияларға қатысып, жүлделі орындарға ие болған. Мектеп шәкірттерінің мұндай нәтижелі ізденіске қол жеткізуіне жетекші ұстаз Алтай Ақанұлының қосқан үлесі қомақты екені даусыз.

Осылайша өзі еңбек еткен алты жылдың ішінде жоғары нәтижелерге қол жеткізген ұстаз жаңашылдығы мен ізденімпаздығы үшін жоғарғы санатпен мұғалім дәрежесі беріледі.

Білікті ұстаз А. Шалтабаев өзінің қосқан шеберлігін шыңдау жолында тоқтамай, талмай еңбек етіп, ұстаздық жұмысын ғылыммен ұштастыруға бел байлады. Осы мақсатпен 2003–2004 оқу жылынан бастап І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің физика және математика факультетінің информатика кафедрасына оқытушы болып орналасты. Бұған информатика кафедрасының меңгерушісі, физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент Нұржан Уәлиев және физика-математика ғылымдарының профессоры, экономика факультетінің деканы Күлзиз Тұрмағамбетова сынды оқытушылар үлкен қамқорлық жасап, ғылыми жұмыс жазуға көмектесті. Сол жылы «Ақпараттық жүйе» мамандығының 17-топ студенттерінің жетекшісі болып тағайындалды.

Алтай Ақанұлы математика және жаратылыстану факультетінің алдына қатарлы жетекші оқытушылармен бірге саналады. Көптеген жылдар бойы негізгі және арнайы курстар бойынша жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде дәріс оқып келеді. Курстық, дипломдық жұмыстарға жетекшілік етеді. Ғылыми жұмыстары Қазақстанның, шет елдерінің басты беттерінде жарияланып жүр.

Студенттерге дәріс берумен бірге ғылыми ізденісін одан әрі жалғастыруда. Ғылыми жетекшілері ғылым докторлары Ж. Бигеев пен Р. Өсербаевтың басшылығымен үш жылдық ғылыми ізденісі нәтижелі болып, өткен жылы «Ақпаратқа рұқсатсыз қатынауды қорғайтын, ақпараттық жүйелерді үзіліссіз қорегендіру құрылғысы» тақырыбындағы ғылыми жұмысын қорғап, философия ғылымдарының докторы (Ph.D) атанып отыр.

Алтай Ақанұлының ғылыми ізденісі Америка еліндегі Йорк университетінің негізгі бағыттарына жатады. Йорк университеті Альбама штатының ірі қалаларының бірі Мобилге орналасқан. Университетте бакалавр, магистр, доктор (Ph.D.) дәрежесін алуға арналған арнайы бағдарламалар қарастырылған.

Осындай орталы білім ұясында Алтай өзінің ғылыми жұмысын қорғады. Йорк университетінің жіктілік үйлестірушісі Сью Барнетт жас ғалымға сәттілік тілеп, алғыс хат жолдады. Жас ғалымға ғылыми дәрежесін дәлелдейтін Университет Президенті, доктор Симон Фар – Жоан қол қойған арнайы куәлік тапсырылды.

Ғылым мен білім беру саласына сіңірген еңбегімен ғылым биігінен көрінген ұлағатты ұстаз Алтай Ақанұлына шығармашылық ізденісін одан әрі сәтті жалғастырып, шәкірттерінің санасына білім нұрын ұялата беруіне тілектестігімізді білдіреміз.

Әли ЫСҚАБАЙ.

● МҰҒАЛІМ – МЕКТЕП ЖҮРЕГІ

Асыл қайты, Жаркөшке, сөйлеп өткен қазақ тілін, Жомбек пен Қойлыбай, сыйлап өткен ғажап тілді бала жүректе құйып, перделеше тақпақта білу, бүтінгі күн талабына сай оқыта білу қазақ тілі пәні ұстаздары үшін жеңіл жүк емес. Осынау жүктің қаншалықты салмақтылығын сезініп, атадан балаға мирас болып келе жатқан ана тілін алты жасар баладан бастап, оқушылар бойына дарыту мақсатында еңбек етіп жүрген ұстаздардың бірі – Талдықорған қаласындағы №14 орта мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Мария Құрманқызы Сәдуақасова.

ӨЛЕҢ ҚҰДІРЕТІНЕ БАС ИГЕН

Алма ЕСЕНБАЕВА,
"Жетісу"

Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқытатын мұғалім шәкірттерінің түгел тілде сауатты, саналы оқып, жазып, көркем-қатынас жасауына қолқа етеді. Оң үшін сабақ беруде жаңа педагогикалық технологияларды тиімді пайдаланады. Соның арқасында шәкірттері К. Севостьянова, Е.Ким, К.Трещенко қалалық пән олимпиадаларының жүлдегерлері атанды. Оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуіне бағыт-бағдар беріп отырумен нәтижесінде Кіші ғылым академиясының конференциясында Қ.Байтұров, Е.Айқын, Ш. Ш. жүлделі орындарды резенсе, Ж.Мәметбаева бірнеше мәрте Абай, Ілияс оқуларында І. П орындарымен марапатталды. Қара сөзбен күлдіретіне бас иетін, еленді еміріне серік еткен ұстаз шәкірттерін де өлеңмен жазуға үйретеді. Жас таланттардың шығармаларының басын құрап, "Жыр жазамын жүрегіммен" атты оқушылар жинағын шығарды. Мектепте әдеби әуен, поэзия кештерін, көркемсөз оқу байқауларын, кітап оқырмандары конференцияларын өткізіп гүру мұғалімнің сүйікті ісіне біріне айналған.

№14 мектеп-гимназиясы "Өзін-өзі тану" бағдарламасының экспериментттік алаңы болып табылатындықтан мұғалімнің енді ғір жұмыс бағыты – балаларға рухани тәрбие беру.

– Егер біз саналы азамат қалыптастырамыз десек, алымен өзін-өзі тануға тәрбиелеуіміз қажет. Өзін-өзі тану арқылы оқушы өзіндік танытым артықшылыққа ие болады. Адамдарға қайырымсалық жасау, ізгілікті көрсету сынды имандылық қасиеттерді бақыт деп санаған адам ғана айналасындыларға ізгілік нұрын шашады, – дейді Мария Құрманқызы.

"Білім мен тәрбие өтіз" екеуін тең жүргізгенде ғана жұмыс нәтижелі болмақ. Осыны ұстанған мектептегі тәрбие ісінің басшысы 2006–2011 оқу жылдарына кешенді бағдарлама құрды. Мектептегі тәрбие жұмысын "Тәлім" бағдарламасы негізінде Елбасының "Қазақстан – 2030" Стратегиялық бағдарламасын басшылыққа ала отырып жүргізеді.

Сонымен қатар, Мария Құрманқызы жасөспірімдер бойында патриоттық, рухани-адамгершілік, азаматтық, мейірімділік қасиеттерді қалыптастыруға арналған іс-шараларды ұйымдастырушысы. "Мен үшін жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі", – деп Ыбырай Алтынсарин айтқандай, Мария Құрманқызы да мектептің оқу-тәрбие үрдісіне өз үлесін қосып жүрген тәжірибелі ұстаздардың бірі саналады.

Ол өз тілін, өз тарихын, салт-дәстүрін жоғары бағалайтын, жан-жақты, ізденімпаз, өзін-өзі басқару қабілеті жоғары, рухани бай, жеке тұлға тәрбиелеуді басты мақсаты деп біледі.

● ШАРА

Интеллектуалдық ойын

Өмірін ұстаздыққа ұштастырған Шара Әнуарбекқызы Талапты ауылындағы орта мектепте жиырма жылдан астам уақыт еңбек етіп келеді.

Мектеп табалдырығын жаңа аттаған бүлдіршіндерді білім нәрімен сусындатып қана қоймай, оларға халқымыздың дәстүрін, мәдениетін үйретіп, насихаттауда барынша күш жұмсап, сынықтан тыс жұмыстар өткізуге де ерекше ден қойған.

Соның бір айғағы 3-сынып оқушылары арасында өткізген «XXI ғасыр көшбасшысы» интеллектуалдық ойыны.

Сайыстың мақсаты – оқушылардың білімдерін тиянақтау, ғылымға деген қызығушылықты арттыру, рухани адамгершілікке баулу, ойлау және есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Сайыстың өту барысымен таныстырған сынып жетекшісі Шара Оспанова барлық қатысушыға ойын барысын түсіндіріп, сәттілік тіледі.

Үш кезеңнен тұратын сайысқа барлығы он бала қатысып, өздерінің білімділіктілігімен бірге шапшаңдығын, нақты «көшбасшы» екендіктерін көрсетті. Сайыс шарты бойынша алға сұрақтың шыққан оқушыларға арнайы Мақтау қағазы мен сыйлықтар табыс етілді.

С. ҚАСЫМБЕККЫЗЫ.

ТАЛАПТЫ АУЫЛЫ.
КӨКСУ АУДАНЫ.

ОҚЫРМАННЫҢ ОЙЛАНДЫРҒАН КЕЗДЕСУ

Жуырда аудандық кітапханада кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастыруымен жергілікті ақын, жазушы Нұрила Дәнтайқызы Бектемировамен кездесу болып өтті. Кездесуге ақын апайымыздың кітаптарын сүйіп оқитын оқырман қауым, мұғалімдер, мектеп оқушылары жиналды.

Жалпы бұл кездесудің әдебиет әлеміне деген қызығушылығы бар оқырманның сезіміне сергектік сыйлап, жүрегіне тағы бір ізгіліктің дәнін екпесіне ерекше тоқталғым келеді. Өйткені апайымыздың жүрегінен шыққан әрбір туындысы өзінің саф алтындай шынайылығымен, боямасыз өмірдің сан алуан бұралаң-бұлтарысын жәшке тізгендей етіп тартымды суреттелуімен көпке көгінде шарықтайды.

Өзінің басынан шыққан «Нұрлы өмір – сырлы өмір» атты жаңа кітабы да тез арада адамдар жүрегіне жол тауып, өз оқырмандарын жинап алғаны осының куәсі.

Асылы, не нәрсе болмасын пенде баласын өзінің жасандылықсыз табиғи болмысымен, шынайылығымен бауырайтыны анық. Нұрила апайымыздың шығармалары да өмірдің өзінен алынғандықтан, тіпті өзіңді сол әңгіменің ішіндегі кейіпкерлермен бірге қайнасып, бірге жүргендей сезінесің. Күнделікті өмірдің күйбең тіршілігін, сан алуан адамның тағдыр-талайын өз шығармаларына негізгі өзек етіп, нақымды суреттей білуі жазушы апайымыздың өзіне ғана тән шеберлігі екені анық. Сондықтан да болар, кез келген әңгімесіндегі адам бейнесі өзімізбен күнде араласып-құраласып, қатар жүрген замандастарымызды еріксіз көз алдымызға әкеледі.

Кездесу барысында оқырмандар тарапынан апайымызға қойылған сұрақтардың дені де осы адам тағдыры, олардың қаламгерге қаншалықты таныс немесе қатысты екені жайлы болды. Әр сұраққа ағынан жарылып, пейілдене жауап берген жазушы апайымыз кейбір кейіпкерлерінің өмірде бар екенін де айтып кетті. Тіпті бірде сонау Атыраудан бір әйел адамның телефон шалып, бір әңгімесіндегі кейіпкері өзімен айнақатесіз тағдырлас екенін тандана жеткізген. Бұл, әрине, кездейсоқтық, әйтсе де бұл жерде Нұрила апайымыздың адам жанының нәзік қалтарыстарын қалт жібермей, көңілдегіні дөп басуы, әркімде болады-ау деген өмір құбылыстарын адам тағдырымен шебер өре білген әйелдік сезімталдығы – шығарманың оқырман жүрегіне жетуінің басты себебі болса керек. Тумысының жемістілігі де жазушы қиялының ұшқырлығы мен қаламының үткірлігінде емес пе?

Иә, көпшілікке тек жазушылығымен ғана емес, республикаға танымал бірнеше атақты сазгерлердің 40 шақты әніне мәтін жазған ақындығымен де таныла білген, мемлекеттік қызметке саналы ғұмырының 35 жылын арнап, шығармашылығын өмірінің ажырамас бөлігіне айналдырған Нұрила апайымыз «Адамды мұратқа жеткізетін тек қана еңбек» деген даналықтың растығын тағы да бір есімізге салып, оқырманын ойландырып тастады. Оқырмандар сұрауы бойынша өзінің болашақ жоспарларымен де бөлісіп, жақында сахналық қойылымға арналған зукымды драмалық еңбек жазып бітіргенін және де жуық арада баспадан «Бақытты білесің бе бағасын?» атты тағы бір жинағы шығатынынан хабардар етті. Кездесуде, сондай-ақ, апайдың сазгер Ә. Алпысбаевтың әніне жазылған «Досым», «Көксуым, жайнай бер» атты әндері орындалды. Кеш соңында кітапхана қызметкерлері апайға мекеме атынан сыйлық ұсынып, естелік үшін суретке түсті.

Қаракөз СЕЙІТЖАНҚЫЗЫ.

КӨКСУ АУДАНЫ.

● ТӘРБИЕ САҒАТЫ

Бақтыбай Жолбарысұлы атындағы №18 мектеп-лицейі оқушыларға білім, тәрбие берудің өзіндік тәсілдерін қолданып келеді. Таяуда 2 "э" сынып жетекшісі Лэззат Теміржанова ұйымдастырған "Біз бақытты баламыз!" атты тәрбие сағаты осының дәлелі.

БІЗ БАҚЫТТЫ БАЛАМЫЗ!



Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Әрине, бүгінгі жасөспірім ертеңгі болашақтың иегері. Оларды отаншыл, патриот етіп тәрбиелеу бүгінгі күннің талабы. Ал аталған нұғым оқушыға білім беру барысында сіңетінін ескерсек, мұғалім сабақты жан-жақты, оқушыға ұғынықты етіп жеткізуі үшін тар өрісті методикаға ғана емес, өз алдына жаңалық ашуы керек. Біз әңгіме етіп отырған тәрбие сағаты, міне, осы ойымызды дәлелдеп берді.

Сабақтың негізгі ойы балаларға "бақыт" деген ұғымды ерекше үйретумен бірге, бақытты өмір кешудің жолын ұғындыру. Алекінші сыныпта оқып жүрген ерекелігі әлі басыла қоймаған балаға мұны жеткізіп беру оңай жұмыс емес. Сондықтан Лэззат Теміржанова жаңа тәсілді оңтайлы қолдана білді. Күннің жылуы, отбасы жылылығы, Отанға сүйіспеншілік, мұғалім-ұстазға деген құрмет, денсаулықты аялау, достықты қадір тұту адам баласын бақытты өмірге жеткізетін музыкалық орталық, тақта, оқушылар белсенділігін бірлестіре отырып, шебер жеткізіп берді.

Қатысқан ата-ана мен ата-аналар өздері бала болып, бақытқа бөленіп отырды. Көпшілікті қызықтырған Мадина Ерлұқанұлы болды.

"Бала тілі – бал" емес пе? Мұғалім қойған сұраққа нақты жауап беріп, тіпті арасында Отанға, отбасына, достарына арнап тамаша тақпақ оқыды. Біздің оның балалығы емес, тәуелсіз еліміздің ертеңгі қарлығын болашағы өсіп келе жатқаны қуантты.

Шараның соңы балалар дайындаған концерттік бағдарламаға ұласты. Тәрбие сағатына қатысқан ата-аналар: "Иә, кемел келешектің тәлімді ұрпақтары өсіп келе жатыр" деген жылы көңілмен тарады.

"Қыз-су" ЖШС-іне кірпіш зауытындағы жұмыстары үшін қажет:

1. Пештердегі күйдіруші лер – 10.
2. Кірпіш кесушілер – 10.
3. Шикізатты қалыпқа салушылар – 10.
4. Қоспа жасаушылар – 10.
5. Қалаушылар – 10.

Талаптар: орта кәсіби немесе бастауыш кәсіби білім, мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесі 1 жылдан кем емес.

Алматы облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Алмалы ауылы «Қыз-су» ЖШС-іне, тел: 8-777 196 75 18, 8-702 364 29 12, облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы, мекенжайы: **Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26, (404 б.) тел.: 27-08-34, хабарласуға болады.**

ОТЛИЧНЫЕ условия
ОТЛИЧНЫЙ ДЕПОЗИТ

- Пополнение депозита без ограничений в отделениях или через банкоматы.
- Выплата вознаграждения - ежемесячно или в конце срока вклада с капитализацией.
- Ставка вознаграждения не зависит от срока хранения вклада.*

* При хранении вклада до 1 месяца, вознаграждение начисляется по ставке досрочного расторжения договора.



АЛЬЯНС

8 800 080 0000 (звонок бесплатный) 8 (7282) 550 000

Ваши деньги на депозите «Отличный» застрахованы Казахстанским Фондом гарантирования депозитов.

Конкурстық басқарушы "Қанағат" ЖШС-нің конкурстық массасын ағылшындық әдіспен сату жөнінде сауда өткізетіндігін жариялайды. № 1 лот – уақытша жер пайдалану құқығы (жайылымдық және шабындық жер – 264 гектар), № 2 лот – Алакөл ауданы Жайпақ ауылындағы негізгі қызмет түрін сақтай отырып, уақытша жер пайдалану құқығы (суармалы жер – 21 гектар). Сауда 06.04.2009 ж. сағат 11.00-де мына мекенжайда өтеді: Талдықорған қаласы, "Мүшелтой" шағынауданы, 19-үй, 11-пәтер. №1 лоттың бастапқы бағасы – 1490,7 мың теңге, № 2 лоттың бастапқы бағасы – 1903,4 мың теңге. Лоттардың бастапқы бағасының 10 пайызы мөлшеріндегі кепілдік жарна конкурстық өндірістің кассасына төленеді және аукцион басталуға бір сағат қалғанда аяқталады. Қосымша ақпараттарды 87012689277, 30-00-73 (жұмыс) телефондары арқылы алуға болады. Сауда өтпеді деп танылған жағдайда келесі сауда 08.04.2009 ж. сағат 11.00-де жоғарыдағы шарттармен өткізіледі.

ЕСКЕ АЛУ



Асыл әке, қимас та қамқор ата болған. Матай кентінде ғұмыр кешкен **Шаймерденұлы Дубек** тірі болса 81 жасқа келер еді. Жанын жаннатта болып, Алла тағаланың рахымы мен Пайғамбардың шапағатына бөлене бер деп тілейміз.

Немере, жиендерің сағынуда,
Ағайын-туыс әлі ағынуда.
Бата оқып жүрсектағы өзіңді ойлап,
Үл-қызың, келін-күйеу қалыпуда.

Екі ұл, жеті қызыңды мәпеледің,
Анамызбен екеуің екі асқар тау,
Әсіріп, бар қызықты көрсеткенсің,
Өзің ең биіктерге көтеретін.

Қайтеміз, жоқтай-жоқтай он жыл толды,
Дұға оқып, өксіп жүрміз жайып қолды.
Немере, жиендерің күн санайды,
Үш мың алты жүз елу (3650) күн, міне, толды.

Жадымыздан өшпейді, әке, атың,
Мәңгілік сақталады айтқан затың.
Анамызбен екеуің екі асқар тау,
Жайлаған, қыр басында жайлы жатқың, –

деп тебірене **ЕСКЕ АЛУШЫЛАР:** ұлы – **Қайырғали,** келіндері – **Қалдығүл, Клара,** қыздары-күйеубалалары, жиендері, немерелері – **Бауыржан, Айдос, Қайыржан, Еркебұлан, Айдар, Аслан, Айгүл, Анар, Жанар, Сандугаш, Индира.**

Алматы облысы әкімінің аппараты мен облыстық мәслихат Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, Ұлы Отан соғысының ардагері Гирш Леонид Юзефовичке баласы, ҚР Азаматтық авиация Академиясының кафедра меңгерушісі, профессор

Гирш Олег Леонидовичтің
мейірімді қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

МЕНШІК ИЕСІ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны. ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімі

Бас редактор Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, №3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

Жетісу

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілді, беттелді. Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Алты машинелік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Кезекші редактор: Айнұр ӘБДІРАХЫМ.

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ. ТАПСЫРЫС — 351. ТАРАЛЫМЫ — 41989. ИНДЕКС — 169.

Қабылдау бөлмесі және факс — 24-37-11, байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары — 21-01-90, 24-33-02, жауапты хатшы — 24-38-16, ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі — 24-34-06, саясат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі — 24-36-07, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 24-32-43, білім және ғылым бөлімі — 24-30-57, фототілшілер –21-21-55, заң және ақпарат бөлімі — 24-29-82, есеп-қисап бөлімі — 24-35-28. Алматы қаласындағы тілшілер қосыны — 279-13-37 (факс), 79-13-86, 79-36-43. Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары: Үшаралда — 2-12-57, Панфиловта — 5-12-21, Райымбекте — 2-22-05, Іледе — 2-19-33. Газет табыс етілмесе — 72-59-01 телефонымен хабарласу керек.

e-mail:
Jetisu2002@mail.ru

НИКОЛАЕВТЫҢ ШӘКІРТІ

Расында да, Медеубеков деген фамилияны білмейтін жоқ шығар. Ел ғылымына еңбегін интересумен қарап, қазақ ұлттық интеллигенциясының өзіне басқаша жүрегі, ойлау жүйесі, өмірлегі жүрегі-тұрмысы мен жанайтұғын асыл қасиеттері арқылы жүректерге жол тартты. Есімі кейінгі ұрпақтың да жадында жақталды.

Жақсы ізден қартайған ба?! Сексенге келді деген аты ғана. Әйтпесе, Қайлыбай ағамыз әлі

Халықтың қадірі артқан ұлдарының табиғаты да бөлек келеді. Бықпалым замандардан соғай, Батырың да, қасеңің де, шешеңің де ең алдымен ұлтжүрегінің ерен іліктілігіне бөленіге керек. Сөйтіп барып халқының жадында қалады, ұлттың шынайы мақтанышына айналады. Бүгінгі сексеннің сеңгірінде шығып отырған аса көрнекті ғалым, республика және шет елдерге белгілі селекционер – мал шаруашылығы саласындағы талантты зерттеуші, ҚР ғылым жаңа техника саласына еңбек сіңірген қайраткер, Қазақстан Республикасы ғылым мен техника саласындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, А. Бараев атындағы сыйлықтың лауреаты, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының, Ресей ауыл шаруашылығы ғылымдарының академиясының толық мүшесі, Ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Қайлыбай Медеубеков сондай айтулы тұлғалардың санатынан.



Бақыт аспалдақтары

Әлі ширақ, кемел шағында, ойдегі жинағын шарықтайды.

Әңгімелесіп қаласың жетегіне алып, бірден ой тұңғиығына батырады, сілкі ағ, өзің де қамшылайды. Екеуара әңгімеде уақыттың қалайша тұмалдап өте шыққанын аңғармай да қаласың.

– Қайлыбай Үсенұлы, сіз қазақтың қалың шоғырланған өңірі Оңтүстік Қазақстан облысында бола тұра, білімді екінің бірі қолы жете бермес Мәскеуде алдыңыз, на мұнымен де шектелмей, сол арада ғалым атандыңыз, тіпті қызмет те жасадыңыз. Сонда сіз орыс тілін қай жақта жүріп үйренін жүрсіз?

– Е, айналайын, ол жүрекке бір жағынан сығат салатын да жайт. Екінші жағынан білім, ілім тұрғысында үтқыныңыз да барыңыз. Өзің білің отырғандай, 1929 жылдан 15 мамырында Оңтүстік Қазақстан облысының бүтінгі Қазығұрт ауданының 'Абай ауылында өмірге келдім. Әке-шешемнің шыққан жері ауғатты жайдар болатын. Шешемнің жасеі тіпті датқа болған. Содар себеп болды ма, отбасымыз қутын-сүргінге ұшырады. Амалдың жоқтығынан, өзбек жеріне, Ташкенттің арғы жағындағы Тайтөбе деген мекенге көшіп бардық. Әкем сонда теміржол бойындағы жолаушылар депосына слесарь болып жұмысқа тұрды. Мені балабақшасына орналастырды. Таңертеңгілік өзімен бірге алып кететін. Ал теміржол бойында сол түста кибене орыстар еңбек ететін еді. Шұлдірлеп жүріп орыс тіліне төселіп алдым. Оның үстіне Ташкент қаласында 8-сынып орыс тілінде білім алдым. Сөйтіп жүргенде Ұлы Отан соғысы басталды. 1943 жылы туған жерге оралдық. Әкем колхоздағы түрлі жұмыстарға белсене араласты. Колхозымыз «Үшбұлақ» деп аталушы еді. Мен де қарап отырмадым, еңбекке белсене араластым. Өтпелі жер жыртпым, соғанның шебері атандым, егін жинадық, несін айтасың, беліміз қатпастан бейметті көп көрдік. Осылайша 1947 жыл да келді. Бірде аудан-ның сол кезеңдегі бірінші басшысы Серікбаев деген білікті азамат елді мекендердегі 8-9 сыныптарды бітірген балаларды аудан орталығына жинап, орта мектеп ашты. Соған алдыңғылардың қатарында мен де іліктім. «Балалар – бізден болашағымыз, бұларға терең білім беребік, ертенгі өмірлеріне жол ашайық!», – деген аудан басшысы Серікбаевтың сөзі әлі де есімде.

Қайлыбай Үсенұлы өмірдің небір асуларын бір адамдай-ақ асты. Жасында көрген бейнеті есейе келе зейнетке айналды. Білімге деген құштарлық жас талантты алысқа шақырды, биік белеске ұмтылдырды. Сонымен 1948 жылы Қазығұрт ауданындағы Ленин ауылында 10-сыныпты тәмамдаған ол, Мәскеудің Ленин және Еңбек Қызыл Ту орденді Тимирязев атындағы ауыл шаруашылығы академиясының зоотехникалық факультетіне оқуға түсті. Аталмыш оқу орнын 1953 жылы үздік бітіріп, ғалым зоотехник мамандығының дипломын алып шығады.

– Қайлыбай аға, қиыншылығы мол ғылым жолындағы алғашқы ұстазыңыз кім?

– Ғылымдағы алғашқы да ғұмыр бойғы ұстазым әлемге аты мәшһүр ғалым, академик, профессор Алексей Иванович Николаев. Біз оқу бітірген кезде ол кісінің есімі дүрілдеп тұрған. Содан мен академияны үздік бітіргеннен кейін елге қайтайын деп жиналып жаттым. Хатшы қыз: «Сізді академик Алексей Иванович Николаев шақырып жатыр», – деді. Дереу барысқа бардым.

Жылы қарсы алды. Бірден әңгімесін бастап жіберді.

– Сен оқуды жақсы бітіріпсің. Енді не істегелі жүрсің?

– Қазақ жеріне қайтамын, тұған елімге.

– Сен еліңе баруға асықпа. Оған қашан да үлгересің. Қарт әке-шешең бар дейсің ғой. Мен қазақтарды жақсы білемін ғой, ондағылар бір-біріне қарасаңдар, қиындықта қалдырмайды. Сондықтан да сен келешегіңді ойла. Мен сені осы академияда тәжірибеден өтуіңе-тіпті бір жылға қалдырайын. Одан жақсы қырықпен көрініп, білімінді танытып жатсаң, аспирантурага түсесің.

– Жарайды, айтқаныңмен болсын.

Сөйтіп не керек, Қайлыбай Үсенұлы Тимирязев атындағы академияның қой шаруашылығы кафедрасына өзі секілді 50 жас талапкерлермен бірге қалады. Бір жылдан кейін өзінің іліміндіпаздығының арқасында жаңағы 50 баламың ішінен іріктелген 23 талапкер қатарында аспирантурага қалдырылады. Үш жыл бойына аспирантурада білім алды. Қой шаруашылығының екінші өндіру, өндіру секілді жауапты істің қыр-сырына әбден қанығады.

Содан тағы да академик Николаев оңымен жеке сөйлеседі.

– Енді сен ғылымның жолына түскен жансың. Өзіңнің бойыңдағы қабілет-қарымыңды танытып та үлгердің. Бірақ, қалай болғанда да, өндірістің ағы өндіріс. Сен бірақ уақыт шаруашылықта қызмет етуің керек. Сол себепті де осы Москва облысының Волоколамск ауданындағы «Путь Ильича» колхозына жіберсек қалай қарайсың?

– Елге қайтқаным жөн шығар. Қарт әке-шешем бар. Өмірден бейметті көп көрді. Солардың бір жағынан шоқсам дейміп.

– Бірер жыл уақыт ешнәрсе ете қоймас. Сен тілді ал. Сол мен айтқан шаруашылыққа бар, зоотехник боласың, – деп Николаев айтқанынан қайтпай қойды.

Сонымен қазақтың қара баласы Москва облысындағы ірі-гелі шаруашылыққа зоотехник болып жұмыска орналасады. «Жас келсе – кіске» деген емес пе. Күндіз-түні тын сергінмен қызмет етеді. Басшыларын да, жоғарыдағы ғалымдарын да көңілінен шығады. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын да ұмытпайды. Өстіп жүріп ғылым жолына бекем түседі. Бұдан соң Николаевтың қарамағында бір жыл қызмет етіп, үш жылға жетпей кандидаттық қорғайды. Академияның ғалымдар кеңесінде бірауыздан ғылым кандидаты деген атақ алады.

Ол кезде кадрларды одақ бойынша бөлуге жете көңіл бөлінетін. КСРО Ауыл шаруашылығы министрлігі шешімімен ол В. Ленин атындағы бүкілодақтық ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының Қазақ филиалына жолдамамен жіберіледі. Сол филиал басшылығының бұйрығымен ғылыми кадрлардың білімін көтеру үшін Жамбыл облыстық мемлекеттік ауылшаруашылық тәжірибе стансасына қызметке баруға ұйғарылады. Осы кезеңді әз-аға былайша еске алған еді:

– Алматыға келдім, ешкандай туған-туыс жоқ. Тіпті Мәскеудегіден де өзімді жүдеп қалғандай сезіндім. Менің алдымда екі таңдау тұрды. Басшылық Гурьевте және Жамбылда менің мамандығыма сәйкес қызмет бар екендігін айтты. Мен тағы да сол әке-шешеме жақындау керек екендігін алға тартып, Жамбыл облысына баруды қалайтындығымды айттым. Сөйтсем, ондағы облыстық мемлекеттік ауылшаруашылық стансасының директоры болып бұған дейін Алматы қаласындағы ботаникалық бақтың басшысы болған Бисембиев деген азамат осыдан екі-үш бұрын ғана тағайындалыпты. Өзі Жуалы ауданының жамағаты екен, атақты Бауыржан Момышұлының жерлесі, ол кісіге әке-шешемді сағынғанымды, мүмкіндік болса ауылыма барып келуге рұқсат беруін өтіндім. Ешқандай сөзге келген жоқ: «Мен сағын жас қызметкер ретінде көтерме қарызы берейін, он күнге ауылыңа барып қайт», – деді. Күнқуана туған мекеніме құстай ұштым. Әке-шешемнің қуанышында шек жоқ. Қойларын сойып, ауыл-аймақты тегіс шақырып, сәй бір көтере той жасады дейсіз. Менің де мерейімді өсіріді, өздері де бір қанаттанып қалды.

ҚОЙ КӨБЕЙГЕН КЕЗЕҢ

Қайлыбай Медеубеков осы тәжірибе сапасында 6 жыл қызмет етеді. Әдеттегідей ага ғылыми қызметкер, содан соң бөлім меңгерушісі, ғылым жөніндегі директордың орынбасары, директор, кейін Жамбыл облыстық ауылшаруашылық басқармасы басшысының орынбасары қызметін атқарады.

Жақсы мамандық терең ойлы ғалым қой жерде де кажет. 1962 жылы қазан айында ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің бұйрығымен Қазақтың ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу технологиялық институтына директор болып сайланады. Осы сала мамандарына белгілі, 1974 жылы жоғары басшылық ұйғарымымен аталмыш институт жеке-жеке екі ғылыми-зерттеу институты болып қайта құрылған. Қазақтың қой шаруашылығы ғылыми-зерттеу технологиялық институты және Қазақтың мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты. Ол Алматы облысының сол кездегі Қаскелең ауданындағы Каменка ауылында орналасты.

Одақ кезінде Қазақстанда мал шаруашылығы, оның ішінде қой шаруашылығының да дамуына жете көңіл бөлінгендігі белгілі. 1962–1975 жылдары осы ірі бірлестірілген ғылыми мекемелерден мал шаруашылығы бағытындағы жеке-жеке 6 ғылыми-зерттеу мекемелері құрылады. Бұларды атап айтар болсақ: қой және жылқы шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты; ірі қара және шошқа институты; балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты; ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты; жайылым шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты; солтүстік мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты.

Ауыл шаруашылығы ғылымында жүргізілген қайта құру жұмыстары ғылымының өндірістен байланысын бекітуге және олардың аукымын кеңейтуге мүмкіндік берді. Бүкіл мал шаруашылығы саласында ғылыми мекемелерде 300-ден астам ғылыми қызметкерлер жұмыс істеді. Ғылымн жұмыстарының нәтижесінде олардың көпшілігі ғылым докторлары мен кандидаттары атанды, одақтық республикалық ғылым академияларының академиктері мен мүше-корреспонденттеріне сайланды, ғылым мен техника саласында Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаттары болды.

К. Медеубеков 1962–1998 жылдар аралығында 36 жылдан астам уақыт мал шаруашылығы саласында екі ғылыми-зерттеу технологиялық институтын басқарды. Осы уақытта ол ғалым селекционер, ауылшаруашылық ғылымының талантты ұйымдастырушысы ретінде танылды. Оның басшылығымен Қазақтың ғылыми-зерттеу технологиялық институты, кейінен қой шаруашылығы институты Қазақстан көлеміндегі ірі ғылыми орталық болып қалыптасты, ал институт ұжымы үлкен табыстарға қол жеткізді, солтүстік-қазақ, оңтүстік-қазақ мериностары, ақжайық етті-жүнді, биязылау жүнді, сарыарқа қылшық жүнді қойлары, көшім, мұғалжар жылқылары тұқымдары шығарылады: ірі қараның самғ-гереуза және төлөевті тұқымдарының репродукторлары құрылды. 26 алам ғылым мен техника саласында Кеңес Одағының және Қазақстанның Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаттары болды. Ұжым бірлігінің арқасында ауылдық жерде институт қалашығы тұрғызылып, Бүкілодақтық конкурста бірінші орын алды, І дәрежелі ХШЖК-нің дипломына ие болды. 1983 жылы институт ғылыми жетістіктері үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды.

К. Медеубековтің ғылыми қызметі, ғылымдағы үлкен нәтижелерді шешумен қатар Қазақстанның әртүрлі аймақтарына арнап қойдың, жылқының, ірі қараның, құстардың жаңа тұқымдарын, сүлелерін және аталық ізділерін шығару мен жетілдіру жұмыстарымен тығыз байланысты болды. 1976 жылы ҚР ҒА мүше-корреспонденті А. Еламановпен бірге қойдың қолтұқтік-қазақ мерносы биязы жүнді тұқымын шығарды, 4 ғалым, 36 маман мен шопан осы қой тұқымының авторы және тұқым шығаруға жәрдемдесушілер болып танылды. Шығарылған қой тұқымы Қазақстанның солтүстік, солтүстік-шығыс аймақтарының қатаң климаттық жағдайына жақсы бейімделген. Аталған қой тұқымы 2 сүлемен сипатталады – бескарағай және сұлукөл. Олар будандастыру және өте ұзақ жылдар бойы тұқымның ұнамды сүлелерін іріктеу мен жұп таңдау арқылы шығарылады.

Академик Қ. Медеубеков шәкірттерімен және академик В. Бальмонтпен бірлесе отырып бағалы биязылау жүнді ағылшынның етті-жүнді, линкольн, ромни-марш, бордерлейстер, гемпшир, суффолык, оксфордаун, шевиот, саутдаун тұқымдарын кең көлемде жерсіндіру мен пайдалану жұмыстарын жүргізіп, осы тұқымдардың жекелей репродукторларын құрды. Осы көп жылғы ғылыми жұмыстарының нәтижесімен 1978 жылы Бүкілодақтық мал шаруашылығы институтында «Оңтүстік Қазақстанда кроссбредтік қой шаруашылығының ғылыми негіздері» атты тақырыппен докторлық диссертациясын қорғады.

Биязылау кроссбредті жүнді қой тұқымын шығару әдісі үш жаңа тұқым шығаруға негіз болды. Қазақстанның оңтүстік батысында өсіруге арналған қазақтың етті-жүнді тұқымын үш тұқымшылық сүлесімен (1991 жылы бекітілген), Қазақстанның батысында өсіруге арналған ақжайық тұқымын (1996 жылы бекітілген) және Республиканың орталық өңірлерінде өсіруге арналған сарыарка тұқымын екі тұқымшілік сүлесімен (1999 жылы бекітілген). Бұл жұмыстар еліміздің халық шаруашылығы үшін өте тапшы кроссбредті жүн өндіруде үлкен маңызға ие болды.

Академик Қ. Медеубековтің табандылығы мен беделінің арқасында жоғары жүн өнімділігімен және сапасымен сипатталатын австралия мериносы қой тұқымының қошқарлары мен қойлары әкелінді, бұл қойлардың репродукторы құрылды. 1995–2007 жылдар арасында республика шаруашылықтарына осы репродуктордың 863 бас таза тұқымды австралиялық асыл тұқымды қошқарлары сатылды.

Қазақтың биязы жүнді қойын финнің ландрас тұқымды қошқарымен шағылыстыру арқылы (профессор К. Қасымов) республикада ең алғашқы көптөлді биязылау жүнді қой шаруашылығының жаңа бағыты пайда болды. Мынбаев өндірістік тәжірибе шаруашылығында осы қойлардың төлшілдігі 170-175 %, тірілей салмағы 53-55 кг. құрайтын бірнеше сауық отары бар.

К. Медеубеков пен шәкірттерінің жаңа тұқым шығару мен оларды жетілдіруге бағытталған ғылыми-зерттеулері қой тұқымдарын жаңарту теориясы мен тәжірибесіне қосқан үлкен үлес болып есептеледі. Бұл жұмыстардың Қазақстан қой шаруашылығына сапалы өзгерістер енгізуге үлкен маңызы бар.

К. Медеубеков мал өнімдерін өндіруін жаңа технологиясындағы үлкен мәселелерге, әсіресе, ауыл шаруашылығы өндірісінде қой шаруашылығының өндірістік технологиясын жасауға көп көңіл бөлді. Осы әдістерді шаруашылыққа кеңінен енгізгені үшін К. Медеубеков пен бір топ ғалымдарға Қазақстан Республикасы ғылым мен техника саласының Мемлекеттік сыйлығы табыс етілді. Бұл технология ТМД елдерінің көптеген шаруашылықтарында пайдаланылады, еңбек өнімділігін 8–10 есе көбейтіп, материалдық және еңбек шығынын 3 есеге дейін азайтады.

ЖАҚСЫДАН – ШАРАПАТ

Қ. Медеубеков пен оның шәкірттерінің жарты ғасырлық ғылыми жұмыстары 500-ден астам ғылыми мақалаларға, брошюраларға, ұсыныстарға, әдістемелік құралдарға, монографияларға және кітаптарға енгізілген. Олардың теориялық және тәжірибелік маңызы жоғары, ауылшаруашылық өндірісінде, ауылшаруашылық жоғары оқу орындарында оқу құралы ретінде кеңінен қолданылады.

Қ. Медеубеков жоғары білімді ғылым кадрларын дайындауға үлкен еңбек етті, өзінің ғылыми мектебін құрды. Қ. Медеубековтің басшылығымен 34 адам кандидаттық, 14 адам докторлық диссертация қорғады. Шәкірттері Қазақстан Республикасында, Ресейде, Қырғызстанда, Украинада, Әзірбайжанда және Монголияда ғылым, білім және өндіріс салаларында еңбек етеді.

Академик Қ. Медеубеков, белгілі және беделді ғалым селекционер ретінде 14 жыл бойы КСРО АШМ мен В. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының қой шаруашылығы бөлімін басқарды. Оның КСРО ЖАК алдында ынталы өтінішi жасауы арқасында 1991 жылы ККШҒЗТИ-да докторлық диссертация қорғау жөнінде 3 мамандық бойынша мамандандырылған ғылыми-кеңес құрылды: дербес зоотехния, селекция және мал азықтандыру.

Қ. Медеубеков өзінің ғылыми жұмысын үлкен мемлекеттік және қоғамдық жұмыстармен тығыз байланыстыра білді. 1979 жылы жоғарылаған аталған бөлімнің Президиумының төрағасы және вице-президенті болып сайланды. Осы жұмыста 1992 жылы Кеңес Одағы тарағанға дейін қызмет жасады. 1972 жылы осы академияның мүше-корреспонденті, 1982 академигі болып сайланды, 1996 жылдан Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі, 1998 жылдан бері Қазақ ұлттық аграрлық университетінің профессоры, көп жылдар бойы ҚР АШМ коллегиясының мүшесі болды.

Жақсы лебіздің жан сеңгірлері бар. Дегенімізбей, Қайлыбай Үсенұлы қақында орынды пікір айтып, оралымды ой түюшілер көп-ақ. Солардың басым көпшілігі ағаның аскан адамгершілігі мен ғұлама ғалымдығының кең көкжиегіне кеңінен тоқталады. Мәселен, Алматы агрөнеркәсіптік кешені қызметкерлері кәсіподағының төрағасы Тастан Төкселітов былайша лебіз білдірген еді:

– Қайлыбай Үсенұлы қазіргі мақсаттың бітпеген ірі де жарқын тұлға дер едім. Ел ғылымына сіңірген еңбегі өлшеусіз. Қанішама тың да тыңдылам істердің бастаушысы болды, қаншама жігерін жастарды ғылымның сөнбейтін жолдарына салды. Өткен өмір жолында мен де Қайлыбай Үсенұлының қызмет бірмасында болдеңіше рет жолдастық. Күрті дүлейлік партия комитетінің бірінші хатшысы қызметінде жүрген кезім. Бірде, қиялған қыс айында аудандығымызға Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Асанбай Асқаров, ғалым ағамыз Қайлыбай Үсенұлы және сол тұстағы облыстық партшылар одағы басқармасының бастығы Арғынғазиев келген болатын. Қой шаруашылығы белсенді түрде қолға алынып отырған шақ. Бақты жүнді және еліктей тұқымды койлардың өсіретін еді. Сол жолы Қайлыбай Медеубекенең жалпы қой шаруашылығының және биязы жүнді қойлардың ерекшеліктері, оның қасиетті халқымның ал-ауқатын арттырудағы жан-жақтылығы туралы көп сыр ағыстық. Сондағы бір тәнкалғанымыз, ғылымның жолы бір басқа да, ағаның мынау өмір тіршілігінің түйін-білгені және бір басқа. Мен гана емес, маңайымдағы өзге де басшылар мен мамандар бір көтеріліп, бір марқайып қалды. «Жақсыдан – шарапат» деген осы ғой. Бәрімізге де Қайлыбай Үсенғұлының кішіпейілділігі мен қарапайымдылығы, еңгежектігі мен елжандылығы ұнады. Кейін оның ойлы ғалым жұлдызымызда қой шаруашылығының дамуы үшін көп еңбек сіңірді. Асыл тұқымды қошқарларды жалуға көмектесті.

Осындай жылы лебіз, орынды бағалы ғалым туралы елімізде қай түкпірде барсаңыз да есті аласыз. Және бір азаматтың айтарына деп қойынып, экономика ғылымдарының докторы Аманқұл Серікбаев:

– Қайлыбай аға Қазығұрттың қасиетті қойнауында, мен боласы Ордабасы өңірінде өсіп-өндім. Әу баста соғау 80 жылдардың басында танысқан едік. Одан кейін бірді-уақыт өтсе де, жақсы араласушың сәті түсіпей жүрді. Кейін тағы жолығып қалдық, бұл жолы ағамызбен еркін сөйлесіп, етене араласудың мүмкіні келді. Атағы жер жарған академик, айтуы тұлғамен сонда жақын танысып, асыл ағаның жақсы қырларын танып-көрдім, жарқын сырларын естіп-білдім. Әлі есімде, барғанымда ол кісі ағалық ақ көңілмен айналып-толғанып, «айналайын, мына жерге отыршы, бұл Димекеңнің демалып отырған жері ғой, бір қасиеті дарысын» деп, бір жағынан үлкен адамның қадірін әспеттеп, екінші жағынан мен сияқты інісіне ақ жол тілеп, көңілейілін танытқаның жақсы есімде едім. Республика басшысының аулы шаруашылығының айтулы ғалымының еңбегін жоғары бағалағаның және ол кісімен жақын сыйластықта болғаның содан білдім. Әрине, бұл абырой-беделдің оңайлықпен келмегені, ол талай жыл талмай еңбек етудің арқасында жеткен дәреже екені белгілі. Одан соң да ол кісінің ғылыми ортада да, әлеумет аясында да, әсіресе, халықтың шыдас, туған елінде соншалықты танымал тұлға екеніне көзіміз жетті.

Қ. Медеубеков он жыл бойына Республика Жоғарғы Кеңесінің төрағасы, II мәрте Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, КОКП-ның халық депутаты, Қазақстан Компартиясы және КОКП-ның әлденеше съезінің делегаты болып сайланды. Екі мәрте Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы орденлері және көптеген медальдармен марапатталған Бүтінде Қазақ Ұлттық аграрлық университетінде дәріс береді, осындағы докторлық диссертация қорғау кеңесінің төрағасы, бұдан бөгде қоғамдық жұмыстардың өзі бір төбе. АҚШ-та жарық көрген «Кімнің кім екені туралы» деген кітапқа жер жүзінің көрнекті ғалымдары, саясаткерлері, мемлекет қайраткерлерімен Қазақстаннан енгізілген 5 адамның ішінде ғұлама ғалым ағамыз да бар. Алматы облысы Жамбыл ауданының, Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданының Күрметті азаматы. Зайыбы Бақыт Адамқызы екеуі үш ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірді. Бірнеше немере сүйіп отыр. Тұңғыштары Гүлнар – Канадада ғылым саласында еңбек етеді. Нұрланы – биолог, Данияры – ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, ал Болаты – мал шаруашылығы саласы институтында қызмет етеді.

Қайлыбай Үсенұлы ең алдымен қазақ елінің амандығын, Елбасының абыройы арта беруін қалайды. Бейбіт еңбек, татулық бел алған жерде шығар белестің биіктей беретіндігіне кәмл сенеді. Бұған академиктің аскан өз асуы берік дәлел.

Дулат ДАРХАН.

● МІНЕ, ҚАЗАҚ!

Жүз жастағы қария

Жазиралы Жаркент өңірінде жасы жүзден аскан 5 алам бар. Солардың бірі Жаркент қаласында тұратын – Әлиакпар Өмірзақұлы. Жақында немерелері аталарының ғасырлық тойын жасағалы отырған Әлиакпар ақсақалдың үйіне арнайы іздеп барып, әңгімелестік.

Мырзағали ШҰРСЕЙІТОВ, "Жетісу"

Әлиакпар ақсақал 1909 жылы 15 наурызда Жаркент өңіріндегі Жаркудық қыстауында өмірге келіпті. Әкесі Өмірзақтың 9 ұлының кенжесі екен. Ата-анасынан жастай жетім қалып, нағашысы Алтынбек қажының қолында ер жетіпті. Нағашысы жиеніне өзінің қызы Несімага үйлендіреді. Сол тұста жаңа орнаған Кеңес үкіметі бай, молдаларға қысым көрсетіп, Мекке ге барып қажы атанған, ауқатты Алтынбек қажы да құтын-сүргінге ұшырайды. Сөйтіп нағашысы туыстарымен 1929 жылы шекара асып, Қытай жеріне өтіпті.

Қарттықтың салдарынан құлағының естуі қиындаған жүз жастағы қариямыз қимыл-қарекеті, есте сақтау қабілеті әлі де шырақ. Біздің сауалдарымызды қариямыз құлағына өсіртуге жердемдескен немере қызы Жаминаның айтуынша, Әлиакпар ақсақал қорадағы азын-аулақ малдың жем-шөбін өзі береді екен.

Қазір жасы жеткісті алқымдаған ұлы Мұқаметқалидан 7 немере көріпті. Қызы Сарагүлдің 4 баласы бар. Немерелерінен 17 шөбере, 1 шөпшек сүйген қариямыз өзін ерекше бақытты жандардың қатарына қосады.

– Әке-шешемнен ерте жетім қалып, оқып, білім ала алмадым, – дейді ақсақал. – Сондықтан немерелерімнің бәрінің жоғары білім алуына жәрдем жасадым. Қытай жерінде жүргенде де, 1962 жылы елге оралған соң да қаралайым жұмыс істедім. Арақ ішкем жоқ, темекі мен насыбайға да жоламадым. Көп жасауымның сыры алдымен Алланың жәрдемі, одан соң жаман әдеттерден алыс жүргенімнен бе деймін.

Өзінен үлкен 8 бауыры да 80–90 жыл жасап өмірден өтіпті. Әлиакпар ақсақал Жаркент өңіріндегі қамыс зауытында еңбек етіп, 1969 жылы зейнеткерлік демалысқа шығыпты. Содан бері Жаркент қаласында баласы Мұқаметқали мен келіні Бетидің қолында тұрады. Өмірлік жолдасы Несіма 1994 жылы 90 жасында қайтыс болыпты.

– Көршілерім дүниеден үйлер, орысы да бар. Бері жасы үлкен деп мені сыйлайды. Соңғы үш жылда сыртқа шыға алмай қалдым. Одан бұрын жұма сайын мешітке барып, көршілерімен бірге намазға қатысушы едім, – дейді ақсақал. – Осы жасыма дейін бес үкімет көрдім. Жаркенттегі кеңес таныкерісін, Қытайдың гоминдаңын, кейінгі қызыл үкіметін. Қазақстанның егеменді ел болғанын өз көзімнен көргеніме қуанамын. Құдайдан жатсам, тұрсам бейбіт тіршілік тілеймін.

Бізбен ауылымызда қасыр жасаған ақсақалды іздеп Талдықорғаннан теледидар журналистері де келіп кеткен екен. Жұрт назарының өзіне ауғанына қария дән риза, көңілі көтеріңкі. Алдына келгеннің бәріне ақ батасын беріп, ел-жұртқа бірлік, бейбіт тіршілік тілеп отыр.

ЖАРКЕНТ ҚАЛАСЫ

● ОБЛЫСТЫҚ СЛЕТ

Кемел келешек кепілі

Еліміздің көркейіп-гүлденуі және өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі үрпақ бейнесінен көрініс табады. Сондықтан елдің ертеңін ойлаған әрбір адам ең алдымен ұрпақ тәрбиесіне баса назар аударғаны жөн дер едік. Әрине, атқарылып жатқан игілікті жұмыстар да жеткілік. Соның бірі – таяуда облыстық білім басқармасы, ішкі саясат басқармасы және балалардың құқықтарын қорғау департаменті бірлесе ұйымдастырған «XXI ғасырдың ұландары мәдениет пен бейбітшілік жолында» атты балалар мен жастар қоғамдық бірлестіктерінің облыстық слеті. Слеттің негізгі мақсаты – өскелең ұрпақты отаншылдыққа баулып, оқушылардың мектептен тыс уақыттарын тиімді пайдалануға жетелеу. Облысымызда бірінші рет өтіп отырған шараға жеті ауданнан жүзге жуық оқушы қатысты.

Қажет АНДАС, "Жетісу"

І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында өткен шара балалар мен жастар қоғамдық бірлестіктерінің көрмесімен басталды. Иә, Жетісу жері тарихқа бай өлке болса, бүгінгі көрме кемел келешектің бейнесін көз алдыға әкеледі. Іле ауданының «Болашақ», Алакөл ауданының «Ұлан», Еңбекшіқазақ ауданының «Алтын адам», Жамбыл ауданының «Жас ұлан», Райымбек ауданының «Хантәңірі», Ескелді ауданының «Жас қыран», Ақсу ауданының «Болашақ» бірлестіктерінің жетістігі адамды қуантарлық дәрежеде.

Көрмені тамашалаған көпшілік Мәдениет сарайының үлкен залындағы балалар мен жастар бірлестігінің тұсаукесер рәсіміне қатысты. Алдымен слетке қатысқан топ басшыларының мәлімдемесі тыңдалды. Содан кейін облыстық білім басқармасы бастығының орынбасары Сәуле Қабимолдаева құттықтау сөз сөйлеп, слет жұмысын ашты. Слет барысында балалардың ұлттық бағытта алған тәрбиесі, Отанға, рәміздерге деген білімі сынға түсті. «Қазақстанда балалар құқығы қорғала ма, қорғалмай ма?» – атты пікірсайыс барысында әрбір топ өзінің ұтымды ойларымен бөлісті. Сонымен бірге өңірдегі бірлестіктердің күш-жігерін бір арнаға тоғыстыру мәселесі де сөз болды. Жастар өзара тәжірибе алмасып, жаңа достар тапты.

Балаларды отансүйгіштік пен ынтымаққа баулитын шараның нәтижесі бойынша, Іле ауданының «Болашақ» командасы топ жарды. Ал Алакөл ауданының «Ұлан» тобы екінші орынға табан тіресе, Еңбекшіқазақ ауданынан келген «Алтын адам» командасы үшінші орынды иеленді. Пікірсайыс барысында орамды ой тастап, ұтқыр пікірлерімен таңғалған Алакөл ауданынан келген Балжан Қабдолдаева, Райымбек ауданы Б. Соқпақбаев атындағы орта мектептің оқушысы Ерік Шаймерден, Іле ауданынан Сымбат Дарыбай сияқты түлектеріміз дара тұлға ретінде өздерін таныта білді. Олар Мақтау қағазы және ақшалай сый-сияпатқа ие болды.

Жоғарыда аталған жеңімпаздарды құттықтаған облыстық білім басқармасының бастығы Лаззат Базарқұлова шараның жоғары деңгейде өткенін тілге тиек ете келіп, келесі басқосуда облыс аумағындағы бүкіл ауданды қамту қолға алынатынын жеткізді. Шараның соңында облыстық балалар мен жастар бірлестігінің делегаттары мектеп оқушыларына үндеу тастады.

Құттықтаймыз!



Панфилов ауданы, Кектал ауылының тұрғыны ИБРАЙЫМБЕКОВА Сайлаухан Үсенқызы бар ғұмырын қазақ баласына білім мен біліктілікті үйретуге арнаған ұстаз. Отбасында ағайын-туысқа сыйлы асыл ана, балаларын тәрбиелі етіп өсірген аяулы жар бола білді. 25 жылдық ұстаздық сапарында мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары болып еңбекті еңбек етіп келеді. Енді, міне, 50 жасқа келіп отыр. Біз қымбатты әпекемізді мерейтойымен құттықтаймыз.

Құтты болсын, туған күнің – мерекең,
Арта берсін күнөнен күнге береке,
Әжалында денсаулығың мықты боп,
Ел-жұртыңды қуанышқа бөле сен, – деп тілейміз.

ТІЛЕК БІЛДІРУШІЛЕР: Роза, Қуаныш, Бибинұр, Жарқынай, Айдана және туған-туыстары.

АСЫЛ МҰРА

Майқы би

Қазақтың шешен де көсем, көреген де данышпан Майқы бимен ұрпаққа мол мұра қалған. Бірде ол былайша болжау айтыпты:

Тазадан жаңғақ бас туады,
Кедейден малбақбас туады.
Күлің шашпаған, өлеңің ашпаған,
Қатын, қыздар пайда болады.
Ұл мен қыздар ажыраспайды,
Одаулай мен көсеуай көп болады.
Ой-хой-дүние-ай.
Ақыр заман болғанда сұ тарпиды,
Қарап тұрған жігітке қыз артылатын заман болады.

Мұны бұдан 800 жыл бұрын жазып кеткен Моңғолдағы аз ғана қазақтар Майқы сөзін жадында сақтаған. 1967 жылы Сәбит Мұқанов Бай-өлкеге барғанда қаймағы бұзылмаған қазағым, деп тамсана жазды.

Ағаштан арба болады,
Оз балау өзіне жақ болады,
Темірден құс болады,
Көргенің сұс болады,
Сарысудан ас шығады,
Оз балау өзіне жақ шығады,
Қатын тұздағыш би болады,
Еркек жасып ий болады, – деген екен.

Майқы би моңғол шежіресінде бар. Бірақ есімі бұрмаланған. Майқы көреген дара туған Шыңғыс жаһанды алады деген.

Шыңғысты мойындаған. 1210 жылы Айыртау, Шыңғыстау, Қалба тауындағы қазақтарды жинап ақ киізге отырғызып Темужинді Шыңғыс хан деп таныл, Майқы би бастап хан көтереді. Міне, осылайша 1200 жылдан бастап Майқы би Шыңғыс шежіресін жазысқан қазақ.

Сөленгі Орхон қария көздері оны Мах би деп атап кепті. Ол Мах биді қазақ кейіннен ғана біледі.

Мадет ДАҒЫСТАНҰЛЫ, Моңғолиядан оралған қандасымыз.

ІШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ...

Ұлттық нақыш ұмыт қалмасын

Жер жүзін мекендеген канша ұлт болса, олардың бірін – екіншісінен аралап тұратын ең басты ерекшеліктер діні, тілі, ділі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі секілді санаулы ұлттық ерекшеліктері дер болсақ, ал бір елмен екінші елді бөлектен тұратын ең басты құндылық – сәулет өнері мен құрылыс нақыштары. Нақтырақ айтар болсақ, ғимараттар мен қоғамдық орындарда, тұрғын үйлер мен кеңселерде ұлттық нақыштарды пайдалана отырып интерьер дизайндарды кескіндеу.

Әрине, бұл мәселеге келгенде біздің елде ауыз толтырып айтардықтай толайым табыстарымызбен мақтана деп көрсете қоярлықтай жаңалықтарымыз өзінше орай аз. Айтып отырған әңгімеміз бос сөз болмас үшін өзіміз өмір сүріп отырған ауыл мен ауданды айтпағанда үлкен қалалар мен облыс орталықтарына зер салып қарайықшы. Мысалы онтүстік астана мәртебесін иеленіп отырған, елімізділ қаржы орталығына айналған әсем шаһар Алматы. Шет елдерден келген делегациялар мен мәртебелі меймандар, конақтар мен түрістердің ең алдымен атбасын тірейтін жері, әрине, әуежай. Міне, сол әуежай халықаралық дәрежеге сай болғанымен ұлттық нақыштарға келгенде жұтаңдық танытып тұр. Мынау қазақтың, Қазақстанның үлкен қаласы деп өзгелерді таңғалдырып, тамсандырып тастайтындай ерекшелігі байқалмайды. Сол секілді қаланы аралау барысында да мақтанышпен көрсете қоярлықтай көпшілік ұлттық нақыштарға кездесу қиын.

Ал соңғы жылдары салынып жатқан биік-биік тұрғын үйлер мен кеңселер бірыңғай еуропалық стильге көшіп кеткен. Бірі екіншісінен аумайтын, әйнектен қапталған ғимараттар, аялдамалар мен дүкендер тіптен көп. Еуропаға еліктейміз деп ұлттық нақыштарды осылайша назардан тыс қалдырып алған сыңайлымыз. Болмаса, қазақ халқының колонер және сәулет саласында кең қолданылып келген, өнердің кең тараған түрі – ою-өрнекті неге пайдаланбаска. Ою-өрнек өнері ежелгі замандардан қалыптасқан, халқымыздың тарихымен, өмірімен бірге ілгерлей дамып келе жатқан, бүгінгі күнге дейін өзіндік қасиетін жоғалтпаған, ірі мәдениет үлгісі емес пе?! Ою-өрнек өнерінің даму барысында әрбір тарихи дәуірдің өз таңбасы бар. Халқымыздың ерекшелігі мен келбетін айқындап, кескінін көркемдеп келе жатқан өнері. Ендеше, сол тарихи құндылығымыз мен ұлттық нақыштарымызды құрылыс нысандары мен қоғамдық орындарда көрсете білсек, ездігімізге үлкен белед алып келері сөзсіз. Бүгінгі жасаған игілікті ісіміз – ертеңгі тарих. Ал ол тарихты жасайтын сіздер мен біздер екенімізді естен шығармайық.

Мәлір НҰРПЕЙІС, Т. Жүргенов атындағы өнер академиясының магистранты.

ҚАРЖЫ ПОЛИЦИЯСЫ

АЛАЯҚТЫҚ

Алматы облыстық экономикалық қылмыс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес (қаржы полициясы) департаментінің жедел-тергеу тобы алаяқтық дәйегі бойынша «Алтын ұя» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі және бірлескен ұйымы басшыларына қатысты қозғалған қылмыстық істің тергеу амалдарын аяқтап қалды.

Нұрбол ӘЛДІБАЕВ, "Жетісу"

Осы қылмыстық істі тергеу барысында «Алтын ұя» ЖШС және БҰ басшылары қылмыстық әрекеттерімен Алматы облысы, Қарасай ауданы Түрар және Өйтей ауылдарының маңында орын тепкен жер телімдерін сатып алған азаматтарға материалдық шығындар келтіргені анықталды.

Осыған байланысты «Алтын ұя» ЖШС және БҰ, сондай-ақ «Отау-Жер Компаниясы» ЖШС басшылары таралынан жасалған алаяқтық әрекеттерінен зардап шеккен тұлғалар, осы уақытқа дейін қаржы полициясы қызметкерлеріне арыз бермеген, зардап шегуші ретінде танылмаған азаматтар болса Алматы облысы бойынша экономикалық қылмыс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес (қаржы полициясы) департаментінің Қарасай аймағындағы ауданаралық қаржы полициясы басқармасындағы №2 кабинетке тез арада келуі, айтпесе сенім хатпен өкілін жіберуі керек, ие болмаса **298-37-22** және **8-72771-2-29-70** телефондарымен хабарласуларына болады.

ЕСКЕЛДІЛІК ЖАСТАРДЫҢ ҚАРЫМДЫ ҚАДАМЫ

форумда анық байқалды

Елбасы өз Жолдауларының бірінде «Бұл ғасыр жас құланты, талантты, өлімге бәсекеге араласып, әлемнің, елдің және өз отбасының тағдыры үшін жауапкершілікті майынша ала білетін жастардың ғасыры» деп атап көрсетті. Сөз айтқандай, жастардың келешек өмірі жарқын. Ал, ертеңгі елдің кемелді болуына жастардың қосар үлесі аса зор. Бүгінде Алматы облысында 501 470 жас болса, оның 391 198-і ауылдық, ал 110 272-сі қалалық жерде тұратындар. Жастар саласын қаржыландыру көлемі де жыл сайын өсіп келеді. Мәселен, 2006 жылы облыстық бюджеттен бөлінген қаржыландыру көлемі шамамен 3 млн. теңгені құраса, 2007 жылы 30 млн. теңге, өткен жылы 46 млн. 517 мың теңге, ал биыл оның мөлшері 48 миллион теңгеден асып отыр. Соның ішінде әлеуметтік маңызы бар жобаларға 15 миллион теңге қарастырылған.

Сәрби ӘЙТЕНОВА, "Жетісу"

Жастардың үштен бір бөлігі ауылдық жерлерде көпшілігі тәмендіктен де болар облыс басшысы жастарға арналған ұйымдастырушылық саяси жұмыстарды орталықтан негұрлым шалғай орналасқан аймақтарда өткізуді тапсырған болатын. Оның басты бағыты жастарды қоғам өміріне жақындату, белсенділігін арттыру, патриоттық тәрбие беру, елі мен жерін сүюге баулу.

Осы орайда облыстық ішкі саясат басқармасы әр аудан мен қалаларда Жастар форумын өткізуді қолға алды. Күні бүгінге дейін қанатын кеңге жайған жастар форумын өткізу кезегі ескелділіктерге де келіп тіді. Өткен аптада делегаттар Ескелді ауданында болып, он үшінші форумның өтуіне тәнті болды.

Әр аймақ өзіндік ерекшелігімен есте қалары анық. Сол секілді ескелділіктердің форумға аса бір ыждағаттылықпен дайындалғанын бірден байқауға болады. Бұл форумның маңыздысы сонда, оның аудан ортасында емес, ауылдық жерде өтуі. Форум бағдарламасы бойынша облыстық ішкі саясат басқармасының бастығы Гүлжиан Сүлейменова бастаған делегаттар тобының алғашқы қадамы Жастар ауылындағы Көксу ауылшаруашылық колледжінен басталды. Ауылшаруашылық саласына қажетті маман даярлайтын білім мекемесінің жүз жылдық жылдық тарихы бар. Бүгінде он екі мамандық негізінде білім беретін колледжде 500-ден астам бала оқиды. Электрик, механизатор, есепші мен агроном мамандығы бойынша оқитын студенттер оқып жатқан мамандықтары туралы өздері де жарнамалай алатындай жағдайға жеткендігі турасында делегаттарға дайындаған көріністері арқылы көрсете білді.

Жалынды жастар форумы екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергенов ауылында жалғасын тапты. Аудан әкімі Сұлтан Дүйсембінов бастаған топ делегаттарды Нұрмолда атамыздың мұражайымен таныстырған соң, «Данқ» мемориалы мен «Жиырма батыр» алеясындағы ескерткіштерге гүл шоқтарын қойып, тағзым етті. Сондай-ақ форум аясында он бір ауылдық округтің рухани құндылықтарын дәріптейтін көрмені де ерекше атап кетуге тұрарлық. Әсіресе, ұлттық аспаптарды жасайтын шебер, бақтыбайлық Айдар Құлмаханбетұлының туындылары делегаттардың ерекше назарына ілікті.

Форум желісі «Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасын» негізге алған. Ал форумға қатысып отырған әрбір жас дәл сол жылдары мемлекет тізгінін қолына алатын болғандықтан, олардың білімді де білікті болып өсуіне бүгінгі ағa буын өкілдері барынша күш салуда. Сондықтан, Ескелді ауданында жастар саясатын жүзеге асыруда жасалып жатқан игі-шаралар да жетіп артылады. Бұл жөнінде толық форумда сөз алған аудан әкімі Сұлтан Мырзабекұлы мәлімдеді.

«Қазақстан 2030 – болашақтың сенімді күші» атты Жастар форумын ашқан аудан басшысы ауданда он төрт мың жас болса, оның он мыңнан астамы ауылда, қалғаны аудан орталығында тұратындығын тілге тиек етті. Сондай-ақ, былтырғы жылы дәрігерлер арасында төрт жас мама баспанамен қамтылыпты. Бұл да осы үрдіс бойынша жас мамандарды баспанамен қамту мәселесі алдыңғы жолға қойылып отырған көрінеді. Өз сөзінде Сұлтан Дүйсембінов қонақтарды ауданның өзге де келелі мәселелері жөнінде хабардар етті.

Облыс әкімінің аумақтарына деген назары ерекше. Жыл сайын оқу гранттының саны артып отыр. Жастарды қолдауда облыс бюджетінен бөлінер арнайы қаржының да көлемі жыл санап еселеніп келеді. Ал жастар форумының өтуі соның бір айғағы. Бұл турасында облыстық ішкі саясат басқармасының бастығы Гүлжиан Мағанқызы нақтырақ тоқталды. Ол өз сөзінде: «Алматы облысы халқының отыз пайызын жастар құрайды. Солардың үштен бір бөлігі ауылды жерлерде тұрады. Осыдан бір жыл бұрын облыс әкімі Серік Әбікенұлы жастарды қоғам өміріне етене араластыру, ой-пікірін қалыптастыру, қоғамдық қызметтілігін арттыру мақсатында облыстық форумдар өткізуді тапсырған болатын. Осы мақсат былтырғы қыркүйек айынан бастап жүзеге асып, күні бүгінге дейін он екі форумның өтуіне ұйытқы болдық. Бұл шаралар мемлекеттік жастар саясатының облыстық аймақтардағы жүргізу барысын, жастардың қоғам өміріндегі ролін айқындап берді. Шараға қатысқан жастар туған жерін, елін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге бейім екендіктерін танытты. Қазіргі таңда жастардың қоғамдағы белсенділігін арттыру мақсатында облыс әкімінің тікелей қолдауымен облысымызда «2007–2009 жылдары аралығындағы жастар саясаты бағдарламасы» жұмыс істейді.

Бүгінде жастардың мәселесін көтеріп, оларға жан-жақты көмек көрсету, толыққанды білім беру және өз мүмкіндіктерін пайдалануға барлық жағдай жасалған. Облыс әкімінің тікелей ықпалымен облыс орталығында «Жетісу жастары» орталығы ашылды. Бір сөзбен айтқанда облыс жастары үшін қолдан келер бар мүмкіндіктер қарастырылуда, – дей келе, өзге де мәселелер турасында сөз етті. Сондай-ақ, облыс әкімі жастар форумын аудан орталығынан гөрі, шалғайдағы ауылдарға барып өткізу керектігін айтса, Ескелді ауданына қарасты Алдабергенов ауылында өтіп жатқан форум соның бір айғағы болып отырғандығын тілге тиек етті. Ягни, ескелділіктердің Нұрмолда атамыздың ауылын таңдап алуының өзі бекер емес. Жүз жасқа келген Н. Алдабергеновтың жүріп өткен жолдары мен өмірі бүгінгі жастарға үлгі болардық екендігін айтпағанның өзінде, бұл жиырма бір Социалистік Еңбек Ері және бір Совет Одағының батыры шыққан мекен. Сондықтан форумның ауыз толтырып айтарлықтай өзіндік мәні зор.

Бұдан кейін сөз алғандар Елбасы Жолдауындағы жастарға жүктелер міндеттер мен атқарылар жұмыстар жөнінде кеңінен әңгімелеп, ой өрмдерін жеткізсе, осымен он үшінші форумның өтуіне куә болып отырған Қапшағай қаласының ішкі саясат бөлімінің бастығы Мейрамгүл Қазбекқызы мен Кербұлақ ауданы ішкі саясат бөлімінің бастығы Марат Нұрмұханұлы форумға қатысушы делегат ретінде ескелділіктердің ұйымдастыруымен өткен жастар форумының бәрінен де өзгеше өтіп отырғандығын және алдағы уақытта өткізер аудандарға бұл жақсы бастама екендігін де тілге тиек етті.

Форум аясында жастар өз үндеулерін қабылдады. Сондай-ақ, жастар саясатын жүзеге асыруда өзіндік үлес қосып жүргендер арнайы мақтау грамотасымен және сый-сияпаттармен марапатталды. Жалынды жастардың форумы концерттік бағдарламамен ұласты.

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ.

СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

С. Сейфуллин атындағы облыстық кітапханада Ілияс Жансүгіровтің өмірі мен шығармашылығын жастарға насихаттауды мақсат етken «Қазақ поэзиясының құлдегері» атты әдеби-сазды кеш өтті. Оған Ілиястанушылар мен кітапхана ұжымы және «Білім» және Талдықорған политехникалық колледждерінің студенттері қатысты.

Қажет АЙДАС, "Жетісу"

Мың өліп, мың тірілген қазақ халқының басына түскен ауыртпалық аз болмаған. Соның бірі – 1937 жылғы қазақ зиялыларының жаппай қырылуы. Сол қатарда І. Жансүгіров те бар. Алайда, қамшының сабындай қысқа ғұмырында Ілияс ақын халқына руханы азық болатын ұлағатгыр дүниені жазып кетті. «Құлагер», «Күй», «Күйші» поэмалары бүгінгі таңда да өзгеше бояу, әсерлі ойымен ұлттың ұйытын кепе жатқан кесек дүние болып саналады. Сондықтан оны әрбір қазақ перзенті, әсіресе, өсіп келе жатқан жастар білуі керек.

Осыған орай, кезлесу барысында І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің доценті, филология ғылымдарының докторы Ілиястанұлы Мұратбек Ыбыраевтың Ілиястанудың Мұратбек Ыбыраевтың өмірінен көлемді баяндама жасақ садық. ҚР білім беру ісінің үздігі, ақын Жұмабек Қуанышбайұлы «Ақсу жастығын ағалы» атты өлеңін оқи келе, ақынның 100 жылдық мерейтойын атап өту кепіндегі естеліктерімен бөлісті. Ілиястанушы, ардагер журналист Болат Бисұлтанұлы ақын отбасы жайлы айтып берді. Облыстық кітапхана директорының орынбасары Гүлбаршын Рысбекова кітапхана ұжымы тарапынан ақын шығармаларын ұлықтау мақсатында ұйымдастырылған іс-шаралардан көпшілікті хабардар етті.

Әсерлі кешті студенттер ақын шығармаларынан үзінді оқып, ән шашу арқылы әрлеп отырды. Шараның соңында көпшілік «Ұлыстыққа тағзым – ұрпаққа тағылым» атты кітап көрмесімен танысты.

АЛҒЫС!

Әке аманатын жеткізгенді жөн көрдік

Үйғыр ауданының Күрметті азаматы болған марқұм Қасымжанов Қасенханның замандасы, құрдасы, сыйлас досы Қасымов Махмутжан 1937 жылы дүниеге келіп, жылдар бойы ауданда еселі еңбек етіп, ел алғысына бөленген жан. Аудандағы шаруашылықтардың іргесін қалап, аяқтарынан тік тұруына атсалысқан азамат «Нұр Отан» партиясының ауандық филиалының алғашқы жетекшісі. Ол кісінің өмірлік қосағы – Хатам Гуламовна ауандық ауруханадағы ең тәжірибелі әрі білікті мамандардың бірі ретінде халқына әлі күнге қызмет етіп келеді.



Махмутжан ағамыз бен Хатам апайымыз екеуі үш қыз: Лейла, Гүзель, Гүлинур және кенже ұлдары Арманжанды адалдық пен еңбекқорлыққа тәрбиелеп, өсірді. Балаларының бәрі адам жанының арашашысы және жерлестерінің денсаулығын сақтауда сапалы қызметтерімен көзге түсіп жүр. Арманжан ауандық ауруханада терапевт-дәрігер.

Біздің отбасымыздың арқасүйері Қасенхан Қасымжанов қатты ауырған жылдары жанынан табылып, бар жан-тәнімен көмек көрсеткен Арманжанға жеке тоқталып, Қасымжановтар әулеті атынан осындай жаңы жомарт, қолы шипалы ұл тәрбиелеген ата-анаға алғысымызды айту арқылы марқұм әкеміздің аманатын орындағымыз келіп отыр.

Арманжан осыдан тура он жыл бұрын мектепті бітіріп, сол жылы Алматыдағы медициналық университетке түсіп, оны 2006 жылы терапевт-дәрігер мамандығы бойынша жақсыға тамамдаған. Екі жыл Алматы қаласында жұмыс істеп, былтыр туған ауылына білімі мен білігі сай дәрігер болып оралды. Содан бері оның қызметін көріп, ризашылығын білдірген жандар арасында біздің ақылшымыз Қасенхан Қасымжанов да болған еді. Амал қанша, ол кісіні сұм ажал алып кеткелі де біраз уақыт өтті. Жарықтық, «Ауылға Арманжан сияқты жастығына қарамастан білетіні мол дәрігерлер ауадай қажет. Осындай мамандарды жан-жақты қолдау керек» дейтін. Сондай-ақ Үйғыр ауандық аурухананың бас дәрігері, облыстық мәслихаттың депутаты Ақжолтай Мәмбетәлиев пен оның ұжымына да ризалығын айтатын. Сондықтан әкеміздің соңғы тілегі – Арманжанға деген алғысы мен оның ата-анасына, ауандағы дәрігерлер қауымына деген разышылығын өзі көз жұмғанша тұрақты оқырманы болған «Жетісу» газеті арқылы жеткізгенді жөн көріп отырмыз. Ауандағы барлық ақ халатты жандарды алда келе жатқан медицина күнімен шын жүректен құттықтай отырып, оларға зор денсаулық, тәусылмас бақыт тілейміз.

Қасенхан ҚАСЫМЖАНОВТЫҢ әулеті.

ҮЙҒЫР АУДАНЫ.

ЕСКЕ АЛУ



Үйғыр ауданы Шошанай ауылында тұрған қимас бауырымыз, ата-анамыздың аяулы ұлы **Жандос Алтынбекұлы** дүниеден өткеніне де 5 жыл толыпты. Бауырымыздың асыл бейнесін еске ала отырып, жатқан жері жайлы, пейіште нұры шалқысын демекпіз.

Жұрғыш едің ортамызда сән құрып,
Бүгін жоқсың, қалды артыңда
жаңғырық.
Жатқан жерің жаннат болсын,
қайтейік,
Жарқын бейнең жадымызда мәңгілік!

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: ата-анасы, әкпе-жезделері, қарындас-күйеубаласы, інілері – Қаһан, Берік, жиендері.



Қаратал ауданы Қарашеңгел ауылының тұрғыны, аяулы анамыз **Мырзабекқызы Рәшті** сағынышпен еске аламыз. Өмірден озғанына он жыл болған анамыздың жарқын бейнесі мәңгі жадымызда.

Сағынып жүрміз анашым аппақ жүзіңді,
Өткенді аңсап күздерге мөлшақ тізіңді.
Ананың орнын өмірде ешкім толтырмас,
Ерекшелеуші ең ерекше ұл мен қызыңды.

Ой жасында мынау өзгерді тірлік арнасы,
Ұрпақтарың келеді әрмен жалғасып.
Пейіштің соңғы төрінен орын алғайсың,
Жаннатта болсын жаныңдағы асыл анашым.

Қыздары – **Роза, Гүлнәр, Ділнәр,** күйеу баласы – **Тілеуқабыл және немерелері** мен **шөберелері.**



Райымбек ауданы Талас ауылының тұрғыны болған анамыз **Ізетбүбі Нұрниязқызының** арамыздан кеткеніне де, міне бір жыл болыпты. Анамыз әкеміздің орнына әке болып, біздерді өсірді, жеткізді. Ерлермен қатар еңбек етіп, өзінің әйел баласы екенін ұмытып, балаларының келешегіне алаңдаған анамыздың бір сәтке шаршап, шалдығып, қабағын түйген кездерін көрмей өстік. Әркайсымыздың қабағына қарап, көңілімізді аулап, мейіріммен бөлеп, шуағына шомылткан анамызды қалайша ұмыта аламыз. Әр күніміз ана бейнесін көз алдымызға елестетеді. Сол жайдары, жігерлі қалпы бізге де күш-қуат беріп тұрғандай. Балалары ғана емес, алыстағы ағайынын ойлап, қамын жейтін ана жүреті неткен дархан десеңізші. Жаның жаннатта болсын, біз күндер емес, сағат сайын өзіңді сағына еске аламыз, жан Ана!

Еске алушылар: балалары – **Бауыржан, Бағдат, Мұрат, Мақсат, Ринат,** қыздары – **Гүлбану, Гүлнара, Гүлмира, Гүлзада,** келіндері – **Әлмира, Мира, Ирина,** Ләззат, күйеу балалары – **Өмірзақ, Тергеусіз, Нұрболат, Әділ,** немерелері – **Анар, Айдын, Айдар, Абзал, Данияр, Медет, Қайрат, Әсел, Шынар, Диана, Мақпал, Меруерт, Алмат, Абылай.**

ҚҰРМЕТТІ ТҰТЫНУШЫ!

2009 жылғы 1 маусымнан бастап «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС Алматы облысы бойынша тұрмыстық тұтынушылармен электр энергиясы үшін есеп айырысуды «есептеу әдісіне» көшіреді.

Абоненттерді ай сайын тексеріп шығуды және электр энергиясын есепке алу аспабының көрсеткішін алуды «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ (бұрынғы «АПК» АҚ) мен «Дамуэнергосервис» ЖШС-ның бақылаушылары жүзеге асыратын болады. Көрсеткіштер мини-компьютерлер көмегімен электронды дерекқорға енгізіледі, ол жоғары дәлдікке кепілдік береді. Осы деректер негізінде «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС тұтынушыларға ай сайын тұтыну көлемі мен төлем сомасы көрсетілген шот-түбіртекті жіберіп отырады.

«Есептеу» әдісі батыс елдерінде және Қазақстанның барлық өңірлерінде кең түрде қолданылуда. Бүгінгі таңда төлемдердің барлық жүйелері электронды есепке алуға көшуде, барлық жерде банктік электронды жүйелер енгізілуде, электронды төлемдер және Интернет арқылы төлемдер жүзеге асырылуда, «есептеу» әдісі электр энергиясы үшін төлем жүйесін негұрлым шынайы, шұғыл, қазіргі заманғы электронды және ақпараттық технологияларды қолданатын жаңа деңгейге көшуіне жағдай жасайды. Есептеу әдісінің ең басты артықшылығы энергиямен жабдықтауда олқылықтардың азаюы болып табылады. Тұтынушылармен есеп айырысудың жаңа әдісі электр энергиясының нормативтен тыс шығын көздерін табуға көмектеседі. Нормативтен тыс шығынға кететін қаражат жөндеу жұмыстарына бағытталатын болады, ол авариялық өшірулердің төмендеуіне ықпал ететін болады.

Барлық осы шаралар анағұрлым қолайлы да заманауи, тұтынушылардың уақытын үнемдейтін төлем жүйесіне көшу үшін қабылданауда.

Барлық туындаған сұрақтармен тұрғылықты орны бойынша АЭЖБ-лерге мына телефондар арқылы хабарласуға болады:

№ п/п	Бөлімше атауы	Мекенжай	Анықтама телефоны
1.	Алматы облыстық жабдықтаушы электрэнергетикалық комиссі	Алматы қ., Жетісу-3 ш-ауд., 7 «Б» үй.	376-89-38
2.	Қарасай ауданының энергияны жабдықтаушы аудандық бөлімі	Қарасай ауданы, Қаскелең қ. инд.: 040802 Абылайхан көш., 24 «Б» үй	308-17-38, 308-13-37, 8 (7277) 2-15-69
3.	Талғар ауданының энергияны жабдықтаушы аудандық бөлімі	Талғар ауданы, Талғар қ. инд.: 041600 Рысқұлов көш., 185 үй	295-65-69, 8 (72774) 2-35-75
4.	Үйғыр ауданының энергияны жабдықтаушы аудандық бөлімі	Үйғыр ауданы, Шонжы с. инд.: 041800 Арасан көш., 1 үй	8 (72778) 2-13-83
5.	Іле ауданының энергияны жабдықтаушы аудандық бөлімі	Іле ауданы, Қапшағай қ. инд.: 040800 2 ш-ауд., 29/1 үй	8 (72772) 4-82-15
6.	Кеңбұлақ ауданының энергияны жабдықтаушы аудандық бөлімі	Кеңбұлақ ауданы, Үшарал қ. инд.: 040600 Сәтпаев көшесі, 201 «А» үй	391-80-28, 8 (72778) 2-69-57
7.	Балқаш ауданының энергияны жабдықтаушы аудандық бөлімі	Балқаш ауданы, Балқаш қ. инд.: 040500 Сәтбаев көш., 82 үй	8 (72773) 9-14-92
8.	Еңбекшіқазақ ауданының энергияны жабдықтаушы аудандық бөлімі	Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қ., инд.: 040400 Абай көш., 60/1 (1 және 10 үйлер аралығында)	8 (72750) 6-34-42
9.	Шелек ауданының энергияны жабдықтаушы бөлімі	Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек с. инд.: 040462 Абай көш., 94 үй	8 (72758) 3-18-21
10.	Райымбек ауданының энергияны жабдықтаушы аудандық бөлімі	Райымбек ауданы, Қаракөл с. инд.: 041400 Райымбек көш., 72 «А» үй	8 (72777) 2-25-73

"АЛМАТЫЭНЕРГОСБЫТ" ЖШС ӘКІМШІЛІГІ.

МЕНШІК ИЕСІ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны. ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ: Алматы облысының әкімі

Бас редактор Жақыпжан НҰРГОЖАЕВ

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, №3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

Жетісу

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілді, беттелді. Газет антасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Алты машинкелік беттен асатын материалдар қабылданбайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады. М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Кезекші редактор: Нұрбол ӘЛДІБАЕВ.

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ. ТАПСЫРЫС — 714. ТАРАЛЫМЫ — 34918. ИНДЕКСІ — 65469.

Қабылдау бөлмесі және факс — 24-37-11, байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары — 21-01-90, 24-33-02, жауапты хатшы — 24-38-16, ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі — 24-34-06, саясат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі — 24-36-07, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 24-32-43, білім және ғылым бөлімі — 24-30-57, фототілшілер -21-21-55, заң және ақпарат бөлімі — 24-29-82, есеп-қисап бөлімі — 24-35-28. Алматы қаласындағы тілшілер қосымы — 279-13-37 (факс), 79-13-86, 79-36-43, Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары: Үшаралда — 2-12-57, Панфиловта — 5-12-21, Райымбекте — 2-22-05, Іледе — 2-19-33. Газет табыс етілмесе — 72-59-01 телефонымен хабарласу керек.

● КӨШПЕЛІ АЛҚА МӘЖІЛІСІ

«Жақсыны көрмек үшін» деген сөз, өріттестер әр жерде жасалынып жатқан игі жұмыстарды көріп, тәжірибе алмасын, бір-бірінен үйренуі үшін араласын туғанды дұрыс шығар, сірә. Осы орайда, облыстық мәдениет басқармасының бастығы Елеусіз Жанпейісұлының бастауымен мәдениет қызметкерлерінің алқа мәжілісін әр ауданда өткізу жолға алынған болатын. Бұған дейін Панфилов, Балқаш, Алакөл аудандарында болып өткен алқалы жиын бұл жолы ән мен жырдың қасиетті мекеніне айналған Аксу ауданында жалғасын тапты. Алқа мәжілісіне аудандық мәдениет және тіл бөлімдерінің меңгерушілері, аудандық, қалалық Мәдениет үйлері мен түрлі деңгейдегі кітапханалардың директорлары, мұражайлардың басшылары, мәдениет басқармасы мен облыстық халық шығармашылығы орталығының жетекші мамандары қатысқан болатын.

ӨНЕР ҚАМҚОРЛЫҚПЕН ДАМИДЫ

Оны мәдениет басқармасының Аксу ауданында өткен көшпелі алқа мәжілісі дәлелдеп берді

Қуат КАЙРАНБАЕВ,
"Жетісу"



Сенбі күні таңертең Жамбыл облысының Меркі ауданынан Мәдениет саласында еңбек сіңірген жемісті Елеусіз Жанпейісұлы құттықтау сөзбен шығып, ауданда жүргізілген жаңа мәдениет қызметкерлерін құттықтауға келген аудан әкімі Әскербек Дүйсенбаева, оның орынбасары Сәбит Қортанбаева, аудандық мәслихаттың хатшысы Серікбек Серпербаевпен алғысын жеткізді. Өз кезегінде Әскербек Тұрарбекұлы ауыл аудан комитарының қалаларына жүр тілек, өлкеде мәдениет саласы бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып өтті. Сонымен бірге экономикалағы, білім беру мен денсаулық сақтау бағытында көп жеткен табыстар да қомақты екен. Осының бәрі кейін ол халықтың рухани дүниесін байыту үшін өнер мен мәдениеттің алар орны ерекше болғандықтан шама-шарқының бұл салаға көмектесуге дайын екенін жеткізді.

Алматы облысы мәдениет мекемелерінің 2009 жылғы бірінші тоқсандағы атқарылған жұмыстарының қорытындысы туралы баяндамамен мәдениет басқармасының бөлім бастығы Нұржау Кажаев жасады. Бүгінгі күні облысымызда мәдени мекемелерді қалпына келтіріп, халыққа көрсетілетін қызметті жақсарту жолында кыруар шаруалар атқарылып келе жатқаны белгілі. Бүгін облыс әкімі Серік Үмбетов те өз дәрежесінде көпшілік болуде. Соның нәтижесінде бүгінгі күні Алматы облысында мемлекеттік жүйеге қарасты 223 Мәдениет үйлері мен клубтар, 222 кітапхана, 20 музей, 2 көркемсурет галереясы, Бикен Римова атындағы облыстық драма театры, Сүйінбай атындағы облыстық филармония мен облыстық халық шығармашылығы орталығы еңбек етуде.

Тек үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында ғана жоспарланған 12 Мәдениет үйлерінің 15-і, 8 кітапхана жаңадан ашылды. Соның ішінде Аксу, Балқаш, Еңбекшіқазақ, Іле, Қарасай аудандарында екі-екіден Мәдениет үйлері, Қаратал ауданында үш Мәдениет үйі, үш кітапхана, Көксу ауданында бір Мәдениет үйі, Сарқан ауданында екі Мәдениет үйі мен екі кітапхана халыққа қызмет көрсете бастаған. Осының өзі-ақ әлемді торлаған дағдарысқа қарамастан елімізде мәдениет саласын дамытуға қаншалықты көңіл бөлініп келе жатқанын айғақтайтын болса керек. Мәдениет мекемелерінің материалдық-техникалық базалары да барған сайын жақсара түсуде. Осыны айта келе Н. Кажаев облыстағы Мәдениет үйлерінде, кітапханаларда, мұражайлар мен галереяда, облыстық филармония мен халық шығармашылық орталығында, театр ұжымында жасалынып жатқан іргелі істерге жеке тоқталып өтті.

Аксу аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің мең-еруші Айна Елубаева мен аудандық Мәдениет үйінің директоры Болатхан Боранбаев болса өз сөздерінде осы өңірдің мәдени шараларынан хабар беріп өткен. 2009 жылы аудандағы 1 аудандық және 16 ауылдық Мәдениет үйлеріне қосымша жаңадан 2 ауылдық клуб пайдалануға берілген екен. Мұнда қазір барлығы 69 адам жемісті еңбек етуде. Сонымен бірге, Қапал ауылдық Мәдениет үйін күрделі жөндеуден өткізу үшін 55 млн. теңге бөлінді. Осындай игі қадамдардың арқасында өңірде өткізілетін мәдени шаралар жылдан жылға арта түсуде.

Ауданда халықтық атағын қорғаған 2 өнер ұжымы бар. Олар Елубаевтардың жаңұялық ансамблі мен Шалабай Тұрғанбаев жетекшілік ететін «Аксу өрнегі» фотостудиясы. Сондай-ақ, өз жұмысымен аудан мәдениетінің деңгейін көтеруге атсалысып жүрген баска да көркем-өнерпаздар ұжымдары аз емес. Олардың қатарына Валентина Николаевна мен Сергей Евгеньевич Черныхиндер жетекшілік ететін «Ритмы Аксу» және "Айгөлек" би топтары мен эстрадалық ән үйірмесін, Жанат Тұралыков басқаратын «Құлагер» вокалды-аспаптар ансамблін, Арда Елубаеваның драмалық үйірмесін, ұстаз Камалия Мұхаметжанның «Гүлзәурен» би ұжымын жатқызуға болады. Аудандық клубтардың бәрінің жанынан әнші-би ансамбльдері ұйымдастырылған. Бұлар Аксудан шыққан өнер қайраткерлері Өмірсерік Қалиевтің, өнертанушы Серікжамал Әбілбекованың, халықаралық ән байқауларының лауреаты Назымгүл Болатханның, «Ритмы Аксу» би ансамблінің шығармашылық нәтижелері болып өтті.

Осы орайда 2004 жылдан бері «Жетісу жұлдыздары» облыстық ән байқауының бас жүлдесін ақсулық өнерпаздар еншілеп келе жатқанын айта кету керек. Мысалы, 2004 жылы Гүлбаһит Сыймакова, 2005 жылы Нағымгүл Болатхан, 2006 жылы Аскар Байқұлаков, 2007 жылы Мөлдір Қапсаламова, 2008 жылы Дәнел Мырзабеков осы байқаудың жеңімпаздары атанған. Соның ішінде Дәнел Мырзабеков республикалық байқауда оза шауып, Парижде өткен халықаралық ән конкурсынан бірінші орынды қанжығасына байлады. Осының барлығы түптеп келгенде аудандағы мәдениет пен өнерге деген оң көзқарастың нәтижесі екендігіне ешкім шек келтіре қоймас.

Алқа мәжілісінде сөз алған шығармашылық орталықтың бөлім бастығы Айгүл Сәбитова аудандық Мәдениет үйлерінің ақылы қызмет көрсетуді атқарған жұмыстары туралы хабарлама жасаса, орталық директорының орынбасары Рысжан Ақбаева облыс музейлерін ғылыми-зерттеу, жинақтау жұмыстарының ұйымдастырылуы туралы өз ойларын ортаға салды. Сол сияқты Аксу ауданы кітапханаларының қызметі жайлы аудандық кітапхананың директоры Бақтылы Жұмабекова, Ілияс Жансүгіров атындағы Аксу аудандық тарихи-өлкетану музейінің жұмысы турасында музей директоры Оралхан Көбетов та көп алдында өсек берген.

Жиналысты басқарма бастығы Елеусіз Жанпейісұлы қорытындылап, өлке мәдениетінің дамуына үлес қосып жүрген бір топ қызметкерлерді Құрмет грамоталарымен марапаттады. Жиынның соңында республикалық және халықаралық байқауларда елімізге жүлде салып жүрген жоғарыда аталған жас өнерпаздар қалмекенді қонақтарға арнап мерекелік концерт қойып берді.

Түскі үзілістен кейін облыстың мәдениет қызметкерлері Жансүгіров кентінде орналасқан Ақын Сара атындағы Мәдениет сарайына арнайы атбасын тіреген. 1976 жылы жаңақана ретінде бой көтеріп, сонынан Аксу қант зауытының Мәдениет сарайына айналдырылған бұл ғимарат күрделі жөндеуі көрмегелі қаншама жылдар өтті десеңізші. Ел тәуелсіздігін алған тұста орын алған экономикалық қиындықтар кезеңінде аталмыш зауыт консервацияға қойылып, Мәдениет үйі жылудан, электр жарығынан ажыратылған да болатын. Сол тұста мұнда сиқыр ететін мәдениет қызметкерлері де қысқарып қалған. Алайда өз ісінің патриоттары Валентина Николаевна мен Сергей Евгеньевич Черныхиндер қаржы тапшылығына қарамай жұмыстарын жалғастырып, Мәдениет үйін сақтап қалуға өлшеусіз үлес қосты. Соның нәтижесінде 2008 жылы Мәдениет үйі ресми түрде қайтадан ашылып, халыққа қызмет көрсете бастаған. Оған берілген 3 штат бірлігінің 2-уі ерді-зайыпты Черныхиндерге тиесілі болса, 1 адам ғимаратты жылытумен, шын тазалықта ұстаумен, киімдерді тазалап, үтіктеумен, бір сөзбен айтқанда, барлық шаруашылық жұмыстармен айналысады екен. Бүгіндері Ақын Сара атындағы Мәдениет үйінде құрамында 42 мүшесі бар әр жастағы топтардан құрылған «Ритмы Аксу» би тобы, вокалдық студия, орыс хоры, бірлағы 64 адам өз шеберліктерін шыңдап, халықты өнерлерімен сусындатып келеді. Мәдениет қызметкерлері ғимарат ішін арнайы жүріп, ондағы тазалық пен реттілікке сүйсінстерін білдірген. Көрермендер залы, ән мен би үйренетін бөлмелер, би аланы көз қуандыратындай көркем безендірілеті. Мәдениет үйінің төбесінен су ағып тұрғандықтан аудан әкімі Әскербек Дүйсенбаев жөнделіп жатқан мектептің ескі шатырын әкелтіп, осы ғимараттың төбесіне төсеген. Алдағы уақытта Ақын Сара атындағы Мәдениет үйін күрделі жөндеуден өткізіп, осы жерден Өнер мектебін ашу жоспары бар екенін Әскербек Тұрарбекұлы алғаусыз көңілмен жеткізді. Ғимарат ішін аралап, мұндағы өнерпаздардың шеберлігіне таңдай қаққан Елеусіз Жанпейісұлы іші әуелеген әнге, әсем биге толы мұндай өнер шаңырақтарына қапсан да көмек қолын ұсынуға әзір екенін айтты. Сондықтан таяу болашақта бұл Мәдениет үйі аудан халқына толыққанды қызмет ете бастайды дегенге сенгіміз келеді.

Осыдан кейін алқа мәжілісіне келген қонақтардың жолы аудан орталығынан 25 шақырым жерде орналасқан Аксу ауылына түскен. Бұл елді мекен арыңды ақындарымен, дарынды ғалымдарымен, боз кілемде жауырыны жерге тимеген балуандарымен аты елге мәлім болғалы қашан. Қазақтан шыққан тұңғыш меценат және ағартушы Маман, Тұрысбектер салған алғашқы мектеп әр жерге қоныс аударға келіп, ақыры осынан тұрақ тапқаны да белгілі. Мине, осы ғимарат бүгіндері Ілияс Жансүгіров атындағы Аксу аудандық тарихи-өлкетану музейіне арналған. 1994 жылы Құлагер әкімі Ілияс Жансүгіровтың 100 жылдық мерейтойы қарсаңында ашылған бұл мұражай содан бері небір ықпал кезеңдерді басынан өткізген болатын. Облыстық мәдениет басқармасының бастығы Елеусіз Жанпейісұлының көмегінің нәтижесінде бүгіндері бұл музей жөнделуден өткізілді, облыстық мұрағайдың есебінен жаңа экспонаттармен толықтырылған. Алдағы уақытта ғимараттың сыртын жөндеу кажет екені байқалды. Басқарма бастығының келер жылдары бұл мәселе де шешімін табады деген үәдесі меймандардың да көңілінен шықты деп ойлаймыз.

Аксу ауданы бүгіндері күні кеше ғана өз алдына жеке отау құрып отырған Қапал мен Бөрлітөбе аудандарының біраз аумағын өз қарамағына алып, ірілене түскенін білесіздер. Осы орайда, Қапал өңірінің өзі тарихы терең, қасиетті өлкелердің бірі болып табылады. Сондықтан аудан әкімдігі облыстың әр түкпірінен келген мәдениет қызметкерлерін Қапал өңіріне апарып, ондағы тағылымы мол тарихи жәдігерлермен таныстыру қажет деп шешкен екен. Сондықтан алқа мәжілісіне жиналған қонақтар Қапал өңіріне бет алып, жолай қазақтың бұлбұл қызы Ақын Сараның кесенесіне ат басын тіреді. Мұнда олар кесене басына гүл шоқтарын қойып, Сара Тастанбекқызының рухына құран бағыштады.

Екі күнге созылған алқа мәжілісінің келесі күні Қапал ауылындағы өнер ордаларымен танысудан басталды. Көпшілік қауым аты әлемге әйгілі Тамшыбұлақ су көзі жайлы естіген болар. Алайда «Жүз рет естігеннен, бір рет көрген артық» деген бар емес пе. Сондықтан Тамшыбұлақ табиғи ескерткішіне барып, жер астынан мың сан сулардың тамшылап ағып тұрғанын көрген меймандар бұл құдіретке таңданыстарын жасырмаған.

Өзінің атақты Қашқарияға сапарына шығар алдында қалмұқмұлдың біртуар перзенті Шоқан Уәлиханов Қапалда болып, осы арада керуенді жабдықтағанын кім қарапты оларман естіген болар. Сонымен кеулесін дерт жайлағанда тағы да осында арнайы келіп, дәрігер Соболевскийдің үйінде жатып емделген екен. Бұл тарихи ғимарат бүгіндері Ақын Сара атындағы мұражайға айналған. Тамшыбұлақтан шағын, музейге келген мәдениет қызметкерлері оның директоры Айгүл Әділбаеваның әңгімесін тыңдап, мұндағы жәдігерлермен танысты. Халқымыздың өткенінде ой жүгіртіп, аяулы ұл-қыздарының күрделі тағдырлары жайлы естіп-білді. Сол сияқты жергілікті азамат С. Садуақасовтың жеке бастамашылығымен дүниеге келген Фатима Габитованың мұражайында болып, қазақтың үш бірдей арысына жар болған, ұрпақ қалдырған анамыз жайлы қызықты мәліметтерді естіді.

Біз жоғарыда Қапал ауылындағы Мәдениет үйін жөндеуге қомақты қаржы бөлініп, жөндеу жұмыстары басталып кеткенін айтқан болатынбыз. Осы ғимаратқа барып көргенімізде жұмыстың қаншалықты ауқымды екенине көзіміз жете түсті. Бір кездері аудан орталығының көркін кіргізген Мәдениет үйінің сүрең күй кешкені баршамыздың жүрегімізді ауыртып жүретін. Мине, осы орайда «Жол картасы» негізінде қолға алынған күрделі жөндеу қауырт атқарылуда.

– Мәдениет үйінің жөндеу жұмыстарын бюджет жылы құрылысшылар мерекесіне қарсы толық аяқтамақпыз, – дейді «Жетісу сервис» фирмасының директоры Әлтаф Оспанов. – Өзімнің жобам бойынша бұл Мәдениет үйін облыстағы ең таңдаулы ғимараттардың біріне айналдырғым келеді. Қазір шатыры қайтадан жабылып, жылу жүйелері жүргізіліп, едендері төселуде. Ғимараттағы кітапхана, оқырмандар залы, Неке сарайы, көрермендер залы, спорт залы көрген адамның көніліне қуаныш ұялататындай әдемі болатынына сенімдімін. Мәдениет үйінің алдын айна-шынымен қаптау үшін қосымша қаржы кажет болуы мүмкін. Мұнда қазір 41 адам еңбек етуде. Жұмыс өз уақытында аяқталады деп ойлаймын.

Мәдениет үйінің ішін аралап көрген аудан басшылары мен мәдениет жетекшілері жаңадан жасалынған ғимаратқа сахналық шымылдық, музыкалық құралдар, жаңа орындықтар қажет болатынын ескерді. Ал М. Төлебаев атындағы облыстық ұлттық аспаптар оркестрінің жетекшісі Әли Алпысбаев болса Мәдениет үйінің ашылу салтанатына өнер ұжымын арнайы алып келуге уәде берді.

Бізді әсіресе осы екі күн бойы аудан әкімі Әскербек Тұрарбекұлының, мәслихат хатшысы Серікбек Серпербайұлының мәдениет мекемелерін бірге аралап, олардың мұң-мұқтажларын қорған жүргені сүйіндірген. Аудан басшылығы тарапынан осындай қамқорлықты көрген өлкеде өнер мен мәдениетті көтеру үшін атқарылып жатқан шаралардың күші болған барша қауым ақсулықтарға қызға қарап, алғыстарын білдірген. Иә, шынында да билік басындағылар тарапынан қамқорлық көріп отырған жерде өнердің өрге дамитынына біз де көз жеткізгендей болдық.

АҚСУ АУДАНЫ.

● ҚАРЫНЫ ТОҚТЫҚ – ҚАБАҒЫ АШЫҚ

Коммуналдық базарға баратындар көп

Қала экономикасындағы ең басты бағыт, ол – азық-түлікті адекватты деңгейде өндіріп, тиімді бағамен сату. Сол тақырыпта Талдықорған қаласындағы «Жеруйық» коммуналдық базарының директорасы орны ерекше. Осы ойымызды пысықтау мақсатында коммуналдық базардың басшысы КЕРІМБЕКОВ Ақшәкей Дүйсенбекұлымен сұхбаттасуды жөн көрдік.

–Ақшәкей Дүйсенбекұлы, кезінде қала экономикасының дамуындағы коммуналдық базардың алатын орны қандай?

– Коммуналдық базардың ашылғанына бүгін 2 жылдан аса уақыт болды. Бұл бізде мемлекет құзырындағы мекеме. Мекеменің басты мақсаты – тауар өндірушілерге жылдай жасап, сол арқылы тауарлардың белгілі көлемде түтынушыларға пайдалануына жағдай туғызу және басқа базарларға қарағанда бағаны 10-15% төмендету. Осылай мақсатты орындау барысында көптеген өзгерістер жасадық. Мысалы, коммуналдық базар типті тауар тасымалдайтын көліктер, көптеген түрлі сауда құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етілді, түрлі жарнамалық безендірулер жүргізілді. Сонымен қатар әрбір сенбі сайын жыл бойы ауылшаруашылық жәрмеңкесі өткізіліп тұрды. Осылайша тауар өндірушілерге өнімдерін түтынушыларға жеткізуге мүмкіндік туды.

Коммуналдық базарда күнделікті сұраныстағы тауарлар сатылады, бұл – адам қажеттілігін күнделікті қанағаттандыратын тауарлар тобы. Азық айтар болсақ, жеміс-жидек, ет-сүт, нан өнімдері, жеке гигиена және шаруашылық заттары.

Тұтынушыға қызмет көрсету барысында біз соз қызметтің жаңажелі нысандарын қазақтайлымыз, яғни тауар сапасы мен бага сәйкестігінің қадағалаймыз, өзге тауар өндірушілерге қарағанда сатушылар СПК «Талдай-Ет», сүт өнімдерін шығаратын АШС «Үштөбе-Айдын», «Текелі КСЗ», ЖК «Арқабаев», ЖШС «БК-ЖАС», ЖК «Жолтабаров», ет өнімдерін шығаратын «Бауыржан», «Шаңырақ» аулы шаруашылығы ұйымдары, ұлттық тағам шығаратын ЖК «Данилов», ұн өнімдерін шығаратын ЖШС «Асаба».

Қазіргі кезде төмендегі тауар өндірушілер алған мәлметтемізбен қалтқысыз орындауда. Олар: «КазРос» құс фабрикасы, «Сарыбұлақ» құс фабрикасы, «Когер ЛТД» құс фабрикасы. Бұл тауар өндірушілер Алматы облысында өз сапасы және тауары маркасымен әлі күні болған мекемелер.

Қала жұртшылығы арнаулы ет ғимаратшыларын көп көлемдегі сатып алар тауар түрлерін білдіреді, неғұрлым сатып тұрған тауар өндірушілерге де, сатып алушыға да пайдалы. Әйтпесе, жәрмеңкеге жүрт көп шоғырланады, сондықтан көп ассортимент пен көп мөлшерде тауар бар жерде мәмілеге түрлі бәсекелестік туады, түтынушының сұранысын белгілі дәрежеде қанағаттандырамыз. Жоғарыда өткізген сайын әр ұлықтымда талдау жасап, өзімізді келесі жәрмеңкеге жоспар құрамыз. Бұл жұмыста мемлекеттен қосымша қолдау мәселе, халықтың қажеттілігін қанағаттандыру етуімізге әртар еді.

Келешекте дамуымызға мемлекеттік қолдау қажет. Коммуналдық базарға жемқ-жидек, көкөніс сақтайтын бір қойма мен айналымға қажетті қаржы мәселесі жыл сайын туындайды. Қазіргі уақытта облыс әкімі қолдауы арқасында қойма мен қаржы мәселесі шешілу үстінде. Осы көмек жасалынса, коммуналдық базар жұмысының тиімді болар еді. Қойма салынса көтерме базарларға да бәсекелестік туындайтын болады. Сөйтіп баға төмендеп, халықтың әлеуметтік-тұрмыстық ахуалына ықпал келеді.

–Ақшәкей Дүйсенбекұлы, мемлекет мекемесінде басшылықты қалай жүргізесіз?

– Әрине, ең алдымен мекемеде ұжымды бір кредей жұмыздыра білу керек. Әр ұжым мүшесінің алдына нақтылы мақсат қойып, олардың мінез-құлқын біліп отырамыз. Жапондықтар сенеді адам факторына мұқият қарап, рухани дәрежеде биік болуына мүдделімін. Бізділ мекемеде әр ұжымта психологиялық факторлар зерттелініп отырады. Қазір нарықтық қатынастарға қазақи сөз кіре бастады. Бұл сөздің қазақша пұзырмы – «мүдделестер арасыны өз мақсатына жету», яғни басшының мекеме бетіне бір мақсатқа жету. Басшылық менеджменті – адамдармен қарым-қатынас жасау әдісі, басқару өнері, халық берген билігін қызығына түсіпей, оған нелік ете білу керек. Сонымен қатар өз басың үшін пайда көздемей, өзің қызмет ететін қоғамның мүлігі туралы ойлау қажет. Адамдарды сенімін жоғалтпайтындай етіп басқару керек. Сол себепті де, басқарын отырған кадрлармен арада түрлі жұмыс әдістерін қолдану қажет, жаңалықтар енгізіп көпшіне сөгіс жариялауды сирек қолданамын екен. Бұл жерде біз өзіміз сақтаймын. Яғни, ата-бабаларға деген сеніміміз бармашымыз өтеледі.

Мекемемдегі адамдармен сыйласу – ана-шешеме үлкен ықыласын көлемі деп ойлаймын. Әр ұжымта қонақ деген қарық деп түсіну керек. Қазіргі ұжымта үлкен адамдардың бағын қосып, ақ беру өте орынды деп болатын.



Мекемемдегі адамдармен сыйласу – ана-шешеме үлкен ықыласын көлемі деп ойлаймын. Әр ұжымта қонақ деген қарық деп түсіну керек. Қазіргі ұжымта үлкен адамдардың бағын қосып, ақ беру өте орынды деп болатын.

–Ақшәкей Дүйсенбекұлы, өзіңіз келе жатқан жас ұрпақтың еңбекке құлшынысын қалай дәрежеде?

– Бір сөзбен айту киын. Тау қопарып жатқан жастар бар, сонымен қатар түк бітіруай жүрген жастар да барымыз. Жұмысқа орналасуға жағдай бізмен мамандарымыз келіп, өтінішті дұрыс жаза алмайтын кездері де болады. Жұмысқа тәжірибесіз жастар бар, олардың қатары күнбе күн өсіп келеді.

«Өзінде жоқ болса, өзгеден де жақсы деп қазақтар ерте замандан айтқандай, жастар кезір өмірге көп мағына береді. Қазіргі жастардың интеллектуалдық ділегі жоғары дәрежеде. Төрбөлеуы, бағыт беру жастарға жасалуы құбылыс болмау керек. Әйгілі француз жазушысы Андре Моруа айтқан ғой: «Аз уақыт көлемінде өте үлкен жетістікке жеткен, жас бұзынның пікірлары мен іс-әрекеттері өте қауіпті және мемлекетке зиян келеді». Сол себепті жастар үлкенді сыйлап, ең кезіері үлгілерін тартып жүрсе, ырысқа бағар деп ойлаймын.

– Күнделікті өнірдегі адамгершілік пен сыйластықта қолқарасыңыз?

– Адамгершілік пен сыйластықты адамға қатарға қосып, ата-шешеге, ағайын-туысқа деген ықыласын көлемі деп ойлаймын. Ағайын-туысқа деген сыйластық – ата-бабаларға деген сеніміміздің бөлшегі деп ойлаймын. Ағайын-туысқа деген сыйластық – ата-бабаларға деген сеніміміздің бөлшегі деп ойлаймын. Ағайын-туысқа деген сыйластық – ата-бабаларға деген сеніміміздің бөлшегі деп ойлаймын.

– «Өзге көрген ақ жақсы» деген қазақта қағидаңыз не айтар едің?

– Адамның қалыптасуында әкенің ерекше орны бар деп есептеймін. Менің әкем еліне, халқына қажырлы қызмет етіп, өз ұрпағына үлгі бола білді. Совхоз әкемізге болғандығын мектеп түтқасын әкемнің істері мені әр уақытта қанаттандырып отырғаны және уақыт өте қоғамда орнымды табуыма себеп болды. Шаруа істегенде өте тыныштықты. Бір істі аяғына дейін жеткізуге тырысатын. Сол негізгі рас қазіргі менің қызметімде де ұстанымды. «Әкенің жыры» деп бекер айтылмаған. «Адамның ала жібін аттама» деп те халық атамыз айтқан, бұл сөзге эне-шешем әр кез бекем болған.

–«Мемлекеттік қайраткер» деп кімдерді айтар едің?

– Мемлекеттік қайраткер атағына лайық жандар қоғамда аз емес. «Жақсының жақсылығын айт, құры тасымен» демекші, облыс әкімі Серік Үмбетовтің осы өңірге енгізген идеялары мен жақсылықты халыққа әйгілі. Мемлекет қайраткері деп айтуға толық негізмеді бар.

Еңбекке қарай табысымыз болса, сонда бәз ету елдің қатарына кіреміз. Елімізде келешек бар, байлық бар. Тек жұмыс істеу керек. Келешек жастарды, қоғамға барлық жол ашық. Үлкендердің опарата тәжірибелерін үйреніп, мықты маман болуларына жағдай бар. Білімді жастардың болашағы зор.

Ақшәкей Дүйсенбекұлы, сұхбатымызға рахмет! Ел-жұртқа есілі қызмет етудегі бағыттарыңыз оң, берекелерің мол болсын!

Қайрат ИҰРХАНОВ.

● «КӨКСАРАЙ» СУ ҚОЙМАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

«Нұр Отан» ХДП назарында

«Селденкоргау құрылыс» мекемесі республикамыздағы селден қорғануға арналған бірден-бір құрылыс салатын ұжым болып табылады. Бұл күндері мекеме Астана қаласын Есіл өзенінен қорғайтын бөгетті және Оңтүстік Қазақстан облысындағы Сырдария өзеніндегі «Көксарай» су қоймасының құрылысын жүргізуде. Құрылысқа 800-ден астам техника, 2000 адам жұмылдырылған.

Осы жұмыстардың барлығына «Селденкоргау құрылыс» мекемесінің директоры Бақыт Әбдірахманов мырза тікелей басшылық жасауда. Мекемеде «Нұр Отан» ХДП 130 мүшесі есепте тұрады. Жақында партияның XII съезінде партия Төрағасы – Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев мырза жасаған «Қазақстанның индустриялық-технологиялық дамуы – бізділ ортақ болашағымыз үшін» атты баяндамасын талқылауға арналған жиналыс болды. Жиналысқа партия мүшелері толық қатысты. Жиналысты директордың орынбасары Б. Данышпанов кіріспе сөз сөйлеп ашты. Елбасы баяндамасындағы негізгі мәселелермен таныстырылып, партия мүшелеріне үлкен жауапкершілік жүктейтін партия белсенді арттыру секілді мәселелер ортаға салынды.

Мекеменің директоры Б. Әбдірахманов мырза жиналыста қаралған мәселеге байланысты өзінің қорытынды сөзінде болашақта партия мүшелерінің санын арттыру керектігін және партия мүшелерінің сапалық құрамына көбірек көңіл аудару қажеттігіне тоқталды. Кәсіпорынның атқарып отырған жұмысының аса маңыздылығына және ол міндеттерді атқару Елбасының Жолдауы мен партияның XII съезінің күрделі бағыттарынан туындайтынына партия мүшелерінің назарын аударды.

Жиналыста «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының XII съезінде Елбасы жасаған баяндамасындағы партия мүшелерінің алдына қойған міндеттер басшылыққа алынсын деген қаулы қабылданды.

Әбділда АХМЕТОВ,
«Селденкоргау құрылыс» мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының «Нұр Отан» бастауыш партия ұйымының төрағасы.

● ОТАНДЫҚ КЕДЕНДЕ

«Еуро-2» стандарты енгізіледі

Ілияс ЖҮНІС,
"Жетісу"

Өткен батыр кентіндегі облыстық кедендік бақылау департаментінің мәжілісі залында «Қазақстан аумағына сырттан келіп кіретін автокөліктерден таралатын зиянды қалдықтардың техникалық регламентіне қойылатын талаптар» деген тақырып аясында «дөңгелек үстел» болып өтті.

Оның жұмысына облыстық кедендік бақылау департаментіндегі осы салаға қатысты бөлімдер мен басқармалардың, сыртқы экономикалық қатынастарға қатысы бар бірқатар автокөлік мекемелерінің басшылары қатысты. Оны өткізудегі басты мақсат, осы салаға байланысты шығарған Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының талаптарын халыққа түсіндіріп, жеткізу. Яғни, үстіміздегі жылдың 15 шілдесінен бастап, елімізге әкелінетін автокөліктердің «Евро-2» экологиялық стандартына сәйкес келетіндерінің ғана республика аумағында жүріп-тұруына мүмкіндік беріледі. Ал бұдан бұрын еліміз аумағына алыс және тәяу шет елдерден әкелінген көліктерге шектеу қойылмайды. «Евро-2» стандартына, мысалы АҚШ-тан – 1996, Жапониядан – 1998, Канададан – 2001, Қытайдан – 2004 жылдары және одан бергі кезеңде шыққан автокөліктер енеді. Одан шығатын қорытынды, ендігі жерде кеден қызметкерлері мәселенің осы жағына терең назар аударулары тиіс. Нақтылап айтқанда, үстімдегі жылдың 15 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілетін отырған сырттан әкелінетін автокөліктердің техникалық регламенті жөніндегі Үкімет қаулысының діттеген мақсаты да осы. Қалай болғанда да шеттен тасылып, сауданаттың автокөліктердің экологиялық зиянды қалдықтарын азайту бүгінгі өмір талабы.

Дөңгелек үстелді» кедендік бақылауды ұйымдастыру жөніндегі басқарма бастығының міндетін атқарушы Р. Қалиақбаров жүргізіп отырды.

Баскосуда Алматы қаласы бойынша техникалық реттеу және метрология бойынша департамент комитетінің мемлекеттік инспекторы С.Қапаев, Алматы облысы бойынша техникалық реттеу және метрология комитетінің бөлім бастығы К.Жұманова, Алматы облысық жол полициясы басқармасының аға инспекторы Ш.Алпысбаев, «Mercur Sertico» сертификат жөніндегі ЖШС-нің директоры И. Зарудная сөз сөйлеп, өз ойларын ортаға салды.

ІЛЕ АУДАНЫ

● АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

Мектептен үйіне келіп, кешкі асын ішіп болған соң 12 жасар оқушы Р. велосипедін мініп, ауыл шетіндегі балалармен ойнауға шығады. Оған жаз-жөнекей отызды алқымдап қалған Е. жалығып, велосипедіне жармаса түседі. Оның соңы жиһазғаға ұласып, қарызы Е. қаршадай баланы ауыр соққыға жығады. Кеше ғана жүгіріп жүрген балаңың жарымжан халіне ашынған жесі құқық қорғау орындарына шағым береді. Өкінішке орай, жергілікті сот отырысы соққыға жығылған балада тума жүйке ауруы болған деген сараптамаға сүйеніп, кінәлі Е.-ні жазадан босатады. Осыдан кейін, шешімге келіспеген арыздануы А. ауданды және облыстық прокуратураға бірнеше рет шағымдаиса да нәтижесі болмайды. Табанынан тауысылған аған әдебір таныстары балалардың құқығын қорғау орындарына барып көруге кеңес береді. Содан А. 5 мамыр күні Алматы облыстық балалардың құқықтарын қорғау департаментіне келеді. Департамент қызметкерлері бала құқығының бұзылғанын растап, облыстық прокуратураға хат жолдайды. Нәтижесінде, екі жылға созылған дау-дамай қайтадан қаралып, аудандық сотқа жолданады.

Балалардың құқығын кім қорғайды?

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Әрине, аңғыме өзегін көз алдымызда туындап отырған келеңсіздіктен тарататын тарихтар бойы ескірмейтін бір тақырып бар. Ол – бала құқығын қорғау. Бірақ, бүгінгі таңда әрбір әрекетің заң тармақтарына сай кесіп-пішілетіндіктен, «Бас жарылса берік ішінде...» делінетін қазақылықты ысыра тұруға тура келеді. Десе де, азаматтардың бәрі заңгер емес, ал балалардың жағдайы тіптен бөлек. Белгілі себептермен балаңыздың құқығы бұзылса, Алматы облысының балалардың құқықтарын қорғау департаментіне хабарласып көріңіз.

Себебі, таяуда аталмыш департаментте жас өспірімдерге арналған заңның қолданылуын қадағалау мақсатында «Ашық есік күні» өтті. Шара барысында облыс прокурорының ағға көмекшісі Мәулен Әбдірахманов азаматтарды қабылдап, олардың арыз-шағымдарын тыңдады. Сонымен бірге заңдық тұрғыда кеңес беріп, мәселелердің өз деңгейінде дұрыс шешілуіне ықпал ететінін білдірді. Міне, мұның өзі көңілге қуаныш ұялатады.

Қабылдауға келген азаматтардың қатары көп болды. Әрбірінің өзіндік түйткілді мәселесі бар. Соның бірі – Талдықорған қаласы, Шығыс шағын ауданы , Дүшова көшесі, 5-үйде тұратын Гүлнар Шомаханова. Оның жеті Айжанды ерте келетті. Енді ғана орта мектепті бітірген қарашадай қызының көзінен біртүрлі жалыныштық сезім аңғарылады. Иә, әке-шешесінен ерте айырылған Айжанның екі бауыры Сарқан ауданы, Көктерек ауылында тұратын апасының қолында қалған. Ал әкесі мен Айжан нағашысы Гүлнар Шомахановаңың қамқорлығында өсіп келеді. Жетімдерді жерге қаратпай өсіремін деп талпынған Гүлнардың да талай есіктті қағып, табанынан тауысылғаны бар. «Тым құрығанда аядай баспаналары болса, шүкір дер едім», – дейді қайырымды жан. Осы үміттен жер телімін алу туралы құзырлы орындарға Айжанның атынан өтініш беріп көріпті. Өкінішке орай, 9041-ші болып тіркелген өтініштің жуық арада орындалатынына сенім жоқ. Ал УБТ-ға қатысып, бағын сынап көрген оның жиһаған балы да көңіл көншітерлік емес. Гүлнар Шомаханова аға көмекші мен департамент ұжымынан баспанасыз балалардың жер телімін алуы мен оқуға түсуіне көмектесуін сұрады.

Осыдан кейін Ескелді ауданы, Алдабергенов ауылының тұрғыны Альфия Хошимованың баласы И. Гапбасов жайындағы шағым тыңдалып, тиісті зандық кеңес берілді.

Иә, жетімін жылатып, жесірін қаңғыртпаған елміз ғой. Сондықтан бабалардан: «Қарға баласын аппағым, кірпі баласын жұмсағым дейді», – деп келетін қанатты сөз қалған. Сөз орайы келгенде айта кету керек шығар, Алматы облыстық балалардың құқықтарын қорғау департаменті атқарушы орган емес. Бірақ, олар балалардың құқықтарын қорғау мақсатында қатысты орындармен қоян-қолтық арасып, түйіткілді мәселелердің дұрыс шешім табуына ықпал етеді. Бұл күнгі «Ашық есік» осының айғағы. Аталмыш шара мұнан кейінде жалғасып отырады. Сондықтан мүдделі азаматтарға департаменттің есігі әрқашан ашық болатынын айта кеткеніміз жөн.

АРДАГЕР

АЙЫНА ЕКІ РЕТ ШЫҒАТЫН ГАЗЕТ ІШІНДЕГІ ГАЗЕТ

2

Бейсенбі, 27 тамыз, 2009 жыл

■ АТАДАН – ҰЛАҒАТ

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ҰЛЫҚТАЙЫҚ

Халқымызда: «Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра» деген дана сөз бар. Иә, ұлт мұраларын тірнектеп жинайтын болсақ, мұндай нақылдың сан түрін табуға болады. Олардың әрбірі өмірдің өзегі, сөздің мәйегі ретінде бүгінгі күнде де құнын жоғалтқан жоқ. Алайда, жаһандану сияқты дерттің салдарынан тура жолдан адасатындардың саны күн өткен сайын артып барады. Тіпті, үлкенді сыйлау мен кішіні аялаудан, іжеттілік пен мейірімділіктен айрылған қатыгез, жеке мүдешіл бір буын өсіп келеді. «Жалғыз батыр жау алмайды» демекші, бұл кеселеден ешкі, ақсақалдар да жұмыла күресетін болды. Бұл туралы облыстық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен өткен шарада сөз болды. Аталмыш шараға соғыс және еңбек ардагерлері, ардагер әжелер, мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері мен дін өкілдері қатысып, онда ұлттық құндылықтарды құрметтеу және салауатты өмір салтын дәріптеу мен жастарды имандылыққа ұйытудағы толғақты мәселелер талқыланды.

Толғамды ойлар сөз болған басқосуды облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ергүбек Далбағаев жүргізіп, алдымен жиналған көпшілікке жиналыстың мақсатын түсіндіріп өтті.



Суретті түсірген А. КАЖЕКЕ.

– Баршамызға мәлім, әлемдік қаржы дағдарысы елді мазалап тұрған шақта Елбасымыздың бастамасымен қолға алынған «Жол картасы» бағдарламасы аясында қомақты жұмыстар атқарылып жатыр. Президентіміздің халыққа Жолдауында айтқанындай, бұл қиындықтар өтеді, кетеді. Ұлт мұраты мәңгілік қалмақ. Ал сол ұлттық мұратты ұлықтайтын бүгінгі бірқатар жастарымыздың кежегесін кейін тартатын келеңсіздіктер ғана санаға жүк салуда. Сондықтан біз, ақсақалдар осы дертпен бел шеше күресіп, ел келешегінің кемел болуы үшін аталық парызымызды өтеуіміз керек. Бүгінгі басқосудың мақсаты, міне, осы, – деді ол.

Осыдан соң отырысқа қатысқандар өздерінің ұсыныс-ойларын айтып, ортақ пікірге тоқталды. Өзекті мәселелер ортаға салынып, оны шешудің жолдары айқындалды. Ақсақалдардың айтуынша, елдің қазіргі тыныс-тіршілігі жаман емес. Жастардың кемелді білім алуы мен жарқын болашаққа ұмтылыс жасауына жақсы жағдайлар жасалған. Басқасын айтпағанның өзінде, жер жаннаты Жетісудың кіндік қаласы Талдықорғанның жыл санап өсіп, өркендеп, әсем қалаға айналғаны көңіл қуантады. Оның үстіне жыл сайын облыс бюджетінен қомақты қаражат бөлініп, жолдар жасалып, көше бойлары көгалдандырылып, су мен жылу құбырлары жаңартылып, зәулім үйлер бірінен соң бірі көтерілуде. Спорттық кешендер, ескерткіштер қатары толығып келеді. Бір ауыз сөзбен айтқанда, билік өзінің міндетін толығымен атқаруда.

Алайда, экономикалық жағдайдың жақсаруы елімізді өркениетті деңгейге жетуінің бір ғана шарты. Қариялар алаңдатып отырғаны, үлкен мен кіші арасындағы іжеттілік пен ынабатылықтың жоғалып бара жатқаны. Әрине, дәуірге сай өзіндік көзқарастың болғаны жөнінде айтпаймыз. Бізді ең алдымен өзінің қазақ екендігін ұмытқан, халқымыздың бай әдет-ғұрып, салт-санасын ұлықтай жастардың біртіндеп азайып бара жатқандығы мазалайды. Ардагер аналарымыз қазақтың кейбір қыздарының бойынан ұят пен намыстың жоғалып бара жатқанына алаңдайтынын білдірді. Басқосудă үлкендер жағы осы мәселені шешуге бағытталған жұмыс жасау керектігін ортаға салды.

Жиналыста тағы бір кемтар тақырып өзегіне айналғаны – көп қабатты үйлердегі тәртіпсіздік жайы және осы қызметті мінсіз атқарады деп сенім артқан мекемелер жауапкершілігінің төмендігі мәселесі. Әрине, ауламызды көркейту жұмысымен халық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы айналысса, тазалық мәселесін СЭС арнайы қадағалайды. Оның сыртында 82 КСК құрылып, мінсіз қызмет көрсетеді деген сенімсіз бар. Қағаз жүзіндегі мәліметтер жұмыстағы қарайтын болсақ, жұмыстың қарқынды жүріп жатқанын білуге болады. Алайда, көшелердің күл-көкшеге толып, арықтардың қоқыстан көз аша алмай жатқаны, жол жиегіндегі арам шөптердің аяққа оралып, кеше екқен өскінінің күн өтпей құрап қалатынын жасыра алмайсың. Сөз орайы келгенде тарихымызға аз аялдайтын болсақ, «Жас ағашты қима, қуырып қаласың» деп табиғатты аялауды пенделік борышы деп сезінген халықтың перзенттері едік. Одан да соратқысы, көп қабатты үйлердің тұрғындары самалдықтан қоқыстарды лақтыра салуға әдеттенген. Аты бар, заты жоқ КСК-лардың жұмысының да өнімі шамалы, шатырынан су соғылап жатқан үйлер қаншама? Қала көшелеріндегі былғаныш, аялдамалардағы қиратқан орындықтар мен былапыт сөздерге толы қабырғаларға шапталған қағаздар жұрт наразылығын тудыруда. Сол сияқты тәмәкітану орындарындағы, сауда нүктелеріндегі келеңсіздіктерге жай қарауға болмайды. Жиын барысында жастардың имандылық мәселесі төңірегінде бірқатар ойлар айтылды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін тұрғындардың дінмен айналысуына кең жол ашылды. Осы кездері ислам дініне деген жастардың ықыласы ауды. Құдайға тәубе, қазір имандылық үйі көптеп бой көтеріп, жұма намазына жиналған жамағаттың күн өткен сайын көбейіп отырғанына қуанасың. Десе де, ортамызда діннен пайда тауып, жеке басының мүддесін қанағаттандыруды көздейтін адамдардың көбейе түскенін де жоққа шығара алмаймыз. Сондықтан қариялар дін өкілдерімен бірлесе отырып, мектептерде діни тәрбие беретін іс-шараларды өткізу керектігін баса айтты.

Жиын соңында ақсақалдар айтылған ұсыныс-пікірге сай, жиналыстың үйлеуін қабылдап, оны атқарудың жоспары жасалды. Шараға қатысқан ақсақалдар аталық ұлағатты сөздерін ұрпақ санасына жеткізуде аянып қалмайтынын білдіріп, тарасты.

Қажет АНДАС.

■ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

Қай халық болсын, ең алдымен ұрпағынан үміт күтеді. Сондықтан да «Ел болам десең, бесігіңді түзе», – деп халқымыз ұрпақ ұлағаты туралы небір өмірлік байлам, өсиеттерін қалдырған. Жас ұрпақтың ертеңгі тағдырын ойлаған халық ең алдымен қазақтың кісілік, рухани болмысы осы «ана мектебінен» нәр алады. Қазақтың дәстүрлі отбасында үш, кейде төрт ұрпақ өкілдері бірге өмір сүрген. Осындай көп ұрпақты жанұяда баланың жанжақты қарым-қатынасы дамып, ата-әжелері, апа, ағалары үлгі-өнеге көрсететін. Қазақ отбасы қызды аялай отырып, болашақта үлгілі келін, жақсы әйел, парасатты ана болуға баулыған. Қыз бен ұлдың тәрбиесі бөлек болған.

Хапиза ТӘҢІРБЕРГЕН-ҚЫЗЫ,
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті педагогика және психология факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент.



ҚЫЗ ӨССЕ – ЕЛДІҢ КӨРКІ

Дәстүрлі педагогикаға сүйенсек, мектеп жасындағы қыз бала тәрбиесін негізінен үш кезеңге бөлуге болады. Бастауыш сыныпта тәрбиенің мақсаты тазалыққа, ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрете отырып, баланың көп білуге құштарлығын арттыруға, кітап оқу мәдениетін дамытуға бағытталған. Бесінші, сегізінші сыныптар арасында алғашқы кезеңдегі тәрбие түрлері ары қарай дамытыла түседі. Бұл тұста, жас ерекшелігіне қарай, қыз бала анасынан өнегесін бүкпейді, өзін аландатқан нәрсенің бәрін айтып отырады. Сол шақшылдығы мен ашықтығын пайдаланып, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, тұрақтылық, қыз баланың келешегіне ең керекті нәзіктік, ілтипаттылық сияқты мінездерді қалыптастыру – басты борыш. Сонда бұл сипаттар келешекте жарасымды жар, аяулы ана, қоғамымыздың белсенді мүшесі болатын қыз баланың бойынан әрқашан нұр болып төгіледі. Үшінші кезең 9-11 сыныпты қамтиды. Бұл аралықтағы тәрбие алдыңғы кезеңмен тығыз байланысты. Адамға деген мейірім бала кезден, ең жақын адамын сүюден басталады. Сондықтан әрбір отбасы қыз балаға ата-анасын, туыстарын, ұстазын сыйлап, қадірлей білуді үйретсе, болашақта одан елін, жерін, халқын сүйетін, өз шаңырағын ардақтайтын, балаларын жанындай жақсы көретін қамқор ана, қайратты жан, нәзік ару шығары сөзсіз.

Десе де, педагогика ғылым ретінде бөлініп шығудан ілгері қазақ халқының өзіне ғана тән қыз бала тәрбиесінің үлгі, үдерісі болған. Қыз баланы құрметтеу, олардың алдында дөрекі сөйлемей, ізетті болу, ертұрманы әшекейленген сұлу жорғаларды қыздарына, қарындастарына мінгізу, киімнің сәндісін, әшекейлі бұйымдардың жақсысын қыздарына арнау – ежелгі дәстүр. Жиын-тойларда қыз баланы әр уақытта сыйлы орынға отырғызған. Жаңа келін болып түскен жеңгелері де қайынсіңлілерінің атын атамай «Еркежан», «Шырайлым» деп еркелеткен. Орта Азия мен Қазақстанда жалғыз келе жатқан қызды көрсе, оған қорғаныш болып, баратын жеріне дейін шығарып салатын болған. «Қыз өссе елдің көркі, гүл өссе жердің көркі» дегендей, қызғалдақтай болып өсіп, көктеп келе жатқан гүлдің мезгілсіз солып қалмауына қамқорлық жасаған. Міне, осындай тәрбиелік мәні зор дәстүрлерді атадан балаға мұра етіп қалдырып отырған.

Қыз баланың тәрбиесі ата-анаға да үлкен сын еді. Жүн түту, жіп иіру, шекпен тоқу, кесте тігу, құрақ құрау, оюлап киіз басу, кілем тоқу, арқан есу, көрпе көктеу сияқты өнерді қыздарына бөгде босағаға бармай тұрып-ақ үйреткен. Осылай еңбекке баулу арқылы отбасы алдындағы жауапкершілік сезімін дарытып, психологиялық жағынан даярлай бастаған. Қыздарымыздың асыл қасиетті, жандүниесі нәзік, адал махаббат иесі болғандығын, даулетке, байлыққа, жиһазға қызықпағандығын жыр-дастандардан біліміз. Қазақ қыздары махаббатты, асыл сезімді айрықша қастерлеп, аялаған. Сүйген адамымен қол ұстасып бірге жүрсе, тіпті қатықсыз қара көже ішсе де бақыттымын деп, өмірге риза болған.

Әрбір қыз болашақ қалыңдық – болашақ ана. Ол өз өмірінің жалғасын, ертеңгі елді құрайтын және соған ие болатын ұрпақты өмірге әкеледі. «Жігітті тәрбиелеген – аскерді тәрбиелейді, қызды тәрбиелеген – ұлтты тәрбиелейді», – деген ғой дана халық. Халықтың рухы, жаны, тарихы, арман-үміті болып табылатын тілді де басқаша емес, «ана тілі» деп атау тегіннентегін емесі анық. «Ана тілі» деген сөз – бұл ұлттың тілі, ғұрып-салты, дәстүрі, тарихы, әдебиеті мен мәдениеті жас ұрпақ бойына ана сүтімен дариды деген сөз. Сондықтан қыздар өз бойын күтуді, нәрестелі болудың барысын білуі, туған күнінен бастап бөбекті бағу, киіндіру, жубату, шомылдыру, ем-қолдануды, ойнатуды, сөйлесуді, еркелетуді, бір сөзбен айтқанда тәрбиелеуді білуі, соған іштей әзірленіп, үйренуі тиіс. Ол өз халқының озық тәрбие-дәстүрі, өткен-кеткен тарихы, өмір салты жайында жақсы біліп, соны айтып бере алатын, біреуге жеткізе алатын болса, нұр үстіне нұр.

Қыз бала «жат жұрттық» саналады. Ата-ана бауырында аз күн қызықты дәурен өткізгенімен, өмір бойы бірге тұрып, бірге жүре алмайды. Өз үйінен кетіп, өзге шаңырақтың адамы болады. Өзінше үй ұстайды. Қазіргі заманда бірден дербес шаңырақ көтеріп, өз бетінше тіршілік жасап жатқан жастарымыз өте көп. Ендеше «Үлкен үйге не керек болса, отау үйге де сол керек» – демекші, қыз баланың үй шаруасына не керектігінің бәрін білгені дұрыс.

Қазақ халқы қыз баланы «аз күнгі қонақ» деп ойлап, жақсы киізіп, дәмдіні жегізіп әлпештеп-ақ өсіреді. Күні ертең алысты жақын етер, жатты жекжат етер, елмен елді таныстырып, табыстырып отырған қыз баланың мынау тіршіліктегі міндет-парызының жүгі ауыр, әрі ардақты. Ол – адамзат ұрпағын дүниеге әкелетін болашақ ана, үй ұстап, күйеу күтетін адал жар, ата-ананы сыйлап, иілетін қамқор келін. «Бидайдың барар жері – диірмен» дегендей, қыз ерте ме, кеш пе, айтеуір келін атанады. Сондықтан қызды жеңгелері мен анасы үлгі-өнеге үйретіп, ынабатты келін болуға бейімдейді. Парасатты аналар қыз тәрбиесін кішкентай кезінен бастайды. Жемісті тәрбие айтудан және ұрысудан ғана емес, көрсетіп көзге жеткізуден бойына дариды. Ата-ананың өзара жарасымды сыйластығы мен еңбекқор адалдығының шуағынан нәр алып, уызына жарыған қыз ата-енесін де сыйлай біледі. «Анасын көріп, қызын ал» дегенде халқымыз осыны біліп айтса керек. Сонымен қатар қыз балалар да өз тарапынан сый-құрметке лайық әдепті, ұстамды болуға тырысулары керек. Өкінішке орай, кейбір жастар жеңілтектік жасап, некеге тұрмай-ақ жүкті болып, «тірі жетімдердің» өмірге келуіне себепші болады. Ал халқымыздың салтында ежелден-ақ қыз баланың некеге дейін пәктігін бұзу ұятсыздық саналған ғой. Қыз абыройының, ар-намысының тазалығы қашан да болса оның болашақ жарына деген адалдығымен өлшенген. Демек, жас отаудың шырағы аяғы сылдырламай, түтіні түзу шығатын тату-тәтті отбасы болуы жас жұбайлардың алған тәрбиесі мен өз үйінде көрген өнегесіне тікелей байланысты.

Эстетикалық зәндылыққа сай жарасымды киініп, өзінің үлгілі қылығымен көзге түсетін қыздарды көргенде көңілің өседі. «Қыз мінезді», «Қыздың жыйған жүгіндей», «Жердің көркі – гүл, елдің көркі – қыз» деген сөздер бекер айтылмаса керек. Қыз бала өзінің нәзіктігімен, сүйкімділігімен, өзіне тән сыртқы және ішкі рухани сымбаттылығымен көз тартып тұруы тиіс. Саналы жігіттер қыздар бойынан осы жақсы қасиеттерді іздейді. Қыз өз ар-намысын жоғары ұстай білсе, жігіттер алдында әрдайым құрметті.

Ата-аналар, ұстаздар, бүкіл жұртшылық жұптаса отырып біздің қыздарымыздың бойына қыз намысы, әйел адамгершілігі сияқты жақсы қасиеттерді жастайынан сіңіріп, дұрыс бағыт-бағдар сілтеп отыруы тиіс. Жалпы баланы үкідей үлпілдетіп, ізетті де, инабатты, көрікті де, ісмер етіп тәрбиелеу, қыз сыйлау – халқымыздың қанына сіңген қасиет. Бұл мәселеге ақын жазушылар да, ағартушы ғалымдар да көңіл бөліп, ой түйіп отырған. Мысалы, «Қарындастың хаты» атты шығармасында әдебиетіміздің негізін салушылардың бірі Бейімбет Майлин:

Кіршіксіз әйел жаны
айдан да ақ.
Ақ жаңа салатұғын
еркектер дақ.
Адамзат тарихының
бірінші орын,

Алса екен әйел деген қадірлі ат, – деп жырлаған.

Қыздың тәрбиесінде ана рөлі әлшеусіз. Қызын ана болуға әзірлеуде ең басты кеңесші де, жыныстық қатынасты ерте бастаудан сақтандырып отыратын да – сол анасы. Біздің халық жас кезінен қызды еркелете де білген, соңымен қатар «Қызға қырық үйден тыю» деп дер шағында тежеу салып отырған. Әйткені жыныстық қатынастың ерте басталуы қыз баланың бүкіл өміріне сөзсіз кесепін тигізеді. Демек, жасөспірімдерге уақтылы тәлім-тәрбие бере алмау ата-ана үшін, ұстаздар үшін кешірімсіз қателік. Қыз абыройының бақытты отбасын құру үшін қандай өзекті маңызы бар екенін құлағына құйып, жыныс мүшелері арқылы жұғатын аурулардың өмірге қандай залалдары бар екенін айтып, ретін тауып жетесіне жеткізген, осы мәселелер жайында жақсы жазылған кітаптарды тауып ұсынған ана қыз болашағының нұрлы болуына үлкен үлес қосқан болар еді. «Қыз бала адамға лайық жақсы қасиет атауының мәсі болуы тиіс. Өз бойын өзі үкідей қорып жүруі қажет. Үкі де басын көрсетпей қорғап, ол былай тұрсын, түлеген талшық қауырсындарының өзін қалдырып кетеді. Онысы – өзінің жүрген жағын мекенін білдіргісі келмегені... Сейтіп ол оңайлықпен қолға түспейтіндігімен қастерлі.

Қыз да өз бойын үкідей сақтап, нәзірлым күпия жүрсе, соғұрлым басы бағалы болады. Бұрынғы ата-бабамыз «Кедейдің бақыты үкіде, сол үкінің кілті көкте» дегенді бекер айтпаған. Қыздың кілті ит жалап кететін судай аяқ астында жатпағаны дұрыс. Әдептілік атауы ұсақ-түйек жайттан өрбиді. Үлкен кісі өзінің салауатына лайықты ізет, құрметімен сыналса, кіші оған тік тұрып көрсеткен қызметімен сай келіп, имандылық осындайдан құралатын. Ал біздің заманымызда қалада орысша оқыған қыздармен қарама-қарсы келіп қалсаңыз, алдымен үлкенге жол беріп өткізіп жіберетінді көмде-кем.

Ел ішінде есімі ерекше айтылатын Абайдың әжесі – Зередей, анасы – Үлжандай бір ауылдың ғана емес, бүкіл аймақтың анасы атанған қасиетті аналар өмір сүрді. Сондай алтын басты аяулы ана-әжелерден өсіп-өрбіген қаншама ардақты ер-азаматтар қай заманда болсын, Құнанбай, Абай тәрізді елге иелік етті. Анадан жаралған алып тұлғалар – Төле би, Қазыбек би, Әйтекелер, ең алдымен, елім, жерім деп күйіпжанып өткен ер рухты жандар еді. Ендеше қыздарымызды ұлы аналарға ізбасар етіп, дер кезінде ізгілікке, адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелейік. Қасиетті қазақ ұлтының келешегінің қайнар көзі тілімізге тиек етіп отырған болашақ – Аналарда! М. Әуезов өзінің ғылыми еңбегінің бірінде «Адамның негізі – әйел» – деп атап көрсеткендей, ұлттың ең зор үміті көркем қыздарымызда екенін ұмытпалық.

Осы орайда І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор Әбдіманап Еликбайұлының басшылығымен ақсақалдар алқасы құрылып, жастардың патриоттық сезімі мен азаматтық жауапкершілігін, қыздар тәрбиесіндегі ұлттық ерекшеліктер мен мәдениеттілігін қалыптастыруда үлкен істер жоспарланып, жүзеге асырылып жатқанын айта кеткен жөн. Университетіміздің ақсақалдар алқасының мүшесі, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Әлия Әлкенованың ұсынысымен педагогика және психология факультетінде «Қызғалдақтар» атты студент қыздар клубы құрылды. Оған «Оқыту және тәрбиелеу» әдістемесі кафедрасының доценті Фарзана Бөрібекова жетекшілік етеді. Клубтың мақсаты – тәлімді, тәрбиелі, білімді, өрісі биік қыздарды тәрбиелеу. Осы орайда, жыл сайын факультетте «Көктем аруы» байқауы өткізіліп келеді. Онда «Шығармашыл ару», «Шебер ару», «Сымбатты ару», «Нәзік ару», «Білімді ару», «Байсалды ару», «Көктем аруы» номинациясы бойынша жүлдегерлер анықталады. Шара барысында арулар өзін-өзі таныстыру мен үй тапсырмасын орындау, би өнерін, кәсіби шеберлігін, нақыл сөздердің шешімін табуда, салт-дәстүрлерді сақтау және білуде, тапқырлық танытуда әсем де көркем сұлулықтың белгісін көрсетеді.

Халқымыз қашаннан бері өзінің ұлттық мен тұрмыс-салт үдерісінде ұл қыздарына келелі кеңесін беріп отыратын кемел ойлы қарттары мен талқыр тілді, салиқалы, беделді бәйбішелерден кенде болып көрмеген. Көпті көрген қамқор көңіл әжелер: «Қызы шолжаңмен ауылдас болма», «Әйелі әдепсіз ауылға қыз-келіңді жақындатпа» деген дағдарыстағы талай-тағылымдар арқылы қыз-келіндерін жүзік көзінен өткізетін. Сондықтан елдік туын бик, халқының қадірін үстем ететін қыз бала тәрбиесін бекем ұстап, басқалардың жалаң мәдениетін үлгі етпей, өз халқымыздың бала тәрбиесіндегі бағалы мұраларын қолымыздан шығарып алмайық, ағайын!

■ ШЕБЕРЛІК БАЙҚАУЫ

«АРДАГЕР» клубындағы бәсеке

Дана бабаларымыз «Жас кезінде бейнет бер, қартайғанда зейнет бер» дегенді бекер айтпаған. Талдықорған қаласында сондай жақсы күнге жетіп, еңбегінің зейнетін көріп отырған қариялар аз емес. Олардың бас қосып, өңгіме-дүкен құруына, шахмат, дойбы ойнап, көңіл көтерулеріне жағдай жасау мәселесі де назарға алынып келеді. Бұрынғы Жетісу экономикалық институтының ғимаратында ашылған «Ардагер» клубы, міне, нақ осы мәселемен айналысады.

Жақында аталған клубта соғыс және еңбек ардагерлері бас қосып, шахмат пен дойбы, тоғызқұмалақтан шеберлік сынасты. Қиын заманның талайын бастан өткерген ақ самайлы ағалар мен ақ жаулықты апайлар бұл шараға да көптеп жиналып, бәсекеге белсене қатысты.

Қарапайымдылығымен қатар өзіндік күрделілігі де жеткілікті дойбы ойынын жақсы көретін, оны қызыға да құмарта ойнайтын қариялар жеткілікті. Жарыс барысында бұл бәсекеге қатысқан қарттар қатарының көп болғандығы да содан кейін болса керек. Алайда іріктеле келе 14 ойыншыдан Екатерина Ким мен Бақтыбай Жайнақбаев озып шығып, жеңімпаз атанды. Ал шахмат бәсекесіне қатысқан 12 ойыншының арасынан Түрсын Райымқұлов пен Жүніс Қадыров, Николай Шведовтер ерекшеленді.

Бүгінде ұлттық ойынымыз – тоғызқұмалақты жақсы көретін қарттарымыздың қатары да көбейіп келеді. Оны бұл бәсекенің барысы да айқын көрсетті. Қатаң есепті қажет ететін ойынға белсене араласқандар да, оны сырттай бақылағандар да көп болды. Алайда «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» дегендей, түптеп келгенде Қайша Рысалова мен Айтмолда Сүгіровтер жеңімпаз атанды.

Тартысты бәсекеде жеңімпаз атанғандарға «Муж на час» қызметінің басшысы, «Диалог» газетінің бас редакторы А. Селюнин жүлде тапсырды. Келесі кезекте Талдықорған қалалық спорт және туризм комитетінің төрағасы Август Петрович Ким сөз алып, ардагерлерді алда келе жатқан үлкен мереке – Конституция күнімен құттықтап, дендеріне саулық тіледі.

Тартысты жарыс соңынан ардагерлер арнайы жайылған дастарқаннан дәм татып, өзара еменжарқын әңгімеге кірісті. Мұндай мазмұнды шаралар алдағы уақытта да жалғаса бермек.

Нүсіпбай ДОДАБАЙҰЛЫ.

Жетпістемін

Тірлік атты жеңілмей тепкішке мың,
Тайталасып келемін, жетпістемін.
Балалық шақ, бал дәурен бұл-бұл ұшты.
Өнім бе деп жүргенім тек түс пе едің!

Өтті жылдар көмескі ізім қалып,
Дер кезінде жүрмеппін сызып алып.
Көк дөнені көңілдің алып қашып,
Өмір шіркін көрінер қызық анық.

Көзден ғайып бұл күнде жастығым да,
Білінбеген тоқтығым, аштығым да.
Асыр салған албырт шақ кетті қайда,
Алабұрткан мезгілдің мастығы ма?

Көңіл сонда көкке ұшып шарықтайтын,
Қалықтайтын қанаты, талықпайтын.
Көктен қарап, әлемді көзбен шолып,
Көтеруден көңілді жалықпайтын.

Ұшып-қонған көбелек, ұшқыр көңіл,
Жете алмай бір арманға өтеді өмір.
Көрген түстей бейне бір, ұшқан құстай,
Көзім сүзсем күндерге өткен небір.

Өкпелі боп өткен жоқ күллі шағым,
Жақсы күнді жоқ әсте ұмытпағым.
Құрбы-құрдас, дос келсе қуанамын,
Құшақ жайып құшамын, бірге ұшамын.

Жетпістің де миіппін желкесіне,
Мен де бір күн енермін жер төсіне.
Естелік боп естіге қалсын дедім,
Керексіздеу көп сырды шертесің бе?

Сараптасаң өмірді бір сәт ойлап,
Өзегіңді өртейді от боп ойнап.
Сағыныш боп, сағым боп кетті алыстап,
Түбі өкініш өмірдің ұқсақ бойлап.

Құдайберген ҚОРАБАЕВ.

АЛАКӨЛ АУДАНЫ.

Баспасөз -2010

ЭНЕРГЕТИКА - экономиканы дамытудың басты тетігі

Облыстық «Жетісу» газеті журналистері мен Қарасай аудандық электр жүйесі мекемесі қызметкерлерінің кездесуінен

Алғысөз ретінде

Адамның рухани қуаты бойына әлі мен тілі арқылы ене, қоғамның күшін, жұмыс тиімділігін арттырудың жұмыстың іскерлігінен ұштастыра білуге бай-ланысты. Демек, бүгінгі өркениетті заманда осындай қолда бар мүмкіндіктің бір тетігі энергетикада жатқандығын ескерсек, елдің электр қуатына деген сұранысы тым жоғары екенін аңғарамыз.

Алайда, бұл электр қуатының жетіспеушілігін сезініп жүретіндігіміз де жоқ емес. Одай болса, экономиканың осы күрделі салаасының күнгірт тұстарымен жұлдызынан жарқыраған жақсылықтарын электр қуатына тұтынушылар біле ме? Экономика – қоғамның жүрегі болса, энергетика оның күретамыры екенін түсініп жүрміз бе? Энергия қуатын үнемдеу арқылы заңды және жеке тұлғалардың қосатын үлесі қаншалықты екенін сезінемін бе?

Міне, бүгінгі кездесу электр қуатын жеткізушілер мен оны пайдаланушы арасын жалғастырып жатқан құрылымдар арқылы осындай сұрақтың жауабын іздеп, баспасөз бетін пайдаланудың мүмкіндігі мен оның маңызы жайлы жан-жақты әңгімелеуге арналды.

Жігіттеріміз ерледі

Сәрсен МАЛДЫБАЕВ, аудандық электр жүйесінің бастығы:



Баспасөз қоғамды дамытудағы басты құралдардың бірі екені даусыз. Оның үстіне газет оқушысы ретінде журналистердің арнайы келіп, энергетиктермен кездескен сәті есімде қалмапты. Көшен бірге көп оқырманның ортасында болғаным болмаса, ондай ортада ойыдағымды да айта бермейсің. Бұл ұшы бұл бір үлкен жауапты жұмыс. Жасыратыны жоқ, баспасөз қызметкерлерінің кәсіби мамандығы, олардың күнделікті жұмыс барысындағы тыныс-тіршілік-терін көшілігімізге беймәлім. Бүгінгі кездесу барысында журналистердің де қоғамымыздағы ауыр салаының бірін арқалап жүрегінің сезіндік. Газет электр қуатын жеткізушілер туралы жазбай жатыр дегенімен аулақпыз. Ел-бетіміз ескеріліп, басылым бетінен көрінбей жатудың өзі бір танибет. Ал, бүгінгі кездесу ерекше болды. Олай дейтін себебім, сіздетімізді жайлы еркін көсіліп, ерлерімізді жайлы жарыла жұмсап, жинақы пайдаланудың жөні осы деп ниеттері дүниелерге немқұрайды қарайтындығы қынжылтады. Біздің кемшілігіміз – электр қуатын пайдалана алмай жүрген осындайларды анықтай алмай келеміз. Атқарған жұмыстарымызбен қатар олқылықтарды елге айтіп етіп, жіктерелей отырып, кемшілікті көрсете білу әлі де қоңылдетілей емес. Бұл тұрғыда баспасөз бетін, соның ішінде өзімізге етене жақын «Жетісу» басылымын толық пайдалана алмай келемін.

Ал біздің мамандардың кәсіпкерлік мәдениетін меңгеруі, жұмыс жүргізу этикасы жыл сайын жетілін келеді. Бұрынғы қазақ жігіттері көп келе бермейтін энергетика саласын бірінті қарасөз маман бауырларымен толыға түсуде. Бүгінгі таңда аудандық энергетика жүйесіндегі 176 жұмысшы қызметкерлердің 70 пайызы кәсіби әрі біліктілігі деңгейі дамыған өз бауырларымыз. Біз соған қуанамыз.

«Алатауэнергожөндеу» акционерлік қоғамына қарасты Қарасай аудандық электр жүйесі мекемесінде 7 бөлімше бар. Олдағы жедел, өндірістік-техникалық, диспетчерлік, электросарапшамасы, механика болімдері энергетиканы дамытуға жаңа көзқарас танытып отырған мамандармен қамтамасыз етілген. Айталық, аға шеберлер Қайрат Дәуітов, Серік Тұралиев, электромонтерлер Есенғали Қыдырбаев, Бақыт Сарбасов, В. Ахпашов, майталман шебер Мүсілім Ибрагимов мекеме мақтанышы, еңбектегі оңат азаматтарымыз. Электр қуаты қай кезде болмасын қажет. Оны тұрмыс-тіршілігімізден бөлекжара қарай алмайтынымыз анық. Жарықты үзілісіз жеткізумен қатар біз белсенді тұрмыс ұстанымы мен салауатты өмір салтын қалыптастыру шараларына атсалысумен де мақтана аламыз. Ұжым мүшелері түрлі спорт жарыстарына қатысумен қатар, кәсіби шеберлігін жетілдіруге барысында белді-белді шаралар іске асырылуы тиіс. Осындай жұмыстарымыз жайлы халыққа хабардап отырумен қатар, облыс жаналығын білып, экономика мен мәдениетімізі туралы жалықпай жазатын өзіміздің «Жетісуды» жақ жылда да жан сергімез етіп жазылуын алуды ұмыттаймыз.

Жарық – тіршілік тынысы

Қайыпберген МҰРАТБАЕВ, аудандық электр жүйесі мекемесінің бас инженері:



– Менің түсінігімше, адамның ең қажетті дүниесіне жататын екі түрлі жарық бар. Оның бірі – көз жанарына қосымша жарық қосар электр қуаты десек, екіншісі – күнделікті жаналықты жарқ еткізіп, жанарына ілін, дүниедегі болып жаткан оқиғаларды көңілне қондыратын баспасөз деп білемін. Бүгінгі басқосу осындай ойға еріксіз жетелейді. Себебі, бір сағат жарықсыз қалған сәтің мен бір күн газеттің санының қолыңа тимей қалған кезеңін ой елегінен өткізіп көрінді. Бойыңды қараңғылық билеп, жаналықтан жұрдай күй кешетініңіз шындық. Одай болса, осы үлкен істің ариасында жүрген көс құрдымының басқаға білне бермейтін құпиясы бар сияқты. Қалай десек те, адам өміріне қажетті осы көс жарық – тіршілік тынысының беймаза тірлігінен ажырай алмайтын саласы.

Міне, осыны жете түсінген біздің аудандық электр жүйесі мекемесінің инженер-техниктері жауапкершілікті сезініп, баспасөзге жазылуды жыл сайын ықдаластырған ағарын келеді. Әсіресе, өзіміздің жүргізгізге жақын «Жетісу» газеті біздің жан сергізгізге айналды. Бұл жерде бірлікті тірлік ете отырып, бірін бірі көмек көрсете отырып жұмыс жүргізуі ұжымның ұйымшылдығын көрсетеді. Себебі, жаналық та жетерлік аудандағы жұмыстың ауқымы да кең. Атап айтсақ, жоғары кернеуді электр желісінің ұзындығы 836 шақырымнан, төменгі кернеуді электр желісі 1447 шақырымнан, ал кабельдік желі 61 шақырымнан аса қашықтықты құрайды. Мұның сыртында 590 төменгі кернеуді трансформаторлар бар. Осындай үлкен ауқатқы желілерден ток қуатын шашау шығармай белгіленген жерге жеткізу үлкен тәжірибені, шыңдалған шеберлікті қажет етеді. Бұл үзілісіз еңбек етуді талап ететін шара. Қазірдің өзінде электр қуатының шығынын азайтудың мақсатында елді мекендердегі электр есептегіш құралдарды сыртқа шығару үстіндеміз. Осы жұмыстар аудиның Ақжар, Жаңатұрмыс, Жалпақсай, Қарағайлы және Ойтегі елді мекендерінде жүргізілуде. Кәсіпкер қалаасындағы электр желілерін күрделі жөндеуден өткізіп, жаналау жұмыстары қолға алынды. Қазірдің өзінде қалының 6 шақырымнан астам электр желісі ауыстырылды. Электр қуатын ысырапсыз өткізу мақсатында күрделі жөндеу жұмыстары жоспарланған жоба бойынша толығымен орындалып отыр. Осындай ауқымды шаралардың нәтижесінде жоспарланған 17,27 пайыз шығын 16,25 пайызға дейін азайды. Соған қарамастан өмір өзінің мұқалмас қолдырмей қоймайды. Айталық, құрылыстың кең қанат жаюы, өнеркәсіп пен кәсіпкерліктің күн сайын көбейе түсуі электр қуатын пайдалануды шамадан тыс өсуіне әкеп соқты. Бүгінді мекендерге жеткізілетін электр қуатын арттыруға барынша ықпал етіп отыр. Осыған орай, Кескелең қаласындағы подстансаларды қуатты трансформаторларға ауыстыру қолға алынуда. Сөйтіп, аудан бойынша жоғарғы кернеудегі қосалқы трансформаторлардың қуаты 36 мың келі вольтқа арттырылды.

Біздің ойымызша, қазіргі энергетиктерімізді денгейі дамыған елдердің мамандарымен пық тіресе алатын дәрежеге жетті. Мұндай көрсеткішке жету үшін мамандар міндетті түрде жан-жақты білімді болуы шарт. Бүгінгі елімізді экономикалық жетістіктер бұл міндеттерді шешуге жағдайдың толық бар екендігін байқатады. Ал ел ішінде кәсіби мамандығына сәйкес аудандық, облыстық жарыстар өткізіп отыруы өз мамандығын қаншалықты меңгергенін және тәжірибесінің деңгейін анықтауға арналды. Мұның өзі мамандық кәсіби дәрежеге көтерілуіне үлкен мүмкіндік етуде. Жуықта Талдықорған қаласындағы республиканың 9 облысынан қатысқан командалық жарыста жүлделі екінші орынды жеңіп алуымыз осы ісімізге айқын дәлел бола алады.

Біздің жеңістеріміз жастарға үлгі болса екен

Серік ТҰРАШЕВ, аға шебер:

– Жуықта облыс орталығы Талдықорған қаласында электромонтер мамандардың кәсіби жарысы болып өтті. Республикалық деңгейде өткен жарыска біз Елбасының туған жері Шамалған ауылындағы Шамалған учаскесінің ұжым мүшелері қатыстық. Электр қуатын таратын қондырғыларды жедел жөнлеу мен желілерін қысқа мерзімде жалғау жөнінде болған бәсекеде жүлделі екінші орынды жеңіп алдық. Өткен жылы Шымкенттегі жарыста үшінші орынды иемденген болатынбыз. Алдағы мақсат – республикалық байқаудың жеңімпазы атанып, бірінші орынға шығу.

Бұл жеңіс өзіміз үшін ғана жасалып жатқан жоқ. Ол біріншіден, біліктілікті, шеберлікті шыңдайды. Өзгелердің намысын оятады. Бастысы – біз ата-аналарымыз, артымызда жеткіншектеріміз – болашақ жастарға үлгі болсақ, соған қуанамыз. Осы жұмысымызды, осы жеткіншектерімізді балаларымыз жалғастырып жатса, нұр үстіне нұр емес пе. Ал энергетика саласын меңгеріп жатқан ұлттық мамандар әлі де болса аз болып отырғаны жасырын емес.

Сол жүлделі жарыска қатысқан Айбар Әділ, Мейрамбек Есіркепов, Алмас Мамаев, Қуанышбек Қасымбеков біздің аудандағы энергетиктердің арқасүйер азаматтары. Біз алда да олардың жемісті жеңістеріне куә боламыз деп сенемін.

Осындай жақсы істерді жазып жататын «Жетісу» газетінің ұжымына размет. Газет бетіне жазылған есімің ел көзіне ілінсе, бұқ белестерге ұмтыла түсін келеді. Сондайақ, сол жеңістіктер өтегелерге үлгі болса екен деп ойлаймыз.

Сөз соңы

Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстанның индустриялық-технологиялық дамуы біздің ортақ болашағымыз үшін» деген «Нұр Отан» ХДП-сының кезекген тыс XII съезінде сөйлеген сөзінде: «Елімізді бітыс өңірі басқа елдерден электр энергиясын жеткізуге бұдан былай кіріптар болмайды» деп атап көрсеткен еді. Оның шешімдерін шешудің де нақты жолдарына тоқталған. Энергия қуатын кеңейту және ұлттық электр жүйесін дамыту үшін «Солтүстік Қазақстан – Ақтөбе облысы», «Солтүстік – Оңтүстік» электр қуатын жеткіздіру жобалары іске асырылуда. Екібастұз 2-ГРЭС-ін қайта жаңарту, кеңейту, Мойнақ ГЭС-ін салу, Балқаш ЖЭС-инің құрылысын бастау, сондай-ақ жел күші мен күн сәулесін пайдалану арқылы энергияны қайта жаңарту маңызды бағыт болып табылатындығын қолдады. Осындай ауқымды жобаларіске асқан уақытта энергия тапшылығын жойып, елдің әл-ауқаты бұдан да арта түседі деген сенім бар.

Соған қарамастан экономикаға үлкен күш беретін энергетика саласында жүрген азаматтардың жауапкершілігі босаңсымауы тиіс. Ал өндіріс өсіп, кәсіпкерлік дамып, құрылыс кең қанат жайып жатқан бүгінгі таңда энергия құшн үнемдеу, ысырапсыз пайдалана білу әр азаматтың абзал міндеті десек, әсіра айтқандық емес. Экономиканы өзекті тұсы энергетика қуатын тиімді пайдалануды насихаттай білумен қатар, жұмыстың тиімділігін арттыруда баспасөз бетін пайдалануды жөні болек екені даусыз. Сол үлкен істің бір бөлшегінде жүрген Қарасай ауданы электр жүйесі мекемесі ұжымымен пікір алысқан кездесуде осы ортақ ой анық аңғарылды.

«Жетісу» газетінің жанашырлары – аудан энергетиктеріне алда да табыс тілейміз деген ниетпен таластық.

ҚАРАСАЙ АУДАНЫ.

Сайлаубек БАЙДҰЙСЕНҰЛЫ,
А. ЕРГОЖАЕВ,
Б. МОЖИТ (фото).



Бас инженер К. Мұратбаев диспетчерлік бөлімге кездесті таныстыра бару үстінде

Мақалаға орай мәлімет

Аудандық электр жүйесі мекемесінде 176 адам еңбек етеді. Олар әр түрлі ұлт өкілдерінен құралған. Ұйымшылдығы мол, ауызбірлігі мықты ұжым. Бүгінгі таңда осында еңбек етіп жатқан азаматтардың 129-ы – қазақ, 33-і – орыс, 9-ы – түрік болса, қалғандары аумағымыздағы ауданның ауылдық-ақ кәсіби әрі біліктілігі сонғы технологиялардан хабардар, шебер, отандық энергетиканың қыры мен сырын жете меңгерген азаматтарымыз. Жігіттерімізді біз қыздарымыздың өсіп келе жатқанын көреміз.



Республикалық жарыстың жеңімпаздары

● БАЛА ҚҰҚЫҒЫ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯҒА – 20 ЖЫЛ

Биылғы жазғы дүниежүзі БҰҰ бас ассамблеясы қабылдаған бала құқығын сөрге мәселелеріне негізгі сүйенетін құжат – "Бала құқығы туралы Конвенцияға" 20 жыл толуын атап өтуде. Қазақстан алғашқы парақ бере болған осы Конвенцияны ратификациялады. Бұл негізде "Қазақстан Республикасындағы бала құқығы туралы" Заң, және бірқатар нормативті-құқықтық құжаттар қабылданды. Осыған орай Алматы облысының балалардың құқықтарын қорғау департаментінің ұйымдастыруымен "XXI ғасырдың балалары: бізділ құқығымыз бен мүмкіндігіміз" атты балалар саммиті өтті.

БАЛАЛАР САММИТІ

Алма ЕСЕНБАЕВА, "Жетісу"

Талдықорған қаласындағы №9 орта мектеп шаңырағында ұйымдастырылған шараның мақсаты – жасөспірімдердің бала құқықтары туралы білімдерін арттыру, қоғамдағы олар үшін ең өзекті болып келетін проблемаларды анықтау, жас ұрпақтың интеллектуалды, шығармашылық қабілеттерінің дамуына мүмкіндік жасау.

Осындай жас жеткіншектер үшін мамыдты шараның ашылу салтанатында Алматы облысының балаларды құқықтарын қорғау департаментінің директоры Гүлнар Ермекбаева сөз алып, аталған Конвенцияның 20 жылдығы мен оның Қазақстанда жүзеге асырылып жатқандығына 15 жыл толуымен жиналғандарды құттықтап өтті.

– Бүгінгі саммитке мектептегі кешбасшылар, біз болашақта үлкен үміт артып отырған жас ерендер қатысып отыр, – деп атап өтті ол сөзінде Гүлнар Өмірбекқызы. – Мемлекетімізде балалардың лайықты білім алуына барлық мүмкіндіктер жасалуда. Жуырда ғана ел Президенті Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде профессорлық-оқытушылар құрамы мен студенттермен кездесу өткізіп, жас ұрпақтың білім алу деңгейі мен мүмкіндігін артыруға қатысты келелі ойлар айтты. Мен барлық қазақстандықтар сияқты әр де Елбасының асқан білімдарлығы мен болашаққа нақты қадам жасайтын көрегендік қасиетіне тәнті болып, ерекше әсерде жүрмін. Онда Елбасы бірқатар міндеттерді алдыға қоя отырып, ұлттың мүмкіндігін арттыратын интеллектуалдық төңкеріс керектігін қадап айтты.

"Бізділ ендігі мәміет – қазақстандықтардың, бірінші кезекте жастардың білімділікке, интеллектке, Отан мен халыққа қызмет етуге деген көтеракерін өзгерту. Бізге ұлттық интеллектімізді дами құру қажет, бізге халықаралық деңгейде бәсекеге түсе алатын зерделілерді адамдар қажет" – деді Елбасы өз сөзінде. Мұның бәрі "Интеллектуалды ұлт – 2020" жобасында айқын көрсетілген. Жоба негізінде үш аспект бар. Бірінші аспект, Қазақстанның білім беру жүйесіндегі серпіліс. Оны жүзеге асыратын сіздер мен біздер, – деп саммитке қатысушы жастарға қарата сөз сөйледі.

Келесі кезекте мәжбет көтерген Талдықорған қаласы экономика орынбасары Марлен Қолбаев облысымызда алғаш рет ұйымдастырылып отырған саммиттің алдағы уақытта да дәстүрлі түрде өтіп, балалардың өз құқығын білуде, осы тұрасындағы білім, таным, көзқарасын арттыруда үлкен жеңіске жете берушне тілектестігін білдірді.

Облыстық шәкірайбс бағдарламасының үйлестірушісі Гауһария Ахметова болса, бүгінгі саммитте балалар құқығына қатысты өзекті мәселе көтеріліп отырғандығын, оны пікірсайыстылар 11 қазан күні өткен қалалық бәсекеде жан-жақты қарастырып, осы туралы білімдерін ортаға салғандығын айтып өтті. Сондай-ақ, саммитке қаладағы алдыңғы қатарлы шәкірайбсшылар қатысып отырғандығын жеткізіп, шәкірайбс ойынының оқушылардың ой-таным көкжиегін кеңейтудегі өзіндік орнына тоқталды.

– Ең бірінші шәкірттер осы пікірсайысшылар, олар пікірсайыс арқылы сабақта аралысып, осы салаға арна салады, – деді ол сөзінде Г.Ахметова.

Бұдан соң бағдарлама бойынша №15 орта мектептің "Томирис" тобы мен №24 дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын лицейдің "Арлан" тобы өзара пікірсайыс бәсекесіне түсті. Олардың көтерін отырған негізгі тақырыбы – "Үкімет балаларын құқығын бұзушылардан жақасқы күшейтуге тиіс пе?" деген тақырып болған соң, бірінші топ оны қуаттаса, екінші топ оған қарсы пікір мен уәж айтып, өз ойларын нақты мысалдармен дәлелдеуге тырысты. Және бұл мәселенің шешілу жолдарын да жан-жақты қарастырып, ортаға салды.

Бұл ретте "Томирис" тобы: "Қазіргі қоғамдағы ең деңгейінде бала құқығын қорғай алмайды. Сондықтан оны қайта қарап, жетілдіру қажет. Бала құқығын сақтамайтын азаматтарға қатысты жаңаны күшейту керек. Сонда ғана олар бұл мәселеге бет бұрады" десе, "Арлан" тобы: "Құқық бұзған адамдарды жазаға кесеек, онсыз да саны аз халқымыздың қатары сирей түседі ме? Заң талабын қатайтқаннан гөрі біз қоғамды белгілі бір тәртіпке келтірейік. Ол үшін адамдарға қызмет көрсететін психологиялық орталықтар ашып,ата-жеделермен кездесулер жасап, мектептерде осыған қатысты өткізетін іс-шаралар қатарын көбейтейік. Белгілі бір тәртіп орнату арқылы біз балалардың құқығын бұзбауға қол жеткіземіз. Ал, өлім жазасына кескенмен ештеме ұтпаймыз, адамның өмірі қазір емес, жырта салып" деп өз пайымдарын жеткізді.

Ал балалардың құқықтық сауаттылығын арттыруда "Томирис" тобы осы тақырыпқа қатысты оқушыларын қызметтерін дай ұйымдастыру шығарып, соның тарағасы 2-сыныптан құқық пәнін енгізуді ұсынып. "Бастауыш сыныптан оқушылар математиканы, қазақ тілін меңгерсе, неге құқық сабағын оқи алмайды? Оны қызықты етіп, балалардың қабылдауына жеңіл түрде өткізуге болады. Балалар кішкентай кезінен бастап құқықты білсе, үлкейгенде оны жетік меңгереді" – деген ойларын ортаға салды.

"Арлан" тобы болса: "Қазір қоғамымызда тастанды балалар көп. Бірақ, осындай қадамға барған ананың ған жүзінде жазаққа тартылып жатқандығын көрмейміз. Бұл мәселенің алдын алу үшін перзентхана жанынан психологиялық көмек көрсету орталығын ашу керек. Кейбір жандар ата-ана болуға дайын емес шығар, бірақ әлеуметтік жағдайы мүмкіндік бермей тұрған болар. Мұндай жағдайда оларға қоғамның, арнайы мамандың көмегі қажет. Ондай орталық жұмыс жасаса бұл күрмеуі қиын мәселенің сәл де болса шешімі табылар еді", – деген қорытындыға келді.

Саммит барысында қала мектептерінің оқушылары "Мен және менің құқығым", "Мен және әлем", "Мен және мектеп", "Мен және отбасы", "Мен және БАҚ" тақырыбындағы жобаларын ұсынып, қорғады. Одақтастық талқысына ұсынылған жобалар ішінде №24 дарынды балаларға арналған лицей командасының "Мен және мектеп" атты үздік жұмысы үздік деп танылып, 1-орынған көрінді. 2-орын "Мен және жаңа" жобасын ұсынған №15 орта мектеп пен "Мен және БАҚ" тақырысын қорғаған №11 мектепке берілді. 3-орынды "Мен және БАҚ" жобасымен көңге түскен №4 орта мектеп иеленді. Жоба жеңімпаздары Алматы облысының балалардың құқықтарын қорғау департаментінің Грамотасымен марапатталды. Алташқы орындарды еншілеген №24 дарынды балаларға арналған лицей мен №15 орта мектептің ұсынған жобалары 4-ші қарашада Астана қаласында өтетін балалар саммитіне ұсынылатын болады.

Республикалық саммит делегаттарына ҮНДЕУ

Құрметті "XXI ғасырдың балалары: біздің құқықтарымыз және мүмкіндіктеріміз" атты балалар саммитіне қатысушылар!

«Бізділ мемлекет балалық шақты адам өмірінің маңызды кезеңі деп таниды және балалардың қоғамдағы толыққанды тіршілік әрекетіне даярлау басымдығын негізге алады.

Біз, Алматы облысының балалары, саммитте ең өзекті мәселелерді көтеріп, оны шешуде тиімді жолдарын табатындығына сенімдімін.

Бақытты балалық шағымызда барлық құқықтарымыз қорғалып, мүмкіндіктеріміздің шығуына бар жағдай жасалуда. Сондықтан біздің барлық ойымыз, білімімізді, іскерлігімізді өзіміздің ерікті деуіне, әділетті қоғамның құрылуына арнамуы тиіс.

Біздің зүлделерді жүргізгіміз "Елім", "Жерім", "Отаным" деп соғады. Өйткені, біз – сенің бүгінің мен болашағыңбыз, Қазақстан!



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ «ЖМУ» РМҚК

2009 ЖЫЛҒЫ 11 ҚАРАША

СТУДЕНТТІК АСХАНАНЫҢ БӨЛМЕСІН ЖӘНЕ ЖАБДЫҚТАРЫН ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУГЕ ЖАТПАЙТЫН МҮЛІКТІК ЖАЛДАМАҒА (ЖАЛГЕРЛІККЕ) БЕРУ ТУРАЛЫ ТЕНДЕР ӨТКІЗЕДІ

Тендер осы мекенжайы бойынша өткізіледі:
Талдықорған қ., Жансүгіров к-і, 187 «А»
Тендер өтізілетін уақыт – сағ. 11:00
Мүліктік жалдама мерзімі – 1 жыл, бастапқы жалгерлік төлемақы көрсеткіш көлемі 33290 теңге 75 тиын.
Тендерға қатысушыларды тіркеу тендердің өткізілетіні туралы хабарлау басылған күннен бастап тендер өткізілетін күнге үш күн қалғанға дейін жүргізіледі.
Тендерге Талдықорған қ., Жансүгіров к-і, 187 «А» үйде орналасқан жалпы көлемі 190 м кв. бөлме және жалпы құны 1660281 теңгені құрайтын жабдықтар шығарылады.
Көрсетілген бөлменің және жабдықтардың жағдайы - қанағаттанарлық.

ТЕНДЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Сауда-тапсырыстық (дәнекерлік) қызметсіз студенттерді және университет қызметкерлерін тамақтандыруды ұйымдастыру үшін;
2. тағамдар ассортименті және бағалар прейскуранты бойынша ұсыныстар;
3. «ЖМУ» РМҚК мүлкі үшін ең жоғары жалгерлік төлемақы ұсыну. Жалгерлік төлемақының ең төменгі көрсеткіші айына 33290 теңге 75 тиын.
4. Тағамдар сапа сертификаты.

ТЕНДЕР ЕРЕЖЕЛЕРІ
Тендерлік комиссия шешімі бойынша, тендерді тиімді жалгерлік жағдайларын ұсынған және тендерлік құжаттамалар мазмұнындағы барлық талаптарға сай жауап беретін тендер қатысушысы ұтып алады.
Талсырыстарды қабылдау мерзімі аяқталған кезге дейін (үшінші және келесі тендерді есептемегенде) талсырыстар саны бірден артық болмаса, тендер өткізілмеген болып саналады.

ТЕНДЕРГЕ ҚАТЫСУДЫ РӘСІМДЕУ ТӘРТІБІ
Тендерге қатысу үшін белгіленген мерзімде үміткер төмендегі құжаттарды әзірлеу керек:
– үміткердің қатысуға және тендер талаптарын орындау бойынша міндеттері, мүліктік жалдама (жалгерлік) туралы келісімге отыруға келісімі көрсетілген тендерге қатысу талсырысы;
– жапсырылған конверттегі тендер талаптары бойынша ұсыныстары;
– Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары – устав көшірмесі, статистикалық карточканың және заңды тұлғаның тіркелгендігі туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
– жеке тұлға – паспорт немесе басқа жеке басын куәландыратын құжат;
– кепілдеме жарнасы аударылғандығын растайтын төлем тапсырыстарының көшірмесі.

Объектінің мүліктік жалдамаға (жалгерлік) кез-келген заңды және жеке тұлға тапсырыс бере алады. Тапсырыс жалдама берушіге өткізіледі. Тіркелген құжаттар сыртқы конвертке салынады. Ішкі жапсырылған конвертке үміткер ұсынған талаптар салынады.
Тендерге қатысуға шет біддірушілердің тапсырыстарын қабылдау және тұлғаларды тіркеу талап етілген құжаттардың толық жиынтығы болған кезде жүргізіледі.
Тендерге қатысушылар Талдықорған қ., Жансүгіров к-і, 187 «А», 1-қабат, 113-бөлме мекенжайы бойынша тендер өткізуге 3 күн қалғанға дейін тендер құжаттарын алып, Объектіні көре алады.
Тендерді ұтып алған және мүліктік жалдама (жалгерлік) туралы келісімге отырған тендер қатысушысының кепілдеме жарнасы мүліктік жалдама (жалгерлік) туралы келісім бойынша тиесілі өтемақы шотына жатады.
33290 теңге 75 тиын көлеміндегі кепілдеме жарнасын аударатын есеп шот: Талдықорған қ., Жансүгіров к-і, 187 «А», «БТА Банк» АҚ ТФ
СТН 531400011685, БСК 194101303, ЕАС 0016009316
Тапсырыс қабылдаушының мекенжайы:
Талдықорған қ., Жансүгіров к-і, 187 «А», 1-қабат, №113.
Барлық қарсылықтар тапсырыс берілетін уақытқа дейін қабылданып, қарастырылады. Анықтама телефоны: 8 (7282) 22-00-66.

●САНИТАРЛЫҚ ТАЗАЛЫҚ – САУЛЫҚ КЕПІЛІ

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналды шаруашылық басқармасының бас маманы Мұратбек Хасановтың жетекшілігімен құрамында облыстық архитектура және қала құрылысы, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармаларының, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері бар комиссия елді мекендердің санитарлық тазалығын, қысқы кезеңге дайындығын, жөндеуден өткен автомобиль жолдарының сапасын өз көздерімен көріп, ауыл тынысын бағамдап қайтты.

ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС

Сарқан ауданында бүл бағытта жұмыстардың жүйелі жүргізіліп жатқаны сырт көзге де анық көрінеді. Комиссия Сарқан қаласындағы Абай атындағы мектеп-гимназияда, Қарғалы орта мектебінде, Алмалы, Черкасск ауылдық дәрігерлік амбулаторияларында болып, бұл мекемелердің жылыту маусымына дайындығын тексеру үстінде жылу температурасының сақталғандығына куә болды. Бұл мекемелерде сұйық отын қазандығы талапқа сай, электр жарығы болмай қалған жағдайда қосымша генераторлары дайын. Есік-терезелерін қымтап, қысқы сынаққа сақадай-сай дайындықта отырған мектептер мен дәрігерлік мекемелердің білім беру мен денсаулық сақтаудағы үлестері еселеле түсері айқын.

Ауданда жылыту маусымына дайындықты ұзын арқан, кең түсауға салмай ерте бастан қамдаған болатын. Аудандық штаб жаз айларынан бері үш рет бас қосты. Бюджеттік 93 нысанның 44-і сұйық отынмен жылытылады. Пограничник, Екіаша орта мектептері мен Островский атындағы мектеп-лицейдің қазандықтарын ауыстыруға 9,2 млн. теңге бөлініп, игерілді. Бүған қосымша 41 қазандық ағымдағы жөндеуден өткізілді, 32 нысанның жылу жүйелері жөнделіп, көмірмен жылытылатын 54 пеш жөндеуден өткен. Бүгінгі таңда бюджеттік сала нысандарына жоспарланған 500 тонна көмір толық жеткізіліп, сұйық отынның 60 пайызы қамтамасыз етілген.

Комиссия биыл асфальталған жолдың сапасына ден қойды. Қала көшелерін ағымдағы жөндеу жұмыстарына 21,1 млн. теңге, «Жол картасы» бағдарламасы бойынша 30 млн. теңге бөлініп, аудан орталығы танымастай өзгеріп қалған. Облыстық маңызы бар жолдарға 82,475 млн. теңге, көпірлерді жөндеуге 18,38 млн. теңге бөлінгендігі және оның толық игерілгендігі елді мекендердің еңсесін көтеруге, әлеуметтік-экономикалық жағынан еркендеуіне негіз қалауда.

– Биыл Қойлық-Қарғалы жолына «Жол картасы» бағдарламасы бойынша 62,4 теңге бөлініп, игерілді, – дейді Черкасск ауылдық округінің әкімі Төлеухан Битимбиев. – Қаңтарма жылдар бойы осы округтегі 6 ауылдың арасына жедел жету арман болып келген. Түнекінен мүлдей сапалы жол көрмеген тұрғындардың ризашылығы шексіз.

Елді мекендерді абаттандыру, санитарлық тазарту, көркейту айлығы нәтижесінде мұнда айтарлықтай жұмыстар атқарылғандығы көзге түседі. Сарқан қаласының орталық төрт кешесіне, Алмалы, Қойлық ауылдарының көшелеріне барланы 8 аспалы арқалар орнатылып, қаладағы 10 су құбыры ауыстырылған. Алмалы, Қойлық, Лепсі ауылдарының 9,5 шақырым көшелері жарықтандырылып, аудан орталығының көшелеріне ағымдағы жөндеулерден кейін 450 дана жол белгілері, 3 көше қиылысына бағдаршамдар орнатылды. «Тазалық сарсенбісіне» жаппай қатысудың нәтижесінде бүгінгі күнге дейін аудан бойынша 155 көше, 145 шақырым арық, жүйелері тазартылып, жүздеген тонна қоқыстар шығарылды.

Комиссия Алмалы ауылдық округінде Алматы – Өскемен автожолының бойына отырғызылған көшеттер мен гүлдерді, Қойлық ауылдық округіндегі жарықтандырылған көшелерді, тазартылған арықтарды көріп, Черкасск ауылдық округіндегі «Жол картасы» бағдарламасы бойынша жөнделуден өткен сапалы жолдармен жүріп, әлеуметтік нысандардың жылыту маусымына дайындығына көз жеткізді.

Жомарт ИГІМАН.
САРҚАН АУДАНЫ.

●МЕКТЕП – МЕМЛЕКЕТ ТІРЕГІ

ТАЛАП ТАБЫСҚА ЖЕТЕЛЕЙДІ



Адамзат баласы XXI ғасырға ақпарат ғасыры деген айдар тағып, рухани-мәдени өмірін дамытуға мықтап ден қоя бастағанын білеміз. Осыған байланысты біздің Амангелді орта мектебі де өзіндік жоспарлы жұмыстарының үлесінен шығуда.

«Ұстаз – мектептің жүрегі» деп тегін айтылмаған. Жан-жақты тәжірибесі мол, біліктілігі шәкірт тәрбиелейді. Біздің мектепте сондай мұғалімдер аз емес. Айталық, мектеп директоры Гүлжан Талдыбаевадан бастап, үлкен мұғалімдер санатынан өз орнын ешкімге бермеген О.Ибекеева, К.Үмбетбаева, Н.Қанатова, Б.Жасыбаева, Н.Мекаков, Д.Сағадиева, А.Тұрғанова, Г.Бекмұратова, А.Елшиева, Т.Мұхаметжанова, А.Карсыбаева сияқты ұлағатты ұстаздар есімін де зор құрметпен атаймыз.

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Т.Исабекова ұстаздар жұмысын оң арнаға бұру бағытымен сабақта жаңа технологияларды кеңінен пайдалану керектігін үнемі еске салып отырады. Соған сай Айгүл Тұрғанова қазақ тілі пәнінде тірек сызбаларын қолданады. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Қарлығаш Бітебаева да әртүрлі шаралар ұйымдастырып, тәжірибесін тиімді пайдаланып келеді. Мектепте «Дарын» орталығы жұмыс істейді. Оның жетекшісі ретінде О.Ибекеева оқушылардың ғылымға бауырда нәтижелі істер атқаруда.

Қазір мұндағы 291 оқушыға 39 мұғалім дәріс береді. Олар өткен оқу жылын табысты қорытындылап, аудан бойынша алдыңғы орындардың бірінен көрінді. 2008–2009 оқу жылында 54 үздік, 85 оқу екпіндісі болса, оқушыларымыз Ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижесінде 5 пәндік көрсеткіш бойынша 86 балл, 4 пәндік көрсеткіш бойынша 72 балл жинады. Тестілеуге қатысқан 12 оқушының алтауы грантты иеленіп, түрлі жоғары оқу орындарына түсті. Мектептен екі «Алтын Белгі» иегері шықты. Бүгінде бізден түлегіміз Әйгерім Ержанқызы Қазақ – Британ техникалық университетінің, Самал Әбілдаева әл-Фарабби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің студенті.

Басқа да мақтан етерлік нәтижелеріміз аз емес. Мәселен, 1-сынып оқушысы Әшімхан Ихсан республикалық «Ақ көгершін» балалар қорының байқауына қатысып жүлделі 3-орынды иеленсе, ән бойынша Анди Талдыбаева облыстық байқауда «Өзгемізден ерекше тұлғалары» атты сыбағын ойдағыдай көрсетті.

Оралхан Бөкей атындағы республикалық байқауда көрнекті оқу шебері, облыстық ақындар мүшәйрасының жеңімпазы деп танылған ақын, әнұлы ана, ұлағатты ұстаз Нәзипа Қанатованың орны өз алдына бір төбе. Ол әзірлеген «Сұраншы батыр» атты сценарий бойынша мектеп ұжымы жуырда «Көргені жақсы көш бастар» атты жастар форумына қатысып, ұрпақ сабақтастығын жақсы бейнелей білді.

Мектеп директоры Гүлжан Талдыбаева іскер, ширақ ұйымдастырушы саналады. Ұрпақ болашағы үшін талмай ізденетін талапты басшының жетекшілігімен табыстан табысқа қол созған ұжым алдағы уақытта да алдыңғы қатардан көрініп беретіні сенімді. Ол бұл мектепті физика, химия, биология, география пәндері бойынша мамандарға жас кадрларымен толықтырып, жан-жақты қамқорлық көрсетіп отыр.

Бір сөзбен айтқанда, біздің Сұраншы батыр ауылындағы Амангелді орта мектебінің болашағы жарқын, мұнда білім алып жетілген шәкірттеріміз күні ертең шартарапқа шарықтайды деп зор үміт артамыз.

Гаухар СЕЙФОЛЛА.

СҰРАНШЫ БАТЫР АУЫЛЫ, ЖАМБЫЛ АУДАНЫ.

●БІР КІТАП – БІР ӘЛЕМ

МЕН СЕНЕМІН ЖАСТАРҒА

Қазіргі таңда 60 жылдық тарихы бар Мақпал Сқабайқызы басқаратын С. Сейфуллин атындағы облыстық әмбебап кітапханасы көптеген игі-шараларға мұрындық болып, оқырмандарына мәнді де дамды кездесулерді өткізуді дәстүрге айналдырған.Бұл біріншіден кітапхана жұмысының нәтижелі еңбегі болса, екіншіден қазіргі технология жаулаған, кітапқа сұраныс аз қоғамда оқырмандарды тартуға бағытталған айтулы еңбек десек те болады.

Жақында аталмыш кітапхана «Бір кітап бір әлем» акциясы бойынша тағы бір әдеби-сазды кеш өткізді. Бұл жолғы шара «Мен сенемін жастарға, Алаш атын аспанға шығарар олар бір таңда» деп жас ұрпаққа сенім артып, жігерін жанып, жол көрсетіп кеткен сырлы ақын Мағжан Жұмабаевтың шығармаларына арналды. Жиынға ЖМУ-нің профессоры, академик Тұрсын Сыдықов бастаған әдебиет әлемінің майталмандарының бірі Сайлау Қожағұлов сынды ғалым-ұстаздар қатысты. Алғашқылардың бірі болып сөз алған Тұрсын Сыдықұлы Мағжанның шығармаларына егжей-тегжейлі тоқтала кетіп, әсіресе арнау болек, ағынды, қатты ерекше дарын иесі атанған ақынның өмірлік де өзек лирикалары жайлы орамды ойын ортаға салды.

Одан кейін сөз алған әдебиетшілеріміз де халық жауы атанып, жазықсыз жазаның құрбаны болған Алаш арыстарының көшбасындағы тұлғаларының бірі – Мағжан ақынның ұрпағына қалдырған асқақ үнді, биік рухты өлең-жырлары жайлы кестелі ойларын оқырмандармен бөлісті. Шарага Талдықорған қаласындағы политехникалық, колледждің студенттері және Мағжан Жұмабаев атындағы мектеп-гимназиясының оқушылары мен ұстаздары қатысты. Әдеби шараны облыстық Сүйінбай атындағы филармонияның әншілері әуезді әнге бөлеп, тілден әсерлендіріп жіберді.

Кеш соңында қашанда оқырмандарына терін ұсынып, ой толғандыратын игі шаралар мен келелі кездесулер өткізіп тұратын кітапхана қызметкерлеріне келген қонақтар да қатысқан оқырмандар да риясыз көңілдерінен алғыстарын білдіріп тарқасты.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

●БІЛІМДІГЕ НҰР ЖАУАР!

Талғар қаласындағы С.Сейфуллин атындағы № 2 орта мектебі білім сапасы, дарынды оқушылар тәрбиелеудегі шығармашылық жетістігі жағынан аудан мектептерінің көшбасында келеді. Сондықтан да Талдықорған қаласынан ауданға алып келінген халықаралық математикалық олимпиада туын осы мектептің озат оқушыларының салтанатты түрде қабылдап алу рәсімі атап өтілді.

ОЛИМПИАДА ТУЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Үлбосын ИСАБЕК,
"Жетісу"

Осы орайда олимпиада жайлы айтар болсақ, 1959 жылдан бері математика пәні бойынша жоғары сынып оқушылары арасында өткізіліп келе жатқан дәстүрлі әлем чемпионатына соңғы жылдары қазақстандық жас дарынды математиктер қатысып, жүлделі орындарды иемденуі елімізділ мәртебесін асқақтатып, мерейін өсіруде. Нақтылар болсақ, Ресейдің Мәскеу қаласында өткен аталмыш олимпиадаға Қазақстан тұңғыш рет 1992 жылы бақылаушы ел ретінде қатысты. Келесі жылдан бастап толық құқықты мүшесі болып табылды. Сол жылы Түркияның Стамбул қаласында өткен олимпиадада қазақстандық оқушылар бір күміс, үш қола медалін жеңіп алса, биылғы жылы Германияның Бремен қаласында өткен халықаралық олимпиадада Қазақстан құрама командасы үш күміс, үш қола медальдарға қол жеткізді. Жалпы халықаралық математикалық олимпиадаларға қатысқаннан бері елімздің оқушылары 62 медальді жеңіп алған. Олардың 8-і алтын, 17-і күміс, 37-і қола медаль иегерлері. Нәтижесінде, осы бір интеллектуалдық іс-шараны өткізу мәртебесіне ТМД елдері бойынша тұңғыш рет Қазақстанның ие болуы тәуелсіз елімздің әлемдік деңгейдегі іс-шараларға белсене атсалыса бастағанын айқындай түседі. Міне, 50 жыл бойы ұйымдастырылып келе жатқан халықаралық математикалық олимпиада келер 2010 жылы 51-чемпионатын Астана қаласында өткізбек. Оған 110 мемлекеттің математиктері қатысады деп күтілуде. Бұған елімздің дарынды да талантты оқушылары, ұстаздар қауымы аса мән беріп, «мынаған тұлпар, жүзден жүйрік» шығуға бар мүмкіндіктерін жұмылдыруда.

Олимпиада туын қабылдау салтанатына сап түзеген оқушылар Талдықорған қаласындағы № 20 лицейдің 11-сынып оқушысы, математика пәнінен 12 мәрте халықаралық олимпиада жүлдегері атанған Талғар қаласының тумасы Нұрсұлтан Хаджмұратов, осы лицейдің 11-сынып оқушысы, математика пәнінен 8 мәрте халықаралық олимпиада жүлдегері Қанат Сатыханов пен аталмыш лицейдің 10-сынып оқушысы, Балқан түбегінде өткен математика пәнінен халықаралық олимпиада жүлдегері Уәлихан Керімқұлды және оларды бастап келген облысымыз бойынша дарынды балалармен жұмыс істеу орталығының бас менеджері Окатова Светлана Павловнаны құрметпен қарсы алды.

Салтанатта сөз алған ауданлық білім бөлімінің бастығы Клара Әбдіхалықова олимпиада жеңімпаздарының көшбасында жүрген Нұрсұлтан Хаджмұратовтың Талғар топырағынан шыққаның жерлестері зор мақтан тұтатындығына тоқтала келіп, талайды танқалдырар дарынды оқушыларды тәрбиелеуде аудан ұстаздарының тынымсыз таптай еңбек ететіндіктеріне, әлі талай шәкірттерінің жарыс шыңдарынан көрінетіндігіне сенімдерін білдірді. Бұдан соң мектептің озат оқушылары Абай Ізбасаров, Салима Қайыпжанова және Дәулет Смағұловтар сөз алып, халықаралық олимпиадаларда елімздің намысын қорғап, білімді елдің ұрпақтары екендігін дәлелдей білген олимпиада жеңімпаздарының жарқын сын жалғастыратындықтарын, сол арқылы тәуелсіз елімздің туын биіктерге желбіретететіндіктерін тілге тиек етіп, елімізде тұңғыш рет өтетін алдағы халықаралық математикалық олимпиадада жеңіске жетулеріне тілектестіктерін білдірді.

Олимпиада туын салтанатты түрде қабылдап алғаннан кейін қонақтар назарына халықаралық «Ақ көгершін» байқауының жеңімпаздары «Балауса» би ансамблі өз өнерлерін тарту етті.

ТАЛҒАР ҚАЛАСЫ.

●БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ

БІЗ ТҰРҒЫЗАТЫН ҚОҒАМ

қандай болуы тиіс?

Алматы облысының балалардың құқықтарын қорғау департаменті мен Ескелді аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Отансүйгіштік тәрбиесіндегі адамгершілік-рухани құндылықтардың жалпы адамзаттық дәстүрлері» атты шара өтті. Ескелді ауданы, Қарабұлақ орта мектебінде ұйымдастырылған шараға ардагер ұстаздар, аудандық ардагерлер кеңесінің өкілдері, мектеп директорларының тәрбиесі жөніндегі орынбасарлары мен мектеп оқушылары қатысып, баланы құқықтық сауаттылыққа тәрбиелей отырып, оларды ізеттілік, кішіпейілділік, мейірімділік сияқты адамгершілік-рухани құндылықтарға баулу мәселесі талқыланды.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Бала құқықтары туралы Конвенцияның 20 жылдығына орай өткен шараны аталған департамент директоры Гүлнар Ермекбаева ашып, жүргізіп отырды. Алдымен кездесуге келгендерге шараның маңызы мен міндеттерін түсіндіріп өтті.

– Бала құқықтарын қорғау бүгінгі таңдағы ең басты тақырыптың біріне айналып келеді. Осыған орай, 1989 жылы 20 қарашада БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының Сессиясында 54 баптан тұратын Конвенция қабылданған еді. Міне, осы Конвенцияның негізгі міндеттері мен «Балалардың өмір сүруі үшін жарамды әлем» атты Декларацияның іскимыл жоспарына сай Президент Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық Конвецияға 1994 жылы қол қойды. Еліміз бұлұйымға 156-шы ел болып қосылды. Содан бері балалар құқығын қорғау жұмысы жандanып, бірқатар игілікті шаралар атқарылып келеді. Десек те, оң шешімін таппай отырған мәселелер жоқ емес. Мысалы, бүгінгі таңда әлемде 130 миллион бала мектепке бармайды, жыл сайын 12 миллион балдырған әртүрлі аурудан көз жұмса, 250 миллион жеткіншек жалдамалы жұмысқа жегілуде. Сондай-ақ, соңғы жылдары көмелетке толмағандар арасында қылмыс саныда артып келеді. Мұның бәрі де осы саладағы жұмыстардың кезек күттірмейтінін көрсетеді.

Елбасы бір сөзінде: «Біз тұрғызатын қоғам арды бағалайтын, белсенді, жоғары моральді, әдепті және рухани байлығы мол адамдардан тұруы керек», – деп көрсеткендей, өмірге келген әрбір сәби республика азаматы. Олар өзінің ата-анасының, ұстазының міндеті мен құқығын білуге міндетті. Сонда ғана өз құқығын қорғай алады. Бүгінгі таңда әрбір ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында ізгілік, яғни, адамгершілік-рухани тәрбие шешуші фактор. Сондықтан ата-баба дәстүрі мен тәжірибесін ұрпақтар санасына сіңіре отырып, әлемдік өркениетке ұлттық рухымызбен үлес қосуымыз керек. Олай болса рухани-адамгершілік тәрбие берудің кілті халық педагогикасында деуге болады. Бүгінгі бас қосуымыз соның айғағы, – деді сөзін түйіндеп.

Сөз кезегінде аудандық білім бөлімінің бастығы Қанат Құдияров адамгершілік-рухани тәрбиесінің тәрбие жұмысындағы маңыздылығын тілге тиек етті.

Бұл жолғы кездесуде қатысушылар баяндама жасап, ойларын ортаға салғаннан гөрі оқушылардың ой-пікірін тыңдап, түсінігін бағамдауға көп көңіл аударылды. Ақсақалдар алқасының өкілдері мен ардагер ұстаздардың бала тәрбиесіндегі толғамды ойлары арқылы жас ұрпақты салауатты өмір сүруге бейімдеу назарда ұсталды. Шара барысында бейнефильмдер көрсетілп, Ш. Уәлиханов атындағы орта мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Гүлзира Дарменбаеваның «Балалардың бос уақытын тиімді пайдалану» атты баяндамасы тыңдалды. Сонымен бірге, кездесуге қатысқандар Ш. Уәлиханов атындағы орта мектеп оқушыларының «Отбасылық дағдарыс» тақырыбында дайындаған пікір-сайысын тамашалап, Титов атындағы орта мектептің 10-сынып оқушысы Акерке Жетпісбаеваның «Адами қарым-қатынас жасау – адамгершіліктің белгісі» атты ойларымен де бөлісті.

Аталған шарада оқушылар бала құқығын қорғаудың не екенін, Конвенцияның жалпы барысымен жан-жақтылы танысуға мүмкіндік алса, үлкендер жағы кездесу ұрпақ жалғастығының жарқын үлгісі болды деп жоғары бағалады. Көпшілік мұнан кейін де осындай шараның жиі өткізілуі ұрпақ жадына қазақы құндылықты мықтап сіңіруге дем береді деген түйінге тоқтады.



Алматы облысы бойынша жекелеген азық-түлік өнімдерінің, көкөніс жемістердің, халық тұтыну тауарларының орташа импорттық және бөлшек сауда бағаларының салыстырмалы кестесі

(16.10.-22.10.09ж аралығында)

Тауардың аталуы	Өлшем бірлігі	Кедендік тазалаудан кейінгі орташа импорттық баға (тасымалдау мен кедендік төлемдерді ескере отырып), бір бірлікке бір теңге	орташа жекелеген сауда бағасы*	Бөлшек сауда мен импорттық орташа бағалардың ауытқуы, канша есе
	жеміс-жидектер	Жеміс-жидектер		
Картоп	кг	37	63	1,7
Пияз	кг	58	61	1,0
Қияр	кг	84	122	1,5
Банан	кг	69	265	3,8
Лимон	кг	114	430	3,8
Алма	кг	88	117	1,3
		Азық түлік		
Тауық еті	кг	184	436	2,4
Күріш	кг	68	238	3,5
Пастеризденген сүт	кг	90	88	1,0
Ірімшік	кг	797	1 256	1,6
		Халық тұтыну тауарлары		
Тіс пастасы	кг	494,00	2 013,00	4,10
Иіс сабын	шт	463	870,00	1,9
Шампунь	кг	477	1 667,00	3,5
Жемпір, свитер, полувер	дана	1 887	2 225,00	1,2
Әйелдер көйлегі	дана	3 246	5 638,00	1,7
Ерлер жейдесі	дана	973	2 625,00	2,7
Ерлер майкасы	дана	300	356,00	1,2
Ерлер ш.к.шымі	дана	230	289,00	1,3
Электр үтігі	дана	1 384	2 975	2,1

	Онайлатылған тәртіп (КҚО)	Жалпы белгіленген тәртіп
Халықпен тұтыну тауарларын таситын бір автокөлік құралынан өндірістің кедендік төлемдер мен салықтардың орташа төлемі(теңге)	2 972 512	738 968
Көкөністер мен жемістерді таситын бір автокөлік құралынан өндірістің кедендік төлемдер мен салықтардың орташа төлемі (теңге).		257,195

** 15.09.2009ж. орташа жеке (статистика бойынша ҚР Агенттігінің көрсеткіштері).*
*** 23.09.2009ж.орташа жеке (статистика бойынша ҚР Агенттігінің көрсеткіштері).*
****Жүк көтерілімділігі тіркеусіз автокөлік құралдары.*

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША КЕДЕНДІК БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ.

Алматы облысының экономика және облыстық мәслихат Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы Қалиясқа Серікқызы Әбдірайымовқа жазған – белгілі бір фактіні, жағдайды, көріністі қозғам қайтарғаң

Серік Әбдірайымовтың мемлекеттік қайтыс болуына байланысты ерекше толығырақ қайғысын ортасқан көңіл айтамыз.

Ағайын, туыстары.

Ағайынды ұйғысқы, әулеттілдің жасы ұлғаюы Мәтіс, тақ дүниеден қайтып кешкен

Сейітов Еркімбайдың қайтыс болуына байланысты отбасының қайғысына ортасқан көңіл айтамыз.

Ағайын, туыстары.

МЕНШІК ИЕСІ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны. ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімі

Бас редактор Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, N3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

Жетісу

e-mail: Jetisu 2002@ mail. ru

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі. Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Алты машинкелік беттен асатын материалдар қабылданбайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Кезекші редактор: Нұрбол ӘЛДІБАЕВ.

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ. ТАПСЫРЫС —1390. ТАРАЛЫМЫ — 31850. ИНДЕКСІ — 65469.

Қабылдау бөлмесі және факс — 24-37-11, байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары — 21-01-90, 24-33-02, жауапты хатшы —24-38-16, ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі — 24-34-06, саясат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі — 24-36-07, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 24-32-43, білім және ғылым бөлімі — 24-30-57, фототілшілер -21-21-55, заң және авторат бөлімі — 24-29-82, есеп-қисап бөлімі — 24-35-28. Алматы қаласындағы тілшілер қосылы —279-13-37 (факс), 79-13-86, 79-36-43, Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары: Үшаралда — 2-12-57, Панфиловта — 5-12-21, Райымбекте — 2-22-05, Іленде — 2-19-33. Газет табыс етілмесе — 72-59-01 телефонымен хабарласу керек.

●САНИТАРЛЫҚ ТАЗАЛЫҚ – САУЛЫҚ КЕПІЛІ

Қостық энергетика және тұрғын үй-коммуналды шаруашылық басқармасының бас маманы Мұратбек Шоқатың жетекшілігімен құрамында облыстық инспекторат және қала құрылысы, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармаларының, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері бар комиссия елді мекендердің санитарлық тазалығын, қысқы кезеңге дайындығын, жөндеуден өткен автомобиль жолдарының сапасын өз көздерімен көріп, ауыл тынысын бағамдап қайтты.

ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС

Сарқан ауданында бұл бағытағы жұмыстардың жүйелі жүргізілгендігі жақсы сырт көзге де анық көрінеді. Комиссия Сарқан қаласындағы Абай атындағы мектеп-гимназияда, Қарғалы орта мектебінде, Алмалы, Черкасскі ауылдық дәрігерлік амбулаторияларында болып, бұл мекемелердің жылыту мәусымына дайындығын тексеру үстінде жылу температурасының сақталғандығына куә болды. Бұл мекемелерде суйық отын қазандығы талапқа сай, электр жарығы бөлмай қалған жағдайда қосымша генераторлары дайын. Есік-терезелерін қымтап, қысқы суыққа сақадай-сай дайындықта отырған мектептер мен дәрігерлік мекемелердің білім беру мен денсаулық сақтаудағы үлестері еселене түсері айқын.

Ауданда жылыту мәусымына дайындықты ұзын арқан, кең тұсауға салмай ерте бастан қамдаған болатын. Аудандық штаб жаз айларынан бері үш рет бас қосты. Бюджеттік 93 нысанның 44-і суйық отынмен жылытылады. Пограничник, Екіаша орта мектептері мен Островский атындағы мектеп-лицейдің қазандықтарын ауыстыруға 9,2 млн. теңге бөлініп, игерілді. Бұған қосымша 41 қазандық ағымдағы жөндеуден өткізілді, 32 нысанның жылу жүйелері жөнделіп, көмірмен жылытылатын 54 пеш жөнделуден өткен. Бүгінгі таңда бюджеттік сала нысандарына жоспарланған 500 тонна көмір толық жеткізіліп, суйық отынның 60 пайызы қамтамасыз етілген.

Комиссия биыл асфальталған жолдың сапасына ден қойды. Қала көшелерін ағымдағы жөндеу жұмыстарына 21,1 млн. теңге, «Жол картасы» бағдарламасы бойынша 30 млн. теңге бөлініп, аудан орталығы танымастай өзгеріп қалған. Обылыстық маңызы бар жолдарға 82,475 млн. теңге, көпірлерді жөндеуге 18,38 млн. теңге бөлінгендігі және оның толық игерілгендігі елді мекендердің ерекшелігін көтеруге, әлеуметтік-экономикалық жағынан өркендеуіне негіз қалауда.

– Биыл Қойлық-Қарғалы жолына «Жол картасы» бағдарламасы бойынша 62,4 теңге бөлініп, игерілді, – дейді Черкасскі ауылдық округінің әкімі Төлеухан Битимбиев. – Қаңашыл жылдар бойы осы округтегі 6 ауылдың арасына жедел жету арман болып келген. Тұмасқан мұнай сапалы жол көрмеген тұрғындардың ризашылығы шексіз.

Елді мекендерді абаттандыру, санитарлық тазарту, көркейту айлығы нәтижесінде мұнда айтарлықтай жұмыстар атқарылғандығы көзге түседі. Сарқан қаласының орталық төрт көшесіне, Алмалы, Қойлық ауылдарының көшелеріне барлығы 8 аспалы арқалар орнатылып, қаладағы 10 су құбыры ауыстырылған. Алмалы, Қойлық, Лепсі ауылдарының 9,5 шақырым көшелері жарықтандырылып, аудан орталығының көшелеріне ағымдағы жөндеулерден кейін 450 дана жол белгілері, 3 көше қиылысына бағдаршамдар орнатылды. «Тазалық сөрсенбісінде» жалпақ қатысудың нәтижесінде бүгінгі күнге дейін аудан бойынша 155 көше, 145 шақырым арық жүйелері тазартылып, жүздеген тонна қоқыстар шығарылды.

Комиссия Алмалы ауылдық округінде Алматы – Өскемен автожолының бойына отырғызылған көшеттер мен гүлдерді, Қойлық ауылдық округіндегі жарықтандырылған көшелерді, тазартылған арықтарды көріп, Черкасскі ауылдық округіндегі «Жол картасы» бағдарламасы бойынша жөндеуден өткен сапалы жолдармен жүріп, әлеуметтік нысандардың жылыту мәусымына дайындығына көз жеткізді.

Жомарт ИГІМАН.
САРҚАН АУДАНЫ.

●МЕКТЕП – МЕМЛЕКЕТ ТІРЕГІ

ТАЛАП ТАБЫСҚА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Адамзат баласы XXI ғасырға ақпарат ғасыры деген айдар тағып, рухани-мәдени өмірін дамытуға мықтап ден қоя бастағанын білеміз. Осыған байланысты біздің Амангелді орта мектебі де өзіндік жоспарлы жұмыстарының үлесінен шығуда.



Амангелді орта мектебінің ұжымы жаңалықтарын ортаға салуда. «Сыранның батыры» сценарийінен көрініс.

«Ұстаз – мектептің жүрегі» деп тегін айтылмаған. Жан-жақты тәжірибесі мол, білікті оқытушы ғана білімді шәкірт тәрбиелейді. Біздің мектепте сондай мұғалімдер аз емес. Айталық, мектеп директоры Гүлшан Талдыбаевадан бастап, үздік мұғалімдер санатынан өз орнын иеленген О.Ибекеева, К.Үмбетбаева, Н.Қанатова, Б.Жасымбаева, Н.Бекқақов, Д.Сағадиева, А.Тұрғанова, Г.Бекмұратова, А.Елшиева, Т.Мұхаметжанова, А.Қарсыбаева сынақты ұлағатты ұстаздар есімін де зор құрметпен атаймыз.

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Т.Исабекова ұстаздар жұмысын он арнаға бұру бағытымен сабақта жаңа технологияларды кеңінен пайдалану керектігін үнемі еске салып отырады. Соған сай Әйгүл Тұрғанова қазақ тілі пәнінде тірек сызбаларын қолдана, Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Қарлығаш Бітебаева да әртүрлі шаралар ұйымдастырып, тәжірибесін тиімді пайдаланып келеді. Мектепте «Дарын» орталығы жұмыс істейді. Оның жетекшісі ретінде О.Ибекеева оқушыларды ғылымға баулуда нәтижелі істер атқаруда.

Қазір мұндағы 291 оқушыға 39 мұғалім дәріс береді. Олар өткен оқу жылын табысты қорытындылап, аудан бойынша алдыңғы орындардың бірінен көрінді. 2008–2009 оқу жылында 54 үздік, 85 оқу екпіндегі болса, оқушыларымыз Ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижесінде 5 пәндік көрсеткіш бойынша 86 балл, 4 пәндік көрсеткіш бойынша 72 балл жинады. Тестілеуге қатысқан 12 оқушының алтауы грантты иеленіп, түрлі жоғары оқу орындарына түсті. Мектептен екі «Алтын Белгі» иегері шықты. Бүгінде біздің түлегіміз Әйгерім Ержанқызы Қазақ – Британ техникалық университетінің, Самал Әбілдаева әл-Фарабби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің студенті.

Басқа да мақтан етерлік нәтижелеріміз из емес. Мәселен, 1-сынып оқушысы Әділхан Ихсан республикалық «Ақ көгершін» балалар қорының байқауына қатысып жүлделі 3-орынды иеленсе, пән бойынша Анда Талдыбаева облыстық байқауда «Өлкемнің өркіл тұлғалары» атты сөйлетін сөздағыдай көрінды.

Оралхан Бөкей атындағы республикалық байқауда көрнекті оқушеберлі, облыстық ақындар мүшәйрасының жеңімпазы деп танылған ақын, ақылы ана, ұлағатты ұстаз Нәзипа Қанатовнаның орны өз алдына бір төбе. Ол әзірлеген «Сұраншы батыр» атты сценарий бойынша мектеп ұжымы жуырда «Көргені жақсы көш бастар» атты жастар форумына қатысып, ұрпақ сабақтастығын жақсы бейнелей білді.

Мектеп директоры Гүлжан Талдыбаева ізгер, шырақ ұйымдастырушы саналады. Ұрпақ болашағы үшін талмай ізденетін талапты басшының жетекшілігімен табыстан табысқа қол созған ұжым алдағы уақытта да алдыңғы қатардан көрініп береді деп сенеміз. Ол биыл мектепті физика, химия, биология, география пәндері бойынша мамандандырған жас кадрлармен толықтырып, жан-жақты қамқорлық көрсетіп отыр.

Бір сөзбен айтқанда, біздің Сұраншы батыр ауылындағы Амангелді орта мектебінің болашағы жарқын, мұнда білім алып жатқан шәкірттеріміз күні ертең шартарапқа шарықтайды деп зор үміт артамыз.

Гауһар СЕЙФОЛЛА.

СҰРАНШЫ БАТЫР АУЫЛЫ, ЖАМБЫЛ АУДАНЫ.

●БІР КІТАП – БІР ӘЛЕМ

МЕН СЕНЕМІН ЖАСТАРҒА

Қазіргі таңда 60 жылдық тарихы бар Мақта Сқабайқыз басқарат С. Сейфулл атында облыст өмбе кітапхан көптеген шара мұрындық бо оқырмандық мәнді де дәс көздесулерді өткізуді дәстүрге айналдырған. Бұл біріншіден кітапхана жұмысының нәтижелі еңбегі болса, екіншіден қазіргі технология жаулаған, кітапқа сұраныс аз қоғамда оқырмандарды тартуға бағытталған айтулы еңбек десек те болады.

Жақында аталмыш кітапхана «Бір кітап бір әлем» акциясы бойынша тағы бір әдеби-сазды кеш өткізді. Бұл жолғы шара «Мен сенемін жастарға, Алаш атын асқақта» шығарап олар бір таңда деп жас ұрпаққа сенім артып, жігерін жанып, жол көрсетіп көткен сырлыл ақын Мағжан Жұмабаевтың шығармаларына арналды. Жиынға ЖМУ-нын профессоры, академик Тұрсын Сыдықов бастаған әдебиет әлемінің майталмандарының бірі Сайлау Қожағұлов сынды ғалым-ұстаздар қатысты. Алғашқылардың бірі болып сөз алған Тұрсын Сыдықұлы Мағжанның шығармаларына егжей-тегжейлі тоқтала кетіп, әсіресе арыны бөлек, ағынды катты ерекше дарын иесі атанған ақынның сырлыл да назік лирикалары жайлы орамды ойын ортаға салды. Одан кейін сөз алған әдебиетшілеріміз де халық жауы атанып, жазықсыз жаланың құрбаны болған Алаш арыстарының көшбасындағы тұлғалардың бірі – Мағжан ақынның ұрпағына қалдырған асқақ үнді, биік рухты әлеңжырлары жайлы кестелі ойларын оқырмандармен бөлісті. Шараға Талдықорған қаласындағы политехникалық колледждің студенттері және Мағжан Жұмабаев атындағы мектеп-гимназиясының оқушылары мен ұстаздары қатысты. Әдеби шараны облыстық Сүйінбай атындағы филармонияның әншілері әуезді әнге бөленіп тілтен әсерлендіріп жіберді. Кеш соңында қашанда оқырмандарына терін ұсынып, ой толғандыратын ұлы шаралар мен келелі кездесулер өткізіп тұратын кітапхана қызметкерлеріне келген қонақтар да қатысқан оқырмандар да риясыз көңілдерінен алғыстарын білдіріп тарқасты.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

●БІЛІМДІГЕ НҰР ЖАУАР!

Талғар қаласындағы С.Сейфуллин атындағы № 2 орта мектебі білім сапасы, дарынды оқушылар тәрбиелеудегі шығармашылық жетістігі жағынан аудан мектептерінің көшбасында келеді. Сондықтан да Талдықорған қаласынан ауданға алып келінген халықаралық математикалық олимпиада туын осы мектептің озат оқушыларының салтанатты түрде қабылдап алу рәсімі атап өтілді.

ОЛИМПИАДА ТУЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Үлбосын ИСАБЕК,
"Жетісу"

Осы орайда олимпиада жайлы айтар болсақ, 1959 жылдан бері математика пәні бойынша жоғары сынып оқушылары арасында өткізіліп келе жатқан дәстүрлі әлем чемпионатына соңғы жылдары қазақстандық жас дарынды математиктер қатысып, жүлдені орындарды немденуі еліміздің мәртебесін асқақтатып, мерейін өсіруде. Нақтылар болсақ, Ресейдің Мәскеу қаласында өткен аталмыш олимпиадаға Қазақстан тұңғыш рет 1992 жылы бақылаушы ел ретінде қатысты. Келесі жылдан бастап толық құқықты мүшесі болып табылды. Сол жылы Түркияның Стамбул қаласында өткен олимпиадада қазақстандық оқушылар бір күміс, үш қола медаліне жеңіп алса, биылғы жылы Германияның Бремен қаласында өткен халықаралық олимпиадада Қазақстан құрама командасы үш күміс, үш қола медальдарға қол жеткізді. Жалпы халықаралық математикалық олимпиадаларға қатысқаннан бері еліміздің оқушылары 62 медальді жеңіп алған. Олардың 8-і алтын, 17-і күміс, 37-і қола медаль иегерлері. Нәтижесінде, осы бір интеллектуалдық іс-шараның өткізу мәртебесіне ТМД елдері бойынша тұңғыш рет Қазақстанның ие болуы тәуелсіз еліміздің әлемдік деңгейдегі іс-шараларға белсене атсалыса бастағанын айқындай түседі. Міне, 50 жыл бойы ұйымдастырылып келе жатқан халықаралық математикалық олимпиада келер 2010 жылы 51-чемпионатын Астана қаласында өткізбек. Оған 110 мемлекеттің математиктері қатысады деп күтілуде. Бұған еліміздің дарынды да талантты оқушылары, ұстаздар қауымы аса мән беріп, «мыңнан тұлпар, жүзден жүйрік» шығуға бар мүмкіндіктерін жұмылдыруда.

Олимпиада туын қабылдау салтанатына сап түзеген оқушылар Талдықорған қаласындағы № 20 лицейдің 11-сынып оқушысы, математика пәнінен 12 мәрте халықаралық олимпиада жүлдегері атанған Талғар қаласының тумасы Нұрсұлтан Хаджымұратов, осы лицейдің 11-сынып оқушысы, математика пәнінен 8 мәрте халықаралық олимпиада жүлдегері Қанат Сатыханов пен аталмыш лицейдің 10-сынып оқушысы, Балхаш түбегінде өткен математика пәнінен халықаралық олимпиада жүлдегері Ұлжхан Керімқұлды және оларды бастап келген облысымыз бойынша дарынды балаларымен жұмыс істеу орталығының бас менеджері Окатова Светлана Павловнаны құрметпен қарсы алды.

Салтанатта сөз алған аудандық білім бөлімінің бастығы Клара Әбдіхалықова олимпиада жеңімпаздарының көшбасында жүрген Нұрсұлтан Хаджымұратовтың Талғар топырағынан шыққанын жерлестері зор мақтан тұтатындығына тоқтала келіп, талайды таңқалдырар дарынды оқушыларды тәрбиелеуде аудан ұстаздарының тың таппай еңбек ететіндіктеріне, әлі талай шәкірттерінің жарық шыңдарынан көрінетіндігіне сенімдерін білдірді. Бұдан соң мектептің озат оқушылары Абай Ібасаров, Салима Қайыпжанова және Дәулет Смағұловтар сөз алып, халықаралық олимпиадаларда еліміздің намысын қорғап, білімді елдің ұрпақтары екендігін дәлелдей білген олимпиада жеңімпаздарының жарқын сын жалғастырғандықтарын, сол арқылы тәуелсіз еліміздің туын биіктерге желбірететіндіктерін тілге тиек етіп, еліміздің тұңғыш рет өткен алдағы халықаралық математикалық олимпиадасында жеңіске жетулеріне тілектестіктерін білдірді.

Олимпиада туын салтанатты түрде қабылдап алғанын кейін қонақтар назарына халықаралық «Ақ көгершін» байқауының жеңімпаздары «Балауса» би ансамблі өз өнерлерін тарту етті.

ТАЛҒАР ҚАЛАСЫ.

●БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ

БІЗ ТҰРҒЫЗАТЫН ҚОҒАМ

қандай болуы тиіс?

Алматы облысының балалардың құқықтарын қорғау департаменті мен Ескелді аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Отансүйгіштік тәрбиесіндегі адамгершілік-рухани құндылықтардың жалпы адамзаттық дәстүрлері» атты шара өтті. Ескелді ауданы, Қарабұлақ орта мектебінде ұйымдастырылған шараға ардагер ұстаздар, аудандық ардагерлер кеңесінің өкілдері, мектеп директорларының тәрбиесі жөніндегі орынбасарлары мен мектеп оқушылары қатысып, баланы құқықтық сауаттылыққа тәрбиелей отырып, оларды іскерлікке, кішіпейілділік, мейірімділік сияқты адамгершілік-рухани құндылықтарға баулу мәселесі талқыланды.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Бала құқықтары туралы Конвенцияның 20 жылдығына орай өткен шараны аталған департамент директоры Гүлнар Ермекбаева ашып, жүргізіп отырды. Алдымен кездесуге келгендерге шараның маңызы мен міндеттерін түсіндіріп өтті.

– Бала құқықтарын қорғау бүгінгі таңдағы ең басты тақырыптың біріне айналып келеді. Осыған орай, 1989 жылы 20 қарашада БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының Сессиясында 54 баптан тұратын Конвенция қабылданған еді. Міне, осы Конвенцияның негізгі міндеттері мен «Балалардың өмір сүруі үшін жарамды әлем» атты Декларацияның іскә асуына сай Президент Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық Конвецияға 1994 жылы қол қойды. Еліміз бұл құжатқа 156-шы болып қосылды. Содан бері балалар құқығын қорғау жөнінде жұмыстарына 21,1 млн. теңге, «Жол картасы» бағдарламасы бойынша 30 млн. теңге бөлініп, аудан орталығы танымастай өзгеріп қалған. Облыстық маңызы бар жолдарға 82,475 млн. теңге, көпірлерді жөндеуге 18,38 млн. теңге бөлінгендігі және оның толық игерілгендігі елді мекендердің ерекшелігін көтеруге, әлеуметтік-экономикалық жағынан өркендеуіне негіз қалауда.

– Биыл Қойлық-Қарғалы жолына «Жол картасы» бағдарламасы бойынша 62,4 теңге бөлініп, игерілді, – дейді Черкасскі ауылдық округінің әкімі Төлеухан Битимбиев. – Қаңашыл жылдар бойы осы округтегі 6 ауылдың арасына жедел жету арман болып келген. Тұмасқан мұнай сапалы жол көрмеген тұрғындардың ризашылығы шексіз.

Елді мекендерді абаттандыру, санитарлық тазарту, көркейту айлығы нәтижесінде мұнда айтарлықтай жұмыстар атқарылғандығы көзге түседі. Сарқан қаласының орталық төрт көшесіне, Алмалы, Қойлық ауылдарының көшелеріне барлығы 8 аспалы арқалар орнатылып, қаладағы 10 су құбыры ауыстырылған. Алмалы, Қойлық, Лепсі ауылдарының 9,5 шақырым көшелері жарықтандырылып, аудан орталығының көшелеріне ағымдағы жөндеулерден кейін 450 дана жол белгілері, 3 көше қиылысына бағдаршамдар орнатылды. «Тазалық сөрсенбісінде» жалпақ қатысудың нәтижесінде бүгінгі күнге дейін аудан бойынша 155 көше, 145 шақырым арық жүйелері тазартылып, жүздеген тонна қоқыстар шығарылды.

Комиссия Алмалы ауылдық округінде Алматы – Өскемен автожолының бойына отырғызылған көшеттер мен гүлдерді, Қойлық ауылдық округіндегі жарықтандырылған көшелерді, тазартылған арықтарды көріп, Черкасскі ауылдық округіндегі «Жол картасы» бағдарламасы бойынша жөндеуден өткен сапалы жолдармен жүріп, әлеуметтік нысандардың жылыту мәусымына дайындығына көз жеткізді.

Жомарт ИГІМАН.
САРҚАН АУДАНЫ.

Алматы облысы бойынша жекелеген азық-түлік өнімдерінің, көкөніс жемістердің, халық тұтыну тауарларының орташа импорттық және бөлшек сауда бағаларының салыстырмалы кестесі

(16.10.-22.10.09ж аралығында)

Тауардың аталуы	Өлшем бірлігі	Кедендік тазалаудан кейінгі орташа импорттық баға (тасымалдау мен кедендік төлемдерді ескере отырып), бір бірлікке бір теңге	орташа жекелеген сауда бағасы*	Бөлшек сауда мен импорттық орташа бағалардың ауытқуы, қанша есе
	жеміс-жидектер	Жеміс-жидектер		
Қарпоз	кг	37	63	1,7
Пияз	кг	58	61	1,0
Қияр	кг	84	122	1,5
Банан	кг	69	265	3,8
Лимон	кг	114	430	3,8
Алма	кг	88	117	1,3
		Азық-түлік		
Тауық еті	кг	184	436	2,4
Күріш	кг	68	238	3,5
Пастерленген сүт	кг	90	88	1,0
Ірімшік	кг	797	1 256	1,6
		Халық тұтыну тауарлары		
Тіс пастасы	кг	494,00	2 013,00	4,10
Кір сабын	кг	463	870,00	1,9
Шампунь	кг	477	1 667,00	3,5
Жемпір, свитер, пиджак	дана	1 887	2 225,00	1,2
Өлшегіш аспаптар	дана	3 246	5 638,00	1,7
Балалар жейдесі	дана	973	2 625,00	2,7
Ерлер майкасы	дана	300	356,00	1,2
Ерлер іш киімі	дана	230	289,00	1,3
Әйелдер үшкі	дана	1 384	2 975	2,1
		Өнеркәсіптік тауар (ҚҚС)	Жалпы белгіленген тариф	
Халықтың тұтыну тауарларын тасымалдайтын бір автокөлік құралынан өндірістің кедендік төлемдер мен салықтардың орташа төлемдеуіне).		2 972 512	738 968	
Көлемдегі мен жүктерді тасымалдайтын бір автокөлік құралынан өндірістің кедендік төлемдер мен салықтардың орташа төлемі (теңге).			257,195	

** 15.09.2009 ж. орташа жеке (статистика бойынша ҚР Агенттігінің көрсеткіштері).*
*** 23.09.2009 ж. орташа жеке (статистика бойынша ҚР Агенттігінің көрсеткіштері).*
****Жүк көтерімділігі тіркеуісті автокөлік құралдары.*

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША КЕДЕНДІК БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ.

Алматы облысының әкімдігі және облыстық мәслихат Қазақстан Республикасы Президенті әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы Қалижан Серікұлы Әбдірайымовқа әкесі

Серіктің

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Талдықорған қаласы әкімінің аппараты, қалалық мәслихат Қазақстан Республикасы Президенті әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы Қалижан Серікұлы Әбдірайымовқа әкесі

Серіктің

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Атайының, туыстары.

Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны. ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ: Алматы облысының әкімі

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, N3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

Жетісу
e-mail: Jetisu 2002@ mail. ru

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілді, беттелді. Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Алты машинкелік беттен асатын материалдар қабылданбайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, "Адамты — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылды. М 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Қазақ... ЛДІБАЕВ.

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ. ТАПСЫРЫС —1390. ТАРАЛЫМЫ — 31850. ИНДЕКСІ - 65469.

...4-37-11, байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары — 21-01-90, 24-33-02, жауапты ..., экономика және спорт бөлімі — 24-34-06, ..., өнер және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі — ...лер бөлімі — 24-32-43, білім және ғылым бөлімі — 24-30-57, фотолшілер -21-21-55, хат және шығарт бөлімі — 24-29-82, есеп-қисап бөлімі — 24-35-28. Алматы қаласындағы тілшілер қосыны —279-13-37 (факс), 79-13-86, 79-36-43. Мемшікті тілшілердің аудандардағы телефондары: Үшаралда — 2-12-57, Панфиловта — 5-12-21, Райымбекте — 2-22-05, Ескелді — 2-19-33. Газет табық етілмесе — 72-59-01 телефонымен хабарласу керек.

Әуелде әке айтпаса ақыл-жарлық,
Ағайын табылмаса ой саларлық.

Қалжың басып өткізген қайран дәурен,
Бір күндер тартқызбай ма ол бір зарлық.
Абай ҚҰНАНБАЕВ.

АРДАГЕР

№20(26)

АЙЫНА ЕКІ РЕТ ШЫҒАТЫН ГАЗЕТ ІШІНДЕГІ ГАЗЕТ

Бейсенбі, 22 қазан, 2009 жыл



Төле би:

Атадан ұл туса игі,
Ата жолын қуса игі.
Өзіне келер ұятын,
Өзі білін тұрса игі.
Жаудан бұққан немені,
Ортасынан қуса игі!



Қаз дауысты Қазыбек би:

Алтын ұяң – Отан қымбат,
Құт-берекең – атаң қымбат,
Аймалайтын анаң қымбат,
Мейірімді апаң қымбат.
Асқар тауың – әкең қымбат,
Туып-өскен елің қымбат.
Ұят пенен ар қымбат,
Өзің сүйген жар қымбат.



Әйтеке би:

Ашу деген ағын су,
Алдын ашсаң арқырар.
Ақыл деген дария,
Алдын тоссаң тоқырар.
Кісі бірге туыспау керек,
Туысқан соң сөз қуыспау керек.
Сөз құған бәлеге жолығады,
Жол құған олжаға жолығады.

ЖОЛДАСТЫҢ ЖАҚСЫСЫ БАР, ЖАМАНЫ БАР

Дүние алтын сарай-ды,
Өткіздік біз талайды.
Жолдас болсаң жақсымен,
Қабағыңа қарайды.
Көмектесіп аянбай,
Қажетіңе жарайды.
Қаттырақ сөз айтуға,
Жаны ашып сені аяйды.
Құрметпенен сыйласып,
Ішкен ас бойға тарайды.

Жолдас болсаң жаманмен,
Өткен менен кеткенді
Сыртыңнан жүріп санайды.
Көбейтіп өсек жамайды.
Былапыт сөзі досыңның
Сол аймаққа тарайды.
Желге ұшып кеткендей,
Сыйластығың талайғы.

Ақындар жырын арнайды,
Түсіндіріп бар жайды.
Бір күнгі конған қонақ та
Қонатын үйін таңдайды.
Қайырымды ер болсаң,
Кім тілдеп сені қарғайды.
Ел қадірін білмесең,
Шеңіңе ешкім бармайды.

Жақсы болса алғаны,
Жігітте арман қалмайды.
Балдырғандай ұл сүймей,
Сірә де мейірің қанбайды.
Артыңда бір ұл қалмаса,
Түтінің өшіп, жанбайды.

Ауырғанда жан қайғы,
Ақынның тілі ұзындау,
Талай жерді шарлайды.
Осылай айтып бермесем,
Ақын деп халық нанбайды.
Жаман жолдас ауырсаң,
Көңіліңді сұрап бармайды.
Өтірік күліп көргенде,
Қу тілімен алдайды.

Әсімхан ҚОСБАСАРОВ,
Қазақстанның Халық ақыны.

■ БАЙҚАУ

ӘЖЕ – ОТБАСЫНЫҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ



Таяуда Талдықорған қаласындағы №25 орта мектепте «Әже – отбасындағы алтын қазық» атты қалалық әжелер байқауы өтті. Облыстық ардагерлер кеңесі мен ардагер әжелер кеңесінің ұйымдастыруымен қолға алынған шараға қаламыздағы 23 әже қатысып, ұрпақ тәрбиесіндегі ұтымды ойларымен бөлісті. Шараның ашылу салтанатында болған облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Егеубек Далбағаев әжелерді құттықтап, сөз сөйледі:

– Иә, халқымыздың тарихына тереңірек үңілер болсақ, қазақ қыздарына тән байыптылық пен парасаттың, ерлік пен ел қорғаудың жарқын іздерін көптеп кездестіруге болады. Кешегі тотыдай түрленген Баян сұлу, Ақжүніс сияқты аруларымызбен елін сыртқы шапқыншылықтан қорғауда ерлермен бірге атқа қонып, қолына шашақты найза ұстаған Томирис, Әлия мен Мәншүк сияқты батыр қыздарымыздың қатары из емес. Ал бір руды елдің мақтанышына айналған аналарымыз қаншама? Айта берсең жеткіліксіз. Әрине, бізге солардың үлгісін жасадық. Енді, міне, әжелеріміздің бала тәрбиесіндегі асыл ойларын ардақтау тұрғысында аталған шараны қолға алып отырмыз. Өйткені, аналар тағылымын дәріптеу тәуелсіз елдің кемел келешегін қалыптастырудағы түйінді мәселе болмақ, – деді сөзін түйіндеп.

Осыдан кейін минберге көтерілген Талдықорған қаладық ардагер әжелер ұйымының төрайымы Гүлжамаш Есенбаева байқаудың шарттарымен таныстырды.

Байқау тоғыз номинация бойынша өтті. Онда қатысушыларға әженің отбасындағы рөлі, жауапкершілігі, ақ жаулықты аналарымыздың ұлылығы, тарихтағы данагөй әжелеріміздің даналығы мен бүгінгі аналарымыздың асыл қасиеттерін жан-жақты ашып көрсету талап етілген. Ягни, қоржынға жасырынған сұрақтарды алған үміткер көпшіліктің алдында ашық жауап берді. Әділқазылар сұрақтарға берілген жауаптардың салмағына қарай ондық балл бойынша жеңімпазды анықтады. Сондай-ақ, үміткерлердің жауабымен бірге оның отбасындағы орны, жұбайымен қанша жыл отасқаны, неше бала тәрбиелеп өсіргені, немересіндегі тәрбиесіндегі үлгілі тұстары мен киім үлгісіне де мән берілді.

Байқауға қатысқан 23 үміткердің дені Алтын және Күміс алқа иегерлері, көрнекті мен түйгені көп болғандықтан шарты мен салмағы ауыр бәсекеден сүрінген жоқ. Қайта ұрпақ тәрбиесінде ескермей отырған тұстарымызды байыпты ой, терең толғамды пікірлерімен анықтап берді. Бұл ұтымды ойлар шараға қатысқан жастарға, әсіресе, жас аналарға үлкен ой салғаны анық.

Иә, бәсеке болған соң оның жеңімпазы болатыны анық. Облыстық ардагер әжелер кеңесінің төрайымы Дина Нұрғалиева бастаған әділқазылардың бағасына сай, №14 мектеп-гимназиясы атынан сынға түскен Минуар Баймолдаанова бас жүлдеге ие болды. Ал, №17 орта мектептен Асия Садыкова бірінші орынға табан тіресе, Б. Жолбарысұлы атындағы №18 орта мектеп-лицейінен Бағила Азанбаева екінші орынды, №25 мектептен Мақира Бұқабаева үшінші орынды иеленді. Жеңімпаздарға Алғыс хаттан бірге бағалы сыйлықтар табыс етілді. Бас жүлдені жеңіп алған Минуар Баймолдаанова 6-қаңтар күні өтетін «Әже – отбасындағы алтын қазық» атты облыстық байқауда қаламыздың намысын қорғайтын болады.

Әрине, байқау өз мәресіне жетті. Алайда, әжелерімізді бәсекеге жеңімпаз атану үшін қатыстағанын, қайта осы сында өздерін толғандырып жүрген ойлары арқылы жастарға жол көрсеткендерін мақтаныш етеді. Сонымен бірге мұндай шаралардың көптеп өткізілу керектігін де тілге тиек етті. Өйткені, жастар жаһандануын желігінде кетпеуі үшін ұрпақ санасына қазақи отбасы тәрбиесінің асыл қасиеттерін сіңіру керек. Сонда ғана ірге тегіміз берік, отбасымыз берекелі болады деп тарады.

Қажет АҢДАС.

■ ҮНДЕУГЕ ҮН ҚОСУ

Сөз жүзінде қалмасын

Қазіргі кезде мектеп оқушыларының ғана емес, жоғары білім беретін оқу орындары студенттерінің арасында да темекі тарту мен арақ ішу, бұзақылық, ұрлық жасау, нашақорлыққа бару сияқты зиянды әдеттер етек жайып барады.

Ондай зиянды әдеттерге үйір емес деген жастардың өздерінің бойларында кемшіліктер көп. Олай дейтінім, көкөрім жастардың көпшілік жерлердегі орындықтарға өз аттарын шимайлап, ұятсыз сөздер жазуы, орындықтарға аяғын салу мен көпшілік жиналған жерлерде түкіріп, қақыруы, боқтық қосып сөйлеуі сияқты жаман қылықтарын көріп жүрмыз.

Мұның бәрін мектепке жаба берудің орны жоқ деп ойлаймын. Ата-аналар мектеппен бірігіп жұмыс жасамайды, бұл мәселені талқылау да тек сөз жүзінде қалады. Бұл туралы айтылып, жазылып та жатқанымен ешқандай нәтиже шығып жатқан жоқ.

Осындай жаман қылықтардың алдын алу үшін бұл жұмысты мектеп қабырғасынан бастаса деп ойлаймын. Мұғалімдер сабақтан тыс шаралар барысында ата-аналарды қатыстыра отырып жаңағыдай жаман қылықтардың зиянды туралы жиі әңгімелесе, мұндай әңгімелерді киножурналмен толықтырылып отырса өте тиімді болар еді. Өз кезегінде ата-аналар да әдептілік ережелерін балаларының құлақтарына құйып отырғандары жөн. Сонда ғана облыстық ардагерлер кеңесінің үндеуінде көтерілген әдептілік жайындағы мәселелер сөз жүзінде қалмайды. Балдырғандардың болашақтарын айқындайтын жайттардан уақытты да, қаржы-қаражатты да аяп қалуға болмайды.

Бекетай СҮЛЕЙМЕНОВ.
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ.

■ ЫНТЫМАҚ – ҮЙЫМНАН

КӨП ТІЛЕГІ – КӨЛ

Халқымыздың ғасырлар сынынан өткен салт-дәстүрлерінің құндылығы жайында айтып-жеткізудің өзі қиын. Тоқсан ауыз сөздің түйінін бір-ақ ауыз сөзбен жеткізетін мақал-мәтелдерінің өзі неге тұрады? Жақында машина апатына байланысты болған екінішті бір жағдайдан соң ойыма «Көп түкірсе көл болады» деген осындай мақалдың бірі оралды.

Оқырманға түсінікті болуы үшін оқиғаны кеңірек баяндап берейін. Өткен қыркүйек айының аяғында Жұмабек Бабақұмарұлы деген оралман ағайын таңертеңгілік мезгілде қытайлық шағын трактормен жүгін басып жолға шығады. Көлік тіркемесіне туыстарымен бірге өзі жайғасады. Көксу ауданына таяп қалғанда аса үлкен жылдамдықпен келе жатқан «Джип» автомашинасымен соқтығысқан тіркеме аунап, Жұмабек пен күйеу жігіт, қарындасы үшеуі де жол үстіне құлап түседі. Тосын болған апаттың салдарынан Жұмабектің миына қан құйылса, қарындасының да миы шайқалып, белдемесі сығылып, жамбас сүйегі шытынап, екеуі де ауруханаға жеткізіледі.

Көксу аудандық ауруханасындағы дәрігерлердің қаншама күш салғандықтарына қарамастан Жұмабек қайтыс болады. Оның жанұясында шеттей екі баласы мен айы-күні жетіп қалған аяғы ауыр әйелі ғана қалды. Аяқ астынан келген қайғы-қасірет осылайша бір отбасының шаңырағын қатты шайқалтты.

Атамекенім деп алыстан көшіп келген ағайынның басына түскен мұндай ауыртпалық ешкімді бейжай қалдырған жоқ. Сол ауылдың қайтыс болған тұрғынын жерлеу кезінде ауыл имамы Масғұтұлы Ұлан қажы көпшілікке Жұмабектің отбасына түскен ауыр жағдай туралы айтып, қолдан келгенінше көмек беруге, басқа сөзбен айтатын болсақ, ата-салтымыз бойынша жылу жинап беруге шақырады. Нәтижесінде Жұмабек емханада жатқан кезде ауылдас ағайындар 150 мың теңге жинап, көмектерін көрсетеді. Жұмабек қайтыс болғаннан кейін де Тастөбе, Көлпе, Жетіқал, Көксу, Бесқайнар, Кеңарал ауылдарының тұрғындары көмектерін атайды. Мәселен көршісі Серік Тәжібаев бір өгіз атаса, Ұлан қажы бастаған отбасылар бір-бірден ұсақ мал жинап берген. Осылайша жиыны 25 түйе, ұсақ мал жиналады. Мұнан басқа көпшілік қосымша 124 мың теңге ақша жинап береді. Ауыл мешіті 10 мың теңге көлемінде көмек көрсетсе, көршілері ыдыс-аяқ пен азық-түлік, отын мен киім-кешек беріп, қанатымен су сепкендей қарлығаштай болып, тілектестік ниеттерін білдіреді. Сөйтіп, қазан айының бірінші жұлдызында Жұмабектің жаназасын шығарып, жерлеу рәсімі өткізілді.

Ұлан қажы жаназа үстінде көпшілік болып көмек көрсетудің мұндай үлгісін тәуекел тартқан басқа отбасыларына да қолұшын беру кезінде көрсету қажеттігін айтып өтті. Имам қиындыққа ұшыраған мұндай отбасыларына көмек көрсетудің шариғат бойынша да сауабының көп екендігін еске салды.

Міне, бұдан «Көп түкірсе көл болады» деген қазақ мақалының құндылығын көре аламыз. Көмек көрсеткен ағайындарға үлкен алғыс сезімімізді білдірумен бірге осылайша ұлттық бірлігімізді күшейтіп, берекемізді арттыра берейік деген ойға тоқтадық.

Аға ұрпақ өкілдері бұрындары қиындыққа ұшыраған отбасыларына ағайындары осылайша жылу жинап, көмек көрсеткендіктен жақсы біледі деп ойлаймын. Сол дәстүрімізді осылайша жаңғыртқа түскеніміз жөн шығар. Сонда бізге ешқандай дағдарыстың зардабының қатты тие қоймайтындығы айдан анық.

Рахмет ҚОЙШИН.
БЕСҚАЙНАР АУЫЛЫ,
КӨКСУ АУДАНЫ.

Байланыс телефондары (Талдықорғанда) 8(7282) 24-38-16, 24-33-02; (Алматыда) 8(7272) 79-13-37, 79-13-86.

БАЙҚАУ

ЖАС ОТБАСЫ – МЕМЛЕКЕТ НЕГІЗІ

«Отбасы – адамдар қарым-қатынасының алғашқы түрі, ол мемлекеттің алғашқы ұяшығы. Сондықтан да, мемлекетте отбасының орны ерекше және оны еңге терең түсіндіру қажет», – дейді Аристотель. Расында да ұлттың да, мемлекеттің де ұйытқысы – отбасы. Біз әрқайсысымыз бір-бір отбасының өкіліміз. Ендеше қазақ отбасының өткірі ретінде келешегі тәуелсіздікті нығайту кезеңінде елімізде егемендігіне сақтап қалуға, ұлтымыздың мерейін өсіруге тиіспіз. Қазақ елінің егемен ел болуы, ұлығайыр кең жерді немдекуі ардымен ата-бабамыздың ерлігі мен еңбегінің арқасы екендігін ұмытпауымыз қажет. «Қазақстан деген мемлекетте отбасы ұғымы абыройлы, асқақ түсінікке айналуы тиіс. Жастарды отбасылық құндылықтарды құрметтей білуге шақыру, жастар саясатын жүзеге асыру біздің басты міндет. Сондықтан жас отбасылар арасында облыстық байқау ұйымдастырудың жөн деп санадық», – дейді облыстық «Жетісу жастары» орталығы директорының орынбасары Гауһар Жалғасбұлқызы.

Алматы облыстық «Жетісу жастары» орталығының ұйымдастыруымен «Жас отбасы – мемлекет негізі» атты байқау І Жаңсүгіров атындағы Мәдениет сарайында өтті. Аталмыш шарага облысымыздың аудан, қалаларынан келген жас отбасылар қатысты. Жарыстың шарты бойынша өздерін таныстырудан бастаған жұптардың отбасындағы бір күні жайындағы түсірілген бейнебаян, жанұялық өмірден сыр шертетін фотокөрме ұйымдастырылды. Ал, екінші кезеңде қатысушылар өнерлерін ортаға салса, үшінші кезеңде ұйымдастырушылар тарапынан қойылған сауалдарға жауап берді, соңғы кезең бойынша сахна төріне шыққан әр жұп кешкі киім үлгісін көрсетті.

Байқауда бақ сынаған әр жұп өзіндік ерекшеліктерін таныта білді. Дегенмен де, кереметтің ерекше ықпалына бәлеңгедер де болды. Атап айтсақ, Қаратал ауданынан қатысқан Бауыржан мен Нәзия, Есікті ауданынан Есболат пен Нұрлана және Ақсу ауданынан келген Жасұлан мен Сәуле. Байқаудың басынан бастап көпшілікті таңдай қақтырып, таңғалдырған бұл жұптар байқау қорытындысында жүлделі орындарға ие болар деп үміттендік те. Ойлағанымыздай болды. Сонымен, бірінші орынға Есікті ауданынан қатысқан Есболат пен Нұрлана лайық деп танылса, екінші орынды Ақсулық Жасұлан мен Сәуле иеленді. Ал үшінші орын кәнигетті Қаратал өңірінен қатысқан Бауыржан мен Нәзияға берілді. Жеңімпаздар арнайы дипломмен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Сәрби ҚАСЫМБЕККЫЗЫ.

НАШАҚОРЛЫҚ – ДЕРТ

«Нұр Отан» ХДП Алматы облыстық филиалы мен ҚР ІІМ Талдықорған әскери тергеу басқармасы бірлесе отырып «Әскер қатарында нашақорлыққа орын жоқ» атты республикалық акция аясында әскери қызметкермен кездесу өткізді. Онда «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалы құқамдық-саяси жұмыстар бөлімінің кеңесшісі Аманжол Жазықбаев, ҚР ІІМ Талдықорған әскери тергеу басқармасы бастығының орынбасары Олжас Жұмағұлов осынау игі шараның басты мақсаты – жастарды, әрине, әскери қызметкерлерді нашақорлықтан және тағы басқа жағымсыз әрекеттерден аулақтату екендігін баса айтты.

Ел ертеңін ойласақ

Ал облыстық СПИД орталығының бөлім меңгерушісі Ардақ Тілеуқанқызы кәсіби білікпілері жоғары мамандар ретінде қасыр дерт – СПИД және тағы басқа жанжыстық жолмен жұғатын жұқпалы ауруларға ешқай-тегжейл тоқталды. Ашық әрі ұғынықты айтылған маман кеңесі елімізді ертең болып саналатын бүгінгі ұрпаққа қандай да бір қадам жасар алдында қорғану керектігін жете түсіндірді. Ардақ Тілеуқанқызы бүгінгі акция шеңберінде жиналысқа қатысушыларды еркін түрде тексеруден өткізуге дайындалып келгендіктерін де айтып өтті.

Жастар арасында сапаулатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері мен әскерлік заттардың зиянділығы жайын Талдықорғандағы «Дос» жастар денсаулығы орталығының жетекшісі Гүлмира Кенжекова өңіметеді.

Сәйтіп, жастарға арналған игі шара өз мәресіне жетті.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

Қазақстан-2030

– Гүлнар Өмірбекқызы, балалардың құқықтары туралы Конвенцияның қабылданғанына 20 жыл болды. Еліміз бұл ұйымға 1994 жылы кірді. Өңіміздің Конвенцияның бағыты мен ұстанымын бағындай отырып, осы жылдар аясында қандай жетістіктерге жеткеніміз бен нендей жаңалығымыздың болғанынан бастасақ.

– Өрине, 1989 жылы, 20 қарашада БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының сессиясында 54 баптан тұратын Конвенция қабылданған еді. Онда балалардың табиғи нәзіктілігіне байланысты ерекше қамқорлық пен қорғауды қажет ететіндігі, әсіресе, басты қамқорлық пен жауапкершілік отбасы иелеріне жүктелгендігі көрсетілген. Сондай-ақ, баланы туылғанға дейін және туылғаннан кейін құқықтық қорғау қажеттігі, оның туған халқының мәдени құндылықтарын құрметтеу маңыздылығы және бала құқығын қорғау жолында халықаралық ынтымақтастықтың рөлі де көзделген. Бұл құжатта балалардың өмір сүру, тіршілік ету, даму және қорғау құқықтары нақты белгіленген.

Конвенцияның негізгі міндеттері мен «Балалардың өмір сүруі үшін жарамды әлем» атты декларацияның іс-қимыл жоспарына сай Президент Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық құжатқа 1994 жылы қол қойды. Еліміз бұл ұйымға 156-шы ел болып қосылды. Содан бері балалар құқығын қорғау жұмысы жандаңып, бірқатар игілікті шаралар атқарылып келеді.

Соның бірі – «Бәбек» қорының президенті Сара Назарбаеваның бастамасымен дайындалған «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани тәрбие беру бағдарламасы. Бағдарламаның басым бағыттары туралы Сара Алпысқызы: «Балалардың бүгінгісі мен келешегіне қамқорлық жасау – біздің ортақ міндетіміз. Үлдарымыз бен қыздарымыз өмірде қандай таңдау жасамақ? Олар қайырымдылық жолымен жүре ме, адамдарға пайда әкеле ме, әлсіздерге көмектесе ме, қоршаған әлеммен үйлесімді өмір сүре ме, жасампаздық немесе күйреу жолына түсе ме – осыларға біздің барлығымыз және жеке алғанда орқайсымыз жауаптымыз», – деп көрсеткендей, бұл кешенді бастама бүгінгі таңдағы қоғамдық сұранысты қанағаттандыруға, балалардың құқықтық сауаттылығын арттыруға қосылған қомақты үлес екендігі даусыз. Осыған орай, облысымызда «Өзін-өзі тану» бағытында 6 эксперименттік алаң жұмыс жасайды. Атап айтсақ, Талдықорған қаласындағы №14 мектеп-гимназия, №42, №45 балабақшалары, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті және Қарасай ауданының Абай атындағы орта мектеп-гимназиясы мен «Сәндуғаш» балабақшасы жоғарғы дәрежеде жасөспірімдерді тәрбиелеп, білім беруде. Оның айғағы ретінде жуырда ғана І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде өткен «Мейірімділік бастауы» атты эксперименттік алаңдар мұғалімдерінің кезекті жылдық есеп беру отырысын айтуға болады. Онда қол жеткен нәтижелер саралынып, ендігі кезекте атқарылатын жұмыс жайы талқыланды.

– Иә, бала құқығын қорғау бүгінгі таңдағы басты тақырыптың біріне айналып келеді. Бұл ретте атқарылып жатқан игілікті шаралар да көңіл қуантарлық деңгейде. Осыған орай, өзіңіз басқарып отырған департаменттің екі жылдан бергі жұмыс нәтижесі мен өндігі бағыты туралы әңгімелесеңіз.

– Өздеріңіз білетіндей, Алматы облысының балаларының құқықтарын қорғау департаменті 2007 жылдың 10 қазанынан бастап жұмыс істеп келеді. Қазір мұнда 4 бөлім бар. Атап айтар болсақ, балалардың құқықтарын қорғау, мониторинг және ақпараттық-талдау қызметі бөлімі аумақтағы балалардың жағдайы бойынша зерттеулер жүргізеді. Қорғаншылық және балаларға көмек көрсету бөлімі қамқоршылық, қорғаншылық, патронат, асырап алу мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдармен жұмысты үйлестіруге ықпал етеді. Адамның адамгершілік-рухани дамуы бөлімі «Өзін-өзі тану» бағдарламасы аясында баланың адамгершілік-рухани дамуына және тәрбиелеуі жөнінде мемлекеттік бағдарламалар бойынша жергілікті атқарушы органдармен, үкіметтік емес қоғамдық ұйымдармен бірлесе қызмет етеді. Осы арқылы адамгершілік-рухани құндылықтардың ең озық тәжірибесі мен әдет-ғұрпын таратуға ықпал жасап, отбасы және отбасылық тәрбие құндылықтарын насихаттайды. Ата-аналардың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігін арттырып, адамгершілік-рухани дамуына бағытталған балалар әлеуметтік бастамаларының қызметін үйлестіреді және қолдайды, жобаларды жүзеге асырады. Отбасы, бала және жастарға адамгершілік-рухани ағарту мәселелері бойынша психологиялық-құқықтық кеңес береді. Осы бөлімдер көптеген қызмет атқаруда. Соның біреріне тоқталар болсам, біздің департаменттің ұйымдастыруымен 2009 жылы **140** рейдтік іс-шаралар өтті. Оқумен қамтылмаған балалар анықталып, мектепке орналастырылды. Баспанасы жоқ немесе тастанды балалар қамелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу, оңалту орталығында, балалар үйінде тәрбиеленуіне мұрындық болдық. Алдағы уақытта да осы бағыттарда тиянақты жұмыс жоспарларымыз бар.

– Өріне, балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған акция немесе кездесу, тағы басқа іс-шаралар жиі өткізіледі. Нәтижесі де қомақты. Алайда, бір байқағаныңыз, мұндай шаралар көбінде қалалы жерлерде ұйымдастырылуда. Біздің халқымыздың 60 пайызға жуығы ауылда қоныстанған. Көп балалы отбасылар да сонда. Мәне, осы шалғайдағы елді мекендегі балалар назардан тыс қалып жатқан жоқ па?

– Расында, ауқымды іс-шаралардың көбісі облыс орталығында өтеді. Бірақ ауылдағы ағайындар да назардан тыс қалды деуге болмайды. Біз өз жұмысымызда Алматы облысының барлық аудан қалаларын қамтимыз. Мысалы, республикалық «Мектепке жол» акциясы Алматы облысының түпкір-түпкірінде өтіп, облыс бойынша 12 857 тұрмыс жағдайы төмен оқушыға 35 758 900 теңге көлемінде материалдық көмек көрсетілді. Мұнда көп балалы отбасыларға баса назар аударылды. Сондай-ақ, «Түнгі қаладағы балалар» республикалық акциясының аясында сәтсіз отбасыларын, қараусыз және панасыз қалған балаларды анықтау, балалар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатындағы рейдтік шаралар негізінен ауылдық жерлерде жүргізілді. Сонымен бірге балаларға облыстық басқарма, департамент басшылары, аудандық, қалалық әкімдіктер тараптарынан қомақты көмектер көрсетілін, жұмыстар жалғасуда. Мұның ішінде Талдықорған қаласы әкімдігі, Сарқан, Алакөл, Ақсу аудандық әкімдіктері барынша қолдау көрсетсе, демеуші ретінде бізге қолұшын берген кәсіпкерлер мен банк әкімшіліктеріне де алғысымыз шексіз.

– Өңіріміздегі балалар құқықтарының бұзылуының басты себептері қайсы? Отбасы, мектеп, қоғам жауапкершілігін өз деңгейінде орындап жатыр ма? Нақты дәлел келтіре кетсеңіз?

– Нарықтық экономиканың заңдылығы ма, әлде шет елге еліктеу үдерісі ме, кім білсін? Көңілге қонымсыз, қазақы болмысымызға жат әрекеттер жастарымыздың бойын жаулап, елге тұтқа болатын саналы ұрпақ тәрбиесіне немкетті қарайтындар көбейіп барады. Қазіргі күнде байлыққа деген ашкөздік тамырымызды үңгіп барады. Бәсекелестік салдарынан кейбір ата-аналар жаңа үй салып, оны жақсы жиһазға толтыруды немесе көлік сатып алудың қамын ойлап қолы босамай жүрсе, енді біреулері киер киім, ішер астың әлегімен бала тәрбиесіне көңіл бөлуді қойды. Әкіншітсі, кейбір отбасындағы балалардың тағдыры ата-аналарын мүлде толғандырмайды. Есепте тұрған жеткіншектердің арасында жағдайы жақсы отбасылардың перзенттері де бар. Осы ретте ата-аналарға кеңес берілгенімен, оны орындап жатқандары шамалы. Керісінше, жасөспірімдер тәрбиесімен тек мектеп айналысуы керек деп ауыр жүкті мұғалімдерге итере салатын келеңсіздік белең алып барады. Ал кәгілдір экранда қазақ баласына арналған телеканал болмағандықтан қарақөздеріміз күні бойы басқа елдің мультфильмдерін тамашалауға мәжбүр.

Тағы бір бас ауыртып, балтыр сыздататын мәселе – тастанды балалар тағдыры. Қазіргі таңда облысымыздағы көмекші мектеп-интернаттарда – 971, жалпы типтегі мектеп-интернатта – 1814, балалар үйлерінде – 497, отбасы үлгісіндегі балалар үйінде – 33, жетім бала мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған жекеменшік мекемелерде – 171, ақыл-есі кем балалар үйінде – 258 бала тәрбиеленуде. Оның 70 пайызға жуығы ұлдар. Ертең ел іргесін қорғайтын ерлеріміз міне, осындай екенін ақылсыз, ананың аялы алақанынсыз өсуге мәжбүр. Сондай-ақ, 1055 бала асырап алуға берілген. Олардың 94-і шет ел асып кетті.

Өзге де жағдайларды тізіп айтуға болар. Қысқасы, мұндай істердің туындауына бірқатар ата-аналардың балаларды тәрбиелеудегі жауапкершілігі мен отбасылардың материалдық және тұрғын үй проблемасы себеп болып отыр. Сондықтан 2007-2011 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» бағдарламасын жүзеге асыру аясында өңірлік «Қазақстан балалары» бағдарламасының жобасын облыс әкімдігінің қарауына ұсындық. Бұл жоба осы келеңсіздіктерді шешуге сеп болады деген ойдамыз.

– Иә, бала құқығын қорғау күрделі тақырып. Дені заң арқылы қорғалады немесе атқарылады. Осыған байланысты прокуратура, ішкі істер бөлімдері тағы басқа мекемелермен тығыз жұмыс жүргізесіздер ме?

– Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» № 591 Заңының 9-бап 3,4,5-тармақтарының орындалуын қадағалау мақсатында құқық бұзушылықтың, бақылаусыздықтың алдын алу, жағдайы төмен отбасындағы балалардың хал-ахуалын анықтау жұмыстары құқық қорғау органдарымен бірлесіп атқарылады. Алматы облысы әкімінің 2009 жылғы 29 шілдедегі «Мектепке жол» атты жалпы республикалық акциясын өткізу туралы №482-р өкімі негізінде Қарасай ауданының «Алтын орда» сауда базары мен Іле, Талғар, Еңбекшіқазақ аудандарында, Талдықорған қаласында сәтсіз жанұя және мектепке тартылмай қалған балаларды анықтау мақсатында рейд жүргізілді. Рейд барысында Қырғызстан, Өзбекстан мемлекеттерінен келіп жұмыс атқарып жүрген кәмелеттік жасқа толмаған балалар анықталды. Шара прокуратура, ішкі істер басқармасы қызметкерлерінің қатысуымен өз дәрежесінде өтті.

Биылғы жылдың 23 шілдесінде Талдықорған қаласында ішкі істер басқармасының кәмелетке жасы толмағандар ісі жөніндегі бөлімі және кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасымен бірлесіп, жағдайы төмен отбасылары балаларының хал-ахуалын анықтау мақсатында «Балалар – түнгі қалада» атты акция өтті. Акция аясында бірнеше отбасылардың тұрмыс жағдайы, балаларының жаңа оқу жылына дайындығымен танысу жұмыстары жүргізілді.

Қысқасы, біздің міндетіміз – балалардың құқықтарын қорғауға бағытталғындықтан, міндетті түрде құқық қорғау органдарымен ынтымақтастық қатынастамыз.

Сөз орайы келгенде айта кету керек шығар, Алматы облыстық балалардың құқықтарын қорғау департаменті атқарушы орган емес. Бірақ, олар балалардың құқықтарын қорғауға қатысты орындармен қоян-қолтық араласып, түйіткілді мәселелердің дұрыс шешім табуына ықпал етеді. Сондықтан мүдделі азаматтарға департаменттің есігі әрқашан ашық болатынын айта кетпекпіз жөн.

– Бүгінгі күнде Алматы облысы бойынша мүмкіндігі шектеулі қанша бала бар, оларға қандай көмек көрсетілуде ? Балалар үйі түлектерін баспанамен қамтамасыз ету жағы қалай шешілуде?

– Қазіргі таңда облысымызда **5329** мүмкіндігі шектеулі бала бар. Оларға арналған психологиялық-медициналық - педагогикалық консультация және психологиялық-педагогикалық-коррекциялық (түзету) кабинеттері, арнайы мектеп интернаттар, оңалту орталықтары жұмыс атқарады және 1000-нан астам балаға үйден оқыту ұйымдастырылған. Бұл мекемелер мүмкіндігі шектеулі балалардың оқып, білім алуына, дамуына, өсіп - жетілуіне толық мүмкіндік жасайды. Біз өз тарапымыздан осы санаттағы балаларға кәсіптік лицейлерде арнайы топтар ашу мәселесін көтеріп, тиісті мекемелерге хаттар жолдадық. Сондай-ақ, логопедтік пункттер ашу және көмекші бағдарламамен оқитын балаларды оқулықтармен қамту мәселесі де көтерілуде.

Мемлекет отбасылық тәрбиеден айырылған балаға әлеуметтік қорғау көрсетуге міндетті. Балалар үйі түлектерін мазалайтын жағдай тұрғын үй мәселесі болып отыр. Бүгінгі балалар үйін мен интернаттарда тәрбиеленуші 580 баланың тек **23-інің** ғана бекітілген тұрғын үйі бар. Осы санаттағы балаларға соңғы **3** жылда **7** пәтер бөлінген. Ағымдағы жылы Қаратал ауданы әкімдігі тарапынан Үштөбе балалар үйінің тәрбиеленушілері Елисевтерга 3 бөлмелі пәтер берілді. Еңбекшіқазақ ауданы 80 баланы (баспана салып алу үшін) жер учаскесіне, 12 баланы пәтер кезегіне қойды. Кейінгі жылдары «Тұрғын үй қатынасы туралы» Заңға сәйкес жетім балалар мен ата-анасының қарауынсыз қалған балаларды баспанамен қамтамасыз ету үшін жер учаскесі мен пәтер алу кезегіне қойылып, тиянақты жұмыстар жүргізілуде.

– Балалар арасында өз құқықтарын толық білмей немесе өзін қорғай алмайтындар жиі кездеседі. Осындай жағдайды қалай өзгертуге болады?

– Иә, дұрыс айтасыз, бала құқығы бұзылған кезде көп санды ата-аналар мен балалар қайда барып, не істеу керек екендігін білмей дал болады. Облыс бойынша кәмелетке толмағандардың істері бойынша комиссия, әрбір аудандық, қалалық білім бөлімдерінде балалардың құқықтарын қорғаумен айналысатын арнайы мамандар жұмыс жасайды. Сонымен қатар, біздің департаментте «Шұғыл бағыт» байланысы бар **(27-17-76).** Бала құқығы тек қана мектепте немесе далада бұзылмайды, бала құқығы үйде де сақталмайды. Сондықтан ата-аналар, оқушылар арасында үнемі бала құқығына насихат жүргізіп отыру керек. Осындай мәселелерді шешу үшін аталған мекемелерге хабарласып, психологиялық, құқықтық кеңестер мен көмектер алуға мүмкіндіктер жасалған.

Біздің департаменттің «шұғыл бағытына» осы жылдың тоғыз айында азаматтардан 131 қоңырау шалынды. Соның ішінде 48-і әлеуметтік, 8-і медициналық көмек алу туралы, 25-і мектеп қабырғасындағы құқық бұзушылық және тағы басқадай келеңсіз жағдайларға қатысты сұрақтар болды. Барлығына да қанағаттанарлық жауап берілді.

– Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, ата-аналарға және қолдау мен қорғауға мұқтаж балаларға қандай кеңес айтар едіңіз?

– Елбасы бір сөзінде: «Біз тұрғызатын қоғам арды бағалайтын, белсенді, жоғары моральді, әдепті және рухани байлығы мол адамдардан тұруы керек», – деп көрсеткендей, өмірге келген әрбір сәби – республика азаматы. Олар өзінің, ата-анасының, ұстазының міндеті мен құқығын білуге міндетті. Сонда ғана өз құқығын қорғай алады. Бүгінгі таңда әрбір ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында ізгілік, яғни, адамгершілік-рухани тәрбие шешуші фактор. Сондықтан ата-баба дәстүрі мен тәжірибесін ұрпақтар санасына сіңіре отырып, әлемдік өркениетке ұлттық рухымызбен үлес қосуымыз керек. Олай болса рухани-адамгершілік тәрбие берудің кілті халық педагогикасында деуге болады. Сондықтан болашаққа өз үміміз, дініміз, заңдық тірегімізбен қадам тастауымыз керек.

– Өңіміңізге көп рақмет.



Бала құқықтарын қорғауда оң шешімін таппай отырған мәселелер жоқ емес. Қазір әлемде 130 миллион бала мектепке бармайды, жыл сайын 12 миллион балдырған әртүрлі аурудан көз жұмса, 250 миллион жеткіншек жалдамалы жұмысқа жегілуде. Сондай-ақ, соңғы жылдары кәмелетке толмағандар арасында қылмыс саны да артып келеді. Мұның бәрі де осы саладағы нақты шараларды қолға алудың қажеттігін көрсетеді. Сараптама нәтижесіне сүйенсек, елімізде 73 пайыз отбасы сәтсіз болып табылады. Өкініштісі, әрбір 3-ші бала ажырасқан отбасында өсіп келеді. Осылардың салдарынан жасөспірімдердің заң бұзушылығы күн өткен сайын жиілеп, адамды алаңдататын деңгейге жетті. Құқық қорғау орындарының мәліметі бойынша, өңіріміздегі қадағалаушысы жоқ және қараусыз қалған 222 бала тіркеуде тұр. ҚР ӘҚБК-нің 336-1, 61, 336, 20, 111- баптарына сәйкес 10 өкімшілік хаттама толтырылып, қалалық мамандандырылған өкімшілік сотының шешімімен айыппұл салынғаны қараусыз, панасыз қалған 25 бала кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау орталығына жеткізілген. Сонымен бірге, ағымдағы жылдың алты айында жасөспірімдердің қолымен жасалған 11 қылмыс тіркелген. Жетімін жылатып, жесірін қаңғыртпаған елміз ғой. Сондықтан бабалардан: «Қарға баласын аппағым, кірпі баласын жұмсағым дейді», – деп келетін қанатты сөз қалған. Бүгінгі таңда әрбір әрекет заң тармақтарына сай кәсіп-ніші летіндіктен, «Бас жарылса берік ішінде...» делінетін қазақшылықты ысыра тұруға тура келеді. Дей тұрғанмен, азаматтардың бері бірдей заңгер емес, ал балалардың жағдайы тіптен бөлек. Сондықтан азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттырған жөн-ақ. Барлап қарасақ, балалардың құқықтарын қорғау департаментінің директоры Гүлнар ЕРМЕКБАЕВАМЕН өңіме барысында көз жеткіздік.

БАЛАЛАР ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯҒА – 20 ЖЫЛ

ҚАМҚОРЛЫҚ ҚАЖЕТ

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

ПРОКУРАТУРА

Жүргізуші куәлігінен айырылды

Елбасының Жарлығымен ҚР ӘҚБтК елеулі өзгерістер енгізілгені мәлім. Соған сәйкес, жол полициясы қызметкерлері зан бұзған жүргізушілерді жазалауды күшейтті. Алкоголь өнімдерін ішіп көлік руліне отырған жандар алғашқыда көлік жүргізушілік куәлігінен екі жылға айырылады. Жүргізушіге салынған әкімшілік жазалау мерзімі өткенімен бір жыл ішінде зан бұзушылықты қайталаған жан, 10 тәулік қамауға алынып, жүргізушілік куәлігінен бес жылға айырылады.

Алайда, бұл шара да кейбір жүргізушілерге көп әсер етпеуде. Ағымдағы жылдың тоғыз айында Талдықорған мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында жүргізушілерге қатысты 1179 іс қаралды. Соның 82 пайызы алкоголь өнімдерін ішіп көлік руліне отырған болып тұр.

Бір ғана мысал, Ескелді ауданы, Қаратал ауылының тұрғыны М. «ВАЗ 2106» мемлекеттік нөмірі В 786 VHM көлігімен бір қылда екі рет спиртгік ішімдік ішіп, жол полициясы қызметкерлерінің қарығына ілініп, іс қағаздары толтырылып, сотқа жөнелтілген. Бұл заңсыздық үшін ҚР ӘҚБтК 467-бабы 4-тармағымен қаралып және осы кодекстің 63-бабы 2-тармағы негізінде кінәлі деп танылып, 20 тәулік әкімшілік жазаға кесіліп, көлік басқару құқығынан 10 жылға айырды.

Р. ЖҰМАҚҰЛОВ,
Талдықорған қаласы прокурорының аға көмекшісі.

ҮНЕМ

ҚР «Табиғи монополиялар туралы» Заңына былтырғы желтоқсанда енгізілген өзгертулер мен толықтырулар тұтынушыларға коммуналдық қызметтерді реттейтін есептеу құралдарын орнатуды міндеттеген болатын. Осы заңның 23-бабында табиғи монополиялар субъектілеріне жасалған келісімшарттарға сәйкес, есептеу құралдары жоқтарды коммуналдық қызметтерді реттейтін есептеу құралдарымен қамтамасыз ету жөнінде айтылып, оның мерзімі 2009 жылдың бірінші қаңтарына дейін деп белгіленген. Ал жалпыұйлік жылуды есептеу құралдарын міндетті түрде орнату мерзімі 2009 жылдың 1 тамызы болатын. Мерзімдер өтіп кеткеніне қарамастан, қызмет көрсетушілер де, тұтынушылар да есептегіш құралдарды орнатуға асығар емес.

Есептегіш орнатпасаңыз, есеңіз кетеді

Алматы облысы бойынша коммуналдық қызметтерді тұтынушылардың жеке есептеу құралдарымен жабдықталуы: суық су бойынша 69,7 пайыз болса, ыстық су бойынша 77,6 пайыз. Ал жалпыүйлік жылу энергиясын есептеу құралдарының орнатылуы бар-жоғы 8-ақ пайыз. Осыларға қарап отырып, тұтынушылардың бірінші кезекте өздері үшін пайдалы болып саналатын есептеу құралдарын орнатуға келгенде неге селқостық танытатынын түсіну қиын. Энергетиктер тұтынушылардың барлығына есептегіштер орнатуға қол жеткізді. Олар осы мақсатта қатал қадамдарға барды. Электр қуатын есептегіш болмаса, үйіңізді тоқтан ажырата салады.

Коммуналдық қызметтердің басқа түрлері бойынша тұтынушылардың есептегіш құралдар орнатуға қатысты мұнасын қалай оңта аламыз? Осы тұста оларға кәсіпкерлерді үлгі ретінде ұсынуға болады. Дүкендер, кафелер, мейрамханалар және тағы да басқа сауда мен қызмет көрсету нысандарының негізгі жұмысқа кіріспес бұрын есептеу құралдарын қамдап алады. Бизнесмендер ақша сананузы біледі және есептегіштер орнатудың артықшылығын жақсы түсінеді.

Жылу мен суға есептегіштер орнату коммуналдық қызметке төленетін шығынды барынша азайтуға әсер етеді. Есептеу құралдары болмаған жағдайда коммуналдық қызметтерге бекітілген нормалар бойынша ақы төлейтін тұтынушы өзіне қажет болмаған немесе өзі мүлде тұтынбаған қызмет үшін боска шығындалуға мәжбүр болады. Есептеулер жүргізу барысында белгілі болғандай, есептегіш құралдар орнатылса, төлемақылар үш есеге дейін төмендейді.

Жылу энергиясын есептейтін жалпыүйлік есептеу құралдары мен судың есептейтін жеке есептеу құралдарын орнату – энергоүнемдеуге іс жүзінде жол ашады. Жылуды есептеуге арналған жалпыүйлік құралдарға қарағанда, судың есептейтін жеке есептегіштер орнату жедел жүріп жатқанын да жасыруға болмайды. Мұндағы негізгі проблема – адамдарда су есептегіштерден ағатындығы, қоғамдық құралдың энергиясын есептеу құралдарын алуға қажетті басы артық қаражаттың жоқтығы. Дегенмен, есептеу құралдарын орнатуға табиғи монополия субъектілерінің өздері мүдделі болуы керектігін айта кеткен жөн. Егер есептеу құралы орнатылса, жөнсіз жоғалтулар тез арада реттеліп, жылу сақталады, әр су да үнемделеді. Энергоүнемдеудің мақсаты мен міндеті – энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалануды барынша арттыру болып табылады.

Сондықтан реттелетін коммуналдық қызметтер көрсететін кәсіпорындар тұтынушыларды есептегіш құралдармен толық қамтамасыз ету жолындағы жұмыстарының белсенділігін арттырулары қажет екенін сезінуге тиісті. Есептегіш құралдарды сатып алу мәрзімдері коммуналдық кәсіпорындардың тиімді жұмыстарының тәуелді. Сонымен бірге коммуналдық қызметтерді тұтынушылар да нарықтық қатынасқа көшудің қажеттігін сезіне білгендері жөн. Дамыған мемлекеттердегі тәжірибеден байқағанымыздай, есептегіш бойынша төлеу тұтынушы мен қызметтер көрсетушінің арасындағы барынша өркешетті қарым-қатынас тәсілі.

Г. ШАРАПИЕВА,
ҚР Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі агенттік департаментіндегі техникалық реттеу бөлімінің бастығы.

МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ ИНСПЕКЦИЯ ХАБАРЛАЙДЫ

Құжаттарыңызды заңдастырыңыздар!

Алматы облыстық аумақтық инспекциясының техникалық инспекция бөлімі техниканы тіркеп, жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқау, тиісті тіркеу жұмыстарын, жүргізуші куәлігін және техниканы кепілдікке қойғаны туралы куәлік беру жұмыстарын атқарады.

Алматы облыстық аумақтық инспекциясының техникалық инспекцияларында бүгінгі күнге дейін 32933 дана ауыл шаруашылық техникалары тіркеліп, 2289 көмірлік белгілер, 2341 техникалық паспорт,1366 жүргізуші куәлігі, 159 кепілдікке тіркелгені туралы куәлік берілді. Жылжымалы мүлікті жариялауға рақымшылық ету 2006 жылдың қараша айынан басталғаны сіздерге жақсы мәлім. Сол кезден бастап Алматы облыстық аумақтық инспекциясының техникалық инспекция бөлімінде, жария етілген, тіркелген техникалардың саны – 12366. Алайда, облыстық салық комитетінің мәліметіне жүгінсек жария етілген техника саны нөгұрлым артық. Жария етілген техниканың заңды тіркелмеген болса, оны тез арада Алматы облыстық аумақтық инспекциясының аудандық (қалалық) инспекцияларында тіркетуіңізге болады. Облыс бойынша тіркелген техниканың 29831-і мемлекеттік техникалық байқаудан өтті, бұл тіркелген техниканың 90% құрайды. Мемлекеттік техникалық байқау жұмыстарына барлық техника иелері соған қарағанда бірдей қатысып отырған жоқ.

Мемлекеттік техникалық байқауда ауыл шаруашылығы машиналары мен әр алуан өздігінен жүретін техникалардың талапқа сай жабдықталуы және ақылсыздығы тексеріледі. Техникалық байқаудан өтпеген техникалардың жол, техникалық қауіпсіздігі дұрыс болмайды және қоршаған ортаны ластайды, адам өміріне қауіп төндіреді. Осыған орай мемлекеттік техникалық байқаудан өтпеген техника иелерінен техникаларыңызды уақытында техникалық байқаудан өткізуді сұраймыз. Мемлекеттік техникалық байқаудан өтпеген ауыл шаруашылық техникаларын анықтау мақсатында Алматы облыстық ішкі істер департаменті жол полиция басқармасы мен Алматы облыстық аумақтық инспекциясы аудандық инспекциясының инженер-инспекторлары бірлескен рейдтер жүргізді. Рейд кезінде ең бірінші көңіл аударылған мәселе – жол қауіпсіздігі ережелерінің сақталуы тракторлардың және олардың базасында жасалған шассилер мен механизмдердің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік, жол құрылысы машиналары мен механизмдерінің жүргізу құқығына тексеру жүргізілді.

Тракторист-машинистердің жол жүру қауіпсіздігі ережелері мен техникаларды пайдалану ережесін сақтауына ерекше назар аударылды. Аталған іс шаралардың мақсаты – ауылшаруашылық және басқа арнайы техникалардың техникалық, жол қозғалысы қауіпсіздік талаптарына, техникалық инспекция қызметінің Ережелеріне сәйкестігін анықтау. Облыстың жалпы пайдаланыстағы жолдары мен дала жұмыстарына қатысқан 3872 дана техника тексерумен қамтылып, бірқатар заң бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталды. Облыс көлемінде заңның 463-бабының 1-тармағын, 470-бабының 1-тармағын, 461-бабының 1-тармағын бұзғандарға 285201 теңгеге айыппұл салынды. 47 дана техника айып тұрақтарына қойылды.

116 трактор жүргізушінің куәліктері қазіргі үлгіге сай еместігі, категориялары пайдаланылған техниканы жүргізуге келмейтіні анықталып, қосымша сынаққа жіберілді. 50 дана техникалық паспортын ауыстыру уақыттары өтіп кеткен, 200 дана ауыл-шаруашылық техникасының техникалық байқаудан өтпегендігі анықталды. Бұндай іс- шаралар бұдан кейінде жүйелі түрде жүргізіліп тұрады.

М. КЕМЕЛБАЕВ,
ҚР Ауыл шаруашылығы министірлігі АӨК МІК Алматы облыстық аумақтық инспекциясының инженер-инспекторы, бас маман.

Жағдайың қалай, жас маман?

тақырыбында жетісулық журналистер көксулықтармен әңгіме өрбітті



Баспасөз -2010



Көксу ауданы әкімінің орынбасары Әлия САДЫҚОВА:

48 маман қызметін бастады

Дана халқымызда "Жақсымен өткен бір күнің жаманмен өткен мың күнге тең" дейтін ойлы сөз бар. Сондай рухани әңгімеге арқау болып отырған бұл сәтті ұмытылмас, терең ғибратты күн деп білемін.

Мен өз сөзімде ең бірінші аудан көлемінде атқарылып жатқан жағымды жаңалықтарға қысқаша тоқталып өтпекпін. Әрине, мен атап өткен жақсы істеріміз облыстық газет бетінен жарық көріп жатса, аудан халқы да бір риза болып қалары сөзсіз.

Біз жуырда ғана аудан көлемінде 9 айда атқарылған жұмыстарымызды сараптап өттік. Ең бастысы, қай салада болмасын өткен жылғымен салыстырғанда ілгерілеушілік байқалады.

Мен енді ең негізгі идеология саласында атқарылған бірқі жұмыстарға тоқталсам, аудан көлемінде қазан айының басында "Халқымның салт-дәстүрі – елдігімнің белгісі" тақырыбында облыстық жастар форумы ойдағыдай өтіп, оған қатысқан аудан жастарының рухы бір көтеріліп қалды.

"Ауылым – алтын бесігім" тақырыбындағы тазалық жорығын осы қазан айы мен қараша айының ортасында өткіздік. Бұл жорық аясында аудан көлеміндегі барлық елді мекендердегі еңбекке жарамды балалардан еңбегі бар адамдарға дейінгі аралықтағы тұрғындарды өз үйінің, өз ауласының, өз көшесінің тазалығына тарттық.

Аталмыш акция аяқталған кезде аудан әкімі өзі бастап барлық мемлекеттік мекемелердің басшыларының қатысуымен ауылдық округтерде халықпен кездесулер өткізді. Нәтижесінде, көрікті ауыл, сауатты ауыл, өнерлі ауылдарды анықтауға мүмкіндік туды.

Бүгінгі таңда ауданымыздың қоғамдық, әлеуметтік, экономикалық, саяси өмірінде түбегейлі өзгерістер орын алды.

Әрине, бұл аудан әкімі Мұрат Жақыбайұлының ел басқаруындағы өңірдік жолтаңбасы болып табылады.

Елбасының "ЖОЛ КАРТАСЫ" бағдарламасының да аудан халқына тигізген пайдасы мол. Облыс басшысы Серік Әбікенұлы Үмбетовтің қолдауымен осы "Жол картасы" аясында көп жылдардан бері шешілмей келе жатқан мәселелер шешіліп, игілікті істер жүзеге асырылды. Мәселен, Мұқыры ауылындағы Мәдениет үйі мен мектеп толық күрделі жөндеуден өткізілді. Балпық би кенті, Мұқыры, Мұқаншы, Жарлыөзек, Мұсабек ауылдарында көшелерге жарық шамдар орнатылып, аудан орталығы көгалдандырылып, жолдары жөнделді. Актекше ауылының ауыз су жүйесі толық жасалып жатыр. Мұның сыртында №12 Айнабұлақ интернатының ғимаратын жөндеуге және Актекше ауылының су құбырларын жөндеу жұмыстарына қосымша қаржы бөлінді. "Жол картасын" жүзеге асыру кезінде 284 адам жұмысқа орналастырылды. Аудан бойынша жұмыссыз жүрген адамдарды қайта мамандандыру үшін 73 адам кәсіптік оқуға 15 мамандық бойынша жіберілді.

Бәрімізге белгілі, биылғы жылдың ақпан айында Қазақстан Республикасын Үкіметінің қаулысы шыққан болатын. Қаулыда жалпы елді-мекендерін көркейту мақсатында ауылға келген мұғалімдер мен дәрігерлерді, спорт мамандарын, әлеуметтік қызметкерлерді жұмыспен қамтып, оларға көтерме жәрдемақы беріп, әлеуметтік қолдау жағы көрсетілген. Ал 2010 жылдан бастап келген жас мамандарға ауылды жерлерден баспана сатып алу үшін пайызсыз несие беру туралы қаулы шықты. Осы бағдарлама негізінде ауылымызға 48 жас маман келді. Олардың ішінде 30 мұғалім, 3 дәрігерге көтерме жәрдемақы тағайындалып, 90 мың 720 теңге қолдарына тиді. Ал қалған мамандардың да құжаттары тапсырылып, көтерме жәрдемақы беру жұмыстары жалғасын табуда.

Баспасөзге жазылудың қауырт науқаны кезінде оқырмандармен жүздесіп, облыстық басылымның бүгінгі таңдағы бағыт-бағдары туралы жұртшылықтың пікірін тыңдап, ой бөлісу газеттің қашаннан қалыптастырған жолы. Осыған орай Көксу ауданында болған редакция журналистері жұртшылықпен жылы жүздесу өткізіп, шығармашылық бағыттағы әсерлі кештің өтуіне ұйытқы болып қайтты. Кездесуге арқау болған "Жағдайың қалай, жас маман?" деген тақырып. Осыған орай кездесуге келгендердің негізгі бөлігін қызметін жаңа бастаған жас мамандар құрады. Ауылдам мекендерге Елбасының "Дипломмен – ауылға!" бағдарламасы негізінде жол тартып, қызмет жасап жүрген аудандағы жас мамандар саны бүгінде 48-ге жеткен. Оның 44-і мұғалім болса, 4-еуі медицина саласының маманы. Аудандағы жастар саясатын жүргізуге өткен жылы 250 мың теңге бөлінсе, биылғы жылы бұл мақсатқа 750 мың теңге қарастырылып отыр. Қашанда қазаққа тән кеңпейілділігі мен қонақжайлылығымен дараланған Көксу жұрты жас мамандарға жан-жақты жағдай жасап, қолдан келген көмектерін аямауда. Оны мінбеге шыққан, осы реттегі ой-пікірі, алғыс сезімдерімен бөліскен жас мамандардың сөзінен аңғардық.

Журналистермен кездесуді ашып, жүргізіп отырған Көксу ауданы әкімінің орынбасары Әлия Садықова шығармашылық адамдары мен халықтың арасындағы жүздесу қашанда әсерлі, мәнді де мағыналы өтетіндігіне тоқтала келіп, ауданның тыныс-тіршілігінен мағлұмат беріп өтті.

Оқырмандармен жүздесуде облыстық "Жетісу" газеті бас редакторының бірінші орынбасары, ақын Әміре ӘРІН сөз алды.

Жастар – үлкен күш

Көксу ауданы Жетісудың жеті өзендерінің бірімен аталған, қазақтың құт-береке, ынтымағы дарыған киелі мекен. Газетіміз осы ауданның тыныс-тіршілігін, жылтыраған жақсылығын көрсетіп, қуанышын бірге бөлісіп келеді.

Ал "Жетісу" газетіне келер болсақ, өздеріңіз білесіздер мемлекеттік саясатты жүзеге асырып отырған басылым. Бүгінгі кездесуге келіп отырған мақсатымыз – біріншіден, елмен араласып, жай-күйін білу, емен-жарқын әңгіме тиегін ағыту, екіншіден, "сүт сұрап келіп, тобатайыңды жасырма" дегендей, баспасөзге жазылу мәселесі болып отыр. Бұл жағынан сіздердің аудандарыңыздың жыл сайын белсенді атсалысып келе жатқандығын білеміз. 2010 жылға аудан оқырмандарының газетке жазылу деңгейі дәл қазіргі уақытта белгіленген меженің 83 пайызын құрайды. Баспасөзге жазылу науқаны аяқталғанша бұл көрсеткіш көтеріледі деп сенеміз.

"Жетісу" газеті-облыстық басылым, оның құрылтайшысы облыс әкімдігі болғандықтан негізгі бағыты мемлекеттік саясатты қолдау. Сондықтан кімде-кім мемлекеттің саясатын қолдаса, әрі облыстың тыныс-тіршілігінен әр кезде танысып отырғысы келсе, осы газетке жазылады деген ойдамын. Облысымызда білесіздер, Елбасының, облыс әкімі Серік Әбікенұлының басшылығымен үлкен істер атқарылуда. Жүрегінде еліне, жеріне деген терең махаббаты бар адам оның бәрінен сырт қалуы мүмкін емес. Оның үстіне облыс басшысы Серік Әбікенұлы әдебиетке, мәдениетке, өнерге қазақтың адал перзенті ретінде үлкен көңіл бөліп келеді. Газетке деген де ықыласы ерекше.

Бүгінгі таңдағы қазақ журналистикасы туралы әлді-кем әңгіме қозғасақ, бүкіл қазақтың проблемасын жазып отырған осы мемлекеттік тілді журналистер. Қазақ қоғамында журналистер ұлттық партияның рөлін атқарып отыр. Кешегі алашордашылардың бингінде тұр. Солардай халық мұңын мұңдап отыр. Бұлардың қатарында біздің газетіміздің журналистері де бар. Журналистер көп ізденеді, көп жүреді, көп көреді. Енді көріп тұрып, бүгінгі көлеңкелі жақтарды қалай жазбасқа, қалай жүрегің ауырып, жаның шырқырап, оған атсалыспасқа.

"Жетісу" газетін алатындар да қазақ тілді оқырмандар, демек бойында қазақы рухы бар адамдар. Ендігі кезекте жастарды осындай елжандылыққа тәрбиелеп, ең бастысы ұлттық болмысты сақтап қалуға күш салуымыз қажет.

Жастар – үлкен күш. Оларды дұрыс бағыттай білуіміз керек. Сонда олардың келешегі зор болады.



Қайжаусның «Қабуснама» кітабында: «Кім мені анам алақанымен әлпештесе, сол менің әке-шешем, қай жерде бақытымды тапсам ол – атажұртым» деген нақыл сөз бар. Мұндағы айтпағымыз, қазір жайлы тірліктің қамын күйттемей, ел игілігі үшін еңбек етемін дейтін жастардың қатары күн сайын артып келеді. Соның бірі І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің түлегі Динара Ізілованың жалынды толғамы жанымызды жадыратты.

Кемел келешектің келбеті

– Қазір көптеген жастар жоғары оқу орнын бітірген соң қалада қалғысы келеді. Әрине, дұрыс та шығар. Бірақ мен олай етім келмеді. Алматыдағы жылы І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетін бітірдім. Қалада қалуға мүмкіндік те болған еді. Бірақ өзімнің ауылда шешкен, шыңғырудың мақсат еттім де бірден Көксу ауданына бет алдым. Үміт алдамапты, аудан басшылары да жылы жүзбен қабылдап, аудандық мектеп-гимназияға жұмысқа барғанымды атады. «Өз жақсы жігітке бір ескек арба бар» демекші, қазір өз жұмысыма белсене кірісіп кеттім. Әрине, Тәңірім ауылдан бастапатынын есейерсек, сол қасиетті ананың нәрімен сусындаған әрбір тұлға дүлей дауылдарда қасқайып тұратын алып бәйтерек болып өсеріне сенемін. Қазақ өлеңдері дамыған елдердің тәжірибесі де осыны дәлелдейді. Сондықтан ауылға барған жас маман бүгіндері қолдау мен жылы пейілге ие болса, болашақта да ел ертеңі үшін істеген игілікті істерімен халық жадында сақталатыны анық. Менің мұндай пайымға келуіме Жетісу газетінің арқасында деп едім. Өйткені мен бала кезімнен аталған газетті қызыға оқыдым. Студент кезімде де толғанды ойларымды газет арқылы замандастарыммен бөлістім. Басқа қаламгерлердің ұлтжанды ойларынан нәр алып келемін. Газеттің әр санында жарияланған ел жұртының тыныс-тіршілігімен кемел келешектің келбетін көріп, көңілім сенімнің шырағын маздатып отырамын. Әлі де болашағымды баянды ету үшін ауылы газетімен апарым көп деп ойлаймын.

Ұйыған ынтымақтың бастамасы



Көксу ауданы Талдықорған қаласының іргесінде жатыр. Сондықтан облыс орталығында болған жақсы бастамалар ең алдымен аталған ауданға жетіп отыратыны анық. Дағдарысқа қарсы қолға алынған «Жол картасы» бағдарламасы бойынша атқарылған нәтижелі жұмыстар айтқанымыздың айғағы, жастар саясатында қомақты жетістіктер көп... Аз шеттен келген қонақтарымызды да ... Осы бағыттағы ұйыған ынтымақтың ұлы бастамасы іспетті. ... Далелхан Жаппа ... «Жетісу» газеті жайындағы толғамды ойларына ауыстық.

– Әрине, көксулықтар үшін «Жетісу» газеті жанашыр жақын басылым. Өткен жылы ауданымыз 102 пайызға жазылған еді. Биыл да осы көрсеткішке жетеміз деген сенімім бар. Өйткені, ауыл газеттері Елбасы саясатын, облыстың тыныс-тіршілігін оқырмандарына жеткізе жазып, бағыт-бағдар береді. Әсіресе, жастарға арналған қосымшасы мен осы тақырыпта қалам тартқан ... мақалалар жастар үшін шам-шырақ болып келеді. Десе де, газеттің ... Бәрімізге мәлім, өткенде Талдықорған қаласында облыстық жастар форумы өткен еді. Біз «Жетісу» газеті бұл туралы журналистік сараптама жазар деп ойлап едік. Оған да бірі болмады. Енді осындай материалдар назардан тыс қалмаса. Енді бірі, қазір ұлттық идеологияны насихаттау түйінді тіреліп тұр. Газет ұлттық сананы жаңғыртудың көшбасшысы болса деген ойымыз бар. Яғни, ... жастар мен ұлтжанды азаматтарымыз, өнер жұлдыздары мен кәсіпкерлер және іскер азаматтардың ұлттық сананы жаңғырту бағытындағы тың ой, түйінді идеяларын газет арқылы көтерсе, қоғамдық пікір тұғырына нұр үстіне нұр болар еді.





Көксу жері әулие, абыздар мен ақын-жазушылардың мекені. Сондықтан да кестелі ойдың жібі үзілмеген өңірдің бүгінгі тұрғындары да баспасөзге деген терең құрмет танытуды дәстүрге айналдырған. «Достар» әнімен сан жүректі тербетіп, оқырманын ойлы өлеңдерімен сусындатқан ақын Нұрила Бектемірова да бүгінгі Жетісудың жаңашырларының бірі. Бақтыбайдай ақын туған ауылдың ақын қызының баспасөз жайында айтары да көп екен.

Өркенімді өсірген басылым

–Төртінші билік саналатын бұқаралық ақпарат құралдары халықтың көзі, тілі, құлағы, айта берсек, парасаты мен пайымы. Осы тұрғыдан келгенде «Жетісу» газетінің алар орны ерекше. Өйткені, аталған басылым тоқсан жылдық тарихында Мұхтар, Ілиястардың үнін бүгінге жеткізген. Сонымен қатар қазіргі тәуелсіз елдің келешегін баянды ету жолындағы тың белестері де жаныңды жадыратады. Әсіресе, аталған газет қоғамдық-саяси аталғанымен, оның әдебиет пен мәдениетке көп көңіл бөлетіні біз сияқты қаламгерлерге жасалып жатқан қолдау мен шабыт деп білемін. Менің де ақын аталуым халқымның жазған дүниелеріме берген бағасы делінгенімен, туындыларымның дені «Жетісу» арқылы жалпақ жұртқа тарап отырды. Мені ақын еткен «Жетісу» газеті десем артық айтқандық болмайды. Сондықтан өміріммен бірге өсіп, өркенімді өсірген басылымға әрқашан жазылып, ондағы жаңа есімдермен танысып отырамын. Бұл менің кейінгі буынға деген сенімімді шыңдап, алдағы күнге деген арманымды ұштап жатады. Сөз соңында Жетісу осы бағытынан танбай, арынды ойларымен алға жүре берсін деген тілегімді айтқым келеді.

Көксу жері сағымдай жарқ етіп өтсе де, артына жалыны мен жастық жігерін, дарыны мен талантын үкілеп қалдырған Батыржан Оңғаровтың туған, қызмет еткен, өркендеп өскен жері. Сондықтан да бүгінгі көксулық жастар Батыржанға қарап бой түзейді. Кездесу барысында біз осы ойымызға дәл жауап тауып қана қоймай, жастар арасындағы оқырмандарымыздың көптігіне көз жеткіздік. Әсіресе, олар біздің әріптестеріміздің қаламгерлік қабілетінен толық хабардар болып шыққаны қуантты. Сахна төріне көтерілген өзі де ақын жанды Қаракөз Сейітжанқызы Әміре Әріннің Батыржан Оңғаровқа арнап жазған «Қыран-ғұмыр» өлеңін терең толғаныспен оқып, өлең иіріміне бөрімізді, тіпті, ақынның өзін де елітіп әкетті. Ендеше, аталған туындыны сіздерде оқып көріңіздер.



Қыран-ғұмыр

Арманыңды,
Қыраным, айта алам ба,
Ақын үнсіз қалып ед қай заманда.
Жылдар өтер жылыстап,
Ай қорғалап,
Батыржаннан сөз тартпай жай табам ба?!

Балғын кезден байқалған бала сыны,
Тұла бойда
Кернеген хан ақылы.
Сабағынан үзілген гүл едің сен,
Бүршік атпай бойынан бар асылы.

Тұлпар бар ма,
Тұяғы майрылмаған,
Сұңқар бар ма, қияғы қайрылмаған.
Қара жолда хан жүрген, қара жүрген,
Қайдан ғана тап берді тағдыр саған.

Бағлан еді,
Батыржан, байтақ еді,
Жастар сөзін жалынды айта келді.
Серіппедей серпін ап дара белден,
Зымырандай ғарышқа тарта берді.

Жоқтау айтты жас төгіп,
Ғалыл ғалам,
Бір туады өзіңдей ғасырда адам.
Қойны суық қорғасын – қомағай сол,
Топырақ та жүзіңді жасырмаған.

Сағым көрем алыстан, сағым көрем,
Сарыжұртым бауырмал,
Бағың дер ем.

Сыр алдырмас сан мәрте сынақтарда,
Сауыт бұзар серт түнып, сары жебем!

Көрбез едің кемелім,
Көркем едің,
Ойлап кетсем – найзағай өртенемін.
Алмас қылыш.
Көкбайрақ. Жанған жұлдыз,
Келтірмедің ешқашан өлкеме мін!

Мұнаяды мұң басып мұнар таулар,
Шілдеде де шың басын қырау жаулар.
Шырай бермес тамшыға,
Дауылға да,
Сыңарыңдай сымбатты тұмар тау бар.

Сағынады көделі боз,
Миялы қыр,
Аламанда талайлар сый алып жүр.
Арындап сол кетсе де асып-тасып,
Өзің салған арнаға құяды бір.

Қара жердің болса да құлақтары,
Үн қосады Алғабас бұлақтары.
Азат елде ажарлы аймағың бар,
Жүрген жерің,
Жамползым, жұмақ бәрі.

Кегіме оралады көктей бір үн,
Үғынғам –
Рухың мәңгі көктейтінін.
Қашап мен қара тасқа арнау жаздым,
Білген соң Өлеңге оқ өтпейтінін!

Ауылға шақырамын

«Дипломмен – ауылға» бағдарламасы негізінде биылғы жылы Көксу ауданына 48 жас маман келді. Ауыл тұрғындары да жас маман келді деп емес, жаңа идея, жалынды ой, елді ертеңгі болашаққа бастайтын азаматтар келді деп қуанды. Солардың арасында Мұқыры ауылындағы Қалқа Жапсарбаев атындағы мектептің тарих пәнінің мұғалімі Торғын Мұхамедкерімова Елбасы бағдарламасына деген шынайы тебіренісін жеткізді.



– Бәрімізге мәлім, 2008 жылдың 24 желтоқсанында Елбасы «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала қызметкерлерін әлеуметтік қолдау және ынталандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды. Маңызды құжат 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді. Онда ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамту, мәдениет және спорт саласының мамандарын жан-жақты қолдау шаралары көзделген. Мұның өзі бір жағынан, ауылға беттеген жас мамандарға жасалған тың қолдау болса, екіншіден, жастардың жақсы шарт-жағдайда білімі мен біліктілігін арттыруға тың бастама болары анық.

Менде осы бағдарлама аясында ауылға келдім. Қазір ережеге сай бөлінген 90720 теңге қаржылық көмек алдым. Енді тұрғын үй алуға құжаттарымды реттеп қойдым. Мұндай жағдай менің әріптестерімнің бәріне жасалып отырғанын айта кеткен жөн. Осындай қолдауға өзіміздің нәтижелі жұмыстарымыз арқылы жауап беруіміз керек деп ойлаймын. Сонымен бірге, барлық жастарды ауылға келіп, қызмет істеуге шақырамын.

Газет журналистерінің бір жарым сағатқа созылған оқырмандармен кездесуі өте жылы жағдайда өтті. Оны газет оқырмандарының рухани зиялыға ұйып, қаламгерлермен жүздесудің жалғасы түсуіне ниет білдіруі мен қимай қоштасуынан аңғаруға болады. Басқосуда еліміздің келешегі, жастар тәрбиесі туралы да келелі ойлар айтылды. Жастар да өз кезегінде сөз алып, газет бетінде жарияланатын мақалалар, көбейінен шыққан ұтқыр ойлар турасында сыр бөлісті. Залдан арнайы сұрақ қойған оқырмандар "Биылғы жылы газет ішінен "Ардагер" атты газет ашыпсыздар, дәл осындай жастар басылымын шығаруға бола ма?" деген де сауал тастады. "Жетісу газетінің ең белсенді оқырмандары қай аудан тұрғындары?", "Сіздер журналистер білімін жоғарылататыздар ма? Ол үшін қай оқу орнына жібересіздер?" деген сынды оқырмандар ойында жүрген сұрақтарға да орын берілді. Сондай-ақ, "Ақын-жазушы, әншілермен жиі сұхбаттар жариялап тұрсаңыздар" деген де ұсыныстар айтылды. Залдан түскен әр сауалға газеттің бас редакторының бірінші орынбасары Әміре Әрін ұтқыр жауап беріп отырды. Мұнымен қатар оқырмандар ішінде ақынжанды жандардың көптігіне көз жеткіздік. Олар ақын ағамыз Әміре Әріннің өлеңдерін оқып, шығармашылық бағыттағы кездесудің шырайын аша түсті. Өз кезегінде ақын ағамыз да өзінің соңғы жазған өлеңдерін оқып, жиналған қауымның рухани шөлін бір қандырғандай болды. Осындай жылы жүздесудің оқырмандар есінде ұзақ сақталары сөзсіз.

Кездесу соңында ұтқыр ой-пікірімен ерекшеленген екі оқырман "Жетісу" газетіне тегін жазылу мүмкіндігіне ие болып, бірқатарына басылымның тоқсан жылдығына шығарылған кітаптар мен журналдар таратылып берілді.

Алма ЕСЕНБАЕВА,
Кәжет АНДАС,
Аслан ҚАЖЕКЕ (фото),
"Жетісу".

● 1 ЖЕЛТОҚСАН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СПИДПЕН КҮРЕС КҮНІ

ҒАСЫР ІНДЕТІ

1988 жылы желтоқсанның 1 жұлдызында барлық мемлекеттердің денсаулық сақтау министрлерінің келісуінше алғаштық шұғылдылық пен АҚТК-ға (ВИЧ) қатысты ақпараттармен алмасу туралында ықтималы ашық отырыстарда халықаралық СПИД-пен күрес күнін өткізу қолға алынды.

Жыл сайын аталып өтілетін халықаралық СПИД-пен күрес күні ілгеткі қорсы жұмыс жүргізетін ұйымдарды одан әрі біріктіріп, бастаған жұмыстарына жігер беріп түсетіндей. Олардың ұйымдастырушылық жұмыстарын СПИД-тің таралуының алдын алу бағдарламаларына қоғамдық қолдауды күшейтуге, қоғамға ықпалын ілгеткі туралы кең көлемді ақпаратты жеткізіп отыруға бағытталған.

СПИД-тің жылдан жылға ерін түсіне байланысты 1996 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы алты халықаралық ұйым бірлестігін құрған болатын.

СПИД-ке қарсы ықпиндылар мен дәрі-дәрмек жасап шығару мақсатында түрлі ғылыми орталықтар мен ірі фармацевтикалық фирмалардың зерттеу жұмыстарымен айналысқандарына осымен 20 жыл болды. Дегенмен, ауруды жеңу әлі де мүмкін болмай отыр.

Алматы облысы бойынша да АҚТК/ЖҚТБ ауруының эпидемиологиялық көрінісі көңіл көншітеріз емес. Мәселен, осы жылдың 10 айы ішінде ВДҒ-ның көрінуіш ташылығы (ВИЧ) коңдырғышына шалдыққандар саны 172 болып, облыс бойынша жалпы көрсеткіш 827. Бұл дертке көбіне 20 мен 39 жас аралығындағы еңбекке жарамды топ өкілдері шалдығуда.

Осы тұста облыстық «Жетісу жастары» орталығының ұйымдастыруымен жыл сайын акция өткізіліп келеді. Соның көрінісі бұл да Талдықорған қаласындағы облыстық ішкар естіліп және санмұау балаларға арналған мектеп интернатында өткізілген шара. Аталмыш шарага «ҚР Қызыл ай қоғамы» қоғамдық бірлестігі Алматы облысы филиалының, Талдықорған қаласындағы «Дос» жастар орталығының өкілдері, политехникалық колледждің үгіт бригадасы және аталмыш мектептің ұстаздары мен оқушылары қатысты.

Шараны облыстық «Жетісу жастары» орталығының жастар саясаты бойынша әлеуметтік қызмет көрсету бөлімінің бастығы Гүлмира Оспанәлиева ашып, жүргізіп отырды. Айта кету керек, жастарға қатысты қандай шара өтпесін облыстық «Жетісу жастары» орталығының үлесі зор. Сонық ішінде үнемі елділдеп жүретін директордың орынбасары Гауһар Жанабылқызының орны айрықша. Жастар ісін алға бастыруда, патриоттық рухын оятуда, жаман әдеттен бойларын аулақ ұстап, жақсылыққа жетелеуде ықпалдастық еңбек етіп келетіні аталмыш шара өтпінде де анық көрінді. Өз кезегінде ол жастарды жалықты етіп тәрбиелеу мен сапалы өмір салтын қалыптастыруда осындай шаралардың жиі сайын өтіп тұруы маңызды екендігін, бүгінгі дәуір Елбасының жастар алдына қойған төрт басым міндетінің бірі болып есептелінетіндігін де атап өтті.

Акция барысында сөз алған өзге де қонақтар ЖҚТБ (СПИД) жайлылағы өз ойларын ортаға салып, оқушылардың қойған сауалдарына да жауап берді. Шара барысында Талдықорған қаласындағы политехникалық колледждің үгіт бригадасы дайындаған сахналық көрінісі де тамашаланды. Сонымен шараның өтуіне байланысты ұйымдастырылған сурет байқауы бойынша орын алған сыныптарға облыстық «Жетісу жастары» орталығының ықпалы сый-сияпаты табыс етілді. Мұнан соң келген қонақтар мектеп-интернаттың республикалық байқауларда өнер көрсетіп, жүлделі орындарды иеленіп жүрген оқушыларының қойынрттық бағдарламасын тамашалады.

ӨЗ ТІЛШІЛЕРІМІЗ.

● ЖЕТІМ КӨРСЕҢ ЖЕБЕЙ ЖҮР

«АЙНАЛАЙЫНДАҒЫ» АРАЙЛЫ КҮН

«Бөбек» қорының Президенті Сара Назарбаеваның бастамасымен 26 қараша «Мейірімділік күні» деп жарияланғаны белгілі. Осы күнге орай елімізлегі барлық балалар үйінде «Ризашылық – балалардың игілігі үшін» атты қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды.

Аталмыш шара Алматы облысындағы балалар үйлерінде де аталып өтті. Құрбан айт мерекесімен сабақтаса келген мерекені «Айналайын» балалар үйі де ерекше мыңдасқан тойлады. Балалар үйінің тәрбиленушілерін бұл күні алғашқылардың бірі болып облыс әкімі Серік Үмбетов бастаған бір топ басшылар арнайы келіп құттықтады. Өз сөзінде облыс басшысы «Бала – еліміздің ертеңі. Ырыздықтың бәрі де балалар үшін жасалған. Ендеше, «Бөбек» қорының» Президенті Сара Алпысқызының бастамасымен жеткіншектерімізді ертеңі жарқын да жарық болуы үшін жасалып жатқан бұл қайырымдылық акциясы бәрімізге де ортақ. Шараларды шараны көріп, қызықтаған әр баланың жүретіне мейірімділік оты ұялары сөзсіз. Ендеше, барлық бала мен оның тәрбиесінде жүбай еңбек етіп келе жатқан жандарды аталмыш мерекемен. Құбан айттарымен құттықтаймын! Еліміз тыныш, күніміз жарық болғай» деген тілектін де жеткізді.

Қайырымдылық акциясы Құрбан айт қарсаңында ұйымдастырылып отырғандықтан, облыс басшысы балалар үйінің тәрбиленушілеріне құрбандыққа шалуға



бір ірі қараны итап, сонымен бірге үй кинотеатры мен бейнефильмдер жиынтығын тарту етті. «Жетім көрсең, жебей жүр» демекші, 140 бала тәрбиленіп жатқан балалар үйі үшін бұл баға жетпес сыйлық болды.

Акция айналайындықтардың концерттік бағдарламасымен ұласты.

Сарби ҚАСЫМБЕККЫЗЫ.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚОЛЫН СОЗДЫ

Жуырда «Бөбек» қорының бастамасымен балалар үйлерінде тәрбиленушілерге арналған «Ризашылық – Доброта во благо детям» қайырымдылық мерекесі Талғар ауданында да жоғарыдағы түрде атап өтілді.

Ұлбосын ИСАБЕК,
"Жетісу"

Ризашылық күнінің алғашқы қадамы Талғар қаласындағы Тұяқ Кәкенұлы басшылық ететін «Нұр» отбасылық қайырымдылық үйінен бастау алды. Мерекеге сай әсем де әдемі етіп безендірілген балалар үйіндегі көңіл-күй жай күндердегі алаңсайда жоғары болғаны байқалады.

Алғаш рет ұйымдастырылып, салтанатты түрде тұңғыш рет өткізіліп отырған Ризашылық күнінде аудан әкімінің орынбасары Райхан Салықова сөз алып, балалар үйінде тәрбиленушілерді мерекелерімен құттықтай келіп «Бөбек» қорының төрағасы Сара Алпысқызының жүректерінде құттықтауын жеткізді.

– «Жетім көрсең жебей жүр» демекші, жетімін жылдағаған елдің баласымыз. Қайырымдылық жасап, үлкен жүректілік таныту қанымызға сіңген қасиет, – деді мерекеде сөз алған «Нұр» отбасылық балалар үйінің директоры Тұяқ Ескожина. – 110 балаға бауырына басып, бір отбасы болып өмір сүріп келе жатқанымызға он жылдан асты. Сара Алпысқызы ұйымдастырылған Ризашылық күнінің ұйымдастырушысының отбасымыздың атынан ризашылығымызды білдіреміз.

Мерекеге құттықтауға «Нұр», «Ақжемет», «Кончеп», «Күшікшы», «Оспанчик» отбасылық балалар үйінде ұйымдастырылып, арнайы құттықтаулар мен ілгіс хаттар тіркес етілді. Сондай-ақ, шараның ең үлкі мақсаты – қайырымдылық көрсетіліп, балалар үйі қажетті тұрмыстық техникалық заттармен, киім-түлікпен қамтамасыз етілді. Балалар үйінің барлығында «Ризашылық бүгінге, ризашыл қазіреге!» атты мерекелік концерт өткізіліп, балаларға тіл үйірер тәттілер мен жеміс-жидекке толы ас мәзірі тарту етілді.

Шарага балалар үйінде тәрбиленуші жас ерекшелерге белгілі спортсымен, ел азаматтарының қайырымды іс-шараларына алыстарын білдіреді.

ТАЛҒАР АУДАНЫ.

● РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

АЗАМАТТЫҢ АТЫ ҚАЛСА

Құрметті «Жетісу» газеті! Мен сіздерге Раймбек ауданының Тоғызбұлақ ауылынан хат жолдап отырмын. Басты мақсатым, жер жаннаты Жетісу өңірінің кезі мен құлағы болған осы басылым арқылы жерлестерімнің үшбу сәлемін жеткізу.

Негізгі тақырыпқа қалам тартпай тұрып, Қапез сері *ақпе* қосқан туған өлкемде соңғы бір жылда болған он өзгерістерге тоқтала кетейін. Біріншіден, жиырма жылдан бері жөндеу көрмеген мектебімізді күрделі жөндеуден өтті. Жалаңаш пен Тоғызбұлақты жалғап жатқан күре жол толық болмаса да жамалды, жаңарды. Ауыл азаматтары бірігіп, ішкі жолдарды қалпына келтіріп, көше-көшеге 20-ға жуық шағын өткелдер жасады. Аудан әкімі Аян Айтжановтың көмегімен шарбаққа арнайы ағаш бөлініп, қоршаулар жасалды. Енді елді титықтатқан, бұқаралық ақпарат құралдарында шешімін таппас мәселе болып көтерілген ауыз судың жыры 2010 жылы толық шешімін табады деген қуанышты хабарды естіп жатырмыз. Ауылдан шыққан кәсіпкер жігіттер аудан әкімдігімен келісе отырып, Мәдениет үйін күрделі жөндеуге қажетті құжаттарын да толық дайындап қойды. Міне, аз ғана уақыт ішінде осы мәгі істердің бастау көзінде облыс әкімі Серік Үмбетов тұр деп есептейміз, зор алғысымызды айтамыз. Енді бүгінгі хатқа өзек болар негізгі тақырыпқа оралайын: осы ауылда 1922 жылы туып, Жалаңаш қазақ орта мектебінде білім алған **Жартыбай Қожашұлын** бұл өңірде танымайтын адам жоқ. Орта деулетті отбасынан шыққан азамат Ұлы Отан соғысы жылдарында Өзбекстанның Наманган қаласында жаңу әскерлер дайындайтын училищеде оқып, Орел-Курск-Белгород доғасындағы шайқаста 960-атқыштар полкының взвод командирі болды. 1943 жылы қыштар полкының взвод командирі болды. 1943 жылы ауыр жараланып, Ұлы Отан соғысының мүгедегі ретінде туған еліне оралды. Бірден еңбек майдағына араласып кеткен Жартыбай Қожашұлы 1948 жылға дейін жоспарлаушы-агроном болып жұмыс істеді. Одан кейін он жыл бойы аудандағы ең ірі шаруашылықтардың бірі «Тоғызбұлақ» колхозына төрағалық етті. Осы жылдар ішінде колхоздың өсіп-өркендеуіне, нығаюына, экономикасының өрлеуіне, ауыл мәдениетінің көркеюіне, колхозшылардың тұрмыс жағдайларының жақсаруына айрықша еңбек сіңіріп, «Тоғызбұлақты» миллионер колхоз атандырды. Күн-түн демей, көз ілмей жүгірген осы еңбегі үшін Ленин және «Құрмет белгісі» орденлерімен және жиырмаға жуық медальдармен марапатталды. Бұдан кейінгі жылдары Талғар ауданындағы қазақ мәдениеттерлік ғылыми-зерттеу институтының «Жалқамыс» тәжірибе шаруашылығының директоры, Жалаңаш сауда бірлестігінің директоры және ауылдық Кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарды.

1984 жылы Республикалық дәрежедегі зейнеткерлікке шыққан қадірлі ақсақалға 2003 жылы «Раймбек ауданының құрметті азаматы» атағы берілді. Көргені мен көңіліне түйгені көп қартты облыс көлемінде ғана емес, алыс-жақындағы барша жұрты сыйлайтын. Бірақ, амал қанша, қазына-қария 2005 жылдың мамыр айында, дәл Жеңістің 60 жылдығында қайтыс болды.

Жартыбай Қожашұлы тәрбиелеп өсірген мамандар ел есінде. Мәселен, Бұқабаев Аманғелді ауданның партия комитетінің бөлім меңгерушісі, Әлиев Кеңесжан «Қарқара» совхозының директоры, Сыбанбаев Әріп Алғабас жылқы зауытының директоры, Көшкінов Сүлеймен облыстың бірнеше ауданында басшылық қызметте болды. Жәутікбаев Дәмебай, Алтыбаев Өбен, Алмабеков Тынышбек сияқты азаматтар әлі күнге аттан түсе қойған жоқ.

Осындай аскаралы азаматқа Раймбек ауданының Бесмойнақ өңірінде салынып жатқан шағын қаласынан бір көше берілсе деген өтінішіміз бар. Елге сіңірген еңбегі осындай құрметке лайық деп есептейміз. Ал, өзі қызмет атқарған Жаланаш, Тоғызбұлақ, Жайдақбұлақ ауылдарындағы мемлекеттік мекемелер мен көше атаулары бос болмай тұр. Сондықтан, Бесмойнақтың үлкен болашағын ескере отырып, осы аймақта **Жартыбай Қожашұлының** аты қалса екен, ел жанашыры Серік Үмбетов мырза осы іске оң қабақ танытып, бастамаға қолдау білдірсе екен деп ауыл тұрғындары атынан хат жолдап отырмыз.

Абдулла АЛТЫБАЙҰЛЫ.

ТОҒЫЗБҰЛАҚ АУЫЛЫ,
РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.

Балалар үйіне базарлық

Кәжет АЙДАС,
«Жетісу»

Қайырымдылық шарасы Қаратал ауданы, Үштөбе қаласындағы балалар үйінде жалғасын тапты. Мерекелік шараның ашылу салтанатында сөз кезегін алған аудан әкімінің орынбасары Күлпаш Ізмұханқызы балаларды мереке құлшынымен құттықтаса, «Нұр Отан» ХДП-нің Қаратал аудандық филиалы төрағасының орынбасары Құдайбергенның өмренов жинаған қаулаға биік партиясының балаларға үлкен қолдау көрсетіп, жебеп отыратын жемісті жұмыстарын ынғалеп етті. Ал, Алматы облысының балаларды құқықтарын қорғау департаментінің бөлім бастығы Аскар Уйсанбаев департамент тарапынан жасалып жатқан жұмыстарды ретпен таныстыра келіп, алдағы уақытта да мұндай шаралардың жүйелі түрде қолға алынатындығын тілге тиек етті.

«Жетімін жылатып, жесірін қақпырта-ған» елміз ғой. Аталған шарага жиналғандардың қатары да көп болды. Олардың арасында кәсіпкерлер, үлгілы азаматтар, үкметтік емес ұйымдардың өкілдері мен қайырымдылық орталықтарының жетекшілері болды. Бәрі де балалар үйінің бары мен базарын асыратын сый-сияпатын арқалап келіпті. Атап айтар болсақ, «ҚАЗтелеком» АҚ-ның президенті Ж. Мейрамбаев музыкалық орталық және сегіз дана DVD аппаратын, «ҚАТАК» ҰҚШС-ның директоры Р. Нигметков тілді үйретін түрлі тағамдар, облыстық «Мұрагер» ҰҚШС-ның директоры Александр Семенкин қабырғаға сән беріп, көрген жанның көз қуанғанына айналатын әсем картиналарды балалар үйіне сыйға тартты. Ал, бауырмашақ көңілі жадау балаларға жақынған қол ұшын беріп, қуанышы сыйлауды мұрат етіп келген аудандағы «Айдын»АҚ, «Қаратал»АҚ, «ЛАТ» дүкені, «ҚАЗтелеком» АҚ-ның аудандық бөлімшесі де тәтті тағамдар, түрлі ойыншықтар, әсем киімшектермен және балалар үйіне керекті құрал-жабдықтармен ауланы толтырып тастады.

Балдырғандар да қонақтарды қызу ықыласпен қарсы алып, би билеп, ән шырқап, өздері жазған туындыларын оқып, алуан түрлі ойын өрнектерін көрсетіп мерекеге болды. Соңында демді тағам, жеміс-жидектерге толы мерекелік дастархан жайылды. Сонымен қатар аудандық филармонияның әншілері атындағы филармонияның әншілері Б. Асқарбеков, А. Бешен, Т. Серіков ақын сөзіне жазылған «Сүй, жан сәулем», «Сен сұлу», «Ақсұңқар құс», «Туған жер» атты өндерін де нақышына келтіре орындады.

Акция барысында Мағжанның лирикасы ер оқырманның жүрегіне терең бойлап, жастарға үлкен ой салды. Зейін қоя тыңдаған аудитория шараның аяқталғанын да сезбей қалды. Ақын поэзиясымен қимай қоштасты. Сөзімен соңында осы шарага белсене қатысқан М. Жұмабаев атындағы №19 мектеп-гимназиясының оқушылары мен политехникалық колледж студенттеріне алғысымызды білдіре отырып, «Мен жастарға сенемін» деген өлеңінен қуат алып, елміздің белді азаматтары болуларыңызға тілектеспіз.

Г. ШЕГЕНОВА,
С. Сейфуллин атындағы Алматы облыстық әмбебап кітапхананың оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі.

Кәсіпті Құрбан айт күнінің қарсаңында № 1 облыстық балалар үйінде тәрбиленуші бүлдіршіндер қуанышқа бөленді.

СӘБИ ЖҮРЕГІНЕ ҰЯЛАҒАН СӘЛЕМ ХАТ

Сәйлаубек БАЙДУЙСЕНҰЛЫ,
"Жетісу"

Ризашылық күні деп белгіленген дәл осы күні Қазақстандағы бүкіл ауылдың біткеншік ардақты анасы атанып кеткен Сара Алпысқызы Назарбаева жетімдер үйіндегі тәрбиленуші балаларға арнаы мұстық сезімін білдіріп, жүрегімен жазылған арнайы хатын жолдады. Ана алдында, бесік жырын тыңдап өскен балалар үйінің сәбилері Сара Алпысқызының әдемі сезіне жеріне тыңдалы. Хатты арнайы оқыған балалар үйінің директоры Динара Бақытбекқызы сәбилерге жолдаған сәлем хаты үшін Сара Алпысқызына балаларды атынан алғыс, ризашылығын білдірді.

Кездесуге арнайы ағбасын бұрған аудандық білім басқармасының мамандары балалар үйіне кітаптар сыйға тартты. Кездесу соңы балалардың балғын бір мен қонырауды сыңғырлаған әсем әуендерге ұласты.

ҚАРАСАЙ АУДАНЫ.

ҚАМҚОРЛЫҚ ҚАНАТ ЖАЙДЫ

Қайырымдылық акциясына арналған шара Жаркент қаласындағы жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған облыстық көмекші мектеп-интернатта күні мерекеге айналды десе де болады. 26 қараша күні интернатта тәрбиеленетін 89 бала түгелдей сәнді киіндіріліп, мекеме ауласы түрлі-түсті жалаулармен, шарлармен жасандырылып, қайырымдылық қам-қарекетпен келген қонақтарды қарсы алды.

Салтанатты жиын балалар үйінің жиынжайында басталып, көмекші мектеп-интернат үйінің директоры Балқия Раева кіріспе сөз сөйлеп ашып, мерекенің мәнін мәлімдеді.

Балаларға қамқорлық қолын соза келген қонақтар да кезекпен сөз сөйлеп, әкелген сәлем-сауқаттарын тапсырып жатты. Алғашқы болып балалардың алдына шыққан аудан әкімінің орынбасары Амантай Өбдіқадырұлы мен Жаркент қаласының әкімі Мұрат Телманұлы Сара Алпысқызының атынан балалар үйіне түрлі-түсті теледидар сыйласа, «Ирада» ЖШҚ төрайымы Сурияш Изимова жаттығатын 2 велосипед, «Ақбоз» базарының бастығы Ризван Сахиева балға киетін 17 балдық би көйлегін тұфлиммен, ал кәсіпкер келіншектер Роза Имирова мен Роза Хайбуллина караоке орталығын тапсырды. Осы салтанатты шараның ойдағыдай өткізілуіне кәсіпкер азамат Серік Сәрсебеков көп көмек көрсетті.

Салтанатты жиыннан кейін Жаркент қаласындағы ең сәнді мейрамханада балалар мен қонақтарға дастарқанды мол мәзіретке толы түстік ас берілді. Бұл асты осы «Атлантик» мейрамханасын қожайыны Гүлнәр Қазыбекова ұсынғанын айта кеткен артық болмас. Ал, оқуғы балаларды түскі аска, одан кейін аудандық Мәдениет үйінде ұйымдастырылған концертке автобустармен жеткізіп, тасымалдауды Жақылбай Ақшалов басқаратын «Үркер» ЖШК өз міндетіне алды.

М. СЕЙІТ.

● КӨРМЕ

Облыс әкімінің көркемөнер галереясында Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің мұражайы қорынан келген «Әлемдік қауымдастықтағы Қазақстан» атты жаңа көрме ашылды. Көрме әлемдік қауымдастықтағы Қазақстанның рөлі мен маңызын көрсету, Елбасымыздың басқаруымен қол жеткізген жетістіктерімізді паш ету мақсатында ұйымдастырылған.

ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗДІ ПАШ ЕТЕДІ

Өнеркүйер қауымның назарына Қазақстанның басқа елдермен тереңдей тең мемлекет екенін көрсететін естелік сыйлықтар ұсынылған.

Сонымен қатар, тұңғыш Президентіміздің Қазақстанды керегесі кең, босағасы берік ел ретінде қалыптастыруы, бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосудағы жан-жақты кызметін бағалаған тұлғалардың және АҚШ, Қытай, Ресей, Индия сияқты түрлі мемлекет басшыларының сыйлықтары көрмеге қойылған. Олардың қатарында құмыс және қыштан жасалған ыдыстар, коллекциялық тиындар мен маркалар бар. Жалпы көрмеде қазіргі заманғы 224-ке жетеді. Ягни бұл жәдігерлерді тамашалау барысында үлкен қолемер бүйымдарымен таныс мүмкіндігі де туындайды.

Айнұр НҰСПБАЙҚЫЗЫ.

«Казпочта» АҚ өзінің таңды мекемжайының өлгергенін хабарлайды:

010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Сарыарка ауданы, Әуезов көшесі, 13.
Тел.: +7 (7172) 58 02 91
Факс: +7 (7172) 58 02 98
e-mail:kazpost@kazpost.kz
http://www.kazpost.kz

● МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ

ӨНДІРІЛГЕН ӨНІМГЕ СҰРАНЫС ЖОҚ

Мырзағали НҰРСЕЙІТ,
"Жетісу"

Ырыз Панфилов ауданының дихандары 21 мың гектардан астам алқапқа жүгерінің әртүрлі сорттарын өсіріп, одан 113 мың тоннадан астам өнім жинады. Аудан бойынша орта есеппен әр гектардан 55 центнерден жоғары дән жинаған «дала арыстыры» башкерлерін соңғы 20 жылдан бері қол жеткізген ең жоғарғы көрсеткіш қуанышқа бөлей алмай отыр.

Қазір барлық ауылдардың қырмандары жүгері дәніне лық толы. Өндірген өнімі қырманға сыймаған кейбір елді мекен сібекерлері жүгерісін жолдағы асфалтқа жайып кептіріп, қарашаның жүз құбылған ауа райымен алысып, түнде үйіне көшбай күктіп жатыр.

Басты мәселе жүгері дәнін сатып алушы жоқ. Бар болса әр килесін 17 теңгеден алуда, алайда бұл баға өнімді өндіруге жұмсалған өзіндік құнды ақтамайды. Оның өзін де шектеулі мөлшерде ғана сатып алмақшы. Алыстан айтсақ, қырманда жинаулы жатқан өнімнің жартысынан астамына сұраныс болмай тұр. Сейітіп, дихандың ала жаздай төккен терінің өтеуі құрысқаны, жүгері дәнін сатып, отбасына береке әкелем деген арман, түлеуі астан-кестең, көңіл пәс.

Қысқасы, өндірілген өнімді өткізуді түбегейлі шешу үшін күнбұрын жасталып жұмыс жасалған жөн болар.

ПАНФИЛОВ АУДАНЫ.

Алматы облысы Көксу ауданындағы «Алғабас ауылының тұтыну кооперативінің» 2004 жылдың 30 қаңтарында берілген Жарғысы, тіркеу нөмірі 10916-1907-ТК, жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Райымбек ауданы Сүмбе ауылындағы орта мектеп Джайлаков Ерлан Анарбековичтің атына берген ОА – 005693 нөмірлі аттестат жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Еске алу

Сарқан ауданы, Бақалы ауылының тұрғыны **Диханбаев Серікқали Қасенұлының** өмірден өткеніне желтоқсан айының 5 жұлдызында 1 жыл болады.

Қайран жас, қайран бауыр, асыл жан,
Өтті-ау, күндер сағынышпен ақ ұрған.
Жарқыдаған нұр бейнеңді сағынып,
Жер қойнына мәңгілікке жасырған.
Табиғаттың мол пішінді, кең еді,
Мықтылығың барынше ерді болатпай.
Тіршілікте ең тәнделі ретжістей
Тас атқанда ас беретін, жаным-ай!
Көп еді әлі көретұғын алда күн,
Қалды әйтпесе іште қанша арманың,
Тілегіміз жұмақ төрі бұйырып,
Шапағаты жасасын дейміз Аллаһың!

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: анасы – **Ақан,** зайыбы – **Нұржан,** қыздары **Әйгерім, Мөлдір, Анел және туған-туыскандарынан.**



МЕНШІК ИЕСІ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны. ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімі

Бас редактор Жақыпжан НҰРГОЖАЕВ

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, №3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

Жетісу

e-mail:Jetisu2002@mail.ru

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында terlain, беттеледі.
Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Алты мыңнекелік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
Жарнама мен хабарландыруздардың мазмұны мен мәтінінде жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
6-43

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ. ТАПСЫРЫС — 1580. ТАРАЛЫМЫ — 31783. ИНДЕКСІ — 6

Жауапкерлік хатшы: Қуат ҚАЙРАНБАЕВ.

Ақпарат бөлімі — 24-37-11, байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары — 21-01-90, 24-33-02, жауапты ақпарат бөлімі — 24-29-82, есеп-қисап бөлімі — 24-35-28. Алматы қаласындағы тілшілер қосымша — 279-13-37 (факс), 79-13-86, 79-2-19-33. Газет табыс етілмесе — 72-59-01 телефонымен хабарласу керек.
Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары: Үшаралда — 2-12-57, Панфиловта — 5-12-21, Раймбекте — 2-22-05, Іл

Құттықтаймыз!



Райымбек ауданындағы Кеген ауылының Тұрғыны, зейнеткер педагог **ӘБІЛҚАЙЫР Темірхан Әбілқайырұлын** 50 жасқа толатын мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Дүниедегі барлық жақсылықтарды тілей отырып, ақ иненіздің мына бір өлең жолдарымен балдыреміз:

50 – жолдың жасқа толған
Құтты болсын мерейіңіз.
Үлгіміз – алда да тек,
Шаттықтарға бөленіңіз.

Ақ тілекті айтып бүгін,
Қуанышқа тасамыз қол.
Таңы осындай дүрілдеген
Бір ғауқы жасағыңыз деп, –

тілек білдірушілер: Фариза, Маңас, Мақсат, Ажар және №7 ОПМК ұжымы.

О, Ана, Жылда келер Жыл күсыңмын

О, Анам жылда келер жыл құсыңмын,
Өзіңнің мөлдіреген тұнығыңмын.
Жүрекке ұлы сезім ұялатып,
Өмірге әр атыммен бірге ұямдырдың.

Қайырмасы:

О, Ана жылда келер жыл құсыңмын,
Кешегі балаңмын, тұнығыңмын.
Оған ырыс, бойға үлкен құат беріп,
Қырағың, қырағыңмен бірге ұшырдың.

Сүйтедің болашақтың сара желісін,
Жастық шақ – арпа толған бардың о күн.
Санаңа өзің құйған ақыл, ойлағы,
Өнерді дәріптейді дара қолым.

Қайырмасы:

О, Ана, әрдағы ана, асыл ана,
Асылың бұл сәдің жасыра ма.
Қолымнан келсе егер Алатауды,
Көтеріп шығар едім басына да.

Өлеңін жазған: Жұмабек КУАНЫШБАЙҰЛЫ.
Әнін жазған: Өмірсерік АРАПОВ.



ШЕЖІРЕ

– Арғы бабамыздың аты Кілегей.
Сол кісінің тұсында ел болыпты,
жалпақ, еш жүдемей.
Кәне, бұдан кейінгі бабаңыз –
Шері, одан – Бөрі,
Бөрідей Дүрегей туады.
Дүрегейден – Шүрегей,
Шүрегейден – Сілемей.
Барлығы шетінен бірегей.
Сілемейден менің әкем Толық туған.
Кәмүнистер заманында,
асып-тасып болып тұрған.
Бәлесіздер, төрт рет сотталып,
жиырма жылы түрмеде өткен.
Соның мінезінің ұшқыны ғана
бізге жеткен.
Жарықтық Дүрегей бабамыз батыр,
Шүрегей бабамыз пысық болыпты.
Судан суға шүйгін,
Көлден көлге қоныпты.
Ол туралы өлең бар,
Жазып қалдырған Бұқар
жырау деген бар.
Бәлшебек болған атамыз – Сілемей.
Ал мына дүрміз деп жүргендердің
көбісі кіл өгей.
Біз ғана батырдың тұқымбыз!
– Мә-ә-ә, мынау бірдеме біледі-ей!
Тарихтан ағып тұр,
шежірені шемішкедей шағып тұр.
– Е, тегіміді білмей қара басың пәс,
Әлі президент боламыз, асықпа!
– Онда сен, мынаны айтшы,
Осы қазақ деген қайдан шыққан?
– Оны ит білсе не!
Әлгі кіл өгейдің бірінен тарайды да,
Өзімізге жеті атамыздың бірдей
жарайды да.
Әйтеуір, біреуінің баласы шығар,
Шаладан туған шаласы шығар.
Біз сияқты не батыр,
не бәлшебек емес,
Жүрген бір халық.
Сол анық.

Рәтбек ТЕРЛІКБАЕВ.

● БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ

Президент шыршасына қатысады



Оған да жететін күн алыс емес шығар. Ал Президент шыршасына жылда қатысып келемін. Ол маған мәзбұт береді. Менің ата-анам жоқ болса да, шағыз жебеушім Елбасы шыршасынан алатын тың сергім. –

Қажет АЙДАС,
«Жетісу»

Жаңа жыл қарсаңында балаларға қуаныш пен шаттық сыйлап, олардың болашаққа деген сенімін үкілейтін Елбасы шыршасын балдырғандар асыға тосады. Тіпті осы салтанатқа қатысу мүмкіндігін алған жеткіншектер көтеріңкі көңілмен келесі жылға қадам басады. Биыл аталған шараға облыс аумағынан 150 оқушы қатысады. Олардың дені жетім, жартылай жетім, көп балалы отбасынан шыққан балалар болғанымен оқуда үздік, өнер, спортта топ жарып, жақсы жетістіктерге жетіп, басқаларға үлгі болып жүргендер.

Бұлардың арасында мектеп-интернаттар мен балалар үйінің тәрбиеленушілері де бар. Олардың бірі – **Қанат Ақжол.** «Айналайын» балалар үйінің тәрбиеленушісі, қазір Талдықорғаннан қаласындағы №16 орта мектебінің 7-сыныбында оқиды. Ол бұл ортаға 2006 жылы келді. Басында бейтаныс мекеңге жатырқап қараған жас баланы тәрбиешілердің жылы ілтипаты бірден-ақ өзіне бауыр алған. Қазір кішкене кезінде жалына бекіп қалған өмірдің ащы елестерінен арылған өрен өмірдің қызығы мен қуанышына өз талантымен араласып кетті. Оның футболға бейімділігін аңғарған дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері бірден қалалық жастар командасына қабылдатты. Түрлі жарыстардағы шеберлігі мен сеімталдығын ескерген жаттықтырушы оны команда капитаны етіп тағайындайды. Облыстық жарыстарда тәжірибе жинақтаған Қанат республикалық бәсекелерде мамандар назарын аударады. Нәтижесінде Қанатты халықаралық жарыстарға қатыстыру жайында ұсыныстар түсе бастады. Құжаттары дайын болса, алдағы уақытта біздің жерлесіміз әлемнің үлкен алаңдарында қазақ баласының абыройын асқақтататын болады. Ал Қанат Президент шыршасына қатысатының мақтанышпен айта келіп:

–Менің осындай жетістікке жетуім, басқаларға көз тұрткі болмай көпілді ортада өсуім, бірінші кезекте, Қазақстан деген елімнің болғандығы. Еліміз аман болсы, қазақтың баласы ешқашан жетім болмайды деп сенемін. Екіншіден, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтің дана саясатының нәтижесі, жастарға терең сенім артқандығының арқасы. Сондықтан біз Елбасының үмітін ақтап, болашақта елге еңбегіміз сіңетін азамат болуымыз керек. – дейді бізге.

Ал **Виктор Елисеев** биыл 10 жаста, Од «Айналайын» балалар үйіне 3 жасында келген. Сондықтан оның үйі де осы, бауырлары да осындағы балалар, әке-шешесі – тәрбиешілері. Талдықорған қаласындағы №16 мектептің 6-сыныбында оқитын оны сыныптастары оқу үздігі, спорт шебері деп атайды. Ол кішкене кезінен қазақша күреске бейім болған екен, қазір каратэмен айналысады. Облысымызда өткен жастар арасындағы бәсекелерде жастар арасындағы бәсекелерде қарсыласын бетқаратпай, бірнеше мәрте жеңімпаз болып үлгерген. Жаттықтырушылары болашақта көк туымызды көкке желбірететін спорт шебері болады деген сенімде. Виктор спортпен бірге оқуда да үздік. Әсіресе, кітап оқуға құмар. Аталардың ақыл-ақылға толы сөздерін жаттап, оған пайым-түсінігін қосып отырады. Сондықтан сенімді ақтайтынына біз де сендік. Өйткені таланты спортпы үшін білек күшімен бірге білімі де жеткілікті болуы керек емес пе? Ол Президент шыршасына жылда қатысып келеді. Биылғы салтанатта батыр ролін сомдамақшы.

– Мен 3 жасымнан осы ортадамын. Ата-анамнан айырылып қалсам да, бізді далаға тастамайтын абзал қоғамда өмір сүріп жатқанына қуанамын. Әсіресе, бізге осындай жағдай жасап, басымыздан сипаған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа мың алғыс айтамыз. Сонымен бірге, жыл сайын Президент шыршасы кезінде бізді ұмытпайды. Өйткені, менің достарым үшін бұл салтанатқа қатысу үлкен мақтаныш. Ол бізге жігер, сенім береді. Сондықтан мен де болашақта спорт шебері болып, осы қамқорлықты ақтаймын деп сенемін, – дейді бізбен әңгімесінде.

«Айналайын» балалар үйінің тәрбиеленушісі Талдықорған қаласындағы №16 орта мектебінің 8-сыныбында оқитын **Парасат Белгожаеваның** бос уақыты жоқ дерлік. Демалыс күндерінде де жаттығу залынан шықпайды. «Кейде тамақтануды да ұмытып кететіні бар»,– дейді тәрбиешілері. Өйткені өнерді жанына серік еткен ол бірнеше үйірмеге қатысуды әдетке айналдырған. Атап айтар болсақ, «Айналайын» балалар үйінің «Пана» драма театрында түрлі бейнелерді сомдаса, «Алтын қасық» үйірмесінің әншісі, «Алтын би» үйірмесінің бишісі, вокалдық ансамбліде сәт сырнайда ойнайды. Былайша айтқанда, «Сегіз қырлы, бір сырлы» болып өсіп келе жатқан Парасат оқуда да үздік. Әсіресе, математика пәніне деген ерекше ынтасы сыныптастарын ғана емес, мұғалімдерін де таңғалдырады. Оның ел келешегі жайында айтқан балғын да болса, бағалы ойы бізді де таңғалдырады:

– Кейде көшеде әдебір әжелерге ұшырасып қалсам «бізді бұзық қызымыз» деп мандайымнан сипап жататыны бар. Әрине, бұл менің өз бойымдағы талантым болар. Бірақ мен мұны бойымдағы дарынымызды ұштауға мүмкіндік ашып отырған тәуелсіз еліміздің арқасы деп білемін. Бізді әлпештеп, алақанға салып өсірмесе, мұндай нәтижеге қайдан болсын?! Менің әлі де арманым көп. Әсіресе, үлкен сахналарда өнер көрсетуге мүмкіндік ашылса деймін.

Дәнеш Рақышев атындағы мектеп-интернатында білім алып жатқан өрендер де Президент шыршасына қатысатының тебіреністі көңілмен жеткізді. **Нұрзат Нүсіп** аталған интернаттың 7-сыныбында оқиды. Ол Алакөл ауданы Қабанбай ауылында туған.

– Қазір өзіміздің Тұмыс, Елтанбамыз, Әнұранымыз, Президентіміз бар. Өнер, ғылым, техника жағынан танылған көптеген ғалымдарымыз бар. Келесі жылы Еуропадағы қаңтарсіздік пен мәтімақтастық ұйымына басшылық жасайтынбыз, одан кейін Алматы мен Астана қаласында қысқы Азия ойындары өткізілгелі жатыр. Осындай жетістіктердің бәрі тәуелсіздік пен Нұрсұлтан атамыздың арқасында дер едім, өзімізді осындай биікке бастап әкелген Президентіміздің шыршасына қатысу үлкен бақыт емес пе? – дейді өзінің қуанышын жасыра алмай.

Ал аталған интернаттың 4-сынып оқушысы **Диана Қожахметова** өз ойын, Президент шыршасына деген сүйіспеншілігін өлең түлмен жеткізді:

– Отаным байтақ мекенім,
Отанды жырлап өтемін.
Осында өтер өмірім,
Отансыз босып кетемін.

Қазақ жері достық пен бейбітшіліктің, береке мен бірліктің мекені.

Онда жүз отыздан астам ұлт өкілдері барының бағасын асырып, ынтымағы жарасқан пейілмен тірлік кешіп жатыр. Үрпақ өсіріп, ұлттық дәстүрі мен салт-санасын жаңғыртып келеді. Биылғы Елбасы шыршасына өзге ұлт өкілдерінің перзенттері де қатысады. Олар туған Отанының ұланы, болашағынан үлкен үміт күттірген балдырғандар. Солардың бірі, Ұйғыр ауданы, кіші Ақсу орта мектебінің 7-сыныбында оқушысы **Тимур Мәметжанов.** Анасының әлпештеуімен өскен Тимур жас суретші. Оның балғын ойынан бейнеленген суреттері табиғаттың көркемдігінен сыр шертеді. Аудандық білім бөлімі тарапынан ұйымдастырылатын сурет көрмелеріне қатысып, бірнеше мәрте жүлделі орынды жеңіп алса, облыс орталығында «аудандардың мәдениет күндері» аясында өткен шараларда оның туындылары тұрғындардың мақтауын алып келеді. Ол Президент шыршасына қатысатынын естігенде риза көңілмен Елбасына алғысын жеткізіп жатты:

–Мен Қазақстанда туғаныма мақтанамын. Өйткені мұнда жастарға үлкен жол ашылған. Өнер, спорт жағынан жетістіктерге жетуге мүмкіндік бар. Оның үстіне біздің мектепте бірнеше ұлт өкілдерінің балалары оқиды. Бәріміз бір үйдің балаларындай сыйласамыз. Сондай-ақ, менің болашақта үлкен суретші болып, өзімнің туған жерімнің көркем табиғатын әлемге паш етсем деймін. Бұл арманымға жетуіме сенімдімін. Себебі анам жұмыссыз, отбасымызда біраз қиындық болса да, жыл сайын менің барлық шығынымды үкімет төлеп береді. Бізді де «Мектепке жол» акциясында оқу құралдарына, киім-кешекке ие болдым. Осындай қамқорлық жасалып жатқандықтан ел алаңсыз білім алуыма жағдай бар деген сөз. Оның үстіне, міне, Елбасы шыршасына қатысқалы отырмын. Оған мұқият оқуды үздік, өнерлі балалар қатысады. Мен көптеген жаңа достар табатыныма қуанышымын. Олар маған шабыт береді, – дейді жас суретші.

Ал Ескелді ауданы Ш. Уәлиханов атындағы орта мектеп-гимназиясының 8-сынып оқушысы **Диас Латфеев** татар ұлтының өкілі. Аталған ауданнан Елбасы шыршасына қатысатын екі оқушының біреуі. Бала күйінен футболды серік еткен ол аудандық бәсекелерде алдыңғы орынды бермейді. Сабақты үздік оқумен қатар, бос уақыты бола қалса, қолқанаты жоқ отбасыларға көмектесуді әдетке айналдырған. Ауылдастарының оның кішіпейіл, еңбекқорлығын жиі мақтайды. Сондықтан мектеп ұжымы оның Президент шыршасына қатысуын бірден қолдаған. Біз оның осы жаттығу алаңында жүздесіп, салтанатты шараға қалай дайындалып жатқанын сұрап көрдік.

– Менің бұл мүмкіндікке қол жеткізуім мұғалімдерімнің арқасында деп білемін. Өйткені олар мені үнемі адалдыққа, мәдеттілікке, басқаларға үнемі көмектесіп тұруға тәрбиелейді. Сондықтан сабақтан кейінгі уақыттарымда қолқанаты жоқ қарияларды үйіне барып, жұмыстарына көмектесіп тұрамын. Әрине, үлкендердің алғысын алғанның артық мақтау жоқ шығар. Аталарымның ақбатасы маған шабыт береді. Қазір менің достарым да көбейді. Олар да мен сияқты басқаларға көмектесуді қалайды. Солай істеуді де Өйткені біз үлкендерді құрмет етсек, кейінгілер бізді де сыйлайды деген сөз. Президентіміз де жастардан үлкен үміт күтеді. Сондықтан бұл үміттің біз осылай ақтауымыз керек шығар,– дейді жасқаншы бейнеде.

Иә, жас достардың өзіндік айтары бар екен. Бәрінен бұрын олардың Президент шыршасына деген ерекше ықыластары. Осының өзінен ел ертеңін кемел келешекке бастайтын ерен ойлы, толғамы мен ойламы бөлек бір буынның өсіп келе жатқандығын аңғардық.



● ЕРЛІК ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

МЕДАЛЬМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Болат АБАҒАН,
"Жетісу"

Көліктегі Оңтүстік – Шығыс ішкі істер департаментінің Үштөбе теміржол стансысындағы желілік ішкі істер бөлімшесінің жедел кезекші көмекшісі, полиция старшинасы Нұржан Жусынов осыдан екі жыл бұрын – 2007 жылдың 11 қазаны Үштөбе қаласындағы астық қоймасындағы алапат өрттің алдын алуға, жалынның сол маңдағы тұрғын үйлер мен жанар-жағармай құю бекеттерін жалмауына тосқауыл қоюға ықпал етіп, өрт сөндірушілер келгенше күзетші әйелді құтқарып қалған болатын. Жас тәртіп сақшысының осы ерлігі биылғы Тәуелсіздік күні қарсаңында өзінің лайықты бағасын алды. Ұлық мерекеге байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен мемлекеттік наградаларға ие болғандар арасынан оның есіміне де орын табылды. Елбасы полиция старшинасы Жусынов Нұржан Кенжекұлын «Ерлігі үшін» медалімен марапаттады.

Нұржан 1979 жылы Үштөбе қаласында туған. 1998 – 2000 жылдары Үшарал қаласындағы № 2484 әскери бөлімде Отан алдындағы азаматтық борышын абыроймен өтейді. Қазіргі кезде отбасылы. Өмірлік қосағы Гүлден екеуі Аяулым және Арайлым атты қыздарды тәрбиелеп отыр. Нұржанның өзі әскерден соңғы қызметін құқық қорғау органымен байланыстырады және күні бүгінге дейін ішкі істер саласында қажырлы қызмет етіп келеді. Жұмыс істей жүріп, Қазақ әлеуметтік және қатынастар академиясын заңгер мамандығы бойынша тамамдап, білімін ұштап, біліктілігін шыңдай түсті. Бүгінде Көліктегі Оңтүстік – Шығыс ішкі істер департаментінің Үштөбе теміржол стансысындағы желілік ішкі істер бөлімінің кезекші бөлімшесінде өзіне жүктелген міндеттерді мінсіз атқарып келеді. Осындағы кезекші бөлімдегі жедел кезекші көмекшісі ретіндегі қызметін аяқтап, түн ортасында үйіне оралып келе жатып, жанында екі бірдей жанар-жағармай құю бекеті мен тұрғын үйлер орналасқан астық қоймасындағы өрт көнінде дереу өрт сөндірушілерге хабар беріп, өзі қойма күзетшісін құтқарып қалады.

Нұржанның осынау ерлігі мен сол батырлығының екі жылдан соң мемлекеттік тұрғыда еленгені туралы «Время» газетінде жарияланған мақаланы өзгертпестен назарларыңызға ұсына отырып, ерліктің ешқашан ескерусіз қалмайтынын естеріңізге салмақпыз.

СУРЕТТЕ: «Ерлігі үшін» медалінің иегері, полиция старшинасы Нұржан ЖУСЫНОВ.

НАГРАДА НАШЛА ГЕРОЯ

Старшине полиции Нуржану Жусынову, проходящему службу помощником линейного отдела внутренних дел на станции Уштобе Юго-Восточного ДВД на транспорте (ЮВ ДВДТ), ко Дню независимости вручено медаль «Ерлігі үшін» за спасение людей на пожаре, сообщили в департаменте транспортной полиции. Как рассказали полиции, 11 октября 2007 года после дежурства ночью полицейский возвращался домой и увидел, как полыхает склад с зерном. «Рядом в 5 метрах находились жилые дома, а в 15 метрах от очага возгорание – две запровочные станции. Медлить было нельзя, и старшина первым делом позвонив в пожарную часть, бросился эвакуировать женщину, работавшую на складе сторожем», – подчеркнул в ЮВ ДВДТ, заметив, что «если бы не своевременные действия Жусынова, все вокруг взлетело бы на воздух.

● ӨНЕР

Көрермен көңілінен шықты

Сурет өнерінің шын шебері, қылқаламды өмірінің құлірет-күшіне айналдырған суретші Әбдумәлік Бұхарбаевтың туындыларын насихаттау мақсатында Қарасай аудандық тарихи-өлкетану мұражайында арнайы көрме ұйымдастырылды.

Қылқалам шеберінің өнері мен өмірі жайлы ауандағы мәдениет колледжінің оқушылары қысқаша мәлімет берді.

Өткен ғасырдың қырқыншы жылы Ташкентте туған суретшінің қолынан 120-дан аса көркем сурет туындысы дүниеге келді. Шебердің қолынан шыққан шынайы бейне, әсем табиғат көріністерін Мәскеу, Ташкент, Астана, Хельсинки, Алматы, Тараз, Түркістан қалаларының тұрғындары тамашалап, ризашылықтарын білдірді. Ол екі дүркін Мемлекеттік сыйлықтың иегері, «Құрмет белгісі» орденінің және «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне – 10 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.

Суреткердің өміріне өзгеше бағыт берген 1996 жыл болды. Түркістандағы көрме барысында Елбасы Н. Назарбаевпен кездесу оған үлкен әсер қалдырды. Президент қылқалам шеберінің еңбектерін көріп, талантты суретшінің туындыларына жоғары баға берді. Осындай пікірін айта тұрып, Елбасы Әбдумәлік Әбдікәпірұлына тарихи Отанына қайта оралу жөніндегі ойын да жасырған жоқ.

Қазір Ә. Бұхарбаев Қарасай ауданының Райымбек ауылында тұрады.

Жаңа жыл табалдырығын аттаған кезеңде ұйымдастырылған туындыларының ішінде «Қарасай батыр», «Президент Н. Назарбаев», желтоқсандықтар – Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова сияқты елге есімдері белгілі тарихи жандардың тұлғалары шынайы шеберлікпен бейнеленген. Тамаша көрмені көруге жұртшылық көп жиналды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.
ҚАРАСАЙ АУДАНЫ.

● КЕДЕНДЕГІ КЕЛЕЛІ ІС

АНА ТІЛІМ – АРЫМ!

Алакөл ауданындағы «Достық» кедені өлдің шетінде, желдің өтінде тұрса да мерекелік іс-шараларды өткізуден қалыс қалып жатқан жоқ. ҚР Тәуелсіздік күні және ҚР Кеден органдарының құрылған күні мерекесі құрметіне «Достық» кеденінің мәжіліс залында өріптестеріміздің отаншылдық, ұлтшылдық рухын асқақтатуды мақсат өткен «Отаным – жаным, Ана тілім – арым» атты көркемсөз оқу шеберлерінің сайысы өтті.

Кеден қызметкерлері қатысқан бәсеке екі бөлімнен тұрды. Алғашқы бөлімінде ҚР Тәуелсіздік күні және Кеден органдарының құрылған күні мерекесіне қатысты өлеңдер оқылса, екінші бөлімінде бәріміздің жанымызға жақын, адам жанының асыл қасиеті, риясыз ынтық, нәзік сезімі болып сананатын – махаббат туралы лирикалық өлеңдерге кезек берілді.

Еліміздің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолындағы қиын да жауапты қызметте жүрген әріптестеріміз өздерінің өлеңге де таласы барын байқатты. Ақпараттық технологиялар бөлімінің аға бас маманы Б. Қабасова, кедендік ресімдеу бөлімінің бас маманы Н. Әбжамалов, кедендік бақылауды ұйымдастыру бөлімінің бас маманы Б. Белгібаеваның оқыған өлеңдері қазылар алқасы мен көрермендердің көңілінен шығып лайықты орындарға ие болды. Кеден бастығы, ҚК полковнигі Ерікжан Әбдірахманов байқауға қатысушылар мен ұйымдастырушыларға үлкен алғысын білдіріп, болашақта ақын-жазушыларды қонаққа шақырып «поэзия кешін» ұйымдастыру, Достық стансысында мекемелердің арасында апта сайын концерт ұйымдастыру сияқты іс-шаралардың жалғасын табатынын айтты.

Нұргүл НҰГУМАНОВА,
«Достық» кеденінің ұйымдастыру жұмыстары және бақылау бөлімшесінің бас маманы.

Наурызбаева Салиха Арапшаевнаның атына берілген өралман куәлігі, Қазақстан Республикасы салық төлеушісінің (СТН) куәлігі, Өзбекстан Республикасы берген төлқұжат жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Талдықорған мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты шешімінің мекенжайы Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 65 нөмірлі ғимаратқа ауыстырылды.

ІС ҚАЗАГРОҚАРЖЫ

Ауылды нақты қолдау!

Бәріңізді Жаңа 2010 жылмен құттықтаймыз және келесі бағыттар бойынша инвестициялық жобаларды қаржыландыруға өтінімдер әлі де қабылданып жатқаны жөнінде хабарлаймыз

- тауарлы сүт фермалары
- құс фабрикалары
- жылыжайлар
- көкөніс қоймалары
- тамшылатып суару жүйелері
- ауылшаруашылығы техникаларын құрастыру

6% годовых

Толық ақпарат WWW.KAF.KZ сайтында

"ҚазАгроҚаржы" АҚ-тың орталық аппараты
Астана қаласы, Кенесары көш., 51, кв.-4
тел.: +7(7172)580437, 580438
e-mail: mailbox@kaf.kz

Алматы облысындағы "ҚазАгроҚаржы" АҚ-ның филиалы
Алматы қаласы, Қонаев көшесі, 216
тел.: +7(7272)731994, 733271
e-mail: alm@kaf.kz

МЕНШІК ИЕСІ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны. ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімі

Бас редактор Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, №3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

Жетісу

e-mail:Jetisu2002@mail.ru

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілің, беттеледі.
Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Оқырмандардың сапасы үшін редакция жауап береді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Алты машинкелік беттен артық материалдар қабылданбайды.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Кезекші редактор: Айшұр ӘБДІРАХЫМ.

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ. ТАПСЫРЫС — 1678. ТАРАЛЫМЫ — 31783. ИНДЕКСІ — 65469.

Қабылдау бөлмесі және факс — 24-37-11, байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары — 21-01-90, 24-33-02, жауапты хатшы — 24-38-16, ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі — 24-34-06, саясат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі — 24-36-07, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 24-32-43, білім және ғылым бөлімі — 24-30-57, фототілшілер –21-21-55, зан және ақпарат бөлімі — 24-29-82, есеп-қисап бөлімі — 24-35-28. Алматы қаласындағы тілшілер қосыны — 279-13-37 (факс), 79-13-86, 79-16-43, Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары: Үшаралда — 2-12-57, Панфилов та — 5-12-21, Райымбекте — 2-22-05, Іледе — 2-19-33. Газет табыс етілмесе — 72-59-01 телефонымен хабарласу керек.

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

№2-3 (17272) сәрсенбі, 6 қаңтар, 2010 жыл ■ Бағасы келісімді

Жетісу жерінде

Жас келсе – іске

[illegible]

Ұлбосын ИСАБЕК,
«Жетісу»

Бүгін таңда, өз басшылығына жастарға мемлекеттік тұрғыда көңіл бөліп жаңа буындарды көркейтіп, біріктендіруде, әлеуметтік жағдайын жақсартуда, сондай-ақ, жастарды тұрақтандыру мақсатында «Дипломмен ауылға» атты мемлекеттік бағдарламаның қабылданып, жүзеге асуы өз ерекше болар – жастарға қанат бітіріп, келешектеріне сенім ұялатуда.

Осы жылы «Жол картасы» бағдарламасы бойынша 330 адам әлеуметтік жұмыспен қамтылып, оған 29 млн. 700 мың теңге бөлінсе, жастардың өндірістік тәжірибеден өтуі бойынша жоғары дипломы бар 168 жас жұмысқа орналастырылып, оларға жалақы төлеуге 15 млн. 100 мың теңге қаражат қарастырылғандығын, бұған қоса, 244 адам қайта даярлау курстарынан өтсе, он мамандық бойынша 200 адамның қосымша білім алып жатқандығын аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар мекемесінің бастығы Ч. Тазабекова мәлім етті.

ТАЛҒАР АУДАНЫ.

◆ БӨРЕКЕЛДІ!

Өткен сиыр жылы сәтті де құтты жыл болды деп айтуға толықтай негіз бар. Ауыз толтыра айтар ең басты байлығымыз – іргеміздің бүтіндігі мен ел ішінің тыныштығы. Олай болса, кім-кімнің де болмасын өткен жылға өкпесі жоқ екені даусыз.



Суретті түсірген Р. ҚАДЫРОВ.

ТАЛДЫҚОРҒАНДЫҚТАРДЫҢ ЖАҢА ҚОНЫСЫ

Жетісудың кіндік қаласы Талдықорғанда жыл соңында тағы бір қуанышты жайдарман жаңалық болды. Ол қаламыздың шығысына шырай беріп келе жатқан «Қаратал» шағын ауданында жаңа тұрғын үйдің іргесі қаланып, 31 желтоқсан күні өз иелеріне пәтер кілттері табыс етілді. Санаулы сағаттардан кейін 2010 жылды қарсы алғалы отырған жұртшылыққа айтарлықтай сыйлық болғаны ақиқат. 2004 жылдың сәуір айындағы Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауына сәйкес «Талдықорған қаласы бойынша 2005 – 2007 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысы» бағдарламасы бекітілген болатын. Кейіннірек Қазақстан Республикасындағы 2008 – 2010 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламасы бойынша жұмыстар жүргізіле бастағаны баршамызға белгілі. Соның нәтижесі Алматы облысында да өз жемісін беруде. Атап айтар болсақ, 2009 жыл ішінде Талдықорған қаласы бойынша жалпы көлемі 4,5 мың шаршы метрді құрайтын 2 тұрғын үй салынып, Покрышкин көшесінде орналасқан 80 пәтерлі жатақхана күрделі жөндеуден өткізіліп, пайдалануға берілген болатын. 31 желтоқсан күні 1,505 мың шаршы метр 20 пәтерлі арендалық тұрғын үй қаламызда алғаш рет пайдалануға берілді. Пәтер кілттері Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары» Заңына сәйкес әлеуметтік аз қамтамасыз етілген тұрғындар санаттарына, мемлекеттік және бюджеттік сала қызметкерлеріне, әскери қызметшілерге сонымен бірге, кезекте тұрған азаматтарға берілді. Арендалық тұрғын үйдің бір бөлмелі пәтер иелері коммуналдық шығындарды есептемегенде орташа есеппен айына 4 мың теңге, 2 бөлме үшін 8 мың теңге болса, 3 бөлмелі пәтерге 12 мың теңге көлемінде арендалық төлем төлеп тұрады.

Жаңа жыл қарсаңындағы жаңа пәтердің кілтін облыс әкімі Серік Әбікенұлы өзі тапсырып, қала тұрғындарының қуанышын бірге бөлісті. Облыс басшысы өз сөзінде өткен жылдағы экономикалық-әлеуметтік жағдайымыздың өскендігін, әсіресе ауыл шаруашылығындағы қарқынды ілгерілеуді тіліне тиек ете келіп, бүгінгі қол жеткізіп отырған қуанышымыздың өзі осындайша алға жылжуымыздың оң нәтижесі деп атап өтті. «Барымызды жыл соңында бір-ақ сарқымай, келер жылды да жақсылықпен бастасақ деп отырмын. Бүгін 20 пәтерлік арендалық үйдің кілтін табыс етсем, жыл басында, яғни қаңтар айының ортасына таман 45 пәтерлік коммуналдық үйдің кілтін бермекшіміз. Жақсы ырымға сенетін ел емеспіз бе, келер жылды да осындай шаңырақ шаттығымен бастасақ, жыл соңына дейін де осы бір айтулы қуаныш жалғаса берсе екен деген ниет. Осы орайда әрбір тұрғын үйдің сапалы салынуын жіті қадағалап, сіздерге іші жарық, әрі жылы пәтерді сыйлауда Амандық Ғаббасұлының еңбегі зор екенін айта кеткім келеді. Осындай азаматтардың табан ет, маңдай терінің арқасында қаншама отбасы қуанышқа кенелуде. Олай болса, Жаңа жыл қарсаңында алғалы отырған жаңа қоныстарыңыз құтты болсын!» – деп сөзін аяқтады облыс басшысы.

Сиыр жылының ең соңғы күнінде шаңыраққа не болған қала тұрғындарының қуанышында шек жоқ. Пәтерлеріне шашу шашып кіріп, бір-біріне қоныс құтты болсын деп тілеу тілеп жатқан ағайындарға көрер қызықтарыңыз бұдан да көп болсын, жаңа қоныста тек қана жағымды жаңалықтарға куә бола беріңіздер деген ниетпен біз де тарқастық.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

ЖАРҚЫН БАСТАМАЛАР КЕЗЕҢІ

Қажет АНДАС,
«Жетісу»

Әлемдік қаржы дағдарысы қиындығына қарамастан 2009 жыл облысымыз үшін табысты болды. Өндіріс ауқымы кеңейіп, индустрияланды. Инновациялық жобалардың дамуы мен ерекшелігі алға шықты. Агротехникалық шаралардың тиімділігін арттыру нәтижесінде егістіктен мол өнім жиналды. Сондай-ақ, Елбасының тікелей қолдауымен әлеуметтік салаға облыстың бюджеттен қомақты қаржы қарастырылды. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бағытында көптеген өндіріс орындары іске қосылып, жаңа жұмыс орындары ашылды. Өңдеу саласын жетілдіріп, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында Алматы қаласы маңайында азық-түлік белдеуі қалыптастырылды. Талдықорғанда жаңа ғимараттар бой көтеріп, қала көркіне көрік қосылса, сәулет-әсемдігіне сай қазақ үйлері тігіліп, кеңқолды дастарқанынан ұлттық тағамдар орын алды. Елбасы қазығын қаққан Жетіген-Қорғас теміржолы облыс экономикасына қанаттандырарлық екпін десек, әлі де өркенді істер қатары жетілдікті. «Жол картасы» бағдарламасы бойынша облысымызға 12,7 млрд. теңге қаржат бөлініп, елдің әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталды. Бағдарлама аясында 303 жоба уақытында жүзеге асырылып, жоспар 101,3 пайызға орындалды. Осындай жемісті жұмыстардың нәтижесінде 2010 жылға мықты негіз қаланды.

Барыс жылы да өңіріміз үшін берекелі жыл болмақ. Тұрғындар Жаңа жылды көтеріңкі көңілмен қарсы алды. Талдықорған қаласының орталық алаңында өткен мерекелік шарада облыс әкімі **Серік Үмбетов** жетісулықтарға жаңажылдық құттықтауын арнап, сөз сөйледі:

– Құрметті Алматы облысының тұрғындары!

Жаңа жылда ең алдымен жақындарымыз, отбасымыз, өзіміз үшін өткен жыл несімен есте қалғанын ой елегінен өткізіп, жүріп өткен жолымызды бағамдап, келешекке жоспар жасаймыз.

Бүкіл әлемді шарпыған қаржы дағдарысына қарамастан біз болашаққа батыл қадам жасап келеміз. Биылғы жыл республикамыз үшін, облысымыз үшін табысты жыл болды. Қазақта «Нан болса, ән болады» деген нақыл сөз бар. Бір ғана ауыл шаруашылығы саласының өзінде 1 млн. 262,8 мың тонна өнім өндіріп, гектар берекелілігін 27,2 центнерге жеткіздік. Өндіріс, инвестиция, шағын-орта кәсіпкерлік салалары да жоғары жетістіктерге толы болды. Атап айтар болсақ, 2008 жылы өлкемізде 677 млрд. теңгенің өнімі өндірілсе, биыл бұл көрсеткіш 748 млрд. теңгеге жетіп отыр. Экономиканың барлық бағыттарында ілгерілеу байқалды. Әлеуметтік маңызы бар бірқатар нысандар – мектептер, ауруханалар, спорт кешендері, мәдениет мекемелері, тұрғын үйлер пайдалануға берілді. Денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт саласы бәрінше көп қолдауға ие болды. Міне, осындай ұйымшылдық пен бірлігіміздің арқасында тұрғындардың тіршілік деңгейінің төмендеуіне жол бермей, әрбір отбасының тұрмысын жақсартуға қол жеткіздік. Мұның бәрі Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Дағдарыс арқылы жаңару мен дамуға» атты Жолдауына сәйкес дағдарысқа қарсы бағдарламаны жүзеге асырудағы сарабдал саясатының нәтижесі.

Жаңа 2010 жылда біздің жұмысымыз жетісулықтардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталады. Қазақ қашанда жақсылыққа жаны құштар халық. Барыс жылы еліміздегі ұлы бастамалардың жылы болмақ.



Құрметті жерлестер! Жыл басын жақсы көңіл-күймен, жайдары жүзбен қарсы алудың маңызы зор. Өйткені Жаңа жыл – жарқын тілектер мен жаңа бастамаларға жол ашады, болашаққа үмітпен қарап, батыл жоспарлар құратын уақыт.

Өткен жыл бізге қандай жетістіктер әкеліп, шаттыққа бөлесе, биылғы жылы да сол жақсылықтар жалғаса берсін! Баршаңызға зор денсаулық, толымды табыс, ырыс пен ынтымақ тілеймін!

Жаңа жыл құтты болсын ағайын! – деді.

Осыдан кейін облыс әкімі мереке шаттығына шомған тұрғындармен емен-жарқын аралысып, сыр-сұхбат құрды. Мерекеге орай дайындалған түрлі көріністер мен қойылымдарды тамашалап, тұрғындармен естелік суретке түсіп, жаңажылдық мерекелік шараның қызығы мен қуанышын бөлісті.

Бұл күні орталық алаңға жиналғандардың қарасы көп болды. Алаңның бір шетінде «қол күрестіру», «батпан көтеру», «арқан тарту», «жастықпен бөренеде тартыс» сияқты түрлі спорттық ойындар өтіп жатса, жасыл шырша түбінде естелік суретке түсіп мәз-мейрам болған жұрт. Өнерпаздар орындаған әсем ән, күйқылжыған күй, мың бұралған билер көрген жанды бірден баурап алды. Сахна төрінде «Жаңа жылға ақ жол», «Қош келдің жасыл шырша, қыс мерекесі» тақырыбындағы концерттік бағдарлама мереке қуанышын айшықтай түсті. Концерттік бағдарлама жастардың би кешіне ұласып, таңғы төртке дейін жалғасты.

Міне, осындай қызық пен қуанышқа, береке мен бірлікке ұласып, табалдырығымыздан аттаған барыс жылы да толағай табыстармен өрілмек. Өйткені еліміз биыл еуропалық қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етеді. Бұл Азия елдері, түрік әлемінде, тіпті мұсылман елдерінің ішінде бірінші рет осындай биік мәртебеге ие болып отырған қазақ елі үшін үлкен сынақ болмақ. Бірінші қаңтардан бастап Қазақстан, Ресей, Белоруссия сияқты [illegible]. Еліміздің инновациялық, технологиялық дамудың алғашқы бес жылдық жоспары жүзеге аса бастады. Алдымызда осындай іргелі істер күтіп тұр. Оның өз деңгейінде орындалуына облысымыздың қосар үлесі де қомақты болмақ. Сондықтан облыс әкімі атап айтқандай, бәрімізде болашаққа деген сенім мен жігер, ұшқыр үміт болғаны жөн.

◆ МАРАПАТ

ЖҮЛДЕ БЕРІЛДІ

Жыл сайын Жаңа жыл қарсаңында қала көшелері мен мекемелердің қасбеттерін безендіру үрдіске айналған. Ол қала тұрғындары мен қонақтарына жаңажылдық көңіл күй сыйлау мен көшелерді жарықтандыруға арналған шара. Ғимараттарды әрлендіруге әр мекеме шама-шарқынша атсалысып келеді. Биыл да облыс әкімінің бірінші орынбасары Амандық Баталов жарықшамдар мен безендірулердің қалай көрініс тапқанын бағамдап, әдемілігімен ерекшеленгендерін марапаттау мақсатында түнгі Талдықорғанды аралады.

Гүлжан ТҰРСЫН,
«Жетісу»

Жаңалықтар көп. Орталық саябақтың екі жақ қақпасы түрлі-түсті әшекейлермен безендірілілті. Оған жан-жағындағы мекемелерден түскен жарық әр беріп тұр. Қаламызда жаңа салынған ғимараттар өңселілігімен үлкендігімен ерекшеленеді. Достық үйі жанына 105 дана шырша көшеті отырғызылған. Оның барлығы дерлік жарықтармен көмкерілілті. Үлкен жолдың бойындағы халықтар достығын паш ететін ғимарат сәулесін жан-жағына мол шашқан. Елдіктің, ерліктің белгісі саналатын Қабанбай батыр, Ілияс Жансүгіров, Үш Бәйтерек, Қадырғали Жалайыри сынды елінің жарқын болашағы үшін қан мен терін төккен аталар ескерткіштерінің маңы самаладай жарық. Жетісу мемлекеттік университетінің ауласына 12 айдың иелері қойылыпты. Оқу орнының жан-жағына орнатылған төрт түлік пен аңдар ертегі әлеміне шақыратындай. Үлкен көшелер қиылысындағы «Қазақтелеком» мекемесінің жаңажылдық безендіруі көптің көңілінен шықты. Амандық Ғаббасұлы денсаулық сақтау саласындағылардың түнгі безендіруге ерекше көңіл бөлгеніне ризашылық білдірді. Диагностикалық орталық және әйелдер кеңесі мекемелері биыл да ғимараттары мен өздері орналасқан көшені жарықтандыру арқылы көзге түсті.



Жүлделі бірінші орын иеленген диагностикалық орталықтың бас дәрігері Светлана НҰРМҰХАМБЕТОВА.

Байқау қорытындысында Диагностикалық орталық және ЖМУ қос бірінші орынды жеңіп алды. Екінші орынға №5 мектеп пен «Достық үйі» ғимараттарының сән-салтанаты лайық деп табылды. Екі үшінші орын қаржы басқармасы мен облыстық соттың еншісіне тиді. Ынталандыру жүлдесі №4, № 2 мектептер мен әйелдер кеңесі, жер комитеті, драма театр және Жолдасбеков атындағы академияға бұйырды. Жиын соңынан Амандық Ғаббасұлы сүйікті қаламыздың сәулеті мен сәніне әр келтірген мекемелердің басшыларына алғыс айтты. Әсіресе, безендіруге шама-шарқынша үлес қосып, барын салатал пынған бюджеттік сала жетекшілеріне ризашылық білдірді.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

БАЛАЛАРДЫ ШАТТЫҚҚА БӨЛЕДІ

Өткен аптаның сәрсенбі күні облыс әкімінің бірінші орынбасары Амандық Баталов «Айналайын» балалар үйінің тәрбиеленушілеріне жаңажылдық қуаныш сыйлап қайтты.

Қажет АНДАС,
«Жетісу»

Алдымен балалар үйінің ұжымы мен шараға қатысқан балдырғандарға облыс әкімі Серік Үмбетовтің мерекелік сәлемін жеткізіп, сыйлықтарын табыс еткен Амандық Ғаббасұлы балдырғандарды Жаңа жыл мерекесімен құттықтады:

– Жас достар, облыс әкімі Серік Әбікенұлы сіздерді ешқашанда ұмытпай, балаларындай көріп, үнемі жағдайларына қарайласып отырады. Ал сіздерде «Біздің әкеміз» деп облыс басшысын өздерінің қорғандарындай көресіңдер. Мұның өзі жақсы қамқорлықтың нәтижесі. Сондай-ақ, облыс әкімі сендердің жақсы тәлім-тәрбие алып, болашақта мықты азамат болып шығуларыңды үміт етеді. Сол үшін қолдан келгеннің бәрін жасап келеді. Сондықтан сіздерде осындай қамқорлықтың аясында жақсы білім алып, тәуелсіз еліміздің ертеңі үшін ерен еңбек жасауға тырысуларыңыз керек. Ал, Жаңа жыл бәріңізге құт-береке, жаңа табыстар әкелсін, – деді.

Сонымен бірге, сөз арасында Амандық Баталов балалар үйінің бүлдіршіндеріне облыс әкімінің үлкен сыйлық дайындап отырғанын, яғни, олар асыға тосып жүрген монша құрылысының жуық арада іске қосылатынын айтып өтті. Бұл балаларды ерекше шаттыққа бөледі. Осыдан кейін облыстық білім басқармасы бастығының орынбасары Анатолий Рудер, «Айналайын» балалар үйінің директоры Жамал Баймадиева балаларды Жаңа жылмен құттықтап, сөз сөйледі.

«Айналайындықтар» да Жаңа жыл мерекесіне жан-жақты дайындалған. Балалар өз күшімен ертегі қойылымын ұйымдастырып, көрермендер назарына ұсынды. «Мыстанның әлегі» деп аталатын шағын сахналық қойылымда мыстан кемпір бастаған бір топ алаяқтар мен ертегі кейіпкерлері арасындағы текетірес соңында достыққа ұласып, ынтымақ пен берекеге жол ашты. Әсіресе, кішкентай достардың өз рөлдерін шебер сомдап шығуымен олардың жалынды тақпақтары көпшілікті тәнті етті.

Өткен сиыр жылы «Айналайын» балалар үйі үшін үлкен табыспен аяқталды. Екі тәрбиеленуші және бір мұғалім облыс әкімінің қолдауымен баспанаға ие болса, жоғары оқу орындарында облыс әкімінің грантымен оқып жатқандар да бар. Олар барыс жылында үлкен табысқа жететіндіктеріне сенімді. Өйткені, әкелік мейірімін төгуден жалықпайтын ел ағалары бар.

ТАҒАЙЫНДАУ

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон комитеті төрағасының бұйрығымен Жұмағали Айтжанұлы **Әлібаев** Көші-қон комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің директоры болып тағайындалды. Ол бұған дейін Сарқан ауданы әкімінің орынбасары қызметін атқарған.

Жұмағали Айтжанұлы ӘЛІБАЕВ



1953 жылы туған. Қазақ ауыл шаруашылығы институтын, Д. Қонаев атындағы университетті бітірген. Мамандығы бойынша агроном және заңгер. Институтты бітіргеннен кейін агроном, Талдықорған аудандық «Победа» қызылша совхозының жұмысшылар комитетінің төрағасы болып жұмыс істеді. Кейінгі жылдары Қазақстан Лениншіл коммунистік жастар одағы Талдықорған аудандық комитетінің бірінші хатшысы, «Жетісу» колхозының және Талдықорған аудандық Мемлекеттік облыстық ауыл шаруашылығы тәжірибелік станциясының партия комитеттерінің хатшысы, Қазақстан Компартиясы Талдықорған аудандық комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, Талдықорған аудандық «Жетісу» колхозының басқарма төрағасы, Талдықорған аудандық әкімшілігінің басшысы, Талдықорған ауданының әкімі, Талдықорған аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің өсімдіктер карантині жөніндегі Алматы шекаралық мемлекеттік инспекциясының бастығы, «Фитосанитария» РМК Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша филиалының директоры, Алматы қаласындағы «Айсер» ЖШС-нің атқарушы директоры қызметтерін атқарды.

2007 жылдан Сарқан ауданы әкімінің орынбасары.

БАЛАЛАР ҮЙІНДЕГІ ЖЫЛЫЖАЙ
2-БЕТ

БҰРЫНҒЫ ҚАЗАҚТЫҢ көзі көк, шашы сары болды ма?
9-БЕТ

ӨМІРДЕН ӨЗ ОРНЫМДЫ ТАПТЫМ ДЕП ОЙЛАЙМЫН
8-БЕТ

КӨКБАЙТАЛ мен "КӨКСАҒЫМ"
10-БЕТ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН АҚПАРАТТЫҚ ҚОЛДАУ

«Қазагромаркетинг» АҚ Алматы облыстық филиалы 2008 жылы тамызда өзінің статусын өзгертті. Өткен кезеңде жеке құрамда біраз өзгертулер тіркелді, филиалдың орналасуы үшін ғимарат сатып алынды. Соған сай қазіргі кезде төмендегі мекенжайда орналасып, қызмет көрсетудеміз: Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Төлебаев көшесі 100 үй, 36 пәтер, байланыс телефоны: 8 7282 21-16-42, e-mail: b-kam@kam.kz

Қызметіміз негізінен ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне түрлі тақырыптар бойынша кеңестер көрсетуге бағытталған және облыс және аудан орталықтарын қоса алғандағы Алматы облысы нарықтарындағы баға туралы ақпараттар жинаумен тікелей байланысты. Баға жайлы ақпарат аптасына бір мәрте Үкіметке жөнелтіліп тұрады. Осы мақсатта облыстың әр ауданында ауылдық ақпараттық-консультативтік орталықтар құрылып, олардың әрқайсысындағы кеңесшілер қызметі қалыптастырылған. Сонымен бірге, 2009 жылдың сәуірінен бастап «Қазагромаркетинг» АҚ филиалы «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ, «Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры» АҚ және «Мал өнімдері» АҚ филиалдарымен бірлесе отырып, қызметтің жаңа түрін – мүлікті бағалауға да атсалысуда. Жоғарыда аталған ұйымдармен осы тұрғыда келісімшарт жасалған. Бағалау қызметін көрсетуге рұқсат беретін мемлекеттік лицензиямыз бар.

«Қазагромаркетинг» АҚ «Қазагро» Ұлттық холдингіне кіреді.

«Қазагромаркетинг» АҚ Алматы облыстық филиалы өткен жылы бірқатар шараларды жүзеге асырды. Солардың бірі болып табылатын «Ауыл тұрғындары мен агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қайтарымсыз негізде ақпараттық қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы ҚР 2005 жылдың 8 шілдесіндегі №66/3 «Ауылдық аймақтар мен агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 6 және 15-баптарымен анықталған агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін ақпараттық-консультативтік қамтамасыз ету бойынша шараларды қолдау аясында жүзеге асырылады. Осы заңның 6 және 15-баптарына сәйкес, агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне қайтарымсыз негізде көрсетілуге жататын ақпараттар мен қызметтер тізімін жасауда ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі – агроөнеркәсіптік кешенін дамыту саласындағы өкілетті органның құзіретіне берілген.

(Соңы 2-бетте).

◆ ЖАЙДАРМАН ЖАҢАЛЫҚ

ПӘТЕР АЛДЫ

Өткен жыл көптеген қарасайлықтар үшін жағымды жаңалығымен есте қаларлықтай болды. Өйткені, Жаңа жыл қарсаңында «Алтын ауыл» шағын ауданында 48 пәтерлі сегіз қабатты ипотекалық үй берілді.

Аудан әкімі Л. Тұрлашов тұрғындарға салтанатты жағдайда пәтер кілттерін табыстай отырып, жиналғандарды Жаңа жыл мерекесімен, ал пәтер иелерін қоныстойымен құттықтады. Сонымен қатар, аудан басшысы Елбасы Н. Назарбаевтың тұрғын үй саясаты негізінде жүргізіп жатқан мемлекеттік ипотекалық тұрғын үй бағдарламасы ауданымызда 2005 жылы басталғанын, содан бірталай мемлекеттік және бюджеттік сала қызметкерлері баспанаға не болғанын тілге тиек етті.

Одан кейін «Ақсу» АҚ президенті Сансызбай Айтбаев құрылысшылар атынан құттықтау сөз алды. Келешек жоспарларымен бөлісе отырып, ол тұрғын үйлермен қатар, бұл шағын аудандыда мектеп, ФАП, балабақша, стадион салынатынын айтты. Сондай-ақ, 2010 жылдың басында тағы бір көп қабатты тұрғын үй пайдалануға беріледі екен. Одан басқа, несиелік және жалға берілетін үйлердің де құрылысы басталып кетті.

Өз кезегінде, қоныстанушылар да өздерінің ақжарма тілектері мен алғыстарын жеткізді. Мәселен, жаңадан пәтер алып отырған Ақжар ауылдық амбулаториясының дәрігері Райхан Якупова өзінің отбасымен бірге көптеген жылдар бойы қайын ағасының үйінде тұрып келген. Енді, міне, өздерінің үш бөлмелі пәтеріне көшеді. Райхан жолдасы Бауыржанмен бірге төрт бала тәрбиелеп отыр. Олар осынау қуанышты салтанатқа әжелерін де ала келіпті. Қарлығаш Матова – аудандық емхананың терапевт-дәрігері. Ол қызы Аружанмен өзінің ата-анасының үйінде тұрған. Бір бөлмелі пәтерге ие болды. Ал, әл-Фараби атындағы мектеп-гимназияның жас маманы Гүлжан Бұдахованы қоныстоймен құттықтау үшін әріптестері де келді. Пәтер кілтін иеленгендердің арасында жас отбасылар мен мемлекеттік қызметкерлер де көп болды.

Қоныстойы құтты болсын!

Н. ӘЛМЕНБЕТОВА,
ҚАРАСАЙ АУДАНЫ.

Облыс әкімі Серік Үмбетов Жаңа жыл мерекесіне орай «Қамқор» балалар үйінде болып, интернаттық мекеме жағдайымен танысты. Мерекеге орай облыс әкімі бастап келген қонақтарды Аяз ата мен Ақшақар ізетті қарсы алып, жаңа ашылған жылжайға бастап келді. Оны арнайы керуге келген облыс әкімі жылжай лентасын қиды.



БАЛАЛАР ҮЙІНДЕГІ ЖЫЛЖАЙ

Алма ЕСЕНБАЕВА,
«Жетісу»

Балалар игілігі үшін ашылған жылжай енді олардың көкеністермен қамтылуына ғана емес, табиғат аясында денсаулықтарын нығайтуына да мол мүмкіндік ашатын болады. Өйткені, мұнда тәрбиеленетіндердің дені – дамуында кемшілігі бар, мүгедек балалар. Сондықтан да облыс әкімі Серік Үмбетов мұндай интернаттық мекемелерде жылжай ашудың айрықша қажеттілігіне тоқталып өтті. Өйткені, табиғатпен, есімдіктермен, құстармен араласу балаларға ерекше әсер сыйлап, олардың тезірек сауығуына мүмкіндік туғызады.

Мұндай игі бастаманың жаршысы болып жүрген облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Нұрила Бөлекбаева да бұл туралы ойын білдіре кетті.

– Бұл облысымызда, тіпті республикамызда ашылып отырған екінші жылжай. Мұндай жылжай Панфилов интернат-үйінде бар. Ол бұл екінші жыл жұмыс істеуде. Бұл балаларды дәрі-дәрмекпен емдеуден гөрі әлдеқайда тиімді. Өйткені балалар мұндағы есімдіктер, гүлдер, құстармен араласа отырып, өздеріне қажетті күш-қуат, жігер жинайды. Әдемі табиғат аясында көкеністерді күтіп-баптау, оларға ерекше мейірім, қамқорлықпен қарау да балалардың бойындағы әсерлі сезімді оятады. Бұл олардың емделіп, сауығуына мол әсер етеді. Бүгінгі таңда еңбек терапиясының тиімділігі туралы көп айтылып жүр. Енді міне, бұл мүмкіндікке «Қамқор» балалар үйі кол жеткізіп отыр. Мұндай жылжай тек балаңдар үшін ғана емес, осында еңбек ететіндер үшін де аса пайдалы. Олар да есімдіктермен араласу арқылы бойындағы шаршауды басады. Сондықтан да мұндай жылжай алдағы уақытта барлық интернаттық мекемелерде ашылатын болады, – деді.

Аталған жылжай облыстық бюджеттің және демеушілердің көмегімен бой көтерді. Онда қызанақ, қияр, бұрыш, жуа, сұлы көкеністер өсіріледі. Әдеміліктің жарқылысы гүлде, сайраған түрлі құс та бар. Жылжай ауданы 200 шаршы метрді құрайды.

– Вика есімді қызыл тесек тартып жататын. Қазір осы табиғат аясына апарсақ, есімдіктерге талпынып еңбектеп, көкеністерге қарайтын дәрежеге жетті. Жалпы өзім балаларды дәрі-дәрмекпен емдеуге қарсымын. Өйткені, оның қанша дегенмен денсаулыққа зияны бар. Сол үшін біз осындағы балалардың жағдайының жақсы, көңілдерінің көтеріңкі болуына басты көңіл бөлеміз. Дұрыс тамақтануын қадағалап, үйдегідей жағдай жасаймыз. Балалардың тез сауығуына тренажерлық, массаж, сенсорлық бөлмелердің көмегі мол. Бала онда жаттығып, жұмыс жасау арқылы денсаулығын нығайтады. Әрі осындағы қызметкерлердің жылы қамқорлығы арқылы өздерін қоғамға керекті сезінеді. Мұндағы әрбір қызметкер оларға мүгедек баладай емес, дені сау адамдай қарайды. Бұл баланың тез сауығуына мүмкіндік ашады, – дейді бізбен әңгімесінде «Қамқор» балалар үйінің директоры Айгүл Байсымақова.

Айтса айтқандай, балалар үйінің ішкі жылылығы, сыртқы тартымды келбеті интернаттық мекеме табын сездірмейді. Онда өткен жылы жүргізілген жөндеу жұмысының да өзіндік үлесі бар. Облыстық бюджеттен бөлінген 63 млн. теңгеге биылғы жылы мекеменің есік, терезелері жаңартылып, сыртқы жағына жөндеу жұмыстары жүргізілген. Оның үстіне ойын алаңдары жасалып, кір жуатын бөлме жөндеуден өткен. Ал 1999 жылы ғимараттың ішкі жағына күрделі жөндеу жүргізілген болатын.

Оның үстіне қатар биылғы жылы республикалық бюджеттен бөлінген қаржыға 15 орынды шағын автокөлік алынып, тіс дәрігерлік бөлме жасақталған. Автокөліктің осындағы спортпен айналысатын 30 шақты баланы түрлі жарыстарға апаруға септігі мол болса, тіс-дәрігерлік бөлменің соңғы үлгідегі жаңа жабдықтармен жабдықталуы қуантады. Оның үстіне бұрын-соңды Талдықорған ақыл-есі кем балаларға арналған интернат аталып келген мекеме, биылғы жылдан «Қамқор» атты жаңа атауға ие болып отыр. Бұл да болса үлкен қуаныш. Осындай өткен жылды игі жақсылық, жетістіктермен аткарған ұжымды облыс әкімі Серік Үмбетов те құттықтай келіп, балалардың жаңалықтық шыршасын тамашалады. Оларға арнап, түрлі сыйлықтар мен тоңазытқыш сыйға тартты.

◈ БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ

МЕЙІРІМ БАСТАУЫ

Қажет АНДАС,
«Жетісу»

Алматы облысының балалардың құқықтарын қорғау департаментінің ұйымдастыруымен Талдықорған қаласындағы ПБ кәмелетке толмағандарды уақытша орналастыру, бейімдеу және оңалту орталығында (КТУОБО) «Қысқы ертегі» атты шырша мерекесі өтті. Аталмыш шара балаларға ізгілік, қуаныш, көтеріңкі көңіл-күй сыйлау арқылы бала бойындағы адамгершілік-рухани қасиеттерді ашу, оларды кішіпейілділікке, мейірімділікке баулуға бағытталды.

Шараны КТУОБО-ның бастығы Шоқан Шәнтуов құттықтау сөзбен ашты. Келесі сөз кезегінде Алматы облысының балалардың құқықтарын қорғау департаментінің директоры Гүлнар Ермекбаева, Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Мәрлен Қолбаев, «Алматы» сауда үйінің жеке кәсіпкері Дәулет Тергеусізов балаларды мереке қуанышымен құттықтап, оларға тәбіс пен сәттілік тіледі. Ал, «Интерфут» Қазақстан-Германия бірлікке кәсіпорны және «Скиф-Трейд» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің өкілдері сыйлықтар табыс етті.

Бүгіндері аталған орталықта қырыққа жуық бала тәрбиеленуде. Олардың дені жетім, жартылай жетім, ата-анасының қарауынсыз қалған тастанды балалар. Әрине, қоғам болған соң, мұндай жағдайлардың болуы тұрғысы анық. Олар отбасының мейірімінен айырылып жатса да, қоғамның назарынан тыс қалған жоқ. Қазіргі жағдайы жаман емес. Әрине, жайбы үй, құнарлы тамақ болғанымен бізді бүлдіршіндердің болашағы алаңдатады. Сондықтан мұндай балаларға жанашырлық пен жылы қолдау керек.

Шара барысындағы тағы бір жаңалық, «Айналайын» балалар үйінің тәрбиеленушілерінің концерттік бағдарламасы болды. Балалар үйінің «Күмбшақ» театры даймидаған шағын сахналық көрініс балдырғандарды күлкіге қарық етті. Ән айтылып, күй шертілді. Көпшілік бір-бірімен қолдасып, бұрала биге басты. Бейімдеу орталығындағы балалар да қарап отырмай, қызықты тақпақтар оқып, мереке шаттығын асыра түсті.

Балалардың құқығын қорғау қазіргі таңдағы басты мәселенің біріне айналып келеді. Десе де, тіл-көзімізге тасқа, жанашыр жандардың арамызда көптен табылып жатқаны да көңілге сенім ұялатады. Қам көңіл балаларға жақынан жанашырлық танытып, оларға мейірім шуағын төккен «Интерфут», «Скиф-Трейд» ЖШС-ларының ізгі істері көңіл қуантады. Бұл қамқорлық балалар көңілінде ұзақ уақыт сақталатын болады.

Алматы облыстық мәслихатының шешімі

2009 жылғы 23 қаңтар № 25-159

Алматы облыстық мәслихатының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Алматы облысының 2009 жылға арналған облыстық бюджеті туралы» № 15-92 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Алматы облысының әділет департаментінде 2009 жылғы 30 қаңтарда 2040 нөмірімен тіркелген

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 106 – бабының 2 – тармағының 4 – тармақшасына, Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабы 1-тармағының 1-тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 11 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының «2009-2011 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңына өзгерістер енгізу туралы» Заңына сәйкес, Алматы облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алматы облыстық мәслихаттың 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Алматы облысының 2009 жылға арналған облыстық бюджет туралы» №15-92 шешіміне (2009 жылғы 5 қаңтардағы нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2025 нөмірімен тіркелген, 2009 жылғы 15 қаңтардағы №5 «Жетісу» газетінде жарияланған, Алматы облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 11 ақпандағы «Алматы облыстық мәслихатының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Алматы облысының 2009 жылға арналған облыстық бюджеті туралы» № 15-92 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» №17-107, 2009 жылғы 2 наурыздағы нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2028 нөмірімен тіркелген, 2009 жылғы 21 сәуірдегі «Алматы облыстық мәслихатының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Алматы облысының 2009 жылға арналған облыстық бюджеті туралы» № 15-92 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №18-116, 2009 жылғы 22 сәуірдегі нормативтік- құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2029 нөмірімен тіркелген, 2009 жылғы 20 мамырдағы «Алматы облыстық мәслихатының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Алматы облысының 2009 жылға арналған облыстық бюджеті туралы» № 15-92 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» №19-126, 2009 жылғы 28 мамырдағы нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2030 нөмірімен тіркелген 2009 жылғы 23 маусымдағы «Алматы облыстық мәслихатының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Алматы облысының 2009 жылға арналған облыстық бюджеті туралы» № 15-92 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» №20-128, 2009 жылғы 26 маусымдағы нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2034 нөмірімен тіркелген 2009 жылғы 30 шілдедегі «Алматы облыстық мәслихатының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Алматы облысының 2009 жылға арналған облыстық бюджеті туралы» № 15-92 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» №21-130, 2009 жылғы 10 тамыздағы нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2036 нөмірімен тіркелген, 2009 жылғы 9 қыркүйектегі «Алматы облыстық мәслихатының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Алматы облысының 2009 жылға арналған облыстық бюджеті туралы» № 15-92 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» №22-144, 2009 жылғы 22 қыркүйектегі нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2037 нөмірімен тіркелген және 2009 жылғы 8 қазандағы «Алматы облыстық мәслихатының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Алматы облысының 2009 жылға арналған облыстық бюджеті туралы» № 15-92 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №24-146, 2009 жылғы 20 қазандағы нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2039 нөмірімен тіркелген шешімдерімен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), төмендегі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақта төмендегі жолдар бойынша:

1) «Кірістер» «132666559» саны «131626039» санына ауыстырылсын, оның ішінде:

«салықтық түсімдер бойынша» «15702599» саны «15929881» санына ауыстырылсын;

«трансферттердің түсімдері бойынша» «116904242» саны «115636440» санына ауыстырылсын, оның ішінде:

«республикалық бюджеттен түсетін трансферттер – барлығы» «105882078» саны «104601820» санына ауыстырылсын, оның ішінде:

«ағымдағы мақсатты трансферттер» «24953100» саны «24738095» санына ауыстырылсын, оның ішінде:

«білім беруге» «1624686» саны «1611223» санына ауыстырылсын;

«денсаулық сақтауға» «6040344» саны «6048792» санына ауыстырылсын;

«елді мекендер саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін» «75745» саны «61464» санына ауыстырылсын;

«ауыл шаруашылығын дамытуға бағытталған субсидиялар» «6480540» саны «6695719» санына ауыстырылсын;

«өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды кайта даярлау стратегиясын жүзеге асыру аясында – барлығы» «8647065» саны «8509218» санына ауыстырылсын;

«білім беру кадрларын даярлау және кайта даярлауға» «1033214» саны «1082083» санына ауыстырылсын,

«денсаулық сақтау кадрларын даярлау және кайта даярлауға» «20716» саны «20000» санына ауыстырылсын;

«жол полициясының сәттық бөлімшелері сырқы қызмет қызметкерлерінің ақшалай үлесін ұлғайтуға – 273041 мың теңге» деген жол алынып тасталсын;

«дамытуға арналған максатты трансферттер» «20894409» саны «19829156» санына ауыстырылсын, оның ішінде:

«білім беру объектілерін сейсмикасын күшейтуге» «29477» саны «14223» санына ауыстырылсын;

«денсаулық сақтау объектілерін салу және жаңғыртуға» «3195000» саны «3192236» санына ауыстырылсын;

«денсаулық сақтау объектілерін сейсмикасын күшейтуге» «242197» саны «224464» санына ауыстырылсын;

«индустриалдық аймақтың инженерлік - коммуникациялық инфрақұрылымын дамытуға және жайғастыруға» «4624000» саны «2311000» санына ауыстырылсын;

«спорт объектілерінің құрылысына» «901170» саны «901168» санына ауыстырылсын;

2) «Шығындар» «127202700» саны «124620094» санына ауыстырылсын;

3) «таза бюджеттік несиелендіру» «-31800» саны «218200» санына ауыстырылсын, оның ішінде:

«бюджеттік несиелер» «1144500» саны «1394500» санына ауыстырылсын;

4) «қаржылық активтермен операциялар бойынша сальдо» «5369140» саны «6652240» санына ауыстырылсын, оның ішінде:

«қаржылық активтерді сатып алу» «5369140» саны «6652240» санына ауыстырылсын.

5) «тапшылық» «126519» саны «135505» санына ауыстырылсын;

6) «бюджет тапшылығын қаржыландыру» «-126519» саны «-135505» санына ауыстырылсын.

5-тармақтағы:

«1612206» саны «1598743» санына ауыстырылсын, оның ішінде:

«мемлекеттік бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мекемелерінде лингафон және мультимедия кабинеттерін құруға» «221640» саны «214991» санына ауыстырылсын;

«мемлекеттік бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мекемелеріндегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу құралдарымен жабдықтауға» «225328» саны «218514» санына ауыстырылсын;

8-тармақтағы:

«6040344» саны «6048792» санына ауыстырылсын, оның ішінде:

«туберкулезге қарсы препараттарды сатып алуға» «102524» саны «101821» санына ауыстырылсын;

«дәрі-дәрмек құралдарын, вакциналар мен басқа да иммунобиологиялық препараттарды сатып алуға» «356556» саны «365834» санына ауыстырылсын;

«жергілікті деңгейде денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жабдықтауға» «571641» саны «571514» санына ауыстырылсын;

8-1 тармақтағы:

«7999138» саны «7991447» санына ауыстырылсын;

8-2 тармақтағы:

«1784506» саны «1781730» санына ауыстырылсын;

9 тармақтағы:

«499800» саны «494800» санына ауыстырылсын;

10-тармақтағы:

«75745» саны «61464» санына ауыстырылсын;

12-тармақтағы:

«6871217» саны «6695719» санына ауыстырылсын, оның ішінде:

«асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға» «282283» саны «292283» санына ауыстырылсын;

«көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағар май материалдарын мен басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың бағасын арзандатуға» «1409000» саны «1304283» санына ауыстырылсын;

«ауыл шаруашылық тауар өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялауға» «424978» саны «554874» санына ауыстырылсын;

«жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көп жылдық екпелерін отырғызу мен өсіруді қамтамасыз етуге» «343939» саны «523939» санына ауыстырылсын;

12-1-тармақтағы:

«38660» саны «36989» санына ауыстырылсын;

13 тармақтағы:

«7161385» саны «4833081» санына ауыстырылсын;

14 тармақтағы:

«3454468» саны «3488987» санына ауыстырылсын;

15 тармақтағы:

«2522996» саны «2520009» санына ауыстырылсын;

21-тармақтағы:

«479466» саны «479339» санына ауыстырылсын.

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

3. Көрсетілген шешімнің 2 қосымшасы осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

4. Көрсетілген шешімнің 3 қосымшасы осы шешімнің 3 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

5. Көрсетілген шешімнің 4 қосымшасы осы шешімнің 4 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

6. Көрсетілген шешімнің 5 қосымшасы осы шешімнің 5 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

7. Көрсетілген шешімнің 7 қосымшасы осы шешімнің 6 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

8. Көрсетілген шешімнің 8 қосымшасы осы шешімнің 7 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

9. Көрсетілген шешімнің 16 қосымшасы осы шешімнің 8 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

10. Көрсетілген шешімнің 17 қосымшасы осы шешімнің 9 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

11. Көрсетілген шешімнің 18 қосымшасы осы шешімнің 10 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

12. Көрсетілген шешімнің 19 қосымшасы осы шешімнің 11 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

13. Осы шешім 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енеді.

Облыстық мәслихат сессиясының төрағасы А.СЕЙІТОВ

Облыстық мәслихаттың хатшысы А.СЫДЫҚ

2009 жылғы 23 қаңтар

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН АҚПАРАТТЫҚ ҚОЛДАУ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Сонымен бірге, аталған бағдарламаны реттеудің құқықтық негізі ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы № 654 «ҚР агроөнеркәсіптік кешенін 2006-2010 жылдарға тұрақты дамыту тұжырымдамасын жүзеге асыру жөніндегі шаралар жоспары туралы» және 2006 жылдың 6 наурызындағы №149 «ҚР агроөнеркәсіптік кешенін 2006-2010 жылдарға тұрақты дамыту тұжырымдамасын жүзеге асыру бойынша 2006-2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар бағдарламасын бекіту жөніндегі» қаулыларымен нақтыланған болатын. Осы заңнамаларда айтылғандай, облыс әкімдерінің келісім бойынша ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен «Қазагромаркетинг» АҚ аталған бағдарламаның жауапты орындаушылары болып тағайындалған.

2009 жылы «Қазагромаркетинг» АҚ қоғамының филиалдарына тікелей хабарласу, «Агрожаршы» мамандандырылған газетін атауды жөнелтулер арқылы ақпараттық-маркетингтік, анықтамалық, бағалық ақпараттар беру бойынша агроөнеркәсіптік кешеннің 27 мың субъектісіне қызмет көрсетті. Осыған байланысты «Агрожаршы» газетін алушылардың тізімі қалыптастырылып, «Қазпошта» АҚ-мен жасалған келісімшарт негізінде газетті мекенжайлық тарату жүзеге асырылды.

Жоғарыда айтылған, «Қазагромаркетинг» АҚ қызметін пайдаланған агроөнеркәсіптік кешеннің 27 мың субъектісі арасында Алматы облыстық филиалының ауылдық ақпараттық-консультативтік орталықтары арқылы түрлі кеңестер алған жетісулық 3852 жергілікті тұрғын мен аграрлық нарықтың қатысушысы бар. Облыс бойынша аграрлық нарыққа қатысушылардың «Агрожаршы» республикалық газетін жаздырып алуы ұйымдастырылған.

«Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері мен кәсіпкерлерге маркетинг, менеджмент, қаржылық талдау саласында іргелі білімдер беру» бағдарламасына келер болсақ, облыстық филиал басшылығы былтырғы шілде айында «Ауыл шаруашылығы кооперацияларының артықшылығы туралы» деген тақырыпта бірқатар көшпелі семинар өткізді. Семинар барысында аграрлық нарыққа қатысушыларға «Қазагромаркетинг» АҚ-ның ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесе отырып арнайы жасаған бейнефильмі көрсетілді. Облыстың әр ауданы бойынша семинарға 800-ге жуық адам қатысты. Жарты сағаттық бейнефильм көрсетілгеннен соң несиелік ұйымдар: «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ, «Ауыл шаруашылығын қолдау қоры» АҚ, жергілікті атқарушы органдар және «Қазагромаркетинг» АҚ мен шаруалар арасында тікелей сұхбат ұйымдастырылды. Сонымен бірге, түрлі тақырыптарда тұрақты кеңестер берілді. Филиалдың материалдық базасында компьютерлік сауаттылықты арттыруға арналған курстар өткізіледі. Астана қаласында қоғамның орталық аппаратында оқу-әдістемелік орталығы ұйымдастырылған. Мұнда ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері мен ауыл тұрғындарына білім беру бойынша оқулықтар мен әдістемеліктер жасалады.

«Қазагромаркетинг» АҚ өңірлік желілерін дамыту» бағдарламасына сәйкес, бүгінгі күні Алматы облысының барлық аудандарында 17 ауылдық ақпараттық-консультативтік орталықтар құрылып, жұмыс істеуде. Орталықтардың басты міндеті – аудан орталықтарынан шалғайда жатқан елді мекендердегі аграрлық нарыққа қатысушыларға нақты ақпараттардың жетуіне көмектесу және кеңестер беру. Алматы облысында өңірлік желіні дамыту жалғасын табуда. Бұл бағыттағы жұмыстар агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаға енгізілген.

«Агроөнеркәсіптік кешендегі ақпараттық-маркетингтік жүйені «E-Agriculture» агроөнеркәсіптік кешен салаларын басқарудың бірегей автоматтандырылған жүйесін одан ары дамыту». «Қазагромаркетинг» АҚ филиалы 2008 жылдың шілдесінен бастап Алматы облысында агроөнеркәсіптік кешеннің салаларын басқарудың бірегей автоматтандырылған жүйесін – «E-Agriculture» (ЕАСУ) дамыту жүзеге асырылуда. 2009 жылдың қыркүйегі мен желтоқсаны аралығында ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі агроөнеркәсіптік кешенінің аудандық аймақтық инспекцияларында ЕАСУ жүйесін енгізу және шоғырландырылған желілер орнату жүргізілді. Сонымен бір мезетте қызметкерлерді оқыту жүзеге асырылды. Енгізілп отырған жүйе Алматы қаласы мен Алматы облысы ауыл шаруашылығы басқармаларында орнатылды. 2010-2011 жылдары Алматы облысындағы ауыл шаруашылығы бөлімдері мен аудандық әкімдіктерде автоматтандырылған стансылар орнату арқылы ЕАСУ-ді дамыту жоспарланған.

«Кепілдікке қойылатын мүлікті бағалау». Мүлікті бағалау – филиал 2009 жылдың сәуірінен бастап көрсете бастаған қызметтің жаңа түрі. Осындай қызметтер көрсететін бәсекелестер алдындағы артықшылығымыз – тұтынушылардың тек біздің кеңесшілермен ғана жұмыс істейтіндігі. Соның арқасында тұтынушылар мен Талдықорған қаласында орналасқан бағалаушы мамандар арасында тікелей байланыс болмайды. Бұл өз кезегінде бағалаушыға пара беруді және мүмкіндікті пайдакордықпен қолдануды жоққа шығарады. Сондай-ақ, төлемақы аудару ақшасын есептесу арқылы «Қазпошта» АҚ бөлімшесімен орындалады. Барлық қажетті ақпаратты алуды, бағалау орнына баруды, бағаланатын нысан бойынша ақпарат жинауды аудандық кеңесші жүзеге асырады. Тағу жатқан аудандардағылар мен тағы басқа да қажет болған жағдайда тұтынушы Талдықорған қаласындағы филиалға тікелей шыға алады.

Бағалаудың құны кепілге қойылатын мүліктің көлеміне байланысты. Филиал жылжитын және жылжымайтын мүлікті, мүйізді ірі қара мен уақ малды, сондай-ақ, 49 жылға дейін жалға алынған немесе кепілдік берушінің меншігіндегі жерді бағалайды. Бағалау тарифі бүкіл республика үшін бірдей және жекеменшік бағалау компанияларына қарағанда айтарлықтай төмен. 2009 жылы филиал бағалау бойынша 177 тұтынушыға 2 011 168 теңгенің қызметін көрсетті. Барлығы 1 312 485 979 теңге сомасындағы мүлік бағаланды.

Оразбай БЕКЕНОВ,
«Қазагромаркетинг» АҚ Алматы облыстық филиалының директоры.

2009 жылғы желтоқсан айында Алматы облысы әділет департаментінің аудандық және қалалық әділет басқармаларында мемлекеттік тіркеуден өткен нормативтік-құқықтық актілердің тізбесі

№	НҚА реквизиттері	НҚА атауы	Әділет органдарында тіркелген күні	Мемлекет тік тіркеу нөмірі
1	Ақсу аудандық мәслихаты	26.11.2009 ж. №28-164 «Ақсу аудандық мәслихатының 2008 жылғы 18 желтоқсандағы «Ақсу ауданының 2009 жылға арналған аудандық бюджеті туралы» №17-97 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» шешімі.	04.12.2009 ж.	№2-4-95
2	Алакөл аудандық мәслихаты	26.11.2009 ж. №24-1 «Алакөл аудандық мәслихатының 2008 жылғы 19 желтоқсандағы «Алакөл ауданының 2009 жылға арналған аудандық бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімі.	07.12.2009 ж.	№2-5-75
3	Балқаш аудандық мәслихаты	01.12.2009 ж. №25-127 «Балқаш аудандық мәслихатының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы «Балқаш ауданының 2009 жылға арналған аудандық бюджеті туралы» №16-74 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» шешімі.	07.12.2009 ж.	№2-6-62
4	Жамбыл аудандық мәслихаты	26.11.2009 ж. №30-126 «Жамбыл аудандық мәслихатының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы «Жамбыл ауданының 2009 жылға арналған аудандық бюджеті туралы» №19-76 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімі.	07.12.2009 ж.	№2-7-82
5	Еңбекшіқазақ аудандық мәслихаты	26.11.2009ж. №32-1 «19 желтоқсан 2008 жылғы №21-1 «Еңбекшіқазақ ауданының 2009 жылға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгертулер енгізу туралы» шешімі.	02.12.2009 ж.	№2-8-129
6	Еңбекшіқазақ ауданының әкімі	16.11.2009 ж. №11-148 «1993 жылы туылған азаматтарды әскерге шақыру учаскелеріне тіркеуге алу туралы» шешімі.	11.12.2009 ж.	№2-8-130
7	Еңбекшіқазақ аудандық мәслихаты	26.11.2009 ж. №32-2 «Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының 2009 жылғы 30 қыркүйектегі №30-4 «Еңбекшіқазақ ауданының елді мекендерінде иттерді және мысықтарды күтіп ұстау» Ережесін бекіту туралы» шешіміне өзгерту енгізу туралы» шешімі.	11.12.2009 ж.	№2-8-131
8	Ескелді аудандық мәслихаты	25.11.2009 ж. №32-194 «Ескелді аудандық мәслихатының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы №18-107 «Ескелді ауданының 2009 жылға арналған аудандық бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімі	08.12.2009 ж.	№2-9-91
9	Іле аудандық мәслихаты	23.11.2009 ж. №27-94 «2008 жылдың 23 желтоқсандағы №16-51 «Іле ауданының 2009 жылға арналған аудандық бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімі.	02.12.2009 ж.	№2-10-103
10	Қарасай аудандық мәслихаты	26.11.2009 ж. №33-3 «2008 жылғы 18 желтоқсандағы «Қарасай ауданының 2009 жылға арналған аудандық бюджеті туралы» №17-3 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімі.	02.12.2009 ж.	№2-11-76
11	Қаратал ауданы	Бастөбе ауылдық округінің әкімі 13.11.2009 ж. №32 «Бастөбе ауылының көшелеріне атау беру туралы» шешімі.	03.12.2009 ж.	№2-12-135
12	Қаратал аудандық мәслихаты	Қаратал аудандық мәслихатының 2008 жылғы 24 желтоқсандағы «Қаратал ауданының 2009 жылға арналған аудандық бюджеті туралы» №16-71 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» шешімі.	03.12.2009 ж.	№2-12-136
13	Кербұлақ аудандық мәслихаты	26.11.2009 ж. №25-176 «Кербұлақ аудандық мәслихатының 2008 жылдың 22 желтоқсандағы «Кербұлақ ауданының 2009 жылға арналған аудандық бюджеті туралы» №15-107 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімі.	08.12.2009 ж.	№2-13-101
14	Көксу аудандық мәслихаты	26.11.2009 ж. №33-1 «Көксу аудандық мәслихатының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы «Көксу ауданының 2009 жылға арналған аудандық бюджеті туралы» №19-1 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» шешімі.	04.12.2009 ж.	№2-14-84
15	Райымбек аудандық мәслихаты	26.11.2009 ж. №31-157 «Райымбек аудандық мәслихатының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы «Райымбек ауданының 2009 жылға арналған аудан бюджеті туралы» №17-83 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» шешімі.	2.12.2009 ж.	№2-15-76
16	Панфилов аудандық мәслихаты	26.11.2009 ж. №4-24-154 «2008 жылғы 18 желтоқсандағы «Панфилов ауданының 2009 жылға арналған аудандық бюджеті туралы» №4-12-82 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімі.	03.12.2009 ж.	№2-16-98
17	Сарқан аудандық мәслихаты	26.11.2009 ж. №28-180 «Сарқан ауданының 2009 жылға арналған аудандық бюджеті туралы» Сарқан аудандық мәслихатының 2008 жылғы 19 желтоқсандағы №18-105 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» шешімі.	02.12.2009 ж.	№2-17-78
18	Талғар аудандық мәслихаты	30.11.2009ж. №26-150 «Талғар ауданының 2009 жылға арналған бюджеті туралы» 2008 жылғы 24 желтоқсандағы №15-87 шешіміне өзгертулер енгізу туралы» шешімі.	08.12.2009 ж.	№2-18-96
19	Үйғыр аудандық мәслихаты	30.11.2009 ж. №29-1 «2008 жылғы 19 желтоқсандағы «Үйғыр ауданының 2009 жылға арналған аудандық бюджеті туралы» №17-2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімі.	08.12.2009 ж.	№2-19-85
20	Қаскелең қалалық мәслихаты	26.11.2009 ж. №171-32 «Қаскелең қаласының 2009 жылға арналған бюджеті туралы» қалалық мәслихатының 2008 жылғы 19 желтоқсандағы №103-20 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімі.	03.12.2009 ж.	№2-2-96
21	Текелі қалалық мәслихаты		04.12.2009 ж.	№2-3-68

2009 жылғы желтоқсан айында Алматы облысы әділет департаментінің аудандық және қалалық әділет басқармаларында мемлекеттік тіркеуден бас тартылған нормативтік-құқықтық актілердің тізбесі

№	НҚА реквизиттері	НҚА атауы	Мемлекеттік тіркеуден бас тартудың негізі	Мемлекеттік тіркеуден бас тартылған күн
1	Панфилов ауданы, Үлкенағаш ауылдық округінің әкімі	18.11.2009 ж. №72 «Көше атауын өзгерту туралы» шешімі.	ҚР «Нормативтік-құқықтық актілер туралы» Заңының 38-бабының 2-тармағының 5-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік тіркеуден бас тартылды.	10.12.2009 ж.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ САЙТЫНАН

БИЛІК және ХАЛЫҚ: байыпты байланыс

Облыс әкімдігінің ресми сайтына тұрғындардан келіп түскен ең өзекті деген сауалдар мен оларға облыс басшысы Серік ҮМБЕТОВТІҢ берген жауаптарын жариялауды жалғастырамыз.

1. СМАҒҰЛОВ Семет, Алакөл ауданы

Менің ұлым Достық қазақ орта мектебінің 6-сыныбында оқиды. Осы 6-сыныпта 36 бала оқиды, оқушылардың көпшілігі сапалы білім алуына қамқорлық тудырады. 6-сынып екеу, екеуінде де 36 оқушыдан. Мектеп жаңа, оте кең, неге осы 6-сыныпты үшке бөлмеске? 5-сыныпта негізі 3-сынып болған еді.

Біз мемлекеттік маңызы бар ағымақта тұрамыз, келешек ұрпақтарымыздың бәсекеге қабілеттті ел болуындағы білім сапасының маңызын ескере отырып, біздің Достық қазақ орта мектебіне назар көрсетуіңізді сұраймын.

Облыстық білім басқармасының бастығы Л. Бахарқұлованың хабарлауынша, 2009–2010 оқу жылының басында Алакөл ауданы, Достық қазақ орта мектебінің 6-сыныбында 67 оқушы, 2 сынып болған, яғни 1-сыныпта 33-34 оқушыдан отырған. Қазіргі кезде 36 баладан отырса, 5 бала оқу жылы басталғаннан кейін келген. Оқу жылының ортасында сыныпта бала саны көбейсе де, сынып бөлінбейді, өйткені оқу жылының басындағы сынып санына байланысты мұғалімдердің оқу жүктемесі анықталып, жалақы көлемі бекітіледі.

Ал өткен 2008–2009 оқу жылында осы 5-сыныпта 72 оқушы болғандықтан сынып үшке бөлінген болатын. Алдағы оқу жылында аталған сыныпта 72 бала саны сақталған жағдайда сынып үшке бөлінеді.

2. Ажкен БЕРДІБЕКОВ, Жамбыл ауданы.

Құрметті Серік аға! Мен ҚазҰУ-де 1-курста ақылы бөлімде оқимын, қазіргі таңда сабағымның бәрі бес. Сізден сұрайтыным, оқудың ақысын әке-шешем төлей алмағандықтан, сізден маған грант бөлуіңізді өтінемін!

Құрметті Ажкен!

Облыс әкімінің гранты облыс аумағында тұратын тұрмысы төмен, әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасының балаларына, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға беріледі. Сіздің Жамбыл ауданында емес, Жамбыл облысында тұратыныңыз анықталды. Сондықтан облыс әкімінің грантын тағайындауға мүмкіндік жоқ екенін хабарлаймыз.

3. ҮМБЕТБАЕВА, Талғар ауданы.

Құрметті Серік Әбікенұлы! Мен Талғар қаласында оқытушы болып жұмыс істеймін. Отау құрғанымызға биыл 7 жыл болды. Бірақ жолдасымыз екеуміз әлі бала сүйе алмай келеміз. Алматы қаласындағы ЭКО орталығына жолыққанымызда бағасы 2–3 мың доллардың көлемінде тұратынын айтты. Бірақ ешқандай жеңілдік бермейді. Біріншi жолы болмаса ақшаң қайтарылмайды немесе қайтадан тегін жасалмайды. Ешқандай жеңілдік қарастырылмаған. Қарапайым оқытушыда мұндай қаражат қайдан болсын. Кейде ой келеді, сонда қаражаттың табылығынан осындай мүмкіндіктен де құр қалып, ана болу бақытына жете алмаймын ба деп. Биылғы жылдан бастап ЭКО тегін жасалады екен дегенді естіп үміт оты оянды. Сол тегін ЭКО алу үшін мұғалімдерге қандай жеңілдіктер бар және де мен соған қол жеткізе аламын ба? Көмек беруіңізді сұраймын.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2009 жылғы 30 қазандағы "Көмекші бедеулікті емдеу әдістері мен технологияларын жүргізу Ережелерін бекіту туралы" № 627 бұйрығына сәйкес 2010 жылдан бастап экстракорпоральдік ұрықтандыруға 10 квота бөлінді. Сіз "Талғар ауданның орталық ауруханасы" МКҚ учаскелік акушер-гинеколог дәрігеріне жолығуыңыз керек. Барлық қажетті құжаттар пакеті жинақталған соң Алматы қаласы, Достық көшесі, 125-үй мекенжайы бойынша Акушерия, гинекология және перинатология ұлттық орталығындағы комиссияға баруыңыз қажет. ЭКО-ға квота бөлу туралы мәселені осы комиссия шешеді.

4. Өтенай ауылының тұрғындары.

Құрметті Серік Әбікенұлы!

Біздің Өтенай ауылы Талдықорған қаласының аумағына кіреді. Біз Сіздің облыс орталығына көп көңіл бөліп, оны көркейтуге басa назар аударатыныңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Қала орталығы мен Өтенайға қатынайтын көлік мәселесі шешілді. Оз үшін де алғыс айтамыз.

Елімізде әкімдердің есеп беру жиындары өтті. Соның шеңберінде сізге сауал қойсақ деп едік. Біз балаларымыздың Өтенайдағы № 21 мектепке барып-қайтуына қатты алаңдаймыз. Мектепке барар жолда балалар көлік легі ағылып жататын Қабылжанов көшесін қиып өтеді.

Оқушылардың және басқа да жүргіншілердің қауіпсіздігі үшін көше қиылысына жол белгілері орнатылып, қауіпсіздік шаралары қарастырылса дейміз.

Құрметті Өтенай ауылының тұрғындары!

Қазіргі уақытта Алматы облыстық ішкі істер департаменті аталмыш көшеге қауіпсіздік құрылғыларын алуға және орнатуға қаржы бөлу мәселесін қарастыруда. Сонымен қатар, Қабылжанов көшесіне жылдамдықты шектеу белгісі (40 ш/с) қосымша қойылатын болады.

5. Дидар КЕРЕЙ, Талғар ауданы.

Құрметті Серік Әбікенұлы! Біз Талғар қаласының Әуезов ықшамауданында 10 жылдан бері тұрамыз. Электр жарығына негізгі төлемнен әр Квт 5-6 теңге артық төлеп келеміз. Жергілікті әкімге барсақ, "сендер КСК-ға қарайсыңдар, біз ештеңе жасай алмаймыз" деп шығарып салады. Қазіргі уақытта 14 теңгеден төлеп отырмыз. Биылғы жылдан бастап тағы электр тоғы қымбаттады. Сонда біз 20 теңгеден төлейтін шығармыз.

Өз елімізде тұрып, біздің зар-мұңымызды тыңдайтын адам болмағанына налимыз. Біздің ықшамаудан мемлекеттік жүйеге енуі үшін не істеуіміз керек?

Талғар қаласы, "Әуезов" ықшамауданы тұрғындарының электр жүйесі аудандық электр торабы құзырына өтпегендіктен электр жарығына төлем уақытша құрылған КСК арқылы жүзеге асуда, яғни белгісіз себептерге байланысты (естественная потеря) 5-6 теңге көлемінде негізгі төлемнен артық төлеуге мәжбүр болуда. Қазіргі уақытта ықшамауданға қарасты "трансформаторлық подстанциялар" аудандық тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық бөлімі арқылы "иесіз" деп танылу үшін Талғар аудандық сотына жіберілді. Сот шешімінен кейін ықшамауданға қарасты трансформаторлық подстанцияны Талғар аудандық электр торабы құзырына өткізуге мүмкіндік болады.

6. Ажар РЫСБЕККЫЗЫ, Жамбыл ауданы.

Сәлеметсіз бе, құрметті Серік Әбікенұлы!

Мен Ұзынағаш ауылының тұрғынымын, А. Қарсақбаев атындағы орта мектептің 10-сынып оқушысымын. Оқу үздігімін. Осыдан шамамен 2 ай бұрын «Жетісу» газетінен сіздің басшылығыңызбен Талдықорған қаласында тұңғыш Президенттің дарынды балаларға арналған мектебі салынып жатқанын оқыдым. Және 2010–2011 оқу жылына мектеп пайдалануға беріледі делінген екен. Сол мектепке оқушылар қалай қабылданады? Егер, сол мектеп аталатын болса, менің оған қабылдануға мүмкіндігім бар ма?

Талдықорған қаласында 900 орынға лайықталған Қазақстан Республикасы тұңғыш Президентінің интеллектуалды мектебінің құрылыс жұмыстары 2008 жылғы қараша айынан бастап жүргізілуде. Нысан құрылысының аяқталу мерзімі – 2010 жылғы 25 тамызға жоспарланған.

Мектепке қабылдау конкурс негізінде қабылдау емтихандарын тапсыру арқылы жүзеге асырылады. Ондағы сұрақтар мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім беру стандарттары мен оқу жоспарларына сәйкес беріледі.

Бұл жөнінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің сайтында (www.edu.gov.kz) толыққанды мәлімет берілген.

7. Назым БАЙЦЕЛАЕВА, Райымбек ауданы.

Сәлеметсіз бе! Денсаулық сақтау саласына жаңа жүйе енгізілуде. Соған сәйкес 2010 жылы емделетін адамдар өздерінің қалаған дәрігерлеріне қарала алады дейді.

Сұрақ: Адамдар қалаған дәрігеріне барып қаралса, сонда қалған дәрігерлер не істейді? Олар да жұмысының арқасында бір үзім нан тауып жеп отыр емес пе. Оларға сонда жалақы төленбей ме?

Және дәрігерлер басқа оқу орнына қарағанда көп оқиды. Осыдан кейін біздің жастарымыз дәрігер болудан бас тартады деген қауіп жоқ па?

Мемлекет басшысының 2008 жылғы мамыр, қазан айларындағы тапсырмаларына сәйкес елімізде Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесін құру тұжырымдамасы бекітілді.

Азаматтардың медициналық ұйым және дәрігерді ерікті түрде таңдау, сондай-ақ сапалы, уақтылы медициналық көмек алу құқығы "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде айқындалды.

Әр дәрігер, осы Кодексте атап көрсетілгеніндей, білімі, халыққа сапалы қызмет көрсетуі өз деңгейінде болып, халықтың сенімділігін арттыру жолында еңбек ете білсе, түпкі нәтижеге бағдарланған, сараланған еңбекақысын алады.

Денсаулық сақтау саласы да әлем деңгейіне жетіп, халыққа сапалы қызмет көрсетуге міндетті. Сондықтан еліміздің жастары өз қалауы бойынша білім алып, дәрігер болады деген сенімді жоғалтпауымыз керек. Жас мамандарды ауылға жұмысқа тарту үшін көптеген игі шаралар атқарылуда. Облыс әкімінің гранты бөлінуде, баспана мәселесі де өз шешімін табуда.

8. «Казкоммерцинжиниринг» үлескері, Қарасай ауданы.

Мен «Казкоммерцинжиниринг» ЖШС алдап кеткен үлескерлердің бірімін. Әлі күнге банкке ипотекалық несие төлеп отырмын. Компанияның бұрынғы директоры А. Оразбаев түрмеге жабылды. Ал жаңа басшысы жуық арада (2009 жылдың соңында) құрылыс аяқталатыны жайлы бірнеше рет айтқан болатын. Алайда тұрғын үйдің салынып бітетін түрі көрінбейді. «Казкоммерцинжиниринг» ЖШС жұмысы облыс әкімдігі тарапынан қадағаланып отыр ма?

Алматы облысы әкімдігінің 22.05.2009 жылғы № 98 қаулысына сәйкес үлескерлердің қатысуымен салынып жатқан тұрғын үй құрылысы мәселелерін қарау жөніндегі комиссия құрылды. Тұрғын үй құрылысы мәселелері жөніндегі уәкілетті орган болып «Жетісу Жаңа құрылыс» ЖШС белгіленді. Бұл ұйым Алматы облысы бойынша үлескерлердің қатысуымен салынатын құрылыс жұмыстарының жүргізілу жағдайына мониторинг жасап отырады.

«Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысына уәкілетті органның жарғылық капиталын құру үшін Алматы облысының бюджетін дамытудың мақсатты трансферттерi» бюджеттік бағдарламасының негізінде уәкілетті орган – «Жетісу Жаңа құрылыс» ЖШС-ға «Елім-ай» және «Енисейские поля» тұрғын үй кешендерінің инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымының құрылысы үшін ірі көлемде қаржы бөлінді.

Инженерлік жүйе құрылысы үстіміздегі жылдың алғашқы жартысында басталады деп жоспарланып отыр.

«Елім-ай» және «Енисейские поля» тұрғын үй кешендерінің құрылысын жүргізуші «Казкоммерцинжиниринг» ЖШС жылжымайтын мүлік қорына инвесторлар тарту жөніндегі ұсыныспен шыққан. Қазіргі уақытта жылжымайтын мүлік қорының тізіміне сәйкес құжаттар жинақталуда. Инвестор нақтыланғаннан кейін, яғни қаржыландыру көзі анықталғаннан кейін нысан құрылысы жалғасатын болады, пайдалануға беру мерзімі құрылыс кестесіне сәйкес белгіленетін болады.

9. Светлана АБЕЛЬКАРИЕВА, Жамбыл ауданы, Мыңбаев ауылы.

Мен төрт баланың анасымын (балалардың бәрі кәмелеттік жасқа толмаған). Балаларға қандай жәрдемақы ала аламын?

Құрметті Светлана! Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 маусымдағы № 63 «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» Заңының 4-бабына сәйкес туған, асырап алған, сондай-ақ қорғаншылыққа (қамқоршылыққа) алған балалары бар отбасылар егер отбасының жан басына шаққандағы кірісі Алматы облысында белгіленген азық-түлік корзинасы құнынан (2010 жылдың 1-тоқсанында 7485 теңге) төмен болған жағдайда жәрдемақы алуға құқы бар. 18 жасқа дейінгі балаларға арналған жәрдемақы – әр балаға 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде белгіленген (1413 теңге). 2010 жылдың 1-тоқсанында сізге 16956 теңге көлемінде жәрдемақы аударылатын болады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Заңының негізінде сіздің отбасыңызға 34065 теңге көлемінде, ал 2010 жылдың 1-тоқсанында 32 832 теңге көлемінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тиесілі.

Көп балалы отбасы ретінде 2009 жылы сізге мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығы арқылы айына 5055 теңге көлемінде арнаулы жәрдемақы және 1 жасқа дейін бала күтіміне – 8424 теңге төленген. Ал 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап жәрдемақы көлемі 5055 теңгеден 5511 теңгеге, 1 жасқа дейін бала күтіміне берілетін жәрдемақы 8424 теңгеден 12011 теңгеге көбейеді.

10. Айгүл КАЛИМОВА, Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы.

Құрметті С. Әбікенұлы! Сіздің елімізге сіңірген еңбегіңіз үшін алғысымыз шексіз! Менің Сізге хат жолдау себебім, бір жылдай болды, жұмысқа орналаса алмай жүрмін. Егер жас мамандарға жұмыс бермесе несіне еңбектеніп, оқуға түсіп, бітірдік деп ойлаймын.

Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің хабарлауынша, сізді 2009 жылы "Жол картасы" бағдарламасы бойынша Шелек ауылындағы Абай атындағы орта мектепке жастар тәжірибесіне жіберген. 2009 жылдың 31 желтоқсанында еңбек шартының мерзімі аяқталуына байланысты жұмыстан босатылғансыз. Үстіміздегі жылы сізді жастар тәжірибесіне қайта қабылдау ұйғарылды. Тәжірибеден өту барысында тұрақты жұмысқа орналастыру мәселесі қарастырылатын болады.

11. СЫДЫКОВ Сұлтан Тастанұлы, Қарасай ауданы.

Мен Президенттің атына «Тікелей желіде» сауал жолдаған едім. Жауабын қайдан аламын?

Сіз http: www.line.kz сайтына кіріп, Президентке сауал қойған кезде сұрағыңызға берілген нөмірді «поиск»-іздеуге бөліміне енгізу арқылы өзіңіз жолдаған сауалдың жауабын таба аласыз.

12. ШАБАНОВ Рамазан Ережепұлы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы.

Құрметті әкім! Түрікмен – ҚХР газ құбырының бірнеше тармағы біздің облыстың бірқатар ауданының аумағынан өтетіні белгілі. Соған байланысты сұрағым бар еді: 1. Жаркент қаласына жүргізілетін газ құбырын жақын жатқан елді мекендерге бұру арқылы газдандыру қолға алына ма? 2. Панфилов ауданына газ тасымалдау бойынша қай елдің компаниясы қызмет көрсететін болады? 3. Аталған нысанға жергілікті тұрғындарды жұмысқа орналастыруға жергілікті әкімдік мүдделілік таныта ма? Мен жоғары оқу орнын Қызыл дипломмен бітірген инженер-мұнайшымын.

Құрметті Рамазан Ережепұлы! «Қазақстан – Қытай» магистралды газ құбыры арқылы Панфилов ауданының елді мекендеріне, оның ішінде Жаркент қаласына газ құбырын тарту жоспарда бар. Қазақстан аумағында техникалық қызмет көрсетуші «Азия газ құбыры» ЖШС-мен жасалған келісімшартқа сәйкес (жобаға Қазақстан тарапынан тапсырыс беруші) «Интергаз Орта Азия» АҚ жүзеге асырады. Газ құбырын тарту кезінде отандық мамандарды міндетті түрде барынша жұмысқа тарту және жобаға тапсырыс берушілердің отандық өндіріс тауарларын пайдалану 2008 жылы 14 мамырда Алматы облысының аумағы бойынша «Қазақстан – Қытай» магистральді газ құбыры құрылысы жобасының түсіністерінде хаттамамен бекітілген.

Қазіргі кезде «КАТЭК» ЖШС жобалау мекемесі «Мазовоцный», «Шелек», «Шарын», «Жаркент» елді мекендеріне газ құбырын тарту арқылы газдандыру» техника-экономикалық негіздемесін әзірледі. Оның ішінде Панфилов ауданы бойынша 22 елді мекенді газбен қамту жоспарланған. Жобаның тапсырыс берушісі – «Азия Газ NG» ЖШС. Бұл жоба үстіміздегі жылы жобалық-сметалық құжаттары дайын болғаннан кейін және жеке инвестор тарту арқылы, сонымен қатар мемлекет қаржысы есебінен жүзеге асырылатын болады.

13. ГАДАЕВА Галина Викторовна, Қарасай ауданы.

Жалғыз өзім мүгедек баланы асырап отырған анамын. Маған қандай да бір жеңілдіктер бар ма? Мен Қаскелең қаласындағы «Благоустройство» МКҚК мекемесінде бақылаушы болып жұмыс істеймін. Мекеме бастығы менің жағдайыма байланысты жұмыс ауқымын азайту туралы өтінішіме құлақ асар емес. Баламды емдеуге материалдық көмек көрсету туралы өтініш пен баланың мүгедектігін дәлелдейтін барлық құжаттарды апарып көрсетіп едім, бұл құжаттар ешқандай рөл атқармайды, егер жұмыс істегіңіз келмесе, орныңызды босатыңыз деген уәж айтты.

Өткен жылдың қазан айында кезекті еңбек демалысына шыққан едім. Жұмысқа шыққаннан кейін де еңбекдемалысының ақысын, тіпті еңбекақымыздың өзін әлі күнге төлеген жоқ. Осы мәселелердің ақ-қарасын айырып беруіңізді сұраймын. Меніңше, бастық мені жұмыстан кетуге мәжбүрлегісі келетін сияқты. Алайда заң жүзінде ол мені себепсіз жұмыстан босата алмайды ғой.

Құрметті Галина Викторовна!

Сіздің өтінішіңіз бойынша Алматы облысының мемлекеттік еңбек инспекторы тарапынан «Благоустройство» МКҚК мекемесіне тексеру жүргізілді.

Тексеру барысында мекеменің 2009 жылғы қазан айындағы еңбек демалысының ақысына және жалақыға қарызы бар екендігі анықталды. Бұл қарыз мекеме құрылтайшысы – Қарасай аудандық әкімдігінің дер кезінде қаржыландырмағанының салдарынан орын алған. Тексеру барысында еңбеккерлерге қарыздары қайтарылды.

Сонымен қатар, жұмыс берушіге ҚР Еңбек Кодексінің 187-бабы, 2-тармағына сәйкес мүгедек баланы бағып-қағуы қажеттігі туралы медициналық құжаттары болған жағдайда қызметкерді өзінің жазбаша келісімінсіз түнгі уақыттағы жұмысқа, үстеме жұмысқа тартуға, сол сияқты іссапарға, вахталық әдіспен орындалатын жұмысқа жіберуге құқығы жоқ екендігі түсіндірілді. Сондай-ақ, жоғарыда көрсетілген нормативтік актінің 189-бабына сәйкес медициналық сараптамаға сәйкес қызметкердің жазбаша өтініші бойынша жұмыс беруші толық емес жұмыс күні режимін белгілеуге міндетті. Тексеру нәтижесі бойынша еңбек заңдылығы талаптарының бұзылу фактілерін жою туралы ұйғарым берілді.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША ДАЙЫНДАЛДЫ.

СЕРТИФИКАТ ТАПСЫРЫЛДЫ



Жақында ғана пайдалануға берілген «Тіл сарайында» алғашқы шаралардың бірі ретінде жылдағы дәстүр бойынша облыстық мемлекеттік тілді оқыту орталығының курсын аяқтап, белгілі деңгейде қазақ тілін меңгеріп шыққан тыңдаушыларға сертификат тапсыру рәсімі өтті.

Айнұр ӘБДІРАХЫМ, "Жетісу"

– Мемлекеттік тілді білу әрбір қазақстандық азаматтың міндеті. Осы мақсатта қазіргі таңда тілді үйренуге деген құлшыныс байқалады. Мысалы, біздің мемлекеттік тілді оқыту орталығына 180 тыңдаушы жазылған. Бүгін, міне, солардың 150-і сертификатқа ие болды, – дей отырып облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарма бастығы Тәңірберген Қасымберкебаев қуаныш нелеріне сәттілік тіледі.

Марапатталғандардың ішінде білімімен көзге түскен 14 тыңдаушы ерекше құрлік алды. Белсенділік танытқан тағы 10 тыңдаушы арнайы грамотаға ие болды. Өз кезегінде тыңдаушылар атынан Талдықорған мемлекеттік мұрағаты мемлекеттік мекемесінің негізгі қызмет бойынша бас маманы Ольга Айтенова: «Туған жерім Ресей, ұлтым орыс. Қазір осында қызмет етемін. Онда сараптама жұмыстары мен құжаттар мемлекеттік тілде жүргізіледі. Сондықтан осы мүмкіндікті пайдалана отырып, мемлекеттік тілді оқыту орталығына келіп едім. Енді, міне, соңғы дамытушы деңгейді аяқтап отырмын. Мен қазақ тілін өзіммен қатар балаларымның да жетік меңгеру қажеттігін түсіндім. Осы орталықта қазақ тілін өз дәрежесінде меңгеріп алдым десем болады», – дей келе мемлекеттік қызметкерлердің тілді меңгеруіне барынша жағдай жасап отырған облыс әкімі Серік Үмбетов пен орталық ұстаздарына шексіз алғысын жеткізді.

◊Бала – болашақ

ҚАМҚОРЛЫҚ пен ТӘРБИЕ

Таяуда Алматы облысының балалардың құқықтарын қорғау департаментінің ұйымдастыруымен екі үлкен шара өтті. Оны Алматы облысының балалардың құқықтарын қорғау департаменті директорының орынбасары Самғат ДОЛАЕВ ашып, жүргізіп отырды.

Қажет АНДАС, "Жетісу"

Оның бірі – жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған балалар үйлері директорларының облыстық кеңесін құру туралы болды. Облыстық әкімдіктің кіші жиын залында бас қосқан облыстық ішкі саясат, білім басқармасы, ішкі істер департаменті, Қазақстан халқы кіші Ассамблеясы, қоғамдық бірлестіктер мен мемлекеттік және жеке меншік мекемелердің өкілдері балалар үйінің қызметін үйлестіру мен балалардың құқығы және заңды мүдделерін қамтамасыз ету барысын талқылады.

Шара барысында аталған департаменттің қорғаншылық және балаларға көмек көрсету бөлімінің бас маманы Г. Нусипова «Облыстық директорлар кеңесінің мақсаты мен міндеттері» атты баяндама жасап, директорлар кеңесінің балалар үйінің түлектерінің тұрған үй мәселесін шешу мен жұмысқа орналасуындағы қиындықтарды бір жақтылы етудегі мүмкіндіктермен таныстырды. Ал «Айналайын» балалар үйінің директоры Жамал Баймадиева Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі балалардың құқықтарын қорғау комитетінің мұрындық болуымен 2008 жылы қазан айында құрылған республикалық директорлар кеңесінің жұмыс жағдайымен таныстырып өтті. Талғар ауданындағы «Нұр» қайырымдылық жанұя балалар үйінің директоры Түяқ Есқожина балалар үйіндегі тәрбиеленушілерді жан-жақтылы дамыта оқытудағы тәжірибесімен бөлісті. Соңында облыстық директорлар кеңесінің құрамы анықталып, олар жоғарыда аталған мәселелер жөнінде пікір алмасып, бала құқықтарын қорғау жайындағы байсалды ойларымен бөлісті.

Енді бірі – «Өзін-өзі тану» пәнін насихаттау арқылы мектеп пен отбасы арасында өзара сабақтастықты қалыптастыру мәселесін талқылауға бағытталды. Талдықорған қаласындағы облыстық нашар еститін және саңырау балаларға арналған мектеп-интернатында өткен шараға қалалық білім бөлімі мен облыстық ата-аналар комитетінің өкілдері, қала мектептеріндегі психологтар мен ата-аналар қатысып, мектеп пен отбасы арасында өзара сабақтастықты қалыптастыру жолдарын талқылады.

Шара барысында І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің аға оқытушысы «Өзін-өзі тану» пәні мұғалімдері шығармашылық бірлестігінің төрайымы Асыл Жексембайқызының басқаруымен «Өзін-өзі тану» пәні арқылы мектеп пен отбасы арасындағы әріптестікті нығайтудың жолдары» атты тренинг өтіп, оған қатысқандар да өз пікірлерін қосып отырды.

Шараның соңында аталған департаменттің адамның адамгершілік-рухани даму бөлімінің бастығы Айнагүл Үшкемпірова облысымызда «Өзін-өзі тану» пәні бойынша жұмыс жасайтын эксперименттік аландар жайлы айта келіп, атқарылған жұмыстарға тоқталды.

ПОЛИЦИЯ КАПИТАНЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Облыстың Ауғанстан соғысы ардагерлер ұйымына әрдайым көмек көрсетіп, осы ұйымның ұйымдастыруымен өткізілген мәдени-спорттық шараларға демеушілік жасағаны үшін Алматы облыстық мамандандырылған күзет басқармасының Алакөл аудандық күзет қызметінің бастығы полиция капитаны Жасұлан Өмірсерікұлы Төлегеновті «Қазақстан ардагерлері» қауымдастығының төрағасы, Халық қаһарманы, генерал-лейтенант Бақытжан Ертаевтың атынан облыстық Ауған соғысы ардагерлер ұйымының төрағасы Ерлік Әлімқұлов Бауыржан Момышұлы атындағы «Батыр шапағаты» медалімен марапаттады.

Соңғы кезде облыстық Ауғанстан соғысы ардагерлері ұйымының қызметі жанданып, жастарға тәлім-тәрбие беру бағытындағы іс-шаралары кеңінен өрістей түсті. Тәуелсіз еліміздің ертеңінің арайлы, қабырғасының берік болуы жолындағы мұндай құтты қадамдарды жұртшылық та құп алып отыр. Ең бастысы да осы деп білеміз.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

◊Туберкулез – қауіпті дерт

«Алматы облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы» МКК жанындағы «ДОС» жастар денсаулық орталығы Талдықорған қаласындағы бизнес, құқық және жаңа технологиялар колледжімен бірігіп «Салауатты өмір салтын қалыптастыруды өзіңнен баста» тақырыбында семинар-тренинг өткізді.

АЛДЫН АЛҒАН МАҢЫЗДЫ

Жастар арасындағы туберкулез ауруының таралуын алдын алу мақсатында ұйымдастырылған шараға арнайы шақырылған дәрігер мамандар мен студенттер қатысты.

Бүгінгі таңда туберкулез ауруы дүние жүзін алаңдатқан өзекті проблема болып отыр. 1993 жылдың өзінде-ақ Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы туберкулез ауруын қауіп төндіретін өзекті проблема деп белгілеген. Сонымен қатар, 1997 жылдан бастап Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынысымен наурыз айының 24 жұлдызында Дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес күні аталып өтіледі. Бұл күннің таңдалу себебі – осы күні 1882 жылы неміс ғалымы, бактериолог Роберт Кох туберкулез қоздырғышын ашқанын жариялаған. XIX ғасыр соңында Еуропа мен Америкада туберкулез әр жетінші адамның өліміне себеп болған. Кохтың ашқан жаңалығы бұл ауруды диагностикалау және емдеу шараларын кеңейтуге мүмкіндік тудырды. Ал 1952 жылы алғашқы антибиотиктер пайда болғанда туберкулезді емдеуге де қол жетті. Осыған қарамастан туберкулезбен науқастану төмендегенің орнына қанатын кеңге жаюда. Сондықтан қазіргі мақсат – адамзат өміріне қауіп төндіретін аталмыш ауруға қоғам назарын аудару және науқастарға көмек көрсету болып табылады. Мамандардың айтуынша, аурудың алдын алу жолындағы ең басты кедергі – тұрғындардың санитарлық сауатсыздығы. Олай дейтініміз, туберкулезге шалдыққан науқастардың 70 пайызының аурудың қаншалықты қауіпті екенін және одан емделу ережелерін білмейтіні анықталған. Бұл орайда бұқаралық ақпарат құралдарының маңыздылығы атап көрсетілді. Шара барысында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ақпараттары да келтірілді. Оған сенсек, жыл сайын туберкулез ауруына шамамен 7,5–8 миллион адам шалдығып, 1,5–2 миллиондай адам өлімге ұшырайды екен. Яғни әр 4 секунд сайын бір адам осы аталған ауруды жұқтырып, әр 10 секунд сайын одан бір адам көз жұмып отырады. Сонымен қатар, тек біздің елімізде ғана туберкулез ауруымен жыл сайын 22–23 мың адам тіркелетіні тілге тиек етілді.

Келесі кезекте колледж студенттері туберкулез ауруына немқұрайды қарағанның нендей жағдайға әкеп соқтыратыны жайында қысқаша театрландырылған көрініс көрсетті. Көріністен кейін туберкулез диспансерінің дәрігерлері Эльмира Сахтапова мен Инна Хван және қалалық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының валеологы Гүлнар Бектемірова аурудың алдын алу шараларымен таныстырып, оның өзектілігіне тоқталды. Ал «ДОС» жастар денсаулық орталығының психологы Марианна Сыдықбекова бүгінде жастардың «досына» айналып үлгерген орталықтың тегін қызмет көрсететінін айтып, әрқашан қол ұшын беруге әзір екендігін жеткізді.

А. НҰСІПБАЙҚЫЗЫ.

◈ *Отбасы*



ТЕСІГІМ ҮШЕМ

Құдайға тәубе, күн өткен сайын қатарымыз толығып, қаракөздеріміздің саны артып келеді. Өткен жылғы санаққа негізделгенде еліміздегі адам саны 16 миллионнан асса, қазақтар мұның 67 пайызын құрап отыр. Әрине, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарымен салыстырғанда өлдеқайда көбейгеніміз анық. Бұл бір жағынан, Елбасының бастамасымен атқарылып жатқан салиқалы саясаттың нәтижесінде десек, екіншіден, ақ жаулықты аналардың да ерлігі дер едік. Шүкір, соңғы жылдары егіздер мен үшемдердің өмірге келуі жиілей түсуде.

Қажет АҢДАС,
"Жетісу"

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ауылдағы ата-енемнің қасында тұрдық. Ауыл шаруашылығы техникумын бітіріп, ауылдағы мектепте еңбек жолымды бастаған мен Бақыт Қосманов пен І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің түлегі, педагог-психолог Жанар Қосманованың шаңырағына Алланың нұры түсіп, бір күнде үшемнің әке-шешесі атанды. Бұл туралы газетіміздің өткен нөмірінде хабардар еткенбіз. Десе де, жас отбасының жаңа қонысына құттықтап, жай-күйін білмек оймен Бақыт пен Жанарды іздеп барған едік.

Оларды Ескелді ауданы, Қарабұлақ кентінде тұратын жас жұптың әкесі де, шешесі де болған Әлия Қосманованың үйінен таптық. Біз барғанда үш ұл тәтті ұйқыда жатыр екен.

– Балаларды өсіп-өніп, ержетіп, енді қолым босады ма деп едім. Міне, өмірге немерелер келді. Бұған да тәубе, – деп жарқын күлкісімен қарсы алды үш ұлдың әжесі Әлия Өнуарбекқызы.

Бір қуантарлығы, келін мен ене шешесі мен қызы сияқты сыйласымды болып шықты. Мүмкін үшемнің бір отбасында дүниеге келуіне осындай сыйласымдықтың әсері де болған шығар. Жаңа үйдің кілтін алса да, оған бірден көше жөнелмегенінің бір ұшы осында жатса, енді бір жағынан, Бақыт болса әскери салада жұмыс жасайды, оның үй шаруасына, тіпті, бала күтіміне қарайласатын уақыты да жоқ. Ал енді ғана жиырма жастан асқан Жанар үшін үш баланың күтімі оңай емес. Оның үстіне, өзі операция үстелінде босанғандықтан денсаулық жағдайына байланысты қазіргіше осында қала тұрғанды жөн санаптық. Біз барғанда Бақыт жұмыстан босай алмады да, Жанарды әңгімеге тарттық.

Бақыт әскери қызметте, Жанар университет қабырғасында жүрген кезінде танысып, екі жас 2008 жылы үйленеді. Ауырлық болғанын дәрігерден естігенде «әке-шеше атанатын болдық» деп қуанышқа бөленсе де, жиі-жиі ауыра беретін Жанардың жағдайы сыртта жүрген Бақытты да, үйдегі анасын да мазалай берді. Басында Ескелді аудандық емханасының дәрігерлері «бүйрек ауруы» деп емдегенімен, ай-күні жақындаған сайын сырқаты асқына түсті. Содан кейін Талдықорған қаласындағы «Ақ жаулық» медициналық орталығына көрінеді. Бағына қарай, осы орталықтың дәрігері Юлия Кимнің ұсынысымен бірден Алматыға жөл тартады. Алматы қаласындағы акушерлік-гинекологиялық институтының дәрігерлері Жанардың бүйрек ауруымен ауырмайтынын, керісінше, құрсағында өспе бар екенін, оның күніне 3см.-ден өсіп келе жатқанын анықтап, дереу операция жасауды шешеді.

– Бағыма орай, аталған институттың директоры Талғат Қапайұлының қатысуымен операция сәтті өтіп, балаларым жеті жарым айлық кезінде аман-есен дүние есігін ашты, – дейді Жанар сол кездерді есіне түсіріп.

Алматыға жолдамамен келсе де, дәрі-дәрмек, жол, тамақ, жатар орын дегендей, уақытынан ерте туған балалардың денсаулық жағдайына байланысты қымбатқа түскен жоқ. Осы кезде бақыттың қызметтестері мен Жанардың туған-туыс, дос-жолдастары көп көмек көрсетті.

– Операция үстелінен қандай халде шыққанымды әлі есімде, ондайда ойың сан-саққа кете беруі екен. Ертесі, яғни, 2009 жылы 21 қазан күні (атын ұмытып қалыппын) облыстық әкімдіктен қал-жайымды біліп телефон шалып, қуанып тастады. Кейін үйге оралған соң Талдықорған қаласынан әкімдіктен хабарласып, үйдің тіркеуінде бар-жоғымызды сұрады. Керекті құжаттардың тізімін айтып, хабарласуды тапсырды, – дейді Жанар әңгімесін одан әрі жалғап.

Үшем бір үйге емес, дүйім елге жылылық әкелді. Мадияр, Кәмил, Рахымжан есімін еншілеген үш сәбидің несібесінің молдығынан шығар, осындай қуанышты назардан тыс қалдырмаған облыс әкімі Серік Үмбетов Қаратал шағын ауданында қолданысқа берілген жаңа үйден 3 бөлмелі пәтер берғізді. Олар облыс басшысының көрегендігі мен ұлтжандылығына дән риза. Десе де, Әлия Қосмановаңдай ақ халатты жандарға аздап өкпесі де бар. Учаскелік дәрігер шақырса келіп, шақырмаса қарасын көрсетпейтін көрінеді. Тіпті, ауданның атқаминерлері де жағдайларын қалай деп сұрамапты. Әрине, біз әлемнің додалы бәсекесіне қатысып, орын алғандарды аспандатып жатамыз. Ал, 2015 жылға барғанда Қазақстанның адам санын 20 миллионға жеткізу бүгінгі күннің марафоны деуге болады. Осы стратегияға үлес қосып жатқан Жанар сияқты аналарымызды бүкіл қоғам болып құрметтеу азаматтық ар-ождданымыздың айғағы саналмақ. Сондықтан оларға қолдан келер жақсы жағдайды жасау ешқашанда кептік етпейді.

Қазір үш ұл әжесі мен анасын шаршатқаны болмаса, денсаулығы жақсы. Күн сайын шырап, тәтті қылықтары да шыға бастаған. Біз де Мадияр әкесіне тартып Отанын қорғасын, Кәмил шешесі сияқты елінің рухын емдесін, Рахымжан қарымды қаламгер болып ер жетсін деген тілекпен қайттық.

◈ *Мерекелік әзіл*

«НАУРЫЗ СЫЙЫ»



...Ұмытпасам, Наурыз мерекесінің қарсаңы болатын. Келіншегіміз екеуміз көктем күшіне еніспен көкейімізде жүрген керемет бір жоспарымызды іске асыруға кірісіп кетелік деп құлшынып жүргенбіз. «КСК-дәнбыз» деп бірнеше адам ұлап-шұлап кіріп келді. Кірді де есік пен тесікті, терезе мен төбені, кран мен құбырды шүкылап-токылдатып болып: «Бүкіл сантехниканы ауыстыру керек. Іріп-шіріп кеткен, төменгі төрт қабатты түгел сіздің пәтерден аққан жуынды су, канализация қалдығы көміп жатыр!», – деп акті жасай бастады.

Бақыты ЗӘКІРОВ,
"Жетісу"

Құлайым, кектен сұрағаныдағы КСК беретін болған соң қуанып кеттік. Әйтеуір, мұндай көп қабатты үйлердегі сантехника түгіл, үйлердің өзінің тоғыз жеткен қашан. Өткен ғасырдың 60 жылдары қазекеме сыйлағандай тиген Хрущев атам салып берген мұндай панель үйлер, құдай бетін бүлдеп ары қалсын, соңғы сексеннің жылдары Қап тауының арғы, Арарат тауының бергі бетіндегі армян елінде түгел көрші қалып еді ғой. Оған қарағанда, тәубе, құдайым көп көрмесін, бізідің Есіктегі "пятиэтажкалар" әлі түр емес пе? Бірақ айтқандары жөн, қыс-күзде сыздаңып, суық тартып, көктем-жазда күйін кетердей «микроволновкаға» айналатын жаңғақтың нәрсе емес. Содан да әлгі сөзге қуаныш кеттік.

– Айналайындар, жасап беріңдер, ауыстырып беріңдер. Біз ақшасын төлейік.

Енді КСК-ның «жолдары» қуаныш кетті білем, ас үйді, жуынатын бөлмені, дәретханаңы, әлі мен жатын-жайды жылдай алшақтай жүріп аралап: «құбырды жылжайлық, кранды ауыстырайық, жаңа дәнекіл шина қоялық, т.т.» деп бес бет "дефектный акт" жазып, аққа дайындай беріңдер деп де жолға түсті.

– Жұмысты қашан бастайсыңдар? – деп сұрадым мен де сұрап қалдым.

– Бес-алты күнде.

Бүгінде бес- алты күн бес минуттай зымдай өте шығады ғой. Ешкім келмеді. Бес апта өтті. Ешкім келмеді. КСК-дан хабар келмеген соң өзім бардым.

– Барамыз, тосыңдар. Бес апта және сұрағын.

– Шыдаңыз, сіз жазғыт емессіз! – болды жауабы. Жаз бойы ары жүгіріп, бері жүгіріп, күте-күте кетпіті талып шаршаған соң қолды бір сілтеп, көрші үйдегі Қолекең қымбатты-арзанды дағаға көндіріп, бес ай бойы күнде үйқыдан, күнді күлкіден айырып, берекемізді кетірген барлық сантехниканы жаңалап алдық та, жайланып жамбастап қисайғанымыз сол еді: «КСК-дәнбыз» деп бес-алты әйел-еркек тағы кіріп келді. Кірді де ас үйді, ваннаны, дәретхана мен жатын-жайды, залды түгел аралап шықты, «сантехниканы түгел ауыстыру керек, жылыту жүйесі құбырын жаңалау керек» деп әйшейға қарамай "дефектный акті" толтыруға кірісті.

Мен де ан-таң, әйелім де аңтаң. Сілейіп тұрдық та қалдық.

– Бі-бі-біз, бәрін ауыстырып қойдық қой...

– А-а!

Енді КСК-ның адамдарының ауызы ашылып да қалды.

– Қашан? Біз өткенде ғана акт жасап кеттік қой.

– Нә, өткен 2009 жылдың 22 наурызы қарсаңында келгенсіңдер...

– Қазір ше?

– Бүгін 2010 жылдың 22 наурызы болып тұрған ғой.

Шамалы уақыт өткен соң өздеріне-өзі келген КСК-ның әкілдері бастарын шайқай-шайқай үйімізден шығып, көрші пәтердің қоңырауын басты.

Ара-тұра «ағыр-ай, бір жыл өтіп кеткен бе, сонда?» деген бір- біріне қойған сауалдары естіліп қалады.

Сонымен, Наурыз мерекесі құтты болсын, ағайын! Наурыздың алғашқы мерекесімен!

ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ.

◈ *Наурыз-кеші*



Әкелі, ағалы-інілі үйім, халқымыз үшін Наурыз мерекесінен бөлек үлкен қуаныш жоқ. Бірлікпен Ұлттар Ұйымының халықаралық мерекелер ретінде танып, әлемдік деңгейге көтеруінің өзі бұл мерекенің мәні мен мағынасын одан сайын арттырғаны белгілі.

Көңіліміз шат болсын!

Зейнет демалысындағы ана, немерелерімнің әжесі ретінде осының бәріне қуанамын. Көңілімді жұбандырып отырамын. Наурыз тойына әр шаңырақ, әр адам дайындықпен келеді. Біз де сондай дайындықпен келдік. Наурыз көже жасап, қыстай сақтағанымды ақ дастарқанымға шығарып, қонақтарымды күттеклін.

Қырық жыл ұмырымды бала тәрбиесіне арнадым. Бірнеше жүздеген шәкірттерімді түлеттім. Халық ағарту ісінің озық қызметкері атандым. «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, «Еңбек ардагері» медалімен марапатталдым. Өмірімнің жақсылығы деп білемін.

Наурыз мерекесі әрбір шаңырақта қуаныш пен бақыт әкелсін! Сапарға шығар жандар үшін жол болсын, ақ мол болсын, көңіліміз қал болсын, рухымыз ер болсын, қарақтарым!

Айман БӨЛШЕКБАЕВА,
зейнеткер,еңбек ардагері.

РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.



Барыс жылы бақ берсін!

Наурыз тойы – халқымыздың жақсылығы. Наурыз мерекесі – тәуелсіздігімізбен бірге жаңғыра ортамызға оралған үлкен қуанышымыз. Осы той қарсаңында өзгеше күйдеміз. Күн менен түннің теңеліп, жасымызға жас қосылар сәттен күтеріміз де көп сияқты.

Биыл ақпақ ақпанымыз Мұқағали туған, Бердібек пен Бақтөжа түсауын кескен тауды өлкеге қалың қар түсті. Тау құшағын, кең дала төсін қақтай қалыңдай жаңқа қардың көбісі сөтілер емес. Қар – ырыс пен береке, молшылдың көші. Мұны да жақсылыққа жорып отырған жайымыз бар.

Соған орай Наурыз мерекесімен есігімізді ашып, төріміге аттар барыс жылы егін мұрын, шөп бітік шығып, дихандарымыз үшін табысты, берекелі жыл болсын деген үлкен тілегіміз бар. Салт-дәстүрі, өнері мен мәдениеті, ісі мен өнегесі жарасым тауып, ортаның жайлы тауы өлке жұртына жаңа жылдың ұлыңар қуанышын, өкпелер жақсылығы аз болмасы анық. Мұқағалидай қалың оқырманның жүрегіне берік ұялап қалған шумының 80 жылдығына бір жыл бұрын дайындықты қолға алынуы, ауызды көркейтуге комакты қаражаттың бөлінуі де барша мұзды қуантып отыр. Наурыз тойы құтты болсын, ағайын! Арайлы таңдармен ырыздық, несібеміз артып, қуанышгарымыз еселене түссін!

Кенесбай БАЙҚАНОВ,
облыстың Құрметті азаматы,
еңбек ардагері.

РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.

◈ *Наурыз-жыр*

Көктем

Көктем, көктем,
Өзіңе ғашықтын мен.
Қарсы алдым өзіңді жақұт жырмен.
Сезімімді тасытып сен тұрасың.
Шуағыңмен төрімді ашып кірген.
Көктем, көктем,
Ғаламат күш бар сенде.
Қарсы алады жақсыға құштар кеуде.
Жүрегімді, жанымды тосамын мен.
Сен күлімдеп қырқадан шыққан кезде.
Көктем, көктем,
Өзіңе дала жақын.
Қыстай тоңған үмітті жаға аласың.
Тамырына тіріліктің қан жүгіртіп,
Салқындата соққылар ғаламатың.
Көктем, көктем,
Өзіңді сүйемін мен.
Саған ұқсас жаным ақ, жүрегім кең.
Жақсылықтар мендегі бүрін ашса,
Көктем сенсің соларды тізе білген.

Қанат БІРЖАНСАЛ.

РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.

Төрт түлік төлдер шақ

Қазақ малдың өсіне бар жағдай жасай отырып, «Өліп өскен мал жақсы, өлмей өскен жан жақсы» деген. Яғни, мал өлсе отбасы мүшелеріне төнгелі тұрған шығынды, ауырпалықты алып кетеді. Сондықтан да мал шығындалса: «бар кесел сонымен кетсін» деп жатады. Құрбандықты да бала-шағаның амандығына арнап шалатын болған. Сонда мал тек тағам, кнім ғана емес, бас амандық үшін Жаратқанға берілер садақа іспетті. «Бастан құлақ садақа», жан аман болсын», – дейді түлік қырылған жағдайда.

Наурыз айы сол төрт түліктің төлдер шағы. «Қазақта айран көп, орыста мейрам көп» деген де сөз бар. Ондай болса әр төлдің төлдеуі қалекем үшін той-думан болған. Қол-көсір тағам мен сусын да көктеммен бірге келген.

Мәселен, мал төресі түйе боталағанда «Түйе мұрындық» деп той жасап, көрші-көлең күн ұзарды, малымызға мал қосылды деп қуанып, арқаны кеңге салып, думандатқан. Үлкендердің айтуынша, әлгі туған ботаны біраз уақыт көрпеге орап ұстаған. Кейбіреулері көпке дейін түлеретіі қалтылдап орнынан тұра алмайды. Бота туғанда екі көзі мөлдіреп, керемет әдемі болады. Сүйкімді жануарға көз тимесін деп біразға дейін адамға көрсетпей жабық орында ұстаған. Жас келіндер оны сәбидей мәпелеген. Келіншектер киелі малды көз тигізбей өсірсе, оның ұрпағы көп болады деген де ұғым бар. Ірі мал егіз туса, біреуін баскаға сыйға тартады. Егіз төлді бірге өсіру жаман ырым.

Құлын туысымен көз тимесін деп оның мойнына қызыл шүберек тағып қояды. Ал түз серісі қасқыр қорыкпасын, құлынға жолдамасын деп қоңырау да тағатын болған. Қоңырау жоғалған малды тез табуға да септігін тигізеді. Ал күт кезінде, құлынды желіден ағытар кезде «Бие мұрындық» жасайды. Ол биені суалтудың алдында берілетін ас. Мұнда үлкендер тәубешілік жасап, құран оқылады. Соңғы сауған қымызды іріткі, одан құрт жасайды. Ал құртты келесі жылғы қымыздың ашытуға қор ретінде сақтайды.

Ал бұзау туғанда уыз қатырады. Бұл күні қыстан қалған көтен-ішек асылып, ақ мол болсын деген көрші-көлең осы үйге қарай бет алады. Ұмдан барлығы ауыз тиеді. Ұмды әр аймақ түрғындары әртүрлі дайындайды. Бірі шекке салып, қазыға ұқсатып, дайындаса, екінші бірулер арнайы ыдыска құйып, оны су толтырылған қазанға салып қайнатады. Тамақтың құнарлысы мен дәмдісін жеуге дағдыланған аталарымыз мұны ыждағаттылықпен дайындаған. Бұзаудың ауыз кекке ішкізбей бауыр жүні өсіп кетпесін деп оны ұзын тастайды немесе ақырындап күйдіреді. Сонда ол «жылау» ауруымен ауырмайды. «Қылау» демеге, тілге түсетін жара.

Қолыны туа салысымен қадағалап тұрып аузындырады. Әлсіздерінің емуіне мал иесі өзі көмектеседі. Ұзына тойған қозы тез өседі. Ауруға да жеңілмейді. Ал ұзына тоймаған қозы-лақ катпа, мешел болып қалады. Үсақ мал семірсін деп туғаннан кейін біраз уақыттан кейін құйрығын кесіп тастайды. Сонда оз малдың еркін жайылуына, ет алуына кедергі жасамайды және жинаған май құйрыққа кетпейді. Сондай-ақ, төлдің барлығына эркім өз ені салады. Ең күлкіге салынады. Ал кесілген құйрық, құлақтарды құмырсканың илеуіне тастаған. Бұл мал құмырсқадай көбейсін дегені ырымға саяды. Көктем – мал төлдеп, қорада шу болар берекелі шақ.

Гүлжан МҰҚАШҚЫЗЫ.

◈ *Балабақша және наурыз*

Балдырғандар қуанышы

Жыл өткен сайын балабақшадағы балдырғандарымыз да Наурыз мерекесін асыға тосатын болды. Әрине, бұл осы салада жұмыс жасайтын тәрбиешілердің еңбегі деуге де болады. Өйткені, мереке қарсаңында балабақшаларда қызу думан басталады. Бүлдіршіндер Наурыз жырларын айтып, тақпақтар жаттайды. Мерекелік ойындар ұйымдастырылып, танымдық сабақтар жүргізіледі. Нәтижесінде, бала санасында ойынмен бірге ұлттық дәстүрге деген ұғым ұялайды.

Қажет АҢДАС,
"Жетісу"



Біз осы ойымызға Талдықорған қаласындағы №1 ясли-балабақшасы ұжымындағы мерекелік шараға дайындық барысын көргенде көз жеткіздік. Аталмыш балабақшаның меңгерушісі Гүлбану Асанбекқызы Наурыз мерекесінің орпақ тәрбиесіндегі орны мен рөлі туралы тоқтала келіп, өз ойымен бөлісті.

–Халқымызда «Баланы бастан тәрбиеле», – дейтін ұғым бар. Әрине, мұнда ұлттық тәрбиенің өміршеңдігі айтылып отыр. Сондықтан балабақшамыз жыл сайын мерекеге қызу дайындалады. Алдымен мерекелік шараның жоспарын жасап, орындалатын нөмірлерге дейін сарапап алған соң, балабақшадағы әр топтың ерекшелігіне сәйкес тәрбиешілерге міндет жүктейміз. Содан кейін айтылатын ән, биленетін би, түрлі ойындарға мынғайлы ұлттық, үлгідегі киімдер тандаймыз. Әрине, бұрынғы жылдарғы бұл жағынан ата-аналар көмектесіп келген еді. Өткен жылдан бері қала әкімінің қолдауымен мерекелік киімдер балабақша тарапынан өзірленуде. Осындай ұтқыр ұйымдастырудың нәтижесінде, жыл сайын мерекені қызу думанмен қарсы алудамыз. Бір қызығарлығы, бүлдіршіндер ортасында Наурыз мерекесін асыға тосатын қызығушылықтың қалыптасқаны – дейді ол.

Иә, меңгерушінің айтқанына топтарды аралап көру барысында көз жеткіздік. Бәрі де қызу дайындық үстінде. Тіпті, олардан мереке туралы не білетіндерін де сұрап көрдік. Бәрі де Наурыз мерекесінің халқымыздың Жаңа жылы екендігін сезініп үлгерген. Мұның өзі елдігіміздің ертеңінің жарқын болатынын білдіретін жақсы бастама екендігі анық.

◈ *Наурыз бата*

Ұлыс оң болсын

Уа, тілеймін елге ақ ниет,
Тілегімді Алла қабыл ет.
Уайым-қайғы болмасын
Елімнің көңілін жарық ет.
Жаңа жылда жарылқап
Қысласын елді нарық кеп.
Бар әлемге танылдық
Бейбітшілүлт қазақ деп.
Алла, енді оң жолыңа баста,
Бәледен сақта, жаладан сақта.
Қауіптен сақта, қатерден сақта,
Күлік кіріп, күйреңге шыққаннан сақта.
Дос болып, қас болғаннан сақта,
Жерімді бөліп сатқаннан сақта.
Елімнің Алла, тәуелсіздігін сақта,
Бодандық пен бұғауға берме,
Көтерген көкке көк туын сақта.

Әумин!

Өмірсерік ҚАЛИҰЛЫ,
«Парасат» орденінің иегері,
ҚР еңбек сіңірген әртісі.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

● Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ● № 39 (17308) Бейсенбі, 25 наурыз, 2010 жыл. ● e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді

Жетісу жерінде

Жаркенттегі жаңа көрме

Халық суретшісі Әбілхан Кастеев атындағы көркемсурет галереясында Талдықорған қаласының Елтас Жансүгіров атындағы мемлекеттік университетінің суретші ұстаздары мен студенттерінің «Жетісу жастығы» атты көрмесі ашылды.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ, "Жетісу"

Көрменің ашылу салтанатында университеттің бейнелеу өнері және дизайн кафедрасының меңгерушісі Жақсы Бәрібаевтың басшылық бөлімдері өнер туындыларын ұсынды.

Салтанатты шараны Ә. Кастеев көркемсурет галереясының директоры Дәулеткелді Әділов кіріспе сөз сөйлеп ашып, қонақтарды жаңалықпен таныстырып, көрмеге қойылған өнер туындылары туралы ақпарат берді. Одан кейін көрермен ықыласпен сөз арнаған ұстаз жігіт Ермек Келемсейіт облыс орталығымен қалаға қонақтарға мастер-класстар беріп тұрып, қазір көркемсурет өнерінің негізін қалаған Әбілхан атамыздың кіндік қаны тамған Жаркент өңірінің әлемдік деңгейдегі суреттілігін ерекше іздестіріп, табиғат көрінісін тау етегін кәсіпті мейлі ежелгі мәнерлі мектебімізше дәріптейді.

Бұдан кейін сөз алған университеттің ға оқытушысы Жұмабек Камбаров көрермендерді өнер туындыларын ғаламдық ойлауға шақырды.

ЖАРКЕНТ ҚАЛАСЫ.

Қазақстан -2030

ресми хабарлар

Бюджетте 30 млрд. теңге қарастырылды

Бизнестің «Жол картасы – 2020» бағдарламасын жүзеге асыру үшін бюджетте 30 млрд. теңге қарастырылып отыр. Бұл туралы Алматы қаласы әкімдігінің кеңесте ҚР премьер-министрі Кәрім Мәсімов хабарлады. «Біз аталмыш бағдарламаны дайындауды аяқтап келеміз. Мәжіліс пен Сенат қазір қуаттады. 2010 жылға арналған нақтыланған бюджет мемлекет басшысына қол қоюға жіберілді. Үстіміздегі жылдың 1 сәуірінде дейін талмыш бюджет күшіне енеді деп ойлаймын», – деді К. Мәсімов.

Премьер-Министрдің айтуына қарағанда, осы 30 млрд теңге алдағы 1 сәуірден бастап қажетке асырылуы тиіс. Оны бағдарламаға сайкес өз орнымен пайдалану басты міндет болып табылады.

К. Мәсімов Алматы қаласының әкімі Ахметжан Есімов пен ҚР экономикалық даму және сауда министрі Жанар Айтжановаға Алматыда кәсіпкерлермен екі мәселе бойынша кездесу өткізуге тапсырма берді. Оның бірішісі кедендік одақтың жайы. Қазіргі таңда осы реттегі түсіндіру жұмыстарының аздығына байланысты бұл мәселеге қатысты түрлі пікірлер айтылуда. Сол себепті де барлық кәсіпкерлерді жинап, жүйелі әңгіме қозғау қажет. Әсіресе, кәсіпорындарға бұл одақтың не беретіндігі, қандай артықшылыққа қол жеткізетіндігі бірінші кезекте әңгімеленуі керек.

Екінші мәселе «Бизнестің Жол картасы» бағдарламасы. Бұл елдің индустриялдық дамуы шеңберінде жүзеге асырылады. Демек, әбден негізделген сауда саясатын жүзеге асыру керек. Таяу арада барлық мүмкіндіктерді саралай отырып, қандай сауда саясатын ұстанатындығымызды айғақтап алуымыз қажет. Премьердің бұл тапсырмасы бүгінгі күннің өткір талабынан туындап отыр.

ЫРЫС ПЕН ЫНТЫМАҚ ҰЙТҚЫСЫ

Наурыз біздің тойланды



Райымбек ауданы. Кеген ауылындағы орталық алаңға ел мен жұрт молынан жиналды. Бір-бірімен кезде түйістіре амандасып, ақжарқын тілектерін арнаған жандарымен жүздері сондайтын шуақты.

Батыр баба ескерткішінің алдына жиналған көпшілікке аудан әкімі **Ани Айтжанов** мейрам лебізін арнады. Бұдан соң ауданның ардагерлер мен ақсақалдар кеңесінің төрағасы Совет Оразаев, Ә. Жанабаев атындағы орта мектептің 11-сынып оқушысы Айдын Күнсейтай, ауылдық жастар ұйымының мүшесі Жұлдыз Мұхамбеккызы, №2 Кеген орта мектебінің мұғалімі Әсем Құрманбаева сөз алып, ел мен жұртты Наурыз мерекесімен құттықтады. Ақ тілектер ауданның өнерпаздарының әсем әндерінде ұласып жатты.

Бұнда ауданның ауылдағы барлық мекеме-ұйымдар, бөлімдер мен басқармалар Наурыз мерекесіне орай осындағы үш орта мектеп пен «Сарытау» тойханасында барша халыққа ақ дастарқандарын жайып, наурыз көжелерін ұсынды.

Мереке Наурыз нақыштарымен көмкеріліп. Әжелер ансамблі өнерін, ақ тілектерін паш етті. Өнерді шәкірттер елге қуанышын еселеді. Ақ батадар арналып жатты. Бәрі сондайлық жарасымды болды.

Панфилов ауданы. Жаркент қаласындағы орталық алаңға ақпанқан өрнектермен көмкерілген киіз үйлер тігілді, екінші жағына аудандағы ұлттық этномәдениет орталықтары өздерінің дәстүр-салттарын дәріптейтін жайларын жасап, ұлттық тағамдары мен қолөнер бұйымдарының көрмелерін қойды.

Алаңдағы мерекелік жиынды аудан әкімі **Ермек Келемсейіт** сөз сөйлеп ашып, мерекеге жиналған халықты әз Наурыз қуанышымен құттықтады. Сонымен қатар, осы мерекелеп кейін кап-кабат бастау алатын көктемгі науқандық жұмыстарға табыс тіледі.

Жиын ауданы өнерпаздарының театрландырылған мерекелік концертіне ұласты. Күннің салқындығын елемеген көрермендер сахна маңынан кетпей әсем ән, көркем би, тәтті күйді, жарасымды эпп-оспақтарды қызықтады. Мереке жиналған қауым концерттен кейін киіз үйлерде әзірленген мол дастарқанның дам татып, алаңда Жаркент қаласындағы біздің оңақтарының ұжымдары дайындаған қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлерін бейнелейтін көрністерді де қызыға тамашалады.

Осы күні түстен кейін Бірлік ауылдық округінде ат байгесі өткізілді. Ұлттық ат спортына құмар қауым аламан, күпан, ұшқыр байге түрлерін қызықтап, бой сергітіпарды.

Қарасай ауданы. Наурыз мерекесіне орай алуа дәстүрлі айдын ала жасалды. Әкімдік алдындағы әмбебап алаң көктем келбетіне дайықтап безендірілін, келуші қауымға қуаныш пен жылылық сыйлап тұрғандай әсерге бөледі.

Мерейлі мерекенің шымылдығын ашқан аудан әкімі **Әлжат Тұрлашов** аудан халқын көктемнің керемет мерекесімен құттықтап, барша ға құт-береке, бақыт тіледі.

Ұлыстың ұлы күніне жиналғандарға тарихи құндылықтары мен рухани мұраларын жайып салған аудан мәдени орталықтарының арнайы тігілген шатырларын аралап көрген аудан әкімі мерекеге мол дастарқан жайып, ақ тілекпен қарсы алған бауырластарына ризашылығын білдірді.

Көк аспанның астын жүгіді әже болеген халық. Наурыздың рухани нәр алып, адамдарды диние, дүниеге бөлмейтін жалпыхалықтық мерекені ауданның барлық ауылдық округтерінде атап өтті.

Алакөл ауданы. Наурыз мейрамын Алакөл ауданының жұртшылығы жылдамдай көтеріңкі көңіл-күймен атап өтті. Күн бұлыңғыр, қарлы жаңбыр жауып, ауа райының желкем болу көпшілікті мерекелік көңіл-күйін бұза алмады. Қала халқы тегіс Қонаев атындағы алаңға жиналды. 32 ұлым шатыр тігіп, мерекелік дастарқан жайды. Мерекеге жиналғандар әдеттегідей наурыз көжені тоя ішіп, бауырлары мен немерелеріне тәтті сыйлап, мәре-сәре.

Наурыз тойына жиналғандарды аудан әкімі мен ақсақалдар алқасының төрағасы **Ә. Аханов** құттықтап, халыққа жақсылық тіледі.

Бұнда бай дастарқан жайып, Наурыздың сәнін кіргізген еңбек ұжымдарына жалпы көлемі 150 мың теңгенің арнайы жүлдесі берілді.

Халықтық мерекеге кешке дейін сауынды. Ауданның мәдениет бөлімінің әртістері мен аудандық, облыстық сайыстардың жеңімпаздары, балалардың шығармашылық орталығы мен ауылдық орталықтардағы көркемөнерпаздардың таланттары кезек-кезек өз өнерлерін ортаға салды. Аудан спортшылары да кірдің тасын көтеру, қол күреспру, арқан тартысу секілді саймсқа бедсене қатысып, жиналғандардың көңеметіне бөленді.

Жамбыл ауданы. Өз мерекенің ажары сол күні көктен күлімдей қараған шуақтылығы күндей шуақ шашты. Батырлар мен ақындар елінің жұртшылығын арнайы құттықтаған Жамбыл ауданының әкімі **Мәхаббат Бигелдиевтің** мазмұнды сөзі де жүректерге жылы ұялады.

Рәсім бойынша елеулі азаматтар арналанды. Бұл мерекеде «Жамбыл ауданының құрметті азаматы» деген атақ лентасы мен төсбелгісі ұзақ жылдар озаттар қатарынан танылып, мал шаруашылығында мерейлі белестерден көрінген байырғы зоотехник, бүгінгі кәсіпкер Дүйсебек Малдыбаев пен кезінде аудан орталығындағы еңселі шаруашылықта сүт бұзағын сөлдетіпен ұзақ сауыншы, ардақты ана Нұрымхан Амангелдиевага ұсынылды.

Аудандық мәдениет бөлімінің өнерпаздары әзірлеген сахналық қойылым көрністері Наурыз мейрамының мәнмағынасын тағы бір тиянақтай түсіп, ұйғыр, түрік, орыс ұлттық мәдени орталықтары ұйымдастырған салт-дәстүр айшықтары думанды думанға ұластырды.

Шытымақтаса тігілген әрбір киіз үйлер мен шатырлардың төрінен халық ақындары мен өнерпаздары ән шашып, күй төгіп, ақ батасын берді.

Наурыз көженің дәмін татты, қайта түлеген «Құлансат» фольклорлық әні ансамблінің өнерін тамашалады. Мейрам алаңында сауда қызып, спорттық жарыстар өткізілді. Аудандық өнер мектебі мен «Жасұлын» оқушылар үйінің жеткіншек шәкірттері әзірлеген мерекелік концерт тізбегі әсерлі шықты.

Талғар ауданы. Жер дүниені жасарта, жаңғырта келген Ұлыстың ұлы күніне талғарлықтар да айрықша көтеріңкі көңіл-күймен атап өтті. Күн арқан бойы көтеріле қала ортасындағы жиналған жұртшылықты әсем безендірілген ақшақам үйлер мен күмбірлеген күй, асықтата шырқалған ән сапы қарсы алды.

Аудан аумағында сан түрлі ұлт өкілдері тұрады. Осынау бауырлас ұлттардың өкілдері Наурыз мейрамына деген құрметтерін әйгілегендей өздерінің салт-дәстүрлерінен хабар беретін көрмелерін дайындап, келушілерді таңғі етті.

Жер әлемге жарасымын ала келетін мерекемен жұртшылықты құттықтаған аудан әкімі **Талғат Өміралиев** жылы лебіздерін айта келіп, бір топ ақ жаулықты анаға «Алтын алқа» мен «Күміс алқа» белгілерін тағыс етті.

Бұл күні наурызмейдің тағ ішсе жыл бойы тоқшылық болады дегеп ырым бар. Сол ырым бойынша талғарлықтар наурызмейдің тоғ ішіп, бір-бірлерін әт Наурыз мерекесімен құттықтап, жақсы тілектерін айтып жатты.

Еңбекшіқазақ ауданы. Мерекеге байшешекке түрленген «Ұлыбай» би ансамблінің «Көктемнің ұяуы» биімен орындаумен басталды. Сахна төріндегі қыпалақ қауызынан барыс күшті жарын шығып. Барыс жылы келгенін көрсетіп, ескі жылдың жамандықтарын ақылман әдіспі, айбарлы күшімен жашып жоқ етті. Наурыз шеруі салтанатымен төрге көтерілген Қазақ биі, шапқыпы ерек тілді шешен биші – Әйтеке би, Қатыбек би, Тәле би ақ тілек айтып, бата берді.

Мінберге аудан әкімі **Әлихан Төббаев** шығып, аудан жұртшылығын Ұлыстың ұлы күнімен құттықтады.

– Денсаулық сақтау саласы қызметкерлері атынан орталық аурухана бірлестігінің директоры Түлеңір Құрметова құттықтау сөз сөйлеп, ауыл ақсақалы, ауданның Құрметті азаматы Сапархан Дәулетқыров қария баршаға арнап бата берді.

Той-думан ұлттық салт-дәстүрлер көрсетуге ұласып, «Аласту», «Жарапатан», «Ертегілер елінде», «Қыз-жігіттер айтысы», «Ұмай-ана» эпизодтары көрсетілді. Мереке соңы ауданның Мәдениет үйі, этномәдени орталықтары мен мектеп көркемөнерпаздарының ұлттар достығын паш еткен эпп-сықақты кең байтарлы концертімен жалғасты. Балалар ойындары ұйымдастырылып, алтыбақанда ән шырқалды. Шымырлық байқау өткізілін, шығалған шеберлер анықталды. Онпан астам алты қанатты ақ шанқан үйлер тігілін, әамханалар мен сауда орындары берекелі дастарқан, ақ молдығымен жасалды.

Осы іспетті, Шелек аймағында да мейрам ойдағыдай атадың, салтанатқа аудан әкімінің бірінші орынбасары Ташполат Жамалов, ауданның мәдениет қатысып, құттықтады.

◈БОКС

Толағай жетістікке жол салған тағы бір жаңымды бастама облыс орталығындағы Өркен спорт кешенінде басталу алды. Облыстық әкімдік және облыстық бокс федерациясының ұйымдастыруымен Куба, Әзірбайжан және еліміздің бокс командалары бір апталық дайындық жиынын өткізді. Оның бергі де кей болды. Бокс сайысында өзіндік салмақтары бар Куба, Әзірбайжан боксшыларының шеңберінде алдын тәжірибе алмасқан отандастарымыз шеберліктерін шыңдаса, қонақтар қазақ ұлдарының қайсарлығы мен өнеріне тәнті болды.

Үш елдің боксшылары

қолған түйістірді



Қажет АНДАС, "Жетісу"

Міне, осы, бір апталық дайындық жиынының нәтижесі ретінде 23 наурыз күні Куба, Әзірбайжан, Қазақстан және Алматы облысының құрама командалары арасында «Жетісу» корпорациясы кубогін сарапқа салатын халықаралық турнир басталды. Оның мақсаты сауір айының аяғында Бақу қаласында өтетін жастар арасындағы әлем чемпионатына еліміздің бас командасының құрамын іріктеу. Шараның ашылу салтанатында облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқанов, облыстық бокс федерациясының президенті Бауыржан Осланов қатысушыларға сәттілік тілеп, жақсы ойын өрнегін көрсетуге шақырды.

Бәсекенің бір ерекшелігі, мұнда командалық есеп бойынша жеңімпаздар анықталады. Сондықтан әр боксшының жетістігі өз командасын алға жетелейді деген сөз. Десе де, Бостандық аралының боксшылары арасында әлем чемпиондары, Әзірбайжан боксшыларының арасында Еуропа чемпиондарының болғаны бәсекені барынша қыздырды. Жарысты бірінші болып бастаған 41 келі салмақтағы Қазақстан құрама командасының мүшесі Әнуар Мұзапаров, Әзірбайжан боксшысы Нұрлан Гасымды ұтса, 51 келі салмақта Нұрлан Абжанов әзірбайжандық Шабан Шахгеляновты тізе бүктірді. алғашқы нәтижені қорытындылауға салды.

Жалпы бокс қазақ ұлдарына жат емес. Өйткені, әлемдік додалардағы жетістіктерімізді назарға алсақ, қуанарлық нәтижелеріміз жетерлік. Ал, соңғы жылдары спорттың осы түрі облысымызда кең өріс алып, жоғары көрсеткіштер жүрт назарын аудара бастады. Мұны көпшілік облыстық бокс федерациясының басына Бауыржан Ослановтың келуімен байланыстырады. Әрине, тынымсыз еңбектің тыңғылықты нәтижеге беретіні анық.

Додалы бәсеке үш күнге жалғасып, соңғы нүктесі бүгін қойылады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!

Ақпараттық қолдау орталығының 27-00-99, 27-04-18, 27-14-81, 27-18-30, 27-16-28 телефондары арқылы өздеріңізді мазалаған барлық мәселелер жөпінде толық ақпарат алуға болады.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЕСЕПШОТЫ

Алматы облысы, Ақсу ауданындағы су тасқынынан зардап шеккендерге материалдық қайырымдылық көмек көрсету мақсатында «Қазақстан Халық Банкінің» 319900 Талдықорған аймақтық филиалында есепшот ашылды.

Банк есепшоты:
ИИК 002700125 KZT
Банктік БИК 19410160 1
РНН 530200007643
Кбе 18

Төлемнің мақсаты: Алматы облысы, Қызылағаш ауылында зардап шеккендерге қайырымдылық көмек.

Банктің мекенжайы: Талдықорған қаласы, Жансүгіров көшесі, 22/1.

Байланыс тел: 30-57-06,
факс: 30-57-08.
«Жансүгіров» қоғамдық қоры.

САЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҚОЛДАУЫ

Қызылағаштағы апатты есті салып көмек қолын созғандардың қатарында салық қызметкерлері де болды. Облысымыздың барлық салық органдары табиғат апатынан зардап шеккендерге арнап 1,8 миллион теңге жинады. Мұның 326 мың теңгесін салық департаментінің облыстық аппараты қосты.

Тасқынпан зардап шеккендерге қажет заттарды жинау жұмысы да жедел ұйымдастырылды. Одан ешкім шет қалған жоқ. Жиналған заттар, оның көпшілігін жаңа киім-кешектер құрайды, республикалық Қызыл жарты ай қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалына талсырылды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

◈ҚЫЗЫЛАҒАШТАН АҚПАРАТ

ҚҰРЫЛЫСҚА ҚОЙЫЛАР ТАЛАП КҮШТІ

Бүкіл ел болып көмек қолын созып отырған Қызылағашта су тасқынынан соңғы үйінділер тазаланып, құрылыс алаңдарына айналуда. Адамдар да туған ауылдарына біртіндеп оралуда. Зардап шеккендердің ішіндегі еңбекке қабілеттілері мектеп үйі мен шатырларға орналасып, өздерінің жаңа баспаналарын салуға кіріскен құрылыс ұйымдарына жұмысқа тұрып, қираған үйлердің орнын тазалауға, жаңа тұрғын жайға арналған іргетастардың орнын дайындап, құюға әзірлеуде. Қызылағаш өзеніндегі су алып кеткен үлкен көпірдің жанынан салынған айналма өткелдің іске қосылғанына да бірнеше күн болды. Еліміздің шығыс өңірімен, облыстың Сарқан, Алакөл аудандарымен екі арадағы автокөлік қатынасы қайта жанданды. Ауылдың көшелері мен су қорғау аймағынан көшірілетін үйлер тұрғызылатын алқапқа, шатырлы қалашыққа электр бағандары орнатылып, сым тартылуда. Мұндағы мақсат – құрылыс жұмыстарының қарқынын жоғалтып алмай, түнгі ауысымдағылардың да еңбек етуіне жағдай жасау. Күні кеше Қызылағаштағы жедел штаб орналасқан шатырда облыс әкімінің бірінші орынбасары Амандық БАТАЛОВТЫҢ төрағалық етуімен, құрылыс мердігерлерінің қатысуымен өндірістік кеңес және су тасқыны зардаптарын жою және тірлікті қалпына келтіру жөніндегі жедел штабтың отырысы өтті. Оған облыс әкімінің орынбасарлары мен ауылдағы жағдайды қамтамасыз етуге тиісті қызмет салаларының басшылары, құрылыс жұмысын жүргізуші мердігерлер, қоғамдық кеңес мүшелері және тағы басқа да мүдделі адамдар қатысты.

Болат АБАҒАН, "Жетісу"

Басқосуды ашқан Амандық Ғаббасұлы жаңа ғана ауылды аралап келгендерін, бірнеше жерлердегі қираған үйлердің орындарын тазалау және құрылыс алаңдарын дайындау жұмыстарының дұрыс жүрмей жатқанын айта келе, құрылыс алаңдарын әзірлеп қана қоймай, бірнеше үйдің іргетасын дайындап үлгергендердің ынталы ісіне күптауын білдірді.

– *Қызылағаштағы құрылыс жұмыстары жанданып келеді. Дегенмен, бірқатар құрылыс ұйымдарының өздеріне бөлініп берілген жерлердегі жұмысы көңілден шықпай тұр. Мәселен, «Аико», «Жөндеукұрылыс», «Сарша», «АЭСДИ», «Талдықорған табыс», «Шымыр» ЖШС-терінің учаскотарындағы қимыл тым сылбыр. Мұндайларға айтарым, құрылыс жұмыстарына қатысуға тілек білдіріп отырған мердігерлер көп. Сондықтан біздер қойып отырған талап деңгейінен шыға алмайтындармен сөз қысқа болады. Берілген үйлерді қайтадан алып, басқаларға бере саламыз. Өздеріңіз білесіздер, Елбасы Қызылағашты қайта тұрғызуға байланысты алдын ала дайындық жұмыстарының барлығын наурыздың соңына дейін аяқтап, құрылысқа дұрыстап кірісу керек деп тапсырма берді. Осыған орай, үйлердің іргетастарын құйып, сөуірдің алғашқы күндері қабырғаларын көтере бастауымыз қажет. Бетон араластыратын торап дайын болды, енді жұмыста ірікіс болмауға тиісті.*

Сонымен бірге бірінші кезекте өз облысымызда, оның ішінде Қызылағашқа жақын маңдағы Талдықорған аймағында шығарылатын құрылыс материалдарын пайдалануға назар аударылатын болсын. Кірпіштің Алматының маңындағы аудандардан, Жаркенттен тасымалдасақ, ол мұнда жеткенше қымбаттап кетеді. Сондықтан, Қапшағай, Текелі қалалары, Алакөл, Көксу, Қаратал, Сарқан, Кербұлақ аудандарындағы құрылыс материалдарын өндіретін орындармен қарым-қатынас орнатылсын. Алдын ала есептеулер бойынша, құрылысқа қажетті басқа материалдарды айтпағанда, 15 млн. данадан астам кірпіш керек, – деген облыс әкімінің бірінші орынбасары алдағы атқарылар жұмыстарға қатысты қазіргі есептеулердің әрқайсысын Астанадағы тиісті орындар алдында қорғау үшін, әр нәрсеге мұқият болуды ескертті.

(Жалғасы 2-бетте).





Жаңа көпірден жүк көліктері де өтіп бастады.

◈ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ

Алматы облысы балалардың құқықтарын қорғау департаментінің ұйымдастыруымен Ескелді ауданы, Алдабергенов атындағы орта мектепте «Өзін-өзі тану» пәнін оқытудың ерекшеліктері» атты семинар өтті. Оған облыстық білім басқармасы мен аудандық білім бөлімінің осы салаға жауапты мамандары және аудан мектептерінің психологтары мен бастауыш сынып мұғалімдері қатысып, мұғалімнің шеберлігі мен білікті іс-әрекеттің жетілдірудің жолдарын талқылады.

«Уроки Доброты» фильмінен үзінді көрсетуден басталған шараны өткізген департамент директорының орынбасары Самат Долаев жүргізіп, семинарға қатысушыларға оның мақсаты мен мәнін түсіндіріп өтті.

ЖҮРЕКПЕН БЕРІЛЕТІН БІЛІМ

Самат АНДАС,
"Жетісу"

Оның айтуынша, «Өзін-өзі тану» пәні облысымызда 2002 жылдан бері қолға алына бастады. Қазіргі таңда Талдықорған қаласы мен Қарасай ауданында 6 тәжірибе алаңы жұмыс жасап келеді. Мұнан өзге, өңіріміздегі барлық мектепте өткізілген пән бойынша мұғалімдерді даярлау жұмысы жүйелі ұйымдастырылып отыр. Сондықтан өңіріміздегі балабақшадан бастап, жоғары оқу орындарына дейінгі білім беру ұйымдарын «Өзін-өзі тану» пәнін арнайы пән ретінде оқытуға дайын.

Осыдан кейін сөз алған облыстық білім басқармасының бас маманы Гүлнар Әшкенова аталған басқарма тарапынан жүргізілін жатқан дайындық жұмыстарын айтып өтсе, Ескелді аудандық білім бөлімі әлеуметтік кабинетінің меңгерушісі Галина Жубанова аудан мектептерінің жағдайымен таныстырды. Оның сөзіне сүйенсек, бүгіндері ауданда 30 мектеп бар. Оның ішіндегі 20-сы орта, 5-уі негізгі, ал қалғаны бастауыш мектеп саналады. Қазір 8 мұғалім «Бөбек» орталығы мен Алматы қаласындағы мамандар кәсібін дамыту институтында «Өзін-өзі тану» пәні бойынша арнайы даярлықтан өтсе, аудандық білім бөлімі Талдықорған қаласындағы тәжірибе алаңдарымен тығыз жұмыс жасап, аталған пән бойынша алғашқы адымда сабақ жүргізетін мұғалімдерді дайындап үлгерген. Сондай-ақ, оқу кабинеттерін шағу мен оны жабдықтау жұмыстары да жоспарланып отыр. Ягни, аудан мектептері «Өзін-өзі тану» пәні бойынша сабақ беруге дайын деуге болады.

«Өзін-өзі тану» пәнінің бір ерекшелігі – оқушыларға бала кезден, бағасыз анықтап жатпайды. Оның негізгі, бала бойындағы адамгершілік қасиетті ашып, бейімділігін арттыру. Ішкі сезімін жеткізіп, Табиғат, Отан, ата-анаға деген сүйіспеншілігін ояту. Бұл жайында Алматы облысының балаларының құқықтарын қорғау департаменті адамчыл адамгершілік-рухани дамуы бөлімінің бастығы Айнагүл Үшкемпирова жан-жақты түсіндіріп, сабақ берудің тәртібін кезең-кезеңмен таныстырып өтті. Осыдан кейін қатысушылар екі топқа бөлініп, Жетісу мемлекеттік университетінің оқытушысы, «Мейірімділік (бастауы» шығармашылық бірлестігінің төрайымы, педагогика ғылымдарының кандидаты Асыл Құрманбаева мен Талдықорған қаласындағы №14 мектеп-гимназиясының тарих және құқық негіздері пәнінің мұғалімі Мивуар Баймолданованың «Өзін-өзі тану» пәні бойынша жүргізген кіріспе сабағын тыңдады. Сабақтан кейін көпшілік алған әсерлерімен бөлісіп, «Өзін-өзі тану» пәнінің жүректен-жүрекке берілетін шынайы білім екеніне көз жеткізді.

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ.

◈ЖЫР-ҒҰМЫР

Қазақ поэзиясының ХАНТӘҢІРІ

Талғар қаласындағы іргелі оқу орындарының бірі – 70 жылдық тарихы бар Талғар медициналық колледжінің еліміздің білікті кәсіпқой кәнігі маманын даярлауға қосып келе жатқан үлесі орасан зор десек, асыра айтқандық емес.

Үлбосын ИСАБЕК,
"Жетісу"

Білім шаңырағында сан-қилы мамандыққа баулып, уақыт үрдісіне лайық, білім берумен қатар, жастарды имандылыққа үйытып, патриот болуға тәрбиелеуде, сондай-ақ рухани нәр алып, өнер айдынында өз мүмкіндіктерін, қабілет-қарымын танытуға да айрықша мән берілін келеді. Отан колледж директоры, Денсаулық сақтау ісінің үздігі Женіс Өшірұлы бастаған ұжым мүшелерінің үлкен қолдау көрсетіп, түрлі тақырыптарда танымдық дүниелердің ұйымдастырылып, жоғары деңгейде өткізілуіне ықпалдастағытып, ден қоюы оң ықпалын тигізуде. Жуырда колледжде өткізілген «Қазақ поэзиясының Хантәңірі» атты жыр кеші осы ойымыздың жарқын бір көрінісіне айналды.

Келер жылы туғанына 80 жыл толатын ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың ақындық өнері мен өмірін арқау еткен жыр кешіне республикалық әдеби-мәдени, танымдық «Мұқағали» журналының бас редакторы Батық Мәжитұлы, облыстық «Жетісу» газетінің бас редакторы Жақыпжан Нұрғожаев, Талғар ауданының Құрметті азаматы, белгілі ақын Мұса Жанәділов сынды құрметті қонақтар қатысты. Сондай-ақ колледж ұстаздары мен жырсүйер студент-жастар, мұзбалақ ақын Мұқағали жырларының рухани нәр алды. Шығармашылығымен жете танысты. Аталған тақырыпқа орай М.Мақатаев шығармалары мен баспасөз беттеріндегі жарияламдардан, естелік-күнделіктерінен құралған кітап көрмесінің ұйымдастырылуы, «Мұқағали» журналының таратылуы жастардың танымдық өлемін кеңейтуге игі әсерін тигізді. Колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қуат Құрманғалиұлының жетекшілігімен құрылған «Мейірім сазы» ансамблінің орындауындағы «Көшкеруен» күйінің әсем әуені мен ағылған жыр кеші студенттердің ақын өмірі жайындағы



түйіндары терең сырлар мен Мұқағали өмірін сомдаған көріністерге ұласты. Колледж студенттері, жүргізушілер Роман Рысқелді мен Ақбота Жақсылбектің сөз салтау мәнерлері кештің мазмұнын аша түскені ақиқат. Ақынның «Менің анкетам» өлеңін мәнерлеп келтіре оқып, биік бейнесін сомдаған 2-курс студенті Нұрсұлтан Әлкеевтің өнері кештің көңілінен шыққа. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасынан сахналық көрініс жасап, ондағы шал бейнесін жасаған Алмас Тоқтаров пен ана рөліндегі Ақбөпе Алиеваның образды ашу қабілеттері жоғары бағаланып, шынайылығымен сүйсінтті.

Мәрмар жыр жолдарының әрбірінен құлазыған көңілге медеу табатын ақиық ақынның Отан, туған жер, махаббат пен адами тақырыптардағы сырға толы өлеңдерін жатқа оқып, тыңдарман жүрегін тебіренткен Лашын Омарханова, Әйгерім Шаймерден, Айнагүл Ыдырысова, Фазиза Дінмұхановалар өлең десе ішкен асын жерге қоятындықтарын байқатты. Сондай-ақ, жыр кешінің тағы бір мәнін арттырып, сәнін кіргізген Айназ Жұманиязованың «Ақку» бі мен ақын өлеңіне жазылған «Есіңе мені алғайсың», «Шалқоде», «Қарасаздың шыбығын жел тербеген» атты әндерді нақышына келтіре орындаған Қаршыға Әсем Қабаева, Назерке Әлібекқызының орындау шеберліктері колледж студенттерінің өнерден құралақан еместіктерін дәлелдей түсті. Сонымен бірге «өлі демейтін қазақ жоқ» демекші, ақын өлеңдерінен нәр алып, әдебиет айдынынан сусындаған жастар арасында өлең жазып, ақындық ауылға ат жалдыретіндер де жоқ еместігін байқатты. Студенттердің осындай биіктен көрінуіне қазақ тілі пәнінің оқытушысы Сақыпжамал Жақыпқанқызының еңбегі зор.

Қазақ поэзиясының шоқтығы биік жарық жұлдызы, Хантәңірінің қыраны, мұзбалақ ақын Мұқағали Мақатаев өмірі мен өлеңін арқау еткен әдеби-сазды кештің қорытындысында қонақтар сөз алып, өленді, өнерді жанына серік еткен, рухани азық өткен студенттердің талаптары мен талпыныстарына аса риза-шылықтарын білдірді.

ТАЛҒАР ҚАЛАСЫ.

◈АЛҒЫС

ЖАН ЖАРАСЫН ЕМДЕДІ

Кез бір-ақ ауыл табиғатын кигізе мінезінің кырын ілігіп, қанағыз қалпын Ауыл-аймақ түгелдей сүйе танымымен оқырман ықыласын алдан дүние-мүлкімізбен ықырмалық. Дүние-мүлкіңді былай қойғанда денсаулығымызға да үлкен қауіп төнді. Түні бойы бөлінген ыскен су ыскандағы сыртқарғып, қан қысымымызды көтеріп, құрлаңға түстік. Сол кезде облыстық ауруханаңың дәрігерлері күн-түн демей көмектесіп табылып, қатарға қосылуымызға бар күштерін салды. Арамызғы Қайнекі Жұмағұлова ішкен жағдайы өте ауыр еді. Сексен жастан асқан кейуана өзінше кіна ділмай қатты қиналды. Тәтті есінен адаса жазады. Осы кезде жан сақтау бөлімінің меңгерушісі Сәбира Сембинова бар білім-білігін қызметтің жанын жандан арашалап қалуға жұмсады. Ал Отырарым Орынқбай дәмінде ауруының зем жағдей қиналды. Отбасынан түнеп айырылған Нұржан Тұрдақынның жан жағы мен жерін ыскен емлеу дәрігерлердің жігер-күшін қажет ететін жағдай еді. Міне, осы кезде Сәбира Замашбекқызы басшылық жасаған жан сақтау бөлімінің дәрігерлері Данара Мезгебаева мен Ержан Хасеннің сөбегі ерекше болды. Жан күйзелісіне ұшыраған жандарды жылы сөздерімен өмірге қайта оралтқан ақ желеңді абзал жандарға айтар алғысымыз шексіз. Бұлар жанын дәріптеген. Озар уақытінен сақтасай, бірнеше күн көз іліместен бөдіп қасымызда жүрді. Барлығымызды отбасымызға қайта оралтты. Қызылағаштық, өзгесұлық емделушілер Сәбира Сембиновна рақметымызды білдіреміз. Озырға сәт жасаған жасасынықтарың алдымызда шынын, өмірлерің ұзақ болсын деген ақ тілектерімізді айтасымыз келеді.

Меңлихан АСАНОВ,
Еңбекші ауылының тұрғыны.

◈АЙЛЫҚ АЯСЫНДА

Үлкенағаш ауылдық округінде «Біз туберкулезге салдаятты өмір салтымен қарсы тұрамыз» деген тақырыпта мамандар бас қосқан «дөңгелек үстел» өткізілді. Кешіккен ауылдық амбулаториясының бас мейірбикесі Алмажан Қалиева ұйытқы болып, осы елді мекендегі орта мектептің жаңа жайында өткізілген бұл шараға оқушылар мен мұғалімдер, ауыл тұрғындары қатысты.

ТАРТЫМДЫ ШАРА

Мырзағали НҰРСЕЙІТ,
"Жетісу"

Шара барысында мамандар мен аудитория арасында сұрақ-жауап арқылы кызу бәсекелес орнады. Сонымен қатар, оқушылар көрермендер назарына этникен ауру туралы жаңа-жаңалықтарды мағлұмат беретін көрністер ұсынды. Ол көрністерді ауылдың Мәдениет үйінің директоры Жанай Сүлейменов оңаймен әсерлі ойнай білді.

Осы көрністен кейін ортаға шыққан ауданның туберкулез ауруханасының дәрігері Бақыт Иманқұлова тарихи, ғылыми деректемелер келтіре отырып, ауданда қарт ауруына қарсы атқарылып жатқан іс-шараларға да кеңінен тоқталып өтті. Сонымен қатар, ол оқушылардың қойған сауалдарына түсінікті, жатық тілмен жауап берді.

Басқосу барысында ауылдық амбулаториянын бас мейірбикесі Алмажан Бекмұқанқызы келушілерге маселеге қатысты сұрақтар беріп, дұрыс жауап бергендерге және кездесуге қатысып отырған белсенді мамандарға арнайы өзірленген сыйлықтарын тарту етті. Келесі кезекте сөз алған ауданның, мемлекеттік санитарлық-эпидемиялық болым бастығының орынбасары Светлана Аширова мен ауданның ауруханасын басшысы Гүлмира Оразбекованың тарапынан ауылда айқын пайдалы көптеген шараның мән-мазмұнын терендете түсті. Үлкенағаш ауылдық округінен елімізді, округтегі туберкулезге қарсы күрес жөнінде құрылған Үйлестіру кеңесінің төрағасы Мұхтархан Сарпиков Елбасымыздың биылғы Жолдауында айтылған бұқаралық спортты дамыту, ауыл тұрғындары арасында салдаятты өмір салтын терминді қалыптастыру бағытында атқарылған іс-шаралар жөнінде айта келіп, Үлкенағаш, Қызылағаш ауылдарында биыл көктемде стадион жасау үшін 2 гектардан арнайы жер бөлінгенін тілге тиек етті.

Кездесу соңында сәнчага көтерілген оқушылар «Біз туберкулезді жеңеміз!» – деп өсерлі бас қосуды тамамдады.

ПАНФИЛОВ АУДАНЫ.

◈БІЛІМ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ

Бүгінгі таңда информатика пәнін педагогикалық технологиялар негізінде оқыту аса маңызды. Осыған орай соңғы жылдарда қолға алынған оқытудың технологиялық құралдарын пайдалану, бағдарлы оқыту мәселесі де педагогикалық технологиялар теориясының қалыптасып, дамуына үлкен ықпал етті. Батыс Еуропалық білім берудегі реформаларға байланысты «оқу процесіне межеленген білім нәтижесіне жету» ідеясінен туған педагогикалық технология термині пайда болды.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге жасаған талдау көрсеткендей, қазіргі теорияда «педагогикалық технология» ұғымына қатысты қалыптасқан нақты көзқарас жоқ. Оны кейбір ғылымдар оқыту әдістерін қолдануды технологияландыру десе, енді бірі оқытуды техникалық құралдармен қамтамасыз етіп, компьютерлендіру, алгелесі бірі дидактикалық жобалар мен педагогикалық жүйені практикада қолданудың тиімділігін арттыру деп санайды. Осының бәрі бұл ұғымның көп қырлылығын сипаттай, яғни оны зерттеудің әдіснамалық бағыт-бағдарын негіздеуді қажет етеді.

Информатика пәнін педагогикалық технологиялар негізінде оқыту оқушылардың танымдық қызметін арттырады. Онда негізгі анықтамаларды, ережелерді, алгоритмдерді, оқушылардың меңгеру деңгейін байқау мақсатында тест, диктант түрінде кіріспе (бастапқы) бақылау жұмысы жүргізіледі. Бұл жұмыс нәтижесінде анықталған кемшіліктер түзетіледі. Танымдық қызметтің бағдарлық негізін толық қамтамасыз ету үшін оқушыларға міндетті және нормадан тыс жұмыс көлемі, бағалау критерийлері және үй тапсырмалары туралы мәлімет беріледі. Оларға материалдарды оқушылардың өз бетімен игеруіне бағыттальп, ықшам түрде өтіледі. Әр оқушы оқу материалдарын меңгергенін сайын пікірсайысқа қосылады, сыныптастарының сұрақтарына жауап береді, өз сұрақтарын қояды. Бұл жұмыс жұппен де, топпен де жүргізіледі. Аталған білімді бекіту кезеңі тапсырмалардың міндетті бөлігін меңгеруге, оқушыны өз бетімен және өзара тексеру түріндегі бақылау жұмысын жүргізуге бағытталады.

Алмаш ҚАЛИБЕКОВА,
Топар орта мектебінің мұғалімі.

БАЛҚАШ АУДАНЫ.

◈БӘРЕКЕЛДІ!

Бас жүлдегер атанды

Жақында Алматы қаласындағы оқушылар сарайында өткізілген республикалық «Ғұмырларын» балалар шығармашылығы байқауына Жаркент өңірінен де бір топ өнерпаз жеткіншек қатысқан болатын. Солардың арасында шебер орындаушылық қабілетімен жігерлі Жаркент өңірінің атағын нәтижелетіп, тамаша талантымен баршаны тамсандырып, байқаудың бас жүлдесін жеңіп алған Ә. Қастеев атындағы орта мектептің 7-сынып оқушысы Айгерім Гарифолланың мерейі үстем болды.



Мырзағали НҰРСЕЙІТ,
"Жетісу"

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы», – дейді ғой. Айгерімнің өнердегі ұстазы, осы мектептің әуен сабағының мұғалімі Мұқаш Ақбаевтың еңбегі ерен. Ол өзі де осы байқауда шәкірттерімен бірге үлкен жетістікке қол жеткізіп, олжалы оралды. Бұлай дейтіним, Мұқаш жетекшілік ететін оқушылардың «Дарига дастан» ұлт- аспаптар оркестрі де байқаудың бас жүлдесін иеленді. Ал, шәкірті Айгерім байқауда Дина Нұрпейсованың «Науаскы» және Кенжебек Күмісбековтің «Қосбасар» атты күйлерін домбырамен нақышына келтіре орындап, өнер жарысының «Ұлттық аспапта ойнау» номинациясы бойынша бас жүлдесін жеңіп алып, байқау дипломымен марапатталып, сыйлықтың түрлі-түсті телелидар алды. Қазақ көркемсурет өнерпаз атасы Әбілхан Қастеев атындағы орта мектептің өнер оқушысы Айгерім Гарифолла 3-сыныптан бері оқушылардың ұлт-аспаптар оркестрінің бедді мүшесі. Ол қазір оркестрде прима аспабында ойнайды. Республикалық байқауда талантты қыз домбыраны да шебер меңгергенін танытты. Талабың таудай болсын, Айгерім.

ПАНФИЛОВ АУДАНЫ.

◈БІЛІМ БЕРУ РЕФОРМАСЫ

БІРЛЕСКЕН КОНФЕРЕНЦИЯ

Талдықорған қаласындағы №9 орта мектеп қабырғасында «12 жылдық білім беруге көшуде информатика пәнін бейімді оқыту курсының ғылыми-әдістемелік негіздері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Оны білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық кадрлары біліктілігін арттыратын республикалық институт пен облыстық білім басқармасы бірлесе ұйымдастырды.

Алма ЕСЕНБАЕВА,
"Жетісу"

Шараны ашқан облыстық білім басқармасы бастығының орынбасары Сәуле Қабимолдаева республикалық конференцияның Талдықорған қаласында ұйымдастырылуына облыс мұғалімдерінің республикалық дәрежедегі ғана емес, халықаралық деңгейдегі ғылыми жобалар мен олимпиадаларда өз кәсіби біліктілігін көрсетіп, дәлелдей білуі себеп болып отырғандығын атап өтті.

Бұл конференцияны ұйымдастырудағы мақсат та осы информатика пәні бойынша өткен республикалық байқаудың бас жүлдегері Қаратал ауданындағы М.Горький атындағы орта мектептің директоры Болатбек Тәжібаевтың және республикалық «Алтын диск» байқауының бас жүлдесін иеленген Балқаш ауданындағы Қонаев атындағы орта мектептің информатика пән мұғалімі Айдарбек Смағұловтың іс-тәжірибелерімен ортақтасу болды.

Конференция жұмысына 12 жылдық білім беруге көшу жағдайында информатиканы оқытудың оқу бағдарламаларын жасақтаған авторлардың бірі, Абай атындағы Қазақтың Ұлттық педагогикалық университетінің информатика және қолданбалы математика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты Нұрәмал Ошанова, білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық кадрлары біліктілігін арттыратын республикалық институттың ақпараттық технология және қашықтан оқыту кабинетінің меңгерушісі Сәуле Мұхамбетжанова қатысып, информатика пәнін оқытудағы өзекті мәселелерге тоқталды.

Сонымен қатар Жамбыл облыстық БАЙ информатика кабинетінің меңгерушісі Қымбат Қасымбекова, Алматы облыстық мамандар кәсібін дамыту институтының информатика кабинеті әдіскері Фатима Қаражүшекова 12 жылдық білім беруге көшуде информатика пәнін бейімді оқытудың сапасын арттыру жолдары мен оқыту курсының рөлі жөнінде баяндамаларын оқыды.

Аталмыш шараның мәнісын арттыра түскен интернет-конференция барысында оған қатысушылар білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық кадрлары біліктілігін арттыратын республикалық институт директоры Бақтияр Смановпен, ҚР Білім және ғылым министрлігінің ақпараттандыру басқармасының бастығы Мәира Мелдебековамен және ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Мұрат Абеновпен тікелей байланысқа шығып, информатика пәнін оқытуда өздерін толғандырып жүрген сұрақтарын қойып, жауаптар алды.

Конференцияның екінші бөлігінде секциялық жұмыстарға орын берілін, ұстаздар өзара іс-тәжірибе алмасты. Мұндай мәнісды шарадан мұғалімдер 12 жылдық білім беруде информатика пәнін оқыту мен дамытудың қаншалықты маңызды екендігіне көз жеткізіп, оны жетілдіру жолдарымен танысып қайтты.

Талдықорған педагогикалық институты 1994 жылы **Омарханова Жанаргүл Әлмуметқызына** берген ПВ-II №0040415 дипломы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танысын.

◈ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

ТЕМЕКІНІҢ ЗИЯНЫ

Қазіргі уақытта темекі тартатын адамдар көбейді. Еркек те, әйел де, бала да шылым шегуге бейім. Оның ішінде, әсіресе, жасөспірімдердің темекі тартуы көбейіп барады. Кейінгі жылдары темекі тарту қыз балалардың арасында көбейіп бара жатқаны аса қынжыларлық жайт. Темекі тартатын адамдар басқа да зиянды әдеттерге тез дағдыланады. Әсіресе, жасөспірімдер ағасы темекі тартуға тез үйренеді, небір дерексіздікке бейім тұрады.

Ал темекінің зияны туралы көп айтқанымен көпшілік оған қолқа бермейді. Темекінің құрамында әртүрлі қимылдық заттар көп. Солардың ішінде ең зияндысы никотин.

Темекі тартқан кезде ішкі ағзаға түтін бойлап, улы заттар өкпеге еніеді. Ауызды тұрлықтырып, тамақты, тістің етін қызартып қоюдан басталады. Одан кейін дауыс қарлығып, адам жөтеледі, какырық түседі. Ал никотин қанға сіңген кезде қан түйіршіктеріне зиянын тигізеді, сонын салдарынан қан тамырлары мен жүрек ауруы пайда болып, ақыры инфаркпен аяқтап соғады. Сондай-ақ, бронхит, өкпе қабыну темекі шегетіндердің арасында жиі ушырасады.

Өлімнің өзіндік (рак) ауруы пайда болып, темекі тартқыш адамдардың арасында өлім де көбейеді. Темекі адамның қабілетін, ой-өрісін кемітіп, ықыласын азайтады. Әртүрлі деректерге қарағанда, темекі ерекшелердің де, әйелдердің де жыныс қызметін төмендетеді және екіқабат әйелдерге көп залалы тиеді. Оларда түсік тастау көбейеді.

Темекінің жасөспірімдер ағзасына өте қауіпті екенін жоғарыда айттық. Енді-енді жетіліп келе жатқан ағзаны улы заттар катты уландырады. Оқушылардың сабақ үлгерімі нашарлайды, бойы өспей, түрлі сырқаттың жиі ауырады. Қыз балалардың темекі тартудан бетіне ерте әжім түседі. Сондықтан қыз балалар келешекте ана болатынын ұмытпаған жөн. Екіқабат әйелдердің ұлының шегуі қысылтаяң тең.

Сөзімді қорыта келе, жасөспірім қыздар мен жігіттерге өмірлеріндегі жалғастырмай дені сау ұрпақ әкелем десеңіздер, жаман қылықтан аулақ болыңыздар деген келеді.

Салауатты өмір салтын сақтау тақырыбында:

	2007	2008	2009
№21 мектеп	4	4	4
№22 мектеп	4	5	5
№23 мектеп	4	3	4

лекциялар оқылып, оқушылар арасында талқылаулар, әңгімелер өткізілді.

Т. МЕДЕТХАНОВА, терапевт,
К. ДОСЫБЕРГЕН, бала дәрігері.
Өтенай ауылдық дәрігерлік амбулаториясы.

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ.

«Компания «Агро Прогресс» ЖШС-ге Алматы облысында жұмыс істейтін мынадай мамандар қажет:

Ауылшаруашылық жер бөлімшесі басқарушысы – 7 бірлік. **Қойылатын талаптар:** жоғары аграрлық білім және осы сала бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілімін болуы немесе аграрлық орта білімі және осы сала бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілімін болуы.

Бас агроном – 1 бірлік. **Қойылатын талаптар:** Аграрлық жоғары білімі және осы сала бойынша басшылық қызметте кемінде 5 жыл жұмыс өтілімін болуы.

Агроном – 7 бірлік. **Қойылатын талаптар:** Аграрлық жоғары білімі және осы сала бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілімін болуы.

Биолог – 7 бірлік. **Қойылатын талаптар:** Аграрлық жоғары білімі және осы сала бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілімін болуы.

Өсімдіктерді қорғау жөніндегі агроном – 6 бірлік. **Қойылатын талаптар:** Аграрлық жоғары білімі және осы сала бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілімін болуы.

Тұқым шаруашылығы жөніндегі агроном – 6 бірлік. Қойылатын талаптар: Аграрлық жоғары білімі және осы сала бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілімін болуы.

Сыңаруаздық өсірушілер – 12 бірлік. **Қойылатын талаптар:** бастауыш аграрлық немесе орташа аграрлық білімі және осы сала бойынша кемінде 1 жыл жұмыс өтілімін болуы.

Мекенжайымыз: Еңбекшіқазақ ауданы Алға поселкесіне бұрылатын жерде.

Түйіндемені мына мекенжайға жіберу керек: Алматы қаласы, Абай, 26 «А», оф.25 «Компания «Агро Прогресс» ЖШС. Телефакс: **8/727/ 244-68-60**

Алматы облысының жұмыстан қамтуды ұйымдастыру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы. Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26. Байланыс телефоны: 8 /7282/ 27-08-34 «Компания «Агро Прогресс» ЖШС-гі уәкіл.

◈ЕСКЕ АЛУ

Аса қадірлі қызымыз, үлкенге іңетті, кішіге ілтипатты жан болған **Нұргүл Әлмұхамбетованың** пәни дүниемен көп айтысқанына да қырық күн толыпты-ау, қайтемін қолдан келер дәрмен жоқ. Тура келген ажалға не шара?! Небары үш мүшелге толған кезінде үлкен түсті, гүлдей солды.

Қанаттасқан өзгеде есіл түсірем,
Тұлымым менің, үлдан туған үлкен ең.
Жастайыңнан-ақ қатарласыңнан қалыстай,
Өмірге деңдеп, оқуға да ақың түсін ең.

Талдырдың ауыр тағдырың әрі сыры кең,
Қатаң талдырды шарасыз бір ма құдірет.
Жүректі жеңіңде болсаңы ең қасіңе-дұшпанға,
Оның алдақ сені өзіңді өртер қасіретке.

Өзіңмен кеттің, елеңсіз, ерке қылығың,
Жеткізем қалай жан-жүрегімнің күйігін.
Ендеше жаным, жұлдызым болсың төрімде,
Бағында болсын арғы дүниедегі ғұмырың!



ҚАЙТЫРА ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: Әлмұхамбетовтер әулеті атынан әжесі – **Жеккенбай,** шешесі – **Сәуле.**

КЕРБҰЛАҚ АУДАНЫ.

Алматы облысының туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасының ұжымы Қаратал аудандық дене тәрбиесі және спорт бөлімінің бастығы Әлімбетов Жолдасбай Әкімбайұлына

анасының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

МЕНШІК ИЕСІ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

Бас редактор Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, N3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

Жетісу
e-mail: Jetisu 2002@ mail. ru
WWW. Zhetysu-smi. kz

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілін, беттеледі.
Газет антасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Суреттердің санасы үшін редакция жауап бермейді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Алты машинописдік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама берушілер жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Балапан" ЖАҚ филиалы "Офсет" басылханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Кезекші редактор: Гүлжан ТҰРСЫН.

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ. ТАПСЫРЫС — 440. ТАРАЛЫМЫ — 36729. ИНДЕКСІ — 65469.

Қабылдау бөлмесі және факс —**27-41-50,** байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары — **21-01-90, 27-41-83,** жауапты хатшы —**24-38-16,** ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі — **27-42-34,** саясат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі — **24-36-07,** уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — **24-32-43,** білім және ғылым бөлімі — **24-30-57,** фототілшілер –**27-41-93** заң және ақпарат бөлімі — **24-29-82,** есеп-қисап бөлімі — **24-35-28.** Алматы қаласындағы тілшілер қосыны — **279-13-37** (факс), **79-13-86, 79-36-43.** Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары: Үшаралда — **2-12-57,** Панфилова — **5-12-21,** Райымбекте — **2-22-05,** Іледе — **2-19-33.** Газет табыс етілмесе — **72-59-01** телефонымен хабарласу керек.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

● Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ● № 44 (17313) Бейсенбі, 8 сәуір, 2010 жыл. ● e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді

АНАЛАРҒА АЛҚА ТАҚТЫ

[illegible]

Сарби ӘЙТЕНОВА,
"Жетісу"

Президент қол қойған заң бойынша «Мемлекеттік наградалар» туралы Заңға «Алтын алқа» және «Күміс алқа» жөнінде қойылатын талаптар өзгертілді. Яғни, енді «Алтын алқа» бұрынғыдай он емес, жеті бала туған аналарға, «Күміс алқа» сегіз емес, алты бала тапқан аналарға берілетін болды. Әрине, мұны аналарға деген үлкен көмек, демографияға серпіліс жасауға бағытталған даңғыл жол десек те болатындай. Мемлекет басшысының аузынан шыққан бұл жағымды жаңалық Қазақстанда тұрып жатқан әр ананың жүрегіне жылылық ұялатты. Жаңа жыл табалдырығын аттаған күннің ертеңінде-ақ алтын, күміс алқаға құжаттарын жинап-теріп, тиісті орындарға өткізіп жатқан аналар саны артты.

Жыл басынан өткізілген аналардың құжаттары Астана қаласында ресімделіп, қаралған болатын. Осындай наградаға Талдықорған қаласынан жіберілген 500-ден аса құжаттың 68-і қаралып, көктемнің екінші айында аналардың қуанышын асыратып отыр. Көп балалы аналардың 31-і «Алтын алқаға», 37-і «Күміс алқаға» лайық деп танылды.

Сейсенбі күні қалалық әкімдікте қала әкімінің орынбасары Марат Көлбаев алтын құрсақты аналарды қабылдап, Елбасының 2010 жылғы 28 ақпандағы Жарлығы бойынша берілген наградаларын салтанатты түрде табыс етті. Өз сөзінде ол барша аналарды қуаныштарымен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

Осындай қуанышты сәттерінде аналар да өздерінің ақ тілегін жаудырды.

Кенже ӨТКЕНБАЕВА, «Алтын алқа» иегері: «Біздерді осындай қуанышқа кенелтіп отырған Елбасына аналық алғысымызды білдіреміз. Құдайға шүкір, еңбек ете жүріп балаларымызды да қатардан кем қылмай өсірдік. Бүгін міне, осы еңбегіміз ақталды десек те болады. «Алтын алқа» наградасын алып отырмыз. Бұл күнге жетпей кеткендер де бар. Аллаға шүкіршілік етеміз. Өзім 10 құрсақ көтердім, оның 8-і аман, жолдасымның 11 баласымен бірге барлығы 21 балаға бір қазаннан тамақ пісіріп беріп, өсіріп жеткіздік. Алланың осы күнді көруге несіп еткеніне тәубе. Ел іргесі аман болсын».

Бибісара СӘДУАҚАСОВА, «Күміс алқа» иегері: «Алты бала тәрбиелеп өсірген анамын. Елбасының Жарлығы бойынша бүгін міне, «Күміс алқа» наградасына ие болып отырмын. Бала тәрбиесіндегі еңбегіміз ақталды десек те болады. Осы үшін Мемлекет басшысына алғысымыз шексіз. Мемлекетіміздің көп балалы отбасыларын қолдау, ана мен балаға қамқорлық танытуы еліміздің демографиялық жүйесіне оңды жол әрі халық санының көбеюінің белгісі десек те болады. Ендеше, әр шаңырақта баланың былдыры үзілмесін».

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰСТАНЫМЫН ҚОЛДАДЫ

Қазақстанға сапармен келген Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Пан Ги Мун Семей өңіріндегі бұрынғы сынақ аймағында болды

БҰҰ Бас хатшысының Қазақстанға сапарын Семей өңіріндегі бұрынғы сынақ полигонынан бастауының басты себебі әлем халықтарының атом қаруы мен ядролық мемлекеттер қатарының өсе түскеніне қатты алаңдаушылығын көрсету болса, екінші жағынан ядролық қаруды ауыздықтау және оны таратпау ісін жүргізуге Қазақстан қосқан және қосып отырған үлесті мойындау тұрғанын айқын түсінуге болар еді. АҚШ Президенті Барак Обаманың бастамасы бойынша алдағы аптада Құрама Штаттарда өтетін үлкен саммит қарсаңында БҰҰ Бас хатшысы аса маңызды мәлімдемесін де осында жасауы жайдан жай емес екені түсінікті.

Еліміз өз тәуелсіздігін жариялаған беттен бейбітсүйгіш қадамдарымен әлем жұртшылығының назарын өзіне аудара білді. Айталық, еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың алғашқы Жарлықтарының бірімен кешегі атом әждаһасының – Семей сынақ полигонының аузына құм құйылып жабылуы әлемге жаңа түрпатты мемлекеттің пайда болғандығын паш етті. Солайша Қазақстан жас тәуелсіз ел болса да осы бастамасымен бірден дүние жүзі қауымдастығына танылып қана қоймай, үлгі де болып үлгерді.

Ал бұдан кейінгі жерде кешегі полигон астанасы Курчатов қаласының әлеуеті бейбіт мақсатқа орайластырылып, бүтіндей басқаша сипатқа ие болды. Яғни, Елбасы Жарлығымен мұнда алғашқыда Ұлттық ядролық орталық құрылса, бүгінде онда сонымен бірге ядролық технологиялар паркі жұмыс істеп тұр. Мұның алғашқысы бүгінгі күннің ғылым жетістіктерін теориялық, ал екіншісі практикалық тұрғыда жүзеге асыруда. Енді, міне, алдағы таяу болашақта Курчатовта атом электрстансысын салу күн тәртібіне қойылып отыр.

Өткен жылдың маусым айында Семейдегі Ертіс өзені айрығындағы аралда ядролық сынақтар құрбандықтарына арналған сәулетті ескерткіш басында сан мыңдаған семейліктер, сандаған елдердің дипломатиялық миссия өкілдері қатысқан сындарлы митинг өткізіліп, онда Елбасы тарапынан Семей полигонының жабылған күні – 29 тамызды Жаппай қырып-жою қаруынан бас тартудың бүкілдүниежүзілік күні деп жариялау туралы бастама көтерілгені, іле әлемдік маңызы зор бұл бастаманың Біріккен Ұлттар Ұйымы тарапынан қолдау тапқаны белгілі.

Мәртебелі мейман Курчатов қаласымен, жалпы кешегі сынақ полигонының өткені мен бүгінгі тынысы туралы таныстығы осындағы Ұлттық ядролық орталық құрамындағы полигон тарихы мұражайынан басталды. Семей қасіретін айғақты деректермен сипаттайтын бұл мұражаймен Бас хатшы асықлай танысты. Бұдан кейін ол термоядролық "Токамак" реакторында болды. Мұның алғашқысы, жоғарыда айтқандай, осы өңірдегі елдің басынан өткен кешегі қилы тарихты қозғаса, екіншісі егемен елдің жарқын болашағын айғақтайды.

◈ ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ІССАПАРЫ

ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮЙЕЛІ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Облыс әкімі Серік ҮМБЕТОВ Кербұлақ және Іле аудандарында болды



Кербұлақ ауданы облысымыздағы астықты өңір. Биыл ауданның ауылшаруашылық құрылымдары 104 мың гектардан аса алқапқа егін екпекші. Алғашқы дән жерге түсіп үлгерді. Кербұлақтағы іргелі шаруашылықтың бірі – «Қызылжар» өндірістік кооперативі. Кеше облыс әкімі Серік ҮМБЕТОВ астықты алқапты аралауға арнайы барды.

Облыстың бірінші басшысы жұмысшылардың көктемгі егіс науқанындағы тыныс-тіршілігімен танысып, агротехнологияның іске асырылу барысын көзбен көрді. Техниканың дайындығын бағалады. Аудан әкімі Нұрбай Жантілеуовке астық алқаптарында ауыспалы егіс жүйесін сақтау, жаңа технологияны қолдануды назардан шығармау тапсырылды.

Кооператив биыл дәнді дақыл алқабын кеңейтті. Олар 1000 гектарға күздік бидай, 2000 гектарға жаздық арпа, 1000 гектарға мақсары тұқымын сепкен. Мұнда мақсары тұқымы биыл алғашқы рет себіліп отыр. Кооператив төрағасы Базарбай Байалхамбетовтың айтуынша, тәлім жерге дақыл жақсы өсуде. Майлы дақыл өсірушілер оны қайта өңдеуден өткізетін «Сарбұлақ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен келісімшарт жасасыпты. Қайта өңдеуші кәсіпорын мақсарыдан май шығарып, ал қалдықтан тауыққа жем дайындайды. Жалпы, соңғы жылдары атаулы дақылды өсіруге ерекше көңіл бөлінуде. Оны күтіп-баптауға Үкімет тарапынан субсидия да төленеді. Шаруашылық «Безостый-1» және «Одесская-120» элиталы бидай тұқымын көбейтумен шұғылданады. Элиталы тұқымды күз кезінде басқа шаруашылықтар сатып алады. Бұрындары мемлекеттен бөлінген қаржы тұқым өсірушілерге берілетін болса, биылдан бастап көмек қаржы элиталы тұқымды сатып алушыларға беріледі. Тұқым өсірушілер ендігі жерде өнімнің бағасын өздері қойып, құнын көтере алады.

Облыс әкімі ауылшаруашылық құрылымдарына жанар-жағармайдың жеңілдетілген бағамен берілетінін, тұқымның өсірілуі мен сатылуына барлық жағдайдың жасалғанын айта келіп, ендігі жерде дақылды күтіп баптауға ерекше көңіл бөлу керектігіне тоқталды. Бұл орайда ылғал сақтау үшін алқаптарға жиын-терін жасалған соң сабан шашып тастау жайы да тапсырылды. Сабан – топырақты кеуіп кетуден сақтайды, ежелден тыңайтқыш ретінде қолданылады.

«Қызылжар» кооперативінің арпа-бидайы тәлім жерге өсіріледі. Сондықтан, олар ауа райының тиімді сәтін пайдалануға ерекше мән береді. Биыл күннің салқын болуына байланысты тұқым себу кешеуілдеуде. Облыстың бірінші басшысы Серік Әбікенұлы алқапта жұмыс істеп жатқан жұмысшылармен пікірлесті. Олардың хал-жағдайын сұрады. Содан кейін шаруашылық басшысына қарата механиктердің жалақысын көбейту керектігін айтты. Басшы ежелден күнкөріс көзі болған төрт түлікті қорадан үзбеу жайын дала төсіндегі ағайындарға ағалық ақыл ретінде жеткізді.

Кооперативте 25 трактор, 4 "К-700", 23 тұқым сепкіш, 7 соқа, 120 тырма, 13 комбайн және 30 жүк таситы автокөлік бар. Науқанға қажетті техника түгелдей жөндеуден өтіп, алқапқа шығарылыпты. Кооперативте 132 адам еңбек етеді.

Базарбай Тұралыұлы шаруашылықты он сегізінші жыл басқарады. Бүгінде ауылшаруашылық құрылымында бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі қалыптасқан. Қызылжарлықтар орта мектеп, дәрігерлік амбулатория, почта бөлімшесі мен ауылдағы көп балалы отбасыларға азық-түлік, отын жағынан көмектеседі.

Бүгінде шаруашылықтың тасы өрге домалаған. Оң ұтымды ұйымдастыру мен тынымсыз еңбектің арқасында жеткен жетістік.



Суреттерді түсірген Ж. ЫСҚАБАЙ.

* * *

Облыс әкімі Серік ҮМБЕТОВ Кербұлақ ауданынан кейін Іле ауданындағы «Машучиван» шаруа қожалығына атбасын тіреді. Шаруашылықтың басшысы Реджеп Газирович мамандығы бойынша агроном, осы аудандағы «Рассвет» кеңшарында 1979 жылдан бері звено жетекшісі болып қызмет еткен. Кейін шаруашылық таратылып, нарықтық жүйе келгенде егіншілікке ден қойды. Ауданда осы салада айтарлықтай табысқа қол жеткізгендердің қатарында.

1997 жылы алғашқылардың қатарында өз шаруашылығын құрды. Реджеп 111 гектар жерде көкөніс, картоп және қант қызылшасын өсіреді. Алқабы Қапшағай жолының бойына орын тепкен. Жұмысқа озық голландиялық технологияны тартудың нәтижесінде фермер жыл сайын өнімділікті арттыра түсті. Кейін көкөніс қоймасы құрылысын қолға алуға тура келді. Қазіргі таңда 1200 тонна көкөніс және 600 тонна картоп сақтайтын өз қоймасы бар. Бұлар құны 220 мың АҚШ долларын құрайтын қуатты мұздатқыштармен және желдеткіш қондырғыларымен жабдықталған. Егістіктің 20 гектар жерінде тамшылатып суару ісі қолға алынған, жаңадан жабдықтар сатып алынып, скважина зәуірленген.

Ол журналистермен кездескен сәтте мұнда 35 адамның тұрақты еңбек етіп, орташа есеппен айына 35-40 мың теңге еңбекақы алатындығын, сонымен қатар маусым кезінде жұмысшылар санының өсетіндігін тілге тиек етті. Еңбекақы бойынша ешқандай қарызы жоқ. Өнімді саудалаудан түскен қаржыға өткен жылы құны 2,5 млн. теңге тұратын «Беларусь» тракторын, көкөніс тұқым сепкіштерін және басқа құралдарды сатып алған. Демек, науқан кезінде сырттан техника күшін тартпайды.

Облыс басшысы шаруашылық жетекшісінен күнделікті тыныс-тіршілігімен, өнімнің көлемімен, рентабельділігімен, несиелік кооперативтің жағдайымен танысты.

Несие туралы айтсақ, өткен жылы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер 300 млн. теңгеден астам қаржы пайдаланған. Жылы көкөніс саласы тиімді болып табылады. Неге десеңіз, мемлекет көкөніс өсіруге субсидия бөліп отыр. Оның көлемі 2-2,5 млн. теңге құрайды. Бұған қоса жұмыс үстіміздегі жылы бюджеттен кредит-несие алмақ. Мұның да тиімділігі зор.

Екінші нысан да осы маңнан қашықта емес еді. Жеке кәсіпкер Валентина Трон 2008 жылдың соңында көкөніс өсіруді ұйғарып, алғашқы жылыжайды қолға алған. Оның көлемін 3 гектарға жеткізбек. Қытай технологиясы бойынша жылыжайдың құрылысында 40 адам жұмыс істеуде. Құрылыстың шығыны 1 млн теңгеге жетпек. Жұмысшылар үшін бұл арада тұрғын үй тұрғызылған.

Серік Әбікенұлы Қапшағай жолының алдағы уақытта кеңейтілуі шаруашылыққа кері әсерін тигізбей ме деген сауал берді. Кәсіпкер болса, мұның бәрін мамандармен саралап, бір шешімге келгендіктерін, тиісті арақашықтық қалдырғандықтарын айтты. Сонымен қатар, ол жылыжайды көмірмен және дизельдік жанармаймен жылытатындығын әңгімеледі. Бұл шаруашылық қазақстандық ғалымдармен тығыз байланыста. Келешекте отандық күн сәулесі қуатымен жұмыс істейтін батареяларды пайдалануды жоспарлап отыр. Көкөніс өсірушілер өз кезегінде Серік Әбікенұлынан осы нысанға электр қуаты мен газ құбырын тартудың техникалық шартын алуға ықпал етуін өтінді. Облыс басшысы бұл ұсыныстарын қабылдады. Жылыжай осы жылы іске қосылмақ.

Облыс басшысы бұдан соң «Даму» индустриялдық-логистикалық кешенінде болды. Бұл арада жаңа сүт өнімдері зауытының құрылысы жүргізілуде. Нысанның жалпы құны 3068,2 млн. теңге құрайды. Келешекте сүт және қышқыл сүт өнімдерінің 40-тан астам түрі шығарылмақ. Зауыттың жобалық қуаты тәулігіне 100 тоннадан астам сүт өңдеуге тең келеді. Қазіргі таңда сүт жеткізу бойынша шаруа қожалықтарымен, жеке тұлғалармен шарт жасалынуда.

Облыс әкімі Серік Әбікенұлы Ақсу қант зауытына қатысты түріктік кәсіпкерлермен бірлесіп қолға алынғалы отырған жоба туралы ойын ортаға салды. Бұл жергілікті аграршылар мен инвесторларға да пайдалы. Түркияда мұндай зауыттар акциясының 51 пайызы шаруа қожалықтарының иелерінде болады екен. Ал 10 пайызы мемлекеттік, қалғаны зауыт басшылығының иелігінде. Бізде бұған керісінше болып отырғандығы рас. Зауыттың монополистік иетін тыйғанда қант қызылшасын өсірумен айналысатындардың саны сөзсіз артпақ. Керісінше, фермерлер мен жұмысшылар монополист болса керек.

Облыс басшысы БАҚ өкілдеріне берген сұхбатында бүгінгі сапардың негізінен алғанда дала жұмыстарының дайындығымен танысуға арналғандығын, қазіргі атқарылып отырған істердің көңіл көншітерлік екендігін жан-жақтылы әңгімелеп берді.

Гүлжан ТҰРСЫН,
Дұлат ДАРХАН.

◈ ІЗГІЛІК

Наурыз айында Қызылағаш ауылында болған апатты өңіміздегі әрбір азамат өзінің жеке басына түскен қиындықтай қабылдағаны белгілі. Қазақстанның әр шалғайынан келіп жатқан көмек осының айғағы десе де болады. Отандастарының басына түскен қиыншылықты бөлісуді мақсат еткен Қазақстан халқы Ассамблеясы да Қызылағаш ауылын қалпына келтіруге өз үлесін қосуға ниет білдірген болатын. Бүгіндері олар осы ізгілікті жұмысты жүзеге асыруды қолға алды.



ҚИЫНШЫЛЫҚТЫ БӨЛІССЕҢ, АЗАЯДЫ

Осындай орай сейсенбі күні Қазақстан халқы Ассамблеясы облыстық бөлім хатшылығының меңгерушісі, төраға орынбасары Ғабит Тұрсынбай бастаған Ассамблея мүшелері табиғат апатынан зардап шеккен жандарға арнайы барып жолыққан еді. Ең алдымен Талдықорған қаласының маңында орналасқан «Үйтас» саяжайында уақытша тұрып жатқан Ақшайым Манарбек пен Бейбіткүл Көкжазоваларды шаңырағына бас сұққан олар наурыз айының 14-і мен 21-і күні дүниеге келген егіз сәбидің жай-күйімен танысып, жас босанған ана мен бүлдіршіндерге қажетті азық-түлік, шаруашылық жарақтарын табыс етті. Сонымен бірге, Талдықорған қаласында уақытша оқып жатқан балаларға сөмке, оқу құралдары сияқты қажетті заттарды әкеліп беруге уәде етті.

Осыдан кейін Ассамблеяның күшімен Қызылағаш ауылында салынып жатқан монша мен спорт ғимаратының жұмысымен танысты. Жалпы құны 500 млн. теңге болатын заман талабына сай монша мен балаларға арналған спорт залының алғашқы жұмысын Түрік-Әзербайжан қоғамы бастаған болатын. Олар бүгінде өткен ғасырдың елуінші жылдары салынған үлкен ғимараттарды күл-қоқыстан арылып, есік-терезелері мен шатырларын алып күрделі жөндеуді бастап үлгеріпті. Үлкен істің басы-қасында жүрген Қазақстандағы әзірбайжандар конгресінің президенті Әбілфаз Хаметов қайтадан қалпына келтірілетін әлеуметтік мәні бар ғимараттардың жобасын жасап әкелген екен.

– Әрине, бізге монша мен спорт залын жаңадан салып беруге болушы еді. Алайда, облыс басшылығы жағдайды саралай келіп, кезінде ақыл-есі кем балаларға арналып салынған осы ғимараттарды жөндеуге кеңес берді. Ескі болғанымен өте сапалы, әрі берік салынған бұл үйлерді қалпына келтіруге болатынына көз жеткіздік. Ең алдымен сейсмикалық жағынан бекітіп алып, содан кейін ғимарат ішін жөндеуге кірістік. Ерлер мен әйелдер жуынатын жеке бөлмелері бар, жуатын арнайы орамы, бу қазандығы бар бұл монша бүгінгі заман талаптарына сай салынбақшы. Сонымен бірге, жанында орналасқан спорт зал ғимараты да қызылағаштық балаларға қуаныш сыйлайды деп ойлаймын.

– Жерлестеріміз қайғылы жағдайға ұшырап жатқанда, біз шеткері қалмауды өзіміздің азаматтық парызымыз санадық. Осы орайда, ауылда өзге де нысандармен бірге 15 маусымға дейін пайдалануға берілетін монша мен спорт залы Қазақстан халқы Ассамблеясының Қызылағаш ауылының тұрғындарына лайықты тартуы болады деп ойлаймын.

Айтса айтқандай, бүгіндері мұнда құрылыс жұмыстары басталып кеткен екен. Оған қажетті қаржы да уақтылы келуде. Ендеше, жаңадан салынған Қызылағаш осындай әлеуметтік нысандармен толыға түседі деп сенеміз.

Бұл күні Ғабит Тұрсынбай бастаған Ассамблея мүшелері су зардабын тартқан Еңісу ауылында да болып, ондағы жағдаймен танысып қайтты. Ауыл әкімі Баян Құрманғалиева елді мекенге келіп жатқан судың алдын тосқаннан кейін ағын судың тоқтағанын айтады. Ойпаңда орналасқан төрт үйден басқа ғимараттардың айналасы құрғаған. Арнайы мамандардан құрылған комиссия зардап шеккен бар үйлерді аралап шығып, 16 үйді жаңадан салуға, 52 үйге күрделі жөндеу жүргізуге шешім қабылдаған екен. Алғашқы үрей сезімінен арылған тұрғындар ауылға қайтып оралып, үй-жайларын жөндеуге кірісіп те кетіпті. Оларға қажетті азық-түлік, киім-кешек жеткілікті мөлшерде беріліп отырған көрінеді. Ендеше, мұнда да қалыпты тірлік оралуда деп айтуға негіз бар. Зардап шеккен адамдардың жай-күйімен танысқан Ассамблея мүшелері мұнда да қажетті көмек көрсетуге дайын екендіктерін жеткізді.

Қуат ӘБІЛ.
Суретті түсірген Ж. МҰСАБЕКОВ.

◈ ҚЫЗЫЛАҒАШТАН АҚПАРАТ

КӨШЕЛЕР РЕТТЕЛІП, ЖАҢА ҮЙЛЕР САП ТҮЗЕДІ

Болат АБАҒАН,
"Жетісу"

Құдайға шүкір! Қызылағашты қалпына келтіруге байланысты жұмыстар алға жылжыған күндермен бірге қарқын алып, ауылдың бұрынғы орнындағы көшелерде де, Талдықорған жақтан келетін күре жол кіретін тұста салынып жатқан жаңа көшелерде де қатар түзеген үйлер көз қуантады. Әсіресе, ауыл шетіндегі бірінші жаңа көшеде жұмысқа алғашқы қазықты қағып, елден бұрын жұмысқа кіріскен кезден бастап, басқаларға құрылысты қалай ұйлестірудің үлгісін көрсетуге тырысқан «Алматықалақұрылыс» МАК акционерлік қоғамының «АГС пласт» ЖШС-нің құрылысшылары жаңа көшенің бір қапталындағы үйлердің қабырғаларын түгелдей көтеріп қана қоймай, алғашқы лектегі оншақты баспананың төбелерін шатырлап, ішінде сылау-әрлеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Көшенің екінші қапталында да бірнеше үйдің төбесі шатырланып, біразының қабырғалары қаланып, қалғандарының іргетастары дайын тұр. «Ауылқұрылыс» құрылыс компаниясы да қарқынын арттыра түскен. Өткен аптаның басында Қызылағашқа арнайы келіп, өзінің «БИ – Инвест» атты жеке компаниясының қаржысына он үй салып беруге уәде еткен Болат Назарбаев та сөзіне беріктігін байқатты. Аталған компанияның құрылысшылары да жұмыстарына қызу кірісken.

Жалпы дәл қазіргі кезде Қызылағашта қарап отырған ешкім жоқ. Барағашта қарап отырған еңбек. Құрылыс алаңдарында жұмыс істейтін адамдардың саны 3000-ға жетіп, техника саны 500-ден асыпты. Үйлердің құрылысымен бірге су жүйесін тарту да жалғасуда. Амандық болса, 15 сәуір күні су жүйесі толыққанды жұмысқа қосылады. Ал электр қуатымен қамтамасыз ету түбегейлі жүзеге асырылған. Бетон зауыты күндіз-түні гүрілдеп тұр. Жол мекемелері көшелерді көлденеңінен жоспарлауды жүзеге асырып, жүретін жол мен су қоймасы аумағын тазалауда.

Баспаналары дайын болғанша шатырлы қалашықты паналап отырғандар да өзіндік тірлік ырғағын қалыптастырған. Бір шатырды иеленген шаштаразының алдында кезек күткендер қарасы да біраз. "Қазпочта" үйінің алдында, аудандық штабтың маңында күнделікті тірлік қамымен әрлі-берлі қайшыласқан адамдар. «Өмір бір орнында тұрмайды» деген осы да. Адамдар өткенге салауат айтып, алдағы күннің қамын ойластыруда. Екі қолын қалтасына салып, шайқатылып жүрген жан жоқ.

Қызылағашпен бірге Еңісу мен Ақтоған ауылдарында да қалпына келтіру жұмыстары жалғасуда. Ақтоған ауылында 87 үй зерттеліп, 65 үйді бұзып, қайта салу қажеттігі, 4 үй күрделі жөндеуден өткізілетіні, тағы 18-іне ағымдағы жөндеу жұмыстары жасалатыны анықталыпты. Сонымен қатар, медпункт жаңадан салынып, мектеп күрделі жөндеуден өтеді. Мұнда «Алматықұрылыс» холдингтік компаниясы бөлімшесінің 114 адамы жұмыс істеуде.



Суреттерді түсірген Ж. МҰСАБЕКОВ.

(Соңы 2-бетте).

500 МЫҢ ТЕҢГЕ ЖИНАЛДЫ

Іле ауданы КазЦИК ауылының тұрғындары да тілсіз жаудан зардап шеккендерге жанашырлық танытуды жөн санады. Ауыл әкімінің орынбасары Шахват Акрамұлы, ақсақалдар алқасының төрағасы Ғани Қожағұлұлы, мешіттің алқа мүшелері Амангелді, Бақытжан, тағы басқа көпті көрген жандар қайырымдылық қорына түскен қаржыдан мешіт жанындағы асханада 100 адамға дастарқан жайып, апат салдарынан қайтыс болғандардың рухына бағыштап ас берді. Хатым-құран оқылып, дұға жасалды.

Жиналған қауымға Құран аяттарынан, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадис шарифтерінен қайырымдылық көмек, садақа беру туралы мысалдар келтіріліп, мақсаты түсіндірілді. Халық тебіреніп толқып, шынайы ниеттерімен көмек көрсетуге кірісу нәтижесінде қолы ашық жандардың бастамасымен 500 мың теңге жиналды. Қайырымдылық шараны ауыл әкімі Бекболат Сәлиматұлы да қолдап, өзі де қаржылай көмегін ұсынды.

Көңілі кең жандардан жиналған азық-түлік, киім-кешекті Қызылағаш ауылына апару үшін автомашина жалданып, жауапты жандар жолға шықты. Қайырымдылық қорының есебіне 500 мың теңге аударылып, басқа да заттар таратылды.

Жұдырықтай жұмылған ауыл халқы қиын сәтте қызылағаштықтарға өз ниетін осылай білдірді.

Науаз САДУАҚАСҰЛЫ,
«Әділхан» мешітінің имамы.

ІЛЕ АУДАНЫ



ҚЫЗЫЛАҒАШТЫҚ БАЛАЛАР

алаңсыз білім алуда

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Қызылағаш ауылындағы мектеп оқушыларының жағдайын Алматы облысының балалардың құқықтарын қорғау департаменті өз бақылауында ұстап отыр. Тіпті, аталған департаменттің мұрындық болуымен қоғамдық ұйымдар қолдан келер бар көмегін көрсетуде.

Осы ретте Алматы қаласындағы «Махаббат бұлағы» қоғамдық қорының директоры Руслан Асылбеков пен Еуразиялық жастар конгресінің вице-президенті Сәуле Әділова және «Apple City Distributors» ЖШС-нің президенті Аман Исмұхамедовтар апат орын алған алғашқы күнақ 700 мың теңгені құрайтын оқушыларға керекті тұрмыстық материалдар жіберген еді. Бұл жолы бір миллион теңгенің керек-жарағын «Айналайын» балалар үйі, Дәнеш Рақышев атындағы мектеп-интернаты және Жансүгіров кентіндегі Есемұрат Сиқымов атындағы орта мектебіне орналастырылған оқушыларға үлестіріп қайтты.

Олармен бірге болған Алматы облысының балалардың құқықтарын қорғау департаментінің директоры Гүлнар Ермекбаева және аталған департаменттің адамның адамгершілік-рухани даму бөлімінің бастығы Айнагүл Үшкемпрова Жансүгіров кентіндегі Есемұрат Сиқымов атындағы орта мектебіндегі оқушылармен кездесіп, олардың жағдайымен танысты. Аталған мектептің директоры Рамазан Бегімбектің айтуынша қазір мұнда 11-сыныпты бітіріп, Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысатын Қызылағаш ауылынан 31, ал Еңісудың 10 баласы білім алуда. Олардың 18-і ұл, қалғаны қыз бала. Оларға Қызылағаш ауылының 8 мұғалімі және Ақсу ауданы білім беру жағынан бөлінген төрт мұғалім сабақ беруде. Мұнан өзге аудандық балабақшаға орналастырылған төменгі сыныптарда оқитын 34 балада осы мектепте оқиды. Балалардың қазіргі көңіл-күйі көтеріңкі. ҰБТ-ға дайындық барысы да жүйелі жүргізілуде. Осыған дейін «Атамұра», «Алматы кітап», «Мектеп» баспалары 5 миллион теңгенің оқулықтары мен мектеп кітапханаларына қосымша көркем әдебиеттер тарту етсе, «Кассанкар» ЖШС-і 3 миллион теңгенің тұрмыстық бұйымдарын көмекке ұсынған.

«Жап тұмсе көл толады» дегендей, жан-жақтан келген көмек пен қолдаудың нәтижесінде балалар алаңсыз білім алуда. Олардың жатын орнын, тазалық бөлмесін, оқу сыныптарын аралап көрген Гүлнар Ермекбаева жоғары бағалады. Сондай-ақ, оқушылардың да пікіріне назар аударылды. Кейбіреуі киім-кешектен тарлық көріп жүргендерін де жасырмады. «Махаббат бұлағы» қоғамдық қорының директоры Руслан Асылбеков пен Еуразиялық жастар конгресінің вице-президенті Сәуле Әділова келесі кезекте осы заттарды жеткізіп беруге уәде етті.

Суретті түсірген Асқар ҚАЖЕКЕ.

ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУ ҚАЛАЙ ӨТУДЕ?

Мектеп бітіруші түлектердің білімін сарапайтын Ұлттық бірыңғай тестілеу сынағы 4 маусым күні басталып, еліміздің әр түкпірінде өтуде. Былтыр жыпы облыс көлемінде барлығы 16660 оқушы мектеп бітіріп отырса, оның 12674-і Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуға өтініш жазған. ҰБТ өткізу бойынша облысымызда 15 пункт жұмыс істеуде. Демек, тестілеу сынағы аудан орталықтарындағы ірілі білім шаңырақтарымен қатар Алматы, Талдықорған қалаларындағы жоғары оқу орны базаларында өтуде.

Алма ЕСЕНБАЕВА, "Жетісу"

Облысымызда Ұлттық бірыңғай тестілеудің дұрыс өтуіне барынша жағдай жасалған. Елдің жастарының болашағы үшін аса маңызды осы сынаққа талапкерлер дайындығы жыл бойына жүргізілген. Бұл дайындықтардың қандай нәтиже бергендігі Ұлттық бірыңғай тестілеу бойынша жалпы қорытындыда белгілі болмақ.

Ал әзірге тестілеудің үш күнінде 10 446 мектеп бітіруші сынақ тапсырып, 9 оқушы ауырып қалуы себепті ҰБТ-ге қатыса алмаған Халықаралық олимпиада жеңімпазы атанған 98 түлек Ұлттық бірыңғай тестілеуден босатылған. Тестің үш күндік сынағында Қарасай ауданының ел-Фараби атындағы орта мектеп түлегі Мақпал Ғаухарбекова ең жоғары 125 балл жинаса, осы ауданның Сөкпақбаев атындағы орта мектебінің оқушысы Арайлым Малдыбаева мен Бөлек Беисебаев атындағы орта мектеп бітіруші Айдана Қапысова 124 балдық нәтиже көрсеткен. Дәл осындай көрсеткішке Алакөл ауданындағы Қызылағаш орта мектебінің оқушысы Арайлым Асықбекова, Панфилов ауданы Ш. Уәлиханов атындағы орта мектеп бітіруші Нұрлыш Өтебек, Уйғыр ауданы Шонжы ауылындағы №1 орта мектеп түлегі Мухаббат Тұрғанова қол жеткізген. Тест тапсырып шыққан түлектерді сөзге тартқанымызда олардың көбі математика, физика пәндері бойынша тест сұрақтарының күрделілігін айтса, енді бірі берілген уақыттың 125 сұрақ-қа жауап беру үшін аздығын тілге тиек етті.

Жалпы оқушылардың білім деңгейімен қатар мектептің білім беру сапасын анықтайтын ҰБТ-ның жақсы жақтарымен қатар кейбір кемшін тұстарының бар екені де жасырын емес. Оны ҰБТ тапсырып шыққан түлектердің көңіл-күйінен аңғардық. Олардың бірі сөлқос шығып, "айтеуір тестен құтылдық па, жоқ па?" деген сыңай танытса, енді бірі күрделі сұрақтардың көп келуінен қажетті балл жинай алмай қалдым деген күдікпен жылап шығып жатты. Ал "Алтын белгі" немесе «Ерекше аттестатқа» үміткер оқушылардың бірді-екілі ғана балы жетпей қалып, қала болып жатқанын да көрдік. Демек, тестілеудің балаларға психологиялық әсері шаш етектен. Ең бастысы, оларды ата-аналары қолдап, сын сағатта қасынан табылуы қажет. Көбісінің ата-шешелері балаларынан артық сарыуайымға салынып, сағаттап сыртта күтті. Бар тілектері балаларының ең болмаса сертификат алуы үшін төменгі балды болса да келенуі. Дегенмен, ата-аналардың үміті ақталғанын көптеген түлектердің жоғары балл жинағандығынан көруге болады.

Алда әлі бірнеше күндік сынақ бар. Тестілеудің нағыз қорытындысы сонда белгілі болмақ. Ал әзірге межелі балға жете алмай қалған 416 түлек бар. Олардың биылғы жылы жоғары оқу орнына түсуге деген талпынысы ақталмағанымен жақсы дайындық нәтижесінде келесі жылы да бақ сынауына мүмкіндік бар. 10 маусымға дейін жалғасатын тест сынағының нағыз қорытындысы сонда белгілі болмақ.

◈ «ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

ЖАСТАР және САЯСАТ

Таяуда облыстық «Студенттік құрылыс және жастар еңбек жасақтары» қоғамдық бірлестігі мен Алматы облыстық Коммунистік жастар одағының ұйымдастыруымен қала әкімдігінің кіші жиын залында «Қазақстан жастары сабырлы, тұрақты саясат үшін» атты «дөңгелек үстел» өтті. Оған облыстық және қалалық саяси партиялар, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, ардагерлер және жоғары, орта оқу орындарының студенттері қатысып, жастардың саяси мәдениеттілігі мен білімділігін көтеріп, елдің саяси тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселесі жайында ой бөлісті.



Қажет АНДАС, «Жетісу»

Шараны облыстық «Студенттік құрылыс және жастар еңбек жасақтары» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Дамир Боранбаев жүргізіп, шараның мені мен маңызына тоқталды:

– Қырғызстандағы саяси дүрбелең билікке таласқан топтар ортасындағы теке тіресten туған қақтығысқа еліктірумен шақырған жастар қатысып, біразы өлім құшты, мүгедек болды, жарақат алды. Мұнда мен жастарды қіналайын деп тұрғаным жоқ. Саяси партиялардың жастарды пайдаланғанына ішім жылымайды. Иә, қазір көптеген жастар бизнес, экономикалық қиындық, тұрмыс тауқыметі салдарынан саяси қырағылықтан айырылып жатқаны жасырын емес. Тағы бір жағынан, саяси партиялар, өзге де ұйымдар пайдаланып, жастарды теріс жолға бағыттап кетуі де мүмкін. Сондықтан бүгінгі шараны ұйымдастырудағы мақсатымыз – жастармен пікірлесіп, ортақ танымға келу. Қазірге дейін облысымыздағы саяси партиялармен меморандумға қол қойысып, жастарға жақсы жағынан бастама көтеруге келісім отырмыз. Осы ретте, облыстағы партиялар жастардың саяси белсенділігін көтеруге атсалысып жатқанын айта кеткен жөн, – деді ол. Осыдан кейін сөз кезегін алған Коммунистік жастар одағы Алматы облыстық комитетінің бірінші хатшысы, Магеррам МАГЕРРАМОВ:

– Біздің партия Қазақстанның халықтық, коммунистік партиясы болғандықтан жастармен жұмысқа көп көңіл бөлудеміз. Тек қана патриоттық тәрбиені арқау етіп қана қоймай, бүгінгі «дөңгелек үстелді» өткізуге негіз болып отырған «Қазақстан жастары сабырлы, тұрақты саясат үшін» деген тақырып аясында да ой қозғаудамыз. Біз жастармен жұмыс істеуде олардың таза азаматтық ұстанымы, саяси сауаттылығы мен мәдениетін қалыптастыру бағытын ұстаймыз. Мұндай шараны қолға алып отырып жастардың саяси жұмыс, пікірталас жүргізе алуына жол ашып, кейбір қитұрқы әрекеттерден сақ болуға баулимыз. Оған кешегі Қырғызстандағы белгілі бір саяси топтардың жастарды өз мақсаттарына пайдалануы себеп.

Жалпы жастармен жұмыс істеуде біздің пікірсайыс өткізу тәжірибеміз бар. Жас саясаткерлердің пікірталас орталығын құрдық. Осы бағыттағы ісімізді жалғастырып, тек қала ғана емес, ауыл жастарымен де байланыс орнатудамыз. Өйткені, мұндай іс алғашқы кезекте ауыл жастарынан бастау алуы керек. Осы жұмысымызды жыл бойына жалғастырып, қала және ауыл жастарының бірлескен шарасын өткізу көспарымызда бар, – деп түйіндеді.

Кеңес барысында ақсақалдар мен жастар алма-кезек сөз алып, Қырғызстандағы тұрақсыздық жайында пікірлерін ортаға салды, қазақ жастарын мұндай берекесіздіктен сақтаудың жолдарын тілге тиек етті.

«Дөңгелек үстелге» Жамбыл облысындағы жастардан құралған «Ешкім де, ешнерсе де ұмытылмайды» атты экспедициенің мүшелері қатысып, жиынның шырайын аша түсті. Оларға облыстық «Жетісу жастары» жастар орталығы сый-сияпат жасап, сапарына сәттілік тіледі.

◈ ҚАРЖЫ ПОЛИЦИЯСЫ

Салтанатты жиын

Сәйкес қаржы полициясы органдарының құрылған күніне орай облыстық экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес (қаржы полициясы) департаментінде салтанатты жиын болып өтті. Оны аталған департаменттің бастығы А. Болаңов ашты. Облыс әкімінің орынбасары Б. Тәженов және қаржы полициясы органының ардагерлері мен қызметкерлері құттықтау сөз сөйледі.

Нұрбол ӘЛДІБАЕВ, «Жетісу».

Салтанатты жиында ҚР экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес (қаржы полициясы) агенттігі төрағасының бұйрығымен бір қызметкерге мерзімінен бұрын қаржы полициясының полковнигі, екі қызметкерге кезекті майор, лейтенант шендері берілді. Сондай-ақ, төсбелгі, Мақтау қағазы, алғыспен үш қызметкер марапатталды. Облыстық экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес (қаржы полициясы) департаменті бастығының бұйрығымен тоғыз қызметкер Мақтау қағазымен, бір қызметкер алғыспен марапатталса, он бес қызметкерге осыған дейін жарияланған тәртіптік жаза алынып тасталды.

Салтанатты жиын мерекелік концертке жаласты.

◈ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

КЕДЕНШІЛЕР ҚАМҚОРЛЫҒЫ

Алматы облысы бойынша кедендік бақылау департаменті ұжымының өкілдері Балаларды қорғау күні өткері бұрынан тұрақты қамқорлыққа алып келген Есік қаласындағы сәбилер үйінің бүлдіршіндерін құттықтап кетті.

Сәбилер үйіне делегацияны бұл жолы департаменттегі кадрлармен жұмыс бөлімінің бастығы, кедей қызметінің полковнигі Шайдулла Кожахметов бастап барды.

Бүгін бұл департамент бастығы Құрманбек Артықбаевтың тапсырмасы бойынша сәбилер үйіндегі бүлдіршіндерді мерекемен құттықтап, арнайы әзірленген бағдарламаны тамашалады. «Бала – бауыр етің» әйгілі халық әндімізді Жетімдерге комитеті шарпы санаған бізден ұжым соңғы 5 жыл бойы сәбилер үйін тұрақты қамқорлыққа алып отыр. Осы мақсатта департамент қызметкерлері өз ерікті түрде жарнайы қаржы жинап, оны қайырымдылық акцияларын ұйымдастыруға жұмсайды. Бүгін де сондай шараның шарнын бірнеше күн бұрын отырысқан. – деді Шайдулла Шәйменұлы.

– Келімділер бүлдіршіндер ойнап отырған залға кірді. Алғлар мен апайларын жүзінен жылылықты көрген бүлдіршіндер қонақтарды жатырқаған жоқ. Постқұлдық бақылау басқармасының бас маманы Қуаныш Бейсенбаевпен сәбилер үйінде алғашқы делегацияның құрамында болған Сонын бері жиі сайын бүлдіршіндерге келіп жүреді. Бұл жолы ол кісіге тапсау және статистика бөлімінің бастығы Қанат Сағынтаев пен жас маман, кадрлармен жұмыс бөлімінің маманы Махаббат Кашенбаева да шықты.

Бас дәрігер Марина Жомартованың сөзіне қарағанда, сәбилер үйі 55 бүлдіршінге арналған. Қазір мұнда 40 сәби тәрбиеленуде. Сәбилер үйі облыстық денсаулық сақтау басқармасының балансында. Бүлдіршіндерге 15 бала жұтуын, 24 мейірбике, 7 дәрігер-педиатр және 15 экономист-шаруашылық персоналы қызмет көрсетеді.

Алматы облысы бойынша Кедендік бақылау департаментінің ұжымына, басшыларына деп рахмашы. Олар бізді сұрақты демеушілігіңіз. Балаларын келген қонақтарға алмайды. Сәбилер үйі облыстық бюджеттен қаржыландырылады. Бүлдіршіндерміз ешнәрседен мұқтаж көрші отырған жоқ. Дегенмен сәбилерге шарттілердің көмек ешқашан артық болмайды. Сондықтан біз кез келген көмекке ризамыз. Бүгінде, құдайға шүкір, сәбилер үйіне көмек көрсетушілер саны күннен күнге артып келеді, – деді Марина Сәуленбайқызы.

Бас дәрігердің айтуынша, Сәбилер үйінде бүлдіршіндер 3 жасқа дейін тәрбиеленіп, одан кейін балалар үйлерине жіберіліп кетеді. Ол кісі тоқтам кіргенге бүлдіршіндерге ересек балалар арасында өзінің лайықты орнын табу оңайға түсінбей. Сондықтан Марина Жомартова бүлдіршіндердің сәбилер үйінде тәрбиелеуін мерзімі 5 жасқа дейін ұзартылса, ұтымы болар еді деген ойын да білдірді.

Қайрат МАТРЕКОВ,
Алматы облысы бойынша кедендік бақылау департаментінің басшысының кызметі.

◈ ТАСҚЫННАН СОҢҒЫ ТІРЛІК

ҚАРЖЫ МАҚСАТТЫ ЖҰМСАЛУДА

Алматы облысының Ақсу ауданындағы су тасқынынан зардап шеккен ауылдарды қалпына келтіруге, апат зардаптарын жоюп, жапа шеккендерге көмек көрсетуге түрлі қаржы көздерінен келіп түскен ақшалай көмек көлемі 7 млрд. 393 млн. теңгеден асыпты. Бұл – маусымның алғашқы аптасының соңында келіп түскен мәлімет. Ел ішінде қаржының мақсатты жұмсалуына байланысты өзінің орынбасарлары мен тиісті салалар басшыларын тыңдап, қаражатқа мұқият болуды тағы да қатаң тапсырғанын айта кеткен жөн. «Қалпына келтіру жұмыстарының қай-қайсысына болсын бөлінетін қаржыны алдымен тиісті комиссияның отырысында қарап, заңды шешім шығарылуын қадағалаңыздар. Әрбір тиынның осы комиссияның шешіміне сәйкес мақсатты жұмсалуын талап етемін», – деді облыс басшысы.

Сол басқосуда айтылғандарға қарағанда, Үкімет резервінен жаңа үйлердің құрылысына 2548,6 млн. теңге, күрделі жөндеу жұмыстарына 253,0 млн. теңге, жолдар мен көшелерді жөндеу және салу жұмыстарына 500,0 млн. теңге, зардап шеккен тұрғындарға қажетті көмек көрсетулерге 299,8 млн. теңге жұмсалыпты.

Еліміздегі басқа облыстар мен Ұлттық компаниялардан келіп түскен қаржының 1063,4 млн. теңгесі әлеуметтік нысандарды жөндеу мен құрылысын жүргізуге бөлінген. «Жансүгіров қорына» түскен қайырымдылық қаржысының 156 млн. теңгесі су тасқынынан кейінгі алғашқы кездерде Қызылағаш ауылында асханалар қызметі мен шатырлы қалашықты ұйымдастыруға, осы ауыл тұрғындары үшін егілетін егіске жанар-жағармай алуға, ауыл тұрғындарын газбен қамтамасыз етуге және тағы басқа да қажеттіліктерге жұмсалған. Қазіргі кезде қордың есеп-шотында 1 млрд. 109 млн. теңгеден астам қаражат қалыпты.

Ал судан зардап шеккен елді мекендерді қалпына келтіру жұмыстары рет-ретімен жалғасуда. Күн өткен сайын ауылдар көркейіп, ажарланып келеді. Қызылағаш ауылында 139 үйдің құрылысы аяқталып, тұрғындарға кілт тапсырылды. Ақтоғанда алты отбасы жаңа баспанаға ие болды. Егінсуда да таяу күндері қоныстойлары болады.

Болат ҚАБДЕШҰЛЫ.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАРҚЫН ЖЫЛДАРЫ

Өткен сәрсенбі күнінің сәтінде Қарасай аудандық тарихи-өлкетану мұражайы қызметкерлері мен «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының аудандық филиалы бірігіп ұйымдастырған «Тәуелсіздікке – 20 жыл» атты акция өтті.

Сайлаубек БАЙДУЙСЕНҰЛЫ, "Жетісу"

Аудан ардагерлерінен бастап мектептердің жоғары сынып оқушылары, ұстаздары, мекеме басшылары бас қосқан акцияда «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының аудандық филиалы төрағасының орынбасары С.Тұяқбаев «Тәуелсіздіктің туын тіккен Елбасы» деген тақырыпта баяндама жасады. Ол тәуелсіздіктің тұғырлы болып, мемлекетіміздің дамуының тағдырын шешкен, аумалы-төкпелі заманда елімізді алдастырмай, тура жолымен бақытты болашаққа бастаған ірі тұлға Елбасы Н.Назарбаевтың батыл ойы, бастамашыл қадамы жайлы әңгіме өрбітті.

Қазақстанды мекендеген барлық ұлттың жыырма жыл бойы бір кісідей ынтымағы жарасып, елдің бірлігінің сақталуы тұғырлы Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының сарабдал саясатының жемісі екенін ашық көрсетті.

Жиында сөз алған аудандық «Қазақ тілі» қоғамының құрметті төрағасы Ү.Тастанбеков, аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары С.Қыдыралиев, зейнеткер М. Мұхановалар елімізің тәуелсіздігі жайлы әңгіме қозғалғанда Елбасының есімі бірге аталып, мемлекетіміздің жеткен жетістіктері бірге өрілін айтылатындығын тілге тиек етті.

Ал аудандық тарихи өлкетану мұражайының директоры М.Қожанова бүгінгі акцияның мұражай үйінде өткізілп отырғанының басты себептеріне тоқталды. Жиналған жұрт мұражайдан қазақ елін әлемге танытып, мойындатқан саликалы саясаткер Елбасының еліміздің болашағы жолында тер төгіп, еңбек еткен жылдарының жылнамасын қайта жүріп өткендей болды.

Акцияны «Нұр Отан» ХДСП аудандық филиалы төрағасының орынбасары С.Тұяқбаев қорытындылады.

ҚАРАСАЙ АУДАНЫ.

◈ МАМАН МІНБЕРІ

Елбасы Н. Назарбаевтың биылғы жылғы «Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты халыққа Жолдауы еліміздің дамуының алдағы онжылдығын. межелеген маңызды құжат болып табылады.

Жолдау жүктеген міндеттер

Онда «адам – елдің басты байлығы» болып саналатындығы алға тартылып, елді жаңғырту стратегиясын іске асырудың табыстылығы ең алдымен қазақстандықтардың білімне. әлеуметтік болмысына байланысты екендігі баса айтылған.

2020 жылға қарай қалалық, сол секілді ауылды жерлердегі барлық балалар мектеп жасына дейінгі тәрбие беру және оқытумен қамтылатын болады. Бұл орайда Елбасы елімізде мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің зор әлеуеті бар екендігін атап өтті. Жеке меншік балабақшалар мен шағын орталықтар мемлекеттік мекемелерге балама орталықтар болып келеді. Жалпы. 2020 жылға қарай орта білім беруде 12 жылдық оқыту моделінің табысты жұмыс істеуі үшін Үкімет барлық қажетті шараларды қабылдауы қажет екендігі қарастырылған. Осыған орай кәсіптік және техникалық білім беру кәсіби стандарттарға негізделіп, қатаң түрде экономиканың қажеттіліктерімен өзара байланыстырылуы қажет.

Эльмира ҚЫСТАУБАЕВА.

ЖАМБЫЛ АУДАНЫ.

ЕЛ БОЛАШАҒЫ – ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ

Тіл – тірегіміз. Ал өз тілін білмеген адам өз елін, тарихын да ойламайды. Қазақ тілі халқымыздың рухани байлығы, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып қалатын асыл мұра.Ата-бабамыз туған тілдің маңызын, қадір-қасиетін әуелден-ақ білген.

Ел болашағы – жастарымыздың бойындағы қазақ тіліне деген құрмет пен сүйіспеншілікті сіңіру баршамыздың алдымызда тұрған зор міндет болмақ. Білімді маман болам десең, өз тіліңді білу және өз тіліңде сөйлеуге тиіссіз. Мемлекетімізде қазақ тілінің дамуына толық жағдай жасалған.

Ұлттық тіл – асыл қазына. Мемлекеттік тілімізді қадір тұтпай, ел-жұртымызға қамқор бола аламыз ба? Тіл тазалығы туралы бүкіл ел болып ойланғанымыз жөн. Кейбір жастарымыз ұлттық тілде таза сөйлей алмағанына қынжылады. Оның бірден-бір себебі, ата-аналарының тәрбиесі. Өнегелі қарты жоқ жерде, ерелі жас та болмайды. Менің тілім деп жан ашитын, тілімен мақтаныш сезімге бөленетін ұрпақтарды оятатын жол керек, тек қана жалаң ұрандар көтергеніміз жарамайды. Кейбір азаматтар өз тілімізге немқұрайлы қарап, өзге тілде сөйлегенді мәртебе көреді.

Мемлекеттік тілді дамыту ешқашан назардан тыс қалған емес. Мемлекет басшысы да қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі болып отырған мемлекеттік тілді одан ары дамытуға күш-жігерімізді салу әрбір азаматтың парызы, тілді сақтау, қорғау абыройлы борышы, – деген жоқ па!

Қазақ тілі – қазақ халқымен қатар, әлемнің басқа да көптеген елдерінде тұратын отандас қазақтардың тілі. Тәуелсіздігіміздің негізгі тірегі де ұлттық тіл екендігін ұмытпайық!

Бақыт НЕМЕРЕБАЕВА,
облыстық әділет департаментінің бас маманы.

◈ КЕДЕНДІК ОДАҚ ТАЛАПТАРЫ

БАҚЫЛАУ БАРЫНША ЖЕТІЛДІРІЛУДЕ

Болат АБАҒАН, "Жетісу"

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті шекарадағы кедендік бақылауды жетілдіру мен ел аумағы арқылы жүк тасымалы тәртібін автоматтандыру мақсатында өткізу бекеттерін техникалық жабдықтауды барынша жаңыртуды қолға алды. Кедендік бақылаудың осы заманғы техникалық құралдарын енгізу мен оларды бұрыннан қолданыста болған жүйелермен кіріктіру ҚР кедендік шекарасы арқылы тасымалданатын тауарлар мен автокөлік құралдарын тексеру мен кедендік рәсімдеуді барынша қысқа мерзімде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Осыған орай, тексеру сапасын арттыру, жүктерді рұқсат етілмеген ұстауларды азайту, кедендік бақылаудың тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында түрлі контейнерлерді жабық күйінде тексеру үшін «Достық – Алашанкай» өткізу бекетінде THSCAN RF9066 инспекциялық-тексеру кешені орнатылған.

Аталған кешен теміржол көлігі сағатына 30 шақырымнан аспайтын жылдамдықпен келе жатқанда контейнерлерді ашпастан контрабандалық тауарлар, жарылғыш және есірткілік заттар, қару-жарақ және тағы басқаларды табу бойынша тексеруге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде кедендік бақылауды адамның қатысуынсыз жүргізуге және жұмсалатын уақытты барынша қысқартуға жол ашады. Теміржол көлігі сканерлеу детекторы арқылы өткен кезде металл заттардың немесе тауарлар туралы толықсанды ақпарат алуға (кез келген уақытта) мүмкіндік беріп, ел аумағы бойынша және кедендік шекара арқылы тауарлардың қозғалысын нақты уақыт режимінде бақылауға (көзбен шолу арқылы) жол ашады. Тауарлардың тиісті кедендік органдарға жеткізілуі мен сақталуын қамтамасыз етеді, тауарлардың «жалған тасымалын» жоққа шығарады. Кедендік бақылаудан өткізу кезінде «адам факторын» болдырмау арқылы қызметкерлер санын ықшамдауға мүмкіндік беріп, Қазақстан Республикасы аумағына енгізуге және тасымалдауға тиым салынған заттардың кіргізілуіне жол бермеуді бақылауды күшейтеді. Көлік және коммуникациялар министрлігімен екі жақты ақпарат алмасуды қамтамасыз етіп, автокөлік құралдарын белгіленген көлемдерді және білікке түсетін салмақты арттырып жіберуге байланысты бақылауды жолға қояды.

Кедендік терминал кедендік бақылауды тиімділікпен жүзеге асыру үшін жолаушылардың қол жүгі мен жүктерін кедендік бақылаудан өткізетін «Хайман» рентгентелевизиялық аппаратымен жабдықталған.

Қазақстан – Қытай шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарын тұрақты әрі автоматты режимде радиациялық бақылауды қамтамасыз ету мақсатында «Достық» кедені қызмет ететін аймақта радиобелсенді материалдарды табуға арналған «Янтарь» стационарлық жүйесі орнатылған. Бір орталықтан басқарылатын жүйенің бес кешені (темір жолға үшеуі, автокөлік және жаяу жүргінші өткелдеріне бірбірден) қойылған. «Янтарь» стационарлық жүйесі гамма және нейтрондық сәулеленуді табуға арналған. Жүйе оператордың автоматтандырылған жұмыс орнынан, бейнебақылау жүйесінен, дабылдағышты өңдеу және күшейту бөлігінен, гамма және нейтрондық сәулеленуді анықтау (қабылдау) бөлігінен тұрады. Радиациялық артық деңгейі бар нысан мемлекеттік шекарадан өткен кезде бояуы және дыбысты дабылдағыштар автоматты түрде қосылады. Бейнебақылау жүйесімен дабыл туғызған нысан көрсетіледі. Барлық ақпарат байланыс желілері арқылы оператордың жұмыс орнына беріліп, жүйенің жадында сақталады.

Өткен жылы «Атасу – Алашанкай» құбыр желісі бойынша 7726354 тонна мұнай өткізілді. Достық теміржол бекетінің 2009 жылға жоспарланған жүк тасымалы көлемі 14 млн. тонна болса, ҚХР-ға барлығы 10786800 тонна жүк жөнелтілді. Қазақстанға 4723938 тонна жүк енгізілген. Бұлғы жоспарланған жүк тасымалының көлемі де 14 млн. тонна. «Достық» кедені өткен жылы мемлекеттік бюджетке 94750324 теңге кедендік салықтар мен төлемдерді өндіріп, аударыпты.

◈ СЕМИНАР

Жуықта Қарасай ауданының ортасығы Қаскелең қаласындағы аудандық санэпидстансысы ғимаратының залында аудан және қала бойынша еңбек ететін профпатолог мамандардың кәсіби деңгейін арттыру мақсатында біріккен көшпелі семинар өтті.

БАСТЫ БАЙЛЫҚ – ДЕНСАУЛЫҚ

Сайлаубек БАЙДУЙСЕНҰЛЫ, "Жетісу"

Семинарға облыстық, сондай-ақ, Қарасай аудандық санэпидстансы басқармасының және «ЕДО «Авиценна», «Evelma Med» ЖШС-терінің профпатологтарымен қатар «Атамекен» одағы, шағын және орта бизнес нысандарының өкілдері мен басшылары, облыстық кәсіпкерлік өнеркәсіп басқармаларының мамандары қатысты.

Семинарда өндірістік кәсіпорындар мен кіші және орта бизнес объектілерінде кәсіптік сырқат түрлерінде шалдыққандарды анықтау, осыған орай, дәрігерлік байқауларды жүргізудің жаңа талаптары таныстырылды. Сондай-ақ, шағын және орта бизнес ұжымдары басшыларының қатысуымен кәсіптік сырқаттың пайда болуы негіздерін түсіндіре отырып, оның алдын алу үшін арнайы оқыту семинарларын ұйымдастырудың пайдасы жайлы кең түрде сөз болды.

Кәсіби сырқатқа шалдығудың алғашқы сатысы негізінен кандай да объектілердегі өндірістік құралдардың санитарлық-гигиеналық талаптарға сай келмеушілік екені ескерілп, объектілерге және көлік құралдарына санитарлық паспорттар беру, есепке алу және жүргізу ережесін белгілеудің мол мүмкіндіктеріне жамжақты тоқталды. Көтерілген мәселе бойынша мамандар өз тәжірибелерімен бөлісті. Жұмысқа кедергі болып тұрған проблемаларды тілге тиек етті.

Семинарды ашып, жүргізіп отырған облыстық санитарлық-эпидемиологиялық департаменттің өндірістік объектілерді қадағалау бөлімінің бастығы Ләззат Сапеева атқарылып отырған жұмыстың сапасы жайлы әңгімелейді.

Ол облыс көлемінде 1709 кәсіпорынның 1486-сы кіші және орта бизнес объектілеріне жататындығына тоқтала тұрып, мұндағы жиі-жиі жіберілетін кемшіліктерді атап өтті. Әсіресе, кейінгі жылдары көптеген кәсіпорындарда еңбек ететін жұмысшылардың киз жанарының нашарлап, сөкырлыққа шалдығу қаупінің арта түсуінің себептерін түсіндірді. Сондай-ақ құлақтың естімей, керендік сырқатына шалдығушылардың шамадан тыс көбейіп бара жатқаны жайлы да нақты мысалдар келтірді. Ең қиыны, осындай кәсіби науқасқа ұшыраған жандарды жұмыстан заңсыз шығару, ауыстыру фактілерінің кездесіп отырғанына тоқталды.

Семинар қатысушыларына ұсынып отырған мәселе, кәсіби науқасқа шалдыққан жұмысшылардың денсаулығын тексеріп, анықтау, оларды негізсіз жұмыстан ауыстырудың алдын алудағы басты шара екенін атап көрсетті. Ол үшін алдын ала дәрігерлік байқаулар өткізіп, өндіріс орындарындағы техникалық құралдардың адам денсаулығына әсерін азайта түсуге байланысты атқарылатын шаралардың басты бөлігі профпатолог мамандардың міндетіне жататындығын ескере сала тұрып, семинарға қатысушыларға жемісті жұмыс, табысты еңбек тіледі.

ҚАРАСАЙ АУДАНЫ.

◈ ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ

ЗАҢ ТАЛАБЫНА САЙ

Уақыт ағымына орай алғашында республикалық деңгейде құрылып, бүгінде облыстық әкімдіктің құзырына өткен халыққа қызмет көрсету орталығы мемлекеттік мекемесінің жер-жердегі филиалдары елге 24 түрлі қызмет көрсетеді.

Соңғы кезде функциямызға қосылған бір міндетіміз – азаматтарға тұратын орны туралы анықтама беру болып табылады.Бұл стандарт қандай да бір тұлға туралы мемлекеттік органдар және тағы басқа салалар үшін нақтылы анықтама беретін әдрестік бюролар жұмысын ретке келтіреді. Өрине, осы сияқты мемлекеттік қызметтердің барлығы біздің Текелі қалалық филиалында да заңнама шеңберінде Үкімет қаулысына сәйкес атқарылады.

С. АЙНАҚҰЛОВА,
Текелі қалалық ХҚКО филиалының кеңесшісі.

◈ *"Жетісу" жазып еді...*

АҚЫН ҚАЛҚАНЫҢ жөні бар

"Жетісу" газеті бейсенбі 2010 жылғы 17 сәуір күнгі сонында Қаратоғай Жазғытұрым орманшылығының мәртебесі Нұрила Бектемірованың "Ақын Қалқанның ақтық өмір жолы" деген мақаласы жарық көрді. Мақалада Қалқа Жапсарбаевтың асқан өткір тілді ақын болғандығы, Ақын Қалқа кеткен үйге ел-жұрт сыйлай, сыртта тұрып тағзым қалдық қалғаны, оларды өз қазымен көрдім. Халық, оны сүйетін, сыйлайтын. Өйткені Қалқаның өлеңінде кей жағдайда шамадан, айтылмағанын жұрт қатты риза болатын".

Әкем Нұрахмет ақын Қалқамен бақталастың бойында Байшегір Сүндетбайдың үш жүзге арналған асында танысқан екен. Сол ата-шулы аста үш жүздің белгілі адамдарын қатысып, өздерінің ақындарын, гәзиттерін алып барып, ата салт дәстүрін ұстаған екен. Жетісудың елге аты мәлім отыз шақты айтыс ақындары қатысқан. Осы айтыста алдына жан салмай жырлаған айтыс ақыны Кенен Әзірбаевты әдіпқазы тәрешілердің келісімен жиналған қалың жұртшылық көтеріп , тәрге тәселген ақ киіздің үстіне апарып отырғызады. Содан кейін бірнеше айтыс ақындары шығып, сайысқа түссе керек.Бірақ, оларға ондай құрмет көрсетіле қоймаптты. Кезек Қалқа ақынға да келген екен. апағасынан домбырасын шертіп отырып, ойланып,сұрған күй кешкен ақын атамыз, дүбірге толы айтыс қанатында өлең жолдарының көгенін ағытып жіберсе керек. Өрбір айтқан сөзі, өлең шумақтары қалың жұртты сиқырлап тастағандай, тыр ете алмай тыңдаған екен. Ара-арасында әзіл-қалжыңмен түйреп өтетін қанжар тілді ақынның айтысын тамашалаған халайық жи-жиі қыран-топан күлкіге көмілып отырған көрінеді. Қалқа ақын айтысын аяқтағанда, жиналғандар айғайлап, ере түрегелп, қатты қошамет көрсеткен көрінеді. Содан Кенекеңнің қарама-қарсысына, жиналғандар Қалқа ақынды көтеріп апарып аң киізге отырғызыпты. Сол асқа келген отыз ақынның ішінен осы екі ақын ғана осы шығып, бір-бірімен айтысқа түскен екен. Сонда Кенен ақын елің, жерің мақтап, мадақтап,қазақ-қырғыз арасынан аты шыққан ақын екенне тоқтала келе

Өлге келсе бүлбұлмын.
Ақылға келсе білгірмін.
Болыс болып қалқыма,
Айдында ақсу ішердәм
Қарағы адам мен емес,
Гимназия бітірдәм.
Жандосовтен бір жүрмін,
Шындық сөздің адалы,
Алтымнан басым бағалы. – деп жырлағанда, Қалқа да қапыспай, дереу:

Оқуды халық білмеген,
Бұрынғы өткен замандағ
Оқымаған адамның,
Бері айған надан ба?
Оқыған жоқ, тақсыр-ау,
Сүйенбай ақын бабың да. – деп ұтымды жауап беріпті.

Кенен ақын Қалқаның талқыр өлеңіне мән беріп, жол беріп, бас бәйгені жолына байлапты. Ол кезде елемеп, жас жігіт шағы екен. Қалқа ақынмен жақын таныс болып, тойжиындарда жиі-жиі кездесіп жүрген көрінеді. Сыйласымды жақын жегжат адамдай болып, араласып кеткен. Қалқа ақынның бала күнімде үйге қонақ болып келгенін талай көзім көрді. 1967 жылы үлкен шешеміз дүниеден өткенде Қалқа ақынның жырмен жұбату айтып келгенін жақсы білемін. Өйтеуір ақын ата үйге келген сайын ауыл түгел жиналып, түннің бір уақытына шейін айтқан жыр-өлеңін тыңдап, жұртшылық ұйып қалатын.

Ия, Қалқа ақын онымен, жырымен Жетісу өңірне өте бедделі болды. Оның өлеңдері туған жерине, сүйікті қазақ елінің арнайылысып, әрине алауметік-тарихи мәселелерді де жырына қосып, пирикласының тарихидың қуатына да ерекше қанда болып отырды Өз өмір сүріп отырған кезеңнің жетесіне қуаныбостандық, дағған елінің бақытты тұрмысын , ауыз еубектерінің жарқын бейнесін өленіне қоса білді. Қабан жырау, Бақтыбай, Мәуітбай, Қашаубай ақындардың айтыс-жырларын кейінгі ұрпаққа жеткізіп, өзі де айтыс өнерінің ақтаңгері бола білді. Ертеректе Нұралла, Құрама, Қайранбай,Өтежан кейіннен Кенен, Үмбетәлі, Ес.дәулет, Иманжан және Қуат ақындармен айтысып, осы өнерде мол мұрасы қалған халық ақыны.

Ақын шығармаларының дені – дастандар. Оның ішінде өткен, кеткен заманлардағы аты аңызға айналған тарихи тұлғаларды жырына қосуы. Осындай аңыз- аңғімелер негізінде жазылған «Орақты батыр», «Тұрлыбет тұралы», «Уәли Шора» және тағы басқа дастандары, сөз жоқ, құнды дүниелер. Әрине, Қалқа ақынның айтқан өлең-жырлары қағаз бетіне толық түсірілмей, әзмен бірге кетті, кебісінің бізге жеткені қалғаны анәшті-ақ.

Қазіргі өлең-жырларының өзі кейінгі ұрпаққа бағалы үлгі-өнеге екені сөзсіз. Осындай ақын-жыршы атамыздың есімі туған жерінде мәңгі қалып, Мұқыры ауылына атын беру туралы жазушы Нұрила Бектемировалың ұсынысын толық қуаттаймын. «Ел ұлы ел жаңа» деген ұлым бар Қалқа Жапсарбаев кепесі жылы 125 жасқа толады. Осы бір ерекше дарынды айтыс ақынының сән басқан бірде-бір талантты жасты өзіріше туған өңірімізден көре алмай тұрмыз. Екі ғасырдың, екі дәуірдің, екі заманды жырлаған ақын Қалқаның шоқтығы биік екенін мойындауымыз керек екені Мұқыры ауылында өткізілген ауып тұрғындары жиынында орындары айтылды. Ертеңгі ұрпақ ақын ата атын қастерлеп жүру үшін бүгінгі ага ұрпақ өзі өлсе де сөзі өлмейтін ақын Қалқаға шынайы құрмет көрсетуіне әбден болады. Сол жиынға ауданның құрметті ақсақалы Тельман Құрмашұлымен бірге қатысып, өзімізді сағынқалы пікірімізді айттық. Жиында батыр ағамыз Нұрмолдаға ауып атын берсек деген пікірлер де болды.Сол уақытта ақын ата құдіреті мені қоздады ма, білмеймін өз-өзінен мына шумақтар оймға жазылып кеткені:

Жер жаннаты атанған,
Жетісудай өңір бар.
Шұмақтан тараған ,
Андас, Сыпатай елім бар.
Одақ да Андас, қырда Андас,
Көп болған соң бүп елім,
Ештеңеден құр қалмас.
Сыпатай ата елінде,
Ат шаптырым жерінде,
Нұрмолда жатыр төрінде!
Осы ауылдың атыма,
Қанжар ақын аталған,
Қалқа атының жені бар.
Ұрпағына қалдырған,
Мол мұралы сөзі бар.
Осыған халқым тоқталық,
Енді айтатын несі бар.
Нұрмолда ата бермез,
Андас-Қалқадан тарағанбыз.
Ол да Қалқа, бүп да Қалқа,
Алла жазған хатымыз,
Қалсын осында мәңгілік,
Қалқа деген атымыз!

Қара өлеңнің құдіреті жеңді ме, жиналған жұрт тына қалып, ауып атын Қалқа ақынға берейік деп бір ауыздан шешімге келді. Мен бұл қысқа мақаламды ақын Қалқаның көзін көрген әкемнен естіген әңгіме желісімен есте қалсын деп жазып отырмыз. Әр күннің, жылымыз дөңгеленіп, тарихқа кетіп жатыр, бір ғасырдан астам уақыт бойы сұрып салма ақындығымен Жетісу өңірі, мұхым қазаққа белгілі болған ақын Қалқаның есімі өшпей ел-жұрты ауызында жүруі үшін қолдан келген жақсылығымызды жасап, ақындың атын әспеттеу біздің еншімізге жазылған екен. Жарасымды ісімізге Алла тағала жар болғай!

Амангелді ҚАЛДЫБЕК,
аудандық АӨК қызметкерлері кәсіподағының төрағасы, Көксу ауданының Құрметті азаматы.

◈ *Сағыныш*

Өкінішті хабар. Шілденің 9-10 сәулесінде ақынның Талғарлықтағы пәтерінде жазған қарындастарын әбігерге салғандай еді. Сол жақтың байырғы Кердұлақ ауылынан Тұрсынхалық деп еді. Ұлтжандысы, бірлігі өзінші, бірлігі үлгілі ерекшелігі ағалығы болатын.

Екпіндегі қаламгерлігімен есімдей болғаны. Бір-бірімізді неғұрлым бір-ақ рет көрсек те бұлтсыздық қалыптасқан қарындастарай жақ алысып жүрдік. Жай ғана, ағалардың.

Кейінгі ерлік өз бірлігінен өзге сапасына ішіне кеңе барды. Бір-бірімізден бірақ қара үзіп қалғанымызбен кейінгі кездесулер ерекше болатын. мұң-сырға болдық. Мен арада 15 жыл салып бірінші өлім елестегенбін бала Тұрсынхан емес, ересі ескен, болмысқа, көзқарасқа қалыптасқан Тұрсынхан болыпты, ризамын.

Қасқалдайда «Айқын» газетінің жанашыры ретінде, кейінгі «Хабар» арнасының сол өңірдегі өкілі болған.

Ол бұған елін, Жетісудың сөнгіленген жаңғырығын айбатын. Менің елдегі жаңалықтың бірде-бірін

Сағынып НАМАШПАМОВА.

ЖЕТІ АТА

(Заманға лайық әңгіме)

...Тіпті мен бөлгіне көрген көз сүйсінер, жанай өткен жолаушы болса ат басын ерікті қымыз ішіп, қызықты әңгіменің көрігін қыздырып қайтатын шағын ғана зуылдам ұя, мені, жетінші күн, шаласауаттылау Сейіс әкелген өткендегі хабардан соң мазасыз күй құшағында. Тамырларын білеуленіп кеткен қос қолын артына ұстаған қалпы Мәсім бай тысқа шыққанда туар тан құлан иектеніп, құба жондардан жер бауырлап атып келеді екен.

– Алдымда Бишіктідегі Беген батыр атаманан бітken дәуретім болмаса, жан баласына қисық сөйлеп, қиянат жасаған жерім жоқ еді Байлықтың да басымдағы сорыма жиналғаны ма сонда, – деп іштей күрсінген ол таңы да тығырықтан шығар жол іздеп, ой құшағына шомды Өткендегі Сейістің әңгімдарын есіне қайта түсірді. Әсіресе, оңашада өзіне қана айтқаның ойлағанда жаны мүлде түршікken.

...Мына зұлматтың беті қатты көреді Сен жақсының да, жаманның да, берібір ол жанын тарасынан жатқан жан жоқ, тек бай болсаң болды, феодал, шонжар, елге тізесін батырған Батыраштардың ұрпағы деп шетінен итжеккенге айдалады екен. Осы сыбыстың қаншалықты растығын анықтау үшін ортағынға сұит барып, жедел қайтқан Сейіс жамағайын бір туысы арқылы малмұлкі тәркіленіп, өздері итжеккенге жіберілетін жұан-қарағайдың тізімінде мұның да барлығын білп келген. Арада өткен бір жетіде маңайындағы сылас, дөңдес болып жүрген Жекен Өтемісұлы ауқаттылардың "жер аударуға" алып кетілті дегенді естіген сайын Мәсімнің де мазасы кетіп, кірпі ғана сіпсе қалың қол кісен сала қоятындай боп үйқысы да қашқан.

Ары ойлап, бері ойлап ежелден қуанышы мен қайғысы бір Жуманбайдың "мал-мүлкімді талап-таражға салдырып, тірідей айдалғанша, амалын тауып ішкері жақта із жасыралық" дегенне тоқтаған. Тағы бір қырсықтың құлағы шығып қоймаса бүгін бесінде жиналып, ай туар шақта атқа қонбаққа үеде жасалған. «Иә, жаратқан, жердегі пендеңе жар болғайсың» – деді де, соңғы уақыттағы шиеленіскен қыр-сықтан құтқаруға септігі тиер деген оймен дәрет бас ұрған ниетамен кезекті намазын оқу үшін үйіне қарай беттеді...

– Ал, ардақты ағайын. Төскейде малымыз, төрде қонағымыз қатар ел еді. Басымызға әлдекімдей күн туып, кетіп бара жатырмыз. Әкесі өлгенді де естіртеді осы ғұмырында ақылдарыңды жеп, қарыздарыңды қайтармаған кезім болса айтыңдар, алда-жалда көз жұма қалсам артымда берешек болып қалмасын. Ағайынмен араздасқандай болмайын деп осы дастарханды сіздерге арнап әдейі жайдырған едім, ас ала отырыңыздар. Кешіксеңдер безгенмен кандық тамған мекеннен қалай безерсің. Заман тынышталып, ел орнына жайланған соң, орайы келсе, орапарымыз Іздеушам жоқ деп күңіренбесін. Қысылшақты басындағы ата-баба аруақтарына жұма сайын болмаса да ай сүлтілай құран ете жүргейсіздер. Ер өлгенмен ерді өсірген ел өлмесін. Мына Қатыштың, бай байбішеден сол төменде отырған жас тоқалына қарап сізін жарғады. – ауыр ақ екенін баршаңызда білесіздер. Ұшарымызды жел, қонағымызды сай білген қаңбақ сынды қаңғыбас сапарда оны да жарық дүниеге келіп үлгермеген ықтері көрестені де қинап, ауыр жолға алып шығуға дәтім шыдамады. "Ел ғұ – алтын бесік" емес пе, сіздерге аманаттап және ата-бабаның өмеңгерлік жолымен әгаманың баласы Баяділдеге қосып кетіп барамын, тек келер ұрпақтарыңыз есіп-енгенде әгей көрмесін. – деген Мәсім бай арада сүт пісірім уақыт өткенде шағын ғана топпен Тайғақты бетке алып, тау сілемене сіңіп кездеп ғайып болған.

Асық атып, ағаш аттаған ауыл толдырған бірі он үш-он төртте, екіншісі жетіден жаңа асқан қос бала туған өлке, таныс маңға қимай-қимай қараңыстап, белден асқанша кездерін сата ұзақ қарағап. Бұл жаңа өкімет келіп жатқандағы көп суреттің бірі болатын...

...Күлпаш келіп-кеткелі арада үш күн өтсе қайран шеше мезгіл шалына қызымен арадағы өңгіме жайлы сөз бастаудың ретін таба алмай-ақ қойған. Бүгін сонын орайы келгендей.

– Жамандық-жақсылы жұрты қасырдай отасыпты. Он бесімде тіккен отауымның қызығы мен шығығын, күйінша мен сүйінішін де қатар көріп келемін, – деп, айтарын бірден лақ етпеуге салмай сыртталықтап сыр тартып, бейшешеге тән байсалдылықпен бипаздап бастаған әңгімесін. Мұндай әуенмен ауде бір болмаса тәкке басталмайтынын білетін Нүскен қария да «осы кемпір тағы нені бастайын деп отыр» дегендей ақырын күтіп қаймақ, араласқан қою шәйды бәлпен ішіп, мейлінше сыр бермеуге тырысқан.

– Күздің қара суығы болса керек, су бетіне қабыршақ мұз қатыпты. Сіре, осы қараша басталмай қар түсетін шығар. Кеше жаңу бақсы, алпыс өлкенді айтам да, сенсолық әулиендардың есебі бойынша бүгін-ертең күшті жауын жауып, арты қарға ұласады екен» деп бір нәрсе бықсытып жүр еді. Жақсының айтқаны келмей жаманның сандырағы келіп жүрмесін, не де болса енді жаз болмасы хақ... – деп сөз ұшығын ұстата қоймаған қари жолдасының мына қылығынан «мен не дейміп, домбырам не дейді» дейтіндей дым білместік еместігін бұның да ыш сезіп отырғанымен жасырынбақ ойлардың тағы да ортаға салды.

– Қараша басталмай қар түссе қыстық қордың мұрты ерте оңылады десеңші. Отағасы-ау осы малды қашанғы бақпақпыз, бір-екеуін сатып, екеумізге ықшамдап қойсақ етті балалар болса, қала асты, олар малды қайтсін. Бері де дәйын асқа тік қасық, бола қалудың армандайды. Ана қыздың да оқуы жақында тамамдалады ғой, ел қатарлы киесін өмірінде болар бір қуанышы гой оқу бітіргені. Сосын, «саудагер мұраты – ұту, жол мұраты – жету, қыз мұраты – кету» деп кеп тұра ма, кім білген, дәйын болған жөн ғой, – деп, қызының үлкен оқуды тәуіскалы отырғанын жолеу етіп әңгімені өз иілгуне жіндірп алып, қашанғы әдетімен ірғы мен бергін шолып кепкенде сазның тоқ етеріне тоқтаған.

– Қыз екеуміз "құлыным болақаным" деп еркелетіп жүрсек әлгі қыз да бойжетіп қалыпты Мен айтпасам да ішің сезіп жүрген болар. Сабақ уақытында тегін адам ауылға келе ме, күйеуге кететінін айта келіпті.

Осының айтты да "ал, бұған не дейсің" деген сынәймен шалына қарап бәрәзге дейін тіл қатпастан үнсіз қалған Тек сәлден соң «кепесі аптада құдалар келетін болыпты. Жалпақ қыз деп төбеңе еркелетіккенің сонша, енді келіп құдалы, мерзімін де өзі кесіп-пішіп келіпті Сонша асығатындай о не деген мақаббат екен-ей, әй, – деп сөз арнасын басқа жаққа бұрып, ашке бүгін қалған асығыстық себебін сұрауға мұрша бермей бос кеселерді жинастыра бастаған.

– Әй, Бедиша-ай, көмпескенің залалының босығын бауырдан, ақырғаң ағайыннан айырылып алынып, әлпі апаңның мен қарындастың қамқорлығына зәру боп өскенсің, енді үстіне тәрт үйдің ортасындағы жалғыз қызым болғасын еркелетпей не істейін, – деп, бірақ тебіренің әлді да қашанғы қызына деген мейіріммен. – Бізден Күлекеңнің жүрген жаулаған ол көп екен, ата-анасы, туыс-жұрағаты бар ма екен өзі, – деді де сұрап үлгерген бе деген көмпен кемпірше қарағап.

– Ой күні кәстар жеңге айтушы ма еді, бар білгенім өне-шешесі деякей бөгеулер көрінеді Құдай қаласа болғалы жүрген күйеудің өзі беделден жұрдай емес, орташа болса да бір пірменің бастығы екен, – деңгей Бедиша өлдебір мақтанышпен айтқан. Өзіне ұнамаған іс болса тұра айғайға басатын шалының жалғыз қызына келгенде дәрменсіздік танытып, ішті болса да "қыздың жат жұрттық" екендігін мойындағысы келмей күмілжіп қалғанын бұл білгенмен үндемеді.

***

"Қоңыр күздің мейлінше шуағын төккен күндерінің бірі. Табиғатының тынымсыз Нүскен қарт аталас ағайынды Өбкенге әйтеуір бітпейтін шаруаларының бірін мүкият тәбыстап жатыр. – Өй, ана көксоқандарға айт. Асылбектерды айтам, атасының асын бүтін көргендей ашы суға тойып алып, жаңа келген жас құдалардың алдында абыройымызды шашып алмасын. Олар кеткен соң да ше жатады ғой, өзің бас болғайсың, сырт көз сынашып келеді. Артық қимылдап қойып ертең қарындасыңның бетіне басып жүрмесін Бұл да болса төренен кәрі жақын бүздердің бір парызымыз ғой..

Өбкем бейне қонаң адамдай бас изегені болмаса, тіп қатпастан ішті тыңдаған.

– Ой, шүйінша, құда келіп қалды Бедешей, ей Бедеш, шашуың қайда – деп үлкендер жаңы шу ете қалғанда, отыз бен қырықты енді алқымдаған абысын-ажындар құдашалық жасап арқан кеңіп үлгірген. Жаңа құдалар да шамалары келгенше жолдарының жыпылаусыз тырысып-ақ бағуда.

– Ал, құда, – деп сөз бастады жаңа ғана табалдырықтан аттаған күрметті мейманлардың ағаңдегі жолбастаушысы сөйқтанған етжеңдеу келген елуді еңсерген біреу. – Ауылымызға ат басын бұрып, алдыңызға адал ниет ақ қаңылмен келіп қалдық. Екі бала бірінбірі ұнатқан екен, екі елдің ортасын жалғағалы келіпк. Жұбымыз жарасқан туыстықтың туын тіктек ойымыз бар осы сапарда. "Жүзжылдық" күйеудің әкесі "мың жылдық" құданыз мына Таңабай есімді інішек болады. – деді де, сіре өзінің әдеп болса керек, өзінен бір орын жоғары отырған елуге жетекабыл жастағы құдай бере салған қалыңы да, екі қазанның "бермесең қолыңнан тартып жер" балтырғыс тән жалының да бар, байсалды кемпірге қарқасының арқасынан қақты. Темірді қызған кезінде соқ демекші, ортақ әңгіменің беті бір ашылғасын екі жақ та мал-жанның басталып, тұрмыс-тіршілік үрім-бұтақ, ата тек жөнінде жарыса сұрасып кетті.

– Ал, құрметті қонақтар "жүздің түрін білгенше, бірдің ағайын бол" деген, қай өлкеден тамыр тартқан ағайын болаласыздар. – деген Нүскен қарттың сөзіне бірақ боп тағы да етжеңдеу қонақ жауап берді. – Біз негізінен осы өлкенің тұрғындығы адамдарымыз ғой. Тек, сонау зобалаң жылдары жарты ағайын шекара асып шетелге кетті. Қалғандығанан есіп-енген үрпақ осы күні бір ауыл болып отыр. Мына құдағиз кезінде Қызылшоқының мекен етken Бишікті Бегенбатырдан тараған бесінші үрпақ болады. Әзім осы ауеттің ұрғесі сөгілмес досы Жолды Жұманбайдың немересі боламын.

Мына сөзді естіген Нүскен қарттың тіл-аузы байланып, ішті тыңған Сәлден соң ғана өз-өзіне келгендей жұлып алғандай. – Қызылшоқыдағы Бишікті Бегенбатырдан тараған қай атаның баласы бұл. – деп сәңқ ете қалды. Жаңа ғана жылы-жұмсағын алдына тосып, құрметтеп төрге отырғызған үй иесінің мына қылығына құда түсе келген қонақтар да, ағынкті істің ортасында болуға шақырылған туыс-тума да таң қалысқан. Ортадағы құлаққа ұрған тәнәдай тыныштықты алғаш боп бұзған Таңабай құда: «Только что мына Абекең

Ақынның кешесі. Шілденің 9-10 сәулесінде ақынның Талғарлықтағы пәтерінде жазған қарындастарын әбігерге салғандай еді. Сол жақтың байырғы Кердұлақ ауылынан Тұрсынхалық деп еді. Ұлтжандысы, бірлігі өзінші, бірлігі үлгілі ерекшелігі ағалығы болатын.

Екпіндегі қаламгерлігімен есімдей болғаны. Бір-бірімізді неғұрлым бір-ақ рет көрсек те бұлтсыздық қалыптасқан қарындастарай жақ алысып жүрдік. Жай ғана, ағалардың.

Кейінгі ерлік өз бірлігінен өзге сапасына ішіне кеңе барды. Бір-бірімізден бірақ қара үзіп қалғанымызбен кейінгі кездесулер ерекше болатын. мұң-сырға болдық. Мен арада 15 жыл салып бірінші өлім елестегенбін бала Тұрсынхан емес, ересі ескен, болмысқа, көзқарасқа қалыптасқан Тұрсынхан болыпты, ризамын.

Қасқалдайда «Айқын» газетінің жанашыры ретінде, кейінгі «Хабар» арнасының сол өңірдегі өкілі болған.

Ол бұған елін, Жетісудың сөнгіленген жаңғырығын айбатын. Менің елдегі жаңалықтың бірде-бірін

Сағынып НАМАШПАМОВА.

◈ *Біздің сұхбат*

«Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясы Астана күні мен Елбасының туған күніне орай мектеп оқушыларының шығармашылық деңгейін бағамдауды мақсат етken «Бір ел, бір Елбасы» байқауын жариялаған болатын. Елбасы мен Астана қаласына деген өздерінің жүрекжарды ойларын көркем сөзбен кестелеген байқау облысымызда жоғары деңгейде өтті. Екі кезеңнен тұратын сайыстың соңғы нәтижесі облыстық турда анықталды. Қазақ тіліндегі шығармалар арасынан Алакөл ауданындағы Үшарал қазақ орта мектеп-гимназиясының оқушысы Айбол Арғынгазиновтың, орыс тіліндегі шығармалар арасынан Кербұлақ ауданы Д. Қонаев атындағы орта мектептің оқушысы Әсел Төленділің туындысы жеңімпаз болып табылды. Қос жүлдегер маусым айының 25-күні партияның орталық аппаратының ұйымдастыруымен өткен марапаттау шарасына қатысып, өнеріміздің атағын асқақтатты. Сондай-ақ, олар Астана қаласындағы тұңғыш Президент мұражайын, Президент мәдениет орталығы мен Л. Гумилев атындағы Еуразия университетін, тағы басқа да маңызды нысандарды аралап, арманын үштан қайтты. Біз де өнірімізден шыққан қос жүлдегермен кездесіп, Елордадан алып қайтқан әсерімен бөліскен едік.

Қажет АНДАС,
«Жетісу»



Айбынымызды асырған АСТАНА

Айбол АРҒЫНГАЗИНОВ:

– «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының ұйымдастыруымен өткен байқау маған өте ұнады. Оның үстіне, бұл шара әлем мойындаған Елбасымыздың тұлғасын көркем сөзбен кестелеп көрсетуге арналғандықтан алған әсерім мен үйренген білімім де көп болды. Байқауға дайындық барысында Президентіміздің көрегендігі мен көсемдігіне тәнті болып қалмастан, тіпті, көптеген жақсы жайларға қанықтым.

Әсіресе, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың кісілік болмысын, азаматтық ұстанымын, ұлт көшбасшысы ретіндегі саяси көрегендігін жақыннан танып, жан дүниемен сезіндім. Тағы бір жағынан, Елбасының қамқорлығымен, қолдау көрсетуімен көптеген дарынды жас «Болашақ» бағдарламасымен шет елдің жоғары оқу орындарында білім алып жатыр. Олар ертеңгі күні Елбасымыз салған нұрлы жолды жалғастыратын болады.

Сондай-ақ, «Бір ел, бір Елбасы» байқауына қатысқан оқушылар арасынан оза шауып, Астана төрінде болып, жаңа Елорданы көріп, үлкен әсерге бөленіп қайттым. Әрине, жаңа Астананы көру әркімге де арман болатыны анық. Десе де, жай қонақ болып қайтқаннан байқаудың жеңімпазы ретінде барып қайтудың орны ерекше болды. Біз Елордада екі күн болдық. Бұл күні қаланың ең тамаша жерлеріне саяхат жасап, көркем көріністер мен тамаша сәулет өнерінің жетістіктеріне куә болдық. Маған Қазақстан Республикасының Парламентінде халық қалаулыларымен кезіккен сәтіміз өте ұнады. Онда Парламеттің Жоғары палатасы Сенат пен төменгі палатасы Мәжілістен танысып, Парламент Мәжілісінің депутаты Өмірбек Байгелді атамызбен әңгіме-дүкен құрдық. Сондай-ақ, мұнда депутаттардың жұмыс орнына жайғастырып, өзімізді нағыз халық қалаулылары ретінде сезіндік. Сонымен бірге, Германияның Қазақстандағы жылы аясында ұйымдастырылған «Ақылар достығы» көрмесі ерекше әсер етті. Ондағы ақылар әр мемлекеттің өз елінің ерекшелігіне сай безендірілген. Соның ішінде Қазақстанның ақуы ұлттық ою-өрнектерімен көмкерілін, көрген адамды қызықтырмай қоймайды. Ал, «Бәйтерек» кешені және оның маңындағы тұңғі «әнші фонтан», ондағы И. Бах, П. Чайковский әуендерінің Құрманғазының күйлерімен үндескен жарасымдылығы жадымда қалды.

Астана қаласын көріп қайтқаннан кейін менің арманым тіпті ұшқала түсті. Қазір де бірталай жетістіктерге жеттім. Десе де, мұның бәрі алдағы үлкен сынақтарға дайындық екендігін сезіндім.

Әсел ТӨЛЕНДІ:

– Шығармашылық шеберлік тіл байлығының тазалығымен байланысты. Мен байқауға орыс тілінде шығарма жазу бойынша қатыстым. Сол тілдің өкілдерінің арасынан оза шауып, жеңімпаз атануыма екі нәрсе әсер етті. Оның бірі, атам Төленді Сарыбаевтың отбасылық кітапханасы. Мен үнемі сол кітапханадағы кітаптарды оқып, тіл байлығымды молайтып отырамын. Енді бірі, орыс тілі пәнінен сабақ беретін мұғалімім Ирина Кутнякова апайымның еңбегін ерекше атап кеткім келеді. Байқау айта салуға жеңіл болғанымен, Елбасының бейнесін, оның саяси ұстанымын көркем тілмен жеткізу оңай тиген жоқ. Бұл үшін алдымен Елбасымыздың жазған еңбектері мен Президентіміз жайында жазылған туындылармен толықтай танысып шықтым. Осы барыста, Елбасымың халқымыздың бақыты үшін туған тұлға екендігіне көз жеткіздім. Елімізді ел еткен, халқымызды жұдырықтай жұмылдырып, жас мемлекетті Еуропа төріне шығарған Нұрсұлтан Әбішұлының ерен еңбегі ешқашан ұмытылмайды. Қайта жыл өткен сайын жаңарып, жаңа қырымен таныла береді. Сондықтан біз Елбасының үмітін ақтап, болашақта елге еңбегімізді сіңетін азамат болуымыз керек.

Астана қаласында бұрын да болғанмын. Бұл реттегі маған ерекше әсер еткені Тұңғыш Президент мұражайы мен Президент мәдениет орталығындағы саяхатым болды. Өйткені, Мәдениет орталығынан көштенді халықтардың мәдениеті мен өмірі, тарихы мен салт-дәстүрі, тыныс-тіршілігі мен әдет-ғұрпы туралы терең танымды, мұражайда Елбасының қарапайым ауыл баласынан қазақ елінің басын құраған ұлт көшбасшысына айналған өмір белестері жинақталған. Бұл барлық қазақстандықтарға үлгі боларлық тағылымды өмір деуге де болады. Сондай-ақ, Елбасымыздың қол жеткізген табыстары мен басқа елдің саяси қайраткерлерінің Н. Назарбаев жайындағы толғамды пікірлерін оқып, Елбасымыз туралы танымым тіпті де тереңдей түсті. Ал Гумилев атындағы Еуразия университеті, «Атамекен», «Думан» ойын-сауық кешендерін көргендегі әсерім тіптен бөлекше болды. Себебі, жаңа Астанаға бүкіл әлемнің ғылым жетістігі мен озық өнер үлгілері жинақталған.

Мен бұрындары экономист болсам деп армандаушы едім. Ал Астана қаласындағы сапарымнан кейін өзімнің келешек мамандығым жайында басқаша ойлай бастадым. Өйткені, жас Қазақстанды көркейту үшін керекті мамандықтарды меңгерудің қажеттілігін сезіндім. Бұл жоспарымды алдағы уақыт көрсететін болады.

Қос жүлдегердің әңгімесінен Астанаға деген жаңа ойдың жалынын білуге болады. Әрине, ендігі жастар жас қала, жаңа мәдениеттің отауы Астанамен бірге жасап, гүлдене бермек. Ақиық ақын Асқар Тоқмағамбетов айтқандай:

Біле бергім келеді, біле бергім,
Біле беру емес пе тілегі елдің.
Бел артынан тағы бір бел көрінсе,
Өздігінен келмей ме жүре бергін, –

дегендей, бұл сапар оларға тарихты тануға ықпал етті. Енді сол тамырға қан жүгіртер адам болып, қазақ елінің кетігіне қаланар кірпішке айналарына сенімдіміз.

ТАНЫМ

Ұлан-ғайыр мұра қалған артында, аққан жұлдыз секілді өткен нар тұлға, отызында орда бұзып, ғылым көкжиегіне еркін қанат қаққан қазақ халқының тұңғыш ағартушы-ғалымы, этнограф-саяхатшы, тарихшы, фольклоршы, әжесі Айғаным «Шоқан» атап кеткен Шыңғыстың ұлы Мұхамедқанапия Уәлихановтың 175 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтуде. Қамшы сабындай қысқа ғана ғұмырында Шығыс халықтарының тарихын, жағрапиясы мен мәдениетін зерттеп, зерделеп, артына өлмес мұра қалдырған Шоқанның есімі бүл күнде саналы ғұмырын ғылым саласына арнаған әлемдік ғалымдардың қуатты қаламымен насихатталуда.



Аққан жұлдыз

Үстіміздегі жылы еліміздің бірнеше аймағында, атап айтсақ, Көкшетауда, Қостанайда, Өскемен мен Алматыда Шоқан Уәлихановтың туғанына 175 жыл толуына орай кеңтеген мәдени шаралар өткізілді. Өткен аптада ғана осы бір игілікті істің қорытындысы іспетті Алматы қаласында ғылыми-теориялық конференция болып өтті. Оған еліміздің және Ресейден, Өзбекстаннан, Қырғыстаннан атақты ғалымдар арнайы ат басын бұрып, қасқарым сатте өткен Шоқанның шұғылалы жылдарын еске ала отырып, орамды ой, келелі пікірлерін ортаға салды. Бұл жөнінде газетіміздің өткен сандарында айтылғанды. Сенбі күні Алатау бөктеріндегі ару Алматыдан шыққан ғалымдар Көрбұлақ еңірне, киелі Күрөңбел аймағына арнайы ат басын бұрды. Өйткені, мұнда облыстық Халық шығармашылық орталығының ұйымдастыруымен тарихи танымды шара өтпекші еді. Алыс-жақын шет елден келген қатпар-қатпар тарихтың жілігін шағып, майын ішкен ғалымдар ең алдымен



Көрбұлақ ауданына қарасты Шоқан ауылы маңындағы ғұлама ғалымның мәңгілік мекеніне айналған зиратына келіп, гүл шоқтарын қойып, рухына құран бағыштап, дұға жасады. Келесі кезекте осы ауылдағы Шоқан Уәлиханов атындағы «Алтынемел» мемлекеттік мемориалды мұражайының алдында мәдени шара ауылдастығының жұмушымен салтанатты түрде шамылдығын ашты. Ең алдымен сөз алған аудан әкімінің орынбасары Бақберген Исабекұлы ғалым өмірінен саясаттағы һем саяхатты жолдарынан қысқаша баяндама жасады. Келесі кезекте Шоқанның ұрпағы, еліміздің Елтаңбасының авторы Шота-Аман Уәлиханов сөз алды. Қылқалам шебері өзінің ойын қысқа ғана жеткізді де, Шоқанға арнаған мына бір өлең жолдарын тарту етті.

Ақыл-ойы, ерлігі елге қонған,
Елім десе жүрегі шерге толған.
Арман-мұңын арқалап Отанының,
Көмейгер көсемінің бірі болған
Жұлдыздар мен ай, күннен тілін білген,
Қараңғыда шырақ боп түнді түрген.
Даналықтың сусындап дариясынан,
Қас-қағым сәт от, жалын өмір сүрген.
Жан дүниесін халқының терең ұққан,
Жұмыр жермен жүрегі бірге соққан.
Қазағына деген зор мақаббаты,
Шың басына ту ғылып алып шыққан.

Жалпақтата оқылған осы елең жолдарынан көрермендер қауымымен ыстық ықылас, шатырлата соққан шапалағынан білініп жатты.

Өз кезегінде облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқанов Шоқан өмірін зерттеуші ғалымдар мен шоқантанушыларға «Хош келдіңіздер!» – деген ізгі ниетін білдіруменен бастады. Іссапарда жүрген облыс басшысының ыстық сәлемін жеткізе келіп, қойнауы құтты қазақ даласының жері шұрайлы бір пұшпағы Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық әсулері мен тарихи және әдебиет, мәдениет саласындағы қол жеткен жетістіктерді атап өтті. Елбасының «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында облыста атқарылып жатқан ауыз толтырарлықтай игі істерді де жеткізді. Серік Мейірханұлының сөзінен кейін қонақтар ғұлама ғалымның мұражайымен танысты. Мұражай ішіндегі Шоқанның өмірінен сыр шертетін құнды дүниелер мен тарихи экспонаттарға тәнтай қағысқандар да болды. Мұражайдан ерекше әсермен шыққан қонақтарды Шоқан Уәлиханов атындағы мектепте ғалымды еске алуға арналған асқа шақырды. Дастарқан атасалтымызға сай Шоқан Шыңғысұлының рухына бағышталып, құран оқумен басталды. Батадан кейін ортаға шыққан Серік Мейірханұлы шартараптан келген ғалымдар мен Шоқанның ұрпағы Шота-Аман Уәлиханов пен Едіге Уәлихановқа: «Орамал тон болмайды, жол болады» деген қазақы дастүрімізбен шапан жауып, құрмет көрсетті. Санкт-Петербордағы Достоевский атындағы мұражайдың директоры, тарих ғылымдарының докторы Мақлал Мусиевның ыңғына қамзол жапты. Аталмыш шараға арнайы келген қазақ қызы Мақлал өз сөзінде ата-жұртына деген перзенттік сезімін ақ тілегімен жеткізіп, Ш. Уәлихановтың мұражайының директоры Сәуле Әбішеваға өз атынан шапан сыйлығын ұсынды. Осылайша қонақтарымызға көрсеткен құрмет Көрбұлақ аудандық Мәдениет үйінің өнерпаздарының күмбірлеген күй, әуезді әндеріне ұласып жатты. Шоқанның мәңгілік өмірінде бесік болған Күрөңбел жеріне келген қонақтар түс ауа қасиетті мекеңе деген ыстық ықыластарын білдіріп, тарқасты.

АЙ-ЗЕРЕ.
Суреттерді түсірген Р. ТҰРҒАНБАЕВ.

БӘРЕКЕЛДІ!

Талдықорғандықтар жеңді



Партия жұмысының бір бағыты болып табылатын жастар саласын жүйете дамыту және жастардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатымен үстіміздегі жылдың 2–3 қыркүйек күндері жеңіске кезе бойынша Қарасай ауданында Бүкілалемдік жастар күніне орай облыстық партия филиалының ұйымдастыруымен кубогының облыстық жастар арасында «Көңілді тапқырлар» клубының ойыны өтті.

Елімізден ЕЫКУ-дағы өкілдігіміз, Түрлеспектрдің 20 жылдығы мен «Алматы - 2011» қарсаңындағы тапырыптар «Асықпа елім!» атты кезекті тапқырлар клубы ойынының басты тақырыбы болды.

Осы клубтың ойынына І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің колледжінің Түлеп кафедрасының оқытушысы Арын Орынбек жетекшілік еткен, құрамында 8 мүшесі бар «Нұр Отан» ХДП Талдықорған қалалық филиалының «Сәттілік» КЭН командасы қатысып, бірінші орын алып қайтты.

Бұл тек қана партияның ғана емес, жалпы қаламың мақтанышы. Командаға көл ұлын беріп, жастарға арналған әлеуметтік жобаларды жүзеге қала әкімі, Талдықорған қалалық филиалының тәрағасы – Самат Жұсіпбаев мырзаға және І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ректоры Әбдәмиянұл Бекгүлғанова жастар атынан алғысымызды білдіреміз.

А. ӨСКЕНБАЕВА,
«Нұр Отан» ХДП Талдықорған қалалық филиалы жанындағы «Жас Отан» жастар қанатының жетекшісі.

БАЙҚАУ

Өзін-өзі тану әлемі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті «Бөбек» Ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығының бастамасымен республикалық балалар байқауын өткізеді. Аталған шара 25 қыркүйек пен 23 қараша аралығында өтеді деп жоспарланған. Балалардың шығармашылығын шыңдау, еркін сөйлеу, өзара адамгершілік қарым-қатынастарын жақсарту, қоғамға қызмет ету дағдыларын іс жүзінде дамытуды мақсат етіпен байқауға облысымыздағы мектеп оқушылары белсене қатысып, жүлделі орынды еншілеп отыр.

Шара аясында қатан аймақта өткен балалар сурет байқауының қорытындысы бойынша Есікті ауданы, Қарабұлақ кенті, Алдаберген атындағы орта мектептің 5-сынып оқушысы Дина Тоқсанбекова І орынды жеңіп алса, осы мектептің 11-сынып оқушысы Марина Слепченко мен №19 кәсіптік лицейінің оқушысы Мерует Үсенбекұлы IV орынға табан тіреді, ауылға табысты оралды.

Келесі кезекте, 31 қазан мен 6 қараша аралығында «Өзін-өзі тану балалар халықаралық» атты республикалық балалар фестивалінде Қарасай ауданы, Абай атындағы орта мектеп-гимназиясынан 6 оқушысы қатысып, өнірімізді намысын қорғайды. Орайте, жерлестерімізді жеңіспен оралатынына сенімдіміз. Осы орайда, байқаудың ережесіне сәйкес бірнеше кезеңге бөлінген сәйкеста жылы шырын беретін мектеп оқушыларының қатысса алатынын ескерте кеткіміз келеді.

А. ҮШКЕМПІРОВА,
облыстық балалардың құқықтарын қорғау департаментінің бөлім басшысы.

«БАЛАПАН» БАҒДАРЛАМАСЫ

Балабақша ашылды

Үштөбе қаласының ортасында ірге тепкен, күрделі жөндеуден өткен екі қабатты № 25 балабақшаның ашылу салтанаты болып етті. Қала жүртшылығы асыға күткен 240 орынды балабақшаның шымылдығын ашу құрметіне аудан әкімі Қ. Медеуов, қала әкімі А. Қабаров, аудандық білім басқармасының басшысы С. Тыныстанов, білім саласы қызметкерлері мен тәрбиешілер, бүлдіршіндерін жетектеген ата-аналар да қатысып, қуанышқа ортақтасты.

Салтанатты жиында аудан әкімі Қыдырғелді Медеуов қала жүртына арнап, құттықтау сөз сөйледі.

Балабақша табалдырығын жаңа аттаған бүлдіршіндер бал тілімен тақпақ, ән айтып, мың бұралып би билеп, шағын концерт қойды. Осыдан соң мектепке дейінгі мекеме құрылысын жүргізуге атсалысқан А. Қуатбаев сөз алып, балабақша кілтін ұжымға табыс етті. № 25 балабақшаның меңгерушісі Алмагүл Елдеева ата-аналар мен балаларды құттықтай келе, ҚР 2015 жылға арналған тұжырымдамасында айтылғандай, мектепке дейінгі тәрбие–білім берудің алғашқы сатысы, сондықтан баланың жас ерекшелігіне қарай дамытып, ұжаммен бірге жақсы қырынан көрсетуге күш салатынын айтты. Аудан басшыларына ризашылығын білдірді. Атақан ақсақал балалардың қадамына сәттілік тілеп, ақ батасын берді.

Күрделі жөндеуден өтіп, қала жұртшылығының көзайымына айналған сені мен салтанаты астасқан балабақшаның лентасын көпшілік алдында аудан әкімі Қ. Медеуов пен қала әкімі А. Қабаров кесіп ашты. Осыдан соң ата-аналар мен бүлдіршіндер көрікті балабақша ішін аралап, шаттығын еселей түсті.

Асхат ӨМІРБАЕВ.
ҚАРАТАЛ АУДАНЫ.

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Қыздар орталығы жұмыс істейді

Талдықорған қаласындағы №14 орта мектеп-гимназиясында «Мүшелтой» балалар мен жасөспірімдер клубы» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» тақырыбында «дөңгелек үстел» өтті. Қыз бала тәрбиесіне ата-ана, мектеп, қоғамның назарын аударуды мақсат еткен шараға білім беру, құқық қорғау саласының өкілдері, ардагер аталар мен әжелер, мектеп психологтары және жастар қатысып, қыздарды жақсылыққа, сүйіспеншілікке баулу арқылы рухани жан дүниесін байыту жолдарын талқылады. Кездесуді «Алматы облысының ата-аналар комитеті», «Мүшелтой» балалар мен жасөспірімдер бірлестігінің төрайымы Дания Қыдырбаева ашып, жүргізіп отырды.

Қажет АЙДАС,
"Жетісу"

Бергері мол шара бейнефильм көрсетумен басталды. Онда оқушы қыздар арасындағы төбелес, аяушылықты ұмытқан жағдайлар өрнектелген. Жағаны ұстаткан көріністен соң мінберге көтерілген бірлестік төрайымы Дания Сәлімбайқызы көпшілікке қыз балалар арасындағы келеңсіздіктің жиілеп кетуінің басты себептерін айта келіп, оны шешудің кезек күттірмейтінін алға тартты. Осыған орай, «Қарлығаш» қыздар тәрбиесін үйлестіру орталығының ашылғанын жариялап, оның мақсаты мен міндетін түсіндіріп өтті. Сондай-ақ, орталық жұмысын жүргізуге облыстық ішкі саясат басқармасының қолдау танытқанын тілге тиек етті. Бұдан соң бірлестіктің психологы Раушан Қалиева көпшілікті орталық жұмысының барысымен таныстырды. Оның айтуынша, қыздардың физиологиялық дамуына қарай үш бағытта жұмыс жасайтын орталықта психологиялық көмек тегін көрсетіледі және жеке тұлғаның құпиялығы сақталады. Тілті, 30-04-60 сенім телефоны арқылы да кеңес алуға мүмкіндік бар.

Келесі кезекте «Дөңгелек үстелге» шақырылған білім беру, құқық қорғау саласының өкілдері мен психологтардың бағандамалары тыңдалды. Талдықорған қалалық ІІБ өкілі құзырлы органда кәмелет жасқа толмаған 23 қыз бала тіркеуде тұрғанын, осы жылдың өзінде жасөспірімдер қолымен жасалған 9 қылмыстың 6-ы нәзік жандардың қатысуымен жүзеге асқанын жеткізді. Ал, Алматы облысының балалардың құқықтарын қорғау департаментінің мамандары өз-өзіне қол салатын жастардың басым бөлігі қыз балалар екенін алға тартып, қыз бала тәрбиесінің өзекті тақырыпқа айналғанын білдірді. Сондай-ақ, ардагер әжелер қазақ қыздарында қандай қасиеттер болатынын әңгімелеп берді.

Сөз кезегінде облыстық ішкі саясат басқармасы бастығының орынбасары Ғалиаскар Сарыбаев, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы тәрағасының орынбасары Ғабит Тұрсынбаев, Алматы облысы балалардың құқықтарын қорғау департаменті директорының орынбасары Самғат Долаев, қалалық білім бөлімінен Нұрсерік Ескендіровтар орталық жұмысына жоғары баға беріп, қолдан келер көмектерін жасауға дайын екендіктерін білдірді.

Шараның соңы жастар мен психологтар арасындағы пікір алмасуға ұласты.

ӘРІПТЕС ТУРАЛЫ ЛЕБІЗ

ҰСТАЗДАР ОТБАСЫ

Мұғалім – шәкірт жүрегінде мәңгі жатталып қалатын бәйге. Өйткені, ол жас жеткіншектердің ұшқыр қиялын дамытып, ойын дөп ұғып, дүниетанымын дамытатын тұлға. Осындай жас ұрпақ алдындағы семім мен жауапкершілікті терең сезініп жүрген ұлағатты ұстаздардың бірі – Алакөл ауданындағы Г. Безродных атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Алтынай Мұратбекқызы.

Бүгінгі өмір талабына толық жауап бере алатын өз ісіне шебер шәкірттеріне терең де тиянақты білім беру үшін күнделікті өткізетін сабақтарына жан-жақты дайындалып, ерекше қөңіл бөледі. Әрбір сабағына мүқият зерттеу жасап, оған қолданатын құралдарды іріктеп отырады. Шәкірттер біліміндегі олқы тұстарын дер кезінде анықтап, оларымен арнайы жұмыстар жүргізу де мұғалімнің күнделікті ісіне айналған. Осындай ізденісті жұмыстың нәтижесінде өткен оқу жылында мектеп бітіруші шәкірттері Ұлттық бірыңғай тестілеуде қазақ тілі пәнінен 100 пайыздық көрсеткішке ие болды. Мұның өзі ұстаздың өз ісін жете біліп, оқушыларына сапалы білім, саналы тәрбие нәрін ұлпата білуінде деп білеміз.

Алтынай Мұратбекқызының әмеңгер жолдасы Иманмахамед Мұстапов та ұстаз. Осы мектепте технология пәнінен сабақ береді. Қос ұстаздың бір мектепте қызмет істегендеріне мине, бүгін 30 жыл толып отыр. Олардың түңғышы Қуаныш Аскарұлы өнеркәсіп жолын құып, Талдықорған қаласындағы №17 мектепте дене тәрбиесі пәнінен сабақ беріп жүр. Ал, кенже Альмира мен қыздары Ализа банк саласында қызмет істейді.

Алдынан талай шәкірттің ұшырып, олардың қуанышын өздерінің жетістігі деп бағалайтын ұстаздар бүгінде өздерінің отбасын шаттыққа бөлеген өмір есімді ең жасар немересінің бал құйлығын тамашалауда. Біз де өз тарапымыздан ұлағатты ұстаздар отбасының қуанышы еселене беруіне тілектеспіз.

Гүлжан ЖЫЛҚЫБАЕВА.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – МЕНІҢ ТІЛІМ

ХАЛЫҚҚА МІНСІЗ ҚЫЗМЕТ

Соңғы бірер жылдың бедерінде елімізде мемлекеттік тілге бетбұрыс жасалынғаны байқалады. Тілдерді қолдану мен дамытудың 2009 – 2010 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру және мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, насихаттау, қазақ тілінде іс жүргізу сауаттылығын арттыру мақсатында атқарылып жатқан шаралар осы сөзімізге айтақ бола алады.

Апта соңында Алматы облысы әкімдігінің «Халыққа қызмет көрсету орталығы» мемлекеттік мекемесі ұйымдастырған «Мемлекеттік тілдің мәртебесі» атты байқауы тұрғындардың күнделікті құжат қажеттіліктерін өтеп жүрген қызмет көрсету орталығы мамандарының аталған мәселеге жауапкершілікпен қарайтынын аңғартады. Облыс орталығындағы Тіл сарайында болып өткен бұл шарага өлкемізлегі 16 ауданмен 3 қаладағы барлық филиалдардың өкілдері үлкен дайындықпен келген екен. Байқауды халыққа қызмет көрсету орталығының директоры Нұрлан Сыдықов құттықтау сөзбен ашып, бұл шараның маңыздылығына тоқталып өтті.

– Өздеріңізге белгілі, халыққа қызмет көрсету орталығының қызметкерлері күнбе-күн көптеген адаммарсен жүздесіп, олардың қажеттіліктерін өтеуге тікелей атсалысып жатады. Ата Заңымызда көрсетілгендей, Қазақстан аумағында қазақ тілі – мемлекеттік тіл болып саналғандықтан іс қағаздарын жүргізу, тұрғындардан келіп түскен отініштерге мемлекеттік тілде жауап беру біз үшін заңдылыққа айналған. Десе де арамызда әлі де мемлекеттік тілге немқұрайды қарайтындардың бар екенін жасырмаймыз. Бүгінгі өткізілп отырған шара осы олқылықтың жолын кесіп, қызмет көрсету орталықтарында қазақ тілінің мәртебе алуына ықпал етеді деп ойлаймын. Сондықтан бүгінгі байқауға қатысушыларға сәттілік пен жеңіс тілейміз.

Осыдан кейін аудандар мен қалалардан келген командалар 3 номинация бойынша өз өнерлерін ортаға салған болатын. «Алуан-алуан жүйрік бар, әлше қарай шабатын» деген дей, үміткерлердің барлығы тамаша даярлықпен келді деу де қисынсыз болар. Десе де, халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметкерлері бұл жарыска жауапкершілікпен қарағаны анғарылады. Алматы облыстық тілдерді дамыту басқармасының қызметкері Орынбай Шайкенов басшылық жасаған әділқазылар алқасының шешімі бойынша бірінші орынды үздік өнер көрсеткен Талдықорған қаласының командасы жеңіп алды. Жарыска жақсы дайындықпен келген қарасайлық қыз-жігіттер екінші орынға көтерілсе, Сарқан ауандық филиалының қызметкерлері жүлделі үшінші орынды қанжығаларына байлап қайтты. Байқау қорытындысы бойынша әр номинация бойынша жеке жүлделер тағайындалған болатын. Атап айтқанда «Үлттық киімде өздерін таныстыру» номинациясы бойынша Талғар ауданлық филиалы, «Қазақ ақындарының даналық сөздерін оқу немесе әндерін шырқау» байқауында Қапшағай қаласы, «Орталықтың жұмысына қатысты көпілді көрініс көрсету» номинациясында Панфилов аудандық филиалы жеңімпаз атанып, дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Бүгіндері күнделікті тірлікке қатысты тұрғындардың ең көп баратын мекемесі – осы халыққа қызмет көрсету орталығы екендігі белгілі. Демек, орталық қызметкерлерінің мемлекеттік тілді меңгеруге құлшыныс танытуы құптарлық жай. Ал мұндай байқаулар олардың қазақ тілін білуге деген ынта-жігерін арттырары сөзсіз.

Қуат ӘБІЛ.

Уважаемые жители республики!

Просим Вас о помощи, ради спасения **Ибрагимовой Элиты,** которая нуждается в срочной операции, стоимостью 200 000,00 USD, по пересадке костного мозга. Операция сложная и в Республике Казахстан не делается. Пожалуйста, помогите нам спасти жизнь Элиты. Заранее благодарим Вас.

Дополнительно указываем ссылку странички Элиты
http: /www.elita. ucoz.org/.
За информацией обращаться:
+7 701 467 44 26.
Реквизиты для перечисления в национальной валюте:
Филиал АО "БанкЦентрКредит" в г. Талдыкорган
РНН (филиал) 092 200 004 904
МФО (филиал) KCJBKZKX
НИК KZ825600000003862027
№ счета KZ 428560000004164126
Ф.И.О. владельца счета: Ибрагимова Жанна Абдулхамидовна
РНН 092 210 144 747
ИИН 800 409 401 471

Помогите моей маме...

Моя мама Ибрагимова Элита очень сильно болеет, у нее лейкоз крови. Лечения проходят болезненно и мне очень жалко мою маму. Мама говорит что надо делать операцию по пересадке костного мозга, а эта операция дорого стоит (200, 000 долларов). Пожалуйста помогите моей маме, я ее очень люблю и не хочу потерять.

Газетіміздің келесі саны сенбі, 13 қарашада шығады.

"Құрбан айт" күнін 17 қарашадан 16 қарашаға ауыстырумен байланысты жылу энергиясы өндіру, тасымалдау, беру және жабдықтау қызметтерін атқаратын «Талдықорғанжылусервис» КМКК-ның тарифін бекітуге берілген өтінішін талқылау бойынша Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті жария тыңдауды 2010 жылдың 16 қарашасынан 17 қарашаға сағат 11.00-де, ауыстырылуы туралы хабарлайды. Жария тыңдау ұйым мекемежайда: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 78, су құбыры кәсіпорнының мәжіліс залында өткізіледі.
Анықтама телефондары: 8 (7282) 271250.

ҚР ӘМ Сот актілерін орындау комитетінің Алматы облысы сот актілерін орындау департаменті жеке азаматтарды, заңды тұлғалардың өкілдерін (атқару өндірістерінің жақтары) **Талдықорған қаласы, Ескелді би көшесі, №1 мекенжайында күнделікті қабылдайды.**
Анықтама телефоны: 27-18-90, 27-42-96

Талғар ауданының әкімдігі облыстық «Жетісу» газетінің тілшісі Үлбосын Исабекке анасы
Байзігітқызы Тұрсынханның
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Облыстық «Жетісу» газетінің ұжымы газеттің фототілшісі Жұмабай Мұсабековке қайынатасы мен енесі, газетіміздің корректоры Назым Тоқтарбековаға әке-шешесі
Ермек пен Мәулінаның
қайғылы қазаға ұшырауына байланысты ауыр қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Облыстық «Жетісу» газетінің ұжымы газетіміздің қызметкері Үлбосын Исабекке анасы
Тұрсынханның
қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

МЕНШІК ИЕСІ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны. ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімі.

Бас редактор Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, №3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

Жетісу

e-mail:Jetisu2002@mail.ru
www.Zhetysu-smi.kz

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.
Газет антасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Жарияланған макала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Алты машинкелік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ. ТАПСЫРЫС — 1477. ТАРАЛЫМЫ — 35647. ИНДЕКСІ — 65469

Кезекші редактор: Болат АБАҒАН.

Қабылдау бөлмесі және факс — 27-41-50, байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары — 21-01-90, 27-41-83, жауапты хатшы — 24-38-16, зиялшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі — 27-42-34, саясат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі — 24-36-07, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 24-32-43, білім және ғылым бөлімі — 24-30-57, фототілшілер –27-43-91, заң және ақпарат бөлімі — 24-29-82, есеп-қисап бөлімі — 24-35-28. Алматы қаласындағы тілшілер қосыны —279-13-37 (факс), 79-13-86, 79-36-43, 2-19-33. Газет табыс етілмесе — 72-59-01 телефонымен хабарласу керек. Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары: Үшаралда — 2-12-57, Панфиловта — 5-12-21, Райымбекте — 2-22-05, Іледе —

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІК – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ

Облыс әкімі С. ҮМБЕТОВТІҢ құттықтау сөзі

Құрметті энергетика саласының қызметкерлері мен ардагерлері!

Алматы облысының тұрғындарынан өз атымнан сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Энергетиктер күнімен құттықтаймын!

Энергетика саласының қызметкерлері өздерінің адамгершілігімен, еңбек тәжірибесімен, кәсіби біліктілігімен ерекшеленеді. Сіздердің еңбектеріңізді облыс тұрғындары құрметтеп, бағалап отырады.

Жыл басынан бері облыстың индустриялық-инновациялық дамуына, өткізілген күл жеткізілген жетістіктеріне сіздердің қосқан үлестеріңіз зор.

Қазіргі өнеркәсіптің, кәсіби шеберлік, білім мен біліктіліктеріңіздің арқасында облыс тұрғындары электр қуатының үздіксіз қалыптасуына сенімді.

Жаңа энергетика нысандары бой көтеруде.

2009 жылдан бері облыста 3 шағын ГЭС іске қосылды. Бірнеше нысандардың бірі – "Мойынқұм" ГЭС-інің құрылысы да аяқталып қалай, қуатты Балқаш жылу электр стансысы салына бастады, электр торабын дамыту үстінде.

Сіздердің қазіргі еңбектеріңіздің арқасында еліміз энергетикалық тәуелсіздікке қол жеткізіп, болашақта экономикалық дамуының маңызды сипаттарын мүмкіндік беретін деген сенімдемін.

Сіздерді мерекелеріңізбен құттықтай отырып, қызметтеріңізге зор азаматтық биік жетістіктерге қол жеткізіп, барлығыңызға жылу мен жарық сыйлап, облысымыздың экономикасының дамуына сүбелі үлес қосатындықтарыңызға сенімдімін.

Денсаулықтарыңызға, отбасы шаруашылығына бақыт жаңа табыс тілеймін!

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ № 143 (17412) сенбі, 25 желтоқсан, 2010 жыл ■ Бағасы келісімді

ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ҚАРЫШТЫ ҚАДАМЫ

Бір жылда 152 индустриялық жоба іске қосылды



2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей бастамасымен әлемдік дағдарыстан кейінгі еліміздің алдағы даму стратегиясы аясындағы 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік үдемелі индустриялық-инновациялық бесжылдық жоспары басталу алғаны белгілі. Индустрияландыру бесжылдығының алғашқы жылының өзінде елімізде жалпы құны 800 миллиард теңге болатын 152 ірі индустриялық-инновациялық жобалар іске қосылды. Осы мерзімде ел өңірлерінде 24 мыңнан астам тұрақты жұмыс орны ашылды. Индустрияландыру картасы жаңартылғаннан кейін жалпы құны 8,1 триллион теңгені құрайтын 294 жобадан тұратын жаңа кесте жасалды. Бұл жобаларды іске асыру барысында құрылыс нысандарын салу кезінде 207 мың қазақстандық уақытша, ал жобалар іске қосылғаннан кейін 161 мың отандасымыз тұрақты жұмыс орнымен қамтылмақ. Жобалардың 131-і республикалық индустрияландыру картасына енгізілсе, 163 жоба өңірлік индустрияландыру картасына кіргізілген.

Елбасы өзінің Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауында «Индустриялық даму – бұл бүгін жаңа өнімділіктегі мүмкіндіктер. Қазақстан табысты индустриялық держава болады – мен бұған әбден сенімдімін» деп атап көрсеткен болатын. Ақпанында бұл бастау алған индустрияландыру бесжылдығының алғашқы жылы елімізде өркениет биігінен лайықты орын алатын әлеуетті де дамыған державаға лайық қадам жасағандығын паш етті. Міне, осы бір қарышты қарқынмен даму үрдісіне Мемлекет басшысының өзі сәттілік тілеп, бір мезетте 80 ірі индустриялық нысанның тұсауын кескендігі де айқын дәлел болса керек. Үстіміздегі жылдың бірінші жартыжылдығында еліміз бойынша пайдалануға берілген отырған нысандардың құны 450 миллиард теңгеден асатын 80 ірі инвестициялық жоба іске қосылып, тағы да 12 мың жаңа жұмыс орны ашылып отыр. Бір жылдың ішінде 152 ірі индустриялық-инновациялық жобаны іске қосу бұрын-соңды ешқандай мемлекет тарихында болып көрмеген құбылыс. Бұл индустриялық өрлеу дәуірінің басталғандығының, егемен еліміздің ертеңгі қуатты дамуының берік базасының іргетасы қалағандығының айшықты айғағы болса керек.

Қазақстан индустрияландыру картасы шеңберіндегі екінші жартыжылдықта пайдалануға берілін отырған кәсіпорындардың тұсаукесерін өткізу салтанатына келген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ең алдымен, еліміздің барлық өңірлерінде пайдалануға берілін отырған нысандардың макеттік көрмесімен танысты.

Мемлекет басшысы индустрияландыру картасы шеңберінде еліміздің барлық өңір бойынша пайдалануға берілін отырған нысандардың макеттік көрмелерімен жан-жақты танысқа келіп, арнайы ұйымдастырылған телекөпір арқылы бірқатар нысандардың ашылуына сәт-сапар тіледі.

Қазақстан халқы Ассамблеясының кезекті XVIII сессиясы Астанадағы киноконцерт залына орнатылған тікелей телекөпір арқылы қатысты. Оның ішінде Алматы облысы Талғар ауданы аумағына орналасқан балаларға арналған сүт өнімдерін шығаратын «Амиран» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің зауыты да бар еді.

Тікелей телекөпірде Қазақ тағамтану академиясының президенті Төрегелді Шарманов:

– Шығарылатын өнімнің «құпия сыры» Қазақ тағамтану академиясының көп жылғы зерттеулерінің нәтижесі. Өнім ана мен бала ағзасында дерумендердің тапшылығын ескеріп, жиі кездесетін аллергия, анемия, дисбактериоз, диабет ауруларын емдеу мен алдын алуға мүмкіндік туғызады, – деп сөзін түйіндеді. Бұдан кейін сөз алған «Амиран» ЖШС-ның директорлар кеңесінің төрағасы Руслан Юн осы өндірістің технологиялық ерекшеліктеріне тоқталды.

Елбасы Жетісу жерінде ашылып отырған мұндай зауыттың елімізде тұңғыш бой көтерген өндіріс орны екенін атап көрсетті.

– Сондықтан да жас ұрпақтың денсаулығының мықты болуына үлес қосатын осындай кәсіпорынның ашылуына шын жүректен алғысымды білдіремін, – деді Нұрсұлтан Әбішұлы.

Аталмыш зауыт үлкен жұмыс атқарғалы отыр. Оны жасауға жұмсалған 1 миллиард 300 миллион теңге есептеп қайтарым береді деп ойлаймыз. Зауыт жыл сайын 2,7 мың тонналы құрайтын 8 түрлі өнім шығаруды жоспарлап отыр. Тәулігіне 12 тонна өнім шығара алатын өндірістік қуаттылығы бар. Бұл жерде Мажар технологиясы бойынша табиғи ыдыстатпен жұмыс істелінеді. Өндірістік айналым үнемі сыртқы ортамен тығыз байланыста болады. Мұнда табиғи сүтті сақтау мерзімі 3 тәулікпен аспайды. Өндірістік үдеріс үнемі Қазақ тағамтану академиясы ғалымдарының қатаң бақылауында болады. Зауыттың бой көтеруі – еліміздегі соны жаңалықтардың бірі.

Тікелей телекөпірдегі сұхбаттасудың соңында Қазақ тағамтану академиясының президенті Т. Шорманов пен «Амиран» ЖШС-ның директорлар кеңесінің төрағасы Руслан Юн Елбасының салтанатты рұқсатымен зауыттың іске қосылатын тетігін басты.

Сөйтіп, облысымызда 2010 жылы үдемелі индустрияландыру-инновациялық бағдарлама шеңберінде 18,3 миллиард теңгені құрайтын 10 жоба іске асырылды десек, соның бірі болып балаларға арналған сүт өнімдерін шығаратын «Амиран» зауыты жаңа жылдың қарсаңында өмірге жолдама алды.

Суретті түсірген автор.

ЕЛБАСЫ ЗАУЫТҚА СӘТТІЛІК ТІЛЕДІ

Ел экономикасының қарыштап дамуы өндірістің осуінен көрінетіні белгілі. Алдағы кезеңдерде Қазақстан тұтынушыларға өз өнімдерін ұсынатын іргелі елге айналатыны сөзсіз. Оған дәлел болатын оқиғалар әрине аз емес.

Болат МӘЖИТ,
"Жетісу"

Биылғы жылы ел аумағында 152 жаңа өндіріс орны іске қосылып өз жұмысын бастады. Мемлекеттің индустриялық-инновациялық бағдарламасы бойынша бұл салаға 800 миллиард теңге бөлініп, ол ойдағыдай игерілді.

Сейсенбі күні Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жаңа өндіріс орындарының ашылуына Астанадағы кинотеатр залына орнатылған тікелей телекөпір арқылы қатысты. Соның ішінде Алматы облысы Талғар ауданы аумағына орналасқан балаларға арналған сүт өнімдерін шығаратын «Амиран» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің зауыты да бар еді.



Іске қосу тетігін басуда.

Тікелей телекөпірде Қазақ тағамтану академиясының президенті Төрегелді Шарманов:

– Шығарылатын өнімнің «құпия сыры» Қазақ тағамтану академиясының көп жылғы зерттеулерінің нәтижесі. Өнім ана мен бала ағзасында дерумендердің тапшылығын ескеріп, жиі кездесетін аллергия, анемия, дисбактериоз, диабет ауруларын емдеу мен алдын алуға мүмкіндік туғызады, – деп сөзін түйіндеді. Бұдан кейін сөз алған «Амиран» ЖШС-ның директорлар кеңесінің төрағасы Руслан Юн осы өндірістің технологиялық ерекшеліктеріне тоқталды.

Елбасы Жетісу жерінде ашылып отырған мұндай зауыттың елімізде тұңғыш бой көтерген өндіріс орны екенін атап көрсетті.

– Сондықтан да жас ұрпақтың денсаулығының мықты болуына үлес қосатын осындай кәсіпорынның ашылуына шын жүректен алғысымды білдіремін, – деді Нұрсұлтан Әбішұлы.

Аталмыш зауыт үлкен жұмыс атқарғалы отыр. Оны жасауға жұмсалған 1 миллиард 300 миллион теңге есептеп қайтарым береді деп ойлаймыз. Зауыт жыл сайын 2,7 мың тонналы құрайтын 8 түрлі өнім шығаруды жоспарлап отыр. Тәулігіне 12 тонна өнім шығара алатын өндірістік қуаттылығы бар. Бұл жерде Мажар технологиясы бойынша табиғи ыдыстатпен жұмыс істелінеді. Өндірістік айналым үнемі сыртқы ортамен тығыз байланыста болады. Мұнда табиғи сүтті сақтау мерзімі 3 тәулікпен аспайды. Өндірістік үдеріс үнемі Қазақ тағамтану академиясы ғалымдарының қатаң бақылауында болады. Зауыттың бой көтеруі – еліміздегі соны жаңалықтардың бірі.

Тікелей телекөпірдегі сұхбаттасудың соңында Қазақ тағамтану академиясының президенті Т. Шорманов пен «Амиран» ЖШС-ның директорлар кеңесінің төрағасы Руслан Юн Елбасының салтанатты рұқсатымен зауыттың іске қосылатын тетігін басты.

Сөйтіп, облысымызда 2010 жылы үдемелі индустрияландыру-инновациялық бағдарлама шеңберінде 18,3 миллиард теңгені құрайтын 10 жоба іске асырылды десек, соның бірі болып балаларға арналған сүт өнімдерін шығаратын «Амиран» зауыты жаңа жылдың қарсаңында өмірге жолдама алды.

Суретті түсірген автор.

◇ *Елбасының шыршасы*

Әрбір бала асыға күтетін Елбасы шыршасы биыл да дәстүрлі түрде жалғасын тапты. Талдықорған қаласындағы «Өркен» спорт кешенінде өткен салтанатты шараға облыстың әр шалғайынан 150 озат оқушы қатысып, көңілдерін гүл сеймет толтырып қайтты.

БАЛҒЫНДАРДЫ ШАТТЫҚҚА БӨЛЕДІ



Қажет АПДАС,
"Жетісу"

Салтанатты шара театр артистерінің қатысуымен ұйымдастырылған сәнді-әуенді бағдарламамен басталып, шырша төңірегінде Қожанасыр мен Шіркін тәуелсіздігіміздің баянды болуын, адамзаттың амандығын тілеген ақ тілеулерін жалпақ жұртқа жария етіп, Жер-анаға алғысын жеткізді. Одан кейін өніріміздегі эн-би ансамбльдерінің концерттік бағдарламасы көрсетілді.

Будан соң Елбасының барша қазақстандық балғынға арнаған тілегі «еңкөрлм тақта» арқылы берілді. Оған елімізді эр облысында жаңажылдық шыршаны тамашалап отырған балғындар бір уақытта құлақ түрді.

– Қымбатты балалар! Республикамыздың барлық өңірінде еліміздің ең таңдаулы балалары жаңажылдық жасыл шыршаның жанына жиналыпдар. Мен жарқын жүздері балбұл жанған сендерді, сендер арқылы бүкіл қазақстандық балаларды келе жатқан Жаңа жылдарымен құттықтаймын, – деп бастады сөзін Президент Нұрсұлтан Назарбаев. – Қазақстан атты жасампаз елге күндей жайнап, балалықтың базарын бастан кешірсендер бақытты ұрпақ боласыңдар. Мемлекет сендердің сапалы білім алып, бақытты болып, алдарыңа осулеріне барлық жағдайды жасауда. Асыл армандарыңды шындыққа айналдыру үшін дарынды балаларға арналған мектептер ашылуда. Елімізде барлық өңірінде думанды орталықтар салынуда. Данышпан бабамыз Абай аталарының: « Адам баласы адам баласынан ақыл, ұғым, ар, мінез деген қасиеттерімен озады», – деп айтқандай, сендер барынша жақсы оқып, сапалы білім алып, туған Отанымызды шын сүйетін, үлгілі ісімен елімізді келешегіне үлес қосатын үлкен азамат болуларын керек. Ұлағатты ұлт ұрпағына тән үкіметтік көрсетімдер. Туған халқымыз: «Талаптыға нұр жауар», – дейді. Сендер талапты да, талантты, батыл да, алғыр, ерекше елгезек болып өсіңдер, – деді Елбасының сөзінен соң мерекелік тілекті жалғаған облыс әкімі Серік Үмбетов:

– Жылдағы дәстүріміз бойынша, өніріміздің түпкір-түпкірінен осы Елбасының жаңажылдық шыршасында бас қосғыңдар. Жаңа ғана Елбасымыздың дәбдан тыңдадыңдар. Сонда айтылғандай, біз қашанда өздерің үлгілі істеріңмен еліміздің келешегіне үлес қосар азамат болыңдар деп тілейміз. Кейінгі жылдары облыс көлемінде бірақ жұмыс атқарылды. Әлеуметтік салаға да көп көңіл бөлдік. Білім беру мен денсаулық сақтау саласында да ілгерілеушілік бар. Жаңа мектеп, балабақша ашылды. Ауруханалар бой көтерді, тағысын тағылар. Келесі жылы облыс аумағында балалардың оқып, білім алуы үшін жасалып отырған жағдай. Сондықтан да қашанда осыған лайықты білімді, тәрбиелі азамат болып өсіңдер, – деп жылы дәбізін жеткізді. Осыдан кейін шыршаға қатысқан балалардың бәріне бірдей Елбасының атынан қымбатық киім, тағы басқа жаңажылдық сый-сияпаттарын табыс етті.

Осыдан кейін балаларға арналған нағыз мерекө басталды. Аяз ата мен Ақшақарды күткен балаларға тосынған сый жасалды. Дорбасын көтеріп жеткен Аяз ата балалармен қосылып билей жөнелді. Ішіне облыс әкімі бастаған басшылар да балалармен қосылып, шыршаны айналып, шараның қызығын асыра түсті. Осы күні «Өркен» спорт кешенінде тағы да талдықорғандық 180 оқушы озатты Елбасы шыршасын қала әкімі Сәкен Жылқайдаровпен бірге тамашалап, сый-сияпатқа ие болды. Бұл күн балалардың есінде ұзақ сақталып, ұмытылмастай қалмақты етті.

Суретті түсірген Ж. МҰСАБЕКОВ.

АПТА ТЫНЫСЫ

20 желтоқсан. Облыс әкімі Серік Үмбетов мемлекеттік «Балапан» бағдарламасы бойынша Талдықорған қаласындағы Қаратал шағынауданында орналасқан 280 орынды балабақшаның ашылу салтанатына қатысты.

23 желтоқсан. Әкімдік гимараттында жылдағы дәстүр бойынша 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысқан, эртүрлі салада еңбек етіп жүрген жетісулықтарды облыс әкімі Серік Үмбетов қабылдады.

24 желтоқсан. Облыс әкімі Серік Үмбетов Талдықорған қаласындағы «Өркен» спорт кешенінде Президенттің жаңажылдық шыршасына қатысып, жетім және аз қамтылған балалар, озат оқушылармен бірге жаңажылдық мерекенің қуанышын бөлісті.

24 желтоқсан. Облыс әкімі Серік Үмбетов мемлекеттік «Балапан» бағдарламасы бойынша Еңбекшіқазақ ауданы, Болек ауылында жаңа балабақшаның және Елбасымың «100 аурухана» бағдарламасы аясында Есік қаласында салынған аудандық орталық ауруханаының ашылу салтанатына қатысты.

24 желтоқсан. Алматы облысы әкімінің бірінші орынбасары Аманқос Баталов Қазақстан Республикасы Тәуелсіз жағдайлар министрі Виктор Баженовтың қатысуымен облыс әкімдігінің үлкен залында жиын өткізді.

25 желтоқсан. Іле ауданына қарасты Ақши ауылында «Ауылдың өркендеуі» – Қазақстанның өркендеуі» атты облыстық марафонның салтанатты ашылуы болып өтті. Бұл шарага Алматы облысының әкімі Серік Үмбетов, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары, «Нұр Отан» ХДП өкілдері қатысты.

Бәрекелді!

ГИМАРАТТАР КӨЗ ҚУАНТАДЫ

Жаңа жыл қарсаңында Балқаш ауданында әлеуметтік маңызы бар үш бірдей нысан: аудан орталығында 40 төсектік, сметалық құны 882 млн. теңге болған туберкулез ауруханасы кешені, Ақдала ауылында 120 балаға арналған балабақша және Баканаста жергілікті меценаттар қаржысына салынған «Нұр Отан» аудандық партия ұйымының жаңа ғимараты іске қосылды. Осыған орай, өткізілген салтанатқа облыс әкімінің орынбасары Аңсар МҰСАХАНОВ қатысты.

Облыстық мәртебесі бар жаңа аурухананың алдына қыстың ызғарлы күнеге қарамастан медицина қызметкерлері, ақсақалдар, ауданның таңдамал адамдары жиналды. Төңірекке түгел асфальт төселген, қатар-қатар шырша егілген, науқастардың демалысы үшін жазғы арнайы алаң жабдықталған. Аурухананың негізгі ғимараты ертүрлі шарлар, жалаушалармен безендірілген. Мерекелік көңіл-күй белгісіндей күй ойналып, ән шырқалуда. Ауыл тұрғындарының алдында сөз сөйлеген облыс әкімінің орынбасары А. Мусаханов республикада және облыста халыққа медициналық қызмет көрсету, әлеуметтік қамсыздандыру бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстарға кеңінен тоқталып өтті. Одан кейін сөз алған облыстық әлеуметтік бағдарламалар департаменті бастығының орынбасары Мұрат Рахметов, ақсақалдар, аудан әкімі Ерғазы Қошанбеков өздерінің жылы лебізі арқылы жергілікті тұрғындарға рух беріп, көңілдерін көтерді. Нысан құрылысын жүргізген «Болашақ МА» ЖШС бас директоры Мұрат Өтегенов символикалық кілтті туберкулез ауруханасының бас дәрігері Нұрболат Қасымовқа талсырды. Облыс әкімінің орынбасары, аудан әкімі және құрметті ақсақалдар кіре-берісте керілген лентаны қиып, құмырлеген күй әуенімен шашу шашылып, қызыл кілем үстімен жаңа ғимаратқа енді. Бұл арада науқастардың емделуі және медицина қызметкерлерінің жұмыс істеуі үшін барлық жағдай жасалған. Ауруханаға жапондықтар шығарған жаңа диагностикалық жабдықтар қойылған. Лаборатория да қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілген.

Осы уақытта аудан орталығынан бірнеше шақырымдағы Ақдала ауылының тұрғындары жаңа «Балауса» балалар бақшасының салтанатты ашылуына жиналып тұрған болатын. Оңтайландыру кезеңінде қараусыз қалып, терезе-есігінен жұрдай болған бұл ғимарат үстіміздегі жылы облыс бюджетінен «Балапан» бағдарламасына орай бөлінген 75 млн. теңгеге қалпына келтірілді. Тағы да құттықтаулар, ыстық ықылас, жоғары көңіл-күй. Жергілікті имам балалар бақшасына ақ батасын берді.

Аудандық «Нұр Отан» партиясы ұйымының кеңсесі де бұған дейін қараусыз қалған ғимарат негізінде жергілікті меценат Өмірзақ Сарсеновтің бастамашылдығының арқасында қайтадан жаңғырған ғимарат. Ауданда 2270 партия мүшесі бар. Олар 30 бастауыш партия ұйымына бірікken. Бұл ретте жақсы жұмыстарымен көрініп жүрген Б. Бейсекбаев атындағы мектеп, Бірлік және Қарой ауылындағы партия ұйымдарын атап өткен абзал.

ӨЗТІЛШІМІЗ
БАЛҚАШ АУДАНЫ.

◇ *Облыс әкімінің іссапары*

ЖАҢА ЖЫЛҒА ЖАҢА НЫСАНДАР

Жыл жемістерін көріп, қорытындыларын екшеп қайту үшін облыс әкімі Серік Әбікенұлы Үмбетов кеше кезекті іссапармен Еңбекшіқазақ ауданына келді. Облыс басшысы алдымен Елбасы Н. Назарбаевтың биылғы Жолдауында айтылған «Балапан» бағдарламасы аясында Бөлек ауылында ашылған 120 бүлдіршін тәрбиеленетін «Әйгерім» – балабақшасында болды.

Баянды ЗӘКІРОВ,
"Жетісу"

280 балаға арналған екі қабатты ғимарат кезінде жекелеген өтіп кетіп. 1995 жылдан бері қаңырап бос тұрған. Жер-жерде жабылып қалған балабақшаларды қайта ашу, арзан бағаға қолды болған ғимараттарды қайтарып, балғындар мекенін кебейту жанындегі Елбасы тапсырмаларына орай, бұл ескі балабақша үйін меншіктеген кәсіпкер Леонтий Сергеевич Нам аудан әкімі сауалына құлақ асып, аталмыш ғимараттың жарымын мемлекет меншігіне тегін қайтарған болатын.

Қалпына келтіру жұмысын Төлыпхан Әбділдаев басқарған «Еңбек» фирмасы жүргізді. 67 млн. теңге бөлініп, күрделі жөндеуден өткізілген балабақшаны жабдықтауға қосымша 12 млн. 200 мың теңге жұмсалып, жаңа мекен есігін айқара ашты. Оқып-үйрену, өнерге баулу үшін барлық жағдай жасалынған балабақшада 6 топ бар. Олардың 4-і қазақ, 2-і орыс тілінде бала тәрбиеленеді. 12 тәрбиеші, 37 қызметші жұмыс істейді.

15 жыл өтіп барып қайта ашылған балабақша өсіңе кірген көпшілік лентаны қиған облыс әкімі Серік Үмбетов ақ тілегін жолдап, ата-аналарды қуанышымен құттықтады. Елбасының сарабдал саясатының арқасында елімізде, облыста қол жеткізген жетістіктерімізді атап өтті.

– Ауданда балабақша ашу үдерісі артып келеді. Екі жыл ішінде сіздердің ауданда осындай 9 мекен ашылып, 13 балабақшада 2 мыңға жуық бүлдіршін тәрбиеленіп жатса, 42 шағын орталықта 1050 бала мектеп алды білім алуда. Бұл іс жалғаса береді, – дей келіп, ауданда балабақша ғимараттарын қайтару жақсы қарқында алға басып келді. Аудан басшылығына рахмет, – деді.

Сонымен бірге Өскемен қаласындағы еліміздің бір топ зиялы қауымымен жұртшылық өкілдерінің Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өкілеттілігін 2020 жылғы 6 желтоқсанға дейін ұзартуды облыс тұрғындары қолдап, бауырсынан дауыс беруге еңбекшіқазақтықтарды да шақырды.

Келесі сөз алған ауыл ақсақалы Мұрат Дүйсенбұлы Елбасына және облыс басшысына деген шынайы ықыласын білдіріп, халық үшін жасап жатқан қамқорлықтарына алғыс айта келіп, өскемендіктердің үндеуіне бауырсындап қолдау көрсететіндіктерін жеткізді.

Бүгінгі күн талабына сай жасақталған өсем ғимаратты аралап көрген облыс әкімі баршама алғадап, бал тілді балдырғандардың концертін тамашалады.

Тағы бір жақсылықтар үшін ең үлкен қуаныш, көптен күткен жақсы хабар –Есік қаласындағы 250 орын-төсектік аурухана мен күніне 350 ересектер мен 150 балаға қабылдау жасайтын, яғни 500 адам тексеруден өтетін емхананың ашылуы еді. Ол сөз те кепіл жеттІ. Атбасын ауданорталығы Есік қаласына бұрған Сәрке Өбекенұлы жаңа салынған кешенді аурухананың ашылу салтанатына қатысты.

«100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы шеңберінде, республикалық бюджет қаржысына салынған ғимарат құрылысы 2,5 жылда толық аяқталды. Оған жаңа үлгідегі шетелдік медициналық технологиялармен жабдықталуы қоса есептегенде 4 млрд. 125 млн. теңгеге медициналық құрал-саймандар алынса, жиһаз бен ұсақ-түйек қажеттіліктерге 12,5 млн. теңге жұмсалған. Ал 118,7 млн. теңгеге техникалық құрал-жабдықтар сатып алынған. Аурухана құрылысын жүргізуге 9 құрылыс-монтаж мекемелері қатысып, сапалы іс-тәжірибесін көрсетті. Құрылыстың бас мердігері «Стройиндекс-Астана» ЖШС-гі.

Кешенді емдеу орнында әрқайсысында 30-40 төсектік терапия, неврология, кардиология, хирургия, травматология, урология, инфекция бөлімдері, сондай-ақ, 40 төсектік балалар ауруханасы тәулік бойы жұмыс істейді. Дәрігерлік орталықта 244 жоғары білімді дәрігерлер, 391 орта және 444 төменгі буын шапағерлер және басқа да күтушілер бар. Барлығы 1079 адам сырқаттарға қызмет көрсетеді деп күтілуде.

Облыс әкімін жаңа аурухана аупасында қала жұртшылығы әкелдері, медицина майтalмандары мен ардагерлері, мекеме шапағерлері күтіп алды. Қалың жұртшылық алдында сөз сөйлеген облыс әкімі Серік Үмбетов биылғы жылдың басында енгізілген бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесінің негізгі қағидаттары жайлы айтып, үстіміздегі жылы облыс халқының денсаулық жағдайы, санитарлық-эпидемиологиялық ахуалы жақсымды көрсеткіштермен сипатталғанын, ана және бала өлімінің, қауіпті аурулардың деңгейі күрт азайғанын қуана хабарлады.

Дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың сапасына, тиімділігіне жете мән берілп келе жатқанын, оның бір мысалы ретінде осы аудандағы «Алтамед» зауыты бір ретке қолданықтың системаның жылына 16 млн. данасын шығаратынын атап өтті. Жақын күндері қабылданатын денсаулық сақтасын дамытуға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының міндеттері, оның ауылдық аумақтарға бағытталған басымдықтарын іске асыру ойларын ортаға салды.

«Облыста биылғы жылы 4 ірі аурухана пайдалануға берілмек. Оң Талғар қаласындағы орталық аурухана, Іле ауданындағы балалар ауруханасы, Алакөл ауданындағы Достық елді мекеніндегі аурухана және бүгінгі ашылып отырған Есік қаласындағы аурухана» – деді.

Аудан халқының ұйымшылдығына деген ыстық ықыласты небәрін білдіріп, әр отбасына денсаулық, береке-бірлік тіледі. Жаңа жылда жаңа белестерді бағындырып, жаңа жетістіктерге жетулерінне тілектестік білдірді.

Көпшілік атынан Елбасы мен облыс әкімі Серік Үмбетовке шексіз алғысын жеткізген Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау саласының үздігі, жоғары санатты дәрігер Гүлжан Өмекова жаңа ашылған бұл мекеме аудан тұрғындарына сапалы қызмет ететінне сендіріп, «Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың және Сіздің халық игілігі үшін жасап жатқан орасан еңбектеріңізді, қамқорлықтарыңызды ұмытпаймыз», – деді. Құрылысты іске қосқан «Строймпекс–Астана» ЖШС-нің атқарушы директоры Абай Шалдыбековке жиналғандарға тілек айтып, жаңа ғимарат кілтін емдеу кешенінің бас дәрігерлері Болат Балақсйшаев пен Гүлнар Құраметоваға салтанатпен талсырды. Ақ түйенің қарны жарылғандай қуынған халыққа, ел басқарып жүрген азаматтарға арнап Отан сопысы ардагері, ауданның Құрметті азаматы Жолдан Имаш күлоп бата берді Мәре-сәре болған көпшілік «Құдайға тәубе» деп шашу жинауға бас қойды.

Үш қабатты ғимараттың сырт асемдағы каз сұрыпарсе, кең де, жарық кең көрінісі түтген тәмаша. Құрылысы айтып жеткізгісіз. Аралап көріп, емдеу орталығының жайжағдайына қанықкан облыс әкімі аудан басшылығының жұмысына жақсы баға берді. Серік Үмбетовтің іссапары кезінде аудан әкімі Өмірзақ Тәйбаев бірге болды.

ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ.

ЖАСАМПАЗ ЕЛДІҢ КӨШБАСШЫСЫ

(2-бетке нақтар аударылады).

Жетісу

Jetisu2002@mail.ru

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ № 9 (17422) сенбі, 22 қаңтар, 2011 жыл Бағасы келісімді



ЖҮРЕК ҮНІ



Әлішқұл ЖАМБЫЛОВ, Қазақстанның Халық әнші, Алматы облысының Құрметті азаматы.

ЖАҚСЫ КҮНІМІЗ ЖАЛҒАСА БЕРГЕЙ

– Мен осы жасыма дейін көп нәрсені кердім, қазіргі уақытқа қайта жүріп талай-талай оқиғаларға куә болдым. Бүгінде аттарын аныз айтқан ақын-жазушылардың, қайраткерлердің көшінен жолығып, дастарқандас болғандығым есімде түсті. Содан кейін де ер замана, әрбір дәуірге бағаберуге болады ғой деп ойлайсың.


Кеңес дәуірінде халқымыз сан түрлі қиыншылықты бастан кешті. Ашаршылықтың салдарынан қаншама адам қырылып, аман қалғандары жан сауғалап жаңажаққа босып кетті. Ол кезде жас болсам да жол бойында көмусіз қалып, ит пен құсқа жем болған адамдар көз алдымнан әлі күнге кетер емес.

Отызыншы жылдардың тағы бір ойраны, халқымыздың бетке ұстар қайманын отап-асу, соттау жайында да тебіренбей айту мүмкін емес. Қаншама жазықсыз боздақ қыршынынан қиылып кете барғандығын ойласаң төбе шашың тік тұратындай. Көршілікке ортақ, нәубет – соғыс жылдарының ауыртпалығы өз алдына бөлек әңгіме.

Қазір ойлап отырсам, мұның бәрі көп ретте аз халықтар есіп-өнбесін, бодандықтың қамытын киіп отыра берсін деген сұрқия саясат жүргізген қызыл орталықтың кінәсі, түптеп келгенде өз тізгініміздің өз қолымызға тимегендігінің салдары.

Шындығында тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі аз ғана уақыттың ішінде қаншама жетістіктерге қол жеткіздік, бәрін санамалап шығудың өзі қиын. Ең бастысы, ұлан-байтақ жеріміздің есепсіз байлығына өзіміз ие болып отырмыз. Қазақстан деген мемлекеттің, оның бейбітшіліксүйгіш ынтымақшыл халқының барлығын бүкіл әлем біледі, айналамыз бізге қызыға да, қызғана да қарайды. Соны ойлағанда көтті көрген қария ретінде тірлігімізге мың тәубе айтамын. Жаратқаннан тәуелсіздігіміз баянды болып, бақуатты тірлігіміз жалғаса берсін деген ақ тілек тілеймін. Лайым солай болғай!

ЕЛ МҮДДЕСІ – ЖЫР ТІЛІ



ЖҰСІПБЕК

Қазағым, қақтықпа,
қамалма!
Ел болар қамыңды амалда.
Кетті күн, атып таң,
шығып күн.
Сал малды, сал жанды,
аямба!

Мал баққан, жай жатқан
ел едің,
Бейнетті көп тартқан ер едің.
Қаны жат, тілі жат, діні жат,
Жат елден таяқты жеп едің.

Құның жоқ, қорлықта
өліп ең,
Терезең теңімнен болды тең.
Намыстан, қайраттан,
қатарға ең!
Баскадан кем болған
сенің кең?

ТӘУЕЛСІЗДІК – ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ МҰРАТЫ



АЙБЫНЫМДЫ АСҚАҚТАТ, АЗИАДА!

БӘРЕКЕЛДІ!

ОТАНДЫҚ АВТОЗАУЫТ

Ел экономикасының қарқынды дамуы өндірістің өркен жаюына айрықша мән етуде. Ел тәуелсіздігін алған 20 жыл ішінде жаңа нысандардың пайдалануға кеттеп берілуі жұмыс орындарының ашылып, халықтың тұрақты еңбекпен қамтылуына жағдай туызып келеді. Жаңа ғасырда жаңа Қазақстанның әлем елдерімен терезе теңестіре, үзеңгі қағыстыра еңбек етуі жолында үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының жүзеге асырылуы ел беделін өсіріп қана қоймай, заманауи зауыттардың ашылуына соны серпін беріп келеді. Соның бірі жайлы айтатын болсақ, күні кеше Талғар ауданының Колхозшы ауылында «Hyundai Мотор Компани» компаниясы автозауытының салтанатты түрде тұсауы кесілді.



Жобадағы инвестициялар үш миллион АҚШ долларын құрайды, оның ішінде

2,3

млн. заем қаражаты

Бір жарым тоннадан бастап

15

тоннаға дейін жүк көтеретін техникалар жинастыру жоспарлануда

алғашқы көлікті жолға салды

Жетісу
Үлбосын ИСАБЕК

35 мың шаршы метр аумақты құрайтын кәсіпорында жүк автомобильдері мен «Hyundai» автобустарын құрастыру жұмыстары атқарылады. Жаңа зауыттың ашылуы бикылдың өзінде 50-ден астам адамның еңбекпен қамтылуына мүмкіндік берсе, 2015 жылы олардың қатары 200-ден асады деп күтілуде. Жобадағы инвестициялар 3 млн. АҚШ долларын құрайды, оның ішінде 2,3 млн. заем қаражаты. Оңтүстік Кореядан жеткізілетін машина жинытығынан «Hyundai» жүк автомобильдерін құрастыруды мақсат еткен кәсіпорында ұлттық қатарда 1,5-тен бастап 15 тоннаға дейін жүк көтеретін техникалар, атап айтсақ, жүк көтергіштер, борттық, фургондар, рефрижераторлар, қоқыс тасушы, су тасушы, манипуляторлар және басқа да коммуналдық, ауылшаруашылық техникаларын жинастыру жоспарланған.

Зауыттың ашылу салтанатына Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Өмірзақ Шөкеев, облыс әкімі Серік Үмбетов, «Hyundai Мотор Компани» компаниясының коммерциялық техника бойынша вице-президенті Гарри Чой, «Астана групп» компаниясының президенті Нұрлан Смағұлов мырзалар қатысты. Меймандар дәстүрге сай зауыттың лентасын қиып, автомобильдерді жинау процесімен танысты. Бұдан соң баспасөз өкілдерінің қатысуымен болған жиында көпшілік қауымды ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Өмірзақ Шөкеев зауыттың ашылуымен құттықтады. Ол өз сөзінде бұл жоба Елбасы тапсырмасы бойынша жүзеге асқан жобалардың бірі екендігін атай келе, ісін жаңа бастаған зауыттың сапалы автомобильдер жасауына сәттілік тіледі. Еліміздегі ең ірі компаниялардың бірі «Астана групптың» іскерлік танытып отырғандығын айрықша атады.

– Бұл біз үшін үлкен жетістік. Сондықтан да елімізде автомобиль өндірісін кеңейтуге Үкімет тарапынан да қолдау көрсетілетіндігін баса айтқым келеді. «Астана групп» компаниясы ісінің келешекте де ілгері басып, жұмыстарының жандана беруіне тілектеспін, – деді Өмірзақ Шөкеев.

Ал өз кезегінде сөз алған облыс әкімі Серік Үмбетов жаңа зауыттың ашылуын облысымыздағы ең үлкен қуаныш екендігін ерекше атап өтті. Елбасының тапсырмасы бойынша жүзеге асырылып жатқан индустриялық-инновациялық бағдарламалардың ең басты мақсаты – өңірге инвестиция тарта отырып, әлеуметтік әлеуетін жақсарту екендігін атап өтті.

Салтанатты шара барысында «Hyundai Мотор Компани» компаниясының вице-президенті Гарри Чой «Астана групп» компаниясының президенті Нұрлан Смағұловқа «Хундай Мотор Корпорацияның дилерлік сертификатын тапсырды. Бұған ризашылығын білдірген компания президенті зауыт жұмысын толыққанды іске қосатырып, облыс бюджетін көтеруге, сондай-ақ, биылғы жылы зауыттан құрастырылатын автобустың бірнеше бірін білім мекемелерінің бірінде тарту ететіндігін мәлім етті.

Зауыттың ашылу салтанатының соңында осында жинақталған алғашқы жүк автомобилі жаңа бағыттарға бет алды.

ТАЛҒАР АУДАНЫ.



Суретті түсірген Ж. МҰСАБЕКОВ.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

Болашағы зор байқау



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕЕВ.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің Алматы облысындағы аумақтық басқармасы мен облыстық мәдениет басқармасының ұйымдастыруымен үш жылдан бері дәстүрлі түрде мемлекеттік қызметкерлер арасында «Мемлекеттік қызметтер және мемлекеттік тіл» байқауы өтуде. Осы ретте өткен жылғы сәйсто өнермен ерекшеленген ұжымдар мен жекелер мерейленді. Өңіріміздегі үш мыңға жуық мемлекеттік қызметкерді қамтыған байқауда топ жарғандар І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында болған гала-концертте өздерінің сегіз қырлы, бір сырлы екендіктерін паш етті.

Жетісу
Қажет АНДАС

Аталған іс-шараны Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің Алматы облысындағы аумақтық басқармасының бастығы, Төртіптік кеңестің төрағасы Серікбай Нұрғисаев құттықтау сөз сөйлеп ашты.

– Бұл облыс әкімі Серік Үмбетовтің қолдауымен қолға алынып отырған іс-шара. Өйткені, мемлекеттік қызметкер кабинетте отырып, халықтың сенімне ие бола алмайды. Олар елдің мүддесі жолында еңбек етіп жүргендіктен бойындағы өнері, шеберлігі, тәжірибесі арқылы халық арасында үлгі көрсетуі керек. Осы мақсатта өткен жылдары мемлекеттік қызметкерлер арасында спорттық спартакиада ұйымдастырылды. Одан соң «Мемлекеттік қызметкер – мемлекеттік тіл» атты КТК ойындары өтті. Желісін осылай үзбей жалғап келе жатқан бастама енді өнер саласы бойынша жалғасын тауып отыр. Осы бастама республика аумағында қолдау тауып, өткен жылы Астана қаласында бірінші рет өткен «Мемлекеттік қызметкер және мемлекеттік тіл» атты мемлекеттік қызметшілер арасындағы республикалық байқауда облыстық қазынашылық департаменті бас жүлдені иеленді. Осыған орай, республикалық байқауды өңіріміздеде өткізу жөнінде Президент Әкімшілігіне ұсыныс жолданды. Егер ұсынысымыз қабылданып жатса, осы жылдан бастап республикалық байқау Талдықорған төрінде жалғасатын болады, – деді басқарма басшысы.

Республика бойынша облысымызда ғана ұйымдастырылған игілікті бастама алдымен аудан, қала және облыстық басқармалар мен департаменттер арасында басталып, ондағы іріктеуден өткен ұжымдар мен жеке азаматтар тағы бір сынға түсті. Осында топ жарғандар ғана жеңіс тұғырына табан тіреді.

Әр басекенің өз жеңімпазы болады. Мемлекеттік қызметкерлердің өнеріне баға берген білікті, тәжірибелі өнер майталмандарының шешімі бойынша аудандар мен қалалар арасында Талдықорған қаласы, басқармалар мен департаменттер арасында облыстық қаржы басқармасы бас жүлдені иеленді. Екінші, үшінші және ынталандыру жүлдесін жеңіп алған ұжымдар да мерейленді. Оларға диплом және ақшалай сыйлық тапсырылды. Сондай-ақ, аталмыш байқаудың өтуіне белсене атсалысқан бірқатар аудан әкімінің орынбасарларына Алғыс хат тапсырылды

Осыдан кейін мемлекеттік қызметкерлер Мәдениет сарайының сахнасында би билеп, ән айтып, өнерлерін ортаға салды. Олар өнер саңлағы болмаса да, кәсіби мамандардан кем түскен жоқ. Әсіресе, Талдықорған қаласы ұжымының театрландырылған қойылымы көрермендерді тәнті етті.

МЕМЛЕКЕТТІК КОМИССИЯ

Апат салдары сараланды

Қаңтардың қытымыр аязында Үйғыр ауданының аумағымен өтетін Шарын өзені тосын мінез танытып, Шарын ауылында апатты жағдай орын алғанын барша біледі. «Бақсақ бақа екенә демекші, қыстың көзі қырауда елді әбігерге салған оқиғаға осы өңірде Жетіген - Қорғас теміржол құрылысын жасап жатқандар себепші болыпты. Олар Шарын өзенінің үстінен өтетін көпір құрылысын жасау үшін орынды тау өзенінің арнасын бұрған. Алайда, уақытша қазылған жасанды арнаның жоғалауы тәуір болғандықтан осау өзен суы сел жақ бұйырн бұзып өтіп, ауылға қарай ағыздай аққан екен.

Жетісу
Мырзағали НҰРСЕЙІТ

Мұндай тосыннан келген ғілгіз жаудың тегеурініне тәзеттіп қарсы тұруда облысымызда өткен жылы орын алған оқиғалар үлкен сабақ болғанын жергілікті биліктің жедел іске кіріскеніне анғару қиын емес.

Облыстық төтенше жағдайлар департаменті аудандық бөлімшелерінен көмекке келген 11 арнайы автотехника көшелердегі суды соруға жұмылдырылғанымен 11 қаңтарға қараған түнгі аязда көптеген үй мүз құрсауында қалды. Оларды мүз құрсауынан құтқару апатпен алысқан азаматтарға онай болған жоқ. Оқиға орын алған Шарын ауылына облыс әкімі Серік Үмбетов арнайы келіп жағдаймен танысып, су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарға көмек көрсетілетінін айтты. Облыс әкімінің бірінші орынбасары Амандық Баталов та оқиға орнына арнайы келіп, ауыл тұрғындарын мүз құрсауынан құтқару шараларының басы-қасында жүрді. Қазір ауыл тұрғындарына аткарушы билік және қалың қауым тарапынан да қайырымдылық көмек көрсетілуде. Жақында өткен облыстық мәслихаттың кезекті тыс сессиясында Шарын ауылындағы апат зардаптарын жоюға облыс бюджетінен 30 миллион теңге бөлінді. Шарындыктарға көрші аудандар да қайырымдылық шараларын жасауда.

Міне, осы апат салдарын көзбен көріп, зардаптарын анықтау үшін ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Өмірзақ Шөкеев 21 қаңтар күні түстен кейін Үйғыр ауданына тікұшақпен келді.

Үкімет басшысының бірінші орынбасары алдымен Шарын өзеніндегі теміржол көпірінің құрылысы жүргізіліп жатқан жердегі қосалқы арнаны көрді. Арнаның су бұзып, ауылға апат әкелген тұсындағы қалпына келтіру шараларымен танысты.

Бұдан кейін апат салдарын көріп және су шайған тұрғын үйлердің жайымен танысқан соң Өмірзақ Шөкеев Шарын ауылындағы орта мектептің жиынжайында өзімен бірге келген республикалық комиссия мүшелерімен бірге облыс және аудан басшылары мен жергілікті тұрғындар қатысқан кеңес өткізді. Кеңесте су апатының салдары жайжақты сараланып, оларды жоюдың жолдары қарастырылды.

Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Үкімет басшысының тапсырмасымен арнайы келіп отырғандығын, орын алған жағдайды егжей-тегжейлі тексеріп, ауыл тұрғындарының өтініштілектерін аймақ басшыларымен бірлесе шешетіндігіне сендірді.

Жиында облыс әкімінің бірінші орынбасары Амандық Баталов хабарлама жасап, ауылдағы 7 үйге ағымдағы, 1 үйге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілетіндігін айтты.

«Қазақстан теміржолы» АҚ президентінің орынбасары Ерік Сұлтанов, Төтенше жағдайлар вице-министрі Жамболат Смайылов, облыс әкімі Серік Үмбетов, тағы басқа сала басшылары Шарын ауылында болған апатты жағдайға қатысты жағдайдың соншалықты ушығып тұрмағандығын, облыс басшыларының алғашқы күннен-ақ қолдау көрсетіп, қиындықтан шығудың жолын қарастырып жатқандығын айта келіп, алдағы уақытта Шарын өзенінің жағалауын нықтап бекітуге көңіл бөлу керектігін ескертті.

ҮЙҒЫР АУДАНЫ.

БӘРЕКЕЛД!!

ЖЕҢІМПАЗДАР марапатталды

Қала әкімшілігінің жиынжайында өткен мәжілісте жаңа жыл қарсаңында облыс орталығындағы ғимараттардың сыртқы көрінісін сәулетті - көріктендіру және түнгі жарықпен безендіру бәйгесінің нәтижесі шығарылды.

Жетісу
Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Шараға облыстық және қалалық деңгейдегі басқармалар мен департаменттердің басшылары, шағын және орта бизнес өкілдері, жоғары оқу орындары мен орта мектеп директорлары және басқа да лауазымды тұлғалар қатысты. Отырысты қала әкімі **Сөкен Жылқайдаров** ашып, жеңімпаздарды құттықтады. Аталмыш жарыстың қорытындысы бойынша бірінші орынды «Қазақтелеком» акционерлік қоғамының бас директоры Жексембай Мейрембаев жеңіп алса, екінші «Қалалық диагностикалық орталықтың» директоры Светлана Нұрмұхамбетова иеленді, ал үшінші орынға Ломоносов атындағы № 5 орта мектептің директоры Айнаш Ингенбаева қол жеткізді. Сыртқы жарықтандыруды сапалы орындағаны үшін облыстық салық, қаржы, ішкі істер басқармалары мен Ілияс Жансүгіров атындағы университет, Тіл сарайы, № 4 орта мектеп, «Гүлдер әлемі» дүкені ынталандыру сыйлықтарына ие болды.

Сондай-ақ, ғимараттың сыртын сапалы көркемдеуге атсалысып, жауапкершілік танытқан облыстық көлік және автомобиль жолдары басқармасы, облыстық сот, «Жетісу» аумақтық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті, Талдықорған қаласының ішкі істер басқармасы, «Теннис корты», Заң колледжі, № 2 орта мектеп ғимараты, «Ниагара» мейрамханасы, «Ирбис», «Деликатес» кафесіне өз ризашылығын білдірген қала әкімі Сәкен Жылқайдаров мәжіліс соңында алдағы уақытта да қала тазалығы мен сыртқы көрінісіне ерекше көңіл бөлу керектігін ескертті.

АПТА ТЫНЫСЫ

17 қаңтар күні ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Өмірзақ Шөкеев Үйғыр ауданы, Шарын ауылындағы жағдайға байланысты селекторлық жиын өткізді. Онда облыс әкімінің бірінші орынбасары Амандық Баталов апат аймағындағы қазіргі жағдай туралы хабарлама жасады.

17 қаңтарда Есік қаласында облыс әкімі Серік Үмбетовтің қатысуымен «Нұр Отан» ХДП Еңбекшіқазақ аудандық филиалының есеп беру-сайлау конференциясы өтті.


21 қаңтарда Алматы облысына жұмыс сапарымен келген ҚР Үкімет басшысының бірінші орынбасары Өмірзақ Шөкеев Талғар ауданында болып, жүк көліктерін және «Hyundai» автобустарын құрастыру зауытының ашылу салтанатына қатысты.

Мұнан кейін вице-премьер Үйғыр ауданы, Шарын ауылына барып, апаттың салдарын жою шараларымен танысты.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ҮН ҚОСУ

ЖАСАМПАЗ ЕЛДІҢ КӨШБАСШЫСЫ



Бейсенбіде Ақордада Қазақстан Республикасының Президенті **Нұрсұлтан Назарбаев** Парламент депутаттарының, саяси партиялар жетекшілерінің және зиялы қауым өкілдерінің қатысуымен кеңес өткізді.

Онда екі тақырып – Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығын атап өту және Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттік мерзімін 2020 жылдың 6 желтоқсанына дейін ұзарту туралы референдум өткізу жөнінде пікір алмасылды.

Сөзінің соңында Елбасы референдум өткізу туралы өз ойын білдірді. Нұрсұлтан Назарбаев: «Халыққа қызмет ететін қажетті шешім қабылдаймын» – деді.

Рухани бай тұлға

АҢАР, Әзірбайжанның Халық жазушысы, Әзірбайжан Жазушылар одағының төрағасы:

– Нұрсұлтан Әбішұлы әдебиет пен өнер мәселелеріне әрдайым ерекше құрметпен және қамқорлықпен қарайды. Қазақ жазушыларының айтуынша, ол өзі де әлең жазады, домбыраны шебер тартады.

Маған Нұрсұлтан Әбішұлымен тікелей таныс болу бақыты Мәскеуде Кеңес уақытындағы депутат кезімізде бұйырды. Біздің Қарабақ киелігіне тұралы өңгімелерімізге онық асқан қызығушылықпен құлақ қойғаны әлі есімде. Ол бұл киелікке жай сырттай бақылаушы ғана болған жоқ, мәселенің шешілуіне мейлінше белсене атсалысуға тырысты.

Сарабдал саясатшы

Соңғы кезде әлем саясатшылары сан-саққа жүгіртіп отырған Қап тауы аймағында болып өткен қарулы қақтығыстар туралы Елбасымыз сарабдал саясат ұстанып отырғаны, Батыс елдері мен Ресейді халықаралық құқықтың өзекті қағидаттары негізінде ақуалды тұрақтандыру үшін келісімсөзге шақыруы біздің еліміздің халықаралық саясаттағы бет-бейнесін танытқаны айқын.

Көршілес мемлекеттердің тыныштығы біздің де өз әріптестерімізбен бейбіт қатар өмір сүруімізден келеді. Сондықтан, Елбасы өз еліміздегі ұлтаралық келісім, саяси тұрақтылық – мемлекетіміздің өскелең дамуын және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін негізгі тұтқа екенін баса көрсетті. Олай болса, Қазақстанның әрбір азаматы, саяси қозғалыстары мен қоғамдық ұйымдары елдегі тұрақтылықты нығайтуға өз үлестерін қосуға тиіс.

Әлемдік экономиканың тұрақсыздығы жағдайында Қазақстан экономикасы өзінің тұрлаулылығын көрсеткені, ұлттық қорымыз бен алтын-валюта резервіміз біздің қауіпсіздігіміздің негізі болып табылатынын белгілі. Банк жүйесіндегі ахуалдың тұрақтандырылуы көптеген күрделі проблемалардың шешілуіне ықпалын тигізді. Резерватен әлемдік экономиканың қолайсыз ықпалынан барынша зардап шекпеу үш маңызды бағыт бойынша қолдау көрсетті.

Олар – үлескерлер, шағын бизнес, ауыл шаруашылығы. Соның қатар, 2009 – 2011 жылдарға арналған үшжылдық бюджет жобасында алдағы үш жылда зейнетақы төлемдері, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мен арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар, көп балалы отбасыларына әлеуметтік қолдау, бюджеттік сала қызметкерлеріне төленетін жалақы мөлшері қаншаға өскені барлығымызға мәлім. Бұл Елбасының әлеуметтік саясатты жүзеге асырудағы табандылығының іс жүзіндегі көрінісі.

Қысқасы, Елбасымыздың алға қойылған міндеттері – елімізді одан әрі дамытудың жаңа бағыттарын белгілеп берген көкжиегі кең, болашағы бекем сындарлы бағдарлама болды деп нық сенеммен айтуға негіз бар.

Талап ҚҰНАНСАРИН.

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

Елге қорған, қазаққа қормал

Қазақ қазақ болғалы қаншама уақыттың өткенін ешкім дөп басып айтып бере алмаса да халқымыздың басынан өткен тауқыметі мен тағдыр таразысын талай ойға орам етуге болады. Соның бірі – өткен ғасырдың алғашқы жартысында орын алған құлын-сүргін еді. Осы ретте, 1916 жылғы Қарқара көтерілісінен 1939 жылдардағы сталиндік қырып-жоюдың салдарынан миллионнан астам қазақ өз атамекенінен қуылып, шетелге босып кетті. Ал қара көздеріміз ондағы саяси-әлеуметтік қысымның салдарынан не көрмеді. Қадірінің қашқаны мен қарының ашқанын айтпағанның өзінде «қызыл қырғын» болып қырылды. Бірақ, «Жас өсіп, жарлы байиды екен», іргесі сөгілсе де, әулетін сақтап қалды. Десе де, көшкен елдің ең басты өкініші – атамекенге деген сағынышы мен зарығуы, еді. Еліміз 1991 жылы тәуелсіздігін жариялаған түста өзге елдегі бауырларымыздың туған Отанына ту тігуіне жол ашылды. Ал осы бастаманың авторы Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев болатын. Міне, содан бергі жиырма жылда атамекенге ат басын бұрғандар бүтінде тіршілігін жалғап, еркіндік пен берекелі өмірдің шырайын асыруда. «Елге ел қосылса құт» демекші, олар да хал-қадіріншe еліміздің экономикасына, мәдениетіне өзіндік үлестерін қосуда. Осы тұрғыдан келгенде, өз қандастарын туған Отанына жинап жатқан санаулы елдің қатарында Қазақстанның тұрғаны Президентіміздің салиқалы саясатының жемісі. Осындай бүкіл елге қорған, қауымға қормал болған ел басшысына шетелдегі барлық қазақ дән риза. Сондықтан, Елбасының өкілеттігін ұзартуды жержүзіндегі қазақтар бір ауыздан қолдаймыз.

Әуезхан МАЖАЙ, оралман.

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ.

Елбасын қолдаймыз

Еліміздің тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың президенттік өкілеттігін 2020 жылғы 6 желтоқсанға дейін ұзарту референдумын өткізу жөніндегі өскемендіктер бастамасын бірауыздан қолдаған көп ұлтты еңбекшіқазақтықтар саны 106 мыңнан асты.

Жетісу
Баянды ЗӘКІРОВ

Елбасының мемлекетті басқаруды жалғастыруын сұраған іс-шаралар ауданда жалғасын табуда. Күні кеше ғана Есік гуманитарлы-экономикалық колледжінде өткен аудандағы 8 этномәдени бірлестік мен 30-дан астам үкіметтік емес ұйымның, ардагерлер мен жастар өкілдерінің бірлесіп өткізген «Бірлігіміз жарасқан» атты акциясы осы сөзіміздің дәлелі.

Ауданда 54 ұлт пен ұлыс өкілі тату-тәтті өмір сүріп жатса, сол ұлт өкілдерінің көбі дерлік Елбасы өкілеттігін ұзартуды қолдау үшін акцияға келген. Жиналғандардың негізін құраған қазақ, орыс, ұйғыр, түрік, күрд, чешен, ингуш, корей, татар, тағы басқа ұлт өкілдері Махамет Жанбақиев, Оксана Бондаренко, Лиана Абдуллаева, Ержан Есіркеп, тағы басқалар сөзге шығып, жүрекжарды лебіздерін білдірді.

Акцияға «Нұр Отан» ХДП орталық саяси кеңесінің мүшесі Амангелді Ермегияев, аудандық мәслихат хатшысы Әділбай Талқанбаев, «Нұр Отан» ХДП аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бақтығали Мұқанов қатысып, бірлігі жарасқан аудан халқының ауызбірлігі мен ұлттар достығының ұйымшылдығына күә болды. Олжайында қонақтар кеңінен өңгіме өрбітіп, ризашылықтарын білдірді.

Жиынға қатысқандар бір үйдің баласындай жарасымдылық танытты. «Біз Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевты қолдаймыз» деген бірауызды үн тастады.

ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

Алматы облыстық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

14 қаңтар, 2011 жыл. № 41-234

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 тамыздағы №817 қаулысымен бекітілген заңға тәуелді нормативтік-құқықтық кесімдерге мониторинг жүргізу ережесіне сәйкес Алматы облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алматы облыстық мәслихатының төменде көрсетілген шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) 2003 жылғы 20 наурыздағы «2002 – 2010 жылдарға арналған «Ауыз су» облыстық бағдарламасы туралы» № 33-184, 2003 жылғы 11 сәуірде нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1084 нөмірімен тіркелген;

2) 2002 жылғы 26 желтоқсандағы «Алматы облысының 2010 жылға дейінгі кезеңге арналған экологиялық бағдарламасы және табиғат қорғау шаралары мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының 2003 жылға арналған жоспары туралы» №31-161, 2003 жылғы 12 ақпанда нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1011 нөмірімен тіркелген;

3) 2004 жылғы 13 сәуірдегі «2004 – 2009 жылдарға арналған Алматы облысы мемлекеттік кала құрылысы кадастрының автоматтандырылған жүйесін құру бағдарламасын бекіту туралы» №-5-34, 2004 жылғы 24 мамырда нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1633 нөмірімен тіркелген.

Облыстық мәслихат сессиясының төрағасы С. ЗУЛЬЯРОВА.

Облыстық мәслихаттың хатшысы А. СЫДЫҚ.

ЕСКЕЛДІ

ҚАНАҒАТТАНАРЛЫҚ баға берілді

Ескелді ауданында «Нұр Отан» ХДП филиалының VII есеп беру-сайлау конференциясы өтті. Басқосуға аудан әкімі, партия филиалының төрағасы Сұлтан Дүйсембінов, облыстық партия филиалы бақылау комиссиясының төрағасы Жомартқали Жексембинов, партияның аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Мейірман Тілеуберлінов қатысты.

Жиындағы алғашқы баяндаманы «Нұр Отан» ХДП аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары М. Тілеуберлінов жасады. Ол аудандық партия филиалының есеп беру-сайлау мерзімі аралығында атқарған жұмыстары және «Нұр Отан» ХДП-ның 2020 жылға дейінгі бағдарламасының іске асырылу барысын айтып өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша, аудандық партия филиалы тексеру комиссиясының хабарламасы тыңдалды. Сөз тексеру комиссиясы атынан Дәулет Ыдырысовқа берілді.

Баяндаманы талқылауға аудандық мәслихат хатшысы Қалабек Тастанбаев, Көксу ауылшаруашылық колледжінің директоры, «Жастар» БПҰ төрағасы Мәлік Қарасаев, аудандық емхана бас дәрігерінің орынбасары, «Жәрдем» БПҰ төрайымы Елена Цемицева, «Ақын Сара» ауылдық округінің әкімі Нұрлан Құрықбаев, «Жас Отан» Жастар қанатының хатшысы Индира Асанова және «Алматы шекер» АҚ бастауыш партия ұйымының төрайымы Галия Бедряковалар мінбеге көтеріліп, ұсыныс-тілектерін ортаға салды.

Алматы облыстық партия филиалы бақылау комиссиясының төрағасы Жомартқали Жексембинов те көп алдына шығып, партия жұмысындағы жетістіктерді айтып өтті.

Конференцияда бекітілген қаулы жобасымен жиынға қатысушыларды аудандық мәслихат тексеру комиссиясының төрағасы Мұрат Батырханұлы таныстырды. Есеп беру-сайлау конференциясына қатысушылар аудандағы партия филиалының жұмысына қанағаттанарлық деген баға берді.

Күн тәртібіндегі үшінші және төртінші мәселелер бойынша аудандық партия филиалы саяси кеңесінің құрамы сайланды. Саяси кеңестің құрамын бекіту жөніндегі ұсыныста ауданды қ «Жетісу шұғыласы» газетінің редакторы Сәбит Жұмабайұлы жасады. Конференция соңында саяси кеңес құрамы 30 адамнан болса деген ұсыныс айтылып, шешім қабылданды.

Аудандық партия ұйымы тексеру комиссиясы құрамын сайлау мәселесі негізінде аудандық қаржы бөлімінің бастығы Гүлмира Мұқатайқызы өз ойын ортаға салды.

Күн тәртібіндегі жетінші мәселе Алматы облыстық партия филиалының VIII конференциясына ауданнан делегат сайлау барысында өрбіді. Сөз аудандық салық комитетінің бастығы Бекмұханбетов Оразтай Нұратайұлына берілді. Конференцияда аудандық партия филиалының төрағасы Сұлтан Мырзабекұлы Дүйсембінов, төрағаның бірінші орынбасары болып Тілеуберлінов Мейірман Тілеуберлінұлы дауыс беру арқылы сайланды.

Жиын соңында аудандық партия жұмысына белсене қатысқан азаматтар марапатталып, мүшелікке жаңадан қабылданғандарға партия күәлігі салтанатты түрде табыс етілді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ

ЖҰМЫС БІРЛЕСЕ атқарылады

Талдықорған қаласындағы №1 кәсіптік лицейінде облыстық балалардың құқығын қорғау департаменті және «Қарлығаш» әйелдер білім беру консультациялық орталығы қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Балалар мен жасөспірімдердің ең төменгі ақылы еңбек түрінің алдын алу» және «Облыстық балалық шақты қорғау аймағы» атты қорытынды конференция өтті. Оған аталған департамент және қоғамдық бірлестіктің мамандары, психологтар, құқық қорғау саласының өкілдері және дәрігерлер қатысып, қамелетке жасы толмаған балалар мен жасөспірімдерді еңбекке жегу келеңсіздіктерін талқылады.

Жетісу
Қажет АНДАС

Алдымен кезек баяндамашыларға берілді. Сөз кезегінде олар өңіріміздегі бала құқықтарының қорғалуы қай деңгейде екендігін анықтап, оңдағы түйінді проблемалардың шешілу жолдарын ортаға салды. Баяндамаларда баланың азаматтық, саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени құқықтары толық қамтылды. 1994 жылдың 8 маусымында Қазақстан БҰҰ-ның бала құқықтары туралы халықаралық Конвенциясына қол қойды. Осыдан бастап қазақстандық балалардың құқықтарын қорғау халықаралық құқықтық сипатқа ие болды.

Әрине, бүгінгі қоғамның басты мақсаты – әр отбасында өсіп келе жатқан өрімдей жұлдыздарды дені сау, рухани бай, еңбекке, білімге құштар етіп өсіру. Сондықтан да, мемлекет баланы жоғарыжомбылықтың барлық түрінен қорғауға міндетті. Егер ата-ана немесе басқа тұлғалар оларға тиісті қамқорлықты көрсете алмаса, онда бұл жауапкершілікті мемлекет өз мойнына алуы тиіс.

Әрине, бұл орайда жасалып жатқан жұмыстар жеткілікті. Десе де, мұнымен барлық жұмыс тындырылды деп айтудан аулақпыз. Кездесу барысында көпшілік тарапынан да сұрақтар қойылып, тұщымды жауап қайтарылды. Олар балдырғандардың жанын жарадайтын қиындықтың киптігін алға тартып, түнгі клубтар мен кәсіпкерлер тарапынан кездесетін келеңсіздіктерді сөз етті. Расында, қазір түнгі клубтарға жасөспірімдерді кіргізбеу келісілген болса да, жасырын жұмыс жасап отырған орындар жеткілік. Бұл ата-аналарды алаңдатып келеді. Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың да дені осыған қатысты. Осыдан кейін мінберге көтерілген қоғамдық бірлестіктердің өкілдері де бала болашағына қатысты ой-пікірлерімен бөлісті. Әсіресе, Өзбекстан мен Қырғызстаннан келген балалардың ауыр еңбекке жегілігі, құқықтарының кепілі бұзылғанының тізбе тізе етті.

Дегенмен, қазіргі кезде кинотеатр, драма театры, мұражайларда болу сирек бара жатқандығы байқалады. Бұл баланың бос уақытын ұйымдастыруда ересектер тарапынан көмектің аздығын көрсетеді. Ал шын мәнінде бала бос уақытының әр бөлігі оның дамуында басты орын алады. Жиналысқа қатысқандар осының өскерін, балдырғандарды тегін еңбекке жегетін жағдайларды жан-жақты зерделеп, құқықтық тұрғыдан арашалау керек деген тоқтамға келді. Сондай-ақ, ең төменгі жасқа еңбекке жегілетін балалардың құқығын қорғауда бірлесіп жұмыс істеуге келісті.

ӘКІМДЕР ЕСЕБІ

БАЛАБАҚША КЕРЕК-АҚ

Райымбек ауданындағы қыс мезгілінде жолы қиындық туғызып жататын ауылдардың бірі - Түйық ауылы. Үлкен жолдан қиыс, етектегі тау түкпіріне орналасқан елді мекен. Өткен ғасырдың қырқыншы жылдарында онда қорғасын, мырыш өндіретін кен орны, шахта болған.

Жетісу
Қанат БІРЖАНСАЛ

210 отбасы, 1340 адам тұратын Түйық ауылында өткен жылы атқарылған жұмыстар туралы округ әкімі Қанат Бектенов есепті баяндамасын жасады. Бір орта мектебі, дәрігерлік шаңырағы, клубы мен почта бөлімшесі бар жұпыны ауыл Ынтымағы, ырысы ұйығаң мекен. Өзіндік жақсылықтары жетерлік.

Жиналыста Түйық орта мектебінің директоры Көпжасар Нұрлыбай, ауылдағы ақсақалдар алқасының төрағасы, Райымбек ауданының Құрметті азаматы Тоқтарқожа Молдабеков, дәрігерлік амбулаторияның меңгерушісі Нурия Гарифуллина сөз сөйлеп, ойларын ортаға салды. Олар ауылда тұратын халықтың талап-тілегін жеткізді. Қазір ауылдық әкімшілік пайдаланып отырған балалар бақшасы қайта қалпына келтірілсе, ауылдан 50 орынды балалар бақшасы ашылса деген үлкен ниет-тілектерін білдірді. Ауылдағы ауыз су жайы да алаңдатарлық. Оны да ауданның болашаққа арнаған бағдарламасына енгізген абзал.

Жиналысқа аудандық ішкі саясат және мәдениет, тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Жәмила Қоқымбаева қатысты. Көпшілік ауыл әкімінің жұмысы қанағаттанарлық деп табылды.

ӘКІМДЕР ЕСЕБІ

Жетіген ауылындағы № 11 мектептің мәжіліс залында Жетіген ауылдық округінің әкімі Е. Жақашев тұрғындар алдында есеп берді. Жиналысқа шаруа қожалықтарының жетекшілері, кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары, аудандық мәслихаттың депутаттары, ардагерлер, көпбалалы аналар мен мұғалімдер қатысты. Әкімнің есеп беру алдында көпбалалы аналарға «Алтын алқа» және «Күміс» алқа салтанатты жағдайда тапсырылып, оларға сыйсияпат жасалды. Сондай-ақ, ән мен жырдан шашу шашылды.

ӘКІМДЕР ЕСЕБІ

ЖАСТАР БЕЛСЕНДІЛІГІ АРТУДА

Жетісу
Ілияс ЖҮНІС

– Бүгінде ауылдық округ – аудандағы ең ірі елді мекендердің бірі, – деп бастады әкім өз сөзін. – Округ 5 елді мекеннен тұрады. Жалпы тұрғындар саны 18968 адамды құрайды. Округте бірқатар кәсіпорын, дін бірлестіктер, 400-ден астам шаруа қожалықтары жұмыс істейді. Бүлдіті жетігі өндіріс саласы ауыз шаруашылығы болғандықтан, бұл салада жетістіктерді айрықша атап өтуге болады. Өткен жылы бүдіп шаруа қожалықтары үшін елеулі табыс жылы болды. Астықтан, қант қызылшасына, картоптан, бақша дақылдарынан, көкөністен айтарлықтай өнім алынды. С. Дегенаев, М.Төкмолдаев, А.Ғасанов басқаратын шаруа қожалықтары өнім өндіруді мейлінше молайтумен қатар қоғамдық жұмыстарға да белсене араласып келеді. Шаруа қожалықтары жыл ішінде 4,5 млн. теңгенің субсидиясына ие болса, 100 тонна жанар-жағармай арзан бағамен босатылды.

Бұдан әрі баяндамашы бірқатар өзекті мәселені ортаға салды. Мысалы, өткен жылы есеп беру барысында су тапшылығы жөніндегі мәселені тұрғындар айрықша атап көрсеткен болатын. Оны шешу үшін республикалық бюджеттен 64 млн. теңге қаржы бөлініп, Үлкен Алматы каналының Кіші Алматы каналына су жіберілді. Осының есебінен шаруа қожалықтары 3 мың гектар алқапты суаруға толық жеткендей суға ие болды. Дегенмен де Жетіген ауылының ішінен өтетін Қарасу өзенін тазалау және дренаж жасау жүйесін қалпына келтіру қажеттігі мұмкін болмай тұр.

Кетіген ауылдық округінде шағын және орта кәсіпкерлік жүйесі жолға қойылған. Қазір округ аумағында 78 дүкен, 4 дәріхана, 7 қоғамдық тамақтандыру орны, халыққа қызмет көрсететін цехтар мен шеберханалар жұмыс істеуде. Бұл сала бойынша өткен жылы 24 жаңа жұмыс орны пайда болған. Ал биылдың өзінде округ аймағын көгалдандыруға 27 млн. теңге бөлінбекші. Осының есебінен бірнеше балалар алаңы салынады. Жергілікті бюджеттен бағытқа 20 млн. теңгеге Жаңаарна және Жетіген ауылдарындағы бірқатар көшенің жолдары қалыпқа келтіріледі. Баяндамашы тұрғындарды азаматтық жағынан қорғау, білім беру, денсаулық сақтау салаларындағы жыл ішінде қол жеткен табыстарды айта келіп, оралмандар мәселесінен де айналып өткен жоқ. Ал жастар мәселесіне келгенде округ аумағындағы жастар әр түрлі бейнеуларға, спорттық жарыстарға белсене араласып келе жатқандығын айрықша атап көрсетті. Әсіресе ауылдағы бір ерекше тоқталғаны, Жетіген-Көрғас теміржол құрылысы болады. Бұл орайда бүгінде Жетіген ауылынан жаңа вокзал құрылысының іргетасы қаланып жатқандығын, алдағы уақытта құрылыс жұмыстарына ауыл адамдарының көптей тартылатынын жеткізді.

Мінберге шыққан мейлеушілердің бәрі дерлік ауыз жаңа Е. Жақашевтың есебіне қанағаттанарлық баға берді. Бұған дейін мұндай шара 1 Мамыр, Байсерке, Қараой, Чапай ауылдық және кенттік округтерінде болып өтті.

ІЛЕ АУДАНЫ.

e-mail: Jetisu2002@mail.ru
www.Zhetysu-smi.kz

ӘРБІР СӘТТЕ бір сыр бар

Фототілші Жұмабай Мусабековтің альбом-кітабы хақында

«Жалпы, әрбір бала «қаратпысынан варианын» дейді ұрпақ тәрбиесімен айналысқан ұлы педагогтар. Мәселе, соларың кәй саласға оса қабілетті екенін қалмақ ортарып, сонан қас кәзінен бейімдеуде жатса керек. Жұмабай бауырымыз шеберлігі оқып жүргенде-ақ, фото іскерлігіне әуестенгенге ұқсайды. Алайда, үйелмалы-сүйелмалы жеті баланың ортасында жүріп шығармыз мол шаруаға бой ұру әрекінің қалынан кемпесі анық. Бұл мұназдәйекке ол облыстық «Жетісу» газетіне фототілші болып орналасқаннан кейін тоқ көп жетілгенін айтады.

Жетісу
Қуат ҚАЙРАНБАЕВ



Кез келген өнер адамынан ең алдымен дарынды, қабілет-қарымды қажет етсе керек. Содан кейін, әрине, еңбекқорлық, ізденгіштік қасиеттерінің болуы шарт. Жұмабай алғашқы күннен бастап-ақ осы қасиеттерді қалыптастырған жан екенін таныта білді. Керек десеңіз, қатардағы мақалаға арнап түсірілген суреттің де көрген адамға ой тастап, көңілінде ерекше әсер қалдырғаны құбықұп. Мене, Жұмабаймен бірге іссапарға бірге шығып жүрген кезімізде оның ізденгіштігіне риза болатынбыз.





Фототілші болу деген – алдыңа келген адамға объективіңді бағыттап, фотоаппараттың шүрпесін «сырт» еткізіп баса салу емес. Оп әрекенің қопынан келеді. Мәселе, соп адамның қас-қағым сәттік бейнесінен оның қимылы, іс-әрекеті, бет-бедері, мамандығы, қажет десеңіз ішкі жандүниесі де аңғарылып тұрса, сонда ғана сен өзің дің шебер фототілші санатына қоса аласың.

Оқырмандар газет бетінен қатып қалған жансыз бейнені емес, замандастарының жалынды өмірін көргісі келеді. Жұмабай осы талап үдесінен шыға білген суретшер.

Фотөнерін күнкөрістің кәсібі етуге де болады. Немесе оны өнердің бір саласы ретінде қарастыратындар бар. Біздің пікірімізше, Жұмабай Несіпжанұлы екінші ұстанымға көбірек жүгінетін сияқты. Олай дейтініміз, Жұмабай түсірген суреттердің ішінде таза журналистикаға қатысы жоқ, күнделікті өмірдің ортасынан ойып алған мәлтек дүниелер көптеп кездеседі. Асық ойнаған ауыл баласы, бетін өмір соқпақтары қатпарлаған қария, сезімнің шоқ түсірер ару, ат үстінде ойнақтаған бозбала, бері-бері қазқалпында қаз алдында көлбеңдеп, мына жалғанның қиын тағдырларға толы екендігін, онда қайғы мен қуаныштың қабаттаса келіп жататынын есіне салады. Нағыз өнер деген сонысымен құнды болса керек.

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жетісулық, әдеп-жазушылардың кітаптарын шығаруға мұрындық болып жүрген облыс әкімі Серік Үмбетовтің бұл жолы фото өнерине көңіл бөліп, Жұмабайдың суреттен тұратын шежіре кітабын шығаруға қаражат бөлгені барша өнерсүйер қауымды қуантып тастады десек артық айта қоймаспыз. Елбасының Жетісуға жасаған сапарларынан бастау алған шежіре өлкеміздегі барлық саланы қамти келіп, айтулы өнерпаздарымызды, алты алашқа сауын айтып өткерген мерекелерімізді, ға буын мен жас ұрпақтың, келбетін, жаңғатты өлкеміздегі әсем табиғатты мәңгілікке мұра етіпті.

Ендеше, фото өнермен оқырманға ой салып, көрген жұртшың көкірегіне қуаныш сыйлап жүрген Жұмабай бауырымызға шығармашылық табыс тілейік.













СЕН ТУҒАН КҮН,



Көкөу ауылы. Балғожа бәкейінің тұрғыны өскер туған жиені Ғалиаман БЕЙМАНБЕТОВ сен жасты ағамыз Рәта ОСТАНОВАНЫ 23 жасқа шыққандығымен құттықтайды!

Әжемді 75 жасқа, ағамыз 70 жасқа толып отыр. Әке-шешемізден өмірде өскер жақсы күндері, қуанышы мен бақытқары ада деп білеміз.

Әлдерінен жарасын үлгі,
қалды ізің,
Халық сондай қадірлейді
үлгі-қызмет.
«Елбегінен ел көтереді» деген бар,
Мәңгі жарық бола берсін жұлдыздарың,
Береке мен мерекеге ұласын,
Шаттықтарың бақыт толы күндерің.
Ата-әже құлпы болсын тіршілік,
Ортамдасын асқақ арман, ойларың.
Алдағы тағдыр тек жақсылық әкелсін,
Денің сау, бересе мен шаттықтарға,
Ата-өлеңі жүз жасқа да келінің.

ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: балалары және немерелері.

Жалбыз ауылы. Шиен ауылында тұратын құдағиларымыз Күлшатқа, Гүлбаһар РЫСКЕЛДІҚЫЗЫНА және құдағиымыз АЙСАҒЫМДЫ ақжаңа ашында болатын туған күндерімен құттықтаймыз. Қыз беріп, қыз алысқан ата дәстүрімізбен тұяқ болдық. Мың жылдық құдалығымызды жарасымды дәм тұздай бірге бөлісіп ермұзда өлеңіз жарасымын жүруін шоқа етсін.

Құрметтен төрден ғана көрелік,
Қыз беріспіз, қыз алысқан ел едік,
Жүрегіздер ортамызда алмай сау
Бала-шаға бақытына бөленіп.

ЕҢГІ ТІЛЕКПЕН: құдағиларыңыз – **Қазен,** күйеу балаларыңыз – **Мелет,** қыздарыңыз – **Әсел,** құдаларыңыз – **Меруерт.**

САРЫЖАЗ АУЫЛЫ,
РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.



Үйтөр ауылы. Сүлкер ауылында тұратын әріптесіміз әдебиеттің ардагы да ақ ұлы ананың «Ардақты әжем» өскер ГҮМАГҰЛОВА Кеңеркан Өсербайқызын 20 ақпан күні мерейлі 60 жасының құттықтаймыз!

Ақ ұлы ананың бең асқар таудай зеңгір бек ӘУБӘКІРОВҚЕЗІ шаңырағы ұйытқан отбасы құрып, 9 баланы қамқат етіп өсірді. Үлкен ұяға, қатқан қанға қолдарды. Бүгінде 15 немере сүйген әжеге сыйлы ананың. Қара шаңырағымыздан ырысы мен берекесі, қуанышы мен мерекесі, дәртін далалай пейілі мен, жүрегі мейірім шуағына толы ата-әжемізге өмірдің бар жақсылығын тілейміз.

Жанарыңыз тек ізгіліктен нәр алып,
Жүзіңіздің нұрын шуақ тарасын,
Құлпы болсын 60 жылдық тойларың,
Өмірлеріз ұзақ болсын жан анам.
Жалғасын жақсы достар көне берсін,
Аяулым бар қызықты көре берсін,
Бұл өмірде бар арман, аң тілектің,
Жүзге жасың жан ана көне берсін.
Ұрпағыңмен көбейіп керсе көр,
Аналап жүре берсін көңілдерлер.
Бақытпен құшағында тербетілін,
Ұл-қыздарың қызығына бөлене бер.

ЕҢГІ ТІЛЕКПЕН: Әубәкіровтер әулеті.

Панфилов ауданы, Басқұдық ауылының тұрғыны САДУАҚАСОВ Айтуған Уәкқұлы 2 наурыз 40 жасқа толған мерейтойымен құттықтай отырып мына өлең жолдарын тарту етемін.

40 жасқа толып бүгін отырсың,
Шаңырақта шаттық күлкің төгілгесін.
Лайламен бірге өткізіп өмірді,
Қуанышқа балаларың тік тұрсын.
Қадірлі бол бар жұртқа, достарыңа,
Толғанда 40 жастың шатқалына.
Басыңа бақ, жасыңа жас қосылсын,
Бақ дарысын, қызыр болсын
жолдасың.



ТІЛЕК БІЛДІРУШІЛЕР: анаң – **Айымбүбі,** әкең – **Бақытгүл,** қарындастарың – **Ардагүл, Әлия,** бауырларың – **Дүйсембай, Жексенбай, Дүйсенгали,** жезделерің – **Нағима, Гүлнар,** келіні – **Әсем.**

• • •

САДУАҚАСОВ Айтуған Уәкқұлының 2 наурыз күні 40 жасқа толған мерейтойымен құттықтай келе, денің саулық, ғұмыр болсын ұзақ та, сәтті болуына тілектестік әпектерінің жемісін көріп, алдағы күндері тек қана қуанышты күндері кең болса берсін демекпіз.

Құтты болсын құтқа толы
құрағың,
Мерейлерің өсе берсін тек сенің.
Тоқсанға кел, жүзге де жет жадыраң,
Талмай ести тіршіліктің есегін.
Үлгі болып ел-жұртыңа өнегең,
Көріне бер биік-биік мәреден.
Ұрпақтарың елдің данқын асырып,
Жылдар бойы өсе берсін дәрежең.

ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: жұбайы – **Лайла,** балаларың – **Рүстем, Дастан,** қайын енең – **Қанипа,** балдызың – **Мәлия.**

МЕРЕКЕҢМЕН!

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ.
ТАПСЫРЫС — 1.98.
ТАРАЛЫМЫ — 45 576.
ИНДЕКСІ — 65469.

Компьютерде терілгенде 6 баттың ақпараттық қабілдеңбайды.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

Қазақша редактор: Айгүл БАЙҒОСЫНОВА.

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілің, беттеледі.

Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Орбита" баспаханасында басылды.
Дана саны
М 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, №3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

Қабылдау бөлмесі және факс — 27-41-50, байланыс телефондары бас редактордың орынбасарлары — 21-01-90, 27-41-83, жауапты хатшы —24-38-16, әуіпшіруашылығы, экономика және мәдениет бөлімі — 27-42-34, саясат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі — 24-36-07, ұлыс және өлкеметтік мәселелер бөлімі — 24-32-43, білім және ғылым бөлімі — 24-30-57, фотоғылшілер -27-41-93, заң және әкімшілік бөлімі — 24-29-82, есеп-қисап бөлімі — 24-35-28.
Алматы қаласындағы тілшілер қосымша —279-13-37 (факс) 79-13-86, 79-36-43.
Мемлекеттік тілдегі аудандардағы телефондары Үшқарада — 2-12-57, Панфилов ауданында — 5-12-21, Райымбекте — 2-22-05, Іледе — 2-19-33.
Газет тәбіс етілмесе — 72-59-01 телефонымен хабарласу керек.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімі

Бас редактор Жақылжан НҰРҒОЖАЕВ

МЕНШІК ИЕСІ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

МЕКТЕП ӨМІРІ

Оқушы жетістігі

А. Розыбакиев атындағы орта мектептің 6 «а» сынып оқушысы Жайна Маметова жастайынан өнерге бейім болып өсті.



Ол кішкентайынан мектептегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Оқу озаты ретінде биылғы жылы Бурабай баурайындағы оқушылардың «Балдәурен» демалыс лагерінде болып қайтты.

Табиғаты көркем Бурабайды көріп көп әсер алдым», – дейді ол.

Жайна лагерьдегі тыныңу күндерінде «Оқжетпес», «Жұмбақ тас» тәрізді табиғаты әсем орындарда болып, әйгілі Абылайханның кесенесі мен үш бидің бас қосқан жеріне барғанын толқи еске алады.

Бурабайда жаңа достарымен танысып « «Жыл ауылы» номинациясы бойынша Мақтау қағазын алып қайтты. Жайна демалысы жайында сыныптастарына әсерлі әңгімелеп берді. Оны әлі де талай белестерге жетеді деп сенеміз.

Т. КИГИЗБАЕВА.

АЙТЫС

Қазақ сөз өнерінің бастауы ақындар айтысы десек, Сүйінбай мен Бақтыбайды, Жамбыл мен Қалқа Жапсарбаевты тудырған Жетісу өлкесі қасиетті мұраны қашанда қадір тұтады. Осыған орай, өңірімізде жыл сайын мектеп оқушылары арасында өтетін Жамбыл Жабаев атындағы жас ақындар айтысы талай дарынның жолын ашып, болашағына бағдар сілтегені анық.

ЖАС ДАРЫНҒА жол ашты

Жетісу
Қажет АНДАС

Бұл үрдіс биыл да өз жалғасын тапты. Таяуда Көксу аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен Аманғелді атындағы орта мектепте «Жамбыл Жабаев – 165 жыл» тақырыбымен аудандық жас ақындар айтысы өтті. Оған 23 үміткер қатысып, өнерін сынға салды.

Әрине, «Зылиха апаның ауылы» атанып кеткен елді мекенге қадам бассаң өзіңше жігер алатының анық. Сондығынан болар, сайысқа келген қонақтың көңіл-күйі көтеріңкі. Шеризат Сапарғалиева басқаратын мектеп ұжымының да айтысты өткізуге сақадай-сай тұрғанын білдік. Залға лық толған тыңдаушылар мен сахна төрінен орын алған жас ақындар тамаша үндестік тапқан.

Әрине, қазақы қара өлеңнің шартын бұзбай, сөзді сұлу, ойды орамды өтіп қиюын тауып қыстыру, жұрт алдына шығып кесіле толғану балалар емес, тәселген айтыскерлерге де оңай тимесі анық. Өйткені, олар осы орайда елдіктің сөзін сөйлеп, білімі мен деңгейін айғақтайды. Сонымен қатар, айтыс жаттандылықты немесе жалаңдықты көтермейді. Сондықтан мұндай сайысқа тұа бітken таланты бар, қасиетті өнердің тазалығын сақтауға бейім талапкер ғана қатыса алады. Осы тұрғыдан келгенде үміткерлердің жақсы дайындалып келгенін айта кеткен жөн.

Осы ретте, шараның сәтті өтуіне атсалысқан Аманғелді атындағы орта мектеп мұғалімі Шүғайып Ақынұлының да шеберлігін қоса кеткен дұрыс. Жүрсін Ерман сияқты тәселген жүргізуші болмаса да айтыстың шымыр, үтқыр өтуіне көп еңбек еткендігі көрініп тұр. Әрине, Шүғайып Ақынұлының бұған дейін де жас таланттардың жігерін ұштап, жолын ашу мақсатында бірқатар игілікті шараларға бастамашы болып жүргенін білеміз. Біз: «Осындай жалынды азаматтарымыз тұрғанда қазақ айтысы ешқашан көмескіленбейді», – деген ойға келдік.

Тағы бір жағынан, шара барысында мектеп оқушылары дайындаған концерттік бағдарламаға орын берілсе, енді бірде аудандық білім бөлімінің шақыруымен қонақ ретінде қатысқан өңіріміздегі белгілі айтыскер ақын, «Алатау» газетінің редакторы Айтақын Бұлғақов, «Жетісу» газетінің бөлім редакторы Қажет Аңдас, «Алатау» газетінің бөлім редакторы Айдын Кәлімханға сөз беріліп, балаларды шабыттандырып отырды. Әрине, әр бейгенің өз жеңімпазы болады. Аудандық білім бөлімінің бастығы Сағымбала Төкенова бастаған әділқазылардың шешімі бойынша Мұсабек атындағы орта мектептің оқушысы Әділбек Буркіткәзы бірінші орынды жеңіп алса, Қалқа Жапсарбаев атындағы орта мектептің оқушысы Ұлай Нұрболат екінші, Мұқаншы орта мектебінің оқушысы Айгерім Қазыбек үшінші орынға табан тіреді.

Шараны қорытындылаған аудандық білім бөлімінің бастығы Сағымбала Төкенова сайыстың сәтті өткенін айта келіп, жеңімпаздарды марапаттады.

КӨКСУ АУДАНЫ.

БІЛГІҢІЗ КЕЛСЕ...

ҚАЗАҚТЫҢ ТЫЙЫМ СӨЗДЕРІ

Белінді таянба.
Бесікті ашық қалдырма.
Бесікті аяқ астына тастама.
Бесікті көрінгенге берме.
Бесікті сатпа.
Бетіңді баспа.
Босағаға отырма (қыз босағаға отырмайды).


Бейуақытта жылама.
Бейуақытта кісіге көңіл айтпа.
Бейуақытта ұйықтама.
Бейітке қарап түзге отырма.
Бейітке қолыңды шошайтпа.
Бейіт топырағын сөндеме.
Бейіт тұсынан шауып (жүгіріп) өтпе.

Айырдың басын жоғары қаратып қойма.
Аққуды атпа.
Ақтың жүндісын ағып жатқан суға төкпе.
Ақты төкпе.

Жетісу
12
Сенбі, 26 ақпан, 2011 жыл

ЕЛ ЖҮРЕГІ

e-mail: Jetisu2002@mail.ru
www.Zhetysu-smi.kz



ЕҢ ТҰҢҒАН КҮН,



Қымбатты **Пайза БЕЙСЕНБАЙҚЫЗЫ**! Сізді мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Өзіңіз ұзақ жылдардан бері басқарып отырған ұжымдағы бірлік пен бereкенің орнығуына, мемлекеттіміздің болашақ азаматтарын тәрбиелеуде көшеусіз еңбек етіп келесіз. Әлі де талай асулардан асып, жас мамандарға, ұжымға үлгі-өнеге болып, егемен еліміздің ағалы жолының жемісті сәбек ете беріңіз!

Еліктеуге әлеміңіз, шығармашылық жұмысыңыз одан әрі жалғасып тауып, отбасыңыздың көркі, шаңырағыңыздың шырақшысы боля беріңіз! Өмір азығына бой алдырмай, бақытқа бағарыңмен сексеннің сеңгірін, тоқсанның төрізе болар шағыңыз туа берсін! Зор денсаулық, шалқар шаттық, отбасыңызға амандық, ырыс-бereкеге толы толағай табыс тілейміз!

Құтты болсын мерейлі алпысыңыз,
Көбейсін үлгі тұтар әр ісіңіз!
Туыс-туған, дос жарасып үлгі боп,
Әлі талай биіктерден асыңыз!
Жаңалықтың жарнасы болып қашанда,
Жүрегіңіз әрқез үлгі боп елге кеш бастап,
Нұрландырып, шуақ төгіп маңайға,
Күліпіңнің әлпін сеуіп келесіз.
Таңы берсін әрқашан ырысыңыз,
Тарылмасын ешқашан тынысыңыз.
Немеренің келіні сәлем жасап,
Шөберенің қолынан су ішіңіз!

ІЗГІ НИЕТ БІЛДІРУШІ: М.Бейсебаев атындағы Талтар агробизнес және менеджмент колледжінің ұжымы.



Балқаш ауданының Бақбақты ауылында тұратын ақтұлы ағамыз қаһарлы соғыстың ойран жүрегін қамқор әжеміз **Парида АМАНЖОЛОВАНЫ** мерейлі 70 жасқа толуымен шын жүректен құттықтаймыз! Бәрімізге ерекше қымбат асыл жанға жарық дүниедегі барлық жақсылықтарды тілей отырып, жүз жасында да ортамызда жадырап жүре беруіз деген ақ тілегімізді білдіреміз.

Асыл ана, бәрімізге мейір шуағын шашып жүрген ардақты әже әжеміз осы жер де бола білді. Өткен жылы өмірден өткен ақын әжеміз Шүрсапа Аманжолқызын шығармашылығымен алмасыз айналысып, өмірде үлкен биіктерге қол жеткізуінде анамыздың да үлкен үлесі бар деп білеміз. Аудан мен облысқа ғана емес, бүкіл Қазақстанға танымал ақын атанып, Балқаш ауданының Құрметті азаматы болған аскер тәудай әжеміз жан-жарын айрықша сыйлап өтті.

Өлеңіңмен қызықты — *Тіленіміз – үйде ылғи*
Бізбін әрбір күнімді — *Шат көңіл-күй орнасын.*
Бәрімізді құптың. — *Жанынызға ешқашан*
Аман-есен жүріңіз — *Жа қалаушық болмасын.*

Мейіркеш қыстың да
Күнін жаздай жайнатып,
Отырыңыз жүзге кеп,
Шөпшектерді ойнатып.

АҚ ТІЛЕКПЕН ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: балалары мен келіндері және немereлері.



Жамбыл ауданы Сарық батыр ауылының тұрғыны, ардақ тұтар ағамыз, әкелерін ұлға, қыздарын қиыға қондырған ардақты әке, асыл жар **Абданбаев Төлеутарбек Абданбайұлы** 1-наурыз күні 70 жасқа толып отыр. Осы мерейлі мерекесімен құттықтай отырып, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, шөбере-шөпшектерінің қолынан дәм бұйырсын деп тілейміз.

Бәрін көрдің өмірінің жолында.
Жастығың да толы болды жалында.
Қиындықтан қаймықпай-ақ көтердің,
Жастығыңның тасын түрін шағында.
Сүйеу болып әрдайым Қымбат
жеңгемiз,
Қол ұстасып өмір кештің бәрі ағым.
Ұрпағыңа үлгі болдың екеуің,
Біз де бүгін сөз жолдарын бараның.
Наталымыз, атамыз деп мақтанып,
Шетіңізден біз жүрейік мақтанып.
Қымбат апамызбен қашанда бір қартайып,
Басыңызға тарамайтын бақ қонып.

ІЗГІ НИЕТПЕЙ: ұйқыз балаңыз – Мақпан, қарындасыңыз – Хафиза және жиендеріңіз.



Алматы облысы, Сарқан ауданының Құрметті азаматы, ардагер тәудай әке, қамқор ата, асыл жар, отбасының ұйытқысы **РАХМЕТҚАЛИЕВ Болат Рахметқалиұлын** 75 жасқа толған мерейлі тойының құттықтаймыз!

Өз кезінде ауданның басқарма бірқатар жауапты қызметтер атқарған ардақты әкемізге мерейтойының құтты болып, қуанышларының жалғасын табе беруін дәген ақ тілектімізді арнаймыз. Асыл анамыз екеуіне немере-шөберенің қызығын көріп, ұзақ өмір, зор денсаулық тілей келе ізгі тілек, шынайы көңілімізді жыр жолдарымен білдіреміз.

Болат әкем көп балаң, — *Ұлың қонды ұяға.*
Жақсыларың тең болған. — *Қызың қонды қияға.*
Қиындыға қазақта қаймырмады, — *Қатынағы қарт болдың,*
Бақ қонып қызмар дарыған. — *Өзіңізге бәрі сын ба?*

Жетпіс беске толды жасыңыз,
Алыпты судай тасыңыз.
Сөзсең мекен тоқтамға,
Жүзден де әрі асыңыз.


ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: балалары, немere-шөберелері.



Талдықорған қаласының тұрғыны жолдасымыз, зейнеткер әскери қызметкер **ШМАНДОСОВ Мұхаметқали** ағамызды 60 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз. Табиғат сізбен аямаған, мәуелі бойтеректей жайқалып, ұлан ұяға, қызын қиыға қондыра білген, осы күні сәбиеттен ақ нәр үлгі қойнауға ағамызға қуанышымызды ортаймасын, балаларыңыз бен немereлеріңізбен арасындағы қызықты ғұмырыңыз ұзақ болсын дептіміз.

Тіршіліктің мұратын ұзақ күрестің,
Ойлағанда жақсылықтан үлестің.
Көңілінде мұң жасқаушы жасынып,
Алыста деп ойлағанда жүзде ешкім.
Алтыс десең ердің жасы екенін,
Бұл, ғұлама, данагөйлік алысың.
«Жеңде» деген тілмен де барғайды,
Әлеуметтік кадрларымыз айтады.
Аталай, құтты болсын 60 жасың,
Ортаңнан да қалмасын ерке тасың.
Ұстаңызбен қолыңызды күрсе бақыт,
Жасыңыз ұзақ болып жүзге барсын.

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН: Алмабекөлтер *ауылы.*



Панфилов ауданы, Үлкенқарағай ауылының тұрғыны парасатты азамат, адал жар, абзал әке, ардақты ата, асыл жан **Тұрғанбек ХАСАНОВ** 80 жасқа.

Данагөр болып туыс арасына,
Өсиетсіз тәрбиесіз балаң да да.
Мың тақтың етін жиған жеңіл де бар,
Сексенге келген алтын анасына.

Өмірдің адалдықпен өткізіп ымын,
Тәкаппар көрсеттің бой тежегіштің.
Кетсе де жақсың ерте, қайтып үйлемейді,
Жеті қыз, бес шөбере жеткізіпсің.

Балдыз отырған соң әр ісіңді,
Білмеді елден алған алысыңды.
Әр болысың денсаулығың, білімің тәжен,
Талы да жасасын бір алысыңды.

ӨЗІҢЕ ДЕГЕН АҚ ТІЛЕК, ПӘК НИЕТ КӨРСЕТІП, ШЫН ЖҮРЕКТЕН ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: бажан – Сарқытбектің үрім-бұтағы.

МЕРЕКЕҢМЕН!

Көркемсөз оқу шеберлерінің Оралхан Бөкей атындағы XIII облыстық байқауының ЕРЕЖЕСІ

Алматы облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы мемлекеттік тілдің қолданылуын кеңейту, тіл мәдениетін көтеру, көркем әдебиетті насихаттау, таланты, таланты жастардың шығармашылық іздenістерін арттыру мақсатында **Көркемсөз оқу шеберлерінің Оралхан Бөкей атындағы XIII облыстық байқауын** өткізеді.

1. Байқау үш кезеңнен тұрады:
– Аудандарда, қалаларда және облыстық мекемелерде іріктеу байқаулары үстіміздегі жылдың мамыр-шілде айларында;
– Облыстық байқау 2011 жылғы тамыз айында Талдықорған қаласында өтеді.
– Республикалық байқау Қазақстан Республикасы халқының Тілдер фестивалі аясында (қыркүйек-қазан айлары) Астана қаласында өтеді.

2. Байқауға 15–30 жас аралығындағы талапкерлер қатыса алады.

3. Кәсіби өнер саласының мамандары, осы салалардағы оқу орындарының студенттері байқауға жіберілмейді.

4. Байқауға қатысушыларға қойылатын талаптар:
– прозалық шығармадан үзінді оқу;
– драмалық шығармадан үзінді оқу;
– поэзиялық шығармадан үзінді оқу (жатқа оқу).

5. Байқаудың шарттары:
– шығарманы орындауда белгіленген уақыт регламенті сақталуы тиіс (4-5 минут);
– дайын фонограммаларды қолдануға тыйым салынады;
– талапкер таңдап алынған мәтіндерді жатқа білуі қажет.

6. Облыстық байқауға аудандарда, қалаларда және облыстық мекемелерде өткен байқаулардың жеңімпаздары (бір-бірден) қатыстырылады. Оларға аудандық (қалалық) әкімдік, облыстық мекеме басшылары жолдама береді. Жеңімпаздың жеке куәлігінің немесе туу туралы куәлігінің көшірмесі қоса жіберіледі.

7. Облыстық байқаудың сарапшылары үміткерлер өнерін бағалау кезінде:
– көркем мәтінді оқу шеберлігіне (басқа ақын, жазушылардың шығармаларын оқуына болады);
– дауыс мәнеріне және тіл тазалығына;
– мәтінді таңдау талғамына;
– сахнада өзін-өзі ұстауына, актерлік шеберлігіне;
– образдық киім үлгісіне баса назар аударады.

8. Байқау жеңімпаздары Алматы облысы тілдерді дамыту басқармасының арнайы дипломдарымен, басқа да бағалы заттай сыйлықтармен марапатталады. Бас жүлдегер Астана қаласында өтетін республикалық **Көркемсөз оқу шеберлерінің Оралхан Бөкей атындағы XIII байқауына** қатысуға жолдама алады.

Анықтама үшін мекенжайымыз: Талдықорған қаласы, Жансүгіров көшесі, 36 «Б», «Тіл Сарайы» 21-кабинет. **Алматы облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы**, байланыс телефондары: 8 (7282) 40-01-62, 40-01-67, факс: 30-59-50.
E-mail: obl.til.damytu.5@mail.ru, kaharman.dd@mail.ru

ТАҒЫЛЫМ

Жыр алыбына арналды

Дүлдүл ақын Жамбыл Жабаевтың туғанына 165 жыл толуына орай республикалық кітап музейінде «Жұз жасаған жыр-жүрек» атты көрме-кеші өтті.

Сан ғасырлық қазақ әдебиетінің жауһарларын екшеп көрсек, Жамбылдың Қазақстанның ғана емес, өлем жұртшылығының ең сүйіп, аса жоғары құрметпен оқитын ақыны болғанын аңғарамыз. Ақынның тарихи-этникалық жырларын, лирикалық, философиялық, сатиралық өлеңдерін тамсанбай оқу мүмкін емес. Сондай-ақ, ақын өлеңдері көптеген шет тіліне аударылып, өлемді шарпып кеткені тағы бар.

Мұны музейдің бір бұрышынан орын алған Жамбыл Жабаевтың кітаптары мен ол туралы жазылған еңбектер және фотосуреттер жинақталған көрмеден де байқауға болады. Онда Е. Ысмайыловтың «Санат» баспасында 1996 жылы жарық көрген «Жамбыл жене халық ақындары». М. Жолдасбековтың «Білім» баспасында 1996 жылы жарық көрген «Асыл сөздің атасы» (зерттеулер), «Ғылым» баспасында 1996 жылы жарық көрген таңдамалы 2 томдық шығармалар жинағы, Я. Амандықовтың «Жамбыл өнер өлемінде» («Қайнар» 1998»), «Жамбыл жырлайды» музыкалы-этнографиялық жинағы, «Ата тағылымы», «Айтұмар» баспасынан 1996 жылы жарық көрген «Естеліктер мен зерттеу мақалалар жинағы», Л. Степанованың құрастыруымен «Жамбыл Я – тополь столетний» жинағы, құрастырушылар: С. Садырбаев пен К. Сейдехановтың «Жазушы» баспасынан 1982 жылы шыққан II томдық шығармалар жинағы, Н. Төрекұловтың «Санат» баспасынан жарық көрген «Жамбыл – менің жай атым», «Нұр» баспасында басылған Жамбылдың бірқақылайлары, С. Садырбайұлының «Ана тіл» баспасынан 1996 жылы жарық көрген «Фольклор және Жамбыл», Жамбыл «Жұз жасаған жүректен» («Балауса», 1996 жылы), Ж. Шаштайұлының «Жыр-жолбарыс», Пәкістанда урду тілінде басылған Жамбылдың өлеңдері, О. Нұрмағанбетова, Ө. Тәжібаевтың «Ұлы жыршы» кітаптары қойылған. Бұл көрме жыл бойы жұмыс істейді.

Көрме-кешке келген қонақтар алдымен көрмені аралап, ондағы өлеңі мен өмірі үндесіп кеткен ұлылыққа тәнті болды. Осыдан кейін жиынсақа жиналып, Жамбыл бабаның шығармашылығын саралады. Сөз кезегін алған Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті кафедра меңгерушісі, профессор, филология ғылымдарының докторы Темірхан Тебегенов, М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қазіргі әдебиет бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы Нұрдәулет Ақыш, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры Жолмұхан Тұрғынұлы, ұрпақтары атынан Жамбылдың немересі, халық ақыны Өлмұқұл Жамбылов, Жеңісхан Жамбылов, Мұратхан, Бекмұрат Жамбыловтар тұщымды ойларын ортаға салса, Алма Аманжолова, Бекмұрат Жамбылов, Сара Тоқтамысова, Жылпбек Тоқтасыновтар жырдан шашу шашып, кеш көркін өрлендіре түсті.

Республикалық кітап музейі жыр алыбы Жамбылдың туған күніне арналған көрме-кеш өткізуді жыл сайынғы игі дәстүрге айналдырған. Бұл жолғысы да тұщымды ой, тартымды тағылымымен ерекшеленді.

Салтанат ӘШІМОВА,
республикалық кітап музейінің аға ғылыми қызметкері.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ – БАЛАШАҒЫМЫЗ

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ бастауы

Облыстық балалардың құқықтарын қорғау департаментінің ұйымдастыруымен Талдықорған қаласындағы №1 кәсіптік лицейде Қазақстан Республикасының бірінші ханымы Сара Назарбаеваның қайырымдылық көмегін алатын балалармен кездесу өтті. Оған өңіріміздегі орта білім беретін мекемелерде оқитын балалар үйінің тәрбиеленушілері қатысты.

Жетісу
Қажет АНДАС

Кездесуді құттықтау сөзбен ашқан облыстық балалардың құқықтарын қорғау департаментінің директоры Гүлнар Ермекбаева бала құқығын қорғаудың маңыздылығына тоқтала келіп:

– Республикалық «Бөбек» қорының президенті, еліміздің бірінші ханымы Сара Алпысқызы қайырымдылық пен мейірімділіктің ерен үлгісін көрсетіп келеді. Аталған қор жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, әлеуметтік жағдайы төмен және ауырудың асқынған түрлерімен сырқаттанған балаларға Қазақстан мен шетел клиникаларында, балалар мекемелерінде емделуге көмек көрсетеді. Сондай-ақ, балалар үйінде тәрбиеленген балалардың оқуына да жағдай жасауды дәстүрге айналдырған. Дерек көздеріне сүйенсек, аталған қор құрылғаннан бері мыңнан астам баланың мамандық иесі атануына қол ұшын берсе, биылғы жылдың өзінде еңіріміздегі 187 бала аталған көмекпен оқуын жалғастыруда. Қайырымдылық көмек 2001 жылдың 1 маусымына дейін 9 мың теңгені құраса, қазіргі кезде оның мөлшері 15 мың теңгеге өсті.

– Талғы бір айта кетерлігі, баланың жанын, тәнін, рухын тәрбиелеуге бағытталған "Өзін-өзі тану" мектебінің артықшылығын да бүгінгі күнде көріп келеміз. Өткен жылдан бастап мектеп бағдарламасына енген пән Қазақстан қоғамындағы өскелең ұрпақтың руханиадамгершілік білімі мен тәрбиесінде жалпыадамзаттық, ұлттық, этно-мәдени және тұлғалық құндылықтардың үйлесімді жинақталуына бағдарланған. Рухани-адамгершілік, білім нәрімен сусындаған әр адам өзінөзі арқылы өзгені тануда кешірімді, ақыл-ойы толысқан, бойында – ұят, ар-намыс секілді қасиетті ұғымдардың қалыптасуымен ізгі қоғам құруға қатыса алады, – деді.

Келесі кезекте мінберге көтерілген облыстық білім басқармасы бастауыш және орта кәсіптік білім беру бөлімінің бастығы Ә. Төребаева, облыстық «Айналайын» балалар үйінің директоры Жамал Баймадиева, №1кәсіптік лицейдің студенті, балалар үйінің түлегі Пупынин Михаил өз ойларымен бөлісіп, Сара Алпысқызына деген ақ тілегін жолдады.

Шараның соңы Талдықорған қаласындағы Қ. Байсейітов атындағы саз колледжінің оқушылары дайындаған концерттік бағдарламаға ұласты.

МАМАН МІНБЕРІ

Мазмұнды сабақ

Бүгінгі таңдағы өлемдік білім беселесі технологияның, тілін тауып, тиімін таппай одеуді талап етуде. Осы орайда Сәуле Қайырбекова басшылық ететін №1 Шонжы орыс мектебінің ұжымы бірқатар игілікті бастамамен ерекшеленіп келеді. Оған гуманитарлық пәндердің оңтүлегі аясында өткен іс-шараларды, мазмұндылығы мен таным дық-тәрбиелік сапасының жоғарылығы куә. Шара барысында қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, әдістемелік бірлестік мүшелері Әлия Тезекованың «Қазақ тілінің білгірлері», Өйгерім Жұманәлі мен Ермек Дәлбаевтың «Ертегілер елінде саяхат», Райхан Мергенбаеваның «Конституция күні» тақырыбына өткізген сабағы оқушыларға жақсы өсер қалдырды. Сондай-ақ, нарықтық қатынастардың өмерге терең, тамыр тартуы мен экономикалық, әлеуметтік басымдықтың кепіл болған «Тәуелсіздік ұштығының» бағдарламасына орай Гүлнара Ысатова мен Назира Құрманбекова өткізген «Білгір достар» сабағын ерекше атап өтуге болады. Бұл арада ерекше назар аударатын жағдай – сабақ жүргізушілер интерактивті тақтаның мүмкіндігін кеңінен пайдаланып, оқушы жауабының сәйкестігі сол сетінде тексеріліп отырды. Сәйтіп топтар арасындағы сәйкес тартымды өрі қызықты өтті. Мысалы, жұмбақ, шешу сәйлем арасындағы белгіні бір сөзді алмастырып беруі арқылы сәйкестіктің, байланыстының талап етсе, келесі тапсырмада сөздегі бір ерітің, түсін қалуына байланысты туындайтын мағыналық, өзгерісті табу талап етілді. Және де аудармадағы өзіл- сықақтың да орын берілді. Бұл барыста оқушылардың, белсенділігі, ұш тілді игеру деңгейі көзінен кәрікс тапса, ұйымдастырушы мұғалім Гүлнара Ысатованың жетістігі де анық, зәңғарлығы. Қалыптық оның өз пәнінің жетік маманы ғана емес, тынбай ізденетін, үйренуден шаршамайтын, бейім-ұйлетін ұстаудан жалықпайтын қасиетін жан-жақтылы көрсетті.

С. ИЗДАМАСОВА,
№1 Шонжы орыс мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

БИКЕН РИМОВА АТЫНДАҒЫ ОБЛЫСТЫҚ ДРАМА ТЕАТРЫНЫҢ 2011 ЖЫЛҒЫ НАУРЫЗ АЙЫНДАҒЫ РЕПЕРТУАРЫ:

р/с	Авторы	Қойылымның аты	Болатын күні	Басталуы
1.	Т. Ахтанов	«Күшік күйеу» Драма (ПРЕМЬЕРА)	2	18.30
2.	Ә. Оразбеков	«Бір түп алма ағашым» Драма	4	18.30
3.	М. Хасенов	«Пай, пай жас жұбайлар-ай» Комедия	9	18.30
4.	Б. Римова	«Қос мұңлық» Драма	11	18.30
5.	Б. Сокпакбаев	Дәстүрлі ашта балаларға арналған «Таңшолпан» премьерасы ПРЕМЬЕРА	14-19 18	10.00 12.00 10.00 14.00
6.	Иран-Гайып	«Ана аманаты» Драма	25	17.00
7.	С. Балғабаев	«Ғашықсыз ғасыр» Драма	30	18.30

Жарнамалған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама берушілер жауапты.
Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.
"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілді, беттелді.
КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ.
ТАПСЫРЫС — 252.
ТАРАЛЫМЫ — 45 576.
ИНДЕКСІ — 65469.
Көркемдік редактор: Қуанат АНДАС.
Қолжазбаларға пікірлер 6 беттен аспау керек, қайтарылмайды.
БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат
ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, №3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.
Қабылдау бөлмесі және факс — 27-41-50, байланыс телефондары: бас редактор — 21-01-90, 27-41-83, жауапты хатшы — 24-38-16, зауашқұрылғылары, экономика және спорт бөлімі — 27-42-34, саясат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі — 24-36-07, ұлттық және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 24-32-43, білім және тыныс бөлімі — 24-30-57, фототілшілер -27-41-93, заң және аккредиттеу бөлімі — 24-29-82, есеп-қисап бөлімі — 24-35-28.
Алматы қаласындағы тілшілер қосымша — 279-13-37 (факс) 79-13-86, 79-36-43.
Мекенжай: тілшілер аудандардағы телефондары Үшаралда — 2-12-57 Панфилов қаласы — 5-12-21 Райымбекте — 2-22-05, Іледе — 2-19-33.
Газет тәулік ешмесе — 72-59-01 телефонымен хабарласу керек.
Индекс 65469.
Жетісу
МЕНШІК ИЕСІ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорны.
ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімі
Бас редактор Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ

e-mail:
Jetisu2002@mail.ru
www.Zhetysu-smi.kz

Байқау

Халықтың қалқасы



Жетісу жоғарғы дәнекерлеу өндірістік-техникалық мектебінің оқушысы Ерлан Ерімбетов Алматыдағы Ұлттық кәсіптік шеберлік орталығында өткен «Ең үздік дәнекерлеуші» республикалық конкурсының жеңімпазы атанды. Ол конкурстың «Дәнекерлеу және газбен кесу» номинациясында бірінші орынға ие болды.

Мұхтар Әуезов ауданында «Ауыл алтыны», «Ауыл әулеті» сынды дәстүрлі мерекелер жиі өтіп тұрады. Ауданның мәдениет үйлерінде, мектептерінде, ауылдық округтерінде ұйымдастырылатын мерекелік шаралар ауыл тұрғындарының, әсіресе, жастардың ерекше ықыласына бөленеді. Ауданның мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен өткен осындай мерекелердің бірі – «Ауыл алтыны» атты ауылдық мәдениет үйлерінің үздік ұжымдарының байқауы. Ауданның 12 ауылдық округінің мәдениет үйлерінің ұжымдары қатысқан байқаудың қорытындысы бойынша Қарабұлақ ауылдық округінің мәдениет үйінің ұжымы бірінші орынға ие болды. Ал Ақсу ауылдық округінің мәдениет үйінің ұжымы екінші орынға, Ақтоғай ауылдық округінің мәдениет үйінің ұжымы үшінші орынға лайық деп танылды. Жеңімпаздарға ақшалай сыйлықтар мен дипломдар табыс етілді.

Гүлбадан НҰРМҰХАНБЕТОВА.

Қалқа Жапсарбаев атындағы шағын орталықты бар орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

КӨКСУ АУДАНЫ.

«Дөңгелек үстел»

Жаңару мен жаңғыру жолында

Отандық, жергілікті, қазақ тілді ақпарат құралдарының мүмкіндігін арттыру бүгінгі таңдағы басты мәселенің біріне айналуда. Ол ақпараттық қауіпсіздікті нығайтудың кепілі болмақ. Осыған орай, облыстық ішкі саясат басқармасы биылғы «Әлеуметтік маңызы бар жобалар» каталогына ішкі саясаттағы басым бағыттар бойынша әлеуметтік зерттеулер кешенін ұйымдастыру, тарихқа, ойтанымға байланысты облыстық және аудандық баспасөз құралдарына, электронды БАҚ пен интернет-ресурстарға мониторинг жүргізуді ұйымдастыру» жобасына тендер жарияланған болатын.

Тендерге облысымыздағы 177 қоғамдық бірлестік өз жобасын ұсынды. Оның ішінде «Талдықорған құқық қорғау орталығы» қоғамдық бірлестігінің жобасы лайықты деп танылды. Жуырда аталған қоғамдық бірлестіктің басшысында «Алматы облысындағы қоғамдық-саяси жағдайларға әлеуметтік мониторинг жүргізу тәсілдері» тақырыбында жобаның тұсаукесері өтті. Шараға облыстық ішкі саясат басқармасы, «Талдықорған құқық қорғау орталығы» қоғамдық бірлестігі мен БАҚ өкілдері қатысты.

Шара барысында алдымен сөз кезегін алған облыстық ішкі саясат басқармасы бастығының орынбасары Галиаскар Сарыбаев елімізді әлеуметтік жаңару мен жаңғыру жолындағы реформаларға сай аталған жобаның маңыздылығы мен оның бүгінгі таңдағы өзектілігін сөз етті.

Осыдан кейін басқарманың ІСБ ақпараттық саясат және БАҚ мониторинг бөлімінің бастығы Әлия Құрманғалиева мониторинг жүргізуің басым бағыттарын анықтау және белгілеу барысын талдап берді. Келесі кезекте ІСБ ақпараттық саясат және БАҚ мониторинг бөлімінің бас маманы Әсел Жанұзақованы мониторинг және контентталлау жүргізу тәсілдерін жалпылап түсіндірді.

Шараны қорытындылаған қоғамдық бірлестіктің директоры Виктор Тен жобаның сәтті орындалатынына сенім білдірді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

Ақсу ауданы, Жансүгіров кентіне қарасты **Абдуллаев Ондасын Ильясовичтің** атына тіркелген «Арал» жеке шаруа қожалығы өтінім жабылатынын хабарлайды.

Жол жүрісі тәртіп

ФОТОРЕПОРТАЖ



ТАЛАП ҚАТАЛ, ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖОҒАРЫ



ОЖПБ дербес батальонының командирі, полковник Қайыржан ЖАНТАСОВ.

Алматы облысы аумағынан өтетін трассалар қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, автокөліктерді тіркеу мен есептен шығару, жүргізушілік куәлігін беру, жол қозғалысы ережесін бұзғандарға шара қолдану және тағы басқа да толып жатқан түрін ғаусырып болмайды.

Басқармадағы және оның жергілікті жерлердегі құрылымдарындағы жұмыс тағы атысымен басталады. Тәртіптің нұсқамалық барысында кеше және өткен түнде түрлі теріс жағымсыз оқиғалармен және тағы басқа да бұзушылықтар тапқыланады. Қайтпас әрі талғамды жол-көлік оқиғаларына себепкер болып қана қоймай, орны орынсыз қашып кеткендерді одан әрі іздестіруді жалғастырып жатады. Кұдіктілердің келбеті, суреті және тағы басқа да ерекше белгілері жеке құрамға түсіндіріледі. Жүргізушілермен, жолаушыларымен қарым-қатынастың ерекшеліктеріне де көңіл бөлінеді. Басқармаға қарасты № 1 батальон облыстың Алматы, № 2 батальон Талдықорған аймағында өз міндеттерін атқарады. Бірінші батальон бойынша күн сайын 140 инспектор, екінші батальоннан 70 инспектор жол қозғалысын бақылауға шығады. Оның ішінде жол қозғалысын бұзатындар қатары азаймай тұр. Басқыма айтқанында ерік ішіндегі жол басқаратындар кінәлі санатады. Оған биылғы алғашқы тоқсанда 338 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, оларда 123 адам қайтыпты қазаға ұшырап, 377 адамның жарақаттанғаны дәлел бола алады, – деген Қайыржан Маратұлы қазіргі кезде түрлі құжаттардың дайындалуын, мерзімі барынша қысқаруын да айта кетті.

Сол күні жол полициясы басқармасындағы бөлімдердің қызметтемен танысып, инспекторлармен бірге Талдықорған өңіріндегі трассаларда кезекшілік аттардық. Басқарма бастығының орынбасары айтқандай, жол полициясы жұмысы қарбаласқа толы екен. Жол қозғалысы ережесінің қатаңдана түсетіне, оны бұзғандарға қатысты жауапкершіліктің күшейтіне қарамастан тәртіп бұзушылар жиі аудан шығады.

Жұмабай МҰСАБЕКОВ.





Жол қозғалысын бақылау.

Суреттерді түсірген автор.

Бастама

ЕҢ ҮЗДІК ЖЫЛ ЭКОНОМИСІ

Жуырда облыстық білім басқармасы мен І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті кәсіпкерлікке үйымдастырушылығымен «Ең үздік жыл экономисі» облыстық байқауы өтті.

Экономика саласында мамандарды даярлау сапасын арттыру мен дарынды білімгерлерді анықтаудың мақсат етіген байқауға облыс аумағындағы колледждерде «Экономика және бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығын оқитын ең үздік білімгерлер қатысты. Үш кезеңнен тұрған байқауда үміткерлер алдымен «Менің мамандығым – болашағым» турында өзін-өзі жан-жақты таныстырса, келесі турда пәндер бойынша тестіленуден өтіп, тәжірибелік тапсырмаларды орындады. «Болашақ бизнес қолымызда» атты үшінші турде әдіпері дайындаған инновациялық жобаларды қорғады. Олардың білім мен біліктілігіне облыстық білім басқармасының, облыстық мамандар кәсіпқор даму институтының және университеттің мамандары қазылық етті. Олардың сараптауы бойынша, Алматы экономикалық колледжінің білімгері Әйгерім Нетаева бас жүлдені жеңіп алды. Ал І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті колледжінің білімгері Айжан Иманбекова бірінші. Талдықорған экономика-технологиялық колледжінің білімгері Арайлым Иманғазиева екінші. Талғар агробизнес және менеджмент колледжінің білімгері Алима Ваниева үшінші орынға ие болып етті. Сондай-ақ, арнайы тағайындалған номинациялар бойынша да жүлдегерлер анықталды. Оларға Мақтау грамотасы және ақшалай сыйақы тапсырылды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, берекі мол байқау алдағы уақыттада жалғасады.

Қ. ШАКЛИН.

Дәстүр

Ақ тілектер айтылды

Әз Наурыз мерекесі «Қазақтелеком» АҚ филиалы Алматы облыстық телекоммуникациялар дирекциясында өз деңгейінде атап өтілді. Филиалдың техникалық блогы ұйымдастырған бұл шарага қалыптасқан дәстүр бойынша мекеме қызметкерлерінің отбасы мүшелері де қатысты.



Арнайы дайындалған мерекелік бағдарлама аясында сахналық көрнестер қойылып, құрышақ кейіпкерлер ойналды. Сонымен қатар, биші-лер тобы жиналғандарға «Құстар биі» мен татар биін ұсынды. Келесі кезекте сахнада туған жер, туған ел туралы өндер орындалды, жақсы тілектер айтылды. Шараны ұйымдастырушылар да, оған қатысқандар да қазақтың ұлттық киімдерін киіп мерекенің сәні мен мәнін аша түсті.

Бағдарлама барысында келіншектер адыраспанмен «алластау» рәсімін көрсетті. Мерекелік шара «Бұқа тартыс», «Аударыспақ», «Арқан тартыс», «Оқтау тартыс» сияқты ойындар ойналғанда қызға түсті. Балалар арасында шахмат және үстел теннисі сияқты түрлі ойын мен конкурстар ұйымдастырылды. Нәтижесінде ең кішкентай қатысушылар мен жеңімпаздарға ойыншықтар, естелік сыйлықтар табыс етілді.

Шара соңында жиналғандар наурызкөже ішіп тарқастылды.

А. НҮСІПБАЙҚЫЗЫ.

Мәдениет мәйегі

Ерекше сыйлық

Жуырда Алматыдағы С. Мұқанов пен Ғ. Мүсіреповтің мемлекеттік әдеби-мемориалдық музей кешенінде «Рабит оқулары» аясында қазақтың біртуар ақыны Мұқағали Мақатаевтың 80 жылдығына орналған «Алтын қалам» атты әдеби кеш өтті.

Әдеби кештің негізгі әңгімесі қазақ әдебиетінің классигі Ғ. Мүсіреповтің аса көрнекті ақын Мұқағали Мақатаевқа сыйға тартқан алтын қаламынан өрбіді. Кештің жүргізушісі әрі ұйымдастырушысы С. Мұқанов пен Ғ. Мүсіреповтің мемлекеттік әдеби-мемориалдық музей кешенінің директоры, ақын Әділғазы Қайырбеков. Кештің қонағы М. Мақатаевтың келіні Бақытгүл Айдарова ақынның өмірі, өнертесі, отбасы туралы сыр шертсе, «Мұқағали» журналының бас редакторы Батық Мәжітұлы мен композитор Бейбіт Далдебай ақынның өлеңдерін таңдап, «Мұқағали» журналының мәні мен мақсаты туралы баяндады. Сонымен қатар, кешке Алматы облыстық мамандар кәсібін дамыту институтының тыңдаушылары (жетекшісі Жайна Саметова), республикалық медицина колледжінің студенттері (жетекшісі М. Шамабаева) мен Ы. Алтынсарин атындағы № 159 мектеп-гимназиясының оқушылары (жетекшісі – Г. Ешмұхаметқызы) қатысып, көкейде жүрген сұрақтарына жауап алды.

Анар КӨШЕРБАЕВА.
С. Мұқанов пен Ғ. Мүсіреповтің мемлекеттік әдеби-мемориалдық музейінің қызметкері.

Наурыз нақышы

Бал күлкіге бөленген

«Балапан» бағдарламасы аясында Талдықорған қаласында иллюзиялық істер жүзеге асырылуда. Соның жарқын бір көрінісі өткен жылы Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында қаламыздағы №7 балабақша балаларын иллюзиялық ғылыми-техникалық шоу-бағдарламасының қонақтары етіп шақырғанында болды.

Жетісу
Қажет АНДАС

Жуырда балабақша ұжымы ата-аналардың қолдауымен Ұлттың ұлы күні – Наурыз мерекесін атап өтті. Оған балабақшаның 12 қазақ, 12 орыс тобындағы 280 бүлдіршін мен олардың ата-аналары және тәрбиешілер қатысты. Шара барысында көпшілікті ең алдымен балабақша меңгерушісі Ұлтуар Мамекова құттықтады:

– Бүгінде балабақшамызда 280 бала тәрбиеленіп жатыр. Әрине, ұжымымыз балаларға сапалы білім, сапалы тәрбие беруден жалықпайды. Өйткені, тәрбиешілердің дені жаңадан оқу бітірген жастар. Олар жаңалыққа құмар, ынта-жігері тасқындаған. Сондай-ақ, балабақшаның материалдық жағдайы бүгінгі заман талабына сай жабдықталғандықтан әртүрлі мәдени шараны өткізуге мүмкіндік бар. Сондықтан жаңа гимараттағы алғашқы Наурыз тойын көп болып өткізіп, өзімізбен деңгейімізді көрсетейік дедік, – деді ол.

Осыдан кейін ақсақалдар бата жасап, ақ жаулықты аналар шашу шашты. Іле-шала ақбоз атқа минген Қыдыр ата балаларға жарқын болашақ тілеп, өнерлерін өрлетуге дем берді. Қыдыр атамен бірге гимарат алдына құрылған сахнаға көтерілген балғындар бұрала бие басып, тақпақ айтып, тапқырлық танытты. Олармен бірге ата-аналар да қосыла кол шапалақтап, шараның шырайын аша түсті. Әсіресе, Фазиля Рахмшбекова жетекшілік еткен «Ботакан» (2) сәбилер тобының өнері көптің көңілінен шықты.

Концерттік бағдарламадан кейін дастарқан басына жиналған көпшілік наурызкөжеден дәм татып, тәрбиешілерге алғыстарын жаудырып жатты. Жаңа балабақшадағы алғашқы Наурыз тойы осындай қызығымен есте қалды.

А. ШЫМШЫҚОВ,
ЛА-155/16 мекемесі бастығының орынбасары.

Түзеу мекемесінде

Уақытша оқшаулау

Талдықорған қаласында орналасқан ЛА-155/16 мекемесіндегі сәзгітер, айыптаушы, тергеушілермен қатар мекемеде үстауға қолдырылған орнайы контингент - сотталғандар да бар. Олар осы мекемеде еңбек етіп әртүрлі еңбек жұмысымен айналысуда.

Жасаған жұмыстары үшін еңбек жалақысы есептелініп отырады. Тек, біле тұра, не білмей істеген әртүрлі қылмыс иелері осы жақсылықты түсінсе екен дейміз. Темір тордың ішінде қандай жағдай жасалынса да ерікті болмайтынын түсініп, басқаларға тигізген зиянды үшін шын ниетімен өкініп, түзелу жолына түссе, қылмыс жолына қайта жоламаса екен деп тілегіміз бен үмітімізді үзбейміз.

А. ШЫМШЫҚОВ,
ЛА-155/16 мекемесі бастығының орынбасары.

Түргындар назарына!

Егілуден қалмаңыздар

Иммундау - денсаулық сақтау саласындағы ең үлкен жетістік. Өйткені ол алдын алуға мүмкіндігі бар аурулардың таралуын тоқтатып, халық денсаулығын қорғай алады. Елімізде егу жұмыстарына Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен сертификатталған вакциналар қолданылады. Егу адам денсаулығын дәрігерге тексерткен соң арнайы жобдықталған кабинетте жүргізіледі.

Өкінішке қарай, соңғы кезде асқынған жұқпалы ауру ошақтары жиі пайда болуда. Солардың қатарында туберкулез, вирусты гепатит, қызамық, эпидемиологиялық паротит сияқты жұқпалы аурулар түргындар арасында кең тараған.

Бұған себеп – адамның көбі өз денсаулығына салғырт қарайды, жеке бас тазалығын сақтамайды және жылына бір мәрте болса да медициналық тексеруден өтпейді. Бірақ, түргындар назарына сала кетейік, иммундау арқылы жоғарыда аталған аурулардың алдын алуға болады.

Иммундау арқылы балалардың да денсаулығын қорғауға болады. Атап айтсақ, егілген балалардың 90 пайызы ауырмайды. Егер ауырып қалса да ауру жеңіл түрінде өтеді. Балаларда қызылша ауруы асқынса оның арты пневмонияға, дифтерияның арты жүрек ауруларына, эпидемиялық паротиттің арты бедеулікке, вирусты гепатиттің арты бауыр обырына, циррозға және өлім-жітімге әкеп соғуы мүмкін. Мұндай жағдайларды болдырмас үшін егу шараларынан қалмау керек.

Жұқпалы ауруларға қарсы егілу ұлттық күнтізбе бойынша перзентханалардан басталады. Ересектер арасында да егу жұмыстары жүргізіледі. Сондықтан аурулардың алдын алуға болатын мүмкіндікті жібермей емханаға қаралып, дер кезінде егіліңіздер.

Е. СЫДЫМАНОВ,
ҚР ДСМ мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің директоры.

ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРГЕ КӨМЕК

Тобығы апатының салдарынан 1300-ден астам тұрғын үй су астында қалып, қоймжорлық, республикалық және жергілікті маңызы бар жол телімдерін тасқын шөгіп, мыңдаған адамдар босқынға мен мүлкісіз қалған Батыс Қазақстан облысындағы жағдай Алматы облысы бойынша экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаментінің ұжымын бей-жай қалдырған жоқ.

– Қазіргі кездегі ең басты мәселе – адамдардың бәрі қалыпына келетіндігіне деген сенімдерін жоғалтпау, - дейді департамент бастығының орынбасары Уәлихан Дәлдәбаев. – Батыс-қазақстандықтардың тұрмыс-тіршілігі қалыпқа түсуі үшін әлі көп жұмыс жасау керек. Оларға қол ұшын беру азаматтық парызымыз болып табылады.

Департаменттің жеке құрамы толық қатысқан жиында кім жағдайда қалған отандастарымызға материалдық көмек көрсету жөнінде бірауыздан шешім қабылданды. Ішкі істер министрлігінің қызметкерлері Батыс Қазақстанда табиғат апатының зардап шеккендерге көмек ретінде бір күндік жалақыларын аударатын болды.

Алматы облысы бойынша экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаментінің баспасөз қызметі.

Құрметті облыс тұрғындары!

Батыс Қазақстан облысындағы су тасқынынан зардап шеккендерге қайырымдылық көмек көрсетемін десеңіздер «Батыс Қазақстан облыстық жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс және әскерлерді мен табиғи апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасы» ММ есебине қаражат аударма аласыздар.

ММ коды: 2502001
Мекенжай: Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Еуразия даңғылы, 90.
СТН: 270 100 226 038
БИН: 050 140 004 153
ИИК: KZ520 70402 25020 01001
БИК: KKMFKZ2A
КБЕ: 12
«ҚР Қаржы министрлігінің қазынашылық комитеті» ММ
Төлем мақсаты: Батыс Қазақстан облысындағы су тасқынынан зардап шеккендерге қайырымдылық көмек

Түрменбаев Ықрам Мейрамбаевичтің атына берілген оралман куәлігінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ҚР ҚМ қаржылық бақылау комитетінің Алматы облысы бойынша қаржылық бақылау инспекциясы 01.04.2011 ж. ҚР Президентінің № 1180 Жарлығымен 03. 05.2005 ж. № 1567 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің Арнамыс кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы ережелері)» Жарлығына өзгерістер енгізілгенін хабарлайды. Инспекция қызметкерлері тарапынан Ар-намыс кодексі талаптарын бұзу деректері анықталған жағдайда инспекцияның сенім телефоны: 27-16-80 нөміріне хабарласуды сұраймыз.

Алматы облысы МӘЖ-нің 2011 жылғы 24 наурыздағы шешімімен «Гексорвис С.К.К.» ЖШС (ЖСН – 080300010890, 2011 жылғы 24 наурыздағы шешімімен «Автодор» АҚ (СТН – 060000000990) банкрот болып танылған Нақылыған (ІІІ) кезек кредиторларын кезекті бастап 2 ай бойы менің мекенжайым қабылдаймын Алматы қаласы, Жароков көшесі 142, 37 пәтер. Телефон: 87012556422

Редакцией ЖСК Алматинской области от 24.03.2011 г. 100 «Гексорвис С. К. К.» (РНН: 092300210850 от 24.03.2011 г. АО «Автодор» РНН – 060000000990 признаны банкротами. Претензии принимаются в течение 2-х месяцев со дня опубликования по адресу г. Алматы, ул. Жароков 142, кв. 37. Тел: 87012556422

Азаматтық хал актілерін тіркеу

Азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталай куәлік немесе анықтама беру Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңының, «Индентификациялық нөмірлердің ұлттық реестрі туралы» Заңының 3 және 9-баптарының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 мамырдағы қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы азаматтық хал актілерін тіркеу тәртібі туралы Ережесінің 216-224 бөлімдерінің негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы аумағы шегінде халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы көрсетілуде. Шетелден азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайтадан куәлік немесе анықтама сұрау кезінде мүдетті түрде әйелдің, әділет органына хабарласу керек.

Азаматтық хал актілерін жазу бөлімдері тіркеу дерегін растайтын қосымша құжаттар талап етуге құқығы. Актінің жазбаның көшірмесі сұралған мемлекеттік органға ғана беріледі.

Н. ИШМҰХАМБЕТОВА,
Көрбұлақ аудандық ХҚКО инспекторы.

ЕСКЕ АЛУ



Сарқан ауданының Аманбөктер ауылында ғұмыр кешкен ардагы, асыл әкеміз **Мұхамедсадықұлы Камелшаны** қимастықпен еске аламыз. Асыл әкемізден отбасының тірегі, қорғанымыз, асыл қазынамыз, асқар тауымыз, бағамыз жетпес байлығымыз еді.

Әкетайым!
Өмірдің көрдің талай белестерін,
Мың түрлі есте қалар елестерін.
Мақпалдай жерімсің болсын жер бесігің,
Аңдыған жерінің аманын ез есігін.

Сағынып еске ала отырып, барлық туған-туыс, құда-жекжат, ағайын, ауыл-аймағын 6 мамырда беріледі жылдық асына шақырамыз.

МҰХАМЕДСАДЫҚОВТАР ӘУЛЕТІ.

Компьютерге терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ.
ТАПСЫРЫС — 490.
ТАРАЛЫМЫ — 42 692.
ИНДЕКСІ — 65469.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

Қазақша редакторы: Бағит АБАЙҰЛЫ.

«Жетісу» газетінің компьютер орталығында терілді, беттелді.

Газет алтасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Жарнамалық мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Таңбалардың қалаға, Қабанбай батыр көшесі, № 32 мекен-жайы бойынша орналасқан «Офсет» баспаханасында басылды.
№ 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
№ 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, №3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

Қабылдау бөлмесі және факс — 27-41-50 байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары — 21-01-90, 27-41-83, жауапты хатшы —24-38-16, оқушылар-дың орынбасары — 27-42-34, саясат және парақат әдебиет және мәдениет бөлімі — 24-36-07, заңдат және өлеуметтік мәселелер бөлімі — 24-32-43, бас ғылым бөлімі — 24-30-57, фотолшылар –27-41-93, хат және ақпарат бөлімі — 24-29-82, есептеу бөлімі — 24-35-28
Алматы қаласындағы тілшілер қосымша —279-13-37 (факс), 79-13-86, 79-36-43.
Мемлекеттік басқарудағы телефондарды Үшқарада — 2-12-57 Панфилов көшесі — 5-12-21, Райымбекте — 2-22-05, Іледе — 2-19-33.
Газет тәбіс етілмесе — 72-59-01 телефонымен хабарласу керек.

ҚҰРЫЛТАЙШЫЛЫ: Алматы облысының өкілі

Бас редактор Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ

ІЛЕНШІЛІК ИЕСІ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

●Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ● № 67 (17480) Сейсенбі, 7 маусым, 2011 жыл. ● e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді

● *Тәуелсіздік шуағы*

РӘМІЗДЕРІМІЗ – ҰЛТТЫҚ МАҚТАНЫШЫМЫЗ

Мемлекеттік рәміздеріміз – қазақтың ұлттық, ұлттық емес, барлық халқының мақтанышы, бостандығы, тәуелсіздігі, бірлігі, бейбіт өмірі, ынтымағы, ынтымақтастығы, бейбітшілігі, келешегі, мемлекеттіліктің мәңгілігі, бүкіл жаңа Қазақстан халқының ұлттық бірлігінің символдары. Елбасымыз Елбасының құрметіне Жаркент қаласында 4 маусым күні мемлекеттік рәміздерге қатысты мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды.


Жетісу
Мырзагали НҰРСЕЙІТ

Панфилов ауданының тұрғындары да бұл мерекені әдеттегідей үлкен салтанатпен атап өтті. Жаркент қаласындағы мерекелік шаралар өткізілетін алаңға халық көп жиналды. Мерекелік жиынды Жаркент қаласының әкімі Бақыт Нұрелов кіріспе сөз сөйлеп ашты. Алғашқы құттықтау сөз кезегі аудандық мәслихаттың хатшысы Төлеу Оспановқа ұсынылды.

– Аспан түстес байрағымыз халқымыздың арманын аскақтатып, Елтаңбамыз тарихтың терегінен тамыр тартып, республикамыздың қанатты тұлпарлай ұшқырлығын айғақтап келеді, – деген ол 2007 жылы қабылданған халықтық Гимнімізді жаңа мәтінді, құдіретті әуенін болашаққа пәк ғалам басуымызға рухани дем беруші күшке айналғанын тілдің жеткізді.

Мерекелік құттықтаудан Жаркент қаласындағы Х. Хамраев атындағы үйғыр орта мектебінің директоры, аудандық мәслихаттың депутаты Қахарман Ілиахунов, Жаркент гуманитарлық-техникалық колледжінің 4 курс студенті Ақзұлым Шаймерденова да қалыс қалмады. Құттықтау мен рәміздерімізді асқақ жырмен дәріптеу үрдісін Жамбыл атындағы орта мектеп жас ұлшылары жалғастырды. Одан кейін мерекеге ұшып өнерпаздарының үлкен концерттік ұлығы жалғасты.

ПАНФИЛОВ АУДАНЫ.



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА – ТЫҢ СЕРПІЛІС

Малайзия Қазақстанның Оңтүстік Азиядағы және мұсылман әлеміндегі ең сенімді серіктестерінің бірі. Бұл туралы бүгін Ақорданда Малайзияның Премьер-Министрі Наджиб Тун Абдулла Разакпен екіжақты кездесуден кейінгі брифингте Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев айтты.

«Малайзия мемлекеті Қазақстанның Оңтүстік Азиядағы және мұсылман әлеміндегі ең сенімді серіктестерінің бірі болып табылады», – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің атап өтуінше, екі елдің мемлекет құрудағы тәжірибелері, көпұлтты-лығы, экономикасының дамуының бірқелкілігі жағынан өте ұқсас болып келеді. «Сондықтан тәжірибе алмасуға үлкен мүмкіндік бар», – деді Н. Назарбаев.

Сауда экономикалық дамуда зор табыстарға жеткен Малайзия Азия жолбарысы ретінде өзге елдерге үлгі болып отырғандығын баса айтқан Елбасы: «Қазақстан да тәуелсіздігінің 20 жылдығы ішінде экономикасы дамыған дүниежүзіне белгілі мемлекет болды. Біз бұл ретте, өздеріңіз білетіндей, Малайзияның реформаларына сүйеніп, тәжірибе алдық. Мен, мәртебелі Наджиб Разак мырзаның бұл сапары екіжақты ынтымақтастыққа тың серпіліс беретініне кәмил сенімдімін», – деді.

ҚАЗАҚША СӨЙЛЕЙТІНДЕР КӨБЕЙЕДІ

2017 жылға қарай елімізде қазақ тілін меңгергендер саны 80 пайызға жететініне ешқұман жоқ.

Бұл туралы бүгін ҚР Парламенті Мәжілісінде өткен Үкімет сағатында Мәдениет министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед айтты.

«Мемлекет басшысы бізден алдымызға жаңа міндеттер қойып отыр. Мәселен, 2017 жылы мемлекеттік тілді еркін меңгерген қазақстандықтар саны 80 пайызға жетсе, 2020 жылы олар 95 пайыздан кем болмауы тиіс. Осыған күмән келтіретін адамдар да баршылық. Соған қатысты түсініктеме беріп келеді, бүгінгі күні Қазақстандағы қазақтардың саны 65 пайыз. Егер 1991 жылы солардың ішінде қазақша тұк білмейтіндер болса, бүгінгі күні қазақша мүлдем білмейтін қазақ жоқ. Ауызекі тілде барлық қазақ ана тілін меңгерген, айтқан сөзді де түсінеді. Балқым, тіл шоркақтығынан сөйлеуге ұялатын болар. Сонымен қатар, бұл топтың барлығы бірдей қазақ тілін әдеби деңгейде меңгеріп кетеді деп айта алмаймыз. Бірақ, қазақстандықтардың қазақ тілін ауызекі тілде білу деңгейінің 2017 жылға қарай 80 пайызға көтерілетініне менің ешқұмәнім жоқ. Өйткені, қазақтардың өзі 65 пайыз болса, арқағындағы 15 пайызды толтыру да оңай», – деді М. Құл-Мұхаммед. Оның айтуынша, алдағы онжылдықтағы басты мақсат – Қазақстанда тұратын барлық этностар тілін сақтай отырып, ұлт бірлігін нығайтудың маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің кең ауқымды қолданылуын қамтамасыз ететін үйлесімді тіл саясаты.

Ресми хабарлар

● *Бала – болашағымыз*

"АЙНАЛАЙЫНДАҒЫ" ҚУАНЫШ



Балдырғандар ортасында.

«Айналайын» балалар үйі өмірдегі жетім және жартылай жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік жағынан қорғауды, оқыту мен тәрбиелеуді мақсат етken мекеме. Алғаш ірге бекіткен 1996 жылдан бері тыныштықты жұмыс атқарған балалар үйінің жағдайы күн өткен сайын жақсарып келеді. Бүгінде заманға сай жабдықталған оқу бөлмелері, би, музыка, спорт залдары, кітапхана және шеберхана, өткен жылы пайдалануға берілген манеж балалардың барлық қажетін өтеуде. Ал жазғы демалыста тәрбиеленушілерге емдеу-сауықтыру лагерінде демалуға жағдай жасалған. Қысқасы, балдырғандар Елбасы сәлемінің аясында атқарылған қамқорлыққа дән риза.

Жетісу
Қажет АНДАС

Балдырғандар оқу жылын жақсы нәтижемен тамамдап, жалдық демалысын жайлы өткізуге қамданып жатқан тұста облыс әкімі **Ансар МҰСАХАНОВ** балалар үйіне арнайы барып қайтты. Жай барған жоқ. Балдырғандардың болашағын ойлаған басшының балалар үйінің жағдайымен танысуы, қажет болып жатса көрдаланған мәселелерін шешуді мақсат еткені анық.

Ұлттық биіміз «Қаражорғамен» қарсы алған балалардың өнеріне риза-шылығын білдірген Ансар Тұрсынханұлы балдырғандар мекенімен толықтай танысып шықты. Алдымен жетістік жайын тыңдаған облыс басшысы келесі кезекте жатын бөлмелерді аралап көрді. Ондағы жаңа жайлы ортаға риза болған облыс әкімі балғындардың тақпағын тыңдап, ересек балалармен әңгіме өрбітті.

Әкімді жылы жүзбен қарсы алған балалар үйінің директоры Жамал Қасымбекқызы ынсаптың тынық-тәрбиелігімен таныстырып шықты. Алдағы 2 қыркүйекте ашылғанына 15 жыл болатын балалар үйінен бүгінге дейін 180 бала түлеп ұшса, олардың отызға жуығы жоғары оқу орындарын бітіріп, қоғамнан өз орындарын тапқан. Сондай-ақ, балалардың әр күнін көңілді өткізіп, өнер үйренулеріне барлық жағдай қарастырылған.

Мұндағы мәдени шаралар да жоғары деңгейде өтеді. Оған мәжіліс талпында балалар дайындаған концерттік бағдарламаны көріп отырып көз жеткіздік.

Облыс әкімі бастаған басшылар балалардың мұзыкалық тәртуын қызыға тамашалады. Биімен бірге тербелп, әнге қосылып кетіп отырғандар да болды. Осындай көңілді сәттен кейін ортаға шыққан Ансар Тұрсынханұлы балаларға деген ақ тілегін тебірене жеткізді:

– Қымбатты балалар, бүгін қалжағдайларыңды білуге арнайы келіп отырмыз. Ойткені, елімізді болашағының жарқын болуы ең алдымен өздеріне байланысты. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өзі сендердің сапалы білім, саналы тәрбие алып, заманға сай жан-жақты азамат болып өсулеріңді назардан тыс қалдырмайды. Осыған орай, біз де барлық жағдайды жасауға күш салып отырмыз, қолдан келер көмектен ешқашан аянып қалмаймыз. Өнерлеріңді тамашалап риза болып отырмын. Бұдан кейін де осындай көңілді қалыптарыңда жадырап жүрулеріне тілектестін. Біз қабақтарына кірбің ұялмауы үшін қолдан келген барлық жағдайды жасайтын боламыз. Сендер тек жақсы оқып, жалыңды азамат болып өсулерің болды, – деді ол.

Облыс басшысының шын көңілінен шыққан осынау ақ тілектің тағдырдың тауқыметін тартып жүрген балаларға үлкен демеу болғаны анық. Жылы жүзді бұл кездесудің барысында олар өмірден қағажу көргендерімен өздерін қолдайтын, қорғайтын қоғамның, ел ағаларының бар екенін тағы бір сезінді. Әкім ұсынған осы мәңгі түрлі-түсті теледидар мен қалы кілем, ұл балаларға арналған спорттық киімдер мен қыздарға сыйланған әсем көйлектер олардың қуаныштарын еселей түсті. Шын көңілден ұсынылған бұл сыйлықтың олардың есінде ұзақ уақытқа дейін сақталатыны да шындық. Енді олар жаңа кезеңдегі көңілді қашкұл күндерін жаңа да әсем киімдерімен, ең бастысы, көтеріңкі көңіл-күймен өткізетін болады.



Талай додада топ жарған өнерпаздар.

Суреттерді түсірген Ж. МҰСАБЕКОВ.

● *Отандық өндіріс*

АҚ МОЛ БОЛСЫН!

Сүт – химиялық құрамы жағынан тамаша тағам. Тағамның құндылығы жоғары болғандықтан құрамында адам ағзасына пайдалы ақуыз, май және дәрумендер мен минералды заттар өте көп. Оған физиологиялық құндылығы жағынан бірде бір азық тең келе алмайды. Сүт қосып дайындалған ас өте дәмді болады. Жақында кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы бастығының орынбасары Сексенбай Бекішев «GSR Lactik Ltd» ЖШС сүт өнімдерін шығаратын кәсіпорынды аралады. Ондағы мақсат – өндірістің бүгінгі тыныс-тіршілігімен танысып, еңбеккерлермен жүздесіп қайту.

Жетісу
Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Талдықорған қаласының шет жағында орналасқан экологиялық жағынан табиғи таза өнім өндіретін аталмыш өндіріс орны 2003 жылдан бастап жұмыс істеуде. Содан бері үздіксіз халыққа қызмет көрсетіп келеді. Осы мерзім арапығында дәмділігі мен сапасы жағынан тұтынушылардың көңілінен шығып, жүрегін жаулап та үлгерді. Сол себепті оған деген сұраныс артып, өтімділігі ұдайы өсіп отырады. Бастапқы жылдары өндірісте сүт, айран, қаймақ қана өзірленетін. Енді мұнда қатық, кілегей, сүзбе, сары май, йогурттың төрт түрі, ірімшік, сыр сиықты өнімнің 30 түрі дайындалады. Дайын өнімдерді арнайы зертханада тексеруден өткізіп, сапасын қадағалайды.




Дәмі тіл үйірген сыр мен сары май.

Аталмыш кәсіпорында өнімнің
30
түрі өзірленеді

Бастапқы жылы күніне 0,5 тоннаға жуық өнім өндірілген болса, қазіргі кезде бұл көрсеткіш
25
тоннаға дейін жеткен

Алдағы уақытта тағамның түрін көбейтіп, өнімді
35
тоннаға ұлғайтпақ



Өнім осылай шығады.

Суреттерді түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

Сары май сақтайтын үлкен тоңазытқышта жұмыс істеп тұр. Қаптальп, дайын болған өнімдерді облысымыздың түкпір-түкпіріне жеткізеді. Талдықорған мен Алматы қаласындағы арнайы нүктелерде шоғырланған орындарда да саудаланады. Алдағы уақытта цехтардағы сүт өнімдерін өзірлеуге қажетті есерген қондырғыларды тұтастай жаңартып, өндіріс көлемін заман талабына сай етіп, кеңейтпекші. Келешекте өнімнің түрлерін көбейтіп, отыз бес тоннаға дейін жеткізу көзделіп отыр. Әсіресе, балаларға арналған дәруменге бай өрік-мейіз қосылған өнімдер шығаруды қолға алмақшы. Сүт негізінен өндірлердегі ауыл шаруашылығымен айналысатын шаруа қожалықтарынан тасымалданады.

– Қазіргі кезде сүттің жеткіліксіздігінен барлық облысты өз өнімдерімізбен қамтамасыз ете алмай отырмыз. Сол себепті маңызды, сапалы, сүтті мол беретін асыл тұқымды сиыр фермасын өшуды жоспарлаудамыз, – дейді кәсіпорынның бас инженері Наурыз Орымдыбаев мырза.

Кәсіпорында 70-тен астам адам жұмыспен қамтылған. Олардың еңбектенуіне барлық жағдай қарастырылған. Солардың арасында жоғары оқу орнын бітіріп келген арнайы мамандар да қызмет істейді. Жұмыстың қыр-сырына қанық, техника тілін жақсы меңгерген байырғы қадірлер, жаңадан келгендермен үнемі тәжірибе алмасып, оларды үйретіп отырады. Ауызбірлігі жарасқан ұжымның тәтулығы мен басқарушылардың шеберлігінің нәтижесінде бүгінгі таңда еңбек өнімділігі артуда. Бастапқы жылы күніне жарты тоннаға жуық өнім өндірілген болса, қазіргі кезде бұл көрсеткіш жиырма бес тоннаға дейін жеткен. Алғашқы жылдармен салыстырғанда сапа жағы да өлдеқайда жақсарған.

Атқарылып жатқан зауқымды істің нәтижесінде еңбектері еленіп, бірталай марапаттаулар мен Алғыс хаттарға қол жеткізіпті. Солардың бірі Қазақстан Республикасы Президентінің «Сапа саласындағы жетістіктері» үшін сыйлығы конкурсында және «Алтын сапа» республикалық көрме-конкурсында белсенді қызмет атқарғаны үшін «Алғыспен» марапатталған. Ал 2009 жылы ауыл шаруашылығы саласын дамытуда қосқан үлесі және кәсіпкерлікке шеберлігі мен жоғарғы өндірістік көрсеткіштері үшін «Құрмет грамотасымен» наградталған.

Ежелден ақтың пайдасын білген қазақ үнемі «Ақ мол болсын!» деп тілейтін. Одан әртүрлі тағамдар өзірлейтін. Сүтті ірітіп ірімшік, ұйытып айран, кептіріп құрт жасаған. Оның дәрулік қасиеті де бар. Сондықтан емдік тағам ретінде де қолдана білген. Бұл үрдістің елімізде қазір де жаңаша жандануы, жалғасып келетініне тағы да көз жеткіздік.

● *Жазғы дала жұмыстары*

Ауа райының қолайсыздығына қарамастан көктемгі егіс жұмыстары сәтті жүргізілді. Жер жырту, бақша, көкөніс себу және картоп отырғызу мен қант қызылшасын егу істерінде дала еңбеккерлері үлкен жауапкершілік танытты.

КҮТІП-БАПТАУ БАСТАЛДЫ



Әдеттегідей жаз мезгілінен бастап, күзгі жиын-терінге дейін бақшалық дақылдарды күтіп-баптауға қажетті агротехникалық шаралардың барлығы қолға алына бастайды. Күзде мол өнім алу үшін бұл істі барлық шаруашылықтар мен дала диқандары бірінші кезекке қояды. Әсіресе, күтіп-баптауды көп қажет ететін қант қызылшасына биыл ерекше көңіл бөлінген сыңайлы.

Барлығы 14080 гектар алқапқа егілген тәтті түбірдің бүгінгі күнге дейін 8787 гектары бірінші қопсытудан, ал 5333 гектары бірінші шөптеуден өткен. Соның 4236 гектарына минералды тыңайтқыш беріп теүлгерген. Диқандар жаздың ыстығына қарамастан дәндік жүгері мен майбұршақ дақылдарын күтіп-баптауға белсене кіріскен кезде.

Мәселен майбұршақ егуде егіс көлемі жағынан алдыңғы қатарда тұрған Алакөл ауданының диқандары 11274 гектардың қазірге дейін 4500 гектарын бірінші қопсытудан өткізіп, оның 950 гектарына химиялық өңдеу жүргізген. Ал Панфиловтағы дәндік жүгері егуге арналған жердің көлемі барлық ауданға қарағанда бірінші орында. Сол 21100 гектар алқаптың әзірге 3884 гектары ғана бірінші қопсытудан өтіп, қопсытылды. Ал 903 гектары химиялық өңдеуден өткізілді. Осылайша күтіп-баптау жұмыстарының қарқыны облысымызда күннен-күнге үдеп келеді.

А. БАЙЖҰМАҚЫЗЫ.

ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ

Веломарафоншы ҮШТӨБЕГЕ КЕЛДІ



ҚАРАТАЛ. Жақында Үштөбе қаласына Еңбекшіқазақ ауданынан веломарафоншы Сәрсен Қасымов келді. Ол Қаратал ауданына келер алдында 6 ауданды велосипедпен жүріп, артта қалдырған. Үштөбе қаласына келгенше 736 шақырымды шақырымды жүріп өткен. Облыс аудандарын велосипедпен аралап жүрген веломарафоншы Сәрсен Қасымов арнайы карта бойынша 2200 шақырымды жүріп өтпек.

– Менің Алматы облысының аудандарын велосипедпен аралап жүрудегі мақсатым – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналады. Сонымен бірге, Елбасы Жолдауын насихаттау, облысымызда велоспортты дамыту, осы спорт түріне жастардың қызығушылығын арттыру, саламатты өмір салтын насихаттау, – дейді 55 жастағы Сәрсен Қасымов.

Мейрамға орай келген ол балалардың салтанатты мерекесінде кішкентай бүлдіршіндерді құттықтап, жас ұрпақты дені сау, мықты да шымыр болып өсу үшін спортпен шұғылдануға шақырды.

А. БАҚЫТҰЛЫ.

ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ

Астанадан ОЛЖАЛЫ ОРАЛДЫ



РАЙЫМБЕК. Ауданның қасиетті топырағынан жаралып, кәусар бұлағы мен тұнық ауасынан нәр алып өсіп келе жатқан дарынды шәкірттер аз емес.

Міне, осындайда ойымызға соңғы жылдары әншілік өнерімен ауданды ғана емес, облысты тәнті етіп жүрген, келешегі кемелді әнші Сәуле Жұмабай оралады. Ол Текес ауылындағы Қ. Шорманов атындағы орта мектептің 10-сынып оқушысы. Осы ауылдағы өнер мектебінің түлегі.

Сәуле әр жылдары республикалық «Жас таланттар» байқауында бас жүлдені, өңірлік «Дельфий ойындары» байқауында 1-орынды, республикалық «Асыл мұра» байқауында 1-орынды жеңіп алған. Аудандық, облыстық өнер байқауларының бәрінде жүлдесіз жанып келеді.

Дәстүрлі халық әндерін кең тынысты, таза да мөлдір, асқақ үнімен орындап келе жатқан талантты жас әнші жақында Астана қаласында өткен «Жарқын болашақ» конкурсына қатысып 2-орынды иеленді. Күміс медалін тағып, олжалы оралды. Өнер көгіне қанатын жайып келе жатқан оған ақ жол тілейміз.

Қ. БІРЖАНСАЛ.

ШАЛҒАЙ АУЫЛ ШЫРАҒЫ

Саябақ АШЫЛДЫ



ПАНФИЛОВ. Жаркент қаласында жергілікті халық «оңтүстік, төменгі», – деп атайтын екі саябақ бар. Оның төменгісі балаларға арналған шағын демалыс орны болса, жоғарғысы ересектерге арналған, аумағы ауқымды орамды орман. Өткен жылы осы ересектерге арналған паркке «Жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы бойынша Үкіметтен 167 млн. теңге бөлініп, күрделі жөндеу жұмыстары жасалған еді. Халықаралық Балаларды қорғау күні мерекесінде осы Бөлек батыр атындағы саябақты ашу салтанаты өткізілді. Бақка 2002 жылы Бөлек батыр ұрпақтары ескерткішін орнатып, өткен жылы ел сұрауымен саябақ Бөлек батыр атымен аталған.

Әдеттегідей салтанатты шара лента кию рәсімімен басталып, Алматы облысының Құрметті азаматы Ыбырайымжан Қожахметов пен Қазақстан ауыл шаруашылығына еңбегі сіңген қызметкер Сүлеймен Көшкінов ақсақалдарға ұсынылды. Бұдан соң шараға жиналған халық парк ішіндегі Бөлек батыр ескерткішіне гүлшоқтарын қойып, мереке өтетін алаңға жиналды.

Салтанатты шараны Жаркент қаласының әкімі Бақыт Нұрелов кіріспе сөз сөйлеп ашып, аудан әкімі Ермек Келемсейіт мерекеге жиналған жұртты құттықтады. Сондай-ақ, салтанатты жиында аудандық үйғыр мәдениет орталығының төрағасы Рехимжан Тохтахунов, Жаркент қаласындағы «Қарлығаш» балабақшасының тәрбиешісі Лэйлэ Нұржауова балаларға мерекелік жүректерін ақ тілектерін арнады.

М. НҰРСЕЙІТ.

e-mail: Jetisu2002@mail.ru
www.Zhetysu-smi.kz

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Жарық дүние есігін ашқан анамыз, қамқор әжеміз **РАХИЯ** 70 дейтін мерейлі жасқа толып отыр. Бәрімізге үлгі-өнеге боп көрсетіп, тәлім-тәрбиесін беріп жүрген ардақтымызды осынау үлкен қуанышымен шын жүректен құттықтаймыз! Дүниедегі барлық жақсылықтарды тілей отырып, жүзіңізді еңсеңнен кірбің шалмай арамызда жадырап жүре беріңіз деген ақ тілегімізді арнаймыз.

Алтын ана, жадырап
Шаттанамыз, күліңіз.
Өзіңізбен шаттықты
Қай кезде де үйіңіз.

Бәйтерегім бұдан да,
Шығар белес-белиіңіз.
Жетпіс деген көп емес,
Ғасыр жасқа келіңіз.

Бәрімізге керемет
Қуанышты тойлатып.
Арамызда жүріңіз
Шөпшектерді ойнатып.

Шарықтасын шаттықта
Шырқап салар әніміз.
Сіз жадырап жүргенде
Бақыттымыз бәріміз.



ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: балалары – **Серікжан-Айбарша, Майра-Мансұр, Рахат-Серікқазы, Айгүл-Бауыржан және немерелері.**

● *Дөңгелек үстел*

Халықаралық еңбек ұйымының мәліметі бойынша, бүгінгі таңда әлемдегі 215 миллион баланың 115 миллионы қауіпті жұмысқа жегілуде. Мұның ішінде 41 миллионы қыздар, қалғаны ұл балалар. Сондықтан, халықаралық қауымдастық 2016 жылға дейін балалар еңбегінің ең нашар түрін жоюды мақсат етіп отыр. Өткен жылы Гаага қаласында өткен конференцияда балалардың еңбегін қанаудың алдын алуға бағытталған Жол картасы қабылданды.

Бала еңбегін қанауға жол жоқ

Жетісу
Кәжет АНДАС

Сондай-ақ, 12 маусым «Бүкіләлемдік балалар еңбегімен күрес күні» етіп белгіленді. Осыған орай, елімізде 1-10 маусым аралығында «Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн күрес» тақырыбымен ақпараттық науқан жүргізу дәстүрге айналды.

Жуырда облыстық балалардың құқықтарын қорғау департаментінде «Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн күрес» тақырыбымен өткен ақпараттық науқан жұмысының қорытындысы шығарылды. Шараны департамент директорының орынбасары Самғат Долаев жүргізді. Оған облыстық прокуратура бас прокурорының көмекшісі Марат Тұрғанұлы, облыстық ішкі істер департаменті қоғамдық қауіпсіздік басқармасының кәмелетке жасы толмағандардың ісі жөніндегі бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Ғалым Құджанов, облыстық білім басқармасының жетекші маманы Құндыз Нұрпейісова, баспаналу және әлеуметтік қорғау департаментінің бөлім бастығы Болат Данияров, балалар еңбегінің ең нашар нысандарының алдын алу және ескерту әлеуметтік орталығының директоры Алла Денисова қатысып, атқарылған жұмыстардан есеп берді. Сондай-ақ, журналистердің сұрағына жауап қайтарылды.

Баяндамашылардың сөзіне сенсек, өңірімізде балалар еңбегінің қаналуы мәселесі бар. Десе де, өте нашар түрлері әлі де кездесе қойған жоқ. Бұл тыңғылықты жұмыстардың арқасында қол жеткізген нәтиже деуге болады. Алайда, мұнымен барлық жұмыс тындырылды деп айтудан аулақпыз. Өйткені, балалар құқығын қорғау күн тәртібінен түспейтін түйінді мәселе.

Шараның соңында облыстық балалар құқықтарын қорғау департаменті тарапынан жүргізілген рейд барысында анықталған құжаты жоқ балаларға «Туу туралы куәлік» табыс етілді. Сөз кезегінде, департамент мамандары бүгінге дейін отызға жуық баланы құжаттандырғанын алға тартты.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2011 жылы 21-22 маусым күні сағат 10.00-де Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылында өтетін жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың 165 жылдығына арналған республикалық ақындар айтысына шақырамыз.

21 маусым күні сағат 10.00-де Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, Қарасай батыр атындағы аудандық Мәдениет үйінде І-ІІ айналым;

22 маусым күні «Сарықазық» жайлауында ақтық айналым.

Келіңіздер, көріңіздер!

ЗАҢГЕРЛІК КЕҢЕС БЕРІЛДІ

Жақында Талдықорған қаласы бойынша қылмыстық атқару инспекциясы бастығының орынбасары, әділет капитаны Лайла Салымбоеваның төрағалығымен оталған инспекцияда сотталғандармен жалпы жиналыс болып өтті.

Оған «Нұр Отан» ХДП Алматы облыстық филиалының, қалалық әкімдіктің, прокуратура органдарының өкілдері қатысты. Талдықорған қаласы прокурорының аға көмекшісі Ербол Стамшалов тақырып аясында келелі әңгіме өрбітіп, өзіндік ой-пікірін білдірді.

Негізгі мақсаты – сотталғандардың екінші рет шалыс басып, қылмыс жасауларының алдын алу, сотталған азаматтардың дер кезінде жұмысқа орналасуы болып табылған бұл жиында заңгерлер тарапынан келелі кеңестер берілді. Қала аумағындағы түрлі мекемелер арасында сотталғандарға қатысты ақпарат алмасу, оларды заңнама шеңберінде жұмысқа орналастыру мәселесі де жан-жақты талқыланды.

Шайзат БУКАЕВА,
Талдықорған қаласы бойынша қылмыстық атқару инспекциясының аға инспекторы, әділет капитаны.

● *Тәжірибе*

Есік гуманитарлық-экономикалық колледжінде (ЕГЭК) өткен «Ашық есік күні» іс-тәжірибелік алқалы жиынға көрші аудан әкімдерінің орынбасарлары, осы аумақтардағы және Алматы қаласындағы маман даярлау колледждері мен арнаулы орта білім беру мекемелерінің басшылары, ата-аналар қатысты.

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

Жетісу
Баянды ЗӘКІРОВ

Ашық есік күнінің ЕГЭК-те өткізілуінің өзіндік себебі бар. Колледжде 13 мамандық түрін дайындайтын топтарда 1195 оқушы оқиды. Мекеме негізінен «Бастауыш білім беру», «Дене тәрбиесі және спорт», «Есептеу техникалары және бағдарламалық қамтамасыз ету» және «Іс қағаздары, мұрағаттану» мамандарын дайындайды. Мамандыққа баулу мекемесі төңірегі әсем өрнекті шарбақпен қоршалған. Ауласы мен спорт алаңы саялы бақ, жасыл шырша, гүлзарлармен оранған ең көрікті нысандардың бірі.

Өткен жылы ғана 184 млн. теңгеге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жаңартылған. Қосымша қаржыға іші безендіріліп, колледж тарихына арналған тақырыптық, композициялық экспонаттармен толықтырылған мұражай ашылған. Акт залы жасақталып, 47 оқу бөлме және ғылыми және әдістемелік оқу құрал-жабдықтарымен жабдықталған. Мультимедиялық проектор, 20 интерактивті тақта, кең форматты принтер, 200 компьютер, кондиционер орнатылған. Спорт залы, мұғак және хореографиялық кіші зал, кітапхана, медпункт, 4 зертхана жұмыс істейді.

Колледж өмірі мен тынысын өз көздерімен көріп, аралап шыққан қонақтар акт залында ұйымдастырылған «Жастардың жеке тұлғасын қалыптастыруда оқу орны мен қоғамдық ұйымдардың, ата-аналар іс-әрекетінің маңызы» атты алқалы жиынға қатысып, пікір алмасты. Оқу орны директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Гүлнәр Байтукенова аталмыш тақырыпта баяндама жасап, бәсекеге төтеп бере алатындай қабілетті, кәсіби деңгейі жоғары мамандар даярлаумен қатар жастардың бойына азаматтық қасиеттерді сіңіру қажеттігіне тоқталды. Тәрбие ісі жөніндегі біршама мәселені талқыға салды.

Білім және тәрбие беру сапасын жақсарту туралы ойларын ортаға салған Талғар ауданы әкімінің орынбасары Р. Садықова, Еңбекшіқазақ ауданы прокурорының орынбасары Е. Имадуллаев, ата-ана К. Таллыбаева, Д. Қонаев атындағы орта мектептің директоры Ш. Пірімбаев колледж ұстаздарының іс-тәжірибесіне, ауқымы кеңейіп, тынысы ашыла түскен оқу орнының өрлеу үрдісіне, білім сапасының арта түскеніне ризашылықтарын білдіріп, ой-түйіндерін ашып айтты. «Ашық есік күні» басқосуын колледж директоры Тоқкожа Естенов қорытындылады.

Алқалы жиынға аудан әкімі Әлихан Тойбаев қатысып, ұстаздардың ұстаты атанған ұжымға шығармашылық жетістіктер тіледі.

ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ.

● *Маман мінбері*



Ауруды асқындырады



Адамның иммундық тапшылық вирусы (АИТВ) ағзаны әртүрлі жұқпадан қорғайтын иммундық жүйені әлсіретеді және оның нақты жасушаларын (СД 4 жасуша) зақымдайды. Бұл жасушалар санының төмендеуі ауруды асқындырады.

Ал жүре пайда болған иммундық тапшылық синдромына (ЖИТС) келетін болсақ, бұл атау сөздікке 1981 жылы енгізілген. Ол АИТВ жұқпасының соңғы кезеңінде адамның иммундық тапшылығынан пайда болады. Нәтижесінде адам кез келген ауруға шалдығатын дәрежеге жетеді. Оның ішінде туберкулез бен өкпе қабынуы өте қауіпті. Айта кетейік, АИТВ анықталған науқастар өкпе туберкулезіне жыл сайын флюорографиялық тексеруден өтуі тиіс. АИТВ-ын жұқтырған адамда бір немесе бірнеше қосымша ауру анықталғанда немесе СД4 деңгейі бір деңгейге дейін төмендеген жағдайда оған ЖИТС-ы диагнозы қойылады. АИТВ антителоға арналған тест арқылы анықталады. Вирусты жұқтыру мен антителоларды анықтау аралығы «серонегативті терезе» деп аталады. Талдау жұмыстары осы кезеңде жүргізілсе алынған нәтижелер дұрыс болмауы мүмкін. Сондықтан тексеру жұмыстарын қайта жүргізу керек.

Аурудың алдын алу үшін жыныстық қатынас кезінде сақтанып, стерильденбеген инелерді, шприцтерді және басқа да егуге, тату мен пирсинг жасауға арналған құралдарды қолданбау керек, қанмен немесе қанның қалдықтары қалған материалдармен жұмыс жасау барысында латексті қолғаптарды киіп, жеке гигиенаны қатаң сақтаған жөн. Ал аурудың анадан балаға берілуінің алдын алу мақсатында жүктілік, босану және босанғаннан кейінгі кезеңде және баланы шитен жарып алу кезінде ретровирусқа қарсы препараттарды қабылдап, нәрестені емізуге тиым салу керек.

АИТВ адамның туберкулез жұқпасына сенімталдығын арттырады. Сонымен қатар, АИТВ бессимптомды туберкулез жұқпасының туберкулезге ауысуының басты себебі болып табылады. Иммундық депрессия артқан сайын, яғни адам ағзасының иммунитеті төмендеген сайын ауру қаупі де арта бастайды. СД4 жасушаларының ағзаның туберкулез микобактериясымен күресу барысында атқаратын рөлі өте маңызды. Бірақ жоғарыда атап өткендей, АИТВ жұқпасы асқынған сайын бұл жасушаларының саны азаяды. Сондықтан иммундық жүйе туберкулез микобактериясының таралуы мен артуын тежейтін қасиетінен айырылады. Салдарынан шашыранды және туберкулездің өкпеден тыс түрлері пайда болады. АИТВ жұқтырған адамдарда туберкулездің анықталуы 10 есе жиі кездеседі.

АИТВ жұқтырған науқастарда салмақтың азаюы, жөтел, дене температурасының жоғарылауы сияқты белгілердің пайда болуы туберкулезге күмән тудырады. АИТВ жұқтырған адамдарда келген кезеңде туберкулез анықталуы мүмкін. Науқастың қанындағы СД4 жасушаларының деңгейіне байланысты туберкулез белгілерінің сәйкес тәуелділігі болады. Егер СД4 жасушалары салыстырмалы түрде жоғары болса, туберкулездің қарапайым түрі болуы мүмкін. Ал СД4 жасушаларының концентрациясы төмен болса, науқастарда ауру біршама өзгеше сипатқа ие. Сонымен қатар, туберкулез өкпеден тыс аймақтарда, яғни сүйекте, омыртқада, бас сүйегінде, перикардта анықталады және без түйіндері шамадан тыс қабынады. Шамамен ауру науқастың 60-80% өкпесін, сондай-ақ, 30-40% өкпеден тыс аймақтарын зақымдайды.

Туберкулез диагностикасына қақырық микроскопиясы мен рентгенологиялық зерттеулер жатады. Бірақ АИТВ жұқтырғандар үшін қақырық микроскопиясын зерттеу жеткіліксіз. Себебі ол науқастарда туберкулездің бациллалар түрі салыстырмалы түрде сирек кездеседі.

АИТВ-ын жұқтырған адамдарда туберкулезді емдеу принциптерінің екі бағытын ұйымдастыруға болады. Біріншісі – емнің стандартты тәртібіне сәйкес туберкулезді тікелей бағыттау арқылы емдеу. Емдеу процесінде медицина қызметкері науқастардың туберкулезге және ретровирусқа қарсы препараттарды қабылдауына бақылау жүргізеді. Екінші бағыты – АИТВ жұқпасымен қосарланған туберкулез науқастарының әлеуметтік және психологиялық тұрғыда бейімдеу жүйесін құру. Бұл дегеніміз, – науқастарға және олардың жақындарына ем тәртібін сақтауға, сонымен қоса нашақорлық және ішімдік заттарды қабылдамай, өздерін ұстауға байланысты психотерапевтердің тұрақты кеңесін жүргізу.

Э. АҚТЫМБАЕВА,
облыстық туберкулезге қарсы диспансер дәрігері.

● *Облыс тұрғындары назарына!*

Жылжымайтын мүлік тіркелуге тиісті

Әділет министрлігі Құқықтық көмек көрсету және тіркеу қызметі комитетінің «Алматы облысы бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі орталығы» республикалық мемлекеттік-қазыналық кәсіпорны мына мекенжайда орналасқан. Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр, 76. Орталықтың 19 аудандық филиалы, екі бөлімшесі және Қапшағай қаласында өкілдігі бар.

Орталық қызметінің мақсаты мен негізгі тақырыбы жылжымайтын мүлікке құқық және олармен мәмілелерді мемлекеттік тіркеу мақсатында ғимараттарды, имараттарды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық тексеру, салық салу үшін нысандарды бағалау, сондай-ақ жылжымайтын мүлік иелігін тіркеу болып табылады.

[illegible]

Алматы облысы бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі орталықтың филиалдарындағы [illegible] сенім телефоны: 8 (7282) 27-33-91.

«Алматы облысы бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі орталығы» РМК-ның Талдықорған қалалық филиалы.

Сауда-саттық, тракторлар жөндеу және көліктік қызметтер көрсетумен айналысатын, Алматы облысы, Текелі қаласы, Рудничный кенті, Ескелді би көшесі, 24 мекенжайында орналасқан «МТС Тасу» ЖШС конкурстық басқарушысы конкурстық көлемді голландық сауда тәсілімен сату бойынша саудалар өткізеді.

№ 2 Лот – Текелі қаласы, Рудничный кенті, Ескелді би көшесі, 24 мекенжайда орналасқан автобаза ғимараты мен қоймалары, бастапқы бағасы – 5 011 000 теңге, ең төменгі бағасы – 3 006600 теңге. Саудалар 2011 жылдың 28 маусымы күні сағат 11.00-де Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Транспортная көшесі, 8/8 «а» мекенжайында өткізіледі, телефон: 87022019697. Саудаларға қатысушыларды тіркеу мен өтінімдерді қабылдау хабарландыру жарияланған күннің ертеңінен бастап, жұмыс күндері сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі үзілісті қоспағанда сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін саудалар жүргізілетін мекенжайда жүргізіледі және саудалар басталуға бір сағат қалғанда аяқталады. Қатысушылар ретінде тіркелу үшін құжаттар сауданы ұйымдастырушының жеке өзіне немесе сенімхат бойынша өкілі арқылы беріледі. Қосымша ақпараттарды сауданы өткізу реквизиттері бойынша алуға болады. Ең төменгі бағаның 10 пайызы мөлшеріндегі кепілдік жарна «МТС Тасу» ЖШС-нің банктік шотына енгізіледі: «Казкоммерцбанк» АҚ KZ459260901130413002 есеп шоты, БИК KZKOKZKX, СТН 091700000610, КБЕ 17 немесе ақшалай конкурстық өндірістің кассасына. Сауданы ұйымдастыру бойынша наразылықтар мына мекенжай бойынша қабылданады: Талдықорған қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 75, 207-кабинет.

Конкурсный управляющий ТОО «МТС Тасу» находящееся по адресу Алматинская обл г. Текели п. Рудничный, ул. Ескельди би, 24, вид деятельности ремонт тракторов, транспортные услуги, торгово-закупочная деятельность, проводит торги по реализации конкурсной массы, метод торгов голландский. Лот № 2 – Здания и склады автобазы, расположенные в г. Текели, п. Рудничный, ул. Ескельди би, 24, стартовая цена 5 011 000 тенге, минимальная цена – 3 006600 тенге. Торги состоятся 28.06.2011 года в 11.00 часов по адресу: Алматинская область, г. Талдыкорган, ул. Транспортная, 8/8 «а» тел.: 87022019697. Прием заявок и регистрация участников торгов производится со следующего дня после публикации объявления в рабочие дни с 9.00 до 18.00, перерыв с 13 до 14 часов по адресу проведения торгов и заканчивается за час до начала торгов. Документы для регистрации в качестве участников предоставляются организатору торгов лично или через представителя по доверенности. Дополнительную информацию можно получить по реквизитам проведения торгов. Гарантийный взнос в размере 10% от минимальной цены вносится на банковский счет ТОО «МТС Тасу» РНН 091700000610, расчетный счет KZ459260901130413002 БИК KZKOKZKX АО «Казкоммерцбанк», КБЕ 17 или наличными в кассу конкурсного производства. Претензии по организации торгов принимаются по адресу: г. Талдыкорган, ул. Тауелсыздык, 75, кабинет 207.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Конкурстық басқарушы бағалық ұсыныстар тәсілімен борышкер әскери типтегі – 3087 «Агропромтранс» ГМ АТП автоколоннасы мүлкінің конкурстық көлемін бағалаушыны таңдау бойынша конкурс өткізеді. Конкурс хабарландыру жарияланғаннан кейін 10 күннен соң өткізіледі.

Талдықорған қ., «Жастар» шағын ауданы, 43-үй, 52-пәтер, анықтамаларды мына телефондар арқылы алуға болады: 87282302539; 87017037243.

* * *

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Конкурсный управляющий проводит конкурс методом ценовых предложений по выбору оценщика конкурсной массы имущества должника ГМ АТП "Агропромтранс" автоколонна войскового типа – 3087.

Конкурс состоится через 10 дней после опубликования объявления.

г. Талдыкорган, м/н. "Жастар", д.43, кв. 52 телефон для справок 8 7282 302539, 8 7017037243.

Республикалық мемлекеттік кәсіпорын: "Бартоғай су қоймасын және Д. Қонаев атындағы Үлкен Алматы каналын пайдалану басқармасы» қайта құру жұмыс барысы басталуда, жаңа құрылған «Казводхоз» республикалық мемлекеттік кәсіпорынмен бірлесуде. Назарылықтар осы жариялану шыққан күннен бастап 2 ай бойы мына мекенжайда қабылданады. **Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Мелиораторная көшесі, 1. тел: 8 (72775)5-04-42.**

Разработан и передан на рассмотрение в экологическую экспертизу рабочий проект с разделом ОВОС по объекту: "Реконструкция и строительство системы канализации п. Карабулак Ескелдинского района Алматинской области" Всем заинтересованным лицам обращаться по телефону: **8 (7282) 25-04-65** ТОО "Жетісу саулет құрылысы".

Касенова Айгүл Дүйсенхановнаның атына берілген №015692677 жеке куәлігінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Алматы облысы аумағында болғалы жатқан немесе жасалған қылмыстар және полиция қызметкерлерінің заңсыз әрекеттері туралы деректерді **Алматы облысы ішкі істер департаментінің 27-30-55 сенім телефонына** хабарлауға болады.

Ынтымақтастық үшін алғыс білдіреміз.

Жамбыл аудандық әкімдігі мен мәслихаты Ұзынағаш селолық округінің әкімі

Мадияров Рахымжан Советұлының

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

"Нұр Отан" халықтық демократиялық партиясы Алматы облыстық филиалының ұжымы

Ахметкалиев Амангелді Сәпиұлының

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туысқандарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Алматы облыстық сотының, аудандық және оған теңестірілген соттарының, Алматы облыстық сотының кеңесінің ұжымдары Талдықорған қалалық сотының судьясы Тапелова Нұрсұлу Құдайбергенқызына інісі

Тапелов Нұрдаулет Құдайбергенұлының

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ. ТАПСЫРЫС — 677. ТАРАЛЫМЫ — 42 688. ИНДЕКСІ — 65469.

Кезекші редактор: Сарби ӘЙТЕНОВА.

Компьютерге терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілді, беттелді.

Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама берушi жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Ал... Офсет" баспаханасында басылды.

М 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, N3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

Қабылдау бөлмесі және факс — 27-41-50 байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары — 21-01-90, 27-41-83, жауапты хатшы — 24-38-16, ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі — 27-42-34, саясат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі — 24-36-07, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 24-32-43, білім және ғылым бөлімі — 24-30-57, фототілшілер — 27-41-93, заң және ақпарат бөлімі — 24-29-82, есепшісі бөлім — 24-35-28

Алматы қаласындағы тілшілер қосыны — 279-13-37 (факс) 79-13-86, 79-36-43.
Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары: Үшарал — 2-12-57. Панфилов — 5-12-21. Райымбек — 2-22-05, Іле — 2-19-33.
Газет табыс етілмесе — 72-59-01 телефонымен хабарласу керек.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімі

Бас редактор Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ

Жетісу

МЕНШІК ИЕСІ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

Jetisu2002@mail.ru

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

№92 (17505) сенбі, 13 тамыз, 2011 жыл

Бағасы келісімді

БАЛАҢЫЗ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫН БА?

Отбасында бірді-екілі бала болса, оның жарасы ля жеңіл болар, ал бірнеше перзентін мектепке дайарлайтын ата-ана үшін бұл үлкен проблемаға, бас ауыртар мәселеге айналары хақ.

(3-бетте толық нұсқасы)

ЕЛ МҮДДЕСІ ЕСКЕРІЛЕДІ

Кеше «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясы облыстық филиалының ғимаратында Парламент Мәжілісінің депутаты Зағипа БАЛИЕВА тұрғылық тұйткілдері алаңдатып жүрген тұрғындарды қабылдады.

Қабылдауға, сонымен қатар, мемлекеттік мекемелер мен ұжымдардың басшылары, облыстық прокуратураның, экономикалық және жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі департаментінің жауапты қызметкерлері, партиялық бақылау постыларының мүшелері мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Бұл жолы да жетісулықтардың Мәжіліс депутатына қойған сауалдары негізінен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына, шалғай елді мекендерді ауыз сумен қамту мәселесіне, мүгедектер мен ата қамтылған азаматтарды әлеуметтік қорғауға, мемлекет тарапынан берілетін материалдық және ақпараттық қолдауға қатысты болды. Сонымен бірге сот жүйесіне байланысты мәселелер де қаралды.

Екі сағатқа жуық созылған қабылдау барысында Зағипа Балиева жеткізген мәселелер бойынша жауапты органдарға тапсырма беріп, зерделеуді қажет ететін жайларды өз бақылауына алды. Осының алдында мәжіліс депутаты Іле және Жамбыл аудандарында осындай қабылдаулар өткізген болатын.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

МӘДЕНИЕТ КҮНДЕРІ

ӨНЕРІ ӨРКЕНДЕГЕН ӨЛКЕ

Берекесі мен пейілі жарасқан Талғар мен Алакөл аудандарының тұрғындары биылғы мәдениет күндері аясында өтетін шараға мықты дайындалыпты. Қайырымдылық акциясымен бастаған шара облыс орталығындағы С. Сейфуллин атындағы кітапханада көңілді кездесуімен жалғасын тапты. Ал орталық алаңдағы қылқалам шеберлерінің, этномәдени бірлестіктердің және қолөнер, сурет, зергерлік, өнеркәсіп бұйымдарының көрмелері көрген жанды бей-жай қалдырмайды. Аудандардан келген ағайындар Даңқ ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, перзенттік парызын да өтеді. Бұл жолғы делегацияны облыс әкімі **Аңсар МҰСАХАНОВ** қабылдап, өлкемізде атқарылған игілікті істермен таныстырды. Кешке қарай қос аудан көркемөнерпаздары дайындаған концерттік бағдарламаны тамашалаған көпшілік жастарға арналған би кешіне де куә болып қайтты.

(Осы жайлы кеңейтілген материалды газетіміздің келесі санынан оқи аласыздар).

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

«ЖЕТІСУ» – ЧЕМПИОНДЫҚТАН БАСТЫ ҮМІТКЕР



«Жетісу» футбол клубының биылғы аяқ алысы өте жақсы. Бірінші айналымды сәтті қорытындылаған жетісулық аяқдопшылар 22 кездесу өткізіп, оның 15-інде жеңіске жетсе, 4 рет тең ойын көрсетті. Ал 3 кездесуде ұпай айырмасымен ұтылып қалды демесек, жалпы есепте 49 ұпай жинап көш басында келеді.

Жетісу

Қажет АНДАС

Осындай бұрындары болып көрмеген жетістіктерімен жерлестерінің көңілінен шығып келе жатқан команда мүшелерін облыс әкімі Аңсар МҰСАХАНОВ қабылдап, олардың алғашқы айналымдағы ойын-өрнегіне ризашылығын білдіріп, премьер-лиганың көш басындағы орынды сақтап қана қоймай, ел чемпионы атанар кездің жеткенін де естеріне салды.

– Дәл қазіргі кезде сіздерді барлық жағынан қолдап отырмыз, Материалдық мұқтаждықтарыңыз түгел шешілген. Қаржыдан кенде болып отырған жоқсыздар. Мұндай қолдаулар мен қамқорлықтар алдағы кезде де жалғасын таба береді. Тек бүгінгі жеткен биіктеріңізді төмендетіп алмаңыздар. Чемпион атансаңыздар, оған да өзіндік сый-құрмет көрсетіледі, – деген облыс басшысы футбол федерациясының жұмысына бас-көз болып жүрген лауазымды тұлғалардан және команда жетекшілерінен алдағы жоспар жайлы сұрады.

Облыс әкімінің орынбасары Сәкен Жылқайдаров өңіріміздегі спорт, туризм саласындағы тың жетістіктерді тізіп шыкса, облыстық спорт және туризм басқармасының бастығы Мұхит Тұрсынбаев командаңа алған орындарына қарай сыйақы тағайындауды қарастыру төңірегінде әңгіме қозғады. Командаңың бас жаттықтырушысы Асқар Қожабергенов алғашқы айналымдағы жетістіктер мен кемшіліктерді саралап көрсетті. Команда сапындағы ойыншылардың үшеуінің ұлттық құрамаға, төртеуінің Қазақстан жастар командасына қабылданғанын жеткізді. Сонымен бірге, екінші кезеңде 10 кездесу өткізетін «Жетісу» командасының мүмкіндіктерін тарқатып айтып берді. Ал команда капитаны Айдар Күмісбеков болса, алдағы кездесулерде жоғары нәтиже көрсетіп, кешбасшылық тізгінін сақтап қалуға бар күш-жігерлерін жұмсайтындықтарын білдірді.



ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ – 20 ЖЫЛ

ЯДРОЛЫҚ ҚАРУСЫЗ ӘЛЕМ ҮШІН

норвегиялық "Bike For Peace" ұйымы жақтастарының велошеруі



Ерікті лер командасы шеру жетекшісі Т. Нақпаевпен жақтас және Э. Оффенбахер.

Былтыр жылдың 29 тамызында Президентіміз Н. Назарбаевтың Жарлығымен Семей ядролық полигонының жабылғанына 20 жыл толады. Полигон жұмыс істеп тұрған жылдары бұл жерде 468 ядролық сынақ жасалынды. Норвегиялық "Bike For Peace" ұйымының және Қазақстан Республикасының Ослодағы дипломатиялық миссиясының бастамасы бойынша осы күнге орай ядролық қарусыз әлемді жақтайтындардың велошеруін өткізу жайында шешім қабылданған болатын.

Велошеру 6 тамыз күні Семейдің орталық алаңында басталады. Еріктілерден жасақталған, ең үлкен мүшесі 78 жасқа келген командаңың көп ұлт өкілдерінен тұратындығын айта кеткенміз жөн. Нақтырақ айтсақ, командада 10 норвег, 1 американдық және Қазақстанның түрлі өңірлерінен 5 велосипедші бар. Қазақстандық велосипедшілерді таңдаған кезде олардың ағылшын тілін еркін меңгеруі басты шарт болып табылды. Соған орай ұзындығы 2300 шақырымға созылып жатқан Семей – Алматы – Астана бағытындағы велошерудың өн бойында біздің жерлестеріміз түрғындармен кездесу кезінде аудармашының да рөлін атқаруда.

Халықаралық велошеруге қатысушылар 11 тамыз күні Шығыс Қазақстан мен Алматы облыстарының аралығында күтіп алынды. Бұл кездесудің Ұшарал шекаралық отрядына қарасты «Жаланашкөл» заставасында өткені де көп жайты білдіреді. Олай дейтініміз, енді бірнеше күннен кейін шекарашылар Жаланашкөл оқиғасының 42 жылдығын атап өтеді. 1969 жылы осы заставаға қарасты аумақта КСРО шекарасын қорғаған кеңес сарбаздарының қаны төгілген болатын. Бұл жерде Алакөл аудандық білім және спорт бөлімінің сектор меңгерушісі М. Сәйдолдинов қонақтарға ыстық ілтипат білдірді.

Алакөл айдынына дейінгі 60 шақырым қашықтықты топ құрамында жасы кепген және мүгедек спортшылардың бір екпіндене қарамастан пелотон айтарлықтай тез жүріп өтті. Кеп сынды да салқындап, аз ғана демалып алғаннан кейін веложарысқа қатысушылар қайтадан жолға шықты. Оларды кешкі сағат 17.30-да Ұшарал қаласының Д. Қонаев атындағы орталық алаңында салтанатты қабылдау күтіп тұрған болатын.

Арнайы ұйымдастырылған митингіде «Нұр Отан» ХДП аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Б. Нүсіпбекұлы, аудандық білім және спорт бөлімінің меңгерушісі К. Қысталасова, Алматы облысының туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасы бастығының орынбасары Қ.Түрсынбаев қонақтарға ыстық ықылас танытып, жылы тілектерін ақтарды.

Норвегиялық "Bike For Peace" ұйымының президенті, велошерудің жетекшісі, саясаттанушы Торе Наерланд жауап сөз сөйлеп, жиналғандарға жылы қарсы алғандары үшін алғыс айтты. Ол Қазақстанның ядролық қарусыз әлемді қалыптастырудағы үлесінің қомақты екендігін ерекше айтып өтті. Бұл пікірді американдық Эндрю Оффенбахер де қолдады.

Велошеруге қатысушылар Ұшарал қаласы қонақүйлерінің бірінде демалғаннан кейін Сарқан қаласын бетке алып, қайта жолға шықты.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

ТОЙ – ҚАЗЫНА

МАҢДАЙ ТЕРДІҢ ӨТЕУІ

балқаштықтар ауыл шаруашылығындағы жетістіктерін салтанатпен атап өтті

Бүгінгі таңда ауылшаруашылығы қызметкерлерінің науқандық жұмыстарды қорытындылау шарасы кайта жаңғырып, осы бір игі бастаманың облыс көлемінде өз арнасын тауып, жаңсы дәстүрге айнала бастағанын қуантады. Балқаш жерінде де аталмыш шара өз деңгейінде ұйымдастырылып, ерте үлгің жалғасында өз бірлі той отты.

(Жалғасы 2-бетте).



ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР МАРАПАТТАЛДЫ

Жылдағы дәстүрге байланысты тамыз айында тойланатын Құрылысшылар күні қарсаңында облыс әкімдігінің үлкен залында салтанатты жиын өтті. Мерекелік баскосуға облыс әкімінің орынбасары Болат Тәкенов пен құрылыс басқармасының бастығы Тастан Шалтабаев қатысып, құрыш қолды құрылысшыларды кәсіби мерекелерімен құттықтады.

Жетісу

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Аталған саладағы жетістіктер мен жыл басынан бері атқарылған жұмыстар жайында облыс әкімінің орынбасары Болат Тәкенов баяндама жасады. Келесі болып сөз алған құрылыс басқармасының бастығы Тастан Шалтабаевтың айтуына қарағанда, биылғы жарты жылдықтың қорытындысы бойынша құрылысқа тартылған инвестиция көлемі 54 млрд. теңгені құрайды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 3,3 пайызға артық. Тұрғын үй, әлеуметтік салалар мектеп, балабақша, аурухана, емхана, мәдениет, спорт және коммуналдық шаруашылық нысандары құрылысы бойынша республикалық және облыстық бағдарламалар табысты орындалған.

Облысымызда мемлекеттік тұрғын үй құрылысын дамыту бағдарламасы аясында 2001–2013 жылдары жалпы аумағы 1 млн. 734 мың шаршы метрді құрайтын тұрғын үйлерді салу жоспарланып отыр. Үстіміздегі жылы облыс орталығында 184 пәтерлі тұрғын үй пайдалануға берілмекші. Сондай-ақ, биыл облыстық бюджет есебінен аудан, қалаларда 177 пәтерлі 34 үйдің құрылысын салу көзделіп отыр. Сонымен бірге «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы аясында 280 пәтерлі 135 тұрғын үйдің құрылысын жобалау жұмыстары қолға алыныпты.



Жиын соңында облыс әкімінің орынбасары Болат Тәкенов республикалық, облыстық деңгейде марапаттауларға ие болғандардың есімін атап, құттықтады. «Күрделі құрылыс басқармасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын бастығының орынбасары Бейбіт Керденов, «Еламан» ЖШС-нің бас инженері Артығали Миразов,

«Талдықорғанмемсаралтама» еншілес мемлекеттік кәсіпорнының бастығы Нұрлан Шымбаев, облыс әкімдігінің Алматы облыстық құрылыс басқармасы мемлекеттік мекемесінің құрылысты дамыту дирекциясы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының директоры Зейнолла Камалов «Қазақстанның Құрметті құрылысшысы» атағын иеленді.

Ал, «№ 1 Жөндеуқұрылыс басқармасы» ЖШС-нің директоры Фазизхан Қонырбаев пен «Алматы жолдары» ЖШС-нің директоры Байсейіт Атаев ҚР Көлік және коммуникация министрінің «Құрметті жолшы» төсбелгісін иеленді. Сонымен бірге тағы бір топ құрылысшылар облыс әкімінің Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттарын алды.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

ЕЛДІКТІҢ ЕРЕН БЕЛГІСІ

Апта басында облыстық әкімдіктің кіші мәжіліс залында «Тіл туралы» Заңдардың сақталуын бақылау жөніндегі және облыстық ономастикалық комиссиялардың отырысы болып өтті. Отырысты ашып, жүргізіп отырған комиссияның төрағасы, облыс әкімінің орынбасары Серік МҰҚАНОВ жиналғандарға комиссия мүшелерін таныстырып өткеннен кейін бірден күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға көшкен.

Алғашқы болып «Үйлер ауданының мемлекеттік мекемелерінде іс қағаздарын мемлекеттік тілге көшіру нәтижелері туралы» хабарлама жасаған аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы Гүлжаһан Әлкеева ауданда қаралып отырған мәселеге қатысты атқарылып жатқан шаралар туралы жан-жақты баяндап өтті. Бұл тұрғыдан келгенде ауданда қол жеткен табыстар ауыз толтырып айтуға тұрарлық деуге болады. Іс қағаздарының мемлекеттік тілде толтырылуы шығыс құжаттарының сапасымен өлшенеді десек, мұнда бүгінге дейін 15593 шығыс құжаттары тіркелсе, оның 15342-сі яғни 98.3 пайызы мемлекеттік тілде дайындалған. Сол сияқты көше аттарын, көрнекі жарнамаларды жазуда да ілгерілеушілік байқалады.

Десе де облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың мамандары тараланан жүргізілген тексеру барысында көптеген кемшіліктер айқындалған. Атап айтқанда, облыстағы әкімшілік-аумақтық құрылымдары, бірліктері және елді мекендері, мектеп атаулары мен көше атауларын толық енгізген «Облыс ономастикасы» атты анықтамалық кітап шығарылып, берілгенне қарамастан бұл мәселе аудан әкімдігінің назарынан тыс қалған. Мысалы, аудан әкімдігінің фирмалық бланкілерінің орыс тіліндегі «Шонжы» сөзі белгісіз себептермен бүгінгі күнге дейін «Чунджа» деп жазылып келген. Аудандағы 14 ауылдық округтің Ават, Ақтам, Бақар, Қалжат атаулары ғана дұрыс жазылып, қалған оның орыс тіліндегі нұсқасы грамматикалық және орфографиялық қателермен жазылған. Заң талаптары бойынша мемлекеттік органдардың мөрлері мен мөртаңбаларының мәтінінде олардың атаулары мемлекеттік тілде жазылады деп көрсетілсе де, көптеген ұжым мекемелердің кіріс-шығыс құжаттарына арналған мөр таңбаларындағы мәтін екі тілде жазылған.

Осындай олқылықтарды ашып айтқан Серік Мейірханұлы қыркүйек айына дейін аталған кемшіліктерді жойып, жазбаша жауап беруді тапсырды.

Келесі болып мінберге көтерілген Жамбыл ауданы әкімінің аппарат басшысы Айдос Молдабаев ауданның мемлекеттік мекемелерінде Қазақстан Республикасындағы «Тіл туралы» Заңының орындалу барысы жөнінде ақпарат берді. Алдын ала жүргізілген зерделеу жұмыстары Жамбыл ауданында бұл тұрғыда айтарлықтай табыстарға қол жеткізгендігін айғақтайды. Атап айтқанда, іс қағаздарын қазақша жүргізу аудан әкімі аппаратында 99,8, аудандық мәслихатта 99,7.

Экономика, бюджеттік жоспарлау және кәсіпкерлік, тұрғын үй коммуналдық шаруашылық; жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімдерінде 95,3; жұмыспен қамту және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінде 94,8 пайызға жеткен екен. Алдағы уақытта атқарылар істер әлі де баршылық, болғанымен тексерулер Жамбыл ауданында мемлекеттік тілге мейлінше көңіл бөлініп отырғанын көрсетіп берді.

Ономастикалық комиссияның отырысында Қапшағай қаласындағы көше атауларын ретке келтіруге байланысты атқарылған іс-шаралар туралы хабарламаны қала әкімінің орынбасары Жанат Асантаев жасады. Бұл жерде де ілкімді істер көзге көрініп тұрғанымен кемшіліктердің де бар екені анықталған. Мысалы, жыл басынан бері қалалық ономостика комиссиясының отырысы екі рет өткізілгенімен Заречный ауылдық округі мен Заречный ауылының атауын өзгерту, ондағы көше атауларын ретке келтіру жөніндегі мәселелер белгісіз себептермен қаралмаған. Қапшағай қаласындағы ешқандай мағына бермейтін Илийская, Колхозная, Набережная, Весенная, Садовая сияқты 23 көшенің атауларын өзгерту кейінге қалдырылып келеді. Мұнда көше атауларын көрсететін аншлагтардың көбісі ескірген, кейбірінде мүлдем жоқ. Аншлагтарды дайындау барысында қолданыстағы заң талаптары ескерілмеген.

Комиссия отырысында, сол сияқты Текелі қаласындағы жарнама және көрнекі ақпараттарды жазып, орналастыруда тілдік нормалардың сақталуы туралы мәселе қаралды. Қала әкімінің орынбасары Нұржан Құдайбергеновтің есебін тыңдай отырып, бұл жерде аталған бағытта көптеген жұмыстардың атқарылғанын аңғардық. Қаладағы 103 көшенің 82-сі заман талабына сай өзгертіліп, ұлтымызға тән жер аттары және ұлы тұлғалардың есімдері аталғаны осыған куә болады. Күні кешеге дейін халқының басым бөлігі өзге ұлттың өкілдері болып келген Текелі қаласында осындай оңды өзгерістер бірден көзге көрініп тұр.

Қол жеткен табыстарға оң бағасын берген Серік Мейірханұлы негізінен орын алып отырған кемшіліктерге тоқталды. Сонымен бірге комиссия төрағасы алдағы уақытта атқарар мендеттерді саралай келіп, қаралған мәселелер бойынша қабылданар қаулының мәтінмен таныстырды.

Қуат ӘБЛҰЛЫ.

ҚЫСҚА ӘЗІРЛІК

ӘЗІРГЕ ІРКІЛІС ЖОҚ

Елбасының Үкімет пен әкімдерге қысқа әзірлікті, оның ішінде жылыту маусымына дайындықты қатаң қадағалап, былтырғыдай тұтас қалалардың суықтан қатып қалмауын назарда ұстау туралы тапсырмасынан соң құрылған алдағы жылыту маусымына дайындықты бақылайтын республикалық комиссияның жұмысы тобы Алматы облысындағы облыстық бағыныстағы қалалардың жай-күйімен танысты. ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі және Құрылыс және коммуналдық шаруашылық істері жөніндегі агенттік өкілдерінен жасақталған комиссия бірінші кезекте облыс орталығындағы жылуды қамтамасыз ететін нысандарды аралап, әзірлік барысын өз көздерімен көріп, сол жерде туындаған сауалдарға жауаптар алды. Жұмысшы топты облыс әкімінің орынбасары Сәкен Жылқайдаров пен қала әкімі Махаббат Бигелдиев бастап жүрді.

Жетісу

Болат АБАҒАН

Қаланы аралау барысында облыс орталығын жылумен, сумен қамтамасыз ететін бірде-бір нысан назардан тысқары қалған жоқ. Қазандықтар мен сораптық стансыларының дайындығы пысықталды. Біраз жыл тұрып қалғандықтан қазіргі кезде қайта құрастырылып, қалпына келтіріліп жатқан № 3 қазандықтағы жұмыстарға нақты көңіл бөлінді. Аталған қазандықты жұмысқа қосуға дейінгі жұмыстарды атқаруға облыстық бюджеттен 650 млн. теңгеден артық қаржы бөлініпті. Осынау жылу өндіретін жүйені жөндеу жұмыстарының барысы туралы өңгімелеген облыс әкімінің орынбасары қысқа дайындықтың облыс басшылары назарында тұрғанын тілге тиек етті. Жыл аяғына дейін жұмысқа қосу жоспарланған қазандық қаланың орталық орамы мен «Жетісу» шағын ауданын жылумен қамтамасыз етеді.

Будан кейін республикалық комиссияның жұмысшы тобы мүшелері осыдан екі жыл бұрын «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында іске қосылған № 2 қазандықтың дайындығына да көз жүгіртті. «Талдықорғанжылусервис» ҚМКК басшысы Мақпархан Ақымбекова № 2 қазандықтың жұмысқа толық қуатымен қосылуы «Басқұат» орталық қазандығына түсетін жүктемені барынша азайтатынын айтты.

Талдықорған қаласындағы № 2 сораптық стансыға барған комиссия мүшелері негізгі агрегаттар мен сораптардың толық жөнделіп біткеніне куә болды. Облыс орталығы тұрғындарының тірлігін қамтамасыз етуге тікелей қызмет ететін сораптық стансыны түбегейлі жаңғырту үшін барлық технологиялық үдерістерді толық автоматтандыру қарастырылып жатқан көрінеді. Қазіргі кезде жобалық-сметалық құжаттама мен негіздеме дайын екен. Бақылаушылар қаржы бөлініп, қайта құрастыру жұмыстары қолға алынса, оның әсері көп өтпей-ақ байқалатындығына сендіріп бақты. Мұндай жаңалық осыдан бірді бұрын № 1 сораптық стансыда жүзеге асырылып, өз жемісін бере бастаған болатын.

«Жетісусуқұбыры» ҚМКК басшысының айтуына қарағанда, Талдықорған қаласындағы ауыз су республикадағы ең сапалы әрі таза сулардың көш басында тұрған көрінеді. Өйткені талдықорғандық сумен қамтамасыз етушілер тазалаудың және зарарсыздандырудың ең тиімді әрі пайдалы тәсілін қолданады.

Комиссия мүшелері арнайы тоқтаған соңғы нысан – «Басқұат» орталық қазандығы болды. Қазіргі кезде мұнда күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Күзге дейін барлығы аяқталуға тиісті. Осыған орай қала бойынша ыстық су беру уақытша тоқтатылған. Қалалықтардың жылу мен ыстық суға қарызы туралы сұрақ қойғандар соңғы жылдары жаппай енгізіле бастаған энергоүнемдеу технологиясы мен жөктеуші тарифтердің қолданылуы өзінің жағымды нәтижесін берген және соған сай коммуналдық қызметтерге қатысты қарыздардың барынша азаюына жөнінде жауап алды. Талдықорған қаласының жылумен және сумен қамтамасыз ету нысандарының жағдайымен танысқандар қаланың үстіміздегі жылғы жылыту маусымына 70 пайыз дайын екендігі жайында айтылған сөздің ақиқат екендігіне көз жеткізді.

Түстен кейін облыстық әкімдіктің мәжіліс залында облыстық деңгейдегі басқармалар мен департаменттер басшыларының, жылу мен суға жауапты салалар жетекшілерінің қатысуымен жиын өтті. Онда облыстық энергетика және коммуналдық шаруашылық, білім басқармаларының басшылары мен Талдықорған қаласы әкімінің осы салаға жауапты орынбасары тыңдалды. Олар дәл қазіргі кезде алдағы жылыту маусымына дайындық барысының белгіленген кестеге сай жүргізіліп отырғанын, отын мен су жеткізудің де ойдағыдай екенін мәлімдеді. Залдан қойылған сауалдарға тиянақты жауаптар қайтарды.

Республикалық комиссияның жұмысшы тобы Талдықорғандағы жұмыстарды саралап, тиянақталған соң Текелі, Қапшағай қалаларына да арнайы барып, олардағы нысандардың алдағы жылыту маусымына әзірлігімен танысты.

АПТА ТЫНЫСЫ

8 тамызда облыс әкімі Аңсар Мұсаханов Райымбек аудандық мәслихатының депутаттарымен және активімен кездесіп, аудан әкімі болып тағайындалған Қыдыркелді Медеуовті таныстырды.

10 тамызда облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқановтың төрағалығымен тіл туралы заңдардың сақталуын бақылау және ономастика комиссияларының отырыстары өтті.

10 тамыз күні облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқанов денсаулық сақтау мәселелері бойынша үйлестіру кеңесін өткізді.

12 тамызда облыс әкімі Аңсар Мұсаханов ҚР чемпионатының алғашқы кезеңінде бірінші орынды иеленген «Жетісу» футбол командасының футболистерімен кездесті.

Жұма күні облыс әкімінің орынбасары Болат Тәкенов Құрылысшылар күні кәсіби мерекесіне орай өткізілген салтанатты жиынға қатысты.

12 тамызда облыс орталығында Алакөл және Талғар аудандары мәдениет күндерін өткізді.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Сұрақыз, жауап береміз

ЕЛУ ҮШ ЖАСТА ЗЕЙНЕТКЕР БОЛА АЛАМ БА?

Мен биылғы қарашада 53 жасқа толамын. Бес бала тәрбиелеп өсірдім, кенжем 1990 жылғы, қазір әскери борышын Батыс Қазақстанда өтеп жүр. Мұғаліммін, ұстаздық еңбек өтілім 34 жыл.

Менің әлеуметтік сала мамандары тарапынан білгім келетіні (осы сұрақтар менен өзге тағы бірнеше әріптесімді де толғандырып жүр):

– 53 жасқа толуыма байланысты және 5 бала туып, тәрбиелеп өсіргенім үшін зейнетақы алуыма бола ма?

– зейнетақыны ала отырып, 58 жасқа толғанша, яғни 2016 жылға дейін ұстаздық жұмысымды жалғастыруыма және еңбек өтіліммен 58 жаста зейнетақы алуыма бола ма?

Осы сауалдарыммен жергілікті зейнетақы тағайындау орталығының қызметкеріне барғанымда, маған былайша түсіндірді: «Сіз 53-ке толып, бес бала тәрбиелегеніңіз үшін зейнетақы ала аласыз. Жұмысыңызды жалғастыру өз еркіңіз немесе басшыңызға байланысты. Зейнетақы тағайындалған соң сіз жинақталған зейнетақы қорынызды алсаңыз, онда 58-ге толғанда осы тағайындалған зейнетақымен қаласыз. Егер оны алмасаңыз, жұмысыңызды жалғастырып, ай сайын жалақыңыздан зейнетақы қорын ары қарай толықтырып отырсаңыз, онда 58-ге толғанда сізге қайта зейнетақы тағайындалуы мүмкін».

Бұл мәселе қаншалықты шындық және заңды?

Бөтима ЖҰМАҒҰЛ.

ТҮРПАН АУЫЛЫ, ПАНФИЛОВ АУДАНЫ.

Редакциямызға келіп түскен оқырман хатына ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Мемлекеттік зейнетақы төлеу жөніндегі орталығы Алматы облыстық филиалының директоры А. БЕРІКОВА жауап береді:

– ҚР-ның 20.06.1997 жылғы «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» №136-1 Заңының 9-бабына сәйкес, Орталықтан зейнетақы төлемі:

1. Ерлер 63 жасқа, әйелдер 58 жасқа толғанда;
2. Төтенше және барынша радиациялық қатерлі өңірлерде 1949 жылғы 29 тамыздан 1963 жылғы 5 шілдеге дейін кемінде 10 жыл тұрған азаматтар ҚР-ның «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңына сәйкес ерлер – жалпы жұмыс өтілі 25 жылдан кем емес болған жағдайда 50 жасқа толғанда; әйелдер – жалпы еңбек өтілі 20 жылдан кем емес болған жағдайда 45 жасқа толғанда;
3. Бес және одан да көп бала туып, оларды сегіз жасқа дейін тәрбиелеген әйелдер 53 жасқа толып және 01.01.1998 жылға дейін 20 жылдан кем емес еңбек өтілі болған жағдайда тағайындалады.

Б. ЖҰМАҒҰЛ жоғарыдағы баптың 3 тармағында көрсетілгендей, бес бала тәрбиелеп өсірген және 20 жыл (еңбек өтілі 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін ғана есептеледі) еңбек өтілі бар тұлға ретінде 53 жасқа толғанда зейнетақы төлемін алуға толық құқылы, бірақ осы шартпен зейнетақы тағайындалғандар үшін – қолданыстағы Заңда 58 жасқа толғанда зейнетақыны қайта тағайындау қарастырылмаған.

ҰАҚЫП және ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР бөлімі.

Жастар саясаты

ЕЛІН СҮЙГЕН ЖАС ҰЛАН

Қалалық әкімзіктe Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен облыстық «Жастар саясаты» қоғамдық қоры, облыстық білім басқармасы мен «Жас дарын» әскери-патриоттық ұйымдарды дамыту орталығы және «Жас Отан» жастар қанатының ұйымдастырушылығымен «Ел болашағы жалынды, әйбатты жастардың қолында» атты кездесу өтті.

Жетісу
Қазбет АНДАС

Онда әскери-патриоттық ұйымдар мен спорттық ойындарды орта білім ошақтарында жандандыру мәселесі сөз болды. Бәрімізге мәлім, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Нұр Отан» ХДП-ның XIII съезінде жасөспірімдерді біріктіруші ұйымдар құру қажеттігі жөнінде тапсырма берген болатын. Осыған орай, өңірімізде бірқатар игілікті жұмыс атқарылуда. Алдағы міндет те ауқымды. Осындай мақсатты өзек еткен кездесуде облыстық «Жастар саясаты» қоғамдық қорының төрағасы Дамир Боранбаев әскери-патриоттық клубтарды жандандыру мен «Жас ұлан» және «Жас қыран» ұйымдарының орта білім беру жүйесіне бере пайдасын анықтап түсіндірді. Ал орта білім беру мекемелері директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары аталған бастаманың білім шаңырақтарындағы ұйымдастырылу барысын тілге тиек етіп, оны ары қарай дамытудың жолдарын көрсетті. Үкіметтік емес ұйым өкілдері әскери-патриоттық клубтар мен ойындардың жастардың еліне, жеріне деген патриоттық сезімін оятуда белсенді рөл атқаратынын білдірді. Нәтижесінде әр сала бірлесіп жұмыс атқаруға уағдаласты.

Шараның соңында тамыз айының 19-29 аралығында Ақмола облысы Бурабай кентінде тәуелсіздіктің 20 жылдығына орай өткізілген «Жас ұлан» әскери-патриоттық лагерьлерінің байқауында III орынды жеңіп алған қараталдық оқушылар марапатталды.

Гибратты ғұмыр

Күйреті күшті құдайым-ау, күні кеше ғана Қазақ радиосы, аудандық үш бірдей басылым және облыстық «Жетісу» мен «Огни Алатау» газеттері Мақсат ініміді «Алматы облысының Құрметті азаматы» атағына ие болуы қашпыммен жанатармаған құттықтап еді-ау. Ал енді арада бір апта өтер-өтпестен аталған басылымдар өнің мына жарық дүниеден мезгілсіз өткеніңіз қалың жұртқа хабарлап, қайғылы қазанама жариялағанын қайтерсің?! Сапаң сап-сапқа жүгіріп, сенеріңді де, сенбесіңді де білмей, сергек күй кешетінің тағы бар. Ия, солымен не керек, үш жылдан бері торығудан, көп ретте төсекке алып ұрып, діңкелетіп, бордай кеміріп, желідей жеп жүрген, қашанда қомағай, ашкөз ажалы құрғыр бұл жолы да өз дегенін жасап тынды. Осылайша елу төрт жыл байы дегенге қопақ болған адам жаны мәңгілік қозғалыстан тұратын ғарышқа ұмырай ұшып кете барды. Ду дастан-ақ ізгілікке құмар, өмірге құштар жанның тынымсыз ерекшеу өрнегі жүрегі бақұлап барып соғуын тоқтатты. Осындайда ырыңды Әсет ақынның: «Болжаусыз осы екен ғой өлім деген», – дапалық сөзі еріксіз ойға оралады.

Ақынжанды азамат еді

Мағыналы ғұмырын қасиетті Қаратал ауданының экономикасы мен әлеуметтік саласын, мәдениетін өркендетуге арнаған ақиық азаматтың тындырғанісі, өнегелі өмір жолы жайлы қазалы шақта, қапалы сәтте азды-көпті сыр бөліскенді күп көресің.

Қабырғалы Қаратал өңірінің жері нұлы, суы бал Тастөбе төңірегінде, Нұрғалық, Нұрғабыл, Нұрқасым сынды текті әулеттің ортасында дүниеге келіп, солардың тәлім-тәрбиесін алған Мақсат ініміз де алдағы ағa буынның салып кеткен сара жолынан бір елі ауытқымай өседі. Өз қатарластары сияқты Жамбыл орта мектебін, Жамбыл қаласында гидромелиоративтік институтын үздік бітіреді. Еңбек жолын қатардағы жұмысшыдан бастап, білімі мен іскерлігінің арқасында қызмет бабында біртіндеп өседі. Болашағынан мол үміт күттірген жас маманға басшылық таланның үлкен сенім көрсетіледі. Сол тұстағы ауданның қарашаңырағы әрі үздігі саналатын «Қаратал» қой совхозы кәсіподақ комитетінің төрағалығына сайланады. Ұйымдастырушылық және қалың жұртпен тіл табыса білетін қабілетімен ерекшеленe білгендіктен совхоз коммунистері көпұзамай оны бірауыздан іргелі партия ұйымының хатшысы етіп сайлайды. Совхоз директоры, білікті басшы Р. Мұраділов, бас мамандар С. Төлеуов, М. Тілеубаев, Р. Фазылбаев, Т. Омарғалиев, Ж. Қылышбаев, Б. Бестереков, Н. Бекбосыновтардың қажырлы әрі жұмылдырушылық іскқызметінің арқасында шаруашылықтың тасы өрге домалайды. Терт түлік малдың басы көбейіп, малмен егіншаруашылығынанағаттанғанөнім молаяды. Ынтымақшыл ұжым республикалық жарыстарда жүлдегер атанады. Механизатор мен қызылша өсірушілердің де мерейі үстем түседі. Шаруашылықтың орталық қонысы көркейеді. Міне, осы бір қыруар игі істің баршасына дерлік Мақсаттай партия жетекшісінің қосқан үлесі зор болатын.

«Үша білген қанатқа дүние кең» дегендей, 1989 жылы аудан басшылығы көргені жақсы, түйгені мол, өндірісте шыңдалған, саяси сауаты жетілген Мақсат Нұрқасымұлына үлкен сенім көрсетеді. Оған аудандағы стратегиялық және халық шаруашылығында маңызы зор мекеме – Қаратал суландыру жүйесі басқармасының басшылық тізгінін сеніп тапсырады. Бүгінгі таңда шаңырақ көтергеніне сексен үш жыл толып отырған ауданның тарихымен қамшының қос өріміндей бірге өріліп, бірге тыныстап келе жатқан мекеменің аудан экономикасындағы алар орны ерекше болатын, қазір де солай.

Жас, іскер басшыға мемлекеттік маңызы зор осы қыруар байлықты ұқсату, инженерлік-техникалық құрылымын заман талабына сай қайта жарақтандыру, ұжым мүшелерінің ынтымақ-бірлігін арттыру арқылы ерелі істерге жұмылдыру міндеті қойылды. Басты байлық – суды ұқыпты пайдалану, көктем, жаз, күз айларында шаруашылықты ағынды сумен кідіріссіз қамтамасыз ету мәселесі оң шешілді. Ізденіп, ілгерілеуді жаны сүйетін Мақсат ініміз сушы-гидротехниктердің өтінішін сушы-гидротехниктердің өтінішін ескере отырып, 1990 жылдың күзінде бас бөгеттің пайдалануға берілуінің 60 жылдығын облыстық деңгейде атап өтуге ұйытқы болды.

Дәнекті бабаларымыз ғасырлар бойы арманданған тәуелсіздікке қол жетіп, жас мемлекетіміздің ірге тасы қалана бастаған шақ. Өтпелі кезеңнің ауыртпалығы батпандап кірген тұс. Тоқтаған кәсіпорын, абдырaған жұрт. Аяқ бассаң аңдыздап шыға келетін қиындық шаш-етектен. Мемлекеттік мекемелер жылусыз, қала мен ауыл жарықсыз, зейнеткерлер зейнетақысыз қалған. Тіпті оны айтасың, айлап зейнетақы алмаған бір топ зейнеткер ашудың жетегіне еріп, шойын жолға кесе-көлденең жатып алып, жолаушылар пойызын тоқтатуға дейін барған болатын. Өйтеуір, ақыры қайыр болып түйткілді мәселе оң шешілді. Осындай тығырықтан өгізді өлтірмей, арбаны сындырмай алып шығуда аудан әкімінің бірінші орынбасары Мақсат Рақымбаев (1995-1998 жылдар) өзгелерден іскерлік қырларымен ерекшеленді.

Жетісу жұртшылығының есінде болар, қасиет қонған Қаратал ауданының халқы дана бабалар Ескелді, Балпық, Жолбарыс, Қарымбай әулие мен Айту, Жалменде биге, Мықтыбек, Тілеуғұл, Бақай батыр, Пышан сазгерге халықтық құрмет көрсетудің жаршысы болып еді. Осы бір игілікті істің басы-қасынан көрінген, ысылып тәжірибе жинаған Мақсат ініме 2001 жылы ел ардақтысы Қарымбай әулиенің кесенесін түрғызып, есімін есте қалдыру ісінің тікелей басшысы болу міндеті жүктелді. Құрамына Қаратал, Көксу, Ескелді ауданы, Талдықорған қаласы өкілдері енген ауданаралық ұйымдастыру комитеті құрылып, соған төрағалық етті. Өмірдегі ұстазы, ақылгөй ағасы Науруз Қылышбайұлының қолдап, қанаттандыруының арқасында көптеген мәселенің қисынды шешілуіне қол жетті. Танымал кәсіпкер, «Ақиқат» ЖШС төрағасы Амангелді Хабаров бастаған үлгіліді жігіттерді кептеп тарту арқылы халық қаражатына асар жолымен Қарымбай әулиенің шағыс сәулет өнері үлгісіндегі кесенесі салынды, оған баратын екі жарым шақырымдық жол қатқыл табанданды. «Ақылмен ханның төрені бағынғызғаны» атты тарихи-танымдық кітабы, плакаты шығарылды, ғылыми-теориялық конференциясы өткізілді. Сол жолы бабалар алдындағы перзенттік борышын барынша адал атқарып, беделді азаматтардың ризашылығын, ел ақсақалдарының алғысын алып еді.

Мақсат Нұрқасымұлы аға буын мен кейінгі буынның арасындағы тарихи сабақтастықты жалғастыратын алтын көпір бола білді. Өз қатарының алды, кейінгі жастың ақылшысы, ұстазы саналды. Үлкенге ізетті, кішіге құрметті болу қалпынан танбағандықтан сайлаушылар оны аудандық мәслихатқа депутат етіп сайлады. Ал мәслихат депутаттары халықпен шебер тіл табысатын, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары басшы азаматқа зор сенім білдіріп, мәслихат хатшысы етіп сайлап еді. Арада төрт жыл өткен соң 2007 жылдың қыркүйегінде оны екінші рет бірауыздан мәслихат хатшылығына қайта сайлады. Жеке бас өнегесімен де ерекшеленді. Өмірлік жары Шәрбану екеуі тәрбиелі үлмен қыз өсірді, немере сүйді.

Елімен бірге еміренген, жұртымен бірге тебіренген Қаратал ауданының Құрметті азаматы Мақсат Нұрқасымұлының жас мемлекеттің ірге тасын бекітіп, қабырғасын қатайту жолындағы еселі еңбегі Үкіметіміз тарапынан әркез жоғары бағаланды. Ол «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» және «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» медальдарының иегері.

Облыс басшылығы таралынан мемлекеттік атқарушы ұзақ жылғы атқарған жемісті іс-қызметі, азаматтық белсенділігі ескеріліп, оған Алматы облыстық мәслихатының 2011 жылғы 5 шілдедегі №48-273 шешімі бойынша «Алматы облысының Құрметті азаматы» атағы берілді. Осындайда дала данышпаны Жүсіп Баласағұнидің: «Тірі өледі, жер қойнауы жатағы, із қалады, болса жақсы атағы», деген даналық сөзі еріксіз ойға оралады.

Тастөбе топырағынан шыққан халық ақыны Артық атасының есімет-жырларын құлағына құйып өскен Мақсат кезі тірісінде шайырдың «Адалдық ардың алдында, адамдық парыз өтелу» деген өсиетіне барынша адалдық таныпты. Ақынжанды болатын. Мұқағали ағасының сырлы да мұңды жырларын жақсы көретін. Көңілне жаққан түстарын жатқа айтып, кейбір шумағын көк дәптеріне жазып отыратын. Қаламгерлерге, жалпы өнер адамына жақын жүретін.

Тәубе дейтінміз, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Тән көмілер, көмілмес өткен ісім» дегені Қараталдың жайсаңы Мақсат Рақымбаевтың табиғатына, болмыс-бітіміне айна-қатесіз деп келіп тұрғаны, шындыққа айналғаны.

Қараша ҚАРАМАН.

ҚАРАТАЛ АУДАНЫ.

Ер есімі – ел есінде



Иә, жиырма миллион адамның тағдырын жалмап кеткен сұрапыл соғыс ешқашан ұмытылмақ емес. Отан үшін, ел үшін деп өткен түскен жандардың бәрін бір-бір батыр десем артық айтпағаным. Ұлы Отан соғысы жылдарында қайталанбас ерен ерлік көрсетіп, "Совет Одағының Батыры" атағына ұсынылған және сол ағынан, алдынан берілген шынайы атақ пен құрмет алдебір себептермен иесін таппаған өкінгалар да ұшырасады.

ЕРЕН ЕРЛІК КӨРСЕТКЕН

батыр жауынгерге ескерткіш орнады

Жетісу
Қанат БІРЖАНСАЛ

Райымбек ауданынан майданға аттанған Нұркайымбай Дәркенбаев, міне, сондай батырдың бірі. Райымбек ауданынан осындай атаққа ұсынылған бірден-бір ерен ерлік иесі. Соғыс жылдары қоршауда қалып, қасындағы 5 жауынгермен түнделетіп жау тылына өтіп, қаружарақ тиеген көліктерін отқа орап, неміс генералын қолға түсіріп, өз құрамасына аман-есен жеткен Нұркайымбай Дәркенбаев келесі күні «Совет Одағының Батырына» ұсынылған. Оған Райымбек ауданынан соғысқа аттанып, Нұркайымбаймен бірге болған қызылшекаралық Бейсен Сәркеев куә болып, мұндағы дейін көзкөрген әңгімесін айтып келді. "Совет Одағының Батыры" атағына ұсынылғаны туралы аудандық партия комитетінің бірінші хатшысына әскери белім командирі В. Крупенковтан хат келген. Хат сақталған.

Нұркайымбайдай батырдың інісі Ілияс Қындыбай көп ілдеңіп ағасы жерленген Украинаның Харьков облысы, Изюм ауданы, Сухая Каменка селосындағы бауырластар зиратына барып, рухына тағзым етіп, басына белгі койды. Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігінің Орталық мұрағайының қызметкерлері майданнан келген хат пен карт жауынгердің айтқандарын көріп Нұркайымбай Дәркенбаевтың "Совет Одағының Батыры" атағына ұсынылғаның мойындаған. Бірақ оны анықтаудың мүмкін еместігін алға тартқан.

Иә, Нұркайымбайдың батыр атағына ұсынылғаны шындық. Оған дәлел хат пен карт жауынгер. Арада алпыс жыл өткен соң Райымбек ауданындағы Қайнар ауылына батырға ескерткіш тұрғызылды. Бұл үшін Нұркайымбайдың інісі, ішкі істер органының ардагері, полиция полковнигі Ілияс Қындыбай Қазақстан Республикасы Ақпарат және мәдениет министрлігінен арнайы рұқсат алды. Батыр жауынгердің тұлғасы орнатылған тастұғырға «Ұлы Отан соғысының Батыры Дәркенбаев Нұркайымбай 1922 – 1943» деп жазылған.

Ауылдағы Мәдениет үйінің алдына орнатылған ескерткіштің салтанатты ашылуында Қайнар ауылының әкімі Оспан Иманбеков, Ілияс Қындыбай, Райымбек ауданы әкімінің орынбасары Мәдени Нұрдәулетов, Талғар ауданының Құрметті азаматы, карт ұстаз Сапаргазы Сұлтангазин, аудандық «Хантәңірі» газетінің бас редакторы Шыңғыс Тұрсынов ішкі істер органының ардагері Сатыбай Құнпияев, еңбек ардагері Нұрмұхан Диқанбаев сөз сөйледі. Ауыл имамы Әкімхан Әбілбеков батыр жауынгерге Құран бағыштады. Осы күні Қындыбаевтар әулеті батырға арнап үлкен ас берді. Сөйтіп, Ұлы Отан соғысында ерен ерлік көрсеткен жерлес батыр жауынгер тастұғыр болып туған жеріне оралды. Есімі жаңғырды. Бұл ұрпаққа өнеге.

РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.

Суретті түсірген Еркін МҰҚАНОВ.

Оқиға

Қылмыстың да неше түрі болады емес пе? Соның ішінде естіген адамның төбе шашын тік тұргызып, тұла бойын түршіктіретіндері жайын да естіп қаламыз. Соның бірі – қорымды қорлап, зират басындағы бейіт шарбақтарын бұлдіру, бұлдіріп қана қоймай түсті металдан тұратын бейіт қоршауларын сатып, пайда табу десек ешбір асырып айтқандық бола қоймайды.

ҚАБІР ҚОРШАУЫН ҰРЛАҒАНДАР ҚҰРЫҚТАЛДЫ

бұл ауыл әкімі мен оқушы баланың ерлікке парапар әрекетінің арқасында мүмкін болды

Жетісу
Нүсіпбай ӘБДІРАХЫМ

Белгісіз біреулердің зират басындағы ескерткіштерді сындырып, тастарын қопарып кеткені жайында алғаш естігенімізде «апырмай, мұндай қылмысқа бару үшін қандай имансыз болу керек, мынау екі дүниеден де үмітсіз адамның іші ғой» деп жағамызды ұстағанымыз бар. Шындығында адам зираттың жанынан жай жүріп өткенінің өзінде мына дүниенің өткінші екендігін түйсініп, қазақша айтқанда тәубесіне келеді емес пе? Ал қалың зираттың ішіне кіргенде денең өз-өзінен тоңазып, жан дүниеңде аруақтар әлеміне деген тіпті қорқыныш аралас дейтіндей кастерлі бір сезім пайда болады. Қорым арасындағы елеусіз бір төмпешіктің өзін басып кетпеуге тырысып, аландаулы күй кешесің. Ал енді осындай кастерлі тыныштық тұнған қорымды құлақ тұндырар дан-дұңға болып, ескерткіштерді түбірімен қопару, ол аз болғандай қоршау сынықтарын үйіне апарып ақшаға сатудалау ешқандай кисынға сыймайды.

Бір байқағанымыз, зират ескерткіштерін бұлдіру қылмысын жасайтындар әр ұлт өкілдерінің арасынан-ақ кездесіп жатады. Біреулері басқа дінді ұстанатындардың сенімін қорлау үшін әдейі бұлдіретін болса, екінші біреулері, жоғарыда айтып өткеніміздей, оны дүние табудың жолына айналдырады. Мұның қайсысын да ақтау мүмкін емес...

Біраз уақыт бұрын Алматы облысының Қарасай, Талғар және Жамбыл аудандарында да осындай жантүршігерлік қылмыстар тіркелді. Белгісіз біреулер зират қоршауларын сындырып, құлпытастарын қиратып, жүртшылықтың арасында үлкен әбігер тудырды. Әсіресе, туған-туыстарының кабірлері қорланған адамдардың жағдайын көзге елестетуге болады.

Бір өкініштісі, қылмыс жасаған безбүйректер жуық арада қолға түсе қоймады. Біресе ана қорымды, біресе мына қорымды бұлдіріп, екі-үш ауданның арасын шулатып, біраз уақыт бостандықта жүріп қалды. Алайда, не нәрсенің де бір түйіні болатындығы сияқты, бұл жағдайдың да шешуі созыла беруі мүмкін емес еді. Сол айтқандай, бұл мәселеге түйін қою жайы Жамбыл ауданындағы Ақсеңгір селолық округінің әкімі Әлімхан Қосбасаров пен оқушы бала Аяз Нұрғожаевқа тіреліп тұрған болып шықты. Өйткені безбүйректер Ақсеңгір мен Жайсаң ауылдарының зираттарына да сұық колдарын сұға бастаған болатын.

«Дәнекке қарсақ құлағымен ін қазады» дегендей, құныққандардың ауыл зиратына қайтып оралуы мүмкіндігін ескерген Әлімхан ауыл тұрғындарын жұмылдырып, сақтық жұмыстарын жүргізді. Әсіресе, бейіт маңында мал жайып, шөп шауып жүрген тұрғындарды қырағылыққа шақырып, күдікті адамдарды байқап қалғандай болса, бірден өзіне хабарлауды міндеттеді. Бұл әрекет нәтижесіз де болған жоқ. Бір күні кешкісін бейіт тонап жатқандарды байқап қалған Жайсаң орта мектебінің оныншы сынып оқушысы Аяз Нұрғожаев ұялы телефонымен бірден ауыл әкіміне хабарласты. Қаникул кезінде әкесіне жылқы бағысып, шөп дайындауға көмектесіп жүрген Аяздың бұл қырағылығы құдайсыздардың құрықталуына себеп болды.

Суық хабарды алысымен бірден үйге түскен Әлімхан Қосбасаров бейіт шарбақтарын тиеп бара жатқан автокөлікті МАИ бекетінде тоқтатады. Көп ойланып тұрмастан қолына ілікken алғашқысының қолын қайырып байлап, полиция қызметкерине табыс етеді. Іле-шала жеткен Аяз да қарап тұрмайды. Бірақ бұл кезде кабинада отырған екі қарақшы қашып, қамысқа тығылып үлгерген болатын. Олардың біреуін осы маңға жедел жеткен Бейбіт Келгенбаев бастаған ауылдық ішкі істер бөлімшін қызметкерлері қолға түсірді. Тағы бірі қоюлана бастаған қараңғылықты пайдаланып құтылып кетеді.

Ауыл әкімі мен оқушы бала қылмыскерді құрықтаған күні «Рейдер» бағдарламасы бұл оқиғаға мүлдем қатысы жоқ адамдардан сұхбат алып жатты. Өмірде ара-тұра ондай жансақтықтардың да орын алып қалатындығы жасырын емес...

Әлімхан белгілі Халық ақыны, майдангер Әсімхан Қосбасаровтың баласы. Асылдың сынығы, жақсының тұяғы экесінің азаматтық белсенділігін, адамгершілік асыл қасиеттерін бойына сіңіріп өскен. Оның ерлікке парапар бұл әрекеті де осы сөзімізге жарқын дәлел бола алады. Ал оқушы бала Аяздың қырағылығы мен батыл іс-қимылы да қандай мақтауға болсын лайық. Жасөспірімнің қарақшыларды құрықтаудағы еңбегін тиісті орындар да, мектеп басшылығы да ескерер деген ойдамыз.

Осы жерде зират тонап, тиын-тебен тауып жүргендер жайында да дерек бере кетейік. Қорымды қиратып жүргендер А. Ержанов пен Р. Әбдіқәрімов және тергеуде анықталмаған «Азамат» болып шықты. Олар Абай саяжайында түрлі-түсті металл қабылдайтын орны бар Алматы қаласының тұрғыны, 1980 жылы туған Дәулет Арғымбаевпен алдын ала қылмыстық келісім жасап, тонаған заттарын соған өткізіп жүрген екен. Тергеу барысында аталғандардың Қарасай мен Еңбекшіқазақ аудандарында да осындай алдеқашан қылмыс істегендіктері, яғни қабірлердің қоршауларын сындырып, ақшаға өткізіп жібергендіктері анықталды. Қазіргі кезде тергеу амалдары жүргізілуде. Қабір тонаған қарақшылар кемінде 7 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін көрінеді.

Жарайды, бұл істеген қылмыстары үшін берілетін нақты жазаның түрі. Ал енді бұған дін өкілдері не дейді екен, соған құлақ түріп көрелікші:

– Мұндай жантүршігерлік қылмыстың орын алуының себебі жалпы тәрбиенің әлсіреп кеткенінен деуге болмайды. Бұлдіру жағын былай қойғанда «зират жақты қолымен нұсқап та көрсетуге болмайды» дегенге келіп сәлтын халықтық тәрбие қазіргі кезде де өз жүйесімен жалғасып келе жатыр. Бұл көргенсіздік тәрбиеден болған нәрсе емес, имансыздықтан болған нәрсе, – дейді Талдықорған қаласындағы Еркін мешітінің имамы Қанат Маратұлы. – «Құдайдан қорыққанның қорық» дейді ғой. Нағыз имансыз адам – құдайдан қорықпаған адам. Ондай адам қандай қылмысқа болсын бара алады. Пайғамбарымыз Мұхаммед с.ғ.с. моланы тонау, топырағын қопаруды былай қойғанда, оған отырудың өзін де тыяды. Молаға отырғанның да мастығы ми қайнататын отқа отырған әлдекайда жақсы деп түйіндейді.

Осы жерде имам газет оқырмандарының есіне тағы бір жайтты сала кеткенді жөн көріп отырғандығын айтып өтті. Нақты айтқанда, ол зират қоршаулары мен мазарларды қымбат металдармен айшықтап, сәндеуге болмайтындығына айрықша тоқталды.

– Мола деген соңдің өзі адамның бойына бейімділік бір қорқыныш ұялатады емес пе? Соған орай зират басы адамның көңіліне «бір күні мен де осы жаққа барамын-ау...» дегендей ой салатын мекен болуы керек. Ал қазір сондай бір әдемі салынған, тіпті кейбір тірі адамдардың үйлерінен де артық жасалынған мазарлар бар... Соларға қарап жаңағыдай қорқыныш, үрей сезімнің өзі жойылып бара жатқан сияқты. Бұдан шығатын қорытынды – екі жақты бірдей күнәға батырмас үшін мазарды айрықша әдемілеп салмаған абзал болады, – дейді Қанат Маратұлы. – Бұл сөзді мен жаңағыдай имансыздарды ақтап алу үшін айтып отырған жоқпын. Мүмкін ол сол қоршау сынығын өткізіп алдаған тиын-тебен табар, бірақ оның арты сол адамға үлкен қайғы-кәсірет әкелін жатады. Оның сұмдық күйзелісі мына тірлікте өзінде алдынан шығады. Шыққай қалуы мүмкін емес...

Түсіне білген адамға имамның мына сөзі үлкен ой салуы тиіс деп ойлаймыз. Бұл тұжырым, әсіресе, ондай олжаға қызыққанымен мұндай жаңсақ қадамға бара қоймағандарға тоқтам болса игі.

Әлімхан Қосбасаровтың бұл әрекеті барлық ауыл әкіміне үлгі болардықтай іс десек жаңылыспайтын шығармыз. Қылмыскерлерді құрықтау полицияның жұмысы деп қарап отыра бермей оларды қолға түсіруге бағытталған жұмыстарды ұйымдастырып, жаңағыдай жанқиярлыққа баруы нағыз азаматқа лайық қылық. Осындай белсенді азаматтар арамызда көп болғай!

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

●Газет 1918 жылдың маусымынан шығады ● №117 (17530) Сейсенбі, 18 қазан, 2011 жыл. ● e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді

Ресми хабарлар



Парламентаралық Одақ Ассамблеясының жұмысына қатысуда

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Орал Мұхамеджанов бастаған парламенттік делегация Парламентаралық Одақ Ассамблеясының 125-ші отырысының жұмысына кірісті.

Бұл парламенттік форум Берн қаласында қазанның 16-сы мен 19-ы аралығында өтуде.

16 қазан, жексенбі күні, Қазақстан депутаттары Парламентаралық Одақ Ассамблеясының 125-ші отырысының ашылу салтанатына қатысты.

Басқосудың бағдарламасында басқа да парламенттік шараларымен қатар Ассамблея шеңберінде «Ядролық қару – апатқа әкелетін жол» тақырыбында пікірталас өтетіні көзделген.

Бағдарламада Орал Мұхамеджанов Парламентаралық Одақ Ассамблеясының форумына келген шет елдік делегация басшыларымен, оның ішінде Германия Бундестагының төрағасы Норберт Ламмерт мырза, Жапония Парламентінің Өкілдер Палатасының спикері Такахиро Йокомичи мырза және Швейцария Конфедерациясы Парламенті Ұлттық Кеңесінің Президенті Жан-Рене Жерманье мырзалармен екіжақты кездесулер өткізілетіні де қарастырылған.

Айта кету керек, Парламентаралық одақ – әлем парламенттілерінің іс-әрекетін үйлестіру қызметіне арналған халықаралық ұйым. Оның негізін 1889 жылы Уильям Рандал Кример мен Фредерик Пасси саяси талқылауларға арналған алғашқы халықаралық ұйым ретінде қалаған.

2011 жылы ұйым мүшелігіне 157 елдің Парламенті мен құрамына кіретін тағы 9 мүшесі бар.

Парламентаралық одақ алғашында бейбітшіл шығармашылық жүйеде айырықша орын алып, оның біркатар қайраткерлері әлемдік Нобель сыйлығымен марапатталған.

1909 жылы Парламентаралық одақ төрағасы қызметі бекітіліп, ол үш жылға сайланатын болған. 2008 жылы бұл орынға Намибия Халық Ассамблеясының төрағасы Тео-Бен Гурираб сайланды.

●*Облыстық мәслихат сессиясы*

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

жедел шешімін табады

Өткен айтының жұмасында ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС СЕССИЯСЫ болып өтті. Онда халық қалаулыларының назарына бірнеше мәселе ұсынылды. Атап айтсақ, Алматы облысының 2011-2013 жылдарға арналған облыстық бюджетіне енгізілер өзгерістер мен толықтырулар туралы және облысымыздағы құқық бұзушылыққа қатысты 2011-2013 жылдарға арналған өңірлік бағдарламаның қалай жүзеге асырылып жатқандығы жөнінде сөз болды. Бұдан өзге тағы бірнеше өзекті мәселе қаралып, бекітілді. Сессияға облыс басшысы А. МҰСАХАНОВ қатысып отырды.

Жетісу
Нұржамал ӘЛІШЕВА



БЮДЖЕТ НАҚТЫЛАНДЫ

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша **облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының бастығы Н. Сатыбалдина баяндама жасады.**

– Ағымдағы жылдың 1 қазанына дейінгі жағдай бойынша жергілікті бюджеттің кірістер болжамы 115,2 пайызға артық орындалған (пәтер сатуды есепке алмағанда). Шұғыл мәселелерді шешу мақсатында, бюджеттік комиссияның қарауына ұсынылған бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің өтініштері бойынша облыстың бекітілген кірістер көлемін **3,2 млрд. теңгеге арттыру** және **үнемделген қаржыны қолдану** арқылы бюджет шығыстарын біраз өзгерту ұсыныстары енгізілді, – деді баяндамашы.

Атап айтсақ, әкімшілік ғимараттардың күрделі жөндеу жұмыстарына, жобалау-сметалық құжаттарын дайындауға және материалдық-техникалық базасын нығайтуға 192 млн. теңге қарастырылмақ. Ал төтенше жағдайлардың алдын алу және жою бойынша іс-шараларды жүзеге асыруға 419 млн. теңге бағыттау жоспарланып отыр (Маловодное ауылындағы жер сілкінісі мен жер асты суларының көтерілуі салдарынан қираған тұрғын үйлерді қалпына келтіруге – 97 млн. теңге, Талдықорғандағы апатты жағдайдағы үйлерді қалпына келтіруге – 43 млн. теңге, тағы басқалар).

БІЛІМ саласының айы оңынан туатын сыңайлы. Себебі, 17 білім беру мекемесінің күрделі жөндеу жұмыстарын толығымен аяқтауға барлығы 363 млн. теңге бөлінуде (оның ішінде Алакөл, Балқаш, Іле, Кербұлақ, Панфилов аудандары мен Текелі қаласының мектеп-балабақшалары бар). Сонымен қатар, білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға, ағымдағы жөндеу жұмыстарына 62 млн. теңге бөлу жоспарлануда.

Білім беру мекемелеріндегі автономды пештер, оларға керекті кейбір бөлшектерін сатып алуға және айырбастауға 31 млн. теңге (Панфилов ауданындағы Ш. Уәлиханов атындағы орта мектепке –3,7 млн. теңге, Қапшағай қаласындағы № 7 орта мектепке – 5 млн. теңге, бөлшектерге – 22,6 млн. теңге) қарастырылып отырған көрінеді.

ДЕНСАУЛЫҚ сақтау мекемелерінің жабдықтарын ауыстыруға, дәрі-дәрмектер алуға –136 млн. теңге; қан орталықтарына ИФА и ПЦР әдісімен тестілеу өткізуге – 49 млн. теңге (Талдықорған – 43,8 млн. теңге және Қаскелең – 5,5 млн. теңге); ересектер мен балалар үшін гепатит «А»-ға қарсы және тұмаудың алдын алуға, олардың жұмыр түрін емдеу үшін вакциналар алуға 63 млн. теңге бөлінбекші.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК аясында облыс әкімінің гранты бойынша жетім және тұрмысы төмен отбасыларының шамасы 270 студент бюджеттің есебінен тегін білім алуда. Осы мақсатқа оқу орындарында бағалардың өсуіне байланысты және қосымша 133 студенттің өткізген отшішіне сәйкес 27 млн. теңге қарастырылып отыр.

ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ саласы бойынша: Жамбыл ауданында мектептер мен тұрғын үйлерді көгілдір отынға қосуға – 53 млн. теңге, Үштөбе қаласындағы жылыту қазандығына мазут алуға – 64 млн. теңге, Талдықорған көшелерін пилоттық режимде жарықтандыру үшін қаржы үнемдегіш диодтық шамдар орнатуға 24 млн. теңге бөлінеді. Ал **БЮДЖЕТТІ ДАМЫТУ** бойынша бұл салаға 1 млрд. 190 млн. теңге бағытталу жоспарлануда.

9 елді мекенді сумен қамтамасыз етуге және құрылысын бастауға, олардың жобалау-сметалық құжаттарын әзірлеуге – 408 млн. теңге; коммуналдық шаруашылық нысандарының дамуына және жобалау-сметалық құжаттарын әзірлеуге 448 млн. теңге (оның ішінде Талғар ауданына қарасты Көктал, Жаңалық, Жалғамыс және Дәулет ауылдарындағы жаңа электр желілерінің құрылысына – 234 млн. теңге; Талғар және Қарасай аудандарындағы жаңа құрылыстарға, электр желілері құрылысының жобалау-сметалық құжаттарын әзірлеуге – 41 млн. теңге; Талдықорған қаласындағы ардагерлер үйінің құрылысына – 69 млн. теңге) қарастырылып отыр.

МӘДЕНИЕТ те қосымша қаржыдан құрлықсыз емес. Мәселен, Д. Конаевтың келер жылы болатын мерейтойына орай, Бақанастағы мұражайын көрмелік әзірлеу жұмыстарына, қосымша экспонаттар алуға және спорт ардагерлері арасында спорттық шаралар өткізу үшін – 11 млн. теңге; ауылдық Мәдениет үйлері мен кітапханаларына автономды пештер орнатуға және олардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға 57 млн. теңге бағытталып отыр.

СПОРТ тағы жетістіктері үшін облыс спортшылары мен клубтарын марапаттауға – 63 млн. теңге; спорт мектептерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға, олардың коммуналдық шығындарын төлеуге, спорттық шараларға қатысуға – 31 млн. теңге; Талдықорған қаласындағы спортта дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернатта велоспорт бөлімшесін және қазақ тілінідегі бір сынып ашуға (оқушылар санының көбеюіне байланысты) – 9 млн. теңге; Үшарал қаласындағы (Алакөл ауданы) спорт мектебіне қарасты стадион құрылысын аяқтауға – 48 млн. теңге; Киев қаласындағы Ж. Жабаев ескерткішінің құрылысына 30 млн. теңге бөлінбек.

(Жалғасы 2-бетте).

●*Бәрекелді!*

ЕСКЕРТКІШ АЛМАТЫДА АСҚАҚТАДЫ

Өткен аптаның соңында ел мәдениеті өмірінде тағы бір жаңалық қол соқтырды. Алматы қаласындағы Фурманов және Жолдасбеков көшелері қиылысындағы алаңқайда қазақтың ұлы композиторы, Халық Қаһарманы Нұргиса Тілендиевке ескерткіш ашылды.



Жетісу
Болат МӘЖИТ

Оның салтанатты рәсіміне Алматы қаласының әкімі Ахметжан Есімов бастаған қоғам қайраткерлері, өнер шеберлері, зиялы қауым өкілдері және Нұргисаның шәкірттері мен туысқандары қатысты. Ақ жамылғы сырғып түскенде қолына дирижерлық таяқшаны ұстаған композитордың қола мүсіні жарқ ете қалды. Нұргисаның шабытты шағының бір сәті мүсінші шығармасында дәл бейнеленген екен. Қалың жұрт талантты перзенттің ғұмына тағзым етті. Ескерткіш алды алқымын гүл шоқтарына толды.

– Ескерткіште Нұрағаңның рухы бар. Бойын шабыт қысқанда өзіне-өзі сыймей кететін Композитордың сол күйі көзіме елестегендей болды, – дейді Дариға Тілендиевна.

– Нұрағамыз өнер үшін туған тұлға. Өнерге келгенде бермеуге қатаң талап қоятын. Ол кісіден сескенып қорқатынбыз. Ал, өнерпей қапса, сағына бастаймыз. Сәнгірге шыққан кезде мүлдем өзгеріп кететін. Бөлекше самғап бара жатқан қырағы құсқа ұқсайтын. Міне мүсінде сондай, толғаныстардың күйі дәл бейнеленген екен, – дейді еңіреген Мәйгүл Қазтуғанова. Енді бір сәт ескерткіштің авторы Мирлан Азаматбетовтың тәкаппар деп құпақ тұрдық.

– Алматы әкімдігінің қолдауымен компанияны бастап осы жұмысты қолға алдық. Нұргиса Тілендиев жайлы көп іздендік. Ұлы адамның мүсіні жасау оңай емес. Әсіресе, композитордың образын сомдап шығу қиындық қыларын. Сондықтан, үлкен жауапкершілік мойынға жүктелгенін анық сездік, – дейді Мирлан Серікұлының.

Нұргиса Тілендиевтің жалғасы, жазғандары болған артындағы түнеу Дизайнердің жетекшілігімен «Отырар сазын» оркестр композитор шәкірттерінің сазын шалықтатты. Асқақ Алатау мына керемет тебірене көз салып тұрды.

●*Жетісу жәрмеңкелері*

Өткен сенбі күні Алматыдағы Астана алаңында облыстық ауылшаруашылық жәрмеңкесі қалалықтарға есігін айқара ашты. Жылдағы дәстүр бойынша өткізілін келе жатқан биылғы жәрмеңкенің берекесі мол болды.

АУЫЛ МЕН ҚАЛА АРАСЫ ЖАҚЫНДАЙ ТҮСТІ

Аталған жәрмеңкенің ашылу рәсіміне облыс әкімінің орынбасары **Болат Төкенов**, Алматы қаласының әкімі **Ахметжан Есімов** және аудан әкімдері қатысты. Сауданың қалай жүріп жатқандарын өз көздерімен көрді. Ауылдан келген шаруа қожалықтары жетекшілерімен пікірлесті. Мұндай шараның екі жаққа да тиімді екені белгілі. Өйткені, бұл жерде бағаны көтеретін делдалдар жоқ. Өнім өндіріп жатқан дихандар мен малшылар тауарларын өз қолдарымен қала жұртшылығына бірден ұсына алады.

Жәрмеңке сөресіне жалпы құны 1125 миллион теңгеге құрайтын өнімдер қойылған екен. Тұтынушылар қажетті заттарын тауып, қуанып жатты. Бәрі де сапалы, бәрі де олардың көңілдерінен шығуда. Сонымен қатар, бұл тауарлар қаладағы өзі тектес тауарлармен салыстырғанда 10-15 пайызға арзан. Сондықтан шығар, жәрмеңке болады деген хабарды қалалықтар күн бұрын естіген. Кәпшілік жұрт таң ата салып осында жиналған екен. Сағат 10 болмай-ақ әкелінген азық-түліктің жартысына жуығы сатылып кеткен соң аңғартады.

Жәрмеңкедегі тауар бағасына көз салсаңыз көп нәрсені аңғаруға болады. Мәселен мұнда сиыр етінің килесі 1100 теңге, жылқы еті 1500, картоп 45 теңге, сәбіз 50 теңге. Ал Алматы базарындағы бағаның бұдан өлдеқайда қымбат екені айтпаса да түсінікті.

Шаруа қожалықтары ғана емес, ауыл өнерпаздары да қала жұртшылығына құры қол келмепті. Әсем ән мен тәтті күйді шалықытып айналаны думанға беледі.

Б. БАТЫҚҰЛЫ.
АЛМАТЫ.



●*Үдемелі даму үлесі*

АЛЫП КӨПІР

аудандарды жалғастырды

Төуелсіздігіміздің 20 жылдығын тойлайтын күн жақындаған сайын облыс аумағында жағымды оқиғалар көптеп тіркелуде. Республикалық индустрияландыру картасы аясында Жетісу жерінде жүзеге асырылып жатқан үдемелі индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасы жобаларының бірі – Жетіген – Қорғас темір жол желісіндегі негізгі нысандар да біртіндеп іске қосылуда.

Күні кеше «Мостоотряд – 1» ЖШС мамандары өздеріне жүктелген аса жауапты міндеттің бірі – жоғарыда аталған шойын жол желісіндегі басты нысандар қатарындағы алып көпірдің құрылысын аяқтады. Осылайша Іле өзенінің үстіне салынған көпір көршілес жатқан Үйғыр және Панфилов аудандарын жалғастырды.

Бұдан бұрын екі ауданды жақындастырған көпір құрылысы туралы жазған болатынбыз. Алматы облысында ғана емес, елімізде балама жоқ алып нысан халықаралық темір жол магистралінде тұрғызылған үлкенді-кішілі он бес көпірдің ішіндегі ең ірісі болып табылады және оны басқа емес, өзіміздің қазақстандық құрылысшылар тұрғызғандығымен ерекшеленеді. Көпір заманауи талаптардың барлығына жауап береді. пойыздардың сағатына 100 шақырымдық қозғалыс қарқынды кезінде 7 мың тоннадан астам жүкті көтере алады. Көпірдің ұзындығы мың метрге жуық, салмағы – 400 тонна.

Теміржол желісінің Панфилов ауданы бойынша өтетін бөлігінің ұзындығы 65,2 шақырымды құрайды және осы аралықта бес көпір, жеті өтпе, үш разъезд және Құндызды мен Алтынкөл стансыпары орналасады.

Үйғыр ауданынан арнайы келген Абай Қоргәбаев ақсақалдың ақ батасынан соң көпірдің шетіне керілген лентаны Панфилов ауданының әкімі Ермек Келемсейіт пен Үйғыр ауданының әкімі Қойымжан Омаров және теміржол ардагері Қалтай Самбетов кесті. Салтанатты сәтке куә болу үшін екі өңірден ат арылтып жеткен «Нұр Отан» ХДП аудандық филиалдарының өкілдері, ардагерлер, құрметті азаматтар мен жастар «Мостоотряд – 1», «Жол жөндеуші» ЖШС мамандарының шеберлері мен білікті нәтижесінде дүниеге келген ерекше көпірдің үстімен жүріп өтті.

Төселген рельстермен құрылыс-жөндеу вагоны қозғалды. Осылайша, Алматы облысы аумағы арқылы Қытайға, одан ары басқа елдерге шығатын екінші шойын жол тармағы іске қосылатын кез жақындай түсті. Түйісу нүктесі көрші елмен шекарада жүзеге асатын темір жол желісінде бар-жоғы 25 шақырымға рельс төсеу ғана қалды. Амандық болса, желтоқсанда халықаралық теміржол желісінің бірінші кезеңі бітіп, екі ел арасында пойыз құрамдары қатынай бастайды.

Шойын жол желісімен қос ауданның және облыстың басқа өңірлерінің бір-бірімен жалғасуын өзара қол алысумен бекіткен екі ауданның әкімдері Ермек Келемсейіт пен Қойымжан Омаров аса ірі жобаның маңызы да айтарлықтай екенін, Алматы облысының ғана емес, бүкіл еліміздің сыртқы экономикалық байланысы мен саудасының өркендеуіне дағдыл жол ашатындығын айрықша атап өтті. Салтанатты рәсім ақындар С. Үркімбайұлы мен Т. Шөбекованың жырларымен, Панфилов ауданы көркемөнерпаздарының тамаша концертімен аяқталды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

БАСПАСӨЗ – 2012

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН:
1 айға – 1000 теңге (индексі – 16469); **3 айға** – 2000 теңге (индексі – 17469); **6 айға** – 3200 теңге (индексі – 18469); **1 жылға** – 5700 теңге (индексі – 15469).

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР ҮШІН:
1 айға – 700 теңге (индексі – 36469); **3 айға** – 1300 теңге (индексі – 37469); **6 айға** – 2000 теңге (индексі – 38469); **1 жылға** – 3350 теңге (индексі – 35469).

БЮДЖЕТТІК МЕКЕМЕЛЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҮШІН:
1 айға – 800 теңге (индексі – 46469); **3 айға** – 1400 теңге (индексі – 47469); **6 айға** – 2100 теңге (индексі – 48469); **1 жылға** – 3650 теңге (индексі – 45469).

ЖАЛПЫ ЖЕКЕ ЖАЗЫЛУ:
1 айға – 900 теңге (индексі – 66469); **3 айға** – 1500 теңге (индексі – 67469); **6 айға** – 2200 теңге (индексі – 68469); **1 жылға** – 4000 теңге (индексі – 65469).

– «Газет – халықтың көзі, құралы әрі тілі» – деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, күнделікті жаңалықтармен хабардар болып отыруда қазақ баспасөзінің алар орны ерекше. Сынақтай сырғыған уақыт лебіне ілесіп, тың да соны жаңалықтар берудегі қаламы қарымды журналистердің үдеістері көңіл тоғайтады. Марқұм әкем де Жетісудың тыныс-тіршілігін тізбектеп жазатын «Жетісу» газетін жаңа-жастана оқитын еді. Газет бетін парақтай отырып оқитын әкемізді айналшақтап жүріп мен де бірді-екілі мақалаларға көз тоқтататынмын. Сондағы есімде қалғаны «Бала тілі – бал», «Зерде», «Денсаулық» деген айдарлар бойынша берілетін мақалалар болатын. Қысқа да нұсқа тақырыптарды ерінбей шолып өтудің арқасында газет оқуға деген ынта-ықыласымыз артып, бұл күнде оқырмандары ардақ тұтатын «Жетісу» газетінің



Дәулет ДӘРКЕМБАЙҰЛЫ, Т. Жүргенов атындағы Өнер академиясының металды көркемдеп, өңдеу кафедрасының оқытушысы, ұста Дәркембай атындағы қолөнер музейінің директоры, ҚР Суретшілер одағының және ҚР Дизайнерлер одағының мүшесі:

ҚОЛӨНЕР – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

ар санын үзбей оқуды дағдыға айналдырдым десем асыра айтқандық емес.

Тоқсанның төріне қадам басқан тарихы терең тамыр тартатын көне басылымның жаңа ғасырдың жарқын жаңалықтары мен тәуелсіз еліміздің еңсерген әр жылдардағы жетістіктерін жазудағы шығармашылық зерттеу, зерделеулері оқырман көңілінен шығатындығы еш күмән келтірмейді. Өзімнің нетізгі мамандығым халықтың қолөнерімен тікелей байланысты болғандықтан өнер әлемінде қатысты дүниелерді тәптіштеп оқитынымыз рас. Бұл орайда, танымдық тұрғыдағы Жетісу жерінен шыққан жекелеген тұлғаларға арналған мақалаларды қалт жіберместен тырысамын. Өйткені, онда көбінесе тарихымызға қатысты деректер де қамтылып жатады. Сонымен қатар, әр сенбілік нөмірінде өмірімізде орын алып жататын түрлі тақырыптарды қаузайтын зерттеу материалдардың да берер тәлім-тәрбиесі аз емес. Осындай құнды, мағыналы тақырыптарды оқыған сайын рухани нәр алып қана қоймай, таным-түсінікті кеңейтуге де ықпал ете алатындығы қуантады. Жыл сайын «Жетісу» газетіне жазылу – біздің отбасымыздың айнымас әдеті.

Тіршіліктің өзіндегіден бастап бір ғажап өнер, осы тегі басылымымыздың бастапқы қадамдарынан бастап қызығушылық қуандырып келеді. Қолөнер туралы мақалаларды неғұрлым көбірек оқығым келеді. Қазақ халқының материалдық және рухани мәдениетінің өзегін құрайтын қолөнер туралы мақалалар тұрақты жариялап тұрса деймін.

ЖЫЛДЫҚ БАЛАМА ЖАЗЫЛУ: заңды тұлғалар үшін – 5050 теңге; жалпы жеке жазылу – 3550 теңге; бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін – 3350 теңге; зейнеткерлер үшін – 2900 теңге.

●*Жастар саясаты*

«ЖАСЫЛЕЛДІКТЕР» ЖІГЕР ТАНЫТТЫ

Студент жастарды Елбасының бастамасымен қолға алынған «Жасыл ел» бағдарламасына қатыстыру мәселесі. Бәрімізге мәлім, 2005 жылғы 18 ақпанда «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының республикалық штабы құрылған еді. Сол уақыттан бері белсенді жұмыс жасап келе жатқан облыстық «Жасыл ел» штабы Елбасы Жолдауын жүзеге асыруға атсалысып келеді. Бұл мақсатқа 2005-2011 жылдар аралығында 4 мыңнан астам жастар мен студенттер тартылып, елді мекендерді абаттандыру жұмысына үлестерін қосты. Ал биылғы жылы жұмыс берушілер тарапынан «Жасыл ел» жасақшыларына жұмыс беруге, денсаулығын қорғауға, техникалық қауіпсіздік шараларын сақтауға көп көмек берілді. Көңіл қуантар нәтижелер де баршылық. Бұл туралы І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында облыстық «Жасыл ел» штабы мен «Жетісу жастары» жастар орталығының ұйымдастыруымен өткен «Ауылдың гүлденуі – Қазақстанның гүлденуі» атты жастар марафон-эстафетасының, «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының жұмыс маусымының жабылу салтанатында сөз болды.

Жетісу
Қажет АНДАС

Облыстық ішкі саясат басқармасы, аудандық және қалалық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдерінің жастар ісі жөніндегі мамандары, «Жасыл ел» жасақшылары, жоғары және арнаулы оқу орнының студенттері, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері қатысқан салтанатты шара сахналық көрінеспен басталды. Осындай көңілді сәтте мінберге көтерілген облыстық ішкі саясат басқармасының бастығы **Гүлжиян СҮЛЕЙМЕНОВА** жастарды құттықтап сөз сөйледі:

– Қадірменді жастар!

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқалы саясатының арқасында тұрақтылық пен ынтымақ салтанат құрған, береке мен бірлігіміз жарасқан тәуелсіз еліміз қарыштап дамып келеді. Осыған орай, өңірде бірқатар игілікті шаралар атқарылуда. Оның бір дәлелі ретінде бүгінгі салтанатты шараны айтуға болады. Елбасымыз жастарға қалай сенем артса, олардың шындалуына, тәжірибе жинақтауына, саналы білім, саналы тәрбие алуына облыс әкімі Аңсар Мұсаханов та көңіл бөліп, қолдау танытып келеді. Сондықтан облыс әкімі атынан сіздерді құттықтауға рұқсат етіңіздер. Қазірде облыс тұрғындарының үштен бірі жастар болса, оның ішінде 354 жас облыс әкімінің грантымен білімін жалғастыруда. Жастардың әлеуметтік жобаларын қолдауға арналған қаржы 30 миллион теңгеге дейін көбейтілді.

(Жалғасы 2-бетте).

ҮШТҰҒЫР: ТӘРБИЕ, БІЛІМ, ҒЫЛЫМ

Әрбір бала үшін өмірде ана мен әкенің ыстық махаббатына шомып өсіп, өмірдегі ең жақын жандарының аялы алақан жылуын сезінуден артық қуаныш бар ма? «Әке – асқар тау, ана – бауырындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ», – демекші, әр шаңырақ толықтығымен бақытты. Алайда, бұл қуанышқа әрбір бүлдіршін қол жеткізе алмайды. Ортамызда ата-ана жауапсыздығынан қорғансыздың күйін кешіп, тірі жетім атанып, болмаса ерлі-зайыптылардың тіл табыса алмай ажырасуы салдарынан жүректегі үлкен сызатпен өмір кешіп жүрген немесе әкенің ішімдікке салынып, отбасының шырқын бұзуынан бақытсыздық қамытын киіп өсіп келе жатқан жеткіншектеріміз қаншама! Осының бәрі бірінші кезекте анадан бұрын әкенің бала тағдырына бей-жай қарауынан орын алатын жағдай. Өйткені, ана отбасының берекесін қанша кіргізбек болса да, әке кейін тартып тұрса, ол үйдің тәрбие қазығы бекем қағылған деп айта алмаймыз. Осыған орай біз бүгін «Отбасында әкенің орны қандай?» деген сауал төңірегінде Ақсу ауданындағы оқырмандармен әңгіме өрбітуді жөн көрдік.

дағы тәрбие – өнеге және ілім, жөн дәстүр. Өнегесі бар бала мен әкесі жоқ жеткіншектің тәрбиесінде елеулі айырмашылық байқалады. Өнегесі қайтыс болған отбасындағы бала үшін «Әке» деген сөз қасиетті, оның бейнесін анасының айтуымен, өзінің білуімен үлгі етіп, өмірге бейім; өзіне ғана сенетін, анасына қамқор, намысшыл бала болып тәрбиеленеді. Ер адамның сөзіне, ақылына құлақ асады. Ол үшін досының әкесі де, ағалары да үлгі. Өнегесі жоқ күнем, үнемі ағайын-шу шығарып жүретін отбасындағы бала ашушаң, жасық, сабаққа ынтасы болмай, өзін өзгеден төмен санап, қорқынып өседі. Әке тәрбиесінің дұрыс берілмеуі бала болашағына үлкен әсерін тигізеді.

Мысал ретінде айта кетсем, мектеп ішінде өткен сынып сағатында мұғалімнің: «Қазіргі аталардан өсиет немесе нақыл естіп көрдіңдер ме?» – деген сұрағына оқушылар: «Жоқ, естіген жоқпыз», – деп жауап берді. Осының өзі әкелер мен аталардың ұрпақ тәрбиесіне жеткілікті деңгейде атсалыса алмай отырғандығының бір дәлелі.

Өз тәжірибемде байқағаным, қазіргі әкелердің тоқсан пайызы баласының сабағына алаңдамайтындығы. Мектеп-

емес пе?! Мектепте де солай...

Ер ұстаздарды мектепке көптеп тарту үшін ұстаз беделін барынша жоғарылату қажет. Бекер кезінде үлкен кісілер алғыс айтып, бата бергенде: «Мұғалім бол, балам!» – дейтін. Неге десеңіз, ол заманда ұстаздың рөлі биік еді. Ауылдағы ең құрметті адам саналатын. Бүгінде мұғалімнің табысы төмен, материалдық жағынан кем көрсеге зәру. Сондықтан жас жігіттер ұстаз болуды армандамайды, мұғалім мамандығын меңгеріп, мектепте жұмыс істеуге ұмтылмайды.

Отбасындағы әке рөлін, баланың әкеден алатын тәрбие-тәлімін басқа статқа да ауыстыра алмайды. Алысқа бармай-ақ әкесіз отбасында тәрбиеленген балалардың өміріне зер салу арқылы-ақ бұған көз жеткізуге болады. Бұл тек материалдық жағдайға ғана қатысты емес. Анасы қанша ақылгөй, парасатты, қажырлы, қайратты жан болса да әкенің орнын жалғыз өзі толтыра алмақ емес. «Әке – асқар тау», – деп бекер айтылмаған ғой. Ол – балаға да, оның анасына да пана, қорған, сүйеніш болатын адам. Бірақ, барлық әке осы атқа лайық

Алма ЕСЕНБАЕВА
"Жетісу"



Әкелердің арасында «ақылмен жүріп, анық басып», ұрпағын тәрбиелеп өсіріп, абырой-беделмен жұртшылыққа үлгі-өнеге болып жүргендер жетерлік. Сонымен бірге өмір бойы жинап-терген аздаған жақсы қасиетіне ие бола алмай, осалдық танытып шашыратып алып, қайтадан тере алмай жүрген кейбір осал әкелердің де бар екенін мойындаймыз.

Бақыт деген – тек қана байлық, жақсы тұрмыс, молшылықта өмір сүру емес. Ол ең әуелі бойына сапалы білім, саналы тәрбие сіңірген, заман талабына сай бәсекеге қабілетті, өнерлі де өнегелі ұрпақ тәрбиелеу екендігін ұмытпайық, ағайын!

Отбасында әкенің орны қандай?

БАЛАЛЫҚТЫ ДАНАЛЫҚПЕН БАҒАЛА

Н. ҚАСЫМБЕКОВ:

– Жақсы келектей жайқалып өсіп келе жатқан жастарға қамқорлық жасап, ақыл-кеңес беріп, замандастарымыздың жаңа таланттарын лайықты тәрбиелеп, тұлға ретінде жетілуіне бірден-бір жол ашатын жан – ата-ана.

Рас, бүгінде ұлттық тәрбиеде бәрі жақсы деп айта алмаймыз. Ел болған соң, ішінде «естісі де, есері де болады». Әкелердің арасында «ақылмен жүріп, анық басып», ұрпағын тәрбиелеп өсіріп, абырой-беделмен жұртшылыққа үлгі-өнеге болып жүргендер жетерлік. Сонымен бірге өмір бойы жинап-терген аздаған жақсы қасиетіне ие бола алмай, осалдық танытып шашыратып алып, қайтадан тере алмай жүрген кейбір осал әкелердің де бар екенін мойындаймыз. Отбасында ұлағатты өсиеттің орнына кей кезде мән-мағынасыз бос сөздің айтылатынын, тәрбиеленіп отырған ұл-қыздың алдында арақтың да ішіліп, көк түтінге көміліп, темекінің де мағдайтының көріп те жүрміз. «Болған-толған» осы екен деп, тәубаға келе алмай құдайшылықты ұмытып кететін «жетесіз әкелердің» де арамызда кездесетіні қынжылтады.

Ұлттық рухани асыл мұрамызды уағыздаудағы үгіт-насихат, тәлім-тәрбие жүйесі тұрақ жүргізілмей төмен деңгейде болуының салдарынан күнделікті толассыз теледидар және басқа да жолмен беріліп жатқан атыс-шабыс, қорлық-зомбылық, анық-шапық кину, адамдарды аяусыз қынадай қыру сияқты жағымсыз жайттердің етек алып, бүгінгі жастардың өміріне біртіндеп ендеп еніп жатқандығын байқап та, көріп те жүрген ата-аналардың отбасында дәрменсіздік танытып отырғандығы да жасырын емес.

[illegible] ...ланып, бәрінен ұста, зәңмей жүрсін жол тауып», – дегендей, отбасындағы әке-шешенің, қоғамдық ортаның талап-тәртібі күшейтілмей, саналы тәртіп те, саналы, мағыналы өмір де болмайды. Қатаңдықтың жөні осы екен деп орынсыз ұрысып, арнамысына тисең, ұтыласың. «Ақылсыз айқай тіл шығарады», – деген, әр нәрсеге мән бере отырып, сөзіңді дұрыс жеткізе білсең, еститін құлақ та, тыңдайтын ойлы бала да табылады. «Ата – балаға сыншы». Дегенмен, «баланың балалығына – әкенің даналығымен» қарап, қандай істі болсын насырға шаптырмай, байыптап, сабырмен шешіп отырған жөн.

Соңғы уақытта көпшілік әке тәрбиеден шет қалуда. Баласының тәрбиесін анаға жүктеп қою жиі кездеседі. Мектепке жиналысқа баратын да көбінесе ана, балаға бірнәрсе қажет болса, соны тауып беретін де – ана. Ал әке рөлі төмендеуде. Бұған бірінші себеп жайбарақаттық пен жалқаулық. Осының салдарынан үйдегі әйелінің балалар үшін алатын жәрдемақысына немесе отбасында қария болса, соның зейнетақысына күнелтіп, үйкүшік, масыл болып отырған әкелер қаншама? Уақытын қалай өткізерін білмей, іш пысып, әр нәрсеге бір соқтыққан ер азаматта қандай бедел болсын. Оған деген жарының, балаларының құрметі де төмен болады.

Ішіп алып тентіреп көше кезген әкенің теріс тәрбиесінен балалардың да болашағына балта шабылады. «Алма алма ағашынан алысқа түспейді», – дегендей, осы сорақы қылықты көріп өскен бала ертең оны қайталайды. «Әкем ішеді, неге маған да ішпеске» деген ой ішкі түйсігінде қылаң беріп тұрады. Ал ішімдіктің салдарынан қаншама отбасы ойран болып жатыр. Өйткені, отбасының діңі, темірқазығы – ер адам. Үй-ішінің жайлы өмір сүруі, бала-шағаның тәртіпті болып өсуі – отағасының ақылы мен еңбекқорлығына байланысты. Әйел қанша табыс тапсын, онымен ол кейбір жыртықты жамауы мүмкін, бірақ отбасының көсегесін



Нұрбек ҚАСЫМБЕКОВ, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы

Қарлығаш АБЕУОВА, Қ. Сәтбаев атындағы орта мектеп-гимназиясы директорының орынбасары

Болатхан БОРАНБАЕВ, аудандық ата-аналар комитетінің төрағасы

Ғалия САҢҚАЙБАЕВА, Г. Мұратбаев атындағы орта мектеп директорының орынбасары

көгерте алмайды. Ал еркектің тапқан кішкене нәпақасымен шаңырақтың шаттығын асырып, іргелі іске жұмсалып жататындығын өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Сондықтан әйел үйшінің берекесін келтірсе, сол берекеге берік негіз қалайтын ер адам екенін ұмытпайық. Әке мықты, көрегенді болса, одан тамыр тартқан бала да жалынды, жігерлі, мәрт жүректі болып өсері хақ.

ӨНЕГЕ БІЛІММЕН ҰШТАССА...

Қ. АБЕУОВА:

– Қазіргі кезде ата-ана, көбінесе әкелер тіршіліктің күйбеңімен аласұрып, жұмыс бастылықтан арыла алмай, ақша тауып отбасын асырау, материалдық жағдайын жасау қамымен жүр. Ал, тәрбие екінші орынға ысырылып қалған. Оған себеп жеткілікті: әкелер отбасында үнемі бола алмайды, үйден тысқары жерде жұмыс істеп, бала-шағасын ұзақ мерзім көрмейді. Сол себепті бала тәрбиесі анаға ғана тиесілі болып қалған. Отбасында әке тәлімі жетпей жатқанда, мектеп жасындағы балаға әке тәрбиесінің жұрнағын бере алатын ер ұстаздар қатары да сирей түскен. Бүгінде ер мұғалімдер ұжымдағы ұстаздардың 5-10 пайызын ғана құрайды. Онда да сынып жетекшілік, яғни тәрбиешілік қызмет атқармайды, көпшілігі дене шынықтыру және технология пәнінің мұғалімі болып келеді. Ал, ұл бала тәрбиесінде әкенің, атаның, жалпы ер адамның алатын орны ерекше. Әйел қанша ақыл айтқанмен ол баланың жетесіне жетпеуі мүмкін, ал әкенің бір кесіп айтқан өктем сөзі ерекше әсер етеді. Ол балаға мың күн азық. Өзімізде бала кезімізде әкеміздің қас-қабағына қарап өстік. Ер адамның айтқан сөзі біз үшін заң болды. Одан жаман болғанымыз жоқ. Бүгінгі балаға бұрынғыдай тәрбие беріп, қатал ұстау мүмкін емес шығар. Дегенмен де әкенің көмегімен бала кішкене күнінен отбасының қорғаушысы, асыраушысы екендігін сезініп өсуі тиіс. Сондықтан әке қажет кезінде баласының қасынан табыла біліп, әртүрлі тақырыпта, оны мазалап жүрген сұрақтарға жауап беретіндей жиі әңгіме-дүкен құруы керек. Баласының мәселелері әке үшін маңызды екенін сездіріп, перзенті алдында өзінің әлсіздігін, білімсіздігін көрсетпеуі тиіс.

Тәрбие дұрыс берілуі үшін үйде ата-ананың, мектепте ұстаздың айтқан сөзі үйлесім жатуы керек. Әр отбасын-

ішілік ата-аналар жиналысында да әкелердің бірен-сараны ғана қатысады. Оның өзінде бала тәрбиесі мәселелері талқыланып жатқанда тек тыңдаушы болып қана отырады.

Менің ойымша, қазіргі әкелердің өздерін тәрбиелеуде ата-ана және қоғам тарапынан кемшіліктер кеткен сияқты. Әр ата-ана баласына бойындағы барын береді, жоғын қайдан алсын. Тәлім-тәрбиесі мол газет-журналдарды, педагогикаға байланысты кітаптарды ізденіп оқымаса, тағылымы мол телебағдарламаларды зерделеп қарамаса, өзі білгені мол, тіл байлығы зор, жан дүниесі рухани бай тұлға болмаса, отбасы үлкенінен, ата-бабасынан алған мұрасы, тағылымы жеткіліксіз болса, ұрпағына қандай тәрбие бермек. Баланы тек әке, ана, ата, әже, ұстаз ғана емес, қоршаған ортасы да тәрбиелейді. Осыған орай ата-ана, яғни әке баланың досы кім, қайда кіммен жүреді – бәрінен хабардар болып отыруы керек. Ол үшін әке мен бала бір-біріне жат емес, жақын болып, перзент әке махаббатын сезініп, көріп, біліп өсуі тиіс.

ЕР МҰҒАЛІМ ЖОҚТЫҢ ҚАСЫ

Б. БОРАНБАЕВ:

– Қазіргі таңда мектептердегі ұстаздың көпшілігі әйелдер, ер мұғалім жоқтың қасы. Бұл жағдай ұлдар арасындағы тәртіптің нашарлауына әкеліп соғады. Себебі, балалар ер жеткен сайын әйел ұстаздарға аз бағынады. Бұл жағдай бірте-бірте қыздар тәрбиесіне де әсер етеді. Себебі, сыныптың жартысына жуығын ұлдар құрайды. Осыған орай мектепте ер ұстаз көп болса, ұлдар тәртібінің түзеліп, дұрыс жолға түсуіне оң әсер етер еді. Сол себептен де мектептегі ер ұстаздардың сандық үлесі жалпы педагогтардың жартысына жуықтаса дұрыс болар еді. Отбасында не әкесі, не шешесі болмаса, балаға қиын тиері анық

болып жүр ме, бұл әрине, ойландыратын мәселе. Ел басына экономикалық қиындық туған тоқсаныншы жылдар көптеген ер адамның бойкемік, парасыз, өмір тудырған күрделі мәселелерді шешуге дәрменсіз екендіктерін көрсетіп берді. Керісінше, әйел адамдар қиындыққа қаймықпай қарсы шығып, оны дұрыс шеше алатын күш пен қуатқа ие екендіктерін дәлелдеді.

Бүгінгі бала тәрбиесіне әкелердің неге аз атсалысатынының бір мысалын осыдан білуге болады. «Болмысты тұрмыс билейді», – деген бекер емес. Бұған, аракқа, жалқаулыққа бейім, бейқам жандарды қосыңыз. Сол кезде бала тәрбиесінен сырт қалатын әкелердің қатары өсе түсетінін көреміз. Бірақ, жауапкершілігі жоғары, келешекті ойлай білетін, балаларын жанындай жақсы көретін жақсы әкелер бізде аз ба? Аз емес, ондай жандарды қоғамның әр тобынан-ақ көруге болады.

Мен, өз басым еліміздің әл-қуаты артқан сайын балаларымыздың тәрбиесіне ата-ананың көбірек көңіл бөліп, жастарымыз білімді де, өнерлі болып өсіп, келешекте жақсы азаматтар боларына кәміл сенемін. Бірақ, бүгінгі уақытта өз ұлтымызды, тілімізді, тарихымызды, салт-дәстүрімізді құрметтеуді ұмытпауымыз керек. Оны ұмытсақ, бар өміріміздің зая кеткендігі. Жалғандыққа бой ұрғандығымыз. Тек қара бастың қамын күйттегеніміз болмақ.

Сондықтан ұлтымыздың асыл қасиеттерін сақтайық. Әрбір әке өз баласының өзінен асып туып, әлдеқайда бақытты болғанын қалайтыны белгілі. Бұл игі тілек біздің бәріміздің жүрегіміздің нақ төрінен орын алған аяулы арман. Бақыт деген – тек қана байлық, жақсы тұрмыс, молшылықта өмір сүру емес. Ол ең әуелі бойына сапалы білім, саналы тәрбие сіңірген, заман талабына сай бәсекеге қабілетті, өнерлі де өнегелі ұрпақ тәрбиелеу екендігін ұмытпайық, ағайын!

АЛТЫН ҚАЗЫҚ

Ғ. САҢҚАЙБАЕВА:

– Бала – өсіп келе жатқан өркен сияқты. Қалай иесең, солай қарай бағытталады. Сондықтан жас өркенге дұрыс күтім жасаудың маңызы зор. Осы тұста ата-ана мен мектеп бірлесе жұмыс істесе, күтілер нәтиже де жемісті болмақ.

Осыдан бірнеше жыл бұрын ата-аналар мектеппен байланыс жасап, баласының сабағына қатыспақ түгілі, жылына болатын жалпы ата-аналар жиналысына да келмейтін кездері бастан өткіздік емес пе. Осыған орай 2006 жылы мектеп ұжымы алдымызға перспективалық жоспар құрып, мектептегі тәрбие жұмысын жандандырудың бірден-бір тетігі әке-шешемен жұмысты мықтап қолға алдық. Соған сай әр оқу жылында ата-аналармен айлық өткізу дәстүрге айналған.

Өткен жылы «Әке – отбасының алтын қазығы» тақырыбында дәстүрлі ата-аналар айлығын жарияладық. Осылайша әке-шешемен жұмысты басқа қырынан, яғни тәрбиенің құлдырауының алдын алудың бірден-бір тетігі әкелермен жұмысты жандандырудан бастадық. Ата-аналармен байланыс нығайтылып, әсіресе әкелер жиі келетіндіктен мектептің сәні кіріп қалды десек болады. Олар жиі сабаққа қатысып, өтіп жатқан түрлі іс-шараны қызықтап, балалар өміріне қатысты жұмыстарға араласты. Ал, айлық барысында өте бір қуантарлық жағдай ата-аналардың мәдениеттілік, сауаттылығы күннен-күнге жетіліп, педагогикалық ұйымдастырушылық қабілеттерінің бар екендігін әкелердің сабақ беруінен-ақ байқадық. Бірінші сыныпта «Әкем – берік қорғаным» атты әкелер сайысын Күдеров Құрманғали, 2-сыныпта «Әке – асқар тау» тақырыбында тәрбие сағатын Күзембаев Руслан өзы азамат өткізіп, семинарға қатысушылардың өздерінің сөйлеу мәдениеті, ұйымдастырушылық қабілеттерімен тәнті етті. Осындай жұмыс нәтижесінде ата-аналар жағы «Ұлы бар үйде қуат бар, қызы бар үйде шуақ бар» дегенге көздері жетіп, «Асырауды біліп, тәрбиелеуді білмеу – ата-анаға сын» деген тоқтамға келді.

Иә, расында да бүгінгі күні босаңсып кеткен тәрбиені тез арада жолға қоймасақ, ертең кеш болуы әбден мүмкін. Бұл тұста Елбасы Н. Назарбаевтың «Егер біз адамгершілігі жоғары қоғам болғымыз келсе, ең бастысы ата-ананың балаларының алдындағы жауапкершілігін күшейтуге тиіспіз», – деген сөзін келтіре отырып, жас ұрпақтың болашағына нұрлы жол ашатын бірден-бір кілт – әке-шеше, еңдеше бала тәрбиесіне әкелер көңілі бөлінсе екен деймін. «Тамырыңды тапсаң тас та жанады», – дей отырып, ата-анамен жұмыстың тиімді әдістерін іздестіру ұстаз, мектеп, қоғам, біздердің міндеттеріміз екенін есімізге салғым келеді. Өйткені, бүгінгі бақытты балалық, сенімді болашақ емес пе?

Соның нәтижесінде бүгінгі таңда мектептегі тәрбие жұмысының, оның ішінде ата-аналармен жұмыс жүйесінің бір жолға қойылғандығы және бала тәрбиесіне әкелер көңілінің бөлінгендігі біздің мектебіміз үшін үлкен жетістік деп ойлаймын.

Міне, жоғарыда көтерілген тақырыпқа орай Ақсу ауданының тәрбиеге жауапты мамандары өздерінің ойын бөлісті. Бір ұстазымыз әкелер ата-ана жиналысына қатыспайды деп наз айтса, енді бір тәрбие саңлағы әкені мектепке тартудың жолдарын іздеп тауып, өз іс-тәжірибесімен бөлісіп отыр. Бұл барлық мектепке үлгі етуге тұрарлық игі бастама, жарқын іс. Әкенің бала тәрбиесіне деген жауапкершілігі төмендей түскен бүгінгі уақытта мұны мәселенің бір шешімі деуге болады. Бірақ, мұнымен әкелер тақырыбына нүкте қоя алмаймыз. Өйткені, әкенің бала алдындағы жауапкершілігін арттырудың басқа да жолдарын қарастыруымыз қажет. Заң аясында да ерлі-зайыпты жандар ажырасқанда әке алимент төлеумен ғана шектеледі. (Тіпті оны әкелердің басым бөлігі төлемейді де). Ал әкенің бала алдындағы жауапкершілігі жайы тағы да ескерусіз қалады. Бұл орайда, сіз қандай ұсыныс айтар едіңіз, құрметті оқырман? Әкенің отбасы, балалары алдындағы жауапкершілігін қалай арттыруға болады? Осы жөнінде ой бөлісуді ұмытпағайсыздар. АҚСУ АУДАНЫ.

ТЕАТР: ЖАҢА ҚОЙЫЛЫМ



Сахнадан көрініс.



Қойылымның режиссері Базарбек ТОҚЫМТАЕВ

Шүкір, біз тәуелсіз еліміздің іргесі бекем, ғұмыры ұзақ болғанын қалаймыз. Бұл тілекке келгенде бәріміз бір ауыздымыз. Бірақ сол мақсатқа жеткізер жолды таңдаудағы көзқарасымыз сан түрлі. Өткенімізді жете зерттемегендіктен де, тарихтан сабақ алмағандықтан да, тоталитарлық жылдар санамызға қалыптастырған кейбір ұстанымнан әлі де арыла алмай келеміз. Әлбетте, құндылықтар өзгерген қазіргі қоғамда әдебиетке деген көзқарас та өзгерді. Оның үстіне, соңғы уақыттарда «қазақ қаламгерлері бүгінгі заман туралы жазбай жүр» деген пікірлер жиі айтылуда. Құдайға шүкір, жаңа туындылар көптеп жазылып жатқанын мойындауымыз керек. Тіпті, бүгінгі күннің әлеуметтік астарына үңіліп жүрген біреулер бар ма? Бар екен. Б. Римова атындағы облыстық драма театрында сахналанған Иран-Ғайыптың «Негізгі шаруа» трагикомедиясы осы сұраққа нақты жауап бергендей болды.

Негізгі шаруа

Қажет АНДАС
"Жетісу"

Қазаққа Иран-Ғайып болып танылған аталмыш қойылым авторының ақындық талантын, қаламгерлік қуатын оқырман қауым толық біледі. Сонымен қатар, Иран-Ғайып драматургия саласындағы жемісті еңбегімен де жұрт жүрегінен ойып орын алған. Мәселе Иран-Ғайыптың көп жазғанында емес, оның өз шығармаларында адам болмысы арқылы эстетикалық тұтастыққа негіздеп, өзгеше бір сәулетті әлем жасайтындығында. Оның «Негізгі шаруа» спектаклі де осындай қасиеттермен әдіптелген көркем дүние.

Расында, ешкім батылы жетпейтін тақырыпқа тек жүректі қаламгер ғана бара алады. «Негізгі шаруа» осындай жүректі ойдан туған жұмыр шығарма. Өйткені, онда біз жасап отырған қоғамның шынайы болмысы, ащы ақиқаты бүге жектелмей, бүкпесіз баяндалады. Көлеңкесінен қорқу, жоғарыға жағыну, төмендi ағымен көрсету дейтін пенделіктен аулақ. Тіпті, оқиғаның, түйінді ойдың көбі арамызда жүрген адамдарға тікe бағытталған. Әлбетте, біз өте бір күрделі қоғамда, яғни, «Өзі би, өзі қожа» болған кезеңде өмір сүріп жатырмыз. «Тақтың екі ұшы бар» демекші, өз алдына бір-бір құдай болғысы келетін адами болмыстан шығар жол табу, қаумалаған қауымның бәріне жағу қиын. Тіпті, тірілер жайлы жазудың өзі сан мақты ойды талап ететін, қаламның ұшын маймаңдатып тастайтын тақырып.

Сондай-ақ, бүгінгі қоғамдағы тағы бір сорақылық – әркім өз шаруасымен айналыспайды. Бірақ, әркімнің өзіндік «Негізгі шаруасы» бар. Десе де, оның бәрі баспалақтап өрлеген қоғамдық құрылымның төңірегінде өрістейді. Сол өрісті келісті ойына арқау еткен Иран-Ғайыптың «Негізгі шаруа» спектакліндегі оқиға қарапайым ғана отбасылық өмірден етек алады. Жай көзге жадағайлау көрінгенімен, шығарманың астары тереңде. Тағы бір жағынан, спектакльде бейнеленген қырандар (Жоғары лауазымдағылар), қырғилар (шенді-шекпенділер), қарғалар (қарапайым еңбек адамдары) сияқты үш топтың арасында таласқа түскен тағдырлар көрген жанды бей-жай қалдырмайды. Расында, өзіміздің жақсы қырымызды қаншалықты қадірлегенімізбен «Кедей – бай болсам, бай – құдай болсам» деген ұғымды ойды санамызға сіңіріп алғанымызды жасыра алмаймыз. Ал жоққа қолымыз жеткенде, соған жеткізген жандардан теріс айнала салуды ар мен намыстың таразысына салмайтын болғанбыз. Ең қарапайымы, өкең жасамаған жақсылықты жасаған адамдарды да табаны тайып кетсе, «Құпан құдыққа құласа, басына құрбақа ойнаттырады» керін келтіріп, теріс айналып кете беруді қаперімізге мықтап сіңірдік. Тіпті, ата-бабадан жалғасқан таза сүйіспеншілік пен арлы адамгершілікті белден баса салуға әрқашан дайынбыз. Қысқасы, жеке мүддешілдік жүрегімізді жаулап бітті. Спектакльдегі Тұрғын міне, осындай өмірдің өкілі. Оның араласпайтын адамы жоқ. Басына бақ болып қонған әйелін алдауды, оның адамгершілік, кеңдік, бейжайлығын аңқаулыққа балап, алдаусыратуды әдетке айналдырған пенде. Суық жүрісіне өзі арланбайды. Қайта, айналасындағыларды арбап, ақша жасау, көрінген әйелдің етегін аңдыған пенделіктің әйелінің аңқаулығына алмастырған ақымақтау қылығына мәз болады. Және де үш топтың ортасында ит жығыс болумен алданыш табатыны бар. Қарғаларды (қарапайым бұқараны) табанымен таптауға, қырғилардан (шенді-шекпенді) пайда алуға дайын. Мақсаты – қырандарға (жоғары жікке) жету. Қарап отырсаң, айналамызда байлыққа әмешері үзілген,

көздері ақшаға қиныққан, билікке өліп-өшіп ұмтылған, көкейін атақ алдаусыратқан адамдар өріп жүр. Осындай кері кеткен құбылыс қоғамның барлық саласында кең өріс алуда. Бұл «дерт» Қазақстан дейтін республиканың түпкір-түпкірін түгелдей қамтыған.

Осы «дерт» жемқорлық дейтін терминді өмірімізге сіңіріп үлгерді. Жасыратыны жоқ, қазір «коррупциясыз» ешқандай тірлік бітпейді. Әлбетте, жемқорлық, сыбайластық, қылмыстың түр-түрі – бәрі теріс пиғылға жатады. Дей тұрғанмен, сыбайлас жемқорлық дегеніңіз – оңайшылықпен құрдымға кете салатын құрылым емес. Өйткені, онымен бабаларымызда көп күрескен көрінеді. Ертеден қалған:

Көбелек келіп күмп етіп,
Көбігін ішіп ол кетті.
Жапалақ келіп жалп етіп,
Жарымын ішіп ол кетті.
Қарға келіп қарқ етіп,
Қалғанын ішіп ол кетті.
Сауысқан келіп саңқ етіп,
Сарқып ішіп ол кетті.
Қырғауыл келіп қиқу сап,
Қазан түбі қаспағын қырнап і
шіп ол кетті,

– деп келетін өлең жолы соның айғағы емес пе? Бұл ақиқат қойылымда да толық көрініс тапқан. Айтпақшы, спектакльдегі Тұрғын өзі жетім өскен, ауылдың қара домалақ баласы. Қиындықта жүріп оқыды, ізденe жүріп, биікке ұмтылды. Арманы алдамапты. Астанадағы білдей бір министрліктің лауазымды адамына айналды. Бірақ, құрғыр құ нәпсі оның таза да кіршіксіз адами болмысын мидай былықтырып жіберді. Әрине, Тұрғынның жасаған ісі, қолданған амалына жаның күйіп, шыдамың таусылатыны анық. Бірақ, «Жалғыз шауып бәйге алмас» дегендей, оған да түсіністікпен қарауға болады. Егер ол әділетті болса, бәрі бір сол ортаға сиып, ойып орын ала алмас еді. Алған күннің өзінде тұрақтап қала алмас еді. Сондықтан түлкідей бұлаңдап тірлік етуі керек. Басқа амалы да жоқ. Оның бар арманы қарғалардың қалтасындағы бары мен жоғын қымқырып алып, қырғиларды арбап, қырандармен теңелу. Ол үшін ақша, байлық, құлық-сұмдық, алдап-арбау, аяқтан шалу керек. Жүрегіне дададай кең қазақы қасиетті сіңіріп өскен Тұрғын кербақпа қоғамның кесірінен кеңірдек қамы үшін соның бәріне машықтанған. Осындай сырқатпен дерттеніп жүргендер қаншама деші арамызда?!

Қойылымның көтерген жүгі, арқалаған ойы, таным тұрғысынан әлі талай ойды суыртпақтауға болатын еді. Десе де, осындай күрделі туындыны сахналаудың өз үлкен жауапкершілікті талап етеді. Сондықтан тәжірибелі режиссер ғана жүректі шығарманың кілтін таба алатындығы анық. «Негізгі шаруа» бұған дейінде еліміздегі бірнеше театрда қойылыпты. Өкінішке орай сәтті шықпаған көрінеді. Бірақ, ол облыстық театрда сахналанғаннан кейін жұрт арасында ризашылыққа бөленгенін несін жасырайық. Тіпті, шығарма авторының өзі спектакльдің қоюшы-режиссері, Б. Римова атындағы облыстық драма театрының әртісі Базарбек Тоқымтаевқа алғысын айтып, ризалығын білдіргені көп жайды ұғындырса керек.

Расында, қойылым басталған тұста көрермен ешнәрсенің байыбына бара алмай аңтарылып қалатыны жасырын емес. Небары үш-ақ адам (Тұрғын – Сағындық Жұмадил, әйелі Сая – Аян Қожбанова, ойнастан туған мүгедек бала Нұр – Еркебұлан Айдымбаев) рөлде ойнайтын спектакльдің тең жарымы Тұрғынның ішкі болмысын ашуға бағытталған. Ондағы оқиға желісі Тұрғынның телефонмен сөйлескен диалогы арқылы беріледі. Осы барыстағы дауыс ырғағы

тұрған тұрысы, көңілденген мен көңілсіз кейпі арқылы оның жоржеңіштігі, кейіп-кеспірі ашыла түседі. Режиссер осы шындықты дөп басу үшін үш топтың орнына биліктің ең биігін бейнелейтін көк түсті, шенді-шекпенділерді көрсеткен қызыл бояулы, қарапайым қара халықтың бейнесін көрсететін сұр түсті сатыны таңдап алған. Тұрғынның бар әрекеті осы үш сатының айналасында өрбиді. Ол көк түсті сатыға кимен іліп қойды. Мұнысы соған жету, оның маңына келгенде дауысы да өзгеріп, жалған бейнесі ашыла түседі. Осы кезде Абайдың: «Болыс болдым мінекей, Бар малымды шығындап» – деген өлеңі еріксіз есіне оралады. Бірақ, қызыл бояулы сатының төңірегінен шықпайды. Өйткені, олардың байлығынан пайдалану арқылы қалтасын қалыңдатып, көк түсті сатыға жетуді армандайды. Ал сұр түсті сатыны аяғымен таптап, тіпті, итеріп, жығып, таптап өтеді. Оның жанына келгенде мінезі долыланып, дауысы өзгеріп, кекесін, «Әлоздің сөзін салпыртсып, Шала ұғамын қырындап» дегендей күй кешеді. Былайша айтқанда, қарапайым халық ол үшін түкке керегі жоқ. Себебі, Тұрғынның олардан көретін пайдасы шамалы.

Ал қалған бөлігінде отбасылық жауапкершілік, адами қасиет, ұждан тартысы бейнеленеді. Ондағы оқиға әйелінің ауру шешесінің қалын біліп, ауылдан оралуымен қатар, ойнастан туған баласы Нұрдың үйге келуімен өріледі. Тұрғын қанша жерден алаяқ болғанымен шындық оның ойлағанындай болмайды. Әйелінің алдында барлық жасырын бет-бейнесі ашылады. Бірақ, мынау, тасбауыр тірліктің қысымына еті үйренген, жақсы күннен қол үзіп қалмауды ойлаған, сондай-ақ, бала бақыты бұйырмаған бейшара әйел бәріне кешіріммен қарайды. Бірақ, адамдық, ар-намыстан жұрдай болған Тұрғынның айуандық қылығының салдарынан Сая мен Нұр бәрі бір тастанды болады. Мұндай өмір қазіргі екінің-бірінің басында бар. Шындығына келер болсақ, қойылымды көруге келген көрерменнің көбінің басында осындай жағдай бары рас. Әркімнің шымбайына батар шындық қой бұл. Қазір шындықты мойындайтын адам бар ма? Жоқ. Бәріміз судан ақ, сүттен тазамыз. Бірақ, айналамыздағы жүрек ауыртар жағдайлар қанша жасырғанымызбен өзінің ақиқатын күн сайын, сағат сайын дәлелдеп келеді.

Әрине, театр саласындағы спектакльдің бағын ашатын маңызды түйін – режиссер мен актер арасындағы түсіністік. Өйткені актер бірде ел бастаған көсемді, енді бірде сөз ұстаған шешенді, айта берсек, батырды, баланы, керек болса алқаштыны, аңқауды да, қандай рөл тура келсе соны сахнада сомдайды. Егер режиссер актердің жан дүниесін, ішкі болмысын, шеберлігін толық түсіне алса, онда оған лайықты рөл беріп, оны сәтті сомдап шығуға мүмкіндік тудыруға болады. «Негізгі шаруаның» сәтті шығуы да режиссер мен актердің бірі-бірін толық танып, сәтті еңбек етуінің нәтижесінде табысты болды деуге негіз жеткілікті. Өйткені, Сағындық Желтоқсанның отында шыңдалып, тәуелсіздікпен бірге түлеген өнерпаз. Біраз жылдық еңбек жолында өнердің біраз саласында жұмыс атқарды. Басшы да, бұқара да болды. Оның бойында сахнаға деген бөлекше талант бар. Сонымен қатар, Сағындық режиссердің тапсырмасына бағынумен қатар, өзінің ізденімпаздығын қосып, қолтаңбасын қалдырып отырады. Қысқасы, Тұрғынның бар болмысын, оның жан дүниесін Сағындық терең түсінген. Оның үстіне қосшы – суретші Қарлығаш Шалабаеваның да шешіммен сахнаның жеңіл маталармен әдіптелген, күлгін сәуленің жиі қайталануы, бастанаяқ Игорь Крутойдың орындауындағы «Мастер и Маргарита» әнінің әуені мен балалардың шат күлкісінің үні бір-бірін толықтырып, идеяның ашылуына сеп болған. Сонымен қатар, Тұрғынның әр бейнесін күлтемірдің (робот) бейнесі арқылы жағымды-жағымсыз тұрғыда суреттеудің астарында да үлкен мән жатқаны анық.

Қай қырынан келсек те, қойылым сәтті шықты. Басында оқиғаның қалай өрбитінін анық ұғына алмай отырған көрермен тартысты қойылымды көріп біткен соң, кейіндегі «әттеген-айларын» көпке дейін көңілмен көтеріліп жүретін анық. Ендеше, сіз де бір көріп қайтыңыз.

ҚАЗАҚСТАН 2050

БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ маман даярлана ма?

«Қазақстан - 2050» Стратегиялық бағдарламасында білім беру саласындағы басымдықтың бірі ретінде кәсіби-техникалық мамандарды даярлауға ерекше көңіл бөлінген. Ұлттық экономиканың мамандарға деген қазіргі және келешектегі сұранысын барынша өтеуге бағдар ұстауы, айналып келгенде халықты еңбекпен қамту мәселесін шешіп беретін жол екендігін атап көрсеткен. Иә, қазір уақыттың талабы басқа. Мақсат - жастардың жоғары білімді диплом иесі болуында емес, керісінше қоғамға қажетті маман даярлауда. Бұл ретте ортанқол жұмысшы мамандар даярлайтын кәсіптік лицейлер мен кәсіби-техникалық оқу орындарына қойылатын талаптың жоғары, мақсаттың айқын болуы шарт. Осы ретте: «Кәсіптік лицей бәсекеге қабілетті маман даярлай ма?» - деген сауалға жауап алу мақсатымен Алматы қаласындағы № 7 кәсіптік лицейдің шақыруымен өткен «дөңгелек үстелге» қатысып қайтқан едік.

Шолпан ЖҰМАДІЛОВА
"Жетісу"

Лицей жайында аз-кем анықтама. 1956 жылы № 23 құрылыс мектебі болып құрылған аталмыш оқу орны бүгінгі таңда Алматы қаласымен қатар республикадағы бірқатар құрылыс орнына маман даярлауды жүзеге асырып келеді. Атап айтар болсақ, сылақшы, сырлаушы, құрылыс ағаш ұстасы, паркетші, құрғақ өңдеу тәсілімен құрылыс жүргізу маманы, тас қалаушы, пеш салушы, автокөліктерді жөндеу слесары, газбен электрдәнекерлеуші және музыкалық аспаптар жасаушы мамандарды оқытады. Кәсіптік лицейдің әлеуметтік серіктестері Алматы қаласындағы құрылыс компаниялары болып табылатындықтан оқушылар өндірістік тәжірибеден өткен соң, сол нысандарда еңбек жолын жалғастыруға мүмкіндік берілген. Бір сөзбен айтқанда, лицей түлектері дерлік толықтай жұмыс орнымен қамтамасыз етілуі тиіс-ті. Бірақ, «қағаз жүзінде қатталып, сөз жүзінде айтылғанымен іс жүзінде расымен солай ма?». «Дөңгелек үстел» басына жиналғандар осы бір ортақ сауал төңірегіндегі ойларын ортаға салды.

Жиынға қатысушы қалалық білім басқармасы, аудандық әкімдік және қаладағы бірқатар жекелеген құрылыс орнының өкілдері алдында лицей директоры Ж. Бекболатов еңбек нарығындағы құрылысшы мамандардың қажеттілігі жөнінде 15 кәсіпорын арасында жүргізілген сауалнамаға орай жасалған талдау қорытындысымен таныстырды. Нәтижесінде, барлық жұмыс беруші мекемелер ең алдымен жұмысшылардың еңбек өтілі мен тәжірибесіне ерекше көңіл бөлінетіндігі анықталған. Керісінше, лицей қабырғасынан келген жас жұмысшыларға қойылатын талап жоғары, өзгелермен бірдей болғанымен төленетін айлық мәселесінде алшақтықтың бары байқалды. Айына 30-35 мың төңірегінде жалақы алатын маман осыдан кейін өзінің сол кәсіпорынға қажеттілігін қалай сезінеді? – деген назын да жасырмады. Директордың бұл сұрағына «Базис» құрылыс фирмасының өкілі:

– Біздің фирма ұзақ жылдан бері биік ғимараттар мен көпқабатты үйлер салумен айналысады. Сол себепті жұмысшыларға үлкен крандар, заманауи станоктармен жұмыс істеуге тура келеді. Өкінішке орай, лицей түлектері онымен жұмыс істемек түгілі, тіптен қай жағына тұрудың өзін білмейді. Қарапайым техникалық ережелерді сақтамайды. Былтыр ел аралап жүріп құрылысқа қажетті 18 баланы әрең тапқан едік, бүгін соның екеуі ғана қалды. Қолында құжаты болғанымен, жұмысқа қабілетсіз. Барлығына қояр талабымыз уақыт өткізу емес, жоспарға сай нысанды дер кезінде тапсыру. Ол үшін бір қолдан жең, бір жағадан бас шығара отырып команда болып жұмыс жасауымыз керек. Ал айлық мәселесі еткен еңбек пен атқарылған жұмыстың көлеміне қарай төленеді, – деп тұщымды жауап қатты. Бұл пікірге «Келешек» ЖШС өкілі де қосылды.

– Барлық лицей, колледждерде мамандық түрлері қайталана береді. Мысалы, сіздер газбен электрдәнекерлеуші даярлағандарыңызбен оған қосымша слесарлықты оқытпайсыздар. Арматурашылар мен слесарь-монтажшылар мүлдем жоқ. Болашақта білім басқармасымен келісе отырып, осындай мәселелерді қолға алсаңыздар жөн болар еді, – деген ұсыныс білдірді. Лицей директорының орынбасары Е. Степанова соңғы жылдары талапкерлер санының азайып кеткендігіне тоқталды.

Оқушылардың 20-30 пайызы өз еркімен оқығысы келетіндер. Қалғандары басқа барар жері болмағандықтан, уақытты бос өткізбес үшін келгендер. Жұмысшы болуға ынталы емес. Бұрын сылақшы-сырлаушы мамандығына 60 бала оқитын болса, қазір олардың саны 15-ке төмендеген. Ал еліміз бойынша құрылыстың қарқын алғандығын ескерер болсақ, әрине, маман жеткіліксіз. Сондықтан сіздер мен біздер әрқашан тығыз байланыста болып, жастарға қолдан келген көмегімізді көрсетіп, дұрыс бағыт берсек тығырықтан шығар жол да табылып қалар, – деді.

P.S.

Расымен де, еліміздің қоғамдық өміріне белсенді қатысатын, бәсекеге қабілетті мамандарды қалыптастыратын, озық әдістерді құрылысқа енгізу арқылы білім беру сапасы мен кәсіби деңгейді жақсартар болсақ, сырттан келетін жұмысшы күшіне бүгінгідей зәру болмас едік. Ел қаражатын Өзбекстан, Қырғызстан асырғанша өзімізде білікті мамандар даярлау үшін кәсіби-техникалық оқу орындарына ерекше көңіл бөлініп, сан қуаламай сапаға мән берілсе құрылыстың іргетасы мықты, босағасы әлдеқайда берік болатын еді деген ой түйіп қайттық.

Келбет

ӨМІР ЖОЛЫ ӨНЕГЕ

Әр адам өмірден ой түйеді. Баріміз де өмір атты ұлы жолда келе жатырмыз. Осы жолда әртүрлі адамдармен сапарлас боласың. Ғұмыр жолыңның мағыналы, көңілді, жарасымды болуы қасыңдағы жолдастарыңа да байланысты. Жақсымен жолдас болсаң, мерейің өседі. Өмірімде жақсы адамдармен үзеңгілес болғаным менің де бір бақытым шығар.

Серікбай НҰРҒИСАЕВ,
Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Нұр Отан» ХДП фракциясының мүшесі, экономика ғылымдарының докторы, профессор.

Жер жаннаты – Жетісу. Осыншама қысқа да мағыналы сөздің терең, ауқымды, әсерлі, ой-санаға кеңшама өріс пен мақтаныш сезімін ұялататын құдіретіне ылғи да таңғаламын. Осыдан туындайтын тамаша көркі жерде туып-өскен, ғасырлар бойы мекен еткен халық қандай болуы керек? Әрине, оған дәлел – тарихта аттары мәңгілік сақталып қалған батыр бабаларымыз бен ақындар, ғалымдар мен саясаткерлер, билер мен жазушылар және басқа да көптеген дара тұлға, елге еңбегі сіңген азаматшалар мен азаматтар. Бүгінгі күні сол ағалардың қатарына өзім айрықша сыйлайтын **Жомартқали Жексембиновті** жатқызар едім.

Сыр елінде қызмет жасап жүрген кезімде ел аузынан естіген мынадай оқиға желісі бар еді. Әз-Жәнібек ханның заманында тілі шешен әрі көлөнермен айналысатын елдің сыйлы бір қариясы болыпты. Ел ішінде жиі айтылып жүрген абыз қарияның даңқын естіген хан оны өзіне шақыртып, құрметті қонағы етіп, сый-құрмет көрсетіп, бірнеше сұрақ қойған екен. Әз-Жәнібек хан:

Халықтың қалаулысы кім?
Адамның жақсысы кім?
Кішілердің жақсысы кім?
Сөздің жаманы не?
Ақылды деп қандай адамды айтуға болады?,

– деп сұрапты.

Сонда қария ойлана келіп, былай деп жауап беріпті.

Халықтың қалаулысы – білімі көп дана.
Адамның жақсысы – мейірімді абзал ата-ана.
Кішілердің жақсысы – сүйкімді сәби бала.
Сөздің жаманы – нақақтан жабылған жала.

Әрбір адам жасы жиырмаға жеткенше балалықпен жүреді, жиырма мен қырықтың арасында жігіттікпен жүреді, қырық пен алпыстың арасында кісілікпен жүреді, алпыстан бастап ақсақалдық дәуір басталады. Міне, кімде-кім осы төрт кезеңді дұрыс өткізе білсе, сөйтіп өз өмірі өзгеге өнеге, сабақ боларлық болса, сондай адамды ақылды деп білемін деген екен.

Қараңыздаршы, абыз қарияның жақсы адамға қатысты Жәнібек ханға айтқан әрбір сөзінің қадір-қасиеті Жомартқали ағаның он-бойынан табылып тұр емес пе?! Аталған төрт кезеңді дұрыс өткізе білген, Жетісудың Құрметті азаматы Жомартқали аға бәрімізге үлгі болып, өмір жолы өскелең ұрпаққа өнеге, сабақ болып отыр.

Жомартқали ағаны қай жағынан алып қарасаң та, ауыз толтырып мақтанышпен айтарлықтай оның игілікті істері мол. Өзім ағамен қызметтес болмағанмен, өмірде бірге туған аға-інідей сыйласып жүрдік. Қызылорда облысы әкімі қызметінен Елордаға жаңа қызметке ауысқан кезімнен бастап, Абай көшесінде орналасқан үйде көрші тұрып, кешкі серуенге шыққан сәттерде жиі кездесіп, әңгімелесіп, ой бөлісіп жүрдік. Кейін депутаттар мекеніне айналған «Нұрсая» тұрғын үй кешенінде бір үйде, ал Талдықорған қаласындағы үйде бір кіреберісте көрші болып, бірге тұрдық. Қазақта: «Көрші ақысы – құдай ақысы» деген жақсы мақал бар. Жомартқали Байәділұлының «айналайын» деген аялы да салмақты сөзінде ағаның өзіне ғана тән қазақтың дарқан даласындай кеңдік, мейірімділік, жүректен-жүрекке жетер жылылық жатыр десе де болады.

Құдай қосқан қосағының есімін өз аузынан Алтын деп естіп келдік. Шынымызды айтсақ, біраз уақытқа дейін тәтеміздің аты Алтын деп ойлап жүріппіз. Ол ағамыздың құдай қосқан қосағын еркелетіп қойған екінші аты екен. Шын есімі Қалима екенін естігенде, таңғалдық. Жомартқали ағаның тәтемізді әлі күнге дейін «Алтын» деуінің өзі – сүйген жарға деген ерекше құрметі. Өзінің ешкімге ұқсамайтындығының дәлелі деуге болады. Осы сәтте көкейіме ақын Шөмішбай Сариевтің

Шыққан биік шыңдарым,
Тәңір сыйым – жұмбағым.
Өмірдегі бір бағым.
Жүрекпен жыр-әнім,
Екі көзім – шырағым,
Мөлдір таза бұлағым

– деген жыр жолдары ойға оралады. Жомартқали ағаның сүйген жарына деген ыстық лебізі осындай деп ойлаймыз.

Екеуі – құтты қара шаңырақ иелері. Оларға қарап, бұл отбасында нағыз үлгілі, тәрбиелі, текті ұрпақтар дүниеге келіп, өсіп-өніп, еліміздің іргетасын қалауға атсалысып, мемлекетіміздің болашағына өз үлестерін қосар балалары мен немере-шөберелері бар екені баршамызға аян. Куәмыз, бұл кісілерге қарап қызығамыз. Киелі шаңырақтарының өзіндік салт-дәстүрлері – бәрімізге де үлгі-өнеге, ұрпақтарына айта жүретін өнегелі өмірдің жарқын көрінісі.

Бұл әулет ұлттық өнерімізді қадір тұтады. Қазақ тарихына терең мән береді. Танымал ақын-жазушылармен сыйлас-сырлас болып келе жатқанын өз көзімізбен көріп жүрміз. Халқымыздың әні мен күйін тыңдап, жанына жарылғандай күш алады. Қазақтың қара домбырасын құрмет тұтатынын ерекше айтар едім.

Біз көрші болып тұрған соң, ағаның жолы маған бұйырып, Парламент Мәжілісіне депутат болып сайландым. Зайыбым, елге танымал әнші Гүлнұр Оралымбетова екеуміз үйіне шақырып, «Айналайын, өнердегі алар асуың биік болсын!» деп Гүлнұрға арнайы жасатқан домбыраны сыйлағанын ерекше құрмет санаймыз.

Жомартқали аға – тәлімгер ұстаз. Парламент Сенатына депутат болып сайланғанға дейін Талдықорған экономикалық-технологиялық колледжінің директоры болды. Қазір көптеген шәкірттері еліміздің өңірлерінде жемісті еңбек етіп жүр.

Жомартқали Байәділұлы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты болған кезде заң шығару ісімен жан-жақты айналысты. Жаңа заңдардың сапалы шығуы үшін өмірлік тәжірибесін алға тартып, нақты ұсыныстар берді. Мемлекет басшысының саясатын жүргізіп, Қазақстанның әлем алдындағы беделін арттыру мақсатында Парламенттің халықаралық қызметіне белсенді араласты, шетелдік парламентшілермен тәжірибе алмасып, тәуелсіз еліміздің алға қойған міндеттерін түсіндіруде ерен еңбек сіңірді. Сонымен қатар, Парламент қабырғасында еліміздің және Алматы облысының дамуы жөнінде өзекті мәселелер көтерді. Соның ішінде Алматы облысының орталығы Талдықорған қаласына көшірілген тұста өзекті мәселелер көп еді. Соның бірі – «Алматы–Талдықорған» автокөлік жолы. Осы жолдың заманауи қалыпқа келтірілуі, күрделі жөндеуден өтуіне бастамашы болды.

Ал мен депутат болып келген соң, Жомартқали аға өзінің көкейде жүрген ойларын ортаға салды. Өңірдегі жаңа проблемаларды шешу жолында бірігіп атсалысуға үндеді. Осы орайда, мен ұзындығы 141 шақырымды құрайтын «Қапшағай–Талдықорған» автожолының күрделі мәселесін көтеріп, Үкіметке депутаттық сауал жолдадым. Соның нәтижесінде «Қапшағай–Талдықорған» төрт жолақты және «Алматы–Қапшағай» алты жолақты жолдары жаңа заманға сай жөндеуден өткізілуде.

Міне, бүгінгі таңда ел алдында алғыс пен құрметке бөленген Жомартқали аға жетпіске толып, мерейлі шағында отыр.

Осы бір тамаша жанның әулетіне зор денсаулық, өмірдің бақытын, шаңырақтың шаттығын тілеймін! Қадірлі Жомартқали Байәділұлы! Қайрат-жігеріңіз талмай, халқымыздың мейіріне бөленіп, балаларыңыз бен немерелеріңіздің, жора-жолдас, әріптес достарыңыздың алдында баянды ғұмыр кеше беріңіз дегім келеді!

Балықшылар тойы

Жақында берісі – Кепбірлік, арісі – Қарақұм ауылдарында айдын айбынгерлерінің төл мерекесі салтанатты жағдайда тойланып өтті. Көгілдір Көкше теңізден ырысын сүзіп, жылдың аумалы-төкпелі кезеңінде балық аулайтын теңіз тарландарының мерейі үстем болды.

Көкше теңіз мерейі

Кепбірлік ауылы айналдырған бірер жылдың көлемінде көркейіп, гүлденіп келе жатқанының куәсі болып келеміз. Өткен жылдары ауылда мейрамхана, жаңа дүкендер бой көтерсе, биыл Алланың жердегі үйі – заманауи үлгіде қаланған айшықты мешіт көз қуанышына айналып үлгерді. Әсіресе, биыл аудан орталығынан сонау 200 шақырым жерде орын тепкен ауылға ұялы байланыс орнатылып, жұртшылық игілігі үшін ауызсу тартылды. Ауыл тұрғындарының көкейінде жүрген, көптеген жылдар бойы шешімін таппаған ауызсуды үйлерге кіргізіп, мемлекеттік бағдарламаның жақсылығын көріп отыр. Бір айта кетерлігі – қазіргі таңда ауылға соңғы үлгідегі медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілетін аурухана салынып жатыр. Әлбетте, мұның бәрі балықшылар қауымына мемлекет, облыс, аудан басшылығы тарапынан жасалып жатқан игі іс-шаралар дегеніміз лазым.

Кепбірлік ауылының Мәдениет үйінде аудан әкімі Сұлтан Дүйсембинов жазда асау толқынмен алысып, қыста сүйменімен мұз ойып, ақ маржан сүзген балықшылар қауымын төл мерекесімен шын жүректен құттықтап, зор денсаулық, отбасыларына амандық, еңбектеріне толайым табыс тіледі. Әрі қиын да қызықты кәсіпті нәсібіне айналдырған «Жаңа өндіріс» шаруа қожалығының басшысы Өмірхан Байғозинов, балықшылар бригадирі Қазкен Көпбаев, балықшылар – Ерлан Сердалинов, Дүйсенбек Бекжүнісов, Алтай Хаметов сынды бірқатар балықшыларды Алғыс хаттармен марапаттады.

Кешілік алдында сөз кезегін алған ауыл әкімі Мақсат Төлегенов, аудандық ақсақалдар алқасының төрағасы Егеубай Найманбаев барша балықшылар мен олардың отбасыларына кел-кәсір қуаныш, молшылық пен бақыт тіледі.

Салтанатты жиыннан соң ауыл өнерпаздары мен аудандық Мәдениет үйінің жезтаңдай әншілері балықшыларға концерт қойып, көңілдерін бір серпілтті. Алма Досова мен Серікжан Масжанов «Астана», «Таттім-ау» әндерін шырқаса, Элмира Жантөмірова туған елге деген сезімін Н. Тілендиевтің «Сағындым» әнімен басты. Аудандық Мәдениет үйінің бишілері мың бұрала билеген татар, өзбек билері де көпшіліктің көңілінен шықты. Мәдениет үйінің сыртында қазақ күресі, арқан тарту, волейбол секілді ойын түрлері ойналып, жұрттың дүбірін қыздырды.

Ертеңінде балықшылар той көлдің арғы бетіндегі Қарақұм ауылында жалғасын тапты. Ауылдық Мәдениет үйінде өткен басқосуда аудан әкімінің бірінші орынбасары Айбек Қонақбаев асау толқынмен алысып, айдыннан балық аулау кәсібін нәсіп еткен жүректі де білекті, ері табанды балықшыларды кәсіби мерекесімен құттықтады. Ерен еңбегімен еленгендерге аудан әкімінің Алғыс хаттарын табыс етті. Олардың қатарында балықшылар бригадирі Алтай Бақтаев, Қырықбай Мәдібеков, Мұрат Белендинов, Қайырғали Байекенов секілді абыройлы азаматтар бар.

– Төл мерекелеріңіз құтты болсын! Аралым – арым дейді, Балқашым – бағым дейді. Балқаш Аралдың кебін кимесін. Елімізде тек қана қуаныш болып, мереке-береке жетсін, – деді ауыл әкімі Мақсат Төлегенов балықшылар қауымына.

Мұнда да ауыл, аудан өнерпаздарының концертіне кезек берілді, ұлттық спорт түрлерімен жарыс өткізілді. Ауыл жұрты бір-бірін төл мерекесімен құттықтап, арқа-жарқа болысты. Осылайша, балықшылар тойы өз мәнінде тойланып өтті.

Асхат ӨМІРБАЕВ.
ҚАРАТАЛ АУДАНЫ.

Бала – болашағымыз



Алимент төлеуден қашқан әке

Облыстық ата-аналар комитеті және «Мүшелтой» балалар мен жасөспірімдер клубының ұйымдастыруымен «Ана мен жасөспірімдердің құқын қорғау – бәріміздің міндетіміз» тақырыбында семинар-тренинг өтті.

Қажет АНДАС
"Жетісу"

Құқық қорғау саласының өкілдері қатысқан жиналыста ана мен баланың құқын қорғау және жасөспірімдердің кәмелеттік жасқа толғанға дейінгі алимент төлемдерін өндіру бойынша жалғызбасты аналардың құқықтық сауаттылығын арттыру, психологиялық қолдау көрсету мәселелері көтерілді. Шараны «Алматы облыстық ата-аналар комитеті» және «Мүшелтой» балалар мен жасөспірімдер клубының төрайымы Дания Қыдырбаева жүргізіп отырды.

Алдымен семинар-тренингке келген қатысушылармен таныстырып өткен Дания Салимбайқызы жиналыста көтерілетін мәселеге қатысты құзырлы органдардың қызметкерлері, қоғамдық бірлестіктер, дін және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерінің қатысуымен облыс прокурорының өкімімен жұмыстық топ құрылғаны туралы айтып кетті. Жұмыстық топ мүшелерінің тиісті іс-шараларын жүзеге асыру мақсатында осы семинардың мәні зор екенін де жеткізді. Осыдан кейін сөз кезегін облыстық прокуратураның соттарда өкілдік ету басқармасының прокуроры Ануар Омарова берді. Ол «Алимент әке бола ма?» атты баяндамасында сот актілері негізінде жасөспірімнің кәмелеттік жасқа толғанға дейінгі алимент төлемдерінің өндірілуі дұрыс деңгейде жүзеге аспауы мемлекет тарапынан алаңдатарлық жағдайға жеткенін айтты. Сол қатарда облыстық сот актілерін орындау департаменті басшысының орынбасары Руслан Исаев «Алматы облысы бойынша сот актілерінің орындалуы» туралы баяндамасында облыс бойынша алимент төлеуден жалтарып жүрген борышкерлердің сот актілерін орындамаған үшін әкімшілік жауапкершілікке тартуға арналған шараларды қаншалықты қолданғаны туралы іс-тәжірибесімен бөлісті.

«Жасы кәмелетке толмаған жасөспірім балалардың пайдасына өндірілген алимент бойынша сот шешімінің орындалуы» тақырыбындағы баяндамасында облыс бойынша жеке сот орындаушыларының өңірлік алқасының төрайымы Гүлбақыт Сүлейменова әр балаға есептелген алимент төлемін өндіруде жалғызбасты аналардың құқықтық сауаттылықтарын арттырудың қаншалықты қажет екенін ерекше атап кетті.

Келесі кезекте осы семинарға келген құзырлы органдардың қызметкерлеріне аналар тарапынан өздерін мазалап жүрген сұрақтары қойылды. Атап айтсақ, төрт баланың анасы Осипова Ұлтуған жалғызбасты ана қатарында тұрғанын, бар қиыншылықты өзі көтеріп, құзырлы органдардың қызметкерлерімен бірлесе жұмыс істеу барысында әлі де қажетті алимент төлемін тұтас өндіре ала алмай жүргенін айтып, осы семинарда тағы да шағымданып, қызының денсаулығы алаңдататынын, оған қаражат жетпейтінін де айта кетті. Облыс прокуратурасының соттарда өкілдік ету басқармасының прокуроры заңға сүйене келе қажетті шараларды қолданатынын тағы да еске салды. Ал, Дания Салимбайқызы баласына қажетті дәрі-дәрмекті тегін алуына қол ұшын беріп, өз тарапынан қажетінше көмек көрсетуге ат салысатынын айта кетті. Баймолда Назгүл есімді ана да, өзін толғандырып жүрген сұрағына қажетті жауап алды. Жалғыз басты ана Мұқанова Айнұр алимент төлемінен жалтарған баласының әкесіне қаншалықты реніште екенін айтып, бала мен аналардың құқығын қорғау мақсатында құрылған жұмыстық топтан барынша көмек алуға, құқықтық сауаттылығын арттыруға, психологиялық қолдау көруге талпынды.

Семинар соңында «Мүшелтой» балалар мен жасөспірімдер клубының психологі Талшын Есенғалиқызы психологиялық тренинг өткізіп, семинарға қатысушыларға сауалнама жүргізді.

Алматы облыстық мәслихатының шешімі

«Талғар қалашығы», «Қойлық қалашығы», «Қарамерген қалашығы» тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтары мен қорғалатын табиғат ландшафты аймақтарының шекараларын бекіту туралы

28 маусым 2012 жыл №18-118

Алматы облысы әділет департаментінде 2013 жылғы 15 шілдеде 2394 нөмірмен тіркелген.

Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Заңының 36-бабының 2-тармағына сәйкес, Алматы облысы әкімдігінің 2013 жылғы 27 маусымдағы №05-33/4206 ұсынысы негізінде, Алматы облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Талғар ауданында орналасқан «Талғар қалашығы» тарихи-мәдени мұра объектісін қорғау аймағының, құрылыс салуды реттеу аймағы мен қорғалатын табиғат ландшафты аймағының шекаралары, осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Сарқан ауданында орналасқан «Қойлық қалашығы» тарихи-мәдени мұра объектісін қорғау аймағының, құрылыс салуды реттеу аймағы мен қорғалатын табиғат ландшафты аймағының шекаралары, осы шешімнің 3, 4 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

3. Балқаш ауданында орналасқан «Қарамерген қалашығы» тарихи–мәдени мұра объектісінің қорғау аймағының, құрылыс салуды реттеу аймағы мен қорғалатын табиғат ландшафты аймағының шекаралары, осы шешімнің 5, 6 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Серік Мейірханұлы Мұқановқа жүктелсін (келісім бойынша).

5. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихат сессиясының төрағасы
_____________ С. ДОНБАЕВ.

Облыстық мәслихат хатшысы
_____________ Е. КЕЛЕМСЕИТ.

Алматы облыстық мәслихатының 2013 жылғы 28 маусымдағы «Талғар қалашығы», «Қойлық қалашығы», «Қарамерген қалашығы» тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтары мен қорғалатын табиғат ландшафты аймақтарының шекараларын бекіту туралы» №18-118 шешіміне 1 қосымша

Талғар ауданында орналасқан «Талғар қалашығы» тарихи-мәдени мұра объектісін қорғау аймағының, құрылыс салуды реттеу аймағы мен қорғалатын табиғат ландшафты аймағының шекаралары

№ р/с	Ескерткіштің атауы, мерзімділігі	Типологиялық тиесілігі	Алаңы, га				Барлығы
			Қалашық	Қорғау аймағы	Құрылыс салуды реттеу аймағы	Қорғалатын табиғат ландшафтының аймағы	
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Талғар қалашығы VIII-XIV ғасыр	Археологиялық	20,8	55,7	27,0	281,5	385

Алматы облыстық мәслихатының 2013 жылғы 28 маусымдағы «Талғар қалашығы», «Қойлық қалашығы», «Қарамерген қалашығы» тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтары мен қорғалатын табиғат ландшафты аймақтарының шекараларын бекіту туралы» №18-118 шешіміне 2 қосымша

Талғар ауданында орналасқан «Талғар қалашығы» тарихи-мәдени мұра объектісін қорғау аймағының, құрылыс салуды реттеу аймағы мен қорғалатын табиғат ландшафты аймағы шекараларының карта-схемасы



1. Қалашықтың алаңы: 20,8 га.
2. Қорғау аймағының алаңы: 55,7 га.
3. Құрылыс салуды реттеу аймағының алаңы: 27,0 га.
4. Қорғалатын табиғат ландшафты аймағының алаңы: 281,5 га.
5. Барлығы: 385 га.

Алматы облыстық мәслихатының 2013 жылғы 28 маусымдағы «Талғар қалашығы», «Қойлық қалашығы», «Қарамерген қалашығы» тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтары мен қорғалатын табиғат ландшафты аймақтарының шекараларын бекіту туралы» №18-118 шешіміне 3 қосымша

Сарқан ауданында орналасқан «Қойлық қалашығы» тарихи-мәдени мұра объектісін қорғау аймағының, құрылыс салуды реттеу аймағы мен қорғалатын табиғат ландшафты аймағының шекаралары

№ р/с	Ескерткіштің атауы, мерзімділігі	Типологиялық тиесілігі	Алаңы, га				Барлығы
			Қалашық	Қорғау аймағы	Құрылыс салуды реттеу аймағы	Қорғалатын табиғат ландшафтының аймағы	
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Қойлық қалашығы VIII-XIV ғасыр	Археологиялық	85,2	30,6	60,0	55,5	231,3

Алматы облыстық мәслихатының 2013 жылғы 28 маусымдағы «Талғар қалашығы», «Қойлық қалашығы», «Қарамерген қалашығы» тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтары мен қорғалатын табиғат ландшафты аймақтарының шекараларын бекіту туралы» №18-118 шешіміне 4 қосымша

Сарқан ауданында орналасқан «Қойлық қалашығы» тарихи-мәдени мұра объектісін қорғау аймағының, құрылыс салуды реттеу аймағы мен қорғалатын табиғат ландшафты аймағы шекараларының карта-схемасы



1. Қалашықтың алаңы: 85,2 га.
2. Қорғау аймағының алаңы: 30,6 га.
3. Құрылыс салуды реттеу аймағының алаңы: 60,0 га.
4. Қорғалатын табиғат ландшафты аймағының алаңы: 55,5 га.
5. Барлығы: 231,3 га.


Алматы облыстық мәслихатының 2013 жылғы 28 маусымдағы «Талғар қалашығы», «Қойлық қалашығы», «Қарамерген қалашығы» тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтары мен қорғалатын табиғат ландшафты аймақтарының шекараларын бекіту туралы» №18-118 шешіміне 5 қосымша

Балқаш ауданында орналасқан «Қарамерген қалашығы» тарихи-мәдени мұра объектісін қорғау аймағының, құрылыс салуды реттеу аймағы мен қорғалатын табиғат ландшафты аймағының шекаралары

№ р/с	Ескерткіштің атауы, мерзімділігі	Типологиялық тиесілігі	Алаңы, га				Барлығы
			Қалашық	Қорғау аймағы	Құрылыс салуды реттеу аймағы	Қорғалатын табиғат ландшафтының аймағы	
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Қарамерген қалашығы IX-XIII ғасыр	Археологиялық	10,7	7,1	18,9	25,3	62,0

Алматы облыстық мәслихатының 2013 жылғы 28 маусымдағы «Талғар қалашығы», «Қойлық қалашығы», «Қарамерген қалашығы» тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтары мен қорғалатын табиғат ландшафты аймақтарының шекараларын бекіту туралы» №18-118 шешіміне 6 қосымша

Балқаш ауданында орналасқан «Қарамерген қалашығы» тарихи-мәдени мұра объектісін қорғау аймағының, құрылыс салуды реттеу аймағы мен қорғалатын табиғат ландшафты аймағы шекараларының карта-схемасы



1. Қалашықтың алаңы: 10,7 га.
2. Қорғау аймағының алаңы: 7,1 га.
3. Құрылыс салуды реттеу аймағының алаңы: 18,9 га.
4. Қорғалатын табиғат ландшафты аймағының алаңы: 25,3 га.
5. Барлығы: 62,0 га.

ЖЕР-ЖАҺАН
Әлем жаңалықтары

Пенелопа Крус қызды болды



Бала көтергенін ұзақ уақыт бойы жасырып келген Голливуд жұлдызы Пенелопа Крус пен күйеуі Хавьер Бардем екінші рет балалы болды.

Испандық актриса мен актер Хавьера Бардемнің қызы дүйсенбі күні Мадрид клиникаларының бірінде дүниеге келді.

Крус пен Бардемнің қосылғанына 5 жыл толды, ал 2010 жылы олар некесін қиған болатын. 2011 жылы отбасында бірінші бала – Лео Энкинас Бардем атты ұл пайда болған. Осы бір қуанышты күні баланың әкесі «Үздік актер» категориясы бойынша «Оскар» сыйлығын иеленген.

Крус пен Хавьер өміріндегі маңызды оқиғаларды жария еткісі келмейді. Жұп өздерінің қарым-қатынастарын барынша жасырып келген болатын. Ал тұңғышы дүниеге келісімен оны журналистердің назарынан аластауға тырысуда.

Қар барысына қауіп төнді



Таяуда жарияланған зерттеуге сүйенсек, әлемдегі кашемирге деген сұраныстың еселенуі онсыз да жойылудың алдында тұрған қар барысына немесе қар қабыланына қауіп төндіруде.

Бұл туралы Би-Би-Си хабарлайды.

Кашемирге сұраныстың артуына байланысты соңғы 20 жылда Орталық Азияда көбейтілетін үй кашемир ешкілерінің саны үш есе артқан. Нәтижесінде аталмыш ешкілер қар барысының табиғи мекендейтін ортасына еніп барады.

Бұл шөпқоректілерге әсер етіп отыр. Оларға киіктің бөкені (Saiga tatarica), тибеттік бөкен (Pantholops hodgsonii), көпшілікке көк қошқар ретінде танымал гималай қошқары (Pseudois nayaur) жатады.

Кашемир ешкілері қар барыстарының табиғи ортасында жайылып, олардың азығына ортақтасқандықтан, барыстар ешкілерге шабуылдауға мәжбүр.

Өзінің табынын қорғау үшін бақташылар қар барыстарының көзін құрта бастады.

Асыранды баланы ұрғандығын мойындады



Суиннлер отбасы Ресейден асырап алған ұлты орыс балаға физикалық күш көрсеткендігін мойындады, деп жазады Росбалт.

Суиннлер Эми мен Мэтью 2006 жылы үш жасар Даниил Кручининді асырап алған болатын. Былтыр жазда бала көршілерінің үйіне қашып кеткен, от кезегінде олар баланың денесіндегі соққының іздерін көріп, полицияға хабар берген.

Жұп Даниилға қатысты күш қолданғандығын мойындады. Оны анық бейбеумен сабаған, мұны күйеуі мен биологиялық балалары да растап отыр.

Эми Суинни айыппұл мен түрме күтіп тұр. Ал Мэтью Суинни қылмысқа қатысы болғандығы үшін шартты түрде екі ай бас бостандығынан айырылды. Сот отырысы желтоқсан айында өтеді.

Қытайда жер сілкініп, 360 мектеп қирады



Қытайда 22 шілде күні жер сілкініп, 16 мың баланы оқытатын 360 мектеп қирады, деп жазды bag.kz.

Соңғы деректер бойынша, 94 адам қаза болып, 900-і жараланған. Табиғи апаттан 52 мыңға тарта ғимарат толық қираған, тағы 240-ы қатты бұзылған. Зардап шеккен аудандардан 227 мың адам қауіпсіз орынға көшірілді, 580 адам шарасыз күйге түскен.

Жер сілкінісі жергілікті уақыт бойынша, дүйсенбі күні 07:45-те болған. Эпицентр Ганьсу провинциясында болған. Жер сілкінісінің ошағы шамамен 20 шақырым тереңдікте. Жергілікті билік орындарының деректері бойынша, 6,6 балдық негізгі жер сілкінісінен кейін 370 афтершок болған. Жерасты дүмпуінен көптеген елді мекен зиян шеккен. Құлаған ғимараттардың басым бөлігі Мейчуань және Пума қалаларында орналасқан.

Болгарияда қақтығыс болды




Болгариядағы қарсылық акциясы кезінде бірнеше адам жараланды. Шеруге шыққандар парламент ғимаратын қоршап алып, оның соңы полициямен қақтығысқа ұласты.

Олар «Мафия!», «Отставкага!» деп ұрандап депутаттар мінген автобусты парламент ғимаратына өткізбей қойған. Салдарынан шеруге шыққан жеті адам, полиция жағынан екі адамның зардап шеккені хабарланды.

Еуропадағы ең кедей ел болып табылатын Болгарияда үкіметке қарсы акциялар қырық күннен бері жалғасып келеді. Күнде София көшелеріне мыңдаған адам шеруге шығып, социалистердің жаңа үкіметінің отставкаға кетуін талап етеді.

Шеруге шыққандар негізінен қауіпсіздік қызметі басшылығына медиа магнаттардың бірінің ұсынылғанына наразы болған. Олар мұны мемлекеттік органдардағы жемқорлықтың өскені деп бағалайды. Осы тағайындау жөніндегі жарлық қайтарып алынғанымен, шеруге шығушылар жемқорлықты жойып, кедейлікпен күресте түбегейлі реформаларды талап етіп келеді.

Рим папасының сапары тәртіпсіздіктерге ұласты



«Дағдарыс кезінде қыруар қаражат жұмсалған сапардан не пайда?» деген наразылықпен бразилиялықтар елде ойран салуда.

Рим папасының сапарына мемлекет қазынасынан 53 млн. АҚШ доллары жұмсалған. Осыған қарсылық білдірген бұқараны Рио-де-Жанейро полициясы баса алмады. Ашынған топ тәртіп сақшыларына жанғыш қоспасы бар бөтелкелерді жаудырған. Құқық қорғаушылары өз кезегінде суатқыштар мен көзден жас ағызатын газ қолданды. Жанжалдан 1 полицей жарақат алып, 2 адам қамауға алынды. Айта кететіні, Рим папасы сапарының дүрбеленге ұласуы әлетке айналып бара жатқандай. Бұған дейін понтифик діни рәсімін өткізбек болған шіркеуде жарылғыш зат табылған. Әскерилер оны дер кезінде залалсыздандырып үлгерген.

ЖЕР-ЖАҺАН
Әлем жаңалықтары

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Жетісу

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ● № 25-27 (18015) Сейсенбі, 3 наурыз, 2015 жыл. ● e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді

▲ ХАЛЫҚ ПЕН АЛЫП

Сонау 1928 жылы Қаскелең ауданы болып құрылып, кейіннен Жамбыл ауданы болып өзгерген өлкенің тарихы терең. Ақындарын былай қойғанда, туған жердің әр сүйемін білектің күші, найзаның ұшымен қорғаған батырлардың сүбелі жатқан жер гой бұл. Сондай-ақ, бір ғана Жамбыл ауданының өзінен 100-ге тарта журналист шыкса, солардың ішінде арысы қазақ, берісі Жетісу басшының дамуында өзіндік қолтаңбасын қалдырғандар қаптама?! Сол сияқты түтін тартқан майы шығатын мекеннің бүкіл жақсылығына жаршы, жетістіктеріне жарнамашы болып келе жатқан газетіміздің мәйекті сөзін кастерлейтін бір қауым оқырманы осы ауданда. "Ауылына қаран, азаматын таны" дегендей, басқа да салалағы өрелі тұлғалар жеткілікті. Сол даналыққа құрметпен қаран, Жамбыл бабамыздың басына келіп тәу етіп, көнелі жердің батасын алуға асығатын облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ жұмыс сапарымен Жамбыл ауданына барды. Мақсаты жиырмасыншы ғасырдың Гомері атанған Жамбыл бабамыздың туған күніне арналған мерекелік шараға қатысу болса да, батырлар мен ақындар елінің тыныс-тіршілігімен танысуды қағыс қалдырмалы.



ЖҮЗ ЕМЕС, МЫҢ ЖАСАЙДЫ
ЖАМБЫЛ БАБА

Жолы жаралып, жүгі айқын ауданы тұрғындарының бүгінгі әлеуметтік тұрмысы да жақсы, экономикалық табыстары да ілгерілеген. Ауданға алғашында ағаралы бағыт ұстанып, ауылшаруашылығы саласына негізделіп құрылса, кәзіргі кезде өнеркәсіп саласының дамуы қарқын алыпты. Құдай шетке де береді гой, биыл Жамбыл ауданында Елбасы ең басты басым бағыттарын біріне айналдырған әлеуметтік салаға көңіл бөлуге мүмкіндік берерлік көкжиектер кени түсіпті. Көп өндіріс қайталап іске қосылып, жаңа жұмыс орындары ашылыпты. Шағын және орта кәсіпкерлік дағдыға жолға түсті. Сондай-ақ, өңдеу саласын жетілдіріп, Алматы өңірінде азық-түлік белдеуін жасап, облыстың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге үлкен үлес қосылған. Ауданда түрлі шығыстардың көптен салынып, дағдарыс жағдайында инвестиция тартылуы өскелең қарқынды айқындайды. Құрылыс – өмір десек, ол да қанат жалда. Сонымен бірге, рухани құндылықтар да назардан қағыс қалмаған. Мерекелік шара басталмас бұрын облыс әкімі Амандық Баталов пен аудан әкімі Жандарбек Далабаев бастаған топ Жамбыл бабамыз жатқан кешенге келді.

– Мен – Оңмұқұл, Жамбылдың немересі.

Өлеңнің ұшан-теңіз кенересі.
Жүкеміз бізге мирас сөз қалдырған.
Айтсын деп немере мен шөбересі. – деп жырлайтын бабамыздың тұңғы Өлмұқұл Жамбылов та осы жерден табылды.

Осы Өлмұқұл атамыз бастаған қариялармен көз алыстың ескерткішінің басына түн шоктарын қойып, перзенттік парызын өтеді. Оң жағына Нұрғиса Тілендиевтей сирек талант несін алып жатқан ақынның аруағына мұсылмандық жолымен Құран бағыштады, облыс әкімі атынан құрбандық шалынды.

Осыдан кейін өнір басшысы бірден мұражай орналасқан аумаққа бет түзеді. Оның мәнін Амандық Габбасұлы аудан әкімі Жандарбек Далабаевқа келесі жылы бабамыздың туғанына 170 жыл толатынын ескертіп, сол шараға биыздан бастап лайықталу керектігін міндеттеген кезде барын түсіндік. Соған орай мұражайдың ішкі сыртына толықтай күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілетінін меңзеген Амандық Габбасұлы нысанның жобалық-сметалық жұмыстарын жүргізгенде ескеретін тұстарды көрсетті әрі мұны ауданэкономикалық пайдаланды ескере отырып, тезірек бастауды тапсырды.

Осыдан кейін көпшілік Жамбыл ауылдық Мәдениет үйіне бет алды. Алдымен Мәдениет үйінің фойесіне орналасқан Сүйінбай, Үмбетәлі Кәрібаев атындағы мұражайлардың көрмесін тамашалап, Мәдениет үйінің концерт залына бас сұқты. Пактаганы көпшіліктің көңілінен шығып отырғанын аңғардық.

– Қалірменді қауым, камбатты жерлестер! – деп бастаған өнір басшысының сөзі ары қарай ел мен жердің құты үшін туған Жамбыл бабамыз жайлы ақжарма оймен өрілді. – Жұт жасаған жыр алыбы, жиырмасыншы ғасырдың Гомері атанған Жамбыл Жабаевтың туған күніне орай өткізілген мерекелерінің құтты болсын! Бұл шара, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев атап көрсеткендей, Жамбыл баба есімін ұрпақ санасында мәңгілік қалдыру мақсатында өтіп отыр. «Жамбыл менің жай атым, халық менің шын атым», – деп халықты бөлік қойып, жоғары бағалаған ақынды ардақ тұтқан елі бүгін өнірді дүбірге бөлеп, баба рухын асқақтатуда.

«Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан сияқты, оны жинап, халқының қолына тапсыру әркайсысымыздың азаматтық борышымыз», – деп еді Сәкен Сейфуллин. Жамбыл жырдың тоғысқан бұлағы, өшпес шамшырағы, тозбайтын асылы. Шығармалары әлемнің бірқатар тіліне аударылып, дүниежүзіне тарады. Осы арқылы қазақ халқының сөз өнерін дүниеге паш етті. Ұстазы Сүйінбайдан бата алған ұлы жырау ерлік пен батырлықты, бірлікті жырлады.

Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,

Ел бірлігін сақтаған татулықты айт, – деген атамыздың асыл сөзі уақыт өтіп, заман өзгерсе де маңызын жоғалтпай, еліміздің биік мұраттарының бірі болып отыр. Оның дәлелі – тәуелсіздігіміздің 20 жылдық мерейтойын өткізу де жоспарланып отыр. Бұл дәстүр жалғастығы, ұрпақтар сабақтастығының ұйытқысы, – деді ол.

Осыдан кейін Өлмұқұл Жамбыловқа шапан жауып, күрмет көрсетті. Сондай-ақ, өнір басшысы көпшілікке алдағы уақытта Сүйінбай мен Жамбыл туған өңірде өнер мектебін салуға 13 миллион теңге бөлінгенін, Жамбыл ауылын абаттандыру мен қоғалдандыруға, елді мекеннің автожолдарын, электр желісін жөндеуге, ауызсумен қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстардың басталғанын, сол қатарда 140 орынды балабақша салынатынын, Жамбыл музейі мен ақын атындағы ауылдың орта мектебін күрделі жөндеу жұмысының жоспарланғанын жеткізді. Бұл жаңалық ауданның тұрғындарын ризашылыққа бөледі. Өнір басшысынан кейін мінберге көтерілген қарт қаламгер Мынбай Рәш, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының бірінші орынбасары Ғалым Жайлыбай, орынбасары Жанарбек Әшімжан, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Жұматай Шаштайұлы Жамбыл бабамыздың өмір мен шығармашылығы жайлы кеңінен айтып өтті. Сол орайда ҚР Парламент Сенатының депутаты Ләззат Тұрлашевтің құттықтау хаты оқылды. Мазмұнды өткен кездесуде ауданның дуалы ауызды ақсақалдары да ата-баба жолымен ақ батасын беріп жатты. Шын ықыласпен берілген батаның сауабы себепкілеп тұрғандай сезімді басты ескертпедік.

– Әлемге аты жайылған,
Ақсуды әнімен қайнарған,
Жебен жүрген киесі,
Ақпа жырдың иесі,
Көк жайлаудың төресі,
Сүйінбай, Жамбыл жері осы, – деп Орысбай Әбділлаұлы жырлағандай, бұл өңірде ән айтпайтын, өлең шығармайтын адам кемде-кем көрінді бізге. «Сүйінбай сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің Жамбыл күніне арнайы дайындаған концерттік бағдарламасын көріп отырып осындай ойға кеттік. Басында Жамбыл бабамызға ұлы Алапайдың қайтыс болғанын естіртуге келген Кенен, Үмбетәлі бастаған ақындардың бір сәттік көңіл бұлқынысын өрнектеген көрініс көрсетілді. Бабамыздың «Ел едің күт дарыған, Есім, Малай» атты шығармасымен шымылдығын ашқан концерттік бағдарламада Жамбыл бабамыздың өлеңіне жазылған әндермен қатар Б. Ақтаев, Ж. Сәргекенов, Л. Қарашева, Е. Жұматаев, Б. Есебаев сияқты ақын, сазгерлердің туындылары шырқалып, күйлер шертілді, мың бұралған билер де шараның шырайын аша түсті. Осы ретте тәртымды өнер көрсетіп, жүртшы ықыласына бөленген қылқобызшы Ж. Сәрсекенова мен А. Жетпісбаевага, ҚР мәдениет ісінің үздігі Айман, Шолпан Дауыдоваларға, дәстүрлі және эстрадалық әншілер С. Әбілов, С. Назылов, Ж. Ілияс сияқты күйшілерге, ансамбльдің директоры Данияр Сқаковқа, көркемдік жетекшісі Гүлнар Жұмағалықызына, биішілерді жаттықтырған Нарғиз Оңдоваға, музыкалық жетекшісі Сардарбек Әбіловаға облыс әкімінің ықылас гүлі табық етілді.

Жамбыл күніне арналған шара осындай дәрежемен ерекшеленді.

Жамбыл ауданы.

«Жетісу»
Қажет АНДАС



Суреттерді түсірген А. ҚАЖЕКЕ.

Үздіктер марапатталды

«Нұр Отан» партиясының Талдықорған қалалық филиалы белсенділерімен, еңбекқорлығымен ерекшеленеді. Партия мүшелері маңызды мәселелерді талқылау, тұрғындарды толғандырған сауалдардың шешімін табу сенілді аса жауапты істердің оң шешілуіне белсенді түрде атсалысады.

Мұндай пікірлер «Нұр Отан» партиясының 16 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған салтанатты жиында айтылды. Жиынды «Нұр Отан» партиясы Талдықорған қалалық филиалының төрағасы Ермек Алпысов ашып, жүргізіп отырды. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы аясында партияның қол жеткізген жетістіктерін саяси тұрғыда сараптау партия доктринасында көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу, атқарылған жұмыстардың тиімділігі мен мүмкіндігін ескіеу қалалық филиал жұмысын одан әрі қарзал дамыту партия водагерлері мен белсенділерін марапаттау мақсатында ұйымдастырылған шараға «Нұр Отан» партиясы Алматы облыстық филиалы төрағасының орынбасары Садық Өбдіқадыров қатысты.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында айтылған басымдықтар мен тапсырмаларды жүзеге асыру мақсатында өткізілген жиында ақсақалдар алқасының бастауыш партия ұйымдарының өкілдері қатысып, өз пікірлерін ортаға салды. «Жарық» бастауыш партия ұйымының төрайымы Нұржамал Өбеуова мерекелік шараға жиналған көпшілікті «Нұр Отан» партиясының 16 жылдық мерейтойымен құттықтады.

– *Бүгінгі күні бастауыш партия ұйымдарының әлеуетін нығайтуға бағытталған көптеген шараларды жасалып жатыр – деген Нұржамал Құдайбергенқызы атқарылған жұмыстардың тізбесіне тоқталып өтті. – Бастауыш партия ұйымдарының материалдық негізі нығайып, саяси құрамы мен бюро мүшелері жаңартылды. Биылғы «Сапа менеджменті» тақырыбында бастауыш партия ұйымдарының төрайымдары мен төрағаларын оқыту курстары ұйымдастырылды. Тағы бейнеконференциялар арқылы онлайн дәрістер жасалды. Өздеріңізге белгілі «Партияның 50 тұлғасын, «12 жоба» сынды көптеген іс-шара атқарылып жатыр. Одан бөлек, құрамында 10 мың мүшесі бар қалалық партия филиалы бірталай істің ұйытқысы болып, биік пен халық арасындағы алтын көпір болып отыр.*

Жиынды қорытындылаған Ермек Алпысов белсенділігімен көзге түскен бірқатар азаматты партияның Құрмет грамотасымен марапаттап, жаңа қабылданған партия мүшелерне партиялық билет табыстады. Жиын соңы қалалық партия филиалының қоғамдық қабылдауына ұласты.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

Береке бастауы

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына, руханн ортаның қалыптасуына, мемлекеттіліктің тұрақтылығына еліміздің береке-бірлігі, ұлтаралық татулық пен келісім ықпал етіп келеді. Мұны көзі ашық адамның бәрі жақсы біледі. Әсіресе қонағын Құдайындай сыйлайтын қазақ халқының қонақжай, дарқан мінезі ұлттар мен ұлыстардың алаңсыз тірлік кешуіне әсер етіп отыр. Бұған құрылғанына 20 жыл толып отырған Қазақстан халқы Ассамблеясының да тигізіп отырған әсері бар.

1995 жылы 1 наурызда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылған болатын. Мемлекет басшысы жанындағы консультативті-кеңесші орган міндетін атқарып отырған Ассамблеяның басты мақсаты – еліміздегі барлық этностарды топтастырып, татулық, достық, бірлікті паш ету және этностардың тілі мен салт-дәстүрін сақтау. Бұл шындығында қолұзатты, көп дәнді мемлекеттің тұрақты дамуына ықпал еткені анық. Себебі, өлемдік өркениеттер кешінде Қазақстанның ұлтаралық, дінаралық татулық арқылы ерекшеленетін белгісі. Ұмыздай ұйған осындай бірлікті нығайту бүгінгінің міндеті.

Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күніне орай Талдықорған қаласындағы Ілияс Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында «Жарасым» атты мерекелік шара өтті. Облыстағы этномәдени орталықтардың төрағалары мен мүшелері, облыс ардагерлері, тәтенше жағдайлар департаменті мен әскери бөлімше қызметкерлері, студенттер, мектеп оқушылары мен мұғалімдер шақырылған шараның ашылу салтанатында облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Рабит Тұрсынбай күттықтау сөз сөйлеп, көпшілікті мерекелермен құттықтады.

– *Ассамблеяның құрылған күні құтты болсын! Биылғы жыл Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы ретінде жарияланғаны белгілі. Осы жылдың аясында мерейлі даталарды атап өтпекпіз. Атап айтқанда, бұл Қазақ хандығының 550 жылдығы. Ұлы Жеңістің 70 жылдығы. Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығы сынды мемлекетіміз үшін аса маңызды даталар. Бүгінгі күн Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы аясында республика бойынша «Тайқазан» акциясы өткізілуде. «Тайқазан» акциясының басты мақсаты – әлеуметтік аз қамтылған отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі жандарға қайырымдылық көмек көрсету.*

Ассамблея қай кезеңде де еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып келеді. Оның дәлелін әдеген жан оңай табады. Сондықтан Ассамблея туралы сағатпен айтуға да, бірауыз сөзбен де жеткізуге болады. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзімен айтқанда: «Ассамблея деген оп – 17 миллион қазақстандық». Мереке елімізге тәбіс, береке, бірлік әкелсін!

Салтанатты шара барысында Қазақстан халқы Ассамблеясы жайлы бейнефильм көрсетілп. «Ардагер әжелер», «Попонин» вокальды ансамбльдері және «Шағала», «Солнышко», «Өрнек», «Ачимноуп», «Туған тель» қапақтық би ансамбльдері өз өнерлерін көпшілік назарына ұсынды.

М. ӘСЕТҰЛЫ.

▲ЖАСТАР САЯСАТЫ

Жалғасын тапты

Жуырда Үкіметтің кеңейтілген отырысында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев отандық өндірушілерді қолдауға шақырып, «Қазақстанда жасалған» республикалық акциясын жүзеге асыруды ұсынған болатын. Бүгінде еліміздің жер-жерінде аталмыш игі бастама аясындағы игі істер басталып кетті. Ал отандық шағын және орта бизнес, жалпы кәсіпкерліктің дамуына бағытталған жобадан Жетісу жерінің жұртшылығы да тысқары қалып отырған жоқ.

«Жетісу»
Мұратхан ТҰРАР

«Сити Плюс» сауда үйінде өткізілген шараға облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасы мен жастар саясаты орталығының өкілдері ұйытқы болған. Талдықорған қалалық әкімдігінен кейін аталған акцияны басқа емес, жастардың жалғастырып әкеткен құптыды.

Жастар – ел ертеңі десек, қоғамның ең белсенді тобының да әкелер ұрпақ екені анық. Облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Рүстам Алтыбаевтың айтуынша, жас буын игілікті жобаға қызу қолдау көрсетуде. Акция барысында сауда сөрелерінің тұсына «Қазақстанда жасалған» деген жазуы бар белгі-тақтайшалар қойылыпты. Қазақстандық өнімді өзгеден ерекшелеп тұрған осындай белгілер тұтынушы назарына бірден шалынады. Ұйымдастырушылар мұндай әдіс тұтынушы үшін өте қолайлы дейді. Себебі, алыстан меңмұндалап көрінетін тақтайшалар отандық өнімді алуға келгендердің уақытын біршама үнемдемек.

Сауда үйіне ақ басқандарға жергілікті «Д.С Сүт» ЖШС сүт зауыты, «ФудМастер», «Адал» секілді өндірістік кешендері мен тағы басқа өндірушілердің өнім ұсынылған болатын.

Тұтынушылардың қазақстандық тауарға деген сұранысы жоғары. Жұртшылық әсіресе ұн, сүт өнімдеріне үлкен қызығушылық танытуда. «Қазақстанда жасалған» акциясы бұдан кейінгі уақытта да өз жалғасын тауып, елімізде шығарылған өнім түрлері сөрелерден түспейді.



▲70 ЖҰЛДЫЗДЫ КҮН

Жақында ғана Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерекесіне орай облысымызда «70 жұлдызды күн» атты мерекелік акция бастау алған болатын.

Өнербаев өнерден сый тартады

Бұл игі бастама биыл бүгінгі жарқын да шуақты күніміз үшін оқ пен оттың ортасынан келген, тылда жүріп, еңбек майданында табан етін сөгіп, мандай терін төккен ардагерлерімізге жасаған күрмет.

Біз Отан соғысы ардагерлеріне қандай күрмет көрсетсек те көптік етпейтіні анық. Осы мақсатта қазақ халқының ақылы перзентінің бірі, өнерімен елінің жүрегіне жол салған ҚР еңбек сіңірген әртісі Нұрлан Өнербаев талды қаламызға арнайы ат басын бұрып, «70 жұлдызды күн» акциясының жалғасы ретінде тегін концерттік бағдарламасын ұсынады.

Ардагерлерді ардақтауға арналған мерекелік концерт наурыздың 5-і күні Ілияс Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында кешкі сағат 18.00-де өтеді.

КЕЛЕМ ДЕУШІЛЕРГЕ ЕСІК АШЫҚ.

▲ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН

Агроұшақ тұсауы кесілді

Темірден тұтастай құйылған «Арай» ұшағы астықты дәрілейтін техника ретінде жақсы таныс. Оның көмегімен жер игеруші әр гектарға 120 теңге шығын жұмсап, егістік алқабына химиялық өңдеу жүргізе алады. Мұндай жетістік бұрын-соңды болмаған. Енді еліміздің әрбір шаруа қожалығының ауласында трактор, комбайнмен бірге ауылшаруашылық жұмыстарына арналған шағын ұшақ тұратын болады. Несі бар?!

«Жетісу»
Мәди АЛЖАНБАЙ

Кейбір кертартпа пиғылдылар болмаса, көпшілік жеңіл ұшақтардың жасалатынына сенеді. Бұған іле және Талғар аудандарының шектесетін аумағындағы Байсерке ауожайында көпшілік назарына ұсынылған қазақстандық өнім дәлел бола алады.

Ұшақ ұшыру салтанатына қатысқан облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Рабит Тұрсынбай және Ассамблея мүшесі, облыстық «Огни Алатау» газетінің бас редакторы Атсалым Идигов бұл оқиғаның маңыздылығын атап өте келе Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығымен деп келгенін жақсы ырымға балады. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылған қоғамдық институт бейбітшілік, достық және сыйластық жолында еңбек етіп келе жатқан бірден-бір ұйым. Осыған байланысты көпшілік назарына «Қазақстанда жасалған» белгісімен ұшақ жасап шығарған өнертапқыш, инженер, ұшқыштан құралған топ жаңа ұшақты Ассамблеяның 20 жылдығы құрметіне арнап отырғанын жеткізді. Шындығында еліміздің ұшақ жасау саласындағы үлкен жетістік көптеген жұмыс орнының ашылуына, алдыңғы технология мен отандық өндірістің үлгісіне ықпал етері анық.

Шараны ұйымдастырушылардың айтуынша, осымен бесінші данасы жасап шығарылған отандық ұшақты «Ізбасаров» шаруа қожалығы сатып алған. Қалған үшеуі елімізде ұшып жүрсе, біреуін ресейлік азамат алыпты. Шағын ұшақтың авиааспаптары, қозғалтқыш, шығыр секілді бөлшектері Канададан әкелінеді. Бірақ қанатын, қалыбын, фюзеляжын еліміздің мамандары темірден тұтастай құйында жасап шығарған. Авиахимиялық жұмыстарға қажетті құралдар да елімізде өндіріледі. Біздің мамандар ұшақтың алғашқы сызбасына бас құрастырушымен келісе отырып, 40 түрлі өзгеріс енгізді. Сондықтан да ұшақты толығымен Қазақстанда жасалған деп атауға болады.



Ұшақты сатып алуға қызыққандар саны күн сайын артып келеді. Себебі, былтырғы құрғақшылықтан өнім мөлшерінің едәуір азайып кеткені белгілі. Осыған байланысты астықты мол жинап салатын солтүстік облыстардың дикандары жаңа ұшаққа қызығып отыр. Өйткені астықты алқабы үлкен аймақтарға «Арай» ұшағы талтырмас көмекші. Сондықтан ұшақ жасаушылар қазірдің өзінде лизингтік құрылымдар және әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар арқылы өз өнімдерін Қазақстанның оңтүстігі мен Алматы облысына ұсынып отыр. Біздің облысымызда ауылшаруашылық мақсаттағы ұшақтар негізінен көк шегіртке және өзге де зиянкестермен күреске, топырақты тыңайту секілді жұмыстарға аса қажетті. Ал, сонау Көкше кезеңінен қалған көне «АН-2» ұшақтары әбден ескіргендіктен оларға қосалқы бөлшектер шығарылмайды. Сондықтан да сарапшылар алдағы жылдары ауылшаруашылық саласына 400 ұшақтың қажет болатынын баса айтуда.

«Арай» ұшағын ауылшаруашылық жұмыстарынан бөлек мұнай-газ құбырларын бақылау, өртке қауіпті маусымда орманды қадағалау, жануарлар әлемі мен балық ресурсын тексеру, шекараны күзету секілді маңызды салаларға пайдалануға болады. Санитарлық авиация мен іскерлік қатынастарға аса қажетті ұшақ 100 метрлік жазық жерден көтеріліп кетеді. Ол үшін талталған топырақ та жеткілікті. «А-95» маркалы жанармаймен ұшатын ұшақ арнайы тұрақты қажет етпейді. Ұшу ұзақтығы 12000 километрге тең ұшақты игеру оңай. Дегенмен сатып алушының ұшқышы мен техник маманы Алматы қаласындағы Қазақстан көлік авиация қауымдастығында оқытылып, дайындықтан өткізіледі және арнайы құжат алып шығады. Шағын ұшақты «Avia Master Aircraft Ltd» компаниясы шығарады.

Іле ауданы.

Отбасы – мемлекет тірегі

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, елімізде 200 мыңнан астам алтын құрсақты ана бар. Соның біразы облысымызда ғұмыр кешуде. Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың қалалық филиалының берген мәліметіне сүйенсек, соның 1400-і Талдықорған қаласының тұрғыны. Біздің кеңпкеріміз Талдықорған қаласында тұратын берекелі отбасының несі, 8 баланы өмірге әкелген «Алтын алқалы» ана Жазира ҚАМОЛДАНОВА мұндай қастерлі атаққа лайықты жан.





Әр баланың өз ризығы бар

«Жетісу»
Қажет АНДАС

ӘЙЕЛДЕР күні мерекесі қарсаңында Жазирамен хабарласып, ұрпақ болашағына жауапкершілікпен қарайтын ізгі қасиеттерін оқырмандарға таныстырмақ ниетімізді түсіндірдік. Оның келісімін алсақ та, кездескенше сан ойға ырық бергеніміз анық. Осынау қым-қиғаш, қиындығы мол тірлікте көп баланы өмірге әкеліп, оны қатарынан кем етпей өсіріп отырған батырлығына іштей сүйсінген едік. Сондай-ақ, Жазираның енді ғана қылшылдаған қырыққа келген жас ана болғандығы да көп қиялға жүк салды. Алайда, онымен жүздескенде ойымыздағы күдіктен біржолата арылдық. Алдымызда күлкісі жарасымды, мінезі ашық, қимылы шырақ қазақтың білімді қызы тұрды. Жылы қарсы алып, сыпайылық танытқанына қарап «Батыр ана» деген атқа лайықты жан екенсің-ау» деп түйдік ішімізден. Ал одан әрі әңгімелесу барысында оның жүрегін жұлқындырған арман мен болашаққа, ел келешегіне деген жауапкершілігіне тәнті болдық.

ТАҒДЫР деген қызық. Осыдан қырық жыл бұрын Ақсу ауданының Жансүгіров кентінде туған Жазира Ғымыхан мен Тұрар анамыздың жалғыз тұяғы. Ата-анасынан 3 жасында қапыда айырылып қалған ол төрт жасқа дейін атасы Қамолда мен әжесі Нұржамал Елебекованың қолында ержетеді. Ол кісілер өмірден қайтқан соң Сағабүйен ауылында тұратын әкесінің құрдасы Нұрзия Елебекованың тәрбиесінде орта мектепті бітіріп, өмірге жолдама алады. Әрине, жүрек сыздатар бұл жайды ілмектеп отырғанымыз Жазираның бойындағы өмірге құштарлық пен ұлт болашағына жауапкершілік атасы мен әжесінің қазақы қасиетінен бастау алғанын түсіндіре кету еді. Өйткені Қамолда мен Нұржамал алдымыздан тарайтын балалардың бәрі 8, 9, 10, 11 баладан өсіріп, еліміздің демографиялық жағдайына өзіндік үлес қосқан жандар. Көпбалалы отбасының көпшілдігі мен бауырмалдығын, қызығы мен қиындығын көріп өскен Жазира жасынан қайсар мінезді болып ержетті. Әке-шешесінен ерте айырылса да ата-әжелері жетімдіктің салқынын сездірген жоқ. Қайта «Балалы үйдің базар болатынын» сол кісілердің өмірінен сезініп ержетті. Бұл оның кейінгі отбасылық жағдайына үлкен ықпал болды.

– Менің өмірімдегі ең тамаша адам – Нұрзия әпкем. Төртінші сыныптан бастап, орта мектепті, Жаркент училищесін бітіргенше сол кісінің тәрбиесінде болдым. Мінезі қатал болғанымен қызға тән биязылықты, әйел затына тән ұяңдықты, кезаккен қиындыққа тайсалмай қарсы жүретін батылдықты, қысқасы, адам болудың барлық игі қасиетін сол кісіден алдым. Үлкенді сыйлау, кішіні аялауды да үйретті. «Үйінде қартың болса, жазып қойған хатпен тең» деген рас екен, – деді ол.

Міне, осылай Жаркент қаласындағы педучилищені 1992 жылы бітірген соң алғашқы еңбек жолын Жансүгіров ауылындағы Сиқымов атындағы орта мектепте мұғалім болып бастайды әрі Мелс Қожабековпен танысып, үлкендердің ықпасын алып, шаңырақ көтереді. Сол жылы үлкені Айдана, 1997 жылы Айзада, 2001 жылы Шыңғыс пен Шынар, 2004 жылы Аяулым, 2007 жылы Ақерке, 2009 жылы Айша, 2012 жылы кенжесі, үйдің еркесі Абайды дүниеге әкеледі. Балаларының қатары көбейіп, үйдің дүбірі молайғанымен, соның есебінен туындаған қиындық та аз болмапты.

– Жас күнімізде «Бір қой егіз туса, бір жусан артық шығады» десе, сенбейтінбіз. Осы сөздің дұрыстығын өмір үйретті. Расында, қазіргі бірді-екілі баламен отырған аналарға сегіз баланы ержеткізу қиын сезілуі мүмкін. Маған осы балалардың қызықты қылығынан артық бақыт жоқ. 2001 жылы Ақсудан Талдықорған қаласына көшіп келдік. Сол жылдары баспанадан қатты қиналдық. Көпбалалы отбасына жалдамалы пәтер иелері ауласына тұрғызғысы келмейді. Сонымен, баламыздың біреуін көрпеге орап, біреуін диванға тығып, санын азайтып, пәтерге кіріп алсақ та, құлығымыз көпке бармай ол үйден көшуге тура келген жағдай аз болмады. Сонымен, Қарабұлақ, Ескелді, Бақтыбай сияқты қалаға жақын ауылдардан пәтер жалдап тұруға мәжбүр болдық. Мен қалалық №1 ясли-балабақшасында жұмыс істеймін. Қарабұлақ мына тұрған жер ғой. Сонау Текелідан таңертең жұмысқа келіп, кешке қайтып жүрген күндерім қазір ертегі сияқты, – деп ағынан жарылды.

Құдайға шүкір, еліміздегі «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлері, I-II дәрежелі «Ана даңқы» орденімен марапатталған аналарға мемлекеттік жәрдемақы берілумен қоса бірқатар әлеуметтік жеңілдіктерге де, атап айтқанда, 53 жасында зейнеткерлікке шығу, мемлекеттік тұрғын үй қорынан баспана алу сияқты мүмкіндіктерге ие бола алады. Осыған орай, Жазираға 2012 жылы несиелік үйден 3 бөлмелі баспана тиіп, қиындықтың бәрі артта қалды. Бұны көпбалалы аналарға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың шапағаты деп түсінген жөн. Отбасындағы тағы бір жылылық, әрине ене мен келін арақатынасының дұрыстығынан келеді.

ЕНЕ МЕН КЕЛІН арасындағы қатынас бүгінде қазақ отбасында өзекті мәселеге айналып барады. «Келін – қайын ененің топырағынан» деп бекер айтылмаса керек. Ендеше, келіннің жақсы болмағы ең әуелі өз анасына байланысты болса, одан кейін барған жерінде ақыл-кеңесін айтып, өмірлік тәжірибесін үйретіп, бағыт-бағдар нұсқап отыратын енеге де байланысты. Сондықтан келіннің енеден үйренері, алар тәлімі көп. Бүгін келін болып отырған жас қыз ертеңгі күні өзі де ене атанып, келін тәрбиелейтінін – өмір заңдылығы. Бүгін ол енесінен үйренгенін ертең өз келініне үйретеді. Міне, дәстүрлі тәрбие мектебі осылайша ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, қанат жайып кете береді. Бұл – нағыз халықтық педагогика, яғни ата-бабаларымыз арқылы ғасырлардан бұлжымай орындалып келе жатқан заңдылық. Әңгіме барысында Жазира енесі Бақтыбала Қожабекованың ақыл көрсетіп, жол нұсқап отырғанына ризашылық білдірді.

– Енем ақылгөй, көреген, түсінгі мол жан еді. Сондықтан да болар, енемді өзіме аса жақын тұттым. Ене мен келіннің тату болуы көбінесе үлкен кісіге байланысты ғой. Білмегеніңді үйретіп, жол көрсетіп, бұрыс тірлігіңді дұрыстап жіберетін де ене. Енем менен ешқашан ақыл-кеңесін аяған емес. Өмірге деген көзқарасы да мүлдем бөлек еді, – дейді Жазира қазақ келініне тән ибалықтың қайнары қайда жатқанын меңзеп. Айта кетерлігі, бүгінде апа атанып, немере сүйіп отырған ол сол енесінен алған ізгі қасиеттерін қызына үйретіп жүрпті. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, балалары да өзінің жолын ұстанатынына бек сенімді.

СЕГІЗ БАЛА – сегіз әлем. Оларды киіндіру, керек-жарағын түгендеу, тамақтандыру, өсіріп, ержеткізу оңай жұмыс емес. Бір отбасында өсті деген болмаса, әр баланың мінезі де, түсінігі де, қызығушылығы да, талап-тілегі де әр басқа болып келеді. Бұл жағынан Жазираның тәжірибесі мол. Айталық, Айзада баланың үлкені әрі студент болған соң басқаларына бас-көз болуға көндіккен. Ал Шыңғыс пен Шынар егіз болғаннан кейін бе, бірімен-бірі өте тату, өзара сыр бөлісіп, онысын басқаларға білдірмеуге тырысып жүреді. Аяулым мінезі жұмсақ, бауырмал, тамақты талғап ішеді, киімді таңдап киеді. Ақерке атына сай еркелеу, кірпияздау болса, Айша оқуға ынталы, дайындық сыныбында оқып жүрсе де бәрін білуге, үйренуге ынталанып, әке-шешесіне түрлі сұрағын жаудырып, мазасын алуға құштар. Кенжесі Абай періште мінезбен сыйлық алуға құштар. Балаларының мінезіне қанық анасы әрбірінің ерекшелігіне сай тәрбие беруге әдеттенген алған. Сондықтан да олардың ынтымағы берік, берекелі өмір сүріп келеді. Тағы бір жағынан, бұл үйдің балалары бір-бірне өте мейірбан. Бірінде жоғын енді бірі толықтырып, артық-кемін білдірмейді. Үлкендері кішкенелеріне қарайласып, аналарына қолғанат болыпты. Бұл Жазираның үй шаруасынан бір уақыт босап, қоғамдық жұмыстармен айналысуына мүмкіндік беріпті. Сонымен біраз жылдан бері «Айша биби» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі ретінде өнімді жұмыс атқарып келеді.

«АЙША БИБІ» қоғамдық бірлестігі Жазираның бастамасымен көпбалалы аналардың өмірдегі орнын жоғарылату, олардың қиыншылығына көмектесіп, түрлі қажеттілігін шешу мақсатымен құрылған. Қазір бірлестіктің құрамында 100-ден астам көпбалалы ана бар. Айта кетерлігі, айналамызда туған баласына тағайындалған мемлекеттік жәрдемақыны ала алмай жүрген, үй кезегінен қағылып жатқан, құқығы тапталатын көпбалалы аналар жеткілікті. Сондықтан олардың құқықтық сауаттылығын арттыру, оларға көмектесу, көкейкесті сұрақтары бойынша тиісті мекемелерден қанағаттанарлық жауап алу мақсатында құрылған бірлестіктің жұмысы өнімді. Жуырда ғана олар қаламыздағы №9 мектепте «Отбасылық сайыс» ұйымдастырып, түрлі спорттық шаралар бойынша жарыс өткізді. Мұндай шара алдағы уақытта да жалғасын табады.

Ең бастысы, осы бірлестіктегі Жазираның рөлін айта кетпеске болмайды. Несін жасырайық, қазіргі таңда бір-екі баласының қажеттілігінен үйден ұзап шыға алмай отырған аналар көп. Соларға қарағанда сегіз баласын ойдағыдай өсіріп, өзі сияқты көпбалалы аналардың мұқтажын шешу үшін отқа да, суға да түсіп, жанталасып жүрген Жазираның жігері мен табандылығын батырлық деп бағалауға тұрарлық.

ТҮЙІН:

Әңгіме барысында Жазирадан: – «Балалы үй – базар» дейтін ата-бабамыздың бүгінгі ұрпағы көпбалалы болудан неге қашады? – деп сұрап едік. Ол:

– Бүгінгі жастар көпбалалы болуға көп кедергі бар дегенді алға тартады. Нәзік жандылардың кейбірі дене бітімін бұлдіріп аламын деп қауіптенетін көрінеді. Сөйтіп, бір-екі баламен шектеледі. Бұл – үлкен қателік. «Дайын асқа тік қасық» қылып өсірген ұрпақ еңбектің, қолда бардың қадірін түсінбейді. Өзіміз кезінде үлкеніміздің ескісін киіп өстік, Құдайға шүкір, содан жаман болған жоқпыз, – деп жауап берді. Сондай жылылық пен еңбеккерлікті Жазираның үйінен де кездестірдік, келетінімізді білген Айзада дәмділеп ас дайындап қойыпты. Ал Аяулым мен Ақерке шама-шарқынша үйді тазалап, әдемілеп әбігерленуде. Бірақ жиналған заттарын Айша жиі-жиі бұза бергендіктен оған деген өкпелері қара қазандай. Шыңғыс пен Шынар оқудан келе сала үй шаруасына араласып кетті. Олар осылай бірлестіктің жұмысымен маңызды бір кездесуге кеткен аналарының жоқтығын білдірер емес. Осы көріністі көріп береке-бірлікке, мерекеге толы балалық шағымды емірене еске алдым. Өйткені мен де осындай көпбалалы отбасында өсіп едім.

Жыр-шашу

Әйел деген әдемі ғой, расында!

Әйел деген әдемі ғой расында,
Күллі дүние мәні жатыр осында.
Еркек біткен көрер едім халіңді,
Жан жұбайың болмай қалса қасында.
Жағылмастан пешіңдегі отының,
Қалар еді пісірілмей асың да.
Соның үшін әй, еркектер, тасынба,
Әйел деген әдемі ғой, расында!

Кең дүшені, шарлап басып еркінден,
Сол әйелдің арқасы ғой,
Шығатының еркін кетіп, еркін кеп.
Еркек біткен көрер едім халіңді,
Сүйген жарың кетсе егер торкінден.
Соның үшін әй, еркектер, тасынба,
Әйел деген әдемі ғой, расында!

Көтеретін сенің асқақ бағаңды,
Өсіретін тәрбиелеп балаңды.
Еркек біткен көрер едім халіңді,
Еркелеткен үйде әйелің болмаса,
Жуа аямастан жүретін ең жағаңды.
Соның үшін әй, еркектер, тасынба,
Әйел деген әдемі ғой, расында!

Бұл өмірде болса дағы түгел сенің есебің,
Сол әйелге байланысты өшерің де, өсерің.
Еркек біткен көрер едім, халіңді,
Еркелеткен үйде әйелің болмаса,
Жылымастан жатар еді төсегің.
Соның үшін әй, еркектер, тасынба,
Әйел деген әдемі ғой, расында.

Үсен ОМІРЗАҚОВ,
ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

Мерекелік сауал

Сіздің ойынызша ең әдемі әйел қандай?


Серік САРЫБАЕВ, «Жетісу» телерадиокомпаниясы Бас директорының орынбасары:

– Менің әйел әдемілігі туралы түсінігім қазақы пайымнан аса алмас?! Адамзат мойындаған бір ақиқат бар: «Ең әдемі әйел – аяғы ауыр әйел, жүзінде нұр, құрсағында жаңа өмір бар!». Демек, ең әдемі әйел – Ана. Қазақтың ежелгі кілтін Ана табанының астынан іздеуі содан болар. Кез келген ұлттың санасындағы әйел образы өзіндік ауыз әдебиетімен астасып жатады. Қазақ үшін әдемі әйел – Тайбурылдың 43 күндік кемдігін білген Күртқа, ашулы Қарт Қожақты ақылмен тоқтата білген Ақжүніс, ел билеген Нұрила, Үлпандар... Демек қазақ үшін әйел, Ана деген ұғымдар Парасат сөзімен мағыналас! Ол Аналардың Тұмар болып ел қорғайтыны, «Шақан шердегі» Ажардай ерлер үрейден омалып отырып қалғанда перзенті үшін жолбарысқа атылатын ерлік пен ерлік бар. Бұл ұғым бізді генофондқа жүздеген, мыңдаған жыл бойына сөзді, өлі де сіңе береді. Ол генетикалық кодты ешкім өшіре алмайды. Анадан ұрпаққа беріліп отырады. Қазақы тектіліктің тамыры осында деп түсінемін. Сондықтан қазақ үшін ғасырлар бойына ең әдемі ару – парасатты, әр болып келген. «Ана бір қолымен бесік тербесе, екінші қолымен әлем тербейді» құпиясы осында. Ақылды әйел – саналы ұрпақ, намысқой ұлт, еркеуде мемлекет. Ал ақымақтық – тексіздіктің туысы. Қазақты ешкім «тексіз» деп айта алмас! Демек, қазақ Аналарының, әпке-қарындастарымыздың барлығы парасатты. Демек, қазақтың қыз-келіншектерінің бәрі әдемі!

8 Отбасы – мемлекет тірегі

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, елімізде 200 мыңнан астам алтын құрсақты ана бар. Соның біразы облысымызда ғұмыр кешуде. Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың қалалық филиалының берген мәліметіне сүйенсек, соның 1400-і Талдықорған қаласының тұрғыны. Біздің кейіпкеріміз Талдықорған қаласында тұратын берекелі отбасының иесі, 8 баланы өмірге әкелген «Алтын алқалы» ана Жазира ҚАМОЛДАНОВА мұндай қастерлі атаққа лайықты жан.





Әр баланың өз ризығы бар

«Жетісу»
Қажет АНДАС

ӘЙЕЛДЕР күні мерекесі қарсаңында Жазирамен хабарласып, ұрпақ болашағына жауапкершілікпен қарайтын ізгі қасиеттерін оқырмандарға таныстырмақ ниетімізді түсіндірдік. Оның келісімін алсақ та, кездескенше сан ойға ырық бергеніміз анық. Осынау қым-қиғаш, қиындығы мол тірлікте көп баланы өмірге әкеліп, оны қатарынан ем етпей өсіріп отырған батырлығына іштей сүйсінген едік. Сондай-ақ, Жазираның енді ғана қылшылдаған қырыққа келген жас ана болғандығы да көп қияға жүк салды. Алайда, онымен жүздескенде ойымыздағы күдіктен біржолата арылдық. Алдымызда күлкісі жарасымды, мінезі ашық, қимылы ширақ қазақтың білімді қызы тұрды. Жылы қарсы алып, сыпайылық танытқанына қарап: «Батыр ана» деген атқа лайықты жан екенсің-ау» деп түйдік ішімізден. Ал одан әрі әңгімелесу барысында оның жүрегін жұлқындырған арман мен болашаққа, ел келешегіне деген жауапкершілігіне тәнті болдық.

ТАҒДЫР деген қызық. Осыдан қырық жыл бұрын Ақсу ауданының осы балалардың қызықты қылығынан артық бақыт жоқ. 2001 жылы Ақсудан Талдықорған қаласына көшіп келдік. Сол жылдары баспанадан қатты

болып отырған жас қыз ертеңгі күні өзі де ене атаның, келін тәрбиелейтіні – өмір заңдылығы. Бүгін ол енесінен үйренгенін ертең өз келініне үйретеді. Міне, дәстүрлі тәрбие мектебі осылайша ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, қанат жайып кете береді. Бұл – нағыз халықтық педагогика, яғни ата-бабаларымыз

мінезіне қанық анасы әрбірінің ерекшелігіне сай тәрбие беруге әдеттеніп алған. Сондықтан да олардың ынтымағы берік, берекелі өмір сүріп келеді. Тағы бір жағынан, бұл үйдің балалары бір-біріне өте мейірбан. Бірінде жоғын енді бірі толықтырып, артық-кемін білдірмейді. Үлкендері кішкенелеріне қарайласып,

8 Жыр-шашу

Әйел деген әдемі ғой, расында!

Әйел деген әдемі ғой расында,
Күллі дүние мәні жатыр осында.
Еркек біткен көрер едім халіңді.
Жан жұбайың болмай калса касыңда.
Жағылмастан пешіңдегі отының,
Қалар еді пісірілмей асың да.
Соның үшін әй, еркектер, тасынба,

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӨЛЕҢ ПАТШАЛЫҒЫ

ЖЫЛДАР ІЗІ



Еліміз Тәуелсіздік алғаннан бергі 25 жылда алыс-жақын шетелден миллионға жуық қандасымыз Атажұртқа келіп, ат байлады. Алайда, әлі де сол шетелден елге жетпей жатқан 5 миллионнан астам қандасымыздың бар екенін ескерсек, бізге жетпеген рухани байлықтың аз еместігі белгілі. Сол қатарда Қытай елінде туып-өсіп, өмірін ұлттың рухани әлемін байытуға арнаған Андас ОМАРАҚЫН ағамызды айрықша атауға болады.

Оның өлеңдерінің тақырыбы табиғатты қорғау, адамгершілік ұстаным, кісілік болмыс, ұлттық салт-дәстүрді ұлықтауға арналады. Осындай тақырыпты өрнектеген «Жылдар ізі» атты жыр жинағы оқырманының үлкен ықыласына бөленгенін естігенбіз. Ал, тарихи-зерттеу еңбектері шетел қазақтарының басынан өткен қилы тағдырларды таразылауға арналған. Жалпы, тарих саласында жазған 10-нан аса кітабы ағылшын, қытай тіліне аударылып, басылған. Сондай-ақ, қытай қазақтарының айтыс өнерінің дамуына да елеулі үлесі сіңген айтыскер ақынның «Дода» атты кітабында өз дәуіріндегі сөз шеберлерінің ой өресін зерттеуде табылмас еңбек екені белгілі.

1944 жылы Қытайдың Күнес ауданында туылған ағамыз өткен жылы өмірден өтіп, Талдықорған қаласының іргесін мәңгілік мекен етті. «Жақсының өзі өлсе де, сөзі өлмейді» демекші, асыл ағаның артында қалған мұрасы келешек ұрпақтың әлі талай игілігіне жарайтынына сенімдіміз. Сондықтан Андас ағамыздың бірнеше өлеңін назарларыңызға ұсынуды жөн көрдік.

Аңлай біл

Көтергенің қап емес қалталаған,
Болса дағы жеңіл жүк баршаға аян.

Алаяқтар

«Бәйге болар жылқының алаяғы»–
Дейтін бір сөз жадымда баяғы әлі.
Адамның да сондайын кезіктіріп,
Түсінігім тереңдеп барады әрі.

Мүмкін сондай адамдар алаяқ па?
Күн-күн сайын көнелер жаңа баққа.

Нәпсі қозса есе қылып,
Ар-ұяттан кетеді ерік.
Қыздың құны «Қырық қара»,
Берілді бес еселеніп.

Қыз жақ кетті қырағ асып,
Ұлжақ қалды тырағ асып.
Отырғызды тақыр жерге,
Көрген қызық құдаласып.

Талабы биік дәуірдің дархан бүгінгі,
Көпірме сөзбен көпірліктен өзге
тыйылды.
Сондықтан біз де бел шешіп,
білек сыбанып,
Тартайық алға, бетке алып алыс
қиырды.

Санада мүлдем сейілсін мұнар күзгі
бұлт,
Күйылып шұғыла орнасын жаңа

ДИДАР

Халқымыздың адамдық, адалдық болмыс-бітімін өзек еткен ағаларға артылар жауапкершіліктің жүгі ауыр. Дей тұрғанмен, ауылды ынтымаққа, ауызбіршілікке, ағайындыққа шақыратын азамат аталудың жолы қиын, салмағы ауыр. Оны көтере білетін де, көсегесін көгерте алатын да бар, қадірін кетіріп, қиюын қашыратын да жоқ емес. Әрине, ауыл ағасы болу жаспен өлшенбейді. «Өсер елдің баласы он бесінде баспын дер» деп бабаларымыз қадап айтып кеткендей, мағыналы тірлікпен, ел мен жер үшін сіңірген өлшеусіз еңбекпен өлшенеді. Ондай жандар арамызда жетерлік. Соның бірі еліне сыйлы, жұртына қадірлі, егемен елдің ертеңі үшін ерен еңбек етіп жүрген Болысбай МОМБАЕВ ағамыз жайлы жазу көптен бері ойымда жүр еді. «Жігіттің бағы емес, жұмыстың бабы билейді» дегендей, соның сәті енді түскен сияқты. Осыдан тура алпыс жыл бұрын өмір есігін ашып, қиындықтың кермек дәмін тата жүріп, қарапайым жұмысшыдан ел басқару ісіне дейінгі еңбек жолдарын табандылықпен басып өтіп, болаттай шыңдалған ол бүгінде елдің ертеңгі болашағы үшін тер төгіп жүрген ұлт ұланы.



МАҢДАЙ ТЕРМЕН ӨСКЕН МЕРЕЙ

Қажет АНДАС

Жас жағынан шамалы үлкендігі үшін аға деп отырғаным болмаса, ол кісінің адалдығы, тазалығы, сыпайылығы, іскерлігі, биік зерделік қабілетіне деген шынайы бағам басқаша. Расында, адамды жан тереңдігі, ой кемелдігі жетілдіреді. Алқабы байтақ, баурайы құт Жоңғар Алатауының бір сілеміне орналасқан Бостан ауылында 1956 жылы туған ағамыз «адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, шолғыншысы – ой, жолдасы – кәсіп, қорғаушысы – мінез» (Саққұлақ шешен) екенін жадынан шығармай, балалықтан даналыққа бет алған адам. Біз Болысбай ағамыздың тұтас ғұмырын Саққұлақ шешен айтқан осы адамдық өлшемдері бойынша бағалап, қорытынды жасасақ жөн болатын шығар деген ойға тоқталып отырмыз.

Әрине, еңбекті сүйген, төккен терінен ләззат алуға дағдыланған адамның талабын ақыл-ой, талап, кәсіп пен мінез ұштамай тұрмайды. Осы тұста оның талабын ұштаған да, тебінгісін нықтаған да, намысын оятқан да өзі туып-өскен өңірдегі еңбекшіл елдің бағалы бастамалары десек, артық айтқандық болмайды. Сондай-ақ, балалық, жастық шағында көзін көрген, тәрбиесіне құлақ түрген, ақылын тыңдап, алғырлығын арттыруға дем берген дария кеуде, тау мүсін карттардың тәлімін ойына сақтап, ұлылықтың ұшқыны жанын жадыратып, атына кір шалдырмай жүрген ағаларымыздың бірі тағы да сол кісі. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегенге сенсек, ерте айырылған әкесінен қалған асыл қасиетті бойына сіңіріп, анасының ақжарқын мінезі мен батылдығын, табандылығын әр қадамына таңбалап өтті.

Болысбайдың әкесі Тоғысбай Момбаев алған бетінен қайтпайтын намысшыл, өжет азамат болатын. «Болайын деген баланың бетін қақпа, белін бу» дегендей, үлкендер жасынан жарқылдап өскен баланың бетінен қақпайды. 1922 жылы Бостан ауылындағы қарапайым шаруа отбасында туған Тоғысбай атамыз 17 жасында өз еркімен сұранып әскер қатарына аттанады. Мәскеудегі Фрунзе атындағы комендантттық ротада қызмет істеп, Қызыл алаңды күзету жұмысына қатысады.

Әрине, Ресейдің жүрегі саналатын Қызыл алаңның алаңсыздығын қорғауға алыс ауылдағы қазақ баласының тартылуы тегін болмаса керек. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шықпаса, осындай жауапты жұмысқа тартылмас еді. Соғыс басталған жылы Тамбов қаласындағы атты әскерлер училищесіне түсіп, 1942 жылы оны кіші лейтенант шенімен бітіріп, бірден алдыңғы шепке аттанып кетеді. Содан соғыстың аяғына дейін қатысып, сан мәрте жарақат алып, ақыры жеңіспен, капитан шенімен елге оралады. Аяқ-қолы сау болғанымен соғыстың от-жалынын бастан кешкен жас жігіт туған жерге екінші топтағы мүгедек болып қайтты. Ауру азабын тарта жүріп 48 жасқа толған шағында қайтыс болды. Сонымен шиеттей төрт бала анасының аузына қарап қалады. Бірақ, жасынан ауылдың сан түрлі шаруасымен шыңдалған Сақыпжамал апамыз Тоғысбайдан қалған екі ұл мен екі қызды қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсірді, оқытты, ел қатарына қосты.

Өткен ғасырдың 60-шы жылдары ержеткен балалар соғыс салған зардапты сезініп өсті десек, артық айтқандық болмайды. Балалар күндіз мектепте оқыса, кешке қарай дала еңбегіне араласып кететін. Бұл ауыл өмірінің айнымас шындығы еді. Десе де, ағамыз қозы-лақтың соңынан жүгіріп, сиыр бағып жүріп-ақ жақсы мен жаманды, ауыр мен жеңілді ажырататын халге жетті. Еңбек алаңындағы белсенділігімен қоса оқуға ынталы болды. Мұғалімдерінің жалықпай жетектеуінің арқасында мектептің түрлі шараларының ұйымдастырушысы атанды. Осы тұста қазақ отбасындағы тағы бір жағымды жалғастықты айта кеткен дұрыс болар. Расында, сол тұстағы көп балалы отбасы балаларында бауырмалдық пен ауызбірлік басым болды. Үйдің үлкені кішілеріне қамқорлық танытса, кішілері олардың ақылын тыңдап, киім-кешегін ауысып киіп, барымен базар болып ержетті. Сол бауырмалдықты Болысбай да сезінді. «Орнында бар оңалар» демекші, алдындағы аға, әпкесінен үлкендікті сезініп, артынан ерген қарындасына қамқор болған Болысбай бала шағынан мерейлі отбасының берекесін кіргізсем деген асыл арманның әлдиінде ержетті. Сол талпыныс оның бүгінгідей ел ағасы деңгейіне жетуіне ықпал етті.

Әлдебір ақылманның: «Адамның қандай болып өсуін туған жері белгілемейді. Өскен ортаң оның мәдениетті, тәлімді, тәрбиелі болуына ықпал етеді» дегенін оқыған едім. Болысбай Тоғысбайұлы қасиетті Күреңбелдің азаматы. Арыдан тарқатсақ, Күреңбел өңірі көне тарихтың сан ғасырлық шежіресі жазылып, дара тұлғалар өмір сүрген мекен. Оның сан ғасырлық тарихы өскелең ұрпаққа өнеге, түпсіз тұңғиық байлық. Көкпен таласқан Матай тауының баурайында өмір сүрген ата-бабалардың, батырлар мен билердің елі мен жері үшін талай күресті бастан өткергені белгілі. Арқарлы асуынан кірер тұста сол жақта Жоламан батыр, асудан өткен соң Шанханай, Қоянкөз апамыз жатыр. Одан әрі жүрсеңіз Дәулет бидің баласы Матай би жатқан тау кезденеді. Оның етегінде Байторы, Тайторы деген ағайынды дара тұлғалардың күмбезі тұр. Қазақтың біртуар азаматы, Шығыстың жарық жұлдызы, қысқа ғана ғұмыр кешсе де ғасырға жүк болатын іс тындырып кеткен Шоқан Уәлихановтың 1856 – 1859 жылдардағы сапарлары да ауданның арғы тарихымен тікелей байланысты. Алтынемел жотасының солтүстік бауырайында, ағартушы ғалымның өмірінің соңғы жылдарына куә болған Шанханай ауылы жанындағы Көшентоған қонысында Шоқанның ескерткішзираты жатыр. Одан шығып шығысқа қарай жүрсеңіз Тезек төренің ескерткіші кездеседі. Киелі Күреңбел өңірінде 22 тарихи тұлға мәңгілік қонысын тапқан. Демек, күреңбелдіктер осындай ұлылардың ұрпағы, ұлылықтың жалғасын жадына сақтаған ел. Сол өңірдің бір шетіндегі кішкене ғана Бостан ауылында туған Болысбай Момбаев сол ұлылықтың әсерімен бойына еңбеккерліктің, бауырмалдықтың, табиғатқа құштарлықтың нәрін сеуіп өсті. Сол қасиет кейінгі болашағына үлкен ықпалын тигізді. Ұлы болуға ұмтылмаса да азаматтықтың әрбір сәтін сол бабалардың ерлік, елдік жолынан іздеді. Бұл Болысбайдың рухани әлемін байытты.

Бостан ауылынан шыққан 30-ға жуық ғылым кандидаты мен ғылым докторы оның болашақ арманын ұштады. Сол қатарда берісі республика, арысы әлемдік ғылымның өркендеуіне үлес қосқан аты белгілі Науқанбай Әлмұқамбетов, Аманжол Қасабеков, Серікбай Қасабеков, Жамбыл Тобаяқов, Анарбай Бұлдыбаев, Сейсекбай Әлмұқамбетов, тағы да басқа тұлғалардан ізденістің ізін білді. Бостан ауылының 8 жылдық мектебінде жұмыс істеген Инаханов Дәулетбақ, Рәшев Мақсұтбай, Сағи Бұлдыбаев, Күлтай Тәжібаева сияқты білікті мұғалімдерден көп өнеге алды. Сондай-ақ, бір кезде президенттікке үміткер ретінде саяси додаға түскен Ерасыл Әбілқасымов ағасынан өнеге алып, тәуелсіздіктің елең-алаң шағында ауыл басқарып, ауылдастарын алға жетелеген Омарқан Көнекбаев, Сағатбек Кертаев, Тынышбай Досымбеков, Нұрқас Керімқұлов, Нұрбай Жантілеуов, Жексенбай Әлмұқамбетов сияқты ағаларының ақылын тыңдады. «Досы жақсының, өзі де жақсы» демекші, Болысбай Тоғысбайұлының адал достары М. Жолдасбаев, К. Танқақов, Е. Қашқынбаев, М. Чуженов қысылғанда қол ұшын беріп, сүрінген кезде иықтарын тіреді. Ал соғыстан қайтқан солдат екенін білдіретін кеуделері сыңғырлаған медальға толы соғыс ардагерлері мен Ауғанның отжалынында шыңдалған ағалары батылдықтың не екенін ұғындырды. Аядай ауылдың абырой-атағын өрлеткен осы жандар Болысбай Тоғысбайұлының азаматтық келбетінің қалыптасуына көп көмектесті.

Қысқа қайырымдар:

– **Өмірдегі ұстанымыңыз?**
– Адалдық.
– **Жақтырмайтын жат қылықтарыңыз қандай?**
– Жағымпаздық, өтірік, екіжүзділік.
– **Байлығыңыз бар ма?**
– Адал досты, бауырмал ағайынды, ақылды балашағамды байлығым деп білемін.
– **Қызығушылығыңыз не?**
– Кітапқұмармын. Тарихқа, әсіресе, қазақ тарихына қатысты кітаптарды іздеп тауып, толықтай оқып шығуға тырысамын.
– **Белсенді ісіңіз?**
– Таңертең жұмысқа, кешке үйге тезірек жетуге асығып тұрамын.
– **Демалысты қайда өткізгенді жақсы көресіз?**
– Балалармен бірге саябақтарда қыдырып, қаладан алыстау тыныш жерлерге барып, демалып қайтқанды ұнатамын.
– **Отбасында үй шаруасымен шұғылданасыз ба?**
– Әрине, еңбеккорлықты, адалдықты анамнан алғандықтан үй шаруасына үйіріліп тұрамын.
– **Қазақстанның келешегін қалай бағамдайсыз?**
– Қазақстан – әлем елдерінің арасында бірінші болып «Мәңгілік Ел» тұғырнамасын бекітті. Бұл сол биікке лайықты ел екенімізді және сол мәреден көрінетінімізді білдіреді. Мен де соған сенемін.

Абай атамыз айтқан: «Ондай болмақ қайда деп, айтпа ғылым сүйсеңіз. Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз» деген ұстанымды сол ағаларының өмірінен алды. Оларды ұлылыққа жетелеген бір жағын тауға беріп, екінші жағы көсіліп жатқан көк жазыққа жалғасатын ауыл ажары еді. Өйткені Бостан ауылының әр тұрғыны таңертең биік шыңдарға тамсанып оянып, көсілген жазықтың кеңдігімен тыныстап түнгі ұйқыға кететін. «Тау баласы тауға қарап өседі» деген осы шығар. Сондықтан олар аяғы шыға бастағаннан биікке құмар болып өсті. Шөлін басқан бұлақ сулары қандай мөлдір болса, жүректері сондай таза.

Картоптың мекені саналатын Бостан өңірі берекелі тірлігімен де туған перзенттерін еш нәрседен тарықтырған жоқ. Осындай қасиетті мекеннен нәр алған әр адам кеңдікті, кішіпейілдікті, шымырлықты, шыншылдықты, адам баласына тән басқа да қасиетті бойына сіңіріп өсті. Ал адамгершілік, сабырлылық қасиеттері, тұғырдан түспейтін биіктігі де бостандықтарға тән қасиет. Бұл қасиеттің бәрі Болысбай Тоғысбайұлының бойынан көрініс тапты. Аңқылдақ мінезі, ақжарқын адамгершілігі, кісілігі мен кішілігі, бәрі де туған жерінен дарыған қасиеттер.

Оқу – инемен құдық қазғандай. Анасы асыраушысынан айырылып, тұрмыс тапшылығына тап болса да балаларын білімнен алыстатқан жоқ. Сегізжылдықты үздік аяқтаған әрі асыл арманына айналған мамандыққа тезірек қол жеткізгісі келген талапкер Болысбай 1971 жылы Жаркент қаласындағы педагогикалық училищеге түсті. Студенттік қызықты өмір, жастық шақтың естен кетпес сән тарау соқпағы енді басталады. Жастық шақтың буымен кейде уақыттың қадіріне жете алмай қалдық па деп сан соғып, оңаша өкінетініміз бар. Алайда, Болысбай ағамыз студент шағынан тыным тауып отырған емес. 1975 жылы оқуын аяқтай салысымен өз қалауы бойынша Көкшетауға жолдама алып, мектепте мұғалім болып алғашқы еңбек жолын бастайды. Сол жерден әскер қатарына аттанып, Орынбор қаласында екі жыл әскери борышын өтеді.

Мамандығына жауапкершілікпен қарап, балалық шақтағы арманына қол жеткізген жас жігіттің ендігі аңсары туған топырағына қарай ауып тұрады. Бойындағы туған жерге деген сағыныш маза бермей әскери міндетін өтеп біткен жылы Болысбай басқарма өкілдеріне шығып, өз өтінішімен туған жеріне аттанады. Сонымен 1977 жылы Кербұлақ ауданының Ақжар 8 жылдық орта мектебіне орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі болып орналасады. Ары қарай аудан орталығы Шұбар ауылындағы орта мектепке ауысады. Үнемі ізденіс пен оқуды талап ететін ұстаздық жолында жүріп, 1983 жылы Талдықорған қаласындағы І.Жансүгіров атындағы педагогикалық институтын орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі мамандығы бойынша сырттай үздік аяқтады.

Кейіннен Аралтөбе ауылдық мектебінің директоры болып жұмысқа кіріседі. Осы жердегі екі жылдық белсенді еңбегінен кейін сол ауылдағы шаруашылықтың партия комитетінің хатшысы болып сайланады. Осы тұстағы белсенділігімен танылып, тындырымды ісімен алға жылжыған еңбеккөр, жауапкершілігі мол жан аудандық партия комитеті ұйымдастыру бөлімінің басшысы сынды жауапты қызметтерге тағайындалады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жаңадан құрылған Көксу ауылының әкімі болып 17 жылдай лауазымды қызметте отырған ізденімпаз жан сол қызметтен Кербұлақ ауданы әкімі аппаратының жетекшісі лауазымына жоғарылады. Соңғы 8 жылда аудан әкімінің идеология саласы бойынша орынбасары болып жұмыс істеп келеді.

– Тәуелсіздік алғанда қуанышымыз кемерінен асты. Желтоқсан оқиғасы ойымызды ойрандап, Колбиннің қитұрқы саясатына наразы болып жүргенде қолға келген тәуелсіздік тым қымбат болды. Анадан жаңа туғандай күй кешіп, тың күшпен азат еліме қайта еңбек ете бастадым. Азат мемлекеттіміздің алғашқы Ата Заңы, Мемлекеттік Туы мен алғашқы Гимні біз ел өміріне араласып жүрген кезде қабылданды. Осындай ұлт үшін жауапты, ел тарихында қалатын елеулі кезеңде ел басқарып, ауыл әкімі болғаныма қуанамын, – дейді Болысбай Момбаев.

Иә, Болысбай Тоғысбайұлы шын бақытты. Жаратқанымыз мандайына бес елі бақ дарытып, бойына тек адалдық пен жауапкершілік қасиеттерін сыйлапты. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған асқар таудай әке бүгін алпыстың белесіне шықты. Түпкілікті қоныс тепкен Кербұлақ ауданының мәдениет, әдеуметтік, денсаулық сақтау, білім беру саласы Болысбайға бес саусағындай жақсы таныс. Маңдай терін төгіп, түн ұйқысын қиып, жарғақ құлағы жастыққа тимей үлесі сіңген тың бастамалары қазір халықтың игілігіне қызмет етіп жатыр. Болысбай Тоғысбайұлы Күреңбел өңірінің тәуелсіздікпен бірге түлеп, өркендеп өсуіне атсалысқанына, талай жанның қиындығын шешуге көмек қолын созып, аудан әкімдерінің тың бастамаларын қағып алып, оны жүзеге асыру барысындағы барлық жұмыстарға белсене атсалысқанына сан мәрте шүкіршілік етеді. Қырық жылдан астам еңбек өтілінде сан түрлі марапатқа ие болды. Қырық жасында Кербұлақ ауданының Құрметті азаматы атағын алып, «Отан патриоты», «Қазақстан мәслихаттарына 20 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл», «Қазақстан Қару мышұлының «Батыр шапағаты» медальдарымен марапатталды. Солардың ішінде «Абылай хан» атындағы алтын медальдың құны ерекше. Өйткені, бұл марапаттарда туған жердің түлеуіне қосқан өлшеусіз еңбегінің өтеуі бар.

Болысбай Тоғысбайұлының басшылық қызметтегі жемісті жылдары Кербұлақ ауданында өтті. Осы ауданда әкімнің орынбасары болып жұмыс істеген жылдарында бірнеше аудан басшысымен істес болды. Олардың әрбірінен алған тәлімі көп. Оны қызмет басқышындағы жетістігінен бөлежармайды. Болысбай Тоғысбайұлы аудан тізгінін өткеннен өнеге жиып, келешекке кемел жол салуды мақсат еткен Бағдат Әлиев алғалы өңірдің рухани өмірі байып, көңіл көкжиегін көптеген игілікке толтырғанын айтады. Расымен, басшы тұрғысынан зәулім үйлер салып, жылу құбырларын іске қосу, ауылшаруашылығын өркендетіп, егіс көлемін ұлғайту, техниканы жаңартып, мал сапасын жақсарту, тағысын тағылар уақыттың еншісіндегі шаруа. Өйткені сен өркендемесең, өркениетті көршіңнің ұмтылысы сені еріксіз өзіне ілестіріп әкетеді. Ал өскен жеріңнің рухани байлығын түгендеу тек елін сүйген азаматтың ғана қолынан келеді.

Кейінгі жылдары Кербұлақ ауданында мәдениетке, білімге, әлеуметтік салаға көп көңіл бөлініп, қазақ елінің келешегі мен жерінің тұтастығы үшін жанын құрбан еткен батыр бабалардың есімін ел есінде сақтау үшін жаңа жобалар көптеп қолға алынды. Сарыөзек ауылының батыс жағындағы киреберіс жеріне «Ұлы Даланың ұлы даралары» атты саябақ ашып, аудан халқы ауызбірлігінің арқасында әрбір тұлғаның атыжөні, тарихи деректері жазылған ескерткіш тас қойылды. Тағы бір жаңалық, Сарыөзектің орталығына қарай орналасқан аллеяға ауданның дамуына айтарлықтай үлесін қосқан 26 Еңбек Ерінің есімдері жазылған үлкен тас-тақта қойылды. Осы өңірден майданға аттанып, асқан ерлік көрсеткен 11 Кеңес Одағы Батырының есімі қызыл гранит тасқа таңба болып басылды. Бұл жетістікті Кербұлақ ауданының әкімі Бағдат Әлиевтің азаматтығы мен іскерлігінен деп біледі.

Бағдат Байшалұлының бастамасымен өңірде бірқатар рухани дүниені байытатын жұмыстар атқарылды. Тұғырлы істің нәтижелі орындалуына аудан басшысымен қатар өңір тұрғындары да белсене атсалысты. Бәрі де күреңбелдіктердің ауызбіршілігінің арқасында жүзеге асты. Осы бастамалар қолға алынып, соңғы нүктесі қойылғанша аудан әкімінің орынбасары, мәдениет пен идеология саласына жауап беретін Болысбай Момбаевтың да жар құлағы жастыққа тимей шапқылап жүргенін талай көрдік. Енді мұның игілігін келесі ұрпақ көреді.

Өмірдегі азаматтық міндетін абыроймен өтеген ағамыз отбасының да ұйытқысы бола білді. Жеңгеміз Ләззат Момбаева шығыстың мақтанышына айналған атақты Еңбек Ері Кітапбаев ауылының қызы. Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің түлегі, физика пәнінің мұғалімі. Ұзақ жылдар білім беру саласында жұмыс істеген Ләззат Қайдарқызы қазір Кербұлақ аудандық білім бөліміне қарасты кәсіподақ ұйымының төрайымы. Атқарған мінсіз қызметі үшін Халыққа білім беру саласының «Құрметті қызметкері» атағына ие болып, Қазақстан кәсіподақтарының, Кербұлақ ауданының Құрметті азаматы атанды. Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен марапатталды.

Ынтымағы жарасқан отбасында екі қыз, бір ұл өсті. Үлкені Динара заңгер, бүгінде «Динара» шаруа қожалығының басшысы, айналасына қайырымды, іскер жан. Екінші қызы Дана азаматтық авиация саласының маманы және заңгер. Бүгінде жетекші инженер қызметін атқарады. Ұлы Дамир инженер-энергетик және заңгер. Әкесінің жолын қуып, мемлекеттік қызмет саласында бағын сынап жүр. Жеті немересі де ата-апасына тартып, білімді, инабатты, әдепті болып өсіп келеді.

Расында, әр заманның өз кейіпкері, өз тұлғасы, таным-талғам таразысы болатыны анық. Ал пешенесіне жазылған тағдыры жасампаздық еңбекпен тұспа-тұс келіп жатса – сынақтың үлкені осы. Ерік-жігері мықты, табанды, өзіндік көзқарасы бар, таным-талғамы тұрақты адамның ізгілік ізінен адаспай өтетіні хақ. Сонда ғана оның ел-жұрт алдында жүзі жарқын, беделі жоғары болады. Болысбай аға осындай мағыналы өмір сүрген ел қалаулысы, жұрт мақтанышы. Осы жолдан таймай, бағыттан танбай алға жылжи беріңіз, аға!

ОЗЫҚ МЕДИЦИНА

Жүрекке жаңаша ОТА ЖАСАЛДЫ

Адам денінің саулығы – қоғамның басты байлығы. Елбасының жыл сайынғы Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі Жолдауларында денсаулық саласының жандануына басымдық танытып отырғаны да осы ойымыздың айғағы болса керек. Отандық медицинаға айрықша көңіл бөлудің нәтижесінде адам шығыны кеміп, орташа өмір сүру жасы ұзарып келеді. Бұған қоса, медицина саласының озық технологиямен жабдықталып, шетелдік білікті дәрігерлермен тәжірибе алмасудың да өзіндік ықпалы тиіп отырғандығын ерекше атамақпыз. Бұған жақында Алматы көпсалалы клиникалық ауруханасында итальяндық атақты профессор Pierfrancesco Agostonidің жүрек-қантамырлары ауруына имплантация жасау тәсілі бойынша дәріс өткізуі дәлел.



Ұлбосын ИСАБЕК

Елімізге арнайы шақыртылған шетелдік дәрігердің тәжірибесімен танысуға облыс орталықтары мен Алматы қаласындағы клиникалардың бөлім меңгерушілері және БАҚ өкілдері қатысты. Онда шетелдік дәрігер отандық медицина қызметкерлерін жүрек ауруларының кейбір түрлеріне жасалынатын ота түрлерімен тереңірек таныстыру мақсатында үш науқасқа жүрек-қантамырларын алмастыратын стендтің жаңа түрін қойып, оның тиімділігін түсіндірді.

– Он екі жылдық тәжірибемде жыл сайын Голландия мен Бельгияда 400-ден астам адамға осы тәсіл арқылы ота жасаймын. Ол үшін науқастар уақыт жоғалтпайды. Ертемен келіп, отасы жасалған соң түс қайта үйіне орала береді. Басқа оталардан айырмашылығы – науқасқа наркоз да берілмейді. Бұл орайда, әріптестеріме Үндінің «Meril» фирмасы өндірген медициналық өнімнің тиімділігін түсіндірмекпін, – деді ота алдында сұхбат берген итальяндық профессор.

– Бүгін Алматы көпсалалы клиникасында ұзындығы 50-60 миллиметрлік имплантация жасау бойынша шеберлік сабағы өткізіледі. Осыған дейін Қазақстанда жасалған имплантацияның ұзындығы бар болғаны 38 мм болды. Жүрек-қантамырлары ақауларының көлеміне қарай кейбір науқастарға бұл стендтен 2-3-еуін қоюға тура келетін еді. Енді елімізде тұңғыш рет жасалып отырған бұл отада осы қажеттілікті бір ғана стенд алмастыра алады. Бұл стендтің ұзындығы – 50-60 мм. болса, диаметрі – 3,5 мм.-ден, аяқталар тұсы 3 мм. аралығында. Яғни, артерияның физиологиялық диаметрін сақтап қалады. Пішініне сай келеді. Осындай артықшылығымен ерекшеленетін стенд қою отасы елімізде алғаш рет жасалуда. Мұның бағасы да анағұрлым арзанға түседі, – дейді рентген ангиохирургиялық диагностикалау және емдеу әдістері бөлімшесінің меңгерушісі, жоғары дәрежелі дәрігер Аскар Нарынбаев.

– Қазақстанның әр облысында ұлттық кардиохирургияны жетілдіру бағдарламасы бойынша осындай орталықтар жұмыс жасайды. Бүгінгі отаға бөлімде жатқан үш науқасты дайындадық. Коронография тексеруін жасадық. Ота кеудені кеспей, теріні теспей, қол немесе аяқтың қантамырларына микрокатетр қою арқылы жасалады. Ота жасау барысында науқасқа жансыздандыратын дәрі берілмейді. Науқас бәрін естіп, біліп жатады. Онымен сөйлесе аламыз.

Бұл отада екі-үш стенд қою керек болса, оның әрқайсының өзіндік бағасы бар. Үш стенд керек болса үшеуін үш бөлек бағада сатып алатын еді, енді осы әдіс бойынша ұзындығы 60 мм.-ге дейін жететін аталмыш материал шығын көлемін кемітуге ықпал ететін болады, – дейді білікті дәрігер.

Аталған клиникада медициналық озық технологияға негізделген үш шеберлік сабағы өткізіліпті. Алғашқысы 2015 жылы гинекология саласында миомаға жасалынса, одан кейін электрокардиоратуыш – жүрек соғысын жақсартуға, яғни жүрек соғысын ұстап тұруға арналған отаның озық тәсілі енгізіліп, науқастардың жағдайын жақсартуға оң ықпалы тигендігін тілге тиек етті.

Адамдардың жүрек ауруына ұшырауының басты дерегі – дене қозғалысының аздығы, шылым шегу, күйінішті жағдайлар екендігін ескере отырып, оны алдын алуда салауатты өмір салтын ұстанудың маңыздылығына тоқталды. Соңғы жылдары жүрек ауруына шалдыққандардың қатары артып отырғандығына орай науқастарды емдеуде микрокардиохирургия бөлімінің қажеттігін құлағдар етті. Бұл күнде хирургия бөлімінде 40 төсек бар, науқастарға 3 кардиолог, 4 хирург қызмет көрсетеді. Науқас саны артып отырған тұста маман тапшылығы да байқалмай қалмайды. Осы жылдың 9 айында аталған клиникада 740 адамға короография (тексеріс) жасалып, 480 науқасқа отаның көмегімен стенд қойылыпты. Науқастардың барлығына жасалатын ота шығыны республикалық және облыстық бюджеттен өтеледі. Биылғы жылғы жүргізе ота жасалғандардың ең жасы 24-те болса, ең үлкені 94 жастағы қария көрінеді. Дәрігерлердің уақыттан шет қалмай, шетелге барып, дәріс алып, іс-тәжірибе алмасу жұмыстары жібін үзбей жалғасып отырады. Бұл отандық медицинаның жандануі мен жаңа технологияны меңгерудің пәрмеңділігін арттырып келеді.

Алматы қаласы.

СЕМИНАР

ЖАТ АҒЫМДАРДАН сақтандырды

Ақсу ауданы, Жансүгіров кентінде «Дін және жастар» тақырыбында облыстық семинар өтті. Семинарға облыстық дін істері басқармасының басшысы Рахмет Есдәулетов, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің діntану және мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы Құдайберді Бағашаров, Ақсу ауданы әкімінің орынбасары Сәбит Қорғанбаев қатысты. Жиында дін істері басқармасының басшысы Рахмет Разбекұлы баяндама жасап, бүгінгі күні ел ішінде орын алған жағдайлар туралы айтты.

Семинардың мақсаты – жастардың тәрбиесіне, өміріне қатер төндіретін жат ағымдардан сақтандыру. Олардың бойында кез келген ағымның насихатына көнбейтін, қарсы шыға алатын иммунитет қалыптастыру. Халық арасында, өскелең ұрпақ жадында туған жерге деген сүйіспеншілікті жандандыру. Жастарға елжандылық және рухани тәрбие беру. Жиын барысында «Жастарға арналған ескертпе» деп аталатын кітапша таратылды. Онда перзенттің бірінші парызы туып-өскен елге құрмет көрсету. Елінің жоғын түгендеп, туған мемлекетіне бір кірпіш болып қалану. Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, адамзаттық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып-көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа!» деген еді жастардың басы қосылған алқалы басқосуда. Бүгінгі жиын да ақсулық жастардың санасына елжандылықты сіңіруді мақсат етті. Діни ұғымды жамылып, экстремизмге бейімдеудің белең алып тұрғаны жайлы айтылды. «Деструктивті ағымдар өз мақсатын зайырлылықпен байланыстырады. Мысалы, сізді тегін ағылшын тілі курстарына шақыратын болса, абай болу керек. Өйткені, қазіргі өмірде тегін білім беретін курстар сирек кездеседі. Сізді мақтап, артықшылығыңызды айта бастағандардан қорқу керек. Оның астарында сананы улау жатады», – деді баяндамашы. «Осы күнге дейін басқалардан дара екеніңізді ешкім айтпады ма? Талғаммен киіну сізді өзгелерден ерекшелендіріп тұрады,– деген сияқты қолпаштаулардың астарында құлық пиғыл жатады. Діntанушылардың айтуынша, Сирияға аттанғандардың 84 пайызы жастар. Әрине, қорқынышты көрсеткіш. Ұйымға кіргізу – миссионерлердің басты міндеті. Олар бұл жолда барлық іс-әрекетке барады.

Бүгінгідей алмағайып заманда жастарды сананы улайтын ағымдардың азғыруынан сақтандыру керек. Бұл күнгі жиынның да көздегені сақтық еді. Ұлқыздың көп мағлұмат алып, жақсы-жаманды санасына түйгені өз ойларын айтуына байқалып тұрды.

Гүлжан МҰҚАШҚЫЗЫ.
Ақсу ауданы.

Ұлт ұятын

№2 (18278),
7 қаңтар, 2017 жыл

КӨЗҚАРАС

АЛСАМ, ЖИСАМ...
немесе пейіліміз неге тарылды?



Қай заманда да адамның пейілі мен ниеті арқылы оның кісілік келбеті айқындалған. Дарқан көңілді, пейілі кең, өзегі таза адамда ашкөздік, тойымсыздық, қарабасының ғана қамын ойлау секілді ұсақ пендешілік мінез болмаған. Осы сөзімізге бар мен жоқты, аш пен тоқты, адалдық пен сатқындықты басынан кешірген көне тарих куә.

Бұл жайлы көш бастаған серкелер мен ел тағдыры үшін басын қатерге тіккен ерлердің соңында өнеге болып қалған тарихи деректерде де аз айтылмайды. Сондай ұлы тарихтың терең тамырына зер салсақ «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» деген қағидалы сөздер неге күні бүгінге дейін үлгі ретінде айтылып келеді? Содан бері қаншама жүздеген жыл өтсе де аталған ұлы есімдердің адалдығы мен ізгілікті істері бүгінгі ұрпаққа өнеге ретінде айтылуда. Демек, адал пейілмен ұлты үшін істелген еңбектерінің еленгені ғой. Егер олар бүгінгі кейбір атқамінерлер секілді қолында билік тұрғанда өзінің ғана қамын жеп ашкөзденсе, нарам ниетте болса, сарғайған тарих беттерінде адалдықтың үлгісі ретінде аттары мәңгі қалмас та еді ғой. Бұған талас жоқ.

Енді «өзіміз өмір сүріп жатқан қазіргі заман адамдарының пейілі мен кісілік келбеттері қандай?» деген сауалға жауап іздеп көрелік.

Рас, нарық заңында бәрінің есепке құрылатыны, ақшаның басты рөл ойнайтыны, ақша араласпаса ешнәрсенің бітпейтіні анық. Алайда адамның көбі: «Тек мен ғана алсам! Жол менікі ғана болса! Мен ғана жүрсем! Мен ғана ішсем! Өзім ғана байысам! деп ниетін де, пейілін де бұзып алған жоқ па? Бәлкім, жаппай ашкөздік, дүниеқұмарлық, қарақан бастың ғана қамын ойлау мына замандағы адамдардың пейілінің бұзылуынан шығар? Мәселен, қаладағы саудагерлер тауарын қоятын орынға таласып шу шығарса, ауылдағы ағайын мал жаятын өрісі үшін қызылкеңірдек болып жатады. Үлкен күре жолдарда, кептелісі көп шаһар ішіндегі даңғылдарда тағы да жанталас. Біріне-бірі жол бермей «өзім-өзім» деп өңменденген жұрт. Сонда әлгі адамдардың пейілін бұзған не? Өршіген өзімшілдік пе?.. Әлде көздің құрты дүние ме? Мүмкін, қолдағы мансаптың, я болмаса тегіннен келген байлықтың буы шығар?

Қазір қарап отырсаңыз, қолында билігі бар адамның көбі мүмкін болғанның бәрін алдымен өзі үшін жасап, қармап, ұрлап, тығып, жинап калуға құмар. Қызметінен түсе қалса иемденетін жері, мінетін көлігі, пайдаланатын қаржысы, айналысатын жеке шаруасы, бәрі-бәрін қазірден бастап «реттеп» алмай тынбайды. Әр уақытта бірінші кезекке елдің емес, өзінің және өзіне ең сенімді «төңірегінің» жеке шаруалары қойылады. Елдің тағдыры одан кейінгі кезекте... Мұны адам пейілінің, оның ішінде қолында мансабы бар, ел тағдырын шешетіндер пейілінің бұзылғаны демесек шараң жоқ. Әрине, бәрі емес.

...Бір ірі облыстың дәй басшысы қызметінен кеткеннен кейін сол өңірде тұратын адамдардың аузынан естіген сөздерге алғашында сенбегенмін. Сөйтсем «Жел тұрмаса шөптің басы қимылдай ма»? Әлгі қасқа өзі басқарған өңірдегі дәріханалар мен базарлардан бастап қала маңындағы аудандардың алма бағына, демалыс орындарына, шалғай ауылдың қара күңгейлі жеріне дейін ірі малымен қосып тұрып жекешелендіріп, аты-жөні басқа, сенімді жақындарының атына иісіліп итпен іздесе де ізін таппайтындай етіп «заңдастырып» кетіпті?!. Кезінде арыздар түсіп, жоғарыдан тексеру де келген көрінеді... «Бұлдірген ештеңесі жоқ. Бәрі заңды», – деп кеткен дейді оқиғаны көріп білгендер.

– Қазіргі кейбір атқамінерлердің пейілдері жаман. Шетінен обырланып, жұтынып, тек алсам, жисам, тықсам деп тұрады. Жоғарғы жақ оларға сеніп, жергілікті жұрттың тағдырын қолына беріп отыр ғой. Бұлардың істейтіндері әлгі. Қазіргі мансаптылар қымқырудан бірімен-бірі жарысқа түскен бе, қалай? деп ауыр күрсінді кезінде өзі де жауапты қызметтер атқарған көнекөз қария.

Әрине, адамдардың пейілі туралы жеке пікірімізді ортаға салғанда біз ауылдық, аудандық және облыстық, одан да жоғары деңгейдегі барлық басшыларға күйе жағудан аулақпыз. Алайда, қалың елдің алдында тойымсыздығымен танылған әлгіндей адамдар арамызда жоқ деп және айта алмаймыз.

Пейілі жаман пенде ешқашан өз халқына адал қызмет ете алмайды. Және ондайлар өз кемшілігін қателік деп түсінбейді де. Тіпті оны адами жүрекпен мойындап, қорытынды шығаруды да ойламайды. Бірақ уақыт деген сыншы, кеңірдегі кеңіп қеткен бүгінгі ашкөздердің жазасын күні ертең әйтеуір бір берері анық. Бұған мысал жеткілікті. Біз жоғарыда қолында билік пен мансабы барлардың пейілі мен пиғылы туралы аз- кем сөз қозғадық. Ал енді жалпы адамдардың, сіз бен біздің, ағайын мен туыс-бауырдың, көршілердің арасындағы пейіл мен ниеттің дәл қазіргі кездегі жайына зер салып көрейікші.

Рас, еліміз егемендік алған 25 жылда аз жұмыс атқарылған жоқ. Алғашқы кезеңмен салыстырғанда ел тұрмысының дұрыстала бастағаны да байқалады. Бірақ бәрі емес, әрине. Осы бір өтпелі кезеңнің «түлкі» болып шалғандарға майдай жаққанын, сондай уақыттың ыңғайына жығыла білетіндердің аяқ астынан байып шыға келгенін сіз де, біз де көрдік. Қазір де көріп жүрміз. Мақұл, әлгілер іскер болсын, дүниенің көзін тапсын-ақ. Ал енді солардың пейілі қандай? Барға қанағат жасай ма? Жоқ, әлде бұлар да біз жоғарыда айтқан кейбір мансаптылар секілді «ала берсем, жинай берсем, өзім ғана болсам!» деп ақ тер, көк тер болып жүр ме? Егер пейілі мен ниет-пиғылы дұрыс болса мал бітіп, қомданған бауыр өзінің бауырынан безер ме еді? Кейбір ағайындар бес-он бас малдың жайылымы мен шабындығы үшін бірімен-бірі дүрдараз болып, ақыр аяғында атысуға дейін бармас еді ғой. Қазіргілердің тек ақша үшін бәрін істейтіні, арбап- алдайтыны, сатып кетіп, тақырға отырғызатыны өтірік пе? Адамдардың пейілі неге сонша тарылып кетті? Уыздай жастар да тек өзін ғана ойлайды. Күн сайын бәріміз көріп жүрген мына жағдайды алайықшы: автобуста жас балалар мен қыздар шалқайып отырып алып, қасында өзер тұрған қарт адамдарға кішілік ізет көрсетіп, орындарын беруді ойлап та жатпайды. Демек, әлгі уыздай жастар да тек өздерінің ғана жағдайын ойлайды. Өйткені, қазіргі тәрбие солай. «Бәрі тек өзім үшін» деген қағида. Сонда Қазақ деген дарқан халықтың ізет, инабатының, кішінің үлкен алдындағы парызы мен қарызының табанға тапталғаны ма?.. Бұл дерт уақытша ма, әлде, осымен кетеміз бе – деген ойлар мазалайды...

Пейіліміз неден тарылды? Ниеміз неге бұзылды? Қозғар әңгіме аз емес. Шерхан ағамша айқанда, бұл да «бір кем дүние».

Айтақын ӘБДІҚАЛ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын,
Мұқағали Мақатаев атындағы сыйлықтың лауреаты.

ҒИБРАТ

Қазақ халқының қайсар да қаһарман ұлының бірі Бауыржан Момышұлы. Ол кісі тек батыр ғана емес, сонымен бірге ойы терең кемеңгер, сөзі кемел шешен, дара данышпан десек те болады. Батырдан қалған ұлағатты сөз бүгінгі біздей ұрпағының рухани қазынасы. Осы орайда атадан жеткен асыл сөзді өз пайымымша талдап көруді жөн көрдім.

БАТЫРДАН қалған ұлағат

«Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды». Шынымен де, еліміздің нақты заңы, сол заңға сүйенген өз тәртібі болмаса, бүгінгідей дамыған мемлекетке айналар ма едік? Тәртіп үлкен мемлекет үшін ғана емес, сол елді құрайтын әрбір отбасы, жекелеген ұжымдар мен мекемелер үшін де ауадай қажет. Меніңше тәртіпке бағыну дегеніміз – кез келген адамның өз жұмысына аса жауапкершілікпен қарау. Оқушы ата-анасын тыңдаса, ұстаздың айтқанын орындаса одан білімді де білікті маман шығады. Ол ертең студент атанғанда сол тәртіппен жақсы оқып, белгілі маман иесі болып шығады. Бала жасынан бойына темірдей тәртіп сіңірген бала өсе келе елінің көшін бастайтын тұлғаға айналады. Ал тәртіпке бағынбаған адам – ата-анасын ұятқа қалдырады, ұстазын құрметтей алмайды, есейгенде не жалқау, не өтірікші не басбұзар болып, қоғамға тек зияны тиетін пенденің бірі болып қалады.

«Пенденің пендеден айырмашылығы – адамгершілігі мен білімінде». Адам баласы мына өмірге бір-ақ рет келеді. Маңдайына жазылған ғұмырында не жақсы немесе жаман адам болып қалыптасады. Білімге құштар болған адам биікке шығады. Бірақ оның адамгершілігі жоқ болса, ондай биіктіктен не пайда. Әл-Фараби атамыздың: «Тәрбиесіз берілген білім – ұрпаққа қауіпті», – дегенін ескерсек, адамгершілік жоқ жерде білімнің де пайдасы жоқ. Міне, батыр мен ғалымның жан дүниесіндегі ұқсастықты осыдан байқауға болады. Адамгершілікті бала ең әуелі өзінің ата-анасынан үйренеді. Аталарымыз: «Әке көрген – оқ жонар, ана көрген – тон пішер», – деген ғой. Әке-шешесінен көрген тәрбие бала үшін ең маңызды. Өйткені, бала көргенін істейді. Отбасында дұрыс тәрбие алса, қоғамда адамгершілігі мол азамат болады. Ал адамгершілігі жоғары адам рухани бай, білімді болады. Бауыржан ата айтып отырған пенденің пендеден айырмашылығы осы болса керек.

«Ешқашан мақтанба, жұрт мақтасын». Мақтану – адамды өзімшілдікке апарады. Нәпсісін қоздырып, ешкімге құлақ астырмай кетеді. Бұл адам бойындағы ең жаман әдет. Абай атамыз да «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңінде бес дұшпанның біріне осы мақтаншақтықты қосады. Бауыржан атамыз «жұрт мақтасын» дейді. Онысы, сенің әрбір игілікті ісіңе ел бағасын беріп, жақсылығыңды жұрт айтсын дегені. Мақтаншақтық пен өркөкірек болу ортаңнан да алыстатады. Әрбір жақсылығымызды өзіміз мақтағаннан гөрі, өзгенің мақтағаны еңбегіне берілген баға. Сондықтан көп мақтанбайық, жұрт мақтасын.

Мағжан Оспан,
М. Арын атындағы
дарынды балаларға арналған №24
арнаулы лицейдің 10-сынып оқушысы.

ҚАЛДЫҚСЫЗ ӘЛЕМ

ҚОҚЫС ТА керекке жарайды

Қазіргі таңда еліміздегі қатты тұрмыстық қалдықтардың тек екі пайызы ғана өңделеді. Ал 98 пайызы далада шашылып жатыр. Осы тұрғыдан келгенде, облысымыздағы қатты тұрмыстық қалдықтарды қажетке жарату ісі бүгінгі күннің талабынан шығып отыр деп айта алмаймыз. Әрине, дамыған мемлекеттер сияқты қоқысты жұз пайыз керекке жаратып, одан өміріміз бен тіршілігімізге тиімді заттарды өндіретін уақыт та келер. Ондай мүмкіндікке жету үшін жұрт болып жұмылған жөн. Алайда біз әлі де қоқысты керекке жаратудың мәдениетті жолын қалыптастыра алмай келеміз. Сондықтан тұрмыстық қалдықты қайта өңдеуден бұрын оны есепке алу, жинау, сұрыптау жолын, сондай-ақ, қауіпті қалдықтарды залалсыздандыру, жоюдың әдіс-амалын үйренгеніміз дұрыс.

Жетісу

Қажет АНДАС

Сенімді ақпарат бойынша өңіріміздегі жеті жүзден астам елді мекенде жалпы көлемі 1113,6 гектар 513 заңдастырылған күл-қоқыс үйіндісі мен полигонға жылына 850 тоннадан аса керексіз заттар тасымалданып, төгіледі. Осы тұрмыстық қалдықтарды жинау және тасымалдау міндеті облыстағы 17 мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын мен 20 жекеменшік кәсіпорынға жүктелген. Олар 254 елді мекенді қамтиды. Демек, 50 пайыз елді мекендегі қатты тұрмыстық қалдық далада шашылып жатыр. Тіпті, медицина қалдықтарын жоюды жүзеге асыратын Іле ауданы мен Талдықорған қаласындағы «Интермед» ЖШС, қағаз қалдықтарын өңдейтін Қарасай ауданындағы «Қазақстан қағазы» АҚ, шыны сынықтарын шығаратын Іле ауданындағы «САФ» АҚ, пайдаланылған аккумуляторларды өңдеуді жүзеге асыратын Талдықорған қаласындағы «Қайнар АКБ» ЖШС-ін айтпағанның өзінде тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеумен айналысатын өндіріс орындары көп емес.

«Қатты тұрмыстық қалдықты өңдеу» деген ұғымды көпшілік күл-қоқыс үйіндісі мен полигондағы үйінділер арасынан қағазын бір бөлек, пластмассасын бір бөлек, темір, ағаш, әйнегін тағы бір жаққа жинап, зауытқа тасымалдап жаңа өнім шығару деп түсінеді. Ашығын айтатын болсақ, күл-қоқыс үйіндісі мен полигондарға төгілген қоқыстарды өңдеуге болмайды. Тұрғындар тарапынан қоқыс жәшігіне жиналған қалдықты тасымалдаушы компания өкілдері сұрыптаудан өткізбей-ақ полигонға төгеді. Яғни, оның ішінде қағазы да, пластмассасы да, тамақ қалдығы да, табиғат пен адам ағзасына зиянды улы заттар да араласып жүреді. Мысалы, пластмасса шөлмекті өңдеп, сондай бұйым шығаратын шикізат алуға болады. Ал сұйық май, бензин, ауылшаруашылық немесе басқа да улы дәрідәрмекке құйылған пластик шөлмекті толық залалсыздандырып, сұрыптан өткізіп барып өңдеуге жөнелту керек. Полигоннан қоқыс жинап, қоқыс жәшігін ақтарып-төңкеріп нәпақасын айыратындарға ақша тапса болғаны, олардың елдің келешегімен шаруасы жоқ. Әрине, полигондарға мықты күзет қойып, адам баласын аттатпай тастауға болар еді. Онда тұрмыстық қалдықтарды өңдейтін отандық зауыттардың шикізат табалмай қиналатыны анық.

Осы тұста жеке кәсіпкер Гүлнұр Маратқызы басшылық ететін «ЭкоСервис-Арман» серіктестігінің бастамасымен Талдықорғанда түрлі қалдықты өңдейтін ірі зауыттың іске қосылғанын айта кеткен жөн. Құны 3 миллион 200 мың долларды құраған зауыт қондырғысын серіктестік өз қаржысына сатып алды. Қондырғының идеясы италияндікі болғанымен, барлық жабдығы Қытайда жасалыпты. Оны құрастыру, дайындау, іске қосу барысындағы техникалық жұмысты қытайлық мамандар атқарған.

Жоба инновациялық «Евро-4» санатты экологиялық талаптарға сай болғандықтан шикізат қалдықсыз өңделеді. Зауыт резеңке, пластик, қағаз, медициналық қалдықтар, тіпті мал өлекселерін де өңдеп, газ, қара май, солярка мен бензин, техникалық көміртегі мен жартылай кокс алады. Бұл өнімнің бәрін қайталай өндіріске қолдануға мүмкіндік мол. Тіпті өңдеуден кейінгі күйенің өзі баспахана бояуын шығаратын кәсіпорындарда сұранысқа ие. Көмірден шығатын түтін мен қалдықтар, жанғанда шығатын зиянды заттар пеш ішіндегі катализаторда, арнайы дайындалған су бассейнінде сүзіліп қалады. Өкінішке қарай, зауыт өндіріс ауқымын ұлғайту ниетінде болса да шикізат жинаудан қиындық көріп отыр.

Мүмкін, сіз: «Көшеде қоқыс үйіліп жатыр, жинап алып өңдей бермей ме? – деп ойлайтын шығарсыз. Қайталап айтайын, полигонға жетпеген қоқыстар ғана өңделіп, одан тіршілікке қолайлы дүние шығаруға болады. Сондықтан өңделетін қоқыс о бастан қатаң сұрыптауды керек. Ол үшін әрбір тұрғын күн сайын шығатын қоқыстарды керекке жаратудың жайын, ретін білуі керек. Шетелді айтпай-ақ қоялық, қазір Астана, Алматы қаласына барсаңыз көшедегі көк, жасыл, сары, қара, сұрғылт түсті қоқыс жәшігін көресіз. Қолыңыздағы қалдық затты қай жәшікке салуды білесіз бе? Жоқ. Облыс, аудан орталықтарына ондай мәдениет әлі жете қоймады. Демек, өркениеттің көшінен әлі де алыста жүрміз. Әр ауладағы қоқыс жәшігінде сасып-шіріп, асып-төгіліп жатқан қалдықтарды тасымалдау ісі де жүйелі емес. Тәртіп бойынша, қоқыс 24 сағаттың ішінде сұрыпталуы немесе күл-қоқыс үйіндісі мен полигонға жөнелтілуі керек. Сондықтан, біріншіден, ел бойынша қоқыс тастайтын жәшіктердің әлемдік өлшеміне көшкеніміз жөн. Ол көп шығынды талап етпейді. Екіншіден, тұрғындар мен жастарға қоқысты сұрыптаудың тәртібін үйретуіміз керек. Расымен, бәрі мектеп қабырғасынан басталуы керек еді. Өкінішке қарай, мектеп бағдарламасына мұндай мұзмұн кірмей қалыпты.

Өткен жылы Қостанай облысында пластик шөлмектерді арнайы жинайтын жәшіктер сынақтан өткізіліп, жақсы нәтиже берген. Қазір ондағы тұрғындар пластик бұйымдарды арнайы орнатылған жәшіктерге тастауға әдеттеніп, зауыттарды шикізатпен қамтамасыз ету әлеуетін арттырған. Бірақ, оны өзге облыстар қолдануға құлықсыз. Биылғы қаңтардың бірінен бастап Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі мен «Қоршаған ортаны қорғау туралы» Заңның кейбір тармақтары күшіне енді. Оның ішінде қоқысты жинау, сұрыптау, залалсыздандыруға қатысты баптар да бар. Ол талапты орындамағандарға әкімшілік жазадан қылмыстық жауапкершілікке тартуға дейінгі жазалау түрлері қарастырылған. Сондықтан қоқысты көрінген жерге тастамауға әдеттеніп, қалдықты қандай қоқыс жәшігіне тастау керектігін біле жүргеніңіз артық болмайды.



ОЙМАЗДАҚ



Меруерт МОЛДАҒАЛИЕВА

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ пен ҚАТЫГЕЗДІК

Көз көріп, құлақ естіп жүрген оғаш қылықтардың қатары артқан сайын қоғамға өкпелегендей боласың. Бірақ жекелеген адамдардың ісіне бола көпке топырақ шашудың тағы қисынға келмесі анық.

Бірде баратын жеріме кешігіп қалмайын деп такси шақырдым. Айтқан мекенжайға жеткізген көлік иесі жолдың екінші бетіне бұрылмақшы болып, қарсы жолақтағы автокөліктің өтіп кетуін күтіп тұрғаны сол еді, мен өркениеттің көшінен әлі де алыста жүрміз. Әр ауладағы қоқыс жәшігінде сасып-шіріп, асып-төгіліп жатқан қалдықтарды тасымалдау ісі де жүйелі емес. Тәртіп бойынша, қоқыс 24 сағаттың ішінде сұрыпталуы немесе күл-қоқыс үйіндісі мен полигонға жөнелтілуі керек. Сондықтан, біріншіден, ел бойынша қоқыс тастайтын жәшіктердің әлемдік өлшеміне көшкеніміз жөн. Ол көп шығынды талап етпейді. Екіншіден, тұрғындар мен жастарға қоқысты сұрыптаудың тәртібін үйретуіміз керек. Расымен, бәрі мектеп қабырғасынан басталуы керек еді. Өкінішке қарай, мектеп бағдарламасына мұндай мұзмұн кірмей қалыпты.

Өткен жылы Қостанай облысында пластик шөлмектерді арнайы жинайтын жәшіктер сынақтан өткізіліп, жақсы нәтиже берген. Қазір ондағы тұрғындар пластик бұйымдарды арнайы орнатылған жәшіктерге тастауға әдеттеніп, зауыттарды шикізатпен қамтамасыз ету әлеуетін арттырған. Бірақ, оны өзге облыстар қолдануға құлықсыз. Биылғы қаңтардың бірінен бастап Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі мен «Қоршаған ортаны қорғау туралы» Заңның кейбір тармақтары күшіне енді. Оның ішінде қоқысты жинау, сұрыптау, залалсыздандыруға қатысты баптар да бар. Ол талапты орындамағандарға әкімшілік жазадан қылмыстық жауапкершілікке тартуға дейінгі жазалау түрлері қарастырылған. Сондықтан қоқысты көрінген жерге тастамауға әдеттеніп, қалдықты қандай қоқыс жәшігіне тастау керектігін біле жүргеніңіз артық болмайды.

Өйткені мемлекет басшысы мен соның қарамағындағылардың қасына барғанда, ұялып жерге қарамас үшін. Алайда олар да жұмыр басты пенде. Сені мен менен артықшылығы жоқ. Ал енді сенен сұрайын, о дүниеге барғаныңда осыншама күнәң мен кінәларың бола тұра, Аллаһ тағаланың алдына шығып есеп беруге ұялмайсың ба?

Ғалымның сөзі сүйегінен өткен төре баласы атының тізгінін бірден қызметшісіне ұстатып, өзі бұдан былай өмірін бұ дүниелік өткінші ләззаттарға алданбай, Аллаһ тағаланың ақ жолына түсіп, тақуалықпен өткізуге табан астында қарар берген екен.

Кедейдің байлығы

Бір адам өзінің кедейлігіне налып, жоқшылықтан әбден жүдеп-жадағанын айтып, қамығыпты. Сонда бір парасат иесі оған:»Сенің көзіңнің көр болмай, сау болғаны жақсы ма, жүз мың теңгеңнің болғаны жақсы ма?» – депті. Ол: «Әрине, көзімнің сау болғаны жақсы, көздің көр болып, қолда ақша болғанынан не пайда?» – депті. Әлгі кісі: «Сенің екі қол, екі аяғың кесілген болып, екі жүз мың теңгеңнің болғаны жақсы ма?» – депті. Ол: «Жоқ», – депті. Әлгі кісі: «Сен жынды болып, көп ақшаңның болғаны жақсы ма?» – дейді. Ол: «Жоқ», – дейді. Сонда әлгі парасатты кісі: «Жаратқан иең ақшадан артық денсаулық берген екен, соған шүкір демейсің бе?» – деген екен.



ШАҢЫРАҚ

Жұмыр басқа не келіп, не кетпейді? Ойланасың, толғанасың, жалғызсырайсың. Құлазыған жаныңа ем таба алмайтын кездерім де аз емес.

ШАҒЫН МЕМЛЕКЕТТІҢ ШЫРАЙЫ

Дегенмен, жалғыз қалған сәттерімде тұңғиық қиял әлеміне сүңгіп, қолымдағы қаламым еріксіз қағазға шүйілгеді. Сондайда отбасым туралы толғанамын.

«Отбасы – шағын мемлекет. Мен президент, сен премьер», – деп ақын Қасым Аманжолов жырлағандай, отбасы өзінше бір әлем. Менің отбасымда бес жан. Олардың әрқайсысының өз орны бар. Әкем –отбасымыздың тірегі болса, анамыз – жүрегі, шамшырағы. Әр перзент үшін ананың орны ерекше. Менің анам әлемдегі ең тамаша жан. Ол өміріміздің шуағы мен жарық сәулесі. Барлық адамзат ананың шексіз махаббатымен өседі. Шыр етіп дүниеге келген сәттен бастап, ана бар ғұмырын баласына арнайды. Ана – өмір айнасы. Ал бауырымды әкемнен кейінгі әкем деп есептеймін. Сіңлімнің орны тіптен бір бөлек, ақылшым, досым, жанымның бөлшегі. Менің отбасым – нағыз махаббатқа бөленген отбасы.

Кәусар ЛЕСКЕНҚЫЗЫ.
Жамбыл ауданы.

1

КӨКЖИЕК

Жамандық жинама

Келе жатқан бір таксидің алдынан көк көлік кілт тоқтап, апатқа себеп бола жаздайды. Тежегішті уақытында басып үлгерген жүргізуші көлікті басқа жаққа бұрып, жолдың екінші жағымен келе жатқан көлікпен соғыса жаздайды. Көк көлік иесі терезені ашып жүргізушіге жаман сөз айтып ұрысады. Ол болса еш ашуланбастан күлімдеп қана қол сілтейді. Оның сабырлылығына таңданған жолаушы сұрайды: “Неге оған жауап қайтарудың орнына күлімдеп қана қойдыңыз? Оның кесірінен оқыс оқиға орнай жаздады ғой!”. Жүргізуші болса былай дейді: “Көптеген адам қоқыс артып алып жүреді. Қоқыстары – ыза, жеккөрініш пен реніш. Қоқыс көбейіп кеткен кезде оларды бір жерге лақтыру керек болып тұрады. Сондықтан қоқыстарын кейде сенің үстіңе де лақтырып тастаулары мүмкін. Ешбір уақытта мұны жүрекке жақын қабылдама. Күлімде де, олардың жақсылығын тілеп жолыңмен кете бер. Олардың қоқыстарын алып жұмысқа, үйге немесе басқа адамдарға апарушы болма”.

Кемшілікті жасыру

Бірде елді қуаңшылық жайлап Мұса пайғамбар (а.с.) қауымын ертіп, тасаттыққа шығады. Дұға жасап,



2

Аллаһтан жаңбыр тілейді. Бірақ дұға қабыл болмай, жаңбыр жауа қоймайды. Сонда Мұса пайғамбар (а.с.) қолын жайып: «Я, Аллаһ тағалам! Сен менен тіле, сонда жаңбыр жаудырамын, қуаңшылықтан құтқарамын деп едің. Бірақ қанша дұға жасасам да, дұғамды қабыл қылмауыңның хикметі не?» – деп сұрайды. Сонда Аллаһ тағала: «Дұғаңның қабыл болмауы, араларыңда жасаған күнәсына тәубе етпеген біреу бар, сол тәубеге келмейінше дұғаң қабыл болмайды», – деп жауап қатады. Сонда Мұса пайғамбар: «Онда ол адамның кім екенін білдіре гөр», – дегенде, Аллаһ тағала: «Менің бір есімім – Саттар, яғни пенделерімнің күнәларын жасырып тұрамын. Ешбір құлымның күнәсін әшкерелегенді қаламаймын. Сендер бірің қалмай тегіс тәубеге келіңдер, сонда араларыңдағы әлгі кісі де тәубе етеді», – деген екен.

Жақсының шарапаты

Бір қарапайым жұмысшы көлігін жөндетуге ақша жинайды. Көлік жөндеу орталығына бара жатып, жолда қайыр сұрап отырған жесір әйелді көреді. Көмектесейін десе- көлігін жөндетуге жетпейді, көмектеспейін десе аш отырған балаларын аяйды. Ойлана келе бар ақшасын жесір әйелге беріп, үйіне қайта оралады. Үйінде әйелі:

– Көлікті жөндеттің бе? – деп сұрайды. Жөндетпегенін айтса ұрыс боларын сезіп, жай ғана:

– Ертең жөндетемін, – деп қоя салады. Ертеңіне жұмыстан келсе, әйелі тағы да сұрайды. Ол:

– Иә, сөйлестім, ертең барып жөндететін болдым, – деп алдайды. Әйелі:

– Бүгін бір ұста үйге келді де «Көлігін жөндеуге маған әкелсін» деп мекенжайын беріп кетті, – дейді. Таңғалған ол, сол мекенжайға барып, мән-жайды айтады. Сонда ұста жанына келіп:

– Сен қандай қайырымды іс істедің? Менің түсімде біреу аян беріп, сенің көлігіңді жөндеп беруді тапсырды, – дейді.

Осылайша ұста оның көлігін тегін жасап береді.

Күнә мен ұят

Ғалым Хасан Басри бір күні жолдастарымен жолда кетіп бара жатып, елге танымал жоғарғы шенді бір төренің

3

баласын жолықтырыпты. Елге үкімі жүріп тұрған басшының баласы маймаңдаған боз жорға үстінде бір топ қызметшілерімен сырнайлатып, кернейлетіп кетіп бара жатса керек. Хасан Басри жол ортасында тұрып, аз-кем жөн сұрасқаннан кейін балаға қарап:

– Ей, бай-манаптың баласы! Сендердің нені болсын, кімді болсын ақшамен өлшейтіндерің белгілі. Мұндайға менен басқа ешкімнің жүрегі дауалай қоймас. Сағаң бір-екі ауыз сөз сатайын, соған келісесің бе? – депті.

– Мейлі, алайын, қаншаға сатпақсыз? – деп сұрайды бала.

Хасан Басри екі сөзін екі күміске бағалайтындығын айтып, екеуінің арасында мынадай әңгіме өрбиді:

– Өз үйің бар ма?

– Иә, бар.

– Мирасқа қалып па еді, әлде өзің салғыздың ба?

– Өзім салғыздым.

– Қанша уақытта салғыздың?

– Оған уақыт көп кетті.

– Күш-қуатың бола тұра неге тезірек салғызбадың?

– Үйге қажетті ауыр ағаштар мен тастарды тасыған малдарға жаным ашыды. Сондықтан оларға көп жүк артқызбадым.

Хасан Басри бұл жолы:

– Ей, елге сыйлы басшының ұлы! Малдарыңа жаның ашығанда, неге өз-өзіңе жаның ашымайды? Оларға қиналмасын деп ауыр жүк артпадың, ал өзің неге мұншама ауыр күнә арқалап жүрсің? Одан да өзіңе неге жаның ашымайды? – депті.

Аталы сөз балаға қатты әсер еткен еді. Жалма-жан атынан түсіп Хасан Басри хазіреттің қолын алыпты. Сөйтіп сабырсыздана:

– Уа, ақсақал! Екі күмісіңізді қолма-қол берейін, екінші сөзіңізді де айтыңыз, – депті жалынып. Хасан Басри екінші сөзін айтпақ болып:

– Қайда бара жатыр едің? – деп сұрайды.

Бала:

– Мемлекет басшысына барып, жауапты қызмет алмақ едім, – деп жауап бергенде Хасан Басри:

– Қарашы, мемлекет басшысына бара жатырмын деп барынша әдемі киініп, үстіңе хош иістер сеуіпсің. Неліктен?

4

Өйткені мемлекет басшысы мен соның қарамағындағылардың қасына барғанда, ұялып жерге қарамас үшін. Алайда олар да жұмыр басты пенде. Сені мен менен артықшылығы жоқ. Ал енді сенен сұрайын, о дүниеге барғаныңда осыншама күнәң мен кінәларың бола тұра, Аллаһ тағаланың алдына шығып есеп беруге ұялмайсың ба?

Ғалымның сөзі сүйегінен өткен төре баласы атының тізгінін бірден қызметшісіне ұстатып, өзі бұдан былай өмірін бұ дүниелік өткінші ләззаттарға алданбай, Аллаһ тағаланың ақ жолына түсіп, тақуалықпен өткізуге табан астында қарар берген екен.

Кедейдің байлығы

Бір адам өзінің кедейлігіне налып, жоқшылықтан әбден жүдеп-жадағанын айтып, қамығыпты. Сонда бір парасат иесі оған:»Сенің көзіңнің көр болмай, сау болғаны жақсы ма, жүз мың теңгеңнің болғаны жақсы ма?» – депті. Ол: «Әрине, көзімнің сау болғаны жақсы, көздің көр болып, қолда ақша болғанынан не пайда?» – депті. Әлгі кісі: «Сенің екі қол, екі аяғың кесілген болып, екі жүз мың теңгеңнің болғаны жақсы ма?» – депті. Ол: «Жоқ», – депті. Әлгі кісі: «Сен жынды болып, көп ақшаңның болғаны жақсы ма?» – дейді. Ол: «Жоқ», – дейді. Сонда әлгі парасатты кісі: «Жаратқан иең ақшадан артық денсаулық берген екен, соған шүкір демейсің бе?» – деген екен.

ЖАҢА ЖОБА АВТОРЫ



Еуропалық Одақтың Орта Азиядағы өкілдігі саналатын Internews жүзеге асырып отырған «Орталық Азиядағы қоршаған орта және табиғи ресурстар мәселелерін тиімді жариялауға арналған медиа» жобасы аясында ұйымдастырылған байқауда облыстық «Жетісу» газетінің тілшісі Қажет Андастың «Қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу» тақырыбындағы жобасы жеңімпаз атанып, Еуропалық Одақтың грантын ұтып алды. Бұл туралы жаңа жоба авторы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен кезекті брифингте айтып берді.

Әлемдік экологиялық жағдайды орнықтыру мәселесімен Еуропалық Одақ біраз жылдан бері күресіп келді. Өткен жылдың маусым айында аталған одақтың Орта Азиядағы өкілдігі «Орталық Азиядағы қоршаған орта және табиғи ресурстар мәселелерін тиімді жариялауға арналған медиа» жобасын іске асырған болатын. Ондағы мақсат Орта Азия елдерінде экология тақырыбын қозғайтын журналистер желісін құру және осы арқылы қоғамның қоршаған ортаға деген көзқарасын қалыптастыру.

- Бұл байқауға Орталық Азияның бірнеше елінен 16 жоба ұсынылды. Үш күнге созылған сайыс барысында мен ұсынған жобам үздіктер қатарына ілікті. Өткен жылдың желтоқсанынан биылғы наурыз айына дейін Еуропалық одақтың грант комитеті мен облыстық «Өлке тынысы» ЖШС ортасында құжаттар әзірленіп, жақында ғана екі тарап ресми келісімге отырып, аталған жобаны атқару жұмыстарын бастап та кеттік. Осы ретте, аталған жобаның Орталық Азияда қазақ тілінде алғаш рет қорғалған жоба болғанын айта кеткім келеді. Жалпы гранттың құны 3500 еуро көлемінде тұрақтанды. Ал, енді жобаны іске асыру үшін «Жетісу» телекомпаниясы, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің физика-математика факультеті, облыстық экология департаменті және «ЭкоСербис-Арман» ЖШС-лармен серіктесіп жұмыс жасауға келістік, - дейді жоба авторы.

Брифинг барысында әріптесіміз өңірде қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдеу ісінің артта қалғандығын да тілге тиек етті.

- «Өкінішке орай, өңірімізде медицина қалдықтарын жоюды жүзеге асыратын Іле ауданы мен Талдықорған қаласында «Интермед» ЖШС, қағаз қалдықтарын өңдейтін Қарасай ауданындағы «Қазақстан қағазы» АҚ, шыны сынықтарын шығаратын Іле ауданындағы «САФ» АҚ, пайдаланылған аккумуляторларды өңдеуді жүзеге асыратын Талдықорған қаласындағы «Қайнар АКБ» ЖШС-дан өзге арнайы қалдық өңдейтін өндіріс жоқ деуге болады. Бұдан өңірімізде қатты тұрмыстық қалдықтарды қажетке жарату ісінің артта қалғанын көруге болады», - деді ол.

Спикердің сөзіне сүйенсек, Жетісу өңірінде жыл сайын 800 мың тоннаға жуық тұрмыстық қатты қалдық шығарылатындығы анықталған. Оның 350 мыңы Алматы қаласына тиесілі болса, қалған 450 мың тоннасы өңір елді мекендерінің еншісінде деген сөз. Ал, бүгінде облыста жинақталған қалдық көлемі 9 млн. тоннаға жеткен. Облыстық экология департаментінің ақпаратына сенсек, өңіріміздегі 741 елді мекенде жалпы көлемі 1113,6 гектар 513 заңдастырылған күл-қоқыс үйіндісі мен полигоны бар. Ондағы тұрмыстық қалдықтарды жинау және тасымалдау міндеті облыстағы 17 мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын мен 20 жекеменшік кәсіпорынға жүктелген. Олар бүгінгі таңда тек 254 елді мекендегі қоқысты полигондарға тасымалдауға ғана қауқарлы. Осының салдарынан өңірлерде өндірістік және тұрмыстық қалдықтармен айналысу саласындағы заңбұзушылықтар жиілей түскен.

Мәселен, Панфилов ауданындағы «Жаркент – Арасан» шипажайына таман тау беткейлеріндегі ескі уран кеніштерінен шығарылған үйінділер мен ұңғымалар радибелсенділікпен ластанудың қаупі аймақтың экологиялық қауіпсіздігіне үлкен қатер төндіруде. Бұған, облыстық мәслихатының 2005 жылғы шешімімен осындағы екі бірдей уран ұңғымасынан шыққан үйінділерді өңдеуден өткізіп, жерді қайта қалпына келтіру жұмыстарына 16 миллион теңге ақша бөлінген. Ал, қалған бес барлау ұңғымасының радиациялық жағдайы зерделенбеген. Қала берді, Текелі және Рудничный кеніштеріндегі кен қалдықтары қоймасындағы жағдай да тура осындай.

Қ. НҮСІПБАЙ.

ҚАЛДЫҚСЫЗ ӘЛЕМ

ҚАТТЫ ҚАЛДЫҚТЫ ӨҢДЕУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Облыстық экология департаментінің ақпаратына сүйенсек, жыл сайын облыс аумағынан 800 мың тоннаға жақын тұрмыстық қатты қалдық шығарылса, оның 450 тоннасы Алматы қаласының, қалған 350 тоннасы елді мекендердің еншісінде екен.



Бүгінде облысымыздағы жинақталған қалдық көлемі 9,0 млн. тоннадан асады. Ал, бұл қалдықтың қаншасын өңдеп, керекке жаратып жатқанымыз туралы нақты ақпарат жоқ. Қайта полигондар мен қоқыс орындарының нормативтік талаптарға, санитарлық, экологиялық және құрылыс нормалары мен талаптарына сәйкес жабдықталмауы, көп сандағы жабайы қоқыс орындарының әлі де сақталуы экологиялық жағдайды қиындата түсуде. Бұл тұрғындар мен кәсіпорын жұмысшыларының денсаулығына елеулі қауіп тудырады.

Қатты қалдықтармен айналысу жүйесінің негізгі көрсеткіштерінің бірі – оны жою дәрежесі. Тұрмыстық қатты қалдықтарды алғашқы сұрыптау немесе механикалық жолмен кәсіпорындарда өңдеу арқылы одан қара және түсті металл, пластмасса, шыны, қағаз сияқты бағалы бөлігін алуға және қатты қалдықтардың негізгі массасын органикалық тыңайтқышқа, жылу энергиясына, құрылыс материалдарына айналдыруға болады. Бірақ, бүгінгі таңда зауыт құрылысын қаржыландыру көзінің жүйелі жұмыс істемеуінің салдарынан тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптап, өңдеу проблемасы облыста ашық күйінде қалуда.

Осы және басқа да келеңсіздіктердің алдын алу үшін облыстық экология департаменті облыстық мамандандырылған табиғат қорғау прокуратурасымен, жер қатынастары басқармасымен бірге жабайы заңсыз үйінділер орналасқан жер учаскелерін және жер иелерін анықтауға түгендеу жүргізген. Нәтижесінде, облыстағы 370 жер учаскесінен көлемі 1000 гектардан асатын тұрмыстық қатты қалдық жабайы қоқыс үйіндісі орналастырылған аумақ анықталыпты. Осыған орай, 2015 жылы 56 заңбұзушылық анықталып, 55 айыппұл салу туралы шешім қабылданып, 1 714,4 мың теңгенің айыппұлы салынған. Ал, өткен жылы жергілікті атқарушы органдарға 101 тексеру жүргізіліп, 104 заңбұзушылық анықталып, нәтижесінде құны 3 022,4 мың теңгені құрайтын 104 айыппұл салынды. Осыған орай, экологиялық мәселелердің тізім-реестрі жасалып, бекітілген. Оған тұрмыстық және өндірістік қалдықтарды жою, атмосфералық ауа қабатын бақылау, мамандандырылған экологиялық бекет жұмысын ұйымдастыру, Балқаш көлі мен Іле өзені төңірегінде туындаған мәселелер енген.

Өндірістік және тұрмыстық қалдықтармен айналысу саласындағы заңбұзушылықтың себебі – стандарттарды, нормаларды және экологиялық талаптарды сақтамау, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды орналастыру ережесін бұзу, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды жою және залалсыздандыру, есебін жүргізу ережесін орындамауға байланысты орын алады. Мысалы, «Искер-Т» ЖШС-нің тұрмыстық қатты қалдықтар полигонына жүргізілген тексерісте олардың жерді қайта өңдеу іс-шараларына тарату қорын құрмағаны, қоймалау, залалсыздандыру және көму технологиясының бұзылғаны, шаруашылық жұмыстарын жүргізу нәтижесінде топырақтың мұнай өнімдерімен ластануына жол бергені анықталып, заңды тұлғаға 169680 теңге айыппұл салынып, өндірілген. Көксу және Қаратал аудандарының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекция бөлімі полигондардағы табиғат пайдалану шарттарын орындамағаны, қалдықтарды қабылдау рәсімінің іске асырылмағаны себепті лауазымды тұлғаларға 190890 теңге айыппұл салынған. Талдықорған қаласындағы «Көркем-Талдықорған» ШЖҚ ҚКК-ға жоспардан тыс тексеріс өткізіліп, 2015 жылға қауіпті қалдықтар есебін өткізбегені, мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысына сәйкес бақылау ұғымасының жоқтығы, тұрмыстық қатты қалдық толған қазаншұңқырдың топырақпен жабылмағаны, қоқыс тасу автокөліктеріне дезинфекция, залалсыздандыру жүргізілмегені себепті 296940 теңге көлемінде айыппұл салынған.

Жоғарыдағы кемшіліктерді жою үшін, ең алдымен, аса қауіпті өндірістік және тұтынған қалдықтарды есепке алып, өңдеу және залалсыздандыратын халықаралық экологиялық талаптарға сай полигондар құрылысын қолға алған дұрыс болар. Ол үшін қалдық иелерінен алдағы кезеңде өздері шығаратын қалдық мөлшерін азайту шарасын енгізуін талап ету және екінші қайтара игерудің ұтымды жолдарын қарастыру керек.

Қ. АНДАС.

Жетісу
1918-2017
Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru

Ұлыстың ұлы күніне 14 күн қалды



Құттықтаймыз!



Талдықорған қаласы Ынтымақ ауылында тұратын аяулы да ардақты анамыз НҰРҒОЖИНА Айтбала бүгін 80 жастың биігіне шығып отыр. Шуаққа бөлеп маңайды, айналасына арайлы болған батыр ана 11 баланы өмірге әкеліп, тектілікпен тәрбиелеп өсірді. «Алтын алқа» иегері атанған ардақты жан бүгінде сүйікті әже, таусылмас қазына, сарқылмас байлық.

Әулетіміздің киесі, барлығымыздың ақылшымыз, шаңырағымыздың берекесін кіргізіп отырған асыл жанды туған күнімен құттықтап, сәнді де мәнді қалпын сақтап, жанымызда мәңгі жүрсін демекпіз. Ардақты ана, асыл әже, сізді келе жатқан 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесімен де құттықтап, барлық жақсылықтарды тілегіміз келеді. Балаларын белі қайысқанша еңбек етіп, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, мейірімін төге жүріп күтіп-баптап өсірген. Міне, соның жемісі болса керек, бүгінде ұл-қыздарыңыз өркен жайып, бір-бір шаңырақты құрап, өсіп-өнді. Үбірлі-шүбірлі болып, тектіліктен алған тәрбиемен тұғырлы болып келеді. Соның барлығы үшін ұрпақтарыңыз сізге мәңгі қарыздар. Ұл-қыздарыңыз бен немере-шөберелеріңіздің ортасында әрдайым жүзіңізден жылу, езуіңізден күлкі кетпей, қуаныш пен шаттыққа тоймай жүре беріңіз. Алла сізге күш-қуат, ұзақ ғұмыр берсін!

Анашым, нұрға толсын жүзіңіз,
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз.
Тіршіліктің қызығына бөленіп,
Аман-есен ортамызда жүріңіз.

Бақ орнасын әрдайым басыңызға,
Жас қосылсын, анашым, жасыңызға.
Көтеріңкі болсыншы көңіліңіз,
Толы болсын шаттыққа өміріңіз.

Бір бақыт қой шаттыққа бөлегені,
Көрсін анам шөпшек пен шөберені.
Ұрпақтарға үнемі бик бағдар,
Жол нұсқаушы өмірің өнегелі.

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: ұл-қыздары, күйеубала мен **келіндері** және **немере-шөберелері.**

ІЗЕТ

Ұстаздық еткен Жалықпас

Адам өмірінің қашанда өнегелі ісімен ардақталып, жеткен табысымен салмақталып отыратыны анық. Осы тұрғыдан келгенде жеріміздің көркейіп, өнеріміздің өрлеп, мәдениетіміздің мәйектенуінде ұстаздар қауымының арқалаған жүгі басым.



Бұған педагогика саласында ерінбей еңбек етіп, ұрпақ болашағы үшін тер төккен ағаапаларымыздың жемісті жолы дәлел. Сондай жандардың бірі – өмірінің 37 жылында саналы ұрпаққа салиқалы жол ашқан Байболысова Бақытқайша Сәрсенғалиқызы.

Кейде адамның тағдырын бір ғана бағыттың өз ағысымен жылжытып әкететіні бар. Бақытқайша Сәрсенғалиқызы орта мектепті бітірген соң Қаратал ауданы, Ақжар ауылындағы Балқаш орта мектебіне мұғалім болып еңбек жолын бастайды. 1989 жылы Панфилов педагогикалық училищесін, 2005 жылы Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі мамандығын бітіріп, білімі мен біліктілігін жетілдіреді. Кейінгі жылдары Талдықорған қаласы Өтенай ауылындағы №21 мектепте еңбек етіп, ұстаздық бедел биігін әспеттеп келеді.

Қазақ халқының дәстүрінде «тектілік» дейтін қасиетті ұғым бар. Бақытқайша сондай текті әулеттің тұяғы. Елі мен жұрты үшін істеген ізгілікті істері арқылы ел аузында жатталып, аты тарихта қалған аталарының кісілік, кішіпейілдік, адамгершілік қасиеттері оның бойынан табылады. Бала күнінен бауырмалдықты бойына серік етті. Сол қасиетін ұстаздықта қолданды. Сонымен, бедел биігіне тез көтерілді. Атақты Саңлақ шешен: «Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, жолаушысы – ой, жолдасы – кәсіп, қорғаны – сабыр, қорғаушысы – мінез, сынаушысы – халық», – деген екен. Осы айтылған қасиеттер Бақытқайша Сәрсенғалиқызының бойынан табылады. Ол ұстаздық қызметті атқарумен қатар ардақты ана, аяулы жар бола жүріп, екі баласын тәрбиелеп өсірді. Еңбегі еленіп, аудандық, қалалық Құрмет грамоталармен марапатталды. Ең бастысы, шәкіртінің көңілін тауып, өміріне азық болар ақыл-кеңесін аямайтындығымен көптің ықыласына бөленуде. Сондықтан біз де Бақытқайша апайдың үлкен белестерді бағындырып, жұрттың бақытын еселей беруіне тілекшіміз.

Өтенай ауылдық №21 орта мектебі 2 «ә» сынып оқушыларының ата-аналары.

Талдықорған қаласы.

ҚОЛӨНЕР

Жаны сұлу адамның жүзінен ескен жылылық айналаны нұрландырып, әдеміліктің, ізгіліктің, парасаттылықтың қайнар көзіндей көрініп тұратыны шындық. Ал ондай адамның ісмерлігі мен іскерлігі астасқанда Алатаудың биік шыңына ұқсап кетеді. Адами асыл қасиеттерді бала жастан бойына жиып өскен Меруерттің көркем мінезі мен көрікті келбеті осындай ой түюімізге жетелейді.



Әйелдер әшекейі

Жетісу
Ұлбосын ИСАБЕК

Сонау күрішті өңірден нәр алып, ұлттық салт-дәстүрімізге қаныққан Меруерт Ермекованың негізгі мамандығы – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Өмірін бала оқытуға арнаған анасының ардақты ісін жалғастыруды мақсат тұтқан. Сөйтіп, Алматыдағы Қыздар педагогикалық институтын тамамдаған соң бірнеше жыл білім беру саласында абыройлы еңбек еткен. Әйтсе де, заман талабына қарай икемделіп, жеке кәсіппен айналысу мақсатында «Сымбат» сән академиясында бет күтімі, бетті әрлеу мамандығын қосымша меңгеріп, әсемдікке, сұлулыққа жаны құмартады. Жан-жақтылығының арқасында академияда білім ала жүріп, қолөнердің қыр-сырына қанығады. Бұл тіптен, өзіне жат кәсіп емес еді. Бала жастан ауыл әйелдерінің киіз басып, кілем тоқитын шеберліктерін көріп, шыңдалып өсті. Бұған қоса, он саусағынан өнер тамған Ғалиядай анасының қыздарына лайықтап әдемі көйлек тігіп, моншақ жасап беретін іскерлігін сіңірген.

– «Қыздың көзі – қызылда» деп бекер айтпайды ғой. Кішкене күнімізден қолымызға іліккен моншақтарды тағып, сәнденгенге құмар болдық. Мектепте жақсы оқумен қатар мәдени іс-шаралардың жүргізушісі міндеті маған жүктелген. Әр мерекеге қажет көйлекті анам тігіп берсе, мен өзіме ұнайтын әшекейді таңдап тағып, жарқырап жүруге ұмтылатынмын, – деген Меруерт бүгінде әйелдерге арналған әшекей бұйымдар жасаудың хас шебері айналған. Қолөнермен айналысу – адамнан асқан төзімділікті, сабырлылықты қажет етеді. Бастапқы жылдары әшекей бұйымдардың қарапайым түрлерімен айналыссам, уақыт өте келе бағалы тастармен жасауды меңгердім.

«Білім – инемен құдық қазғандай» демекші, түрлі түсті, үлкен-кіші моншақтарды тізіп, шығармашылық тұрғыда жұмыс жасау да зор еңбекті, табандылықты талап етері сөзсіз. Шарқ ұрған қиялдағы тамаша дүниенің өмірге келуі үлкен толғаныстан туындайды. Сұлулыққа жаны құмар әйелдердің сұранысына ие, талғамынан шығатын әдемі бұйымдар жасау үшін талмай талаптанып, ерінбей еңбектену керек. Мұны жүрегімен сезінетін ісмердің ықыласы зор, мақсаты айқын.

Талғарда заманауи және этноүлгіде әйелдердің мойыналқа, моншақ, білезік, сырға, басқа да сәндік бұйымдарын жасап, саудалайтын жалғыз Меруерт десек, еш артық айтқандық болмас. Өнерлі жанның көз жауын алатын әсем де табиғи тастардан жасаған бұйымдарын жоғары бағалайтындар қатары өскен. Соған орай сұраныстың да арта түскендігі қуантады. Себебі, кәсібінен – нәсібін теріп отырған еңбек адамы үшін маңдай тердің ақталғаны жөн.

Иә, адам есіміне аса мән берген халықтың ұрпағымыз. Есімі меруерт тасымен байланыстырылып қойылған Меруерттің де аты затына сай келіп, табиғи тастардан бұйым жасаудың шебері атануы тегіннен-тегін болмаса керек. Сұлулыққа жаны құмар әйелдің ермегіне айналған қолөнері – бұл күнде өмірінің мәніне, халықтың сәніне айналғанына қуанамыз. Ұлттық өнерді ұлықтап, шеберлік мектебін қалыптастыруға қабілетті жанды «үйренсем, білсем» деген ынталы жастардың жиі иектеуі заңдылық. Бесаспап шебердің шәкірт болуға ниетті қыздардың біразын баулып, қанаттандырғанын да мақтанышпен атау абзал.

– Іске икемді, қолөнерге қабілетті қыздардың қатары көбейсе нұр үстіне нұр. Атадан балаға мирас болған халқымыздың мол мұрасын, өлмес өнерін жалғастыратын кейінгі жастарды баулып, жолға салу біздің аналық, әпкелік парызымыз. Дегенмен де, орынның тапшылығы, уақыттың таршылығы бұл ойымды толыққанды жүзеге асыруға мұрсат бере бермейді, – дейді қолөнер шебері.

«Ана көрген тон пішер, әке көрген оқ жонар» деген даналық бар халқымызда. Ісмер ананың алпыс екі тамырынан нәр алып, өмірін өнеге етіп өсіп келе жатқан қызы – Қызғалдақтың да ұлттық өнерді әспеттеуге деген құлшынысы қызықтырмай қоймайды. Бүгінде Талғар қаласындағы Ж.Жабаев атындағы №6 орта мектепте білім алатын Қызғалдақтың қолынан шыққан сан түрлі бұйымдарына сұраныс бар.

Қазіргі кезде әлеуметтік желілер арқылы Меруерт Ермекованың қолтаңбасымен сапалы да сәнді етіп жасалынған эксклюзивті қолөнер бұйымдарына еліміздің әр шалғайынан, сонымен қатар, сахна төріндегі әншілерден сұраныс артуда. Ұлттық нақышта өрнектелетін қолөнер бұйымдарына тапсырыстың еселене түсуі хас шебердің шеберлігін шыңдап қана қоймай, танымалдылығын арттырып, бизнестегі алар орнын айқындауда. Олай болса, ұлттық өнерден туындаған отандық өнімге ден қойып, барымызды бағалай білу – парызымыз.

Талғар қаласы.

БАЙҚАУ

Ару ажары – БҰРЫМ



Кербұлақ аудандық әйелдер кеңесінің ұйымдастыруымен Сарыөзек ауылындағы Әбікен Сарыбаев атындағы Мәдениет үйінде «Ару ажары – бұрым» атты байқау өтті. Аталған шараны облыстық әйелдер кеңесінің бастамасы негізінде Кербұлақ аудандық әйелдер кеңесі ұйымдастырды. Байқауды аудандық кеңестің төрайымы Ғалия Ниязова құттықтау сөзбен ашып қатысушыларға сәттілік тіледі.

Жетісу
Қажет АНДАС

«Өзін-өзі таныстыру», «Мен бұрымды сұлумын, әдемімін», «Асыл қазыналы, баға жетпес өнегелі сөздер сайысы», «Сұрақ-жауап сайысы», «Өнерлі өрге жүзеді» сияқты бес кезеңнен тұратын байқауға ауданға қарасты 15 ауылдық округте өткен осындай байқаулардың жеңімпаздары қатысып, бағын сынады.

Халқымызда: «Қыз өссе елдің көркі» деген әдемі сөз бар. Десек те, қыздардың ақылы мен парасаты, мінезі мен көркі, ізеттілігі мен жан дүниесі, әдеп пен инабаты, тағы да басқа жақсы қасиеттері жарасым тапқанда ғана елдің көркін асырып, берекесін шалқытады. Сондықтан да тарихымызда аты аңызға айналып, абыройы асқан, бір елдің мақтанышына айналған апа-аналарымыз көп болды. Өкінішке қарай, бүгінгі таңдағы жаһанданудың салдарынан аруларымыздың батыс мәдениетіне еліктеген көңілге қонымсыз ерсі қылықтары көбейіп барады. Дей тұрғанмен, кешегі ару қыздардың жолын қуып, салт-дәстүр, әдет-ғұрпты берік ұстанғандар қатарымызда көп екен. Оны сайыс барысында байқадық.

Жарыс өте тартысты өтті. Ең алдымен қыздар шыққан тегін, білімді, біліктілігінің қыры мен сырын таныстырды. Бәрі де ақылды әке, өнегелі ананың тәрбиесін алғаның, өмірден көргені мен білгені, сезгені мен түйгені мол екендігін ұғындыруға ұмтылды. Осыдан кейін сән өнерінің талабы бойынша өздерінің киім мәдениеті мен шаш үлгісін көрсетіп, бұрымды қызға тән қасиеттерді аңғартуға күш салды. Осыдан кейін өмірге, қоғамға, ата-анаға деген жан тербелісін әдемі көріністермен жеткізді. Соңында ән шырқап, би билеп, мәнерлеп өлең оқып, өнерден кенде еместіктерін де паш етті. Қысқасы, сайысқа қатысқан он бес қыздың бар болмысынан бүкіл қазақ қыздарына тән ізгі қасиеттерді көрдік.

Тағы бір айта кетерлігі, сайыс барысында «Шынтақ ішке бүгіледі» дейтіндей жағдай орын алмады. Өйткені байқаудың әділ-қазыларын облыс орталығынан арнайы шақыртыпты. Бұл қатарда бар ұғымырын еліміздің өркендеуіне арнаған, мәдениет пен өнердің төңірегінде жүрген, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, немере-шөбересінің үлгі-өнегесіне айналған Дина Нұрғалиева, Райхан Қапышқызы сияқты аналарымыз болды. Демек, барлық қатысушыға өзіне лайықты баға берілді.

Сайыс нәтижесі бойынша Көксу ауылынан келген ару Жансая Иманбаева бас жүлдені жеңіп алса, қаспандық Сымбат Бабатаева бірінші, талдыбұлақтық Аида Сопанова екінші, сарыбастаулық Айтолқын Көмекова үшінші орынды иеленді.

Жүлдегерлермен қатар барлық қатысушыларды аудан әкімі Бағдат Әлиев Алғыс хат және бағалы сыйлықтармен марапаттады.

Сарыөзек ауылы, Кербұлақ ауданы.

Жетісу

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директоры:
Мейрам ЖАНӘДІЛОВ
Директордың қабылдау бөлмесі: 41-09-51

Бас редактор:
Әміре ӘРІН

Эл. мекенжайымыз: WWW.Zhetysu-gazeti.kz Эл. поштамыз: Jetisu2002@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 4 желтоқсанда тіркеліп, №15725-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі және факс — 41-10-46,бас редактордың орынбасарлары — 41-10-47, 41-10-49, жауапты хатшы — 41-10-50, бөлімдер — 41-10-43, 41-10-68, 41-10-71, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 41-10-52, фототілшілер — 41-10-53, жарнама бөлімі — 41-10-51.
Алматы қаласындағы тілшілер қосыны — 279-13-37 (факс), 279-13-86, 279-36-43.
Меншікті тілшілер: Панфилов — 9-12-27,Іле және Қапшағай қаласы — 8-777-016-44-11. Жамбыл — 8-701-254-97-55. Талғар — 8-701-400-28-49. Қарасай — 8-701-347-60-32. Еңбекшіқазақ — 8701-212-00-96.
Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 60-11-21 телефонына хабарласу керек.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.
"Жетісу" газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.
Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде,"Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 374.
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы — 64 453, оның ішінде «Жетісу» газетінің таралымы – 37 474.
Индексі — 65469.

Кезекші редактор: Құралбек СӘБИТОВ.

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

ҚАЛДЫҚСЫЗ ӘЛЕМ

ҚАТТЫ ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ ЗИЯНЫ мен ҚАТЕРІ

Қазақ жұрты «Жеруйығы Жетісу» деп әспеттейтін Алматы облысындағы экологиялық жағдай алаңдатарлықтай. Еліміздегі жердің нәрі – мұнайы сорылып, кені қазылып жатқан өңірлерге қарағанда жағдайымыз біршама тәуір дегенмен, табиғаттың барлық белдеуі мен таусылмастай көрінген тамашасы орналасқан аймақта да қоршаған ортаны қорғауға, табиғи тепе-теңдікті сақтауға қатысты айтылған, айтылмағаны бар проблемалар жетерлік. Тіпті дабыл қағатын жағдайлар да кездеседі. Мұны қала, ауылда шашылып жатқан қатты тұрмыстық қалдыққа, полигондарда үйіліп қалған тастанды заттарға, бақылаусыз қалған кеніштердің радиациялық қалдықтар үйінділеріне қатысты айтуға болады.

Алматы облыстық экология департаментінің мәліметі бойынша, облыс аумағына жыл сайын 800 мың тоннаға жақын тұрмыстық қатты қалдық шығарылады. Оның 350 мың тоннасы Алматы қаласының, қалғаны облыс елді мекендерінің еншісінде. Бүгінде облыстағы жинақталған қалдық көлемі 9 млн. тоннаға жетті. Сондықтан облысымыздағы қатты тұрмыстық қалдықтарды қажетке жарату ісі бүгінгі күннің талабынан шығып отыр деп айта алмаймыз. Әрине, дамыған мемлекеттер сияқты қоқысты керекке жаратып, одан өміріміз бен тіршілігімізге тиімді заттарды өндіретін уақыт та келер. Ондай мүмкіндікке жету үшін жұрт болып жұмылған жөн. Сондықтан тұрмыстық қалдықты қайта өңдеуден бұрын оны есепке алу, жинау, сұрыптау жолын, сондай-ақ, қауіпті қалдықтарды залалсыздандыру, жоюдың әдіс-амалын үйренгеніміз дұрыс. Ол үшін қатты тұрмыстық қалдықтардың өміріміз бен табиғатқа келтірер зияны мен қаупін білгеніміз жөн.

Облыстық экология департаментінің ақпаратына сенсек, өңіріміздегі 741 елді мекенде жалпы көлемі 1113,6 гектар 513 заңдастырылған күл-қоқыс үйіндісі мен полигоны бар. Ондағы тұрмыстық қалдықтарды жинау және тасымалдау міндеті облыстағы 17 мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын мен 20 жекеменшік кәсіпорынға жүктелген. Олар бүгінгі таңда тек 254 елді мекендегі қоқысты полигондарға тасымалдауға ғана қауқарлы. Осының салдарынан өңірлерде өндірістік және тұрмыстық қалдықтармен айналысу саласындағы заңбұзушылықтар жиілей түскен.

Мұның себебі – стандарттарды, нормаларды және экологиялық талаптарды сақтамау, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды орналастыру ережесін бұзу, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды жою және залалсыздандыру, есебін жүргізу ережесін орындамауға байланысты орын алуда. Жоғарыдағы кемшіліктерді жою үшін, ең алдымен, аса қауіпті өндірістік және тұтынған қалдықтарды есепке алып, өңдейтін және залалсыздандыратын халықаралық экологиялық талаптарға сай полигондар құрылысын қолға алған дұрыс.

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 299-бабында 2-сыныпты қауіпсіз, ірі қатты тұрмыстық қалдықтар полигонына қойылатын талаптар көрсетілген. Қарасай ауданындағы «PLASMA Energy Inc» ЖШС, «Тазалық-Чистота» ЖШС, Іле ауданындағы «Қарасу» ЖШС, «Утилит» ЖШС, «МПП ЖКХ» ЖШС, «BIO-GARBAGE» ЖШС, Талғар ауданындағы «Тазар» МКК, «Эко Тазарту» ЖШС, Алакөл ауданындағы «Бағалы Алакөл», Қапшағай қаласындағы «Іскер-Т» ЖШС, «Туризм и зона отдыха» ЖШС, Кербұлақ ауданы Сарыөзек кентіндегі, Ескелді ауданы Қарабұлақ кентіндегі, Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылындағы қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны ғана осы талапқа сай келеді.

Экономикасы қарыштап дамып, демографиялық ахуалы әлемді алаңдата бастаған көрші Қытай елінің ішкі өзен-көлдері мен су қоймаларын пайдалану салыстырмасының артуы сол елден елімізге ағып кіретін өзендердің су мөлшерін азайтып жіберді. Соның салдарынан өзен аңғарлары қоқыс төгетін заңсыз полигонға айнала бастады.

Арыға бармай-ақ қоялық, Алматыға барған сайын жол үстіндегі Қапшағай су қоймасының жағдайын көріп, жүрегің ауырады. Оның үстіне арнасы тартылып, құрғап жатқан өзен-шелердің қатары жыл өткен сайын көбейіп келеді. Кейінгі кездері Өзбекстаннан Қазақстанға кіретін өзендердің ластану деңгейі жоғары. Оған Сыр өзені суының егістікті суаруға жарамайтын деңгейде ластанғаны дәлел бола алады. Қырғыздан кіретін Шу өзенінің де тазалық жағдайының төмендігі жайлы ғалымдар дабыл қаға бастады. Іле мен Шу өзендеріндегі су көлемінің азаюы, ластануы Балқаш көлінің экологиялық жағдайын бүлдіре бастады. Оның зардабы Жетісу жеріндегі бай табиғатқа тиіп жатыр.

Алматы облысындағы экологиялық жағдайға талдау жасағанда дәл қазіргі кезде облыс тұрғындарының 50 пайызы тазалығы мен сапасы, пайдасы жағынан қойылатын талаптардың біразына сәйкес келмейтін ауыз-суды тұтынып отырғанын білуге болады. Жылдам өріс алып бара жатқан жерасты суларының ластануы таза ауызсу көздерінің азаюына әкеліп соқтыруда. Оған бей-берекет төгілген тұрмыстық қалдықтар араласып, адамзаттың денсаулығын мейлінше улап жатырмыз. Тіпті, тұрғындар жол бойындағы ұңғымаларды күл-қоқыс төгетін полигонға айналдырып алыпты. Жолшыбай көлікпен өтіп бара жатып, қолындағы целлофанын лақтыра салатын мәдениетсіздікті тежейтін бірде-бір ұнамды шараны көріп тұрған жоқпыз. Ал, облыс бойынша бұдан басқа қаншауы бар, санын тап басып айту қиын. Сонымен бірге Үйғыр ауданындағы Шонжы – Қалжат трассасының бойындағы ыстық су көздері орналасқан жер түгелімен жекеменшікке беріліп, көптеген демалыс-сауықтыру орындары салынып кеткен. Ағыл-тегіл, еш бақылаусыз ағып жатқан ыстық сулардың адам денсаулығына қаншалықты пайдалы екендігі белгісіздігімен қоса сол суды есепсіз тұтыну кесірінен осы өңірдегі жер астындағы таза ауызсу бассейндері ластанумен бірге таусылуға жақындаған.

Кейде пайдалы қазба байлықтардың көп болуының пайдасы мен зияны қоса жүре ме деп те ойлайсың. Жер қойнауынан қазылып алынған кен мен сорылып алынған қара алтынның орнын толтырудың оңайға соқпайтынын өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Оған осыдан біраз ғана бұрын Шығыс Қазақстандағы Риддер қаласында тұтас үйдің бір сәтте жер астындағы кені алынған бос кеңістікке құлап кеткені дәлел бола алады. Сонымен бірге қажеттісі ажыратылып алынған, зиянды элементтері бар кен қалдықтарын дер кезінде өңдеуден өткізбеу, кеніш маңын қалпына келтірмеу мен қалай болса солай қалдыру да аса үлкен қатер көздерінің пайда болуына жол ашады. Осындай көзі ашық қатердің бірі Текелі қаласының желкесінде тұр. Кезінде қорғасын мен мырышты суытып, одан кейін далаға ығыстырылған су көлге айналып қалған. Текелідегі кеніш жабылғалы біраз жыл болғанымен көл сол орнында тұр. Улы суда бірде-бір тіршілік белгісі жоқ. Демек, құрамында тіршілікті өлтіретін улы зат көп. Өзенге қосылып жатқан у адамдардың денесіне тарап жатқан жоқ деп кім айта алады?..

Облыстық прокуратурадағылардың мәлімдеуінше, Жетісу жерінде радиобелсенді қалдықтарды тереңге көму мен жоюға қатысты проблемалар жылда көтерілгенімен әлі шешімін таппаған. Мәселен, Панфилов ауданындағы «Жаркент – Арасан» шипажайына таман тау беткейлеріндегі ескі уран кеніштерінен шығарылған үйінділер мен ұңғымалар радиобелсенділікпен ластанудың қауіпті көзі ретінде аймақтың экологиялық қауіпсіздігіне үлкен қатер төндіруде. Алматы облыстық мәслихатының шешімімен осындағы екі бірдей уран ұңғымасынан шықкан үйінділерді өңдеуден өткізіп, жерді қайта қалпына келтіру жұмыстарына тиісті қаржы бөлінген. Қалған бес барлау ұңғымасының радиациялық жағдайы зерделенбеген. Ондағы радиацияның әсері радиобелсенділіктің зиянсыз ұйғарымды мөлшері болып табылатын 0,34 мкзв/с-дан жеті есеге артық болып, сағатына 2,51 микрозиверді құрапты. Текелі және Рудничный кеніштеріндегі кен қалдықтары қоймасында да тура осындай проблема бар. Сонымен бірге, өңірде құрамында сынап бар қалдықтарды қайта өңдеуден өткізетін кәсіпорынның жоқтығы да алаңдатады.

Естеріңізге сала кетелік, 1987 жылы Кеңес одағы орта және жақын қашықтыққа ұшырылатын ядролық ракеталарды Қазақстанның елсіз мекендеріне жару туралы қаулы қабылдайды. Бұл шара 1989 жылдың 27 қарашасына дейін екі жылға жалғасады. Ал сондағы құжатта елсіз мекен деп көрсетілген жердің Көксу ауданына қарасты Тырнақ деп аталатын мал жайылатын учаске екенін бүгінде біреу білсе, біреу білмейді. Жалғыз Тырнақта емес, құпия әскери бөлімдер бұл жоспарын Алғабас елді мекенінің Мақпал мал жайылым учаскесінде де атқарған. Ал осы Тырнақ мал жайылымы Кербұлақ ауданының Сарыбұлақ ауылдық округінен 10, Сарыөзек кентінен 35, Айнабұлақтан 16, Алғабастан 30 шақырым жерде орналасқан. Ракета жарылғанымен әлі күнге ол мекенді залалсыздандыру жұмысы жүргізілген жоқ. Беті ғана жасырылған қалдықтар әлі де аспанға sahap шашып, сол маңдағы табиғат пен адамдардың денсаулығын бүлдіріп жатыр.

1989 жылы Талдықорған қаласындағы қорғасынды-аккумулятор зауыты ауаны ластағаны және адам денсаулығына зиян келтіргені үшін сол тұстағы облыстық ауруханаңың дәрігері Ғалия Әрінова сотқа береді. Сол арыз бойынша тексеріс жүргізген облыстық СЭС-тің мамандары зауыттың құю учаскесіндегі ауадағы қорғасынның қалыпты мөлшерден 150-200, қайта құю учаскесінде 250-300, кесу учаскесінде 250-300 есе артық екендігін анықтаған. Жылына Талдықорған қаласының әр азаматы 600 грамнан астам қорғасын жұтады екен. Міне, осыдан кейін қорғасын ұнтақтарын ауаға таратпай ұстап қалатын қондырғы орнатылыпты. Ал қазір бір Талдықорғанның өзінде бірнеше зауыт бар. Оның сыртында қайта өңдеу цехтары жұмыс істейді. Олардан шыққан қатты қалдықтар зауыт маңында үйіліп жатыр. Өкінішке қарай, қазір бұл туралы ешкім де бас қатырып жүрген жоқ.

Жаппай үнемдеуге көшкен жұртшылық насихатына бола сынабы бар энергоүнемдеуші шамдар мен құралдарға көшкелі қашан. Олардың тозғанын өткізетін орын таппайтындар сынабы бар дүниелерін қоқыс контейнерлеріне тастай салатынын күнделікті көреміз. Мұның соңы онсыз да дер кезінде өңделмейтіндіктен айналасын әбден бүлдіріп болған қоқыс полигондарының қауіптілігін еселеп арттырары сөзсіз. Ресми дерек бойынша әлемде соңғы 50 жылда адамдар қажеттілігі үшін өндірілген өнімдер адамзаттың өткен ғасырдың алғашқы жартысына дейінгі тұтынған тауарларының көлемімен бірдей екен. Соның салдарынан өсімдіктер мен жан-жануарлардың жүздеген түрі жойылып, өңделетін жерлердің үстіңгі құнарлы қабатының 5/1 мүлде жарамсыз қалыпқа келген.

Дүниежүзілік тамақ өндірісінде азықтық қоспаның үш түрін қолдануға мүлдем тыйым салынған. Олар Е-121 қоспасы – қызыл цитрус тағамдық бояуы, Е-123 – амарант бояуы, Е-240 – формальдегид консерванты. Жақында Швейцария ақпарат құралдарында таңғаларлық деректер жарияланды. Бұдан отыз жыл бұрын жерленген адам мүрделері сол күйінде бұзылмай сақталған. Ғалымдар бұл жағдайды зерттей келе денелердің бұзылмай сақталуына жеген тамақтарының құрамындағы консерванттардың тікелей қатысы бар екенін анықтады. Малдың немесе құстың тамағына қосылатын антибиотиктер мен етті өңдеуде қолданылатын химикаттар оның құрамында сақталып қалады. Соңғы кездері ет өнімдерінен уланудың көбейіп кеткені содан. Демек химиялық заттар жылдар бойы ағзамызға шөгіп, ішкі мүшелерімізді зақымдап жатыр.

Азық-түліктің сақталу мерзімін ұзарту – тамақ өнеркәсібімен айналысатын көптеген компаниялардың басты мақсаты. Олар өнімді ұзақ мерзімге сақтаудың түрлі тәсілін қолданып бағады. Сенімді ақпарат көзіне сүйенсек, қазіргі сауда орындарында сатуға шығарылған азық-түлік заттарының 80 %-ы алдын ала өңдеуден өткен екен. Сол азық-түліктің тұтынудан артылғаны полигондарға жөнелтіледі. Оның құрамындағы химиялық заттар сол өңірде тотығып, адам болашағына үлкен қауіп төндіретін қосылыстарды жасап жатыр.

Айта берсек, экологиялық проблемалар жеткілікті. Сондықтан Қоршаған ортаны қорғау министрлігінен бастап, оның барлық деңгейдегі құрылымдарының құзыретін кеңейтіп, қосымша уәкілеттіктер берумен қатар ондағылардан өз міндеттерін орындауды қатаң талап ету керек. Сонымен бірге, табиғат қорғау заңын бұзғандарға қатысты жауапкершілікті барынша күшейткен жөн.

Қажет АНДАС,
жоба жетекшісі.
Andas_Kazhet@mail.ru



Бұл басылым Еуропалық Одақ қолдауымен әзірленген. Басылымның мазмұны автордың жауапкершілігіне жатады және Еуропалық Одақ көзқарасын білдірмейді.

● Қайта өңдеу

Ғалымдар мен қоғам белсенділері планетамыздың түтін мен күл-қоқысқа тұншығып жатқанын айтып дабыл қағуда. Әсіресе, өнеркәсібін дамытуды ойлап, экологияға мән бермейтін елдерде жағдай күрделене түскен. Қазақстан да, өкінішке қарай, бұл қауіптен ада емес. Қарасай ауданына қарасты Абай ауылында жұмысын жолға қойған «Kagazy recycling» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қызметі, міне, осындай мәселелерді шешуге бағытталған.



ҚАҒАЗ ҚОРАП

Жетісу
Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

– Біздің кәсіпорын шикізат ретінде тұрмыс қалдықтарын, пайдаланылған қағаздарды, атап айтқанда, газет-журналдарды, кітаптар мен буклеттерді, қолданыстан шыққан кеңсе қағаздарын пайдаланады, – дейді серіктестіктің бас директоры Виктория Горобцова. – Бұл табысты бизнес болумен қатар қоршаған ортаның экологиясын жақсартып, миллиондаған түп жасыл желекті аман сақтап қалуға мүмкіндік береді. Себебі, адамзат бүгінгі күнге қағаз атаулыны ағаштан жасап келеді емес пе? Ал, тал жапырақтарының улы түтінді бойына сіңіріп алып, ауаға таза оттегін қайтаратынын, орманды алқаптар топырақтың ылғалын сақтайтынын еске алар болсақ, әрбір кесілген талмен бірге өмір сүру кеңістігіміздің де ластана түсетінін ұмытпағанымыз жөн.

Шын мәнінде біз тұрмыс қалдықтарын, қораптар мен газет-журналдарды өртеп жатқан жайларды күнде көріп жүрміз. Озық технологияны жолға қойған мемлекеттер қала маңында тау-тау болып үйіліп жататын күл-қоқысты пайдалы бизнеске айналдырып алған.

Әрине, жылына 50 мың тонна қағаз қалдықтарын өңдеуге қабілетті кәсіпорынды шикізатпен қамтамасыз етіп отыру да оңай емес. Бұл үшін серіктестік қағаз өнімдерін көп мөлшерде пайдаланатын мекемелермен шартқа отырып, тұрақты түрде тасымалдауды жүзеге асырады. Қағаз қалдықтары Қазақстанның барлық аймақтарынан жеткізіледі. Мұнда шикізатты тұрғындардан жинау жобасы да табысты орындалуда. Бір ғана Алматы қаласында тұрмыстық қағаз қалдықтарын қабылдайтын бес арнайы дүңгіршектер жұмыс істеп жатыр. Бұл, бір жағынан, тұрғындарды үйден шығарылатын күл-қоқысты сұрыптап, бөлек жинауға дағдыландыруда.

Жан-жақтан тайланып әкелінген жарамсыз қағаз кәсіпорында қайта өңделіп, бірыңғай қағазға айналғаннан кейін тапсырыс берушілердің қалауы бойынша кез келген қалыптағы қораптарға айналдырылады. Мұндай қораптар өлкеміздегі өнім шығаратын кәсіпорындар үшін ауадай қажет. Осылайша серіктестік «Қазақстандық мазмұн» жобасын да табысты жүзеге асырып келеді.

Заман талабына сай озық технология бойынша жұмыс істейтін компания 2015 жылы «ISO14001: 2008» экологиялық менеджментінің, «ISO14001: 2004» денсаулық сақтау мен еңбекті қорғау менеджментінің және «OHSAS 18001: 2007» халықаралық стандарттары бойынша үздік деп танылған болатын.

«Kagazy Recycling» компаниясы қайырымдылық шараларына да белсене атсалысып келеді. Осылайша американдық сауда палатасымен әріптесе отырып, «Табиғатты қорғау – балаларға көмек» атты жобаны қолға алған. Қорға жинақталған қаржы мүмкіндігі шектеулі балаларға күтім жасауға, оқытуға, емдеуге жұмсалып келеді.

«Іс тетігін маман шешеді» дейді емес пе. Осы орайда компания жұмысшыларды шетелден шақырудан бас тартып, жергілікті тұрғындарды мамандыққа баулуды басты мақсат етіп алған. Мысалы, 2016 жылы ғана 300-ге жуық жұмысшы кәсіби біліктілігін жетілдіру курстарынан өтіп келді. Сол сияқты, компанияның 6 қызметкері халықаралық көрмелер мен семинарларға қатысып қайтты. Елімізде ұйымдастырылып тұратын семинарлар мен тренингтерге тұрақты түрде өз мамандарын жіберіп отырады.

Алматы қаласы мен ауылдардан қатынап істейтін жұмысшыларды жеткізу, тегін аспен қамтамасыз ету жүзеге асырылады. Жалпы, зауыттың табысты болуы адамдарға байланысты болғандықтан мұндағы жұмыс орындарының жайлы, таза әрі қауіпсіз болуы басты назарда. Орташа жалақы мөлшері 124 мың теңге көлемінде болғандықтан мамандар жиі ауыса бермейді. Бұл да кәсіпорынның өркендеуіне ықпал ететін фактор болса керек.

Қаншама адамды жұмыспен қамтып, өздеріне табыс әкелумен қатар қоршаған орта тазалығына үлесін қосып жүрген компанияның келешекте атқарар жоспарлары да аз емес. Ендеше оларға табыс тілейік!

Қарасай ауданы.

Облыстық экология департаментінің ақпаратына сенсек, өңіріміздегі 741 елді мекенде жалпы көлемі 1113,6 гектар 513 заңдастырылған күл-қоқыс үйіндісі мен полигоны бар. Ондағы тұрмыстық қалдықтарды жинау және тасымалдау міндеті облыстағы 17 мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын мен 20 жекеменшік кәсіпорынға жүктелген.



Жылдам өріс алып бара жатқан жерасты суларының ластануы таза ауызсу көздерінің азаюына әкеліп соқтыруда. Оған бей-берекет төгілген тұрмыстық қалдықтар араласып, адамзаттың денсаулығын мейлінше улап жатырмыз.

Тіпті, тұрғындар жол бойындағы ұңғымаларды күл-қоқыс төгетін полигонға айналдырып алыпты.



Сурет облыстық экология департаментінен алынды.

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№ 31 (18307)

Бейсенбі, 16 наурыз, 2017 жыл.

КӘСІБІ – НӘСІБІ

ӨНІМГЕ СҰРАНЫС КӨП

Атшаптырым аумаққа жайғасқан нысанды әдеттегідей шағын цех десеңіз, қателесесіз. Табанын аймақ орталығына тіреп, талабын тынбай ұштаған бұл ұжымның наубайханасында бүгінде күніне 2000-ға жуық бөлке пісіп шығады. Соның арқасында өңірдегі тұтынушылардың басым бөлігінің қажеттілігі қанағаттандырылуда. Бұл – Қаратал ауданында орналасқан «Ахметбаев» ШҚ цехының қазіргі тыныс-тіршілігі.



Жетісу
Қозыбай ҚҰРМАН

1996 жылы құрылып, 20 жыл бойы үздіксіз ізденіспен алға ұмтылған өндіріс орнында бүгінде жоғары және бірінші сұрыпты ұн түрі шығарылады. Тапқанын ас атасынан аямайтын жұрт «Ахметбаев» ШҚ-ның ақ ұнын қоймада күттірмей алады. Аудан, облыс көлемінде де жақсы сұраныскқа ие.

Кәсіпорнның өндіріс меңгерушісі Айгүл Исламқызының айтуынша, бұрын да мұнда жабдықтары ескіргенімен негізінен толықтай сақталған ескі цехтың орны болыпты. Сол себепті де өз күштеріне сүйеніп, шаруаның жайын тез оңдаған.

– Әрине, бастапқыда түрлі қиындықтар болды. Басқасын айтпағанның өзінде, тұрақты 20 адамды жұмысқа тартып, олардың жалақысын толық берудің ол заманда оңай шаруа емес екенін білесіздер. Ең бастысы – бізде ұжымдық ауызбірлік болды. Соның арқасында бүгін жалпы өндіріс бойынша 70 адамды жұмыспен қамтып отырмыз, мүмкіндік болса алдағы уақытта өндіріс көлемін әлі де ұлғайта түсу ойда бар. Мүмкіндіктер де жеткілікті, – дейді Айгүл Исламқызы.

Мүмкіндік демекші, олар былтырға дейін теп бидай алып, оны өңдеп дайын ұн ретінде төмен бағада ұсынатынын айтты. Яғни, бұл ұжымның кәсібінің өрге басуына Үкімет қолдауы осылай ықпал етіпті.

Ұжымда іскерлік ортаның қалыптасқаны жұмыс барысымен танысу кезінде анық білінді. Біз жолығып, әңгімеге тартқан жұмысшылар Гүлмира Оспанова, Гүлнара Досбаева, Жадыра Бөлекова, Махаббат Нұрбаева, Гүлнар Өсербаева – барлығы осы шаңырақтың еңбеккерлері. Қазірде олардың орташа жалақысы 50 – 60 мың теңгені құрауда.

Бұл арада ұн мен нан өндірісінен бөлек, кондитерлік және кулинария өнімдерінің 60-тан астам түрі дайындалуда. Сол себепті де түрлі мерекелік шаралар мен тойларға қажетті тәтті тағам іздеген жұрт осы жерге жиі бас сұғады. Осылайша, цехтың арнайы дүкен желісі арқылы сатылатын сапалы өнімге сұраныс та күн санап артқан.

«Азия Агро Фуд» АҚ-нан бағасы арзандатылған ұн алып келіпті. Осы ретте біз бұл тиімділіктің түпкі мәнін сұрағанымызда, аталған акционерлік қоғамның үкіметтік резервтен өңірлерді қолдау мақсатында облысқа бөлінген қаражат есебінен көптеген кәсіпорындарға ұн жеткізілетінін, ал ұнның бағасы осы қаражатқа байланысты екенін түсіндірді.

Қаратал ауданы.

ЖАҢҒЫРУ – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ

Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында егемендігімізді нығайтып, өнеркәсібімізді өрге бастыратын бастамалар көп.

Агроөнеркәсіп алға басады

Елбасы Қазақстанның аграрлық өнеркәсібінің болашағына тоқталады. Одан бөлек, 5 жыл ішінде 500 мыңнан астам жеке үй шаруашылықтары мен шағын фермерлерді кооперативтерге тартуға мүмкіндік беретін жағдай жасау керектігін атап көрсетті.

Мен көп жылдардан бері осы мәселені көтеріп келе жатырмын. Бұл туралы өткен жылы республикалық «Егемен Қазақстан», облыстық «Жетісу» газеттерінде проблемалық мақалам жарық көрді. Мен онда дәл қазіргі уақытта өңірлердегі ұсақ шаруа қожалықтарын біріктіріп, кооперативтер құру керектігін алға тарттым. Кооперативтер құру арқылы қомақты несие алуға болады, жаңа трактор, техника алуға зор мүмкіндік туады. 1 немесе 5 гектар емес, 100-500 гектар жерді бірлесе игеру мүмкіндігі туады. Сонда ғана ырыс артады, береке кіреді деп жазғанмын. Бұл мақалам сол тұста көпшіліктің ықыласын туғызған болатын. Елбасымыз осы туралы жақсы мәселе қозғады. Дер кезінде айтты. Қуанып қалдым. Ауылдарда іргелі ауылшаруашылық кооперативтері құрылса, елді мекендеріміздің де болашағы арта түседі. Ауылдарымыздың жағдайы жақсарып, жұмыссыздардың саны едәуір төмендейді.

Марат ТАҚАБАЕВ,
Ұзынбұлақ ауылдық ақсақалдар алқасының төрағасы, Райымбек ауданының Құрметті азаматы.

СЕЛЕКТОР

ЗЕЙНЕТАҚЫ МӨЛШЕРІ
кезең-кезеңмен ұлғайтылады

Үкімет үйінде ҚР Премьер-Министрі Бақытжан САҒЫНТАЕВТЫҢ төрағалығымен селекторлық кеңес өтті. Үкіметтің кезекті басқосуында денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы қаралды. Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртановтың айтуынша, денсаулықты сақтауда оң өзгерістер көп. Соңғы он жылда өмір сүру ұзақтығы 72 жасқа дейін ұзарған. Ана өлімі 10 жылдың ішінде 3,5 есеге азайған. Жиында «Денсаулық» бағдарламасын іске асыру демографиялық көрсеткіштің өсуіне ықпал еткені айтылды.

Өткен жылы бірінші, екінші және үшінші баланың тууына берілетін мемлекеттік жәрдемақы көлемі 66 621 теңгені құраған. 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап оның мөлшері 71 270 теңгеге жеткен. Ағымдағы жылдың 1 шілдесінен жәрдемақы мөлшері 86 222 теңгеге дейін өседі.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасы ҚР Президентінің Жолдауын іске асыру және Мемлекет басшысының биыл ақпан айында ҚР Үкіметінің кеңейтілген отырысында берген тапсырмалары аясында әзірленген. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова айтты. Бюджеттен төленетін зейнетақы мөлшері кезең-кезеңімен ұлғайтылмақшы. 2016 жылғы зейнетақы мөлшерімен салыстырғанда 2017 жылдың 1 шілдесінен бастап зейнетақы мөлшері 20%-ға дейін ұлғайтылатын болады. Зейнетақының өсуі 2 млн.-нан астам адамды қамтиды. Тамара Дүйсенованың сөзінен түйгеніміз, зейнетақы мөлшері мен баланың туылуына берілетін біржолғы жәрдемақыны өсіруге республикалық бюджетте қосымша 81,6 млрд. теңге қарастырылады. Селекторлық жиыннан соң облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Асхан Байдувалиевке медицина мекемелерін компьютермен қамтамасыз ету, міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру жүйесін халыққа түсіндіру барысында тапсырмалар берді.

Гүлжан МҰҚАШҚЫЗЫ.

БРИФИНГ

ӨҢІР СӘУЛЕТІ ӨРНЕКТЕЛЕ ТҮСПЕК

Ендігі жерде жеке тұрғын үйлер бірегей сәулет стилінде салынбақ. Бірыңғай жобада үйлер құрылысы ғана емес, тұтастай тұрғын үй кешенінің де дизайнерлік міндеттері шешілуде. Бұл туралы өңірлік коммуникация қызметінде өткен брифингте облыстық сәулет және қалақұрылыс басқармасының басшысы Дәркен Нұржанов айтып өтті.

Дәркен Нұржановтың айтуынша, Президент тапсырмасы бойынша осы жылдан бастап "Нұрлы жер" тұрғын үй бағдарламасы іске асырылмақ. Бұл бағдарламаның артықшылығы сол – алға қойылған міндеттер тиянақты орындалған жағдайда 15 жылда 1,5 млн. отбасының баспана мәселесі шешімін табады. Мұнымен қоса, инновациялық технологияларды қолдану арқылы тұрғын үй бағасының қолжетімділігі қамтамасыз етілмек. Баспана мәселесіне орай кезекте тұрған адамдарды Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінен жеңілдетілген қарыз беру арқылы қаржыландыруға да мүмкіндік бар.

Осы ретте бірегей сәулет стилінде құрылыс салудың ерекшеліктері де тілге тиек етіліп, оның артықшылықтары жан-жақты таныстырылды. Мәселен, 90-шы жылдардың соңы мен 2000 – жылдардың басында үй құрылысы түрлі себептерге байланысты бейберекет салынып келсе, қазірде олардың орнында сәулеттік біркелкілік пен реттілікке негізделген жаңа тұрғын үйлер пайда болуда. Егер 10–20 жыл бұрын тұрғындар өз жер телімдерінде құрылыс жүргізуде отбасылық әл-ауқатына байланысты өздерінің жеке шығармашылық идеяларын тікелей іске асырса, қазіргі таңда бірыңғай озық үлгідегі үйлерді таңдайды.

– Бүгінде бізде «Нұрлы жер» бағдарламасын іске асыру мақсатында бірыңғай сәулет стиліндегі жеке тұрғын үй құрылысы мен таунхаустардың үлгілік жобаларының бірнеше нұсқалары жасалды. Қазіргі уақытта аталған жобалар келісімнен өту кезеңінде, – дейді Дәркен Нұржанұлы.

Бір анығы – жоба іске асқан жағдайда балалар алаңы, спорттық ғимараттар, мектептер, балабақшалар, жаяу жүргіншілер жолы, серуендеу аймақтары – бәрі-бәрі бірыңғай жарасымдылықта тұрмақ. Нәтижесінде өңір ажары – қала көркі онан ары өрнектеле түспек.

Қ. ӘБДІҒАПАР.



Депутаттар назарында

Көрме уақыты жақындаған сайын «ЭКСПО – 2017» қалашығының жұмысымен танысуға келетін лауазымды тұлғалардың қатары да жиілей түсті. Кеше ғана ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Мәжіліс Төрағасы Нұрлан НЫҒМАТУЛИНМЕН бірге «Астана ЭКСПО – 2017» көрме нысандарын аралап, жұмыс нәтижесімен танысып қайтты.

Жетісу
Қажет АНДАС

Халық қалаулылары сапар барысында халықаралық мамандандырылған көрме қалашығының сәнін арттырған, сапалық жағынан да талапқа сай келетін Қазақстанның ұлттық павильоны, Конгресс орталығы, халықаралық павильон, энергия зерттеу орталығы ұйым көрмеге қатысатындарын мақұлдады. Соның ішінде 109 мемлекетпен көрмеге қатысу келісімшарты жасалып, 110 секция комиссары таңдалып, 82 ел Астана төрінде өткізетін ұлттық күнін таңдап қойыпты. Қазіргі уақытта қатысушы мемлекеттер ұлттық павильондары бойынша жұмыстарды бастап кеткен. Сонымен қатар, Ұлттық компания төрағасы 8 наурыздан бастап барлық облыс орталықтарында ресми билет кассаларының ашыла бастағанын да тілге тиек етті.

Кездесу барысында Ахметжан Есімов және ұлттық компания департаменттерінің басшылары қонақтардың арнайы билет бағдарламасы, келушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және медициналық көмек көрсету жайындағы сұрақтарына жауап берді.

Мәжіліс төрағасы Нұрлан Нығматулин көрме құрылысының сапалы әрі халықаралық өлшемге сай салынып жатқанын айта келіп, ұйымдастырылу жұмыстарының көңілге қонымды жүргізіліп жатқанын жоғары бағалады.

– Барлық депутаттар атынан көрме ұйымдастырушыларға алғысымды жеткізуге рұқсат етіңіздер. Біз үшін бұл көрменің жоғары деңгейде өтуі өте маңызды. Мамандандырылған көрменің Астанада өтуі 2017 жылдың ең маңызды іс-шарасы болмақ, – деп атап өтті мәжіліс спикері.

Көрменің сәтті өтуі үшін депутаттық корпустың араласуымен халықаралық көрмелер Конвенциясы бекітіліп, «ЭКСПО – 2017» көрмесін ұйымдастыру мен өткізу сұрақтарына нақты жауап беретін заңдық қолданбалар құрастырылатыны да сөз болды.

Қонақтармен бірге болған «Астана ЭКСПО – 2017» ҰК төрағасы Ахметжан Есімов көрмеге дайындық жұмыстарының қарқынды жүріп жатқаны жайлы әңгімелеп, депутаттарға көрмені ұйымдастыру жұмыстарының аяқталып қалғанын жеткізді. Оның айтуынша, бүгінге дейін 115 мемлекет пен 18 халықаралық қатарлы бірқатар нысанды көріп шықты.

САЛЫҚ

Текелі қаласы бойынша бюджетке түсетін салық және басқа да түсімдер жыл өткен сайын өсіп келеді. Атап айтсақ, былтыр қала бюджетіне 1 981,7 млн. теңге көлемінде қаражат түсті. Яғни, бұл көрсеткіш алдыңғы жылмен салыстырғанда бірнеше пайызға жоғары. Оның ішінде республикалық бюджет 112,7 пайызға орындалып, қазынаға 1036,2 млн. теңге түсті. Жергілікті бюджеттің орындалуы да жаман емес. Болжамнан тыс салық төлеушілердің салық есептіліктерін талдау, тексеру, салыстыру жұмыстарының қорытындысы бойынша бюджетке қосымша 190,0 млн. теңге қосылды. Мүлік пен ақшаны жария ету бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде 206, 5 мың теңге заңдастырылды.

Түсім молайды

Елбасы кезекті Жолдауында бизнес-ортаны түбегейлі жақсарту және кеңейтудің маңыздылығын атап өткен болатын. Текелі қаласында бірінші қаңтарда мыңнан аса шағын және орта бизнес субъектілері тіркелді. Олардан түскен түсім көлемі де аз емес. Яғни, ол жалпы түскен салықтардың 67 пайызын құрап отыр. Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексіне сәйкес 21 әкімшілік іс қозғалып, салынған айыппұлдар бойынша 265,0 мың теңге бюджетке өндіріліп алынды. Салық төлеушілерге он сегіз мыңнан аса мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның он төрт мыңнан астам қызметі электронды түрде көрсетілді.

Салық төлеушілер арасында салық есептілігін электронды түрде өткізудің артықшылығы туралы үгіт-насихат жұмыстары жүргізілуде. Мемлекеттік кірістер басқармасында салық төлеушілердің қатысуымен салық заңнамасына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы семинар-кеңестер, «Ашық есік күндері» өткізілді. Салық кодексін түсіндіру бойынша БАҚ-та көптеген мақала жарияланды. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және ескерту мақсатында қызметкерлер арасында құқық қорғау органдары мен қоғамдық ұйымдармен бірлесе отырып бірнеше «дөңгелек үстел» ұйымдастырылды.

Биыл салық кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың бірқатарына тоқтала кетсек, жер салығы және жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық бойынша салық кодексінің 391 және 409-баптарына өзгерістер енгізілді. Бұл өзгерістерге сәйкес жеке тұлғалардың мүлік және жер салығын есептеуді салық органдары есепті салық кезеңінен кейінгі жылдың бірінші шілдесінен кешіктірмей жүргізетін болады. Яғни, бұл салықтарды есептеу мен төлеу бойынша салық кезеңі аяқталғаннан кейін, дәлірек айтсақ, биылға есептелген салық келесі жылдың бірінші қазанына дейін төленеді. Тиісінше, 2017 жылы аталған жергілікті салықтар бойынша өткен салық кезеңдері үшін берешектер ғана түсетін болады. Жергілікті салықтарға қатысты тағы бір өзгеріс: салық және төлемдердің 7 түрі (жеке тұлғаларға салынатын жер, мүлік, көлік салықтары, заңды тұлғаларға, жеке кәсіпкерлерге салынатын жер салығы, заңды тұлғаларға салынатын көлік салығы және аудандық маңызы бар жол жиегіндегі жарнамаларға төленетін төлем) 2018 жылдан бастап құрылатын 4-ші деңгейлі бюджет – ауылдық округ бюджетіне беріледі.

Тағы айта кететін бір жайт, 2016 жылдан бастап шағын бизнесті дамыту үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу алымы алынып тасталса, 1 қаңтардан бастап жеке кәсіпкер ретінде тіркелу процедурасын оңайлату мақсатында аталған қызмет хабарлама тәртібіне көшірілді. Бұл дегеніміз, енді жеке кәсіпкер тіркелгені жөнінде салық органдарынан арнайы құжат алуға міндетті емес. Осы және басқа да Салық кодексіне енгізілген өзгертулер мен толықтырулар жөнінде салық төлеушілермен өз тарапымыздан кездесулер өткізіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілетін болады. Алайда, атқарылған істерден алдағы уақытта жүзеге асырылатын жұмыстар әлдеқайда ауқымды.

Биыл бюджеттің кіріс бөлігін толықтыратын біраз жобалар жүзеге асырылуда. Мәселен, «Вару Mining» ЖШС-нің «Инновациялық технологиялар бойынша темір кенін шығару және өңдеу арқылы шойын өндірісі» зәкірлі жобасын жүзеге асыру жалғасуда. Өндірістік қуаты бойынша жылына 400,0 мың тоннаға дейін шойын өндірілмек, 500 жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде. Жоба биыл толық іске аспақ. Сондай-ақ, ұнтақталған әк өндіру бойынша «Текелі микрокальциттер зауыты» ЖШС-нің зауыт құрылысы мен Қора өзенінде қуаттылығы 28,5 МВт. «Коринская ГЭС» ЖШС су электр стансысының құрылысы бойынша жобаларды жүзеге асыру жалғасуда. Осы аталған жобалар толық іске асқан жағдайда жергілікті және республикалық бюджеттің кіріс бөлігі көбейеді деген ойдамыз.

Қ. НҰРҒАЛИЕВ,
Текелі қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы.

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№ 31 (18307)

Бейсенбі, 16 наурыз, 2017 жыл.

КӘСІБІ – НӘСІБІ

ӨНІМГЕ СҰРАНЫС КӨП

Атшаптырым аумаққа жайғасқан нысанды әдеттегідей шағын цех десеңіз, қателесесіз. Табанын аймақ орталығына тіреп, талабын тынбай ұштаған бұл ұжымның наубайханасында бүгінде күніне 2000-ға жуық бөлке пісіп шығады. Соның арқасында өңірдегі тұтынушылардың басым бөлігінің қажеттілігі қанағаттандырылуда. Бұл – Қаратал ауданында орналасқан «Ахметбаев» ШҚ цехының қазіргі тыныс-тіршілігі.



Жетісу
Қозыбай ҚҰРМАН

1996 жылы құрылып, 20 жыл бойы үздіксіз ізденіспен алға ұмтылған өндіріс орнында бүгінде жоғары және бірінші сұрыпты ұн түрі шығарылады. Тапқанын ас атасынан аямайтын жұрт «Ахметбаев» ШҚ-ның ақ ұнын қоймада күттірмей алады. Аудан, облыс көлемінде де жақсы сұраныскқа ие.

Кәсіпорнның өндіріс меңгерушісі Айгүл Исламқызының айтуынша, бұрын да мұнда жабдықтары ескіргенімен негізінен толықтай сақталған ескі цехтың орны болыпты. Сол себепті де өз күштеріне сүйеніп, шаруаның жайын тез оңдаған.

– Әрине, бастапқыда түрлі қиындықтар болды. Басқасын айтпағанның өзінде, тұрақты 20 адамды жұмысқа тартып, олардың жалақысын толық берудің ол заманда оңай шаруа емес екенін білесіздер. Ең бастысы – бізде ұжымдық ауызбірлік болды. Соның арқасында бүгін жалпы өндіріс бойынша 70 адамды жұмыспен қамтып отырмыз, мүмкіндік болса алдағы уақытта өндіріс көлемін әлі де ұлғайта түсу ойда бар. Мүмкіндіктер де жеткілікті, – дейді Айгүл Исламқызы.

Мүмкіндік демекші, олар былтырға дейін теп бидай алып, оны өңдеп дайын ұн ретінде төмен бағада ұсынатынын айтты. Яғни, бұл ұжымның кәсібінің өрге басуына Үкімет қолдауы осылай ықпал етіпті.

Ұжымда іскерлік ортаның қалыптасқаны жұмыс барысымен танысу кезінде анық білінді. Біз жолығып, әңгімеге тартқан жұмысшылар Гүлмира Оспанова, Гүлнара Досбаева, Жадыра Бөлекова, Махаббат Нұрбаева, Гүлнар Өсербаева – барлығы осы шаңырақтың еңбеккерлері. Қазірде олардың орташа жалақысы 50 – 60 мың теңгені құрауда.

Бұл арада ұн мен нан өндірісінен бөлек, кондитерлік және кулинария өнімдерінің 60-тан астам түрі дайындалуда. Сол себепті де түрлі мерекелік шаралар мен тойларға қажетті тәтті тағам іздеген жұрт осы жерге жиі бас сұғады. Осылайша, цехтың арнайы дүкен желісі арқылы сатылатын сапалы өнімге сұраныс та күн санап артқан.

«Азия Агро Фуд» АҚ-нан бағасы арзандатылған ұн алып келіпті. Осы ретте біз бұл тиімділіктің түпкі мәнін сұрағанымызда, аталған акционерлік қоғамның үкіметтік резервтен өңірлерді қолдау мақсатында облысқа бөлінген қаражат есебінен көптеген кәсіпорындарға ұн жеткізілетінін, ал ұнның бағасы осы қаражатқа байланысты екенін түсіндірді.

Қаратал ауданы.

ЖАҢҒЫРУ – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ

Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында егемендігімізді нығайтып, өнеркәсібімізді өрге бастыратын бастамалар көп.

Агроөнеркәсіп алға басады

Елбасы Қазақстанның аграрлық өнеркәсібінің болашағына тоқталады. Одан бөлек, 5 жыл ішінде 500 мыңнан астам жеке үй шаруашылықтары мен шағын фермерлерді кооперативтерге тартуға мүмкіндік беретін жағдай жасау керектігін атап көрсетті.

Мен көп жылдардан бері осы мәселені көтеріп келе жатырмын. Бұл туралы өткен жылы республикалық «Егемен Қазақстан», облыстық «Жетісу» газеттерінде проблемалық мақалам жарық көрді. Мен онда дәл қазіргі уақытта өңірлердегі ұсақ шаруа қожалықтарын біріктіріп, кооперативтер құру керектігін алға тарттым. Кооперативтер құру арқылы қомақты несие алуға болады, жаңа трактор, техника алуға зор мүмкіндік туады. 1 немесе 5 гектар емес, 100-500 гектар жерді бірлесе игеру мүмкіндігі туады. Сонда ғана ырыс артады, береке кіреді деп жазғанмын. Бұл мақалам сол тұста көпшіліктің ықыласын туғызған болатын. Елбасымыз осы туралы жақсы мәселе қозғады. Дер кезінде айтты. Қуанып қалдым. Ауылдарда іргелі ауылшаруашылық кооперативтері құрылса, елді мекендеріміздің де болашағы арта түседі. Ауылдарымыздың жағдайы жақсарып, жұмыссыздардың саны едәуір төмендейді.

Марат ТАҚАБАЕВ,
Ұзынбұлақ ауылдық ақсақалдар алқасының төрағасы, Райымбек ауданының Құрметті азаматы.

СЕЛЕКТОР

ЗЕЙНЕТАҚЫ МӨЛШЕРІ
кезең-кезеңмен ұлғайтылады

Үкімет үйінде ҚР Премьер-Министрі Бақытжан САҒЫНТАЕВТЫҢ төрағалығымен селекторлық кеңес өтті. Үкіметтің кезекті басқосуында денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы қаралды. Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртановтың айтуынша, денсаулықты сақтауда оң өзгерістер көп. Соңғы он жылда өмір сүру ұзақтығы 72 жасқа дейін ұзарған. Ана өлімі 10 жылдың ішінде 3,5 есеге азайған. Жиында «Денсаулық» бағдарламасын іске асыру демографиялық көрсеткіштің өсуіне ықпал еткені айтылды.

Өткен жылы бірінші, екінші және үшінші баланың тууына берілетін мемлекеттік жәрдемақы көлемі 66 621 теңгені құраған. 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап оның мөлшері 71 270 теңгеге жеткен. Ағымдағы жылдың 1 шілдесінен жәрдемақы мөлшері 86 222 теңгеге дейін өседі.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасы ҚР Президентінің Жолдауын іске асыру және Мемлекет басшысының биыл ақпан айында ҚР Үкіметінің кеңейтілген отырысында берген тапсырмалары аясында әзірленген. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова айтты. Бюджеттен төленетін зейнетақы мөлшері кезең-кезеңімен ұлғайтылмақшы. 2016 жылғы зейнетақы мөлшерімен салыстырғанда 2017 жылдың 1 шілдесінен бастап зейнетақы мөлшері 20%-ға дейін ұлғайтылатын болады. Зейнетақының өсуі 2 млн.-нан астам адамды қамтиды. Тамара Дүйсенованың сөзінен түйгеніміз, зейнетақы мөлшері мен баланың туылуына берілетін біржолғы жәрдемақыны өсіруге республикалық бюджетте қосымша 81,6 млрд. теңге қарастырылады. Селекторлық жиыннан соң облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Асхан Байдувалиевке медицина мекемелерін компьютермен қамтамасыз ету, міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру жүйесін халыққа түсіндіру барысында тапсырмалар берді.

Гүлжан МҰҚАШҚЫЗЫ.

БРИФИНГ

ӨҢІР СӘУЛЕТІ ӨРНЕКТЕЛЕ ТҮСПЕК

Ендігі жерде жеке тұрғын үйлер бірегей сәулет стилінде салынбақ. Бірыңғай жобада үйлер құрылысы ғана емес, тұтастай тұрғын үй кешенінің де дизайнерлік міндеттері шешілуде. Бұл туралы өңірлік коммуникация қызметінде өткен брифингте облыстық сәулет және қалақұрылыс басқармасының басшысы Дәркен Нұржанов айтып өтті.

Дәркен Нұржановтың айтуынша, Президент тапсырмасы бойынша осы жылдан бастап "Нұрлы жер" тұрғын үй бағдарламасы іске асырылмақ. Бұл бағдарламаның артықшылығы сол – алға қойылған міндеттер тиянақты орындалған жағдайда 15 жылда 1,5 млн. отбасының баспана мәселесі шешімін табады. Мұнымен қоса, инновациялық технологияларды қолдану арқылы тұрғын үй бағасының қолжетімділігі қамтамасыз етілмек. Баспана мәселесіне орай кезекте тұрған адамдарды Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінен жеңілдетілген қарыз беру арқылы қаржыландыруға да мүмкіндік бар.

Осы ретте бірегей сәулет стилінде құрылыс салудың ерекшеліктері де тілге тиек етіліп, оның артықшылықтары жан-жақты таныстырылды. Мәселен, 90-шы жылдардың соңы мен 2000 – жылдардың басында үй құрылысы түрлі себептерге байланысты бейберекет салынып келсе, қазірде олардың орнында сәулеттік біркелкілік пен реттілікке негізделген жаңа тұрғын үйлер пайда болуда. Егер 10–20 жыл бұрын тұрғындар өз жер телімдерінде құрылыс жүргізуде отбасылық әл-ауқатына байланысты өздерінің жеке шығармашылық идеяларын тікелей іске асырса, қазіргі таңда бірыңғай озық үлгідегі үйлерді таңдайды.

– Бүгінде бізде «Нұрлы жер» бағдарламасын іске асыру мақсатында бірыңғай сәулет стиліндегі жеке тұрғын үй құрылысы мен таунхаустардың үлгілік жобаларының бірнеше нұсқалары жасалды. Қазіргі уақытта аталған жобалар келісімнен өту кезеңінде, – дейді Дәркен Нұржанұлы.

Бір анығы – жоба іске асқан жағдайда балалар алаңы, спорттық ғимараттар, мектептер, балабақшалар, жаяу жүргіншілер жолы, серуендеу аймақтары – бәрі-бәрі бірыңғай жарасымдылықта тұрмақ. Нәтижесінде өңір ажары – қала көркі онан ары өрнектеле түспек.

Қ. ӘБДІҒАПАР.



Депутаттар назарында

Көрме уақыты жақындаған сайын «ЭКСПО – 2017» қалашығының жұмысымен танысуға келетін лауазымды тұлғалардың қатары да жиілей түсті. Кеше ғана ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Мәжіліс Төрағасы Нұрлан НЫҒМАТУЛИНМЕН бірге «Астана ЭКСПО – 2017» көрме нысандарын аралап, жұмыс нәтижесімен танысып қайтты.

Жетісу
Қажет АНДАС

Халық қалаулылары сапар барысында халықаралық мамандандырылған көрме қалашығының сәнін арттырған, сапалық жағынан да талапқа сай келетін Қазақстанның ұлттық павильоны, Конгресс орталығы, халықаралық павильон, энергия зерттеу орталығы ұйым көрмеге қатысатындарын мақұлдады. Соның ішінде 109 мемлекетпен көрмеге қатысу келісімшарты жасалып, 110 секция комиссары таңдалып, 82 ел Астана төрінде өткізетін ұлттық күнін таңдап қойыпты. Қазіргі уақытта қатысушы мемлекеттер ұлттық павильондары бойынша жұмыстарды бастап кеткен. Сонымен қатар, Ұлттық компания төрағасы 8 наурыздан бастап барлық облыс орталықтарында ресми билет кассаларының ашыла бастағанын да тілге тиек етті.

Кездесу барысында Ахметжан Есімов және ұлттық компания департаменттерінің басшылары қонақтардың арнайы билет бағдарламасы, келушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және медициналық көмек көрсету жайындағы сұрақтарына жауап берді.

Мәжіліс төрағасы Нұрлан Нығматулин көрме құрылысының сапалы әрі халықаралық өлшемге сай салынып жатқанын айта келіп, ұйымдастырылу жұмыстарының көңілге қонымды жүргізіліп жатқанын жоғары бағалады.

– Барлық депутаттар атынан көрме ұйымдастырушыларға алғысымды жеткізуге рұқсат етіңіздер. Біз үшін бұл көрменің жоғары деңгейде өтуі өте маңызды. Мамандандырылған көрменің Астанада өтуі 2017 жылдың ең маңызды іс-шарасы болмақ, – деп атап өтті мәжіліс спикері.

Көрменің сәтті өтуі үшін депутаттық корпустың араласуымен халықаралық көрмелер Конвенциясы бекітіліп, «ЭКСПО – 2017» көрмесін ұйымдастыру мен өткізу сұрақтарына нақты жауап беретін заңдық қолданбалар құрастырылатыны да сөз болды.

Қонақтармен бірге болған «Астана ЭКСПО – 2017» ҰК төрағасы Ахметжан Есімов көрмеге дайындық жұмыстарының қарқынды жүріп жатқаны жайлы әңгімелеп, депутаттарға көрмені ұйымдастыру жұмыстарының аяқталып қалғанын жеткізді. Оның айтуынша, бүгінге дейін 115 мемлекет пен 18 халықаралық қатарлы бірқатар нысанды көріп шықты.

САЛЫҚ

Текелі қаласы бойынша бюджетке түсетін салық және басқа да түсімдер жыл өткен сайын өсіп келеді. Атап айтсақ, былтыр қала бюджетіне 1 981,7 млн. теңге көлемінде қаражат түсті. Яғни, бұл көрсеткіш алдыңғы жылмен салыстырғанда бірнеше пайызға жоғары. Оның ішінде республикалық бюджет 112,7 пайызға орындалып, қазынаға 1036,2 млн. теңге түсті. Жергілікті бюджеттің орындалуы да жаман емес. Болжамнан тыс салық төлеушілердің салық есептіліктерін талдау, тексеру, салыстыру жұмыстарының қорытындысы бойынша бюджетке қосымша 190,0 млн. теңге қосылды. Мүлік пен ақшаны жария ету бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде 206, 5 мың теңге заңдастырылды.

Түсім молайды

Елбасы кезекті Жолдауында бизнес-ортаны түбегейлі жақсарту және кеңейтудің маңыздылығын атап өткен болатын. Текелі қаласында бірінші қаңтарда мыңнан аса шағын және орта бизнес субъектілері тіркелді. Олардан түскен түсім көлемі де аз емес. Яғни, ол жалпы түскен салықтардың 67 пайызын құрап отыр. Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексіне сәйкес 21 әкімшілік іс қозғалып, салынған айыппұлдар бойынша 265,0 мың теңге бюджетке өндіріліп алынды. Салық төлеушілерге он сегіз мыңнан аса мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның он төрт мыңнан астам қызметі электронды түрде көрсетілді.

Салық төлеушілер арасында салық есептілігін электронды түрде өткізудің артықшылығы туралы үгіт-насихат жұмыстары жүргізілуде. Мемлекеттік кірістер басқармасында салық төлеушілердің қатысуымен салық заңнамасына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы семинар-кеңестер, «Ашық есік күндері» өткізілді. Салық кодексін түсіндіру бойынша БАҚ-та көптеген мақала жарияланды. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және ескерту мақсатында қызметкерлер арасында құқық қорғау органдары мен қоғамдық ұйымдармен бірлесе отырып бірнеше «дөңгелек үстел» ұйымдастырылды.

Биыл салық кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың бірқатарына тоқтала кетсек, жер салығы және жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық бойынша салық кодексінің 391 және 409-баптарына өзгерістер енгізілді. Бұл өзгерістерге сәйкес жеке тұлғалардың мүлік және жер салығын есептеуді салық органдары есепті салық кезеңінен кейінгі жылдың бірінші шілдесінен кешіктірмей жүргізетін болады. Яғни, бұл салықтарды есептеу мен төлеу бойынша салық кезеңі аяқталғаннан кейін, дәлірек айтсақ, биылға есептелген салық келесі жылдың бірінші қазанына дейін төленеді. Тиісінше, 2017 жылы аталған жергілікті салықтар бойынша өткен салық кезеңдері үшін берешектер ғана түсетін болады. Жергілікті салықтарға қатысты тағы бір өзгеріс: салық және төлемдердің 7 түрі (жеке тұлғаларға салынатын жер, мүлік, көлік салықтары, заңды тұлғаларға, жеке кәсіпкерлерге салынатын жер салығы, заңды тұлғаларға салынатын көлік салығы және аудандық маңызы бар жол жиегіндегі жарнамаларға төленетін төлем) 2018 жылдан бастап құрылатын 4-ші деңгейлі бюджет – ауылдық округ бюджетіне беріледі.

Тағы айта кететін бір жайт, 2016 жылдан бастап шағын бизнесті дамыту үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу алымы алынып тасталса, 1 қаңтардан бастап жеке кәсіпкер ретінде тіркелу процедурасын оңайлату мақсатында аталған қызмет хабарлама тәртібіне көшірілді. Бұл дегеніміз, енді жеке кәсіпкер тіркелгені жөнінде салық органдарынан арнайы құжат алуға міндетті емес. Осы және басқа да Салық кодексіне енгізілген өзгертулер мен толықтырулар жөнінде салық төлеушілермен өз тарапымыздан кездесулер өткізіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілетін болады. Алайда, атқарылған істерден алдағы уақытта жүзеге асырылатын жұмыстар әлдеқайда ауқымды.

Биыл бюджеттің кіріс бөлігін толықтыратын біраз жобалар жүзеге асырылуда. Мәселен, «Вару Mining» ЖШС-нің «Инновациялық технологиялар бойынша темір кенін шығару және өңдеу арқылы шойын өндірісі» зәкірлі жобасын жүзеге асыру жалғасуда. Өндірістік қуаты бойынша жылына 400,0 мың тоннаға дейін шойын өндірілмек, 500 жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде. Жоба биыл толық іске аспақ. Сондай-ақ, ұнтақталған әк өндіру бойынша «Текелі микрокальциттер зауыты» ЖШС-нің зауыт құрылысы мен Қора өзенінде қуаттылығы 28,5 МВт. «Коринская ГЭС» ЖШС су электр стансысының құрылысы бойынша жобаларды жүзеге асыру жалғасуда. Осы аталған жобалар толық іске асқан жағдайда жергілікті және республикалық бюджеттің кіріс бөлігі көбейеді деген ойдамыз.

Қ. НҰРҒАЛИЕВ,
Текелі қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы.

Алматы облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

СҰХБАТ

БАСТЫ МІНДЕТ – халыққа сапалы қызмет көрсету

– Жанбек Әбдімомынұлы, әңгімені мемлекеттік қызмет көрсету саласында әркім білуі тиіс және атап айтарлықтай жаңалықтарыңыздан бастасақ.

– Халыққа арналған қызметтің үлкен, кішісі болмайды. Біз үшін бәрі маңызды. Осы тұрғыдан алғанда күнделікті тұрмыс-тіршілікте кездесетін әртүрлі мәселеге байланысты біздің мекемеге келетін адамдар аз емес. Сол себепті оларға біздің тарапымыздан көрсетілетін қызмет мейлінше сапалы әрі мінсіз болуы шарт. Байқасаңыз, корпорацияның «Азаматтарға арналған үкімет» деп аталуының өзі көп нәрсені аңғартады. Алдымен, осы корпорацияның құрылу тарихына шолу жасап өтейін. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2015 жылғы 20 мамырдағы бес институционалдық реформаны жүзеге асыруға бағытталған «100 нақты қадам» – Ұлт жоспарына енгізілген қадамдардың бірі біз әңгіме етіп отырған аталмыш корпорацияны құру болып табылады. Ұлт жоспарын жүзеге асыру мақсатында 2015 жылдың 17 қарашасында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының № 408-V Заңы қабылданып, осыған сәйкес Қазақстан Республикасының қолданыстағы бірқатар заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Толықтырулар мен өзгертулер енгізілген заң актілерінің қатарында Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңы да бар. Атап айтқанда, «бір терезе» қағидаты бойынша жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік қызметтерді көрсету, міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу, ғимараттарды, құрылыстарды немесе олардың құрамдастарын техникалық тексеру, мемлекеттік жер кадастрын жүргізу, зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру саласы бойынша мемлекеттік корпорация қызметтерін жүзеге асыру бөлігіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Өткен жылдың сәуір айының аяғында «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының директорлар кеңесінің бірінші отырысы өтіп, онда қоғамның ішкі құжаттарын бекітумен қатар басқарма құрамы сайланды. Биылдың 12-ші сәуірінде директорлар кеңесінің шешімімен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының ұйымдастыру құрылымына өзгерістер енгізілді. Корпорацияның басқарма аппаратына Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру дирекциясы, Мемлекеттік қызметтерді көрсету дирекциясы, сонымен қатар «Әлеуметтік төлемдерді ведомстваралық есептеу орталығы» дирекциясы енгізілді. Осылайша, қайта құрылған қоғамның басты міндеті «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының елдегі мемлекеттік қызметтерді көрсетудің бірыңғай провайдері ретіндегі қызметін қамтамасыз етуге бағытталды.

– Енді өзіңіз басқарып отырған департаменттің қызметі жайлы әңгімелесеңіз.

Бүгінде Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасын орындау мақсатында көптеген іс-шаралар атқарылып жатыр. Нәтижесі жаман емес. Оған халықтың рухани жағынан жаңғырып, мәдениеттің өрлеп, қоғамның қайта түлеп жатқаны дәлел. Сондықтан көпшіліктің көңіл-күйін жоғары деңгейден түсірмей, биіктен көрсете білу ел азаматтары үшін ерекше маңызға ие. Мәртебелі міндеттерді жүзеге асыруға халыққа қызмет көрсету саласы мамандарының қосып отырған үлесін айрықша атап өткен жөн. Бұл жайлы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының облыс бойынша Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру департаментінің басшысы Жанбек ӘБІШЕВ әңгімелейді.

Жетісу
Айгүл БАЙБОСЫНОВА

– Қазіргі уақытта департаменттің құрамында он алты аудандық, үш қалалық бөлімшелер мен Алматы бөлімшесі және өндірістік орталықта он төрт бөлім бар. Онда алты жүзден аса адам қызмет істейді. Сондай-ақ, департамент барлығы он екі түрлі мемлекеттік қызмет көрсетеді. Олар: жылжымайтын мүлік объектілеріне техникалық паспорттар мен жылжымайтын мүлік объектілеріне техникалық паспорттардың телнұсқаларын беру, міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу тізілімінен көшірме беру, уақытша өтеулі (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) жер пайдалану (жалдау) құқығына актілер дайындау және беру. Сондай-ақ, уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығына актілерді, тұрақты жер пайдалану құқығына актілерді, жер теліміне жекеменшік құқығына актіні дайындау және беру, жер телімінің кадастрлық (бағалау) құнын анықтау, жер телімнің сапалық жай-күйі және бағалау құны туралы мәліметтер мен кадастрлық ақпарат беру, жоспарланған жер учаскесіне графикалық мемлекеттік жер кадастры автоматтандырылған ақпараттық жүйесі бойынша келісу. Еске сала кетейін, мемлекеттік қызметтерді көрсетуге өтініштерді қабылдау Халыққа қызмет көрсету орталығы және «Электронды үкімет» веб-порталы: www.egov.kz (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызметтердің қорытындысы Халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы ұсынылады.

– Департамент көрсететін мемлекеттік қызметтерді түсіндіру жұмыстары жүргізіле ме?

– Бұл бағыттағы жұмыстар өз деңгейінде орындалып жатыр. Ел Президенті Қазақстан халқына жолдаған Жолдауында мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын және мемлекеттік қызметтердің беделін көтеруге ерекше назар аударды. Жаһандану үрдісіне байланысты әлемдік қоғамдастықта және бәсекелестіктің күшеюіне байланысты ел арасында осындай мемлекеттік қызметтер ретінде қоғамдық өзара қатынастар саласын дамыту қажеттілігі туындады. Көптеген халықаралық рейтингтік агенттіктер өздерінің бағалауларында мемлекеттік аппараттың жетіле түсуінің негізгі белгісінің бірі ретінде мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін пайдаланады. Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» № 88-V Заңының 23-бабына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі туралы қызмет алушыларға хабарлау мақсатында Ашық есік күндерін өткізу және бұқаралық ақпарат құралдарында мақалалар жариялау іс-шаралары жүргізіледі. Сонымен қатар мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге қатысты мемлекеттік мекемелермен бірігіп қызмет алушыларға аудандарда Ашық есік күндері бойынша сексенге жуық іс-шара өткізілді. Барлық аудандық бөлімшелерде тоқсан сайын мемлекеттік мекемелердің, бұған қоса тоқсан сайын аудандық бұқаралық ақпарат құралдарында департаменттің көрсететін мемлекеттік қызметтері туралы мақалалар жариялануда. «Ашық мемлекет» іс-шаралары да өткізілді. Аталған жұмыстарды жетілдіру бойынша мынадай міндеттер жүктеліп отыр. Атап айтқанда, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы тұрғындар арасында дұрыс пікірлер қалыптастырып, мемлекеттік қызметтерді алу рәсімдерін түсіндіру, сондай-ақ, дәстүрлі ұйымдастырылатын қоғамдық іс-шараларды пайдалана отырып, халықты қамту аясын кеңейту, мемлекеттік органдардың жабық болуы туралы жаңсақ та жағымсыз қоғамдық пікірлердің орнына «оңай қолжетімді сервистік мемлекет» туралы оң пікір қалыптастыру болып табылады.

– Елбасының өткен жылғы 9 қыркүйектегі тапсырмасына және жерлерді түгендеп, тексеру бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен «2017–2021 жылдарға арналған жер қатынастарын реттеу саласындағы міндеттерді жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспарына» сәйкес атқарылып жатқан жұмыстарға қысқаша тоқталсаңыз?

– Департамент жер телімдерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жерлерін түгендеп, тексеру жүргізуге тікелей қатысуда. Алдымен жер телімдері бойынша мәліметтерді өзектендіру жұмыстарын жүргізудеміз. Атап айтқанда, жер телімдеріне қатысты құқықтық қатынастардың өзгеруі жөніндегі мәліметтерді енгізу, ауылшаруашылығы жерлері санатындағы алқаптардың құрамы жөніндегі мәліметтерді толықтыру және енгізу, телімдердің кадастрлық құны, субъектілердің құжаттары мен мекенжай деректері, шартты жер үлестері есебінен қалыптастырылған жер телімдері бойынша үлестердің саны, өлшемі анықталуда және оның құқық иеленушілері туралы мәліметтер бар болса, үлескерлер тізімін жинау және жүйелеу жұмыстары жүзеге асырылуда.

– Қазіргі уақытта Мемлекеттік жер кадастры туралы мәліметтерді қалыптастыру және жер ресурстары туралы ақпараттарға қолжетімділікті арттыру тұрғысында кәсіпорын бюджеттік жұмыстардың қандай түрін жүргізеді және оларды нендей мақсаттар үшін орындайды?

– Ағымдағы жылы кәсіпорын «Жер ресурстары туралы ақпараттарға қолжетімділікті көтеру» бағытындағы 259 бюджеттік бағдарламаның «Мемлекеттік жер кадастры мәліметтерін қалыптастыруға» қатысты 100 қосалқы бағдарламасы бойынша бірқатар жұмысты жүзеге асырды. Атап айтсақ, топыраққа жүргізілетін зерттеулерді, ауылшаруашылығы мақсатындағы жер телімдерін паспорттау үшін топырақ материалдарын жаңалауды, жалпы алаңы 515,0 мың гектар болатын ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлердің топырақ бонитетін анықтауды, сондай-ақ, ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерді паспорттауды орындады.

– Өзіңіз басқарып отырған департаменттің қызметі мемлекеттік қызметтерді көрсетумен ғана шектелмейтін шығар. Бұдан басқа да қызмет түрі ұсынылатын болар?

– Әрине. Мәселен, біз жерге орналастыру және жер кадастры саласында халыққа және заңды тұлғаларға ауқымды қызмет көрсетеміз. Айтып өтейін, департамент жер телімдерін жобалау және құрылуы бойынша алқапта жер телімдерінің шекарасын орнату жұмыстарын орындайды және шаруашылық жерге орналастыру жобаларын жасайды, яғни жерлерді тиімді пайдалану, топырақтың құнарлылығын көтеру және сақтау мақсатында аумақта шаруашылық құрылымының жобасын іске асырады. Биылдан бастап департамент объектілерді жобалауға және олардың құрылысын жүргізуге қажет топографиялық түсірілімдерді жүргізу бойынша қызметтер көрсете бастады. Бұл жұмыстарды жүргізу үшін біздің корпорация тиісті мемлекеттік лицензия алды. Онда біліктілігі жоғары мамандар, қажетті жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етулер бар. Сонымен бірге, департамент әртүрлі іздестіру жұмыстарын жүргізеді, соның ішінде ірі ауқымдағы топырақ зерттеулері мен топырақ бонитетін анықтау жұмыстары бар. Бұдан басқа, департамент жерге орналастыру бойынша ұзақ жылғы қызметінде үлкен көлемде ақпараттық деректер базасына, мұрағаттарға иелік етеді, мұрағаттарда жерге орналастыру, топырақ, геоботаникалық зерттеулер, топырақ бонитеттеу, жер пайдалануды ұйымдастыру, басқа да жинақталған материалдар сақталған. Департамент мұрағаттық деректерді қолдана отырып, әртүрлі мақсаттағы кадастрлық ақпараттарды беру бойынша халыққа қызмет көрсетеді. Қазіргі кезде көрсетілетін қызметтерді халыққа неғұрлым жақындату мақсатында біздің мекеме жоғарыда көрсетілген қызметтерді орындауға өтініштер мен материалдар қабылдауда және дайын материалдарды беруде облыстың барлық әкімшілік аудандарында жұмыс істейтін департаменттің тікелей аудандық және қалалық бөлімшелерінің жұмыс жүргізіп отырғанына тоқталу қажет деп ойлаймын.

– Елбасының Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауында мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру туралы айтқанын білесіз. Кәсіпорында осы бағытта қандай жұмыстар орындалуда?

– Жолдаудың екінші басымдылығы бизнестік ортаны түбегейлі жақсарту және кеңейту болып табылады. Осыған орай, қазір бізде мемлекеттік қызметтерді көрсету үрдісі жоғары деңгейде оңтайландырылған. Бұл саладағы жұмыстар толығымен электронды форматта жүргізіледі. Мысалы, «Жылжымайтын мүлікке техникалық паспорт беру» қызметіне тапсырысты үйден, офистен және басқа да орындардан шықпай-ақ беруге болады. Бұл үшін E.GOV «Электронды үкімет» порталына кіріп, қажетті тарауларды таңдап, оны толтырып, мемлекеттік қызметті көрсету туралы жазған өтінішке электронды-сандық қолтаңбаны қою керек. E.GOV «Электронды үкімет» порталы арқылы өтініш қай жерден берілгеніне қарамастан бағдарлама автоматты түрде жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан орны бойынша мемлекеттік қызметті көрсету туралы жазылған өтінішті департаменттің тиісті аудандық және қалалық бөлімшесіне жолдайды. Аталған рәсімдеудің басымдылығы неде? Біріншіден, Халыққа қызмет көрсету орталығының аудандық бөлімшесіне барып өтініш берудің, екіншіден, екінші деңгейлі банктерге мемлекеттік баж алымын төлеудің қажеті жоқ. Бір сөзбен айтқанда, мұның бәрі қызмет алушының уақытын үнемдейді. Әрине, «бір терезе» қағидаты бойынша халыққа қызмет көрсету барысында осы секілді оң талпыныстар аз емес. Десе де, бұл орайда әлі де жетілдіре түсуді қажет ететін түйткілдер бар. Біз оны білеміз және оны шешу жолдарын іздестіретін боламыз. Өйткені, біз үшін халыққа сапалы да мінсіз қызмет көрсетуден асқан абыройлы міндет жоқ.

– Уақытыңызды бөліп, сұхбат бергеніңіз үшін үлкен рахмет. Жұмыстарыңыз жемісті болсын!

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ (әрі қарай корпорация) 2017-2026 жылдарға арналған корпорацияның жаңа даму стратегиясын бекітті. Бұл даму стратегиясын қайта қарауға Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған жаңа бағдарламасын Жарлықпен бекітуі себеп болды.

«АГРАРЛЫҚ несие КОРПОРАЦИЯСЫ» АҚ стратегиясын өзгертеді

Даму бағдарламасының жаңа мәртебесі «НҰХ «Қаз-Агро» АҚ және корпорацияның даму стратегиясын қайта қарауды талап етті. Жаңа даму стратегиясы операциялық қызметті жетілдірумен қатар қаржылық институттармен сериктестікті дамытуды және тікелей емес қаржыландыру үлесін ұлғайтуды қарастырады. Бұл шағын және орта бизнес секторына нарықтық сегменттеудің нақты саясатын жүргізуге және оларды әртүрлі несие өнімдерімен барынша қамтуға мүмкіндік береді. «Мұндай қадам қаржылық институттарға агроөнеркәсіптік кешен секторын несиелеу көлемін ұлғайтуға түрткі болады», – дейді корпорацияның басқарма төрағасы Н.Сарыбаев.

Стратегия қаржылық институттарға қор жинау, қарыздарды біріктіру, халықаралық қаржылық ұйымдардан қаржы тарту мақсатында корпорацияға ішінара кепілдік беру сияқты түрлі инвестициялық бастамалардың қаржыландыру құралдарын ендіру арқылы АӨК субъектілерін қолдауды ұсынады. Бұған қоса корпорация бастама жобаларды несиелеу құралын пайдалану мүмкіндіктерін бағалау бойынша жұмыстарды жүргізуді жоспарлауда.

Алғашқы кезеңде корпорация жобаны тікелей қаржыландыратын болады. Жоба тұрақтылық деңгейіне жеткен кезде корпорация жобадан шығып, оны банкке өткізу туралы келісімшарт жасайды. Жобаны жүзеге асырудың алғашқы кезеңінде корпорация несиелік тәуекелді қабылдаған жағдайда, мұндай кесте банктер қаржысын АӨК-ге бағыттауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, корпорация инвестициялық жобаларды несиелеу барысында қаржылық институттар үшін қор жинауды және осы қаржылық институттардан шыққан кезде бұл жобаларды балансқа қабылдауды жоспарлауда. Қазір исламдық қаржыландыру танымал болуда. Сарапшылардың бағалауынша, исламдық қаржыландыру нарығы айтарлықтай көп – 2 трлн. АҚШ доллары. Бұл шариғат нормаларына сәйкес өнімдерді алуға ұмтылатын жаңа инвесторлар тобы үшін Қазақстан қақпасын ашып береді. 2017 жылы қыркүйекте Түрік экономикалық банкі мен корпорация арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Корпорация қазірдің өзінде өздерімен бірнеше жыл бойы бірлесіп қызмет етіп келе жатқан несиелік серіктестіктердің, екінші деңгейдегі банктердің, микроқаржы ұйымдарының және лизингтік компаниялардың институционалдық кемелденуін жетілдіру бойынша нақты шаралар қолдануда.

Бұл іс-шараларға сенімді әдіснамалық база жасау арқылы осы қаржылық институттардың салалық құзыреттілігін және қызметкерлердің агробіліктілігін жетілдіру кіреді. АӨК субъектілерінің агробіліктілігін дамыту – корпорацияның маңызды міндеті. Өйткені, білімді фермер салалық тәуекелге бел бумай-ақ нарықтық жағдайда өзін сенімді сезінетін болады. Бұл инвестицияның қайтарымдылығын қамтамасыз етеді. Болашақта корпорация базасында агробіліктілік орталығын ашу жоспарлануда.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Болашақ үшін маңызды

ДАНА ХАЛҚЫМЫЗДА «ҮШ КҮНДІГІН ОЙЛАҒАН ӘЙЕЛ АҚЫЛДЫ, ҮШ ЖЫЛДЫҒЫН ОЙЛАҒАН ЕРКЕК КӨРЕГЕН, ҮШ ҒАСЫРЫН ОЙЛАҒАН КӨСЕМ КЕМЕҢГЕР» ДЕГЕН НАҚЫЛ БАР. МӘҢГІЛІК ЕЛ БОЛУДЫҢ ЖОЛЫН КӨРСЕТКЕН ЕЛБАСЫМЫЗ ОСЫНДАЙ КЕМЕҢГЕРЛІК ТАНЫТЫП, КЕШЕНДІ БАСТАМА КӨТЕРДІ. ОЛ – 2025 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНА ДЕЙІН ТОЛЫҒЫМЕН ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ МӘСЕЛЕСІ.

Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру керектігін айтып, атқарылатын нақты шараларды көрсетіп берді. «Біз осынау ауқымды жұмысты бастауға қажетті дайындық жұмыстарына қазірден кірісеміз. Үкімет қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің нақты кестесін жасауы керек», – деген тапсырмасын халық бірден қолдады.

Түрі басқа болғанымен тілегі бір, жүзі басқа болғанымен жүрегі бір көпұлтты Қазақстан халқы үшін латын әліпбиінің маңызы зор. Бұл жайында Елбасымыз 2007 жылғы Жолдауында айтқан болатын. «Бұл ой еліміз тәуелсіз болғаннан кейін мені жиі мазалады. Бірақ біз көпұлтты халықпыз. Әр ұлттың ой-пікірі бар. Қазіргі кириллица арқылы қазақтардың да, қазақстандықтардың да бірнеше буыны тәрбиеленіп, білім алды. Өмірді танидық, дүниені көрдік», – деп әр бастамаға байыппен қарауға міндеттеген еді. Шын мәнінде уақыт бір орнында тұрмайды. Ұрпақ ауысып, қоғам жаңаратыны заңдылық. Біздің балаларымыздың төрткүл дүниенің төріне ағылшын тілі мен жаңа технология арқылы енетінін ескерсек, оны игеруде латын әліпбиінің рөлі зор. Интернет тілі де латын әріптеріне жақын. Қазақ тілінің де өрісін кеңейтеді деп ойлаймын. Сонымен бірге тіл тазалығы, қазақ тілінің табиғи тазалығы сақталады. Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақтылап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде сөздер қолданысындағы артық кірме сөздерден арыламыз. Мемлекеттік тілімізді өзге ұлттар әлі де толық игере алмай отырғаны жасырын емес. Латын әліпбиіне көшу өзге ұлт өкілдеріне де қазақ тілін жедел игеруге жол ашады. Сонымен қатар, түбі бір түркі әлемі латынды қолданады. Түркі әлемінің рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынаста болуына ықпалы тимек. Алғашқы кезде латын әліпбиі де, кирилл әріптері де қатар жүрмек. Латын әліпбиін бірден емес, қадамдай отырып енгізу жолы қарастырылуы да көпшіліктен қолдау тапты.

Біздің жастар үшін латын әліпбиін үйрену ешқандай қиындық туғызбайды деп ойлаймын. Қазір мектептерде ағылшын тілін үйрету қарқынды қолға алынуда. Ағылшын тілін игерген балаға латын әліпбиін игеру оңайға соғады. Сөзімізге дәлел ретінде мына жайларды баса айта кетуді жөн санаймын. Алматы қаласында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің философия және саясаттану факультетінде саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының ұйымдастырумен 27 қазанда ҚР Президенті Жарлығымен бекітілген латын әліпбиінде диктант жазу шарасы өтті. Диктант жазуға саясаттану мамандығында білім алып жатқан 1-4-курс студенттері мен магистранттар қатысты. 55-ке жуық студент «Қайрат, Құлагер» деген тақырыпта диктант жазды. Оған тек қазақ тілді студенттер ғана емес, шетелден келген студенттер де қатысты. Жалпы 165 сөзден тұратын диктантты студенттер 50 минут шамасында жазып шықты.

Жұмыстарды тексеру қорытындысы:

– Көбінесе «ш», «ж» әріптерін жазуда 65%-ға жуық студент қате жіберді

– «ү», «ұ» әріптерінен 70 %-ға жуық студент қателесті.

– «к», «қ», «х», «ө» әріптерін жазуда қателескен 80 %-ға жуық студент болды.

– Апострофтан 40 %-ға жуық студент қателесті.

Студенттер арасында диктантты қатесіз жазған студенттер де жетерлік. Олардың денін саясаттану және әлеуметтану мамандығының I курс студенттері құрайды. Келтірілген фактілерді зерделей келе алда атқарылатын қыруар жұмыстар тұрғанын байқау қиын емес. Алдымен жаңа әліпбиімізді бір ізге түсіріп, жүйелеп алу керек. Сосын сансыз апострофтарды ықшамдау мәселесі де күн тәртібінде тұр. Тек, Елбасымыз ескерткендей, бұл маңызды істе асығыстыққа бой алдырмау керек.

Латын әліпбиіне көшу жай әліпбиді ауыстыра салумен шектелмейді. Оның еліктеуден емес, қажеттіліктен туындап отырғанын баршамыз жете сезінуіміз қажет. Латын әліпбиін сауатты игеріп шығып, өркениетке ілесетін ұрпақ қазіргі таңда мектеп парталарында отыр. Шынында да, латын әліпбиіне көшу қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлкен үлес қосып, жемісі мен жеңісін әкелері сөзсіз. Сондықтан, латын әліпбиіне көшу болашақ үшін маңызды.

Гүлжан АБДІҒАЛИЕВА, профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің философия және саясаттану факультетінің оқытушысы. Жібекжан КЕМЕЛ, магистратура студенті.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Өткен аптада Ақсу ауданы, Жансүгіров кентіндегі жеке кәсіпкер Бидахмет Жаңабайұлы мен Ася Ким аудан аумағындағы аз қамтылған, тұрмысы нашар отбасынан шыққан 100 балаға қайырымдылық көмек көрсетті. Ізгілікті шараға аудан әкімі Әділбек ДАЛБАҒАЕВ арнайы қатысып, балалардың қуанышымен бөлісті.



Шаттық құшағында

Жетісу
Қажет АНДАС

Балаларды аудан орталығындағы «Амина» мейрамханасына жинаған кәсіпкер алдымен оларға мерекелік көңіл-күй сыйлады. Сосын әр балаға дайындаған сый-сияпатын ұсынып, оларға қоғамның қамқорлығын сезіндірді. Соңында балалар өздеріне арнап жайылған дастарқаннан дәм татып, өнерлерін көрсетіп, мәре-сәре болысып, мерекелік шоудың көрігін қыздырды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ауыл күйреп, жұмыссыздық етек алғанда Бидахмет Жаңабайұлы мен Ася Ким Алматы қаласына қоныс аударды. Ел қатарлы жұмыс істеп, бизнестің алғашқы баспалдағынан өтті. Уақыт өте келе нарық жағдайына да үйренді. Сол тұста ауылға ат басын бұрып, ағайындарға үлгі болуды ойлады. Сөйтіп, 2009 жылы Жансүгіров кентінен «Амина» атты шағын азық-түлік дүкені мен 15 адамға арналған тамақтану орнын ашты. Келесі жылы 50 адамға арналған кафенің жұмысын жандандырды. Ал 2011 жылы 300 орынға лайықталған «Амина» атты мейрамхана ашып, жұмыс ауқымын кеңейтті. Қазірдің өзінде Жансүгіров кентінде 300 орынды 3, Сарқан қаласында 350 адамға, Сағабүйен ауылында 250 адамға лайықталған бірнеше мейрамхананы ашып, көпке қызмет етіп келеді. Осы арқылы бүгінде 60-тан астам адамды жұмыспен қамтып отыр. Оларға ай сайын 50 – 250 мың теңге аралығында еңбекақы төлейді. Сонымен қатар, жыл сайын жағдайы нашар отбасылардың балаларына жәрдемдесуді әдетке айналдырды. Ал ауданда өтетін ауызашар, наурызкөже сияқты мәдени шараларға демеушілік танытып, ауданның облыс, республика деңгейінде өтетін шараларында қызмет көрсетіп келеді.

Жаңа жыл мерекесіне қарай Жансүгіров кентінен бастау алған қайырымдылық іс келесі жылы Сарқан ауданында жалғаспақ. Олар мұндай көмекті үрдіске айналдыруға ниет етіп отыр.

Ақсу ауданы.

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№9 (18429)
Сейсенбі, 23 қаңтар, 2018 жыл.

● ЖОЛДАУ – ӨРЛЕУ ӨЗЕГІ



БІЛЕК СЫБАНСА, БІТПЕЙТІН ІС ЖОҚ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың биылғы Жолдауын аудан тұрғындары арасында насихаттау, түсіндіру мақсатында облыстық ақпараттық топ мүшелері Үштөбе қаласына арнайы келіп, аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында кездесу өткізді. Алқалы жиынға аудандық мәслихат депутаттары, қала, ауыл әкімдері, аудандық құқық қорғау органдарының қызметкерлері, кәсіпкерлер, шаруа қожалықтарының, аудандық мекеме, бөлімдердің басшылары, қоғамдық бірлестіктердің, этномәдени орталықтардың мүшелері қатысты.

Кіріспе сөзінде аудан әкімі Рауан Рақымбеков жұртшылыққа жиын мақсатын таныстырып, Жолдау аясында өңірде бірқатар істердің қолға алынғанын тілге тиек етті.

– Жолдауда көрсетілген 10 мақсатты жүзеге асыруға бағытталған жұмыстарымызды айқындап, тиісті атқарушы органдарға нақты тапсырмалар жүктелді, – деген Рауан Тұрданғазыұлы облыстық ақпараттық топ мүшелеріне сөз тізгінін берді.

Облыстық мәслихат хатшысы, үгіт-насихат тобының жетекшісі Сұлтан Дүйсенбінов өз сөзінде «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауда белгіленген 10 бағытты жіліктеп, байыбына терең бойлай, тарқатып айтып берді. Ол өткен жылы «Астана ЭКСПО – 2017» көрмесін өткізудің елімізге зор бедел әкеліп, ұлтаралық татулық пен ауызбіршіліктің арқасында еліміз дамудың даңғыл жолына түскенін әңгіме өзегіне айналдырды. Президент Жолдауында айтылған тапсырмаларды іске асыруда облыс көлемінде іргелі істер атқарылып жатқандығын тілге тиек етті. Мәселен, Панфилов ауданында «Құрғақ порт», Талдықорған – Өскемен магистральді тас жолын төсеу секілді ірі жобалардың іске асырылып жатқанын мәлімдеді. Облыстық мәслихат хатшысының айтуынша, кеден операциясын бақылау үшін цифрлы жаңа технологиялар енгізу облыс көлемінде тұрмыстық қалдықтарды өңдейтін зауыт құрылысын салуға инвесторлар тарту секілді істер жалғасын таппақ.

Облыстық «Жетісу» газетінің бас редакторы Әміре Әрін әуелі Елбасының Америка Құрама Штаттарына барған сапарында президент Дональд Трамппен кездесуі ел мәртебесін асқақтата түскенін, оны халықтың жетістігі, бақыты деп ұғыну керектігін алға тартты.

– Ұлы-түркілердің әлемге өркениет жайғанын жұртшылықтың бәрі біледі. Білмей жатқан біз ғана. Міне, сондықтан Нұрсұлтан Әбішұлы «Рухани жаңғыру» деген ғажайып үлкен стратегиялық бағдарламаны бастады. Мына Жолдауыңыз да сол жаңғырудың, бағдарламасының жалғасы, ағайындар!, – деген Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері жаңғырудың үш тұғыры бар екеніне айрықша тоқталды. Ол озық технология мен инфрақұрылым, конституциялық реформа және ең бастысы – сананы жаңғырту. Сондай-ақ, ол Жолдауда айтылған «Ақылды қала», «Ақылды технологияларды» іске асыру үшін ең әуелі ақылды әкім, ақылды басшы болуы керек, санасы ұлттық рәуіште жаңғырмаған басшыдан жібі түзу жетекшінің шығуы неғайбыл екенін айтты.

Жарыссөзге шыққан «Бастау» газетінің редакторы, аудандық қоғамдық келісім кеңесінің төрайымы С. Дәркембаева Елбасы Жолдауы өмірмен өзектес, қоғам тамырын тап басқан маңызды құжат екенін айтса, № 51 орта мектебінің ағылшын тілі пәні мұғалімі Ю. Федотова-Калошина латын әліпбиіне көшу тұрғысындағы пікірін білдірді.

Жиынды қорытындылаған аудан басшысы Рауан Рақымбеков киелі Қаратал өңірінде Елбасы Жолдауында айтылған барлық бағыт бойынша жүйелі жұмыстардың жалғасын таба беретінін жеткізді.

Асхат ӨМІРБАЕВ
Қаратал ауданы

ЖЕТІСУ-ақпарат

Ұлттық нақыш

«Адили Текстиль» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ұлттық киімге табиғи маталардан түрлі ою-өрнек салып, аксессуарлар басып шығаруға негізделген инновациялық өндірісті алғаш енгізген компания. Саудада өз бизнесін дамыту үшін талмай еңбектеніп, нәтижесінде өздерінің әрлеу өнімдерін іске қосты.

Әсел Әділ өз саласы бойынша әлемде болып жатқан түрлі жаңалықтарды назардан тыс қалдырмай, мұқият қадағалап отырады. Аталмыш серіктестік мемлекеттік қолдаудың арқасында өрнектерді жоғары сапада басып шығаруға дағдылануда. Бұл кәсіп әйелдердің еңбексүйгіштігінің нәтижесінде іске асырылуда. Ұлттық жобаның жандануына апалы-сіңлілі Әсел мен Индира көп еңбек сіңірді. 2010 – 2015 жылдар аралығында мамандандырылған дүкендермен серіктестік түрінде сатылым желісі құрылды және онлайн дүкен іске қосылды. Бүгінгі күнге серіктестік желісі Алматы, Астана, Ақтау, Атырау, Қостанай қалаларында ашылған.

– Мен сіңліммен кәсібімді алғаш бастағанда алдымен өз мүмкіндіктерімізге ерекше көңіл бөлдік. Жобаны әзірлегеннен кейін несие алу және ай сайынғы төлемдерді жүзеге асыру үшін жеткілікті кепілдік қажеттігі анықталды. Содан кейін мемлекет көмекке келді. Сөйтіп, мемлекеттік қолдаудың арқасында демеуқаржыға қол жеткізіп, «Даму» қорының кепілдігі мақұлданды. Біздің ұлттық жобамызға сенген «Даму» қоры мен Сбербанкке деген алғысымыз шексіз, – дейді Әсел Әділ.

Несие қаражатына «Адили Текстиль» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі суретшілер қиялын айқын көрсететін соңғы үлгідегі техника мен барлық қажетті шикізатты сатып алды.

Компания «Ресей Сбербанк» АҚ ЕБ «Бизнестің жол картасы –2020» бағдарламасы бойынша жылдық 16 пайызбен мемлекеттік қолдау алды, оның 10 пайызы «Даму» қорымен субсидияланды, 50 пайыз несие сомасына кепілдік мақұлданды.

Терезе шығарады

Жеке кәсіпкер Данияр Тоқтарбаев 2007 жылы пластикалық терезелер шығаратын цехқа көмекші болып жұмысқа орналасты. Бір жылдан соң шебер жетекші болды. Цехта еңбек ете жүріп кәсіпкерлікке деген құлшынысы оянып, аталған жұмыстарды терең меңгерді. Сөйтіп, бұл жұмысты жасауға өзінің де мүмкіндігінің жететінін түсінді.

Болашақ кәсіпкер ойындағысын іске асыру үшін шағын қаражат жинап, жеке кәсіпкер ретінде тіркелді. Сөйтіп, өз үйінде пластикалық терезелер шығаратын өндірісті іске қосты. Бүгінгі таңда Данияр дың тұрақты тұтынушылары бар. Жұмыс көлемінің өсуіне байланысты кәсіпкер серіктестік те ашты және мемлекеттік тапсырыстарды да орындайды.

– Терезе жасауға сапалы шикізат қажет. Бұл біздің кәсібіміздің өрге басуы үшін өте маңызды. Мемлекеттік қолдаудың арқасында сапасы жоғары бұйымдар қолданамыз. Сондықтан, біз кез келген тапсырысты орындауға дайынбыз. Осындай жұмыстардың жүзеге асырылуына қол ұшын беріп, көмек көрсетіп отырған Халық банк пен «Даму» қорына алғысымыз шексіз, – дейді Данияр.

Жеке кәсіпкер «Қазақстан Халық банк» АҚ-дан айналым қаражатын толықтыру үшін жылдық 6 пайызбен қаржыландыру алды. Кепілдік қамтамасыз етілмегендіктен «Даму» қорының 4 027 000 теңге көлеміндегі кепілдігі мақұлданды. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасы бойынша қаржыландыруда салалық шектеулер жоқ.

Несиенің ең жоғары сомасы 18 миллион теңге, ауылшаруашылығы үшін мерзімі 7 жыл, қалған салаларға 5 жылға дейін. «Даму» қорында егжей-тегжейлі кеңестер беріледі және екінші деңгейлі банктер шешім қабылдағанға дейін жобаларын сүйемелдеу бойынша қызметтер тегін көрсетіледі.

Табиғи таза өнім

«Овощеград» ЖШС 2015 жылдың тамыз айынан бастап ауылшаруашылығы жануарлары мен құстарға арнап майбұршақ өндірумен айналысып келеді. Дайын өнімге сұраныс танытушылар жыл сайын артып келеді. Себебі, өнім сапасына ерекше мән берілген.

Мәселен, былтыр Жамбыл, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан облыстарынан мол тапсырыс түсті. Қазіргі уақытта серіктестіктің өз базасы және қоймасы бар. Өнім өңдейтін украиналық жабдықтар да сақадай сай жұмыс атқарып тұр.

– Майбұршақ табиғи жемдік қоспа. Сол себепті ол жоғары қоректік құндылығымен ерекшеленеді. Дайын өнімді көптеген құс фабрикалары алады. Сырттан да сатып алушылар бар. Оның ең жоғарғы сақтау мерзімі бір жыл. Ылғалдылығы он үш пайыздан аспауы тиіс. Бұлай болмаса тұқымдар тез бұзылады. Біз ауылшаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және сақтау бойынша өтетін іс-шаралардан да қалған емеспіз. Соңғы он жылда өндірісіміз үш есеге өсті. Өнім көлемін арттыруға ерекше мән берудеміз. Тұтынушылар да көбеюде. Демек, айналым қаражатын толықтыру қажет, – дейді аталмыш компания басшысы Алексей Қуанғалиев.

Нәтижесінде компания «БанкЦентрКредит» АҚ-дан айналым қаражатын толықтыру үшін қаржыландыруға ие болды. Одан бөлек «Даму» қорының отыз миллион теңгені құрайтын кепілдігі мақұлданды. Ендігі кезекте, серіктестік тұтынушыларды Өзбекстан, Тәжікстан, Ирак, Иран, Ауғанстан сияқты шетелдерден іздемек.

● ТУҒАН ЖЕРГЕ ТУ ТІККЕН

ЖАС ОТБАСЫЛАР үйлі болды

Кейінгі жылдары Алакөл ауданында туризмнің өркендеуімен қатар тұрғындарды баспанамен қамту мәселесі қолға алынып, байыпты шешілуде. Нақты айтатын болсақ, өткен жылы аудан бойынша 8,9 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Жуырда аудан орталығы Үшарал қаласында жас отбасыларға 50 пәтерлі жалгерлік үйдің кілті табысталып, жастардың туған жерін түлетудегі жігеріне серпін берді.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Жаңа қоныстың салтанатты ашылуына жиналған көпшілік пен нысанды салған құрылысшыларды аудан әкімінің орынбасары Айдын Чалкенов құттықтады. Сондай-ақ, аудандық гуманитарлық-техникалық колледжінің кезінде қараусыз қалып, тозығы жеткен жатақханасын жекеменшігіне алып, қайта жаңғыртып, ел игілігіне тапсырған «Диқаншы» шаруа қожалығының басшысы, кәсіпкер Ерлан Артықбаевтың игі ісіне ризашылығын білдірді. Өз кезегінде Ерлан Артықбаев атқарылған жұмыстармен қатар алдағы уақыттағы жоспарымен де бөлісті. Оның айтуынша, келешекте аталған тұрғын үйдің қасынан балаларға арналған ойын алаңы, тұрғындардың бос уақытта бой жазатын демалыс аймағы, тағы да басқа халыққа қызмет көрсететін нысандар салынып, жаңа жайлы сәулетті кешен қалыптасатын болады. Ал облыстық ардагерлер кеңесінің мүшесі, аудан ақсақалы Тезекбай Садиев көпшілікке бата беріп, жаңа нысанның жайлы қоныс-қа айналатынына сенім білдірді.


Осыдан кейін нысанның лентасы қиылып, көпшілік жаңа үйлерді аралап көріп, оның сапалы әрі тұрмысқа ыңғайлы жасалғанына куә болды. Мұндай қуаныш Алакөл ауданында жиі болып тұрады. Жақын арада Үшарал қаласының солтүстік-шығыс жағынан Асхат Слямов басшылық ететін «Бағалы Алакөл» ЖШС 20 пәтерлі коммуналдық тұрғын үйдің құрылысын аяқтамақ. Ол биылғы жылы тапсырылады деп күтілуде.

Тағы бір айта кетерлігі, Алакөл ауданында жаңадан бой көтеріп, күрделі, ағымдағы жөндеуден өткізіліп жатқан көпқабатты тұрғын үй, дәрігерлік амбулатория, демалыс базалары, тағы да басқа өнеркәсіптік нысандарының сапасы халықаралық стандартқа сәйкес келсе, оған қолданылған материалдардың 85%-ы жергілікті өндірістің еншісінде. Бұл материалдардың сапасы жақсы, экологиялық жағынан зиянсыз, бағасы қолжетімді болғандықтан баспана құны да тұрғындарға лайықты бағада беріледі. Алакөлдіктер осылайша Елбасының қазақстандықтарды баспанамен қамтуға бағытталған тапсырмасын өз деңгейінде атқаруда.

Алакөл ауданы

● МАЛ ҚЫСТАТУ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында ауылшаруашылығын уақыт талабына сай өркендету, одан алынатын өнім сапасын жақсарту, мүмкіндігінше экспортқа шығару туралы нақты тапсырма берді. Бұл төрт түлік мал өсіріп, егін егіп отырған құрылымдардың бәріне үлкен міндет жүктейді.



Шаруа қожалығының бас малшысы Жексенбай Бижанов көмекші ұлы Айбек Нүкетаймен бірге.

ШАРУАСЫ МЫҒЫМ ҚОЖАЛЫҚ

Райымбек ауданындағы Кеген ауылдық округіне қарасты «Кең дала» шаруа қожалығы Елбасымыз айтқан бағытта нәтижелі жұмыстар жүргізіп келеді. Осы ретте, Ержан Сағымбеков басшылық жасайтын қожалықтың «Сарытау» деп аталатын қыстауында болып, іргелі шаруашылықтың мал қыстату науқанымен таныстық.

Құрылғанына биыл 5 жылға аяқ басқан қожалықтың жағдайы жақсы. Ең бастысы, олар асыл тұқымды етті әрі сүтті «Семинтал» сиырларын өсіріп отыр. Сүйекті, тұрқы биік сиырлар таулы өңір табиғатына да тез үйренген. Бүгінде оның алды бұзаулай бастаған. Шамалы күндерден кейін кең қораның іші Зеңгібаба түлігі төліне тола түспек.

– Ет пен сүт өндіруде тәп-тәуір жетістікке қол жеткіздік. Алдағы уақытта оны одан әрі жетілдіре түспекпіз. Сонымен бірге, биыл сиыр сауатын қондырғылар орнатсақ деген ниеттеміз. Оның алғышарттары жасалуда, – дейді Ержан Сағымбеков.

Бүгінде қожалықта 150 бас асыл тұқымды сиыр өсірілуде. Сонымен қатар, ірі қараның жергілікті тұқымы да бар. Бұдан бөлек, қыстауда 800 бас асыл тұқымды арқар-меринос қойы қыстатылуда. Оның да күйі жақсы. Мұнда мал азығының сенімді қоры жасалған. Бір уақыт жем де жейді. Қожалықтың өрісіне сән берген екі үйір жылқысының да барын айта кеткен жөн. Уақытқа бейімделген, көктем мен жазғы маусымдық жұмыстарға алдын ала дайындық жасап қоятын қожалықтың 4 тракторы мен 4 «КамАЗ» маркалы жүк көлігі, мал азығын дайындауға қатысты ауылшаруашылық техникалары бар.

Шаруасы мығым, жағдайы жақсы шаруа қожалығы биылғы мал қыстатуды сәтімен жалғастыруда. Бас малшы Жексенбай Бижанов та өз жұмысын жақсы біледі. Кішкентай кезінен малды ауылда өскен жігіт ағасы малдың жайы-күйін алақанға салғандай айтып тұр. Жиырмадан асқан Айбектей ұлы жастыққа тән жалынмен қауырт жұмысқа қол ұшын беріп, қай іске де белсене араласады. Жаңұялы жандардың қарамағындағы асыл тұқымды мал шетінен қоңды.

Қанат БІРЖАНСАЛ
Райымбек ауданы

Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz E-mail: Jetisu2002@mail.ru

АЛАҢ

“Жетісудың” спорт алаңы

КҮРЕС



АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНДА ТОП ЖАРДЫ

Қырғызстанда күрестің үш түрінен грек-рим, еркін және әйелдер күресінен Азия чемпионаты басталды. Байрақты бәсекені грек-рим шеберлері бастады. Алғашқы күні үш балуанымыз ұтылғанымен, қалған спортшылар бақ пен бап сыналар шақта аянып қалмады.

Ришад ТҰРҒАНБАЕВ, “Жетісу”

Атап айтсақ, татами төрінде қарсыластарын қоғадай жапырған апайтөс балуандарымыз Алмат Кебіспаев (67 келі) пен Асхат Ділмұханбетов (82 келі) алтыннан алқа тақты. Алмат ақтық сында жапон спортшысымен кездесті. Құлжаның сақасындай кесек бітімді балуанымыз бірден басымдылық танытып, қарсыласын бозкілемде арылы-берілі аунатып бес ұпай алса, жапон ұланы тек бір ғана ұпаймен шектелді. Ал, Асхат Ділмұхамбетов қырғыз балуанымен белдесті. Алғашқы ұпайды қырғыз спортшысы алғанымен отандасымыз намысты қолдан бермеді. Әбжіл әдіс-тәсілдерінің арқасында қарсыласын қапы қалдырып ел абыройын асқақтатты. Қорытынды есеп 5:2. Дүбірлі доданың ақтық сынына Демеу Жадыраев та (72 келі) шыққан еді. Оның жолы жергілікті балуан Ақжол Махмұтовпен түйісті. Демеу кездесуді бастай салысымен-ақ әдемі айлатәсілдер жасап, төрт ұпай алды. Бірақ қарсылас та оңай шағылатын жаңғақ емес екендігін көрсетіп, соңғы сәтте жеңісті жұлып алды. Сөйтіп, Демеу Жадыраев күміс жүлдеге қол жеткізді. Қазақтың қайсар жігіттері мұнымен шектеліп қалған жоқ. Қорлан Жақанша (55 келі), Мейрамбек Айнағұлов (63 келі), Мақсат Ережепов (77 келі), Ерұлан Ысқақов (97 келі салмақта) қола жүлдені қанжығасына байлады.

Әйелдер құрамы да бозкілемде барын салып өнер көрсетті. Бұл сында ел намысын арқалаған Эльмира Сыздықова мен Ирина Казюлина қола жүлдені еншіледі.

Сонымен, Қазақстан құрамасы Азия чемпионатынан тоғыз жүлде алды. Екі алтын, бір күміс, алты қола медаль. Спортшыларымыз алдағы күндері де олжа саларынан үміттіміз. Жарыс жолына шығатын сәнлақтарымызға сәттілік серік болғай!

ВОЛЕЙБОЛ

Талдықорғандағы медициналық колледжде «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының құрылуына XIII жыл толуына орай жастар арасында волейболдан «Жасыл ел» кубогы өтті. Сайысқа 9 команда қатысты.

Айдар ҚАЛИЕВ, “Жетісу”



«Жасыл ел» КУБОГЫ

Шара облыстық жастар ресурстық орталығының директоры Бақтияр Жақсыгелдиновтың алғысөзімен бастау алды.

– «Жасыл ел» ауыспалы кубогы жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келеді. Турнирдің мақсаты – салауатты өмір салтын насихаттап, жастарға патриоттық тәрбие беру. Бүгінгі жарыста тек мықтылар жеңіске жетсін, – дей келе спортшыларға сәттілік тілеп, жарысты ашық деп жариялады.

Осыдан кейін жарысқа жиналған командалар дүбірлі доданы бастап кетті. Алғашқы кезеңнен-ақ әуе добының спортшылары бұл сайысқа тыңғылықты дайындықпен келгенін дәлелдеді. Сайыс олимпиадалық жүйе бойынша өрбіді. Яғни, жеңілген команда жарыс жолынан шығып қалады. Сондықтан жеңістің желкенін көтеру үшін командалар барын салып өнер көрсетті. Әсіресе, жартылай финалға шыққан командалар көрермендерге тамаша ойын сыйлады. Бұл сында «БАҚ» пен «Жасыл ел», №25 мектеп пен Көксу ауылшаруашылық колледжінің арасындағы бәсеке тартысқа толы болды. Төрт команда ойыншылары қанша шаршаса да асқан техника мен шеберлік тактикасын ортаға салды. Осылайша үздік ойындарымен жиналған жұрттың таңдайын қақтырды. Әуе добының озық үлгісін көрсете білді. Үшінші орынға таласқан командалар да әдемі ойын өрнегін паш етті.

Жарыс қорытындысы бойынша бас жүлдені Талдықорғандағы № 25 орта мектебінің командасы жеңіп алды. 2-орынды Көксу ауылшаруашылық колледжі иеленсе, «Жасыл ел» құрамасы үздік үштіктің қатарынан көрінді.

ТУРНИР

Ақши ауылында Алакөлдің 90 жылдығы мен Ауған соғысының ардагері, ауыл тұрғыны Оңдабай Ақжоловтың құрметіне мектеп ұжымының ұйымдастыруымен аудандық волейбол жарысы өтті.

АҚШИЛІКТЕР ЖАРАДЫ

Жарысты мектеп директоры Әлия Смағұлова мен ауыл ақсақалы Асет Смағұлов құттықтау сөз сөйлеп ашты. Осыдан кейін аймақтық жарысты «Екпінді», «Қызылащы», «Көлбай», «Үшарал», «Көктұма», «Ақши» командалары қызу екпінмен бастап кетті.Тартысты өткен жарыста әуе доп шебелеріне мектеп ұжымы мен ауыл тұрғындары қолдау көрсетті. Жанкүйерлердің сеніміне селкеу түсірмеген «Ақши» командасы қарсыластарын шаң қаптырып бас жүлдені иеленді. «Ақши» командасының ойыншысы Мұратбек Алипов пен Көктұма ауылының ойыншысы Төлеп Сақаев үздік ойыншы атанды. Бұл біз үшін үлкен мақтаныш. «Ақши» командасының жігіттерін шын жүректен құттықтай отырып, осы жарысқа демеуші болған Ырғайты округінің әкімі Дәренбек Мұқабаевқа, Ақши ауылының ақсақалдар төрағасы Асет Смағұлов атамызға, жеке шараға қожалық иесі Дәулет Ахмадиев пен ауыл азаматы Елтай Абдельдановқа алғысымызды білдіреміз.

Мархабат ҚАРАШБЕКОВА, Сәкен Сейфуллин атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Алакөл ауданы

ФЕСТИВАЛЬ

Ұстаздар ШАҢҒЫ ТЕПТІ

Райымбек ауданындағы Ұлықпан Әбек жетекшілік жасайтын білім қызметкерлері көсіподағы «Қамқор – 2» филиалының ұйымдастыруымен «Денсаулық фестивалі – 2018» аясында ұстаздар арасында шаңғыдан аудандық жарыс өтті.

Аудан мектептерінен келген ер мұғалімдер 3 шақырымға, әйел мұғалімдер 1,5 шақырым қашықтықтағы жарыс жолына түсті. Сарыжаз ауылында сол сәттерде көктен нұрын шашқан күн жылы да жайдары мінез танытып тұрды. Бұл жарысқа қатысушы шаңғышылардың да көңілін өсіргендей болды.

Бірнеше сағатқа созылған жарыстың қорытындысында жас ерекшеліктеріне орай қыздар арасында Ғазиза Нұғыман, ГүлжанЕмбергенова, Баян Қырықбаева, Жұмагүл Насырбаева бірінші орыннан көрінді. Ерлер арасында әртүрлі жас ерекшеліктеріне байланысты Мағжан Раванов, Ерлік Маратов, Берік Зияханов, Айдар Болат мәре сызығын бірінші болып кесіп өтті. Жалпы, эстафеталық жарыста Сарыжаз орта мектебінің командасы бас жүлдеге ие болды. С. Сауранбаев, І. Жұмағұлов атындағы орта мектептердің шаңғышылары екінші және үшінші орындардан көрінді. Сол күнгі жарыс көрігін қыздырып, алғашқы орындардан көрінген Айнұр Игенбай, Айжан Әбілқайыр, Элмира Тұрсынбай, Әлия Нұрышева, Әрсен Молдағалиев, Алмас Рауанов, Асқар Аманқұлов, Қуат Күлиманов секілді шаңғышылардың есімдерін атап өту маңызды. Жарыс жеңімпаздарына білім қызметкерлері көсіподағы «Қамқор – 2» филиалының Мақтау қағаздары мен бағалы сыйлықтары тапсырылды.

Қанат БІРЖАНСАЛ
Райымбек ауданы

ҚЫСҚА ХАБАР

Еркін күрес

Қарағанды қаласында өткен 23 жасқа дейінгі Қазақстан Республикасының чемпионаты аяқталды. Жарыста мектебіміздің мынандай спортшылары жүлделі орындарға ие болды:
Жұмай Ильяс, 70 келі, 2-орын,
Тынышбеков Дәурен, 57 келі, 3-орын.

Іріктеу өтті

Ақмола облысы Щучинск қаласында Джиу-джитсудан жастар арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты аяқталды. Аталған жарысқа 500-ге жуық спортшы қатысып, жарыс қорытындысы бойынша Сұраубекова Маржан, 49 келі, 1-орын,
Вали Шалим, 69 келі, 2-орынға ие болды.
Бұл жарыс алдағы БАӘ Әбу-Даби қаласында өтетін Әлем чемпионатына іріктеу болатын.

Оқу-жаттығу

Тараз қаласында Алматы облысының Еркін күрес құрама командасының спортшылары АЗИЯ чемпионатының алдындағы оқу-жаттығу жиынын өткізуде.
26 ақпан – 04 наурыз аралығында Қырғызстан мемлекеті, Бішкек қаласында өтетін АЗИЯ чемпионатына қарқынды дайындалуда. Аталған жарыста күрестің үш түрінен белдеседі. Грек-рим, еркін және әйелдер күресінен спортшыларымыз бақтарын сынамақ. Олар:
Әйелдер күресінен – Қасымова Аяулым, 63 келі, Бақбергенова Жәмила, 72 келі,
Грек-рим күресінен – Жадыраев Демеу, 72 келі, Ділмұхамбетов Асхат 82 келіде.
Спортшыларымызға сәттілік тілейміз!

Қол күресі

Қол күресінен Павлодар қаласында ҚР чемпионаты өз мәресіне жетті. Жарыста жоғары спорт шеберлігінің спортшылары өнер көрсетіп, бір алтын, төрт күміс, бір қола медальді еншілеп қайтты. Нақтырақ айтқанда С. Михайловтың шәкірттері Ольга Тимукина 70 келі, 1-орын, Александр Гетало 100 келі, 2-орын, Максим Пурахин 110 кг, 2-орын, Андрей Шапавалов +110 кг, 2-орын, Виталий Алиферов 70 келі, 3-орынмен оралды.

ОТАН ҚОРҒАУ

Жуырда Талдықорған қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқармасы әскер қатарына шақырылатын жастармен және олардың ата-аналарымен кездесіп, оларға әскери қызмет мәртебесін түсіндірді. Шараға Талдықорған қаласы әкімдігінің бас инспекторы Еркін Қиялбеков қатысты.

Қажет АНДАС, “Жетісу”



ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ БАСТАЛДЫ

Кездесуді Талдықорған қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқарманың бастығы, полковник Ерен Мейрамбеков жүргізіп, кездесудің мәні мен маңызын тілге тиек етті:

– Жастарды әскер қатарына шақыру «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңға және Мемлекет басшысы, Жоғарғы Бас қолбасшының әскери қызметке кезекті шақыру туралы Жарлығына сәйкес жүргізіледі. Қазақстан Қарулы күштерінің және басқа әскери құрылымдардың әскери бөлімдері мен мекемелерін жас сарбаздармен толықтыру мақсатымен медициналық комиссиялар жұмысқа кірісті. Шақыру комиссиясы іріктеу жұмысын аяқтағаннан кейін 17 – 27 жас аралығындағы жастар Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Мемлекеттік күзет қызметіне мерзімді әскери қызметке шақырылатын болады, – деді ол.

Қазақстан Қарулы күштеріне әскери қызметке шақырылуға жататын барлық азамат шақыру қағазында көрсетілген құжаттармен жергілікті әскери басқару органдарына барады. Одан кейін міндетті түрде медициналық тексеруден өтеді. Медициналық куәландыру нәтижелері бойынша әскери-дәрігерлік комиссия әрбір болашақ сарбаздың әскерге бару, бармауы туралы шешім шығарады. Алайда, отбасы, білім алу, денсаулық жағдайына байланысты әскерге шақыруды уақытша кейінге қалдыруға болады. Бірақ, түрлі сылтаумен әскерге шақыру ісіне кедергі жасаған азаматтарға айыппұл салынады. Тіпті, қылмыстық жауапкершілікке тартылуы да мүмкін. Бұл туралы туындаған сұрақтарға Талдықорған қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқарманың мамандары жан-жақты жауап қайтарды. Өз кезегінде жастар мен олардың ата-аналары да көңілінде жүрген сұрақтарын қойып, тұшымды жауап алды.

Алакөл ауданының құрылғанына 90 жыл, көрнекті ақын Сәкен Иманасовтың туғанына 80 жыл толуына арналған республикалық жазба ақындар байқауының ЕРЕЖЕСІ

Алматы облысы Алакөл ауданының әкімдігі ауданның құрылғанына 90 жыл, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, көрнекті ақын Сәкен Иманасовтың туғанына 80 жыл толуына байланысты «Ақтаңгер ақын» атты республикалық жыр мүшәйрасын жариялайды.

Мүшәйраның мақсаты:

● Жер жаннаты Жетісудың тамаша өлкесі Алакөлдің тарихи және табиғи келбетін өлеңжырға өзек ету, Қабанбай батыр сияқты біртуар тұлғалар дүниеге келген өңірді поэзия тілімен насихаттау, сол арқылы жас ұрпақты елін, жерін сүюге тәрбиелеу;

● Қазақ поэзиясының дамуына зор үлес қосқан аса көрнекті ақын С. Иманасовтың жауһар жырларын ұрпаққа өнеге ету, мол мұрасы арқылы жастарды өнерге тәрбиелеу, өлең құдіреті арқылы ақынның портретін сомдау.

Мүшәйраның тақырыптары:

● Алакөл ауданының құрылғанына 90 жыл толуына арналған өлең;

● «Ақтаңгер ақын» тақырыбына С. Иманасовқа арнау өлең;

● Еркін тақырыптағы өлең.

Байқау шарттары:

– Ақындардың жасына шек қойылмайды;

– Өлеңдер көлемі 15 шумақтан аспауы қажет;

– Ақын өзі туралы мәліметті (туған жылы, қызметі немесе оқу орны, мекенжайы, байланыс телефоны және жеке суретін) ұсынады;

– Ұсынылатын өлеңдер бұрын жарияланбаған болуы керек.

Байқауды өткізу тәртібі:

– Өлеңдер 2018 жылғы 1 шілдеге дейін электронды пошта арқылы қабылданып, әділқазылар алқасының сараптауынан өтеді.

– Байқау ашық түрде қазылар алқасының сараптауынан өтеді;

– Мүшәйраға түскен өлеңдер кітапқа енгізіледі.

Жеңімпаздарды марапаттау:

Байқау жеңімпаздары қаржылай сыйлықтармен марапатталады.

Жүлдегерлердің пойызбен жол шығындары, жатын орны ұйымдастырушы жақтан төленеді.

Жеңімпаздарға жүлделер 2018 жылғы қыркүйек айында Алакөл ауданының 90 жылдық мерейтойында және Сәкен Иманасовтың туғанына 80 жыл толуына байланысты өткізілетін бөлек шарада тапсырылады. Мерейтойлар Үшарал қаласында өткізіледі.

Жүлдегерлер деп танылған 1, 2, 3 орын иегерлері Алакөл ауданының 90 жылдық мерейтойына шақырылып, салтанатты іс-шарада марапатталады.

Өлеңдерді мына адреске жолдау қажет:
Мекенжайымыз: «Алакөл аудандық мәдениет бөлімі» ММ. Алматы облысы, Алакөл ауданы, Үшарал қ., Қонаев көшесі, 76,
Аудандық З. Қойшыбаева атындағы Мәдениет үйінің ғимараты **Байланыс тел: жұмыс:** 87283323625, 87283321096,Ұялы: 87025838738, факс 87283324193; **Электронды пошта:** Alakol-kultura@mail.ru

САБАНТОЙ

Талдықорған қаласындағы Достық үйінде облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы, «Достық үйі – Қоғамдық келісім орталығы», облыстық «Туған тель» татар этномәдени орталығының ұйымдастыруымен «Татар тағамдары күні» атты мерекелік шара өтті.

БЕРЕКЕМІЗ ЖАРАСҚАН

Салтанатты жиынға облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері, облыстық этномәдени бірлестіктердің өкілдері мен қала тұрғындары қатысты.

Жыл сайын татар мәдениетінің күндерін өткізу дәстүрге айналған. Этномәдени бірлестік пен орталықтардың шығармашылық ұжымдары бірлесе өткізетін «Сабантой» мерекесін ерекше атап өтуге болады. Солардың бірі аспаздық шеберлікке арналған байқаулар мен мерекелік концертпен жалғасатын татар халқының ұлттық тағамдар күні.

Жиында көркемсурет, қолөнер көрмесі назарға ұсынылып, аспаздардың қолынан шыққан дәмді тағамдар тіл үйірді. Концерттік бағдарлама арқылы ән айтылып, би биленді. Шара барысында аспаздық шеберлікке қатысты ойындар ойнатылып, соңынан облыстық «Туған тель» татар этномәдени орталығының белсенділері марапатталды.

Гүлсұңқар ДӘУЛЕТХАН

РУХАНИЯТ

ТӘРБИЕ КӨЗІ

Адам баласының құнды қасиеттерге ие болуына, рухани кемелденуіне өмірден көрген өнегесі көп ықпал етеді. Қазақ халқы: «Әдепсіз өскен баладан, тәртіппен өскен тал артық» деп бекер айтпаған. Сондықтан қашанда жас ұрпақты тәрбиелеуде отбасы мен ұстаздар шешуші рөл атқарады.

Адамның қоғамдық өмірдегі өз орнын анықтауы, еңбекке құлшынысы, оқуға қатынасы, іс-әрекеті, осының бәрі адамгершілік қасиеттерінің қаншалықты дұрыс қалыптасуына байланысты. Адам барлық іс-әрекетінде изгі қасиеттерін көрсете білуі тиіс. Адамгершілік тәрбиесі мектептегі оқу-тәрбие жұмысы арқылы қалыптасады. Бұл күрделі жұмысқа барлық пәндер үлес қосады. Дана ғалым әл-Фараби: «Тәрбиесіз берілген білім-ұрпаққа қауіпті» деген екен. Мен үнемі сабағымды бастамас бұрын оқушыларға тәрбие жөнінде айтып отырамын. «Тәртіпке бағынған ел құл болмайды» дегендей, білімнің басында тәртіп тұрады. Біз жас буынның бойына ізгі қасиеттерді сіңіре білсек, болашақтың берік іргетасын қалаймыз. Адам бойында жақсы қасиеттердің болуы белгілі бір дәрежеде өскен ортасына байланысты. Балаға оң бағыт беріп, теріс жерін дереу жөндеп, демеп жіберу ата-ана мен ұстазға жүктелер міндет. Қай заман, қай қоғамда болмасын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән беріп келген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен жастарға оқу-білім беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Сондықтан да Елбасымыз XXI ғасырды білім ғасыры деп атап отыр. Тәрбиенің мақсаты – пәнді керемет меңгерген оқушы тәрбиелеу емес, ең бастысы – адамды тәрбиелеу. Соны ұмытпағанымыз абзал.

Тұрсынай БАЙМЕТЕНОВА, Т. Тоқтаров атындағы орта мектептің мұғалімі Сағабүйен ауылы

Алматы облысы прокуратурасы бос лауазымдарға конкурс жариялайды:

Алматы облысының прокуратурасы

1. Панфилов аудандық прокуратурасының прокуроры **С-RGP-5 (1** бос орын)

2. Үйғыр аудандық прокуратурасының прокуроры **С-RGP-5** (1 бос орын)

3. Алакөл аудандық прокуратурасының прокуроры **С-RGP-5** (1 бос орын)

4. Қапшағай қалалық прокуратурасының прокуроры **С-RGP-5** (1 бос орын)

Функционалдық міндеттері: Қазақстан Республикасының Президенті Жарлықтарының және өзге де нормативтік-құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуын, жедел-іздестіру қызметінің, қылмыстық процестің сотқа дейінгі кезеңінің заңдылығына, әкімшілік және орындаушылық іс жүргізудің заңдылығын жоғары қадағалауды жүзеге асырады, заңдылықтың кез келген бұзылуын анықтау мен жою жөнінде шаралар қолданады, сотта мемлекет мүддесін білдіріп жүзеге асырады.

Еңбек ақы төлеу шарты мен көлемі қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгіленеді (айлық жалақысы 76235 теңге).

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – жоғары құқықтану (заңтану); денсаулық жағдайы бойынша құқық қорғау органдарында қызмет өткеруге жарамдылығы; нақты лауазым бойынша функционалдық міндеттерін атқару үшін қажетті міндетті білімінің, икемінің, дағдысының болуы;

Құжаттарды қабылдау мерзімі конкурстың соңғы жарияланғаннан кейін 5 жұмыс күндері ішінде төмендегі мекенжай бойынша жүзеге асырылады: Алматы облысы, Талдықорған қаласы, М.Төлебаев көшесі, №51 үй, 3-қабат, 305-кабинет.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар мынадай құжаттарды тапсырады:

1) белгілі нысанаға сәйкес өтініш;

2) белгілі нысанаға сәйкес сауалнама;

3) белгілі нысанға сәйкес (тұрғылықты тұратын мекенжайы мен телефонын, оның ішінде байланыс телефонын көрсете отырып) толтырылған кадр есебі жөніндегі жеке іспарағы;

4) жақын туыстарын, оның ішінде бұрынғы ерлі-зайыптарын көрсете отырып, белгілі нысанаға сәйкес толтырылған қолмен немесе басылып жазылған толық өмірбаяны;

5) Қазақстан Республикасы азаматының жекебасын куәландыратын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

6) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

7) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

8) әскери билеттің немесе әскерге шақыру учаскесіне тіркелгені туралы куәліктің көшірмесі;

9) 3х4 үлгідегі (2 дана) сурет;

10) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес азаматтың және оның жұбайының (зайыбының) табыстары мен мүліктері туралы декларацияны тұратын жері бойынша мемлекеттік кіріс органына табыс еткенін растайтын құжаттар;

11) конкурсқа қатысу үшін құжаттарды өткізу кезінде жарамды, шекті мәннен төмен емес қолданыстағы заңнаманы білуге арналған компьютерлік тестілеудің нәтижелері;

12) прокуратура органдарында қызмет өткеруге жарамдылығын анықтау үшін әскери-дәрігерлік комиссиялардан медициналық және психофизиологиялық куәландырудан, сондай-ақ, полиграфологиялық зерттеуден өтудің және міндетті арнайы тексеріс қорытындылары;

13) құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі органдарының соттылығы жоқтығы, сот тәртібімен соңғы бір жылдың ішінде қасақана әкімшілік құқықбұзушылық жасағаны, сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтары үшін тәртіптік немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылмағаны туралы анықтама;

14) соңғы жұмыс (оқу) орнынан мінездеме.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне және іскерлік беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми (академиялық) дәрежелер мен атақтардың берілуі, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері) қосымша ақпарат бере алады.

Талдықорған қаласы, М. Төлебаев көшесі, №51үй, 3-қабат, 305-кабинет, анықтама телефондары: 8-(7282)- 24-17-81, 24-81-16.

Алматы облысының әкімдігі және облыстық мәслихат облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Махатұлы Тұрлашовқа ағасы

Мәлібек Махатұлының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Махатұлы Тұрлашовқа ағасы

Мәлібек Махатұлының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Өлке тынысы» ЖШС мен облыстық «Жетісу» газетінің ұжымы осы басылымда еңбек етіп, қолтаңбасы қалған сатирик-жазушы

Үмбетбай Уайдиннің

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

АЛАКӨЛГЕ ЖЕТУ ЖЕҢІЛДЕЙДІ

2014 жылдан бастап облыста туризмді дамытудың шеберлік-жоспары жүзеге асырылып келеді. Онда Балқаш, Алакөл көлдерінің жағалауларында инфрақұрылымды дамыту көзделген. Осы құжат шеңберінде өңірге инвесторларды тартуға және оларға қолайлы жағдай жасауға мүмкіндіктер туды. Осыған орай жуырда облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ «СКАТ» әуекомпаниясы» АҚ-ның өкілдерімен кездесіп, Талдықорған – Үшарал бағытында жаңа рейстер ашудың мүмкіндіктері жайлы әңгіме өрбітті.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

– Облыстың туристік бағыттағы әлеуеті инвесторлардың назарын көптеп аудара бастады. Былтыр облыста жеке инвестициялар есебінен бірнеше туристік нысан қолданысқа берілді. Олардың дені Алакөл көлінің жағалауында салынып, бүгінгі таңда қонақтарға қызмет көрсетуде. Сонымен қатар, жаңа жұмыс орны ашылып, тұрғындардың тұрмыс жағдайының жақсаруына сеп болды, – деді кездесуде өңір басшысы.

Көл бойындағы қызмет көрсету сапасын жоғарылату үшін Алакөл жағалауына қажетті инфрақұрылымды тарту жұмыстары қарқын алып отыр. «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде Ақши ауылында орналасқан демалыс аймақтарына бюджеттен қомақты қаржы бөлініп, электр желілері тартылды. Жергілікті бюджет есебінен демалыс орындарына дейінгі автожолдың құрылысы басталды. Алакөл көлінің жағалауында демалушылар санының жыл сайын өсіп келе жатқанын ескере келе жазғы туристік маусым барысында облыс әкімдігі «Жетіген-Достық-Жетіген» жаңа теміржол қатынасын іске қосты. Сондай-ақ, өткен жылы Үшарал әуежайы қолданысқа берілді.

Кездесу барысында облыс басшысы әуежайдың мүмкіндіктері туралы да айтып берді.

– Әуежайдың ұшу жолағы мен халықаралық талаптарға жауап бере алатын ғимараты ЯК-40, АН-24, Embraer, Bombardier CRJ200 сынды ұшақтар мен тікұшақтардың кез келген түрін қабылдауға қабілетті. Астанадан Үшаралға дейінгі рейс билетінің бағасы 16 мың теңге болса, Талдықорғаннан Алакөлге 8 мың теңге төлеп жарты сағатта жете алады. Әуежайдың пайдалануға берілуі мен облыс орталығы және елордамен тікелей әуе қатынасының жолға қойылуы аймақтың туристік әлеуетіне серпін беріп, қосымша табыс көздерін ашты. Алдағы кезде Жетісу өңірінің басқа да аймақтарындағы туристік мүмкіндіктерді толықтай пайдалану жобаларын жүзеге асырамыз. Өйткені, Үшарал қаласының жаңа әуежайы сағатына 50 адамға қызмет көрсете алады. «Жетісу» әуе компаниясы» АҚ Астана – Үшарал – Астана, Талдықорған – Үшарал – Талдықорған бағыттары бойынша әуе рейстеріне қызмет көрсетеді. Астанаға ұшақ аптасына төрт мәрте қатынаса, Талдықорғанға аптасына үш рет ұшатын болады. Жоғарыда аталған әуе бағыттарын субсидиялауға республикалық және облыстық бюджеттен тиісті қаржы қарастырылған», – деді ол.

Алакөлдің туристік әлеуетін дамыту бағытында атқарылған жұмыстармен толық танысқан «СКАТ» әуекомпаниясы» АҚ президенті Владимир Денисов өзі басшылық етіп отырған компанияның құрылғаннан бүгінге дейінгі басып өткен жолы, әуе компанияның сенімділігі туралы баяндады. «СКАТ» әуе компаниясының көп жыл бойы жақын және алыс шетелдерге ірі әуе тасымалдаушысы екенін жеткізді. Қазіргі таңда аталған компания тұрақты рейстер мен бірінші санатты қызмет көрсету бағыттарын ашу үстінде. Осыған орай, компания маршруттық тораптарды кеңейтуді және Талдықорған қаласына тұрақты бағытты ұсына отырып, Қазақстан халқы үшін қолайлы авиаұшулардың жаңа бағдарламасын жалғастыруға ниеттеніп отырғанын жеткізді.

Екіжақты әңгіме барысында ортақ түсіністік қалыптасты. Сөз кезегінде өңір басшысы тиісті мекеме басшыларына «СКАТ» әуекомпаниясының» ұсынысын зерделеп, нақты қорытынды жасауды тапсырды. Егер іс сәтін салса отандық және шетелдік туристер «СКАТ» әуекомпаниясы» АҚ ұшақтарымен Алакөлге ұшып барады.

Кездесу соңында әуе компаниясының өкілдері облыс басшысына «СКАТ» әуекомпаниясы» АҚ-ның соңғы үлгідегі ұшақтарының моделін естелік ретінде сыйлады.

Тәуелсіздік – біздің мақтанышымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Jetisý

№77
(18641)
Сенбі,
29 маусым,
2019 жыл

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады
www.7-su.kz
Jetisugazeti
Jetisu2002@mail.ru

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМ



"Манас" – мәңгілік мұра

Облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ Қырғыз Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Жээнбек Кулубаевпен кездесті. Онда екі ел арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынасты одан әрі нығайту, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық, туристік салаларды дамыту жөнінде әңгіме өрбіді.

Алдымен Қырғыз Республикасының Елшісіне сөз берілді.

Жээнбек Молдоканұлы: «Облыс орталығы Талдықорған қаласына бірінші келіп отырмын. Қалаларыңыз өсіп, өркендеп, экономикалық жағынан дамып келе жатқан көрікті шаһарлардың біріне айналуда екен. Жақында елдеріңіздің жаңа Президенті сайланды. Құттықтаймыз!. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жұмыс сапарымен Бішкекке келді. Онда Шанхай Ынтымақтастық ұйымының XII саммитіне қатысып, Қырғыз Президентімен кездесіп, қайтты. Қазір қос елдің достық қарым-қатынасы нығайып, саяси, сауда-экономикалық және мәдени жағынан байланыстар өркендеп келеді», – деді.

Бұдан ары қарайғы сөзін Елші: «Алып Алатаудың арғы-бергі бетін ен жайлаған қазақ пен қырғыз ежелден өрісі бір бауырлас халық. Өздеріңіз білесіздер, бүгінде туризмді дамытуға мүмкіндіктер қарастырылуда. Ыстықкөлге Алматы облысынан адам көп келеді. Демалушыларға өз алғысымызды білдіреміз. Қазақстандық туристерге есігіміз әрдайым ашық. Қос елдің табиғаты да бір-біріне ұқсайды. Бұл туризмді, әсіресе ауыл, соның ішінде, мал шаруашылығын дамытуға ерекше септігін тигізуде. Сондықтан, сіздермен бірлесе жұмыс істеп, ынтымақтастығымызды өркендетуге әзірміз», – деп түйіндеді.

Бұдан соң облыс экономикасы таныстырылды.

– Жетісу жеріне қош келдіңіздер! Біз Қытай және Қырғыз елімен көршілес, шегаралас жатқан мемлекетпіз. Қазір екі елмен де қарым-қатынасымыз жақсы өрбуде. Алдағы уақытта сіздердің елге барып, қайту жоспарда бар. Бізде туризм дамып келеді. Жыл сайын Алакөлге келушілердің қатары өсуде. Қазір туристердің алаңсыз демалуына барлық жағдай жасалып жатыр. Осыдан төрт жыл бұрын Алакөлге 146 мың турист келсе, былтыр бұл көрсеткіш 1миллионнан асты. Ресейден де келушілер көп. Енді сіздермен ауылшаруашылығы, құрылыс, сауда, өндіріс саласын дамыту үшін бірлесе жұмыс істесек дейміз, – деді облыс әкімі.

Кездесуде аймақ басшысы екі елдің салт-дәстүрі де ұқсас екендігін, рухани жағынан да қарым-қатынас дами түсетіндігін айтып, «Ұлы Даланың мәңгілік мирасы – Манас» атты қазақ-қырғыз зиялылары бас қосқан форумның маңыздылығына тоқталды. «Облыста 2 миллионнан аса халық тұрады. Республика бойынша ауылшаруашылығы өнімдерінің 17 пайызы Алматы облысынан шығады. Көптеген ірі өндіріс ошақтары жұмыс істейді», – деген облыс басшысы одан әрі сөзін аймақты дамыту бағытында жүріп жатқан жұмыстармен байланыстырды.

Соңында облыс әкімі Қырғыз Республикасының Елшісіне естелік ретінде арнайы сыйлық тапсырып, суретке түсті.

* * *

Жыл сайын дәстүрлі түрде өтіп жатқан «Ұлы Даланың мәңгілік мирасы – Манас» қазақ-қырғыз зиялыларының халықаралық форумы Талдықорған қаласындағы Мәдениет сарайында жалғасты.

Түркі әлемінің құндылықтары мен тұлғаларын дәріптеу мақсатында өткен шараға Қырғыз Республикасының Елшілігі, Халықаралық Түркі академиясы, Қазақстанға танымал ғалымдар мен профессорлар, жазушы, академиктер қатысты.

Алғашқы болып сөз алған облыс әкімі Амандық Ғаббасұлы қатысушыларды құттықтай отырып: «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылған Халықаралық Түркі академиясы жыл сайын дәстүрлі түрде *Қазақ-қырғыз зиялыларының форумын ұйымдастырып келеді. Биылғы форумның киелі Жетісу жерінде жалғасын табуы – біз үшін үлкен мерей. Қазақ-қырғыз тарихының тамыры тереңде жатыр. Ежелден бауырлас елдің тұтас тарихына зер салсақ, қаншама ұлы адамдар, батырлар мен билер шыққан. Олардың асыл мұраларын сақтап, рухына тағзым ету – ұрпақ парызы»,* – деді.

Пленарлық мәжілісте қонақтар кезекпен сөз алып, өз алғыстарын білдірді. Екі елдің өкілдері «Манас» жырының жалпы түркі әлеміндегі орны туралы ой қозғады.

Қырғыз Республикасы Президентінің кеңесшісі Сұлтан Раев мінберге көтеріліп, Талдықорған қаласына келгеніне өте қуанышты екенін жеткізді. Сондай-ақ, Қырғыз Республикасы Президентінің құттықтау сәлемін жеткізді.

Айтулы кездесуде «Манас эпосу» кітабының тұсаукесер рәсімі өтті.

А. БАЙБОСЫНОВА,
А. ДӘУЛЕТБЕККЫЗЫ

КЕМЕҢГЕРЛІКТІҢ 30 ЖЫЛЫ

Салтанат сарайында ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 30 жыл ел басқару қызметіне арналған «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» атты «дөңгелек үстел» өтті.

Елін сүйген Елбасы

Мәулен ӘНЕРБАЙ

Алдымен облыс әкімінің орынбасары Ақан Әбдуәлиев жиынның мақсатын түсіндіріп, Елбасының ел игілігі үшін істеген еңбегін тілге тиек етті. Келесі сөз тізгінін алған ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының «Атамекен» тарихи-мәдени орталығының директоры Адиля Қоржымбаева:

– *Шамалғандағы «Атамекен» тарихи-мәдени орталығының басты ерекшелігі, Елбасының балалық шағынан бастап, Тұңғыш Президент болғанға дейінгі жүріп өткен жолынан дерек беретін, сан алуан экспонаттармен жабдықталған экспозициялық залдар бар,* – деп орталықтың қызметін егжей-тегжейлі түсіндірді. – *Келушілерге орталықты тек таныстырып қоймай, жұмыс жоспары бойынша әртүрлі тақырыпта мәдени шаралар, тақырыптық «дөңгелек үстелдер», көшпелі қор көрмелері, мектеп оқушыларына музейлік сабақтар өткізіп, өзге музейлермен әріптестік қатынас орнатып отырмыз. Сондай-ақ, «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» атты апталық өтіп, келушілер мол мағлұмат алды.*

Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт, «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының орынбасары Серік Нұрқадыров, «Алматы облыстық азаматтық Альянсы» ЗТҚБ атқарушы директоры Елдар Сапаровтың және жастар ресурстық орталығының маманы Дәулет Ауданбаев тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап мемлекетіміздің жетістігін сөз етіп, Нұрсұлтан Әбішұлының ерекше қасиеттерін, қиын жағдайларда қабылдаған батыл шешімдеріне тоқталды. «Дөңгелек үстелдің» соңында қатысушылар назарына Елбасының тәуелсіз Қазақстанды дамыту жолындағы кезеңдерден тұратын бейнебаян ұсынылды.

ӨРЛЕУ

Студенттер үйі салынбақ

«Қаржы орталығы» АҚ мен «Атамекен» ҰКП бірлесіп, кездесу өткізді. Оған облыстық білім басқармасы мен «Жетісу» ӘКК» ҰК АҚ және «Даму» қоры аймақтық филиалының өкілдері, қонақүй кешендері мен хостелдердің басшылары және кәсіпкерлер шақырылды.

Мұндағы мақсат облыстық кәсіпкерлер қауымдастығын Тұңғыш Президенттің Үшінші әлеуметтік бастамасы аясындағы студенттік жатақханалар құрылысы бойынша ақпараттандырып, түсіндіру. Басқосуда аталған орталықтың менеджері Алпамыс Айдарұлы сөз сөйледі. Айтуынша, қазіргі таңда облыс бойынша 9 оқу орнында білім алатын 2 мыңға жуық студентке жатақхана керек. Осы ретте аймақта 2022 жыл соңына дейін 10 жатақхана, оның ішінде 500 орын 1 жоғары оқу орны, 1430 орын 8 колледждің студенттері үшін салынбақ. Бұл жоспарда бар.

Мәселені шешу мақсатында 10 жер учаскесінде нысандарды пайдалануға енгізу көзделіп отыр. Қазіргі таңда 9 нысан бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде. Нысандардың пайдалануға енгізілуін студенттер мен магистранттарды және докоранттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуде мемлекеттік тапсырыстарды орналастыру тетігі бойынша іске асыру көзделуде.

Тетіктің операторы болып «Қаржы орталығы» АҚ бекітілген. Осыған сәйкес мемлекеттік тапсырысты орналастыру шеңберінде жыл сайын әрбір орынжай үшін жаңа жатақхана салынған жағдайда – 122 АЕК, ал бар ғимарат жатақхана болып қайта жаңғыртылатын болса, 47 АЕК төленетін болады. Төлемдердің жүргізілу кезеңі сегіз жыл.

Айта кетейік, маусым айындағы жағдай бойынша 25 шарт жасалған. Осының аясында 2019 – 2022 жылдар аралығында 8 418 орынжайды енгізу жоспарланып отыр.

А. БАЙЖҰМАҚЫЗЫ.

ӘДЕП КЕҢЕСІ

Тәртіптік іс қаралды

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысындағы Әдеп жөніндегі кеңесінің кезекті отырысы өтті.

Еңлік КЕНЕБАЕВА

Алқалы жиынды ашып, жүргізіп отырған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыстық департаментінің басшысы – Әдеп кеңесінің төрағасы Серікбай Нұрғисаев және Әдеп жөніндегі кеңестің мүшелері жұмысына немқұрайлы қараған мемлекеттік қызметкерлердің мәселесін қарады.

Талдықорған қаласы прокуратурасының ұсынысы бойынша облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Р. Алпысбаевқа, әкімшілік бөлімінің басшысы Ж. Ибраеваға, саяси партиялар және үкіметтік емес ұйымдармен жұмыс істеу бөлімінің басшысы С.Тазабековаға қатысты тәртіптік іс қаралды. Нәтижесі бойынша жоғарыда аталған тұлғалардың іс-әрекеттерінде тәртіптік теріс қылықтардың белгілері болмауына байланысты іс тоқтатылды.

Сонымен қатар, Үйғыр ауданының әкімі Ш. Нурахуновқа, оның орынбасары А. Хусуровқа, персоналды басқарудың бірыңғай қызметі бөлімінің басшысы М. Молдакеновқа қатысты тәртіптік істер қаралды. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің 5-тармағының 3, 11 тармақшаларын бұзғаны үшін, яғни өзінің қызметтік міндеттерін тиісінше орындамай өзі қабылдайтын шешімнің заңдылығын қамтамасыз етпегендері үшін Үйғыр ауданының әкімі Ш. Нурахуновқа «ескерту» және әкімнің орынбасары А. Хусуровқа, персоналды басқарудың бірыңғай қызметі бөлімінің басшысы М. Молдакеновқа «қатаң сөгіс» түріндегі тәртіптік жаза қолдану ұсынылды.

Басқосуда облыстық жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасының мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы бұзушылықтардың профилактикасы бойынша жұмыс қорытындылары тыңдалды. Жамбыл ауданының Әдеп жөніндегі уәкілінің қызмет нәтижесі және 2019 жылдың 5 айы бойынша мемлекеттік органдардың қызметіне жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау нәтижелерінің қорытындысы Әдеп жөніндегі кеңес мүшелерінің көңілінен шықпады. Себебі, аталған аудан бойынша Әдеп жөніндегі уәкіл А. Нұрпейісов профилактикалық жұмыс бойынша төмен көрсеткіш көрсеткен. Мәселен, Панфилов ауданы бойынша Әдеп жөніндегі уәкіл өз жұмыс жоспары бойынша тұрғындармен 15 кездесу өткізсе, сынға іліккен А. Нұрпейісов 3 кездесу өткізумен шектелген. Алдағы уақытта мұндай кемшіліктің орын алмайтынын айтып, нәтижелі жұмыс жүргізетініне сөз берді.

Сондай-ақ, Әдеп жөніндегі кеңеспен Мемлекеттік органға залал келтіргені үшін, мемлекеттік қызметшілерді материалдық жауапкершілікке тарту мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдармен мемлекеттік қызмет саласындағы заңнама талаптарының сақталуына және мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу бойынша жергілікті атқарушы органдардың қызметіне жүргізілген талдаулардың қорытындылары, Әдеп нормаларының бұзылуы бойынша жүргізілген мониторингтің, әдептілік деңгейін көтеру мақсатында мемлекеттік қызметшілермен әдептілік қағидаттарын сақтау міндеттемесі туралы декларацияны қабылдау нәтижелері қаралды.

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

Адалдық – абырой әпереді
2-БЕТ

Дінтану – заман талабы
4-БЕТ

"НҰРЛЫ ЖОЛ"

«Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы бойынша «Талдықорған – Қалбатау – Өскемен» автожолының құрылысы басталғалы біршама уақыт өтті.

Құрылыс қарқынды

Қажет АНДАС

Республикалық маңызы бар «Талдықорған – Қалбатау – Өскемен» автожолының 313,5 шақырымы облыс аумағынан өтеді. Қазір жол бойындағы құрылыс қызып тұр. Оның ішінде Қызылағаш, Сағабүйен, Жансүгіров, Қойлық, Үшарал ауылдарының жанындағы аумақтарда жұмыс қарқынды. Тіпті, кейбір тұстарында бір бағыттағы жолмен көлік қатынауға мүмкіндік те бар. Алып жобаны алған мердігер мекеме «CITIC Construction Co LTD» ЖШС жол құрылысын белгіленген мерзімде бітірмек ниетте. Үш аудан шегарасын басып өтетін автодәліздің 31,5 шақырымы төрт жолақты, ал 282 шақырымы екі жолақты болмақ. Әдетте, жол салудан гөрі көпір тұрғызудың машақаты ауыр екені белгілі. Жетісу жерінен өтетін автожолдың бойында жаңадан екінші деңгейдегі 2 жолайырығы, 21 көпір және 404 су өткізетін құбыр салу жоспарланған.

– Жұмыс қызу жүріп жатыр. Жыл соңына дейін жоспардың басым бөлігін еңсеруді қолға алған мердігер мекемеде тыным жоқ. Сондай-ақ, жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін айналма жолдар салынып, оның беті құм-шағылмен тегістелуде. Ары-бері өткен көліктерге қолайсыздық тудырмау үшін жиі-жиі жолға су сеуіп, жолды тазалап отырамыз. Жол бойында бұзылған көліктерге де тиісінше жәрдем беріп, жолаушылардың алаңсыз жүруіне көмек беріп келеміз, – дейді Қойлық ауылы аумағында жол салып жатқан учаске басшысы Керім Әбілқайыров.

Қарқынды жұмыс режимін одан әрі жеделдету үшін жергілікті тұрғындарды жұмысқа тарту мен еңбекақы төлеудің маңыздылығын да ескеру шарт. Сондай-ақ, сапа мәселесі негізгі басымдықта болуға тиіс.

– Бұл жолдың салынуы ауыл тұрғындарына көп көмек болды. Жобаның мердігері инвесторлар болғанымен, жол құрылысына тартылған жұмысшылардың бәрі жергілікті тұрғындар. Бұл жобаны мердігер компания жобалағандықтан жол сапасын қадағалап, жұмыстың нәтижелі жүруіне өздері жауап береді. Сондықтан, негізгі мамандар ғана мердігер компания тарапынан тағайындалады, – дейді кран жүргізушісі Қайрат Тұрғанбаев.

Біз жол бойы тоқтап, пікірлескен учаскедегі жұмысшылардың бәрі жергілікті тұрғындар екенін көрдік. Олардың жалақысы да жаман емес. Жоғары жалақылы жұмыс тапқандарына риза. Мердігер компания өкілдерінің айтуынша, жол салынып біткеннен кейін де оны күтіп-баптау, тағы да басқа жөндеу жұмыстарына осы жұмыскерлерді тұрақты жұмысқа алмақ.

Сарқан ауданы

Ценные подарки от бабушки Ауесхан

В селе Шамалган одноименного сельского округа Карасайского района, в историко-культурном центре «Атамекен» состоялись праздничные торжества, приуроченные ко Дню Первого Президента Республики Казахстан. Они так и назывались - «На родине Елбасы».

Танзиля МУХТАРОВА, Карасайский район



Немаловажно то, что в этом центре собраны экспонаты, повествующие о жизни Елбасы, его детских и юношеских годах, профессиональном росте и становлении личности. В свое время их предоставили фонд, библиотека и музей Первого Президента РК, а также Национальная библиотека РК, музей СШ имени Карасай батыра села Шамалган и Карасайский районный историко-краеведческий музей.

В рамках торжественной части праздничного мероприятия, вклад многих карасайцев в организацию деятельности этого центра был отмечен благодарственными письмами от его руководства. Кроме того, директор центра «Атамекен» Аделия Коржумбаева рассказала о том, что было сделано за два года со дня его открытия. Продолжением торжества стала концертная программа с участием талантов района.

Кроме того, в целях реализации идей, озвученных Елбасы в его статьях «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» и «Семь граней Великой степи», здесь была организована выставка под названием «Қөнергенмен өзі, қөненің көзі». Экспонаты на ней были предоставлены 70-летней бабушкой Ауесхан Мажайкызы, которая собирала их на протяжении многих лет.

Некоторым из них уже порядка пяти веков. Есть здесь серебряное седло, принадлежавшее Солтанкельди бию, медицинские инструменты лекаря по имени Жансарбай и многие другие. Эти и другие вещи она преподнесла в дар центру «Атамекен». По словам же ее сына – краеведа Кажета Андаса, в дальнейшем все эти экспонаты будут показаны и в других музеях страны.

Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

«Әліпбиді латын қарпіне көшіру туралы тарихи шешімнің қабылданғанына екі жылға жуықтады. Бірақ қарпімізде әлі де олқылықтар бар. Тіл мамандары жаңа әліпбиді жетілдіруі керек».

◆ӘКІМДЕР ЕСЕБІ

СЫЛБЫРЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ



Сарқан қаласындағы аудандық Мәдениет үйіне жиналған көпшілік аудан әкімі Марат РАЗБЕКОВТЫҢ есепті баяндамасын тыңдап, өңірдің бүгіні мен келешегі жөнінде кең мағлұмат алды. Есепті жиынға облыс әкімінің орынбасары Бағдат МӘНІЗОРОВ қатысты.

Өткен жылы аудан бойынша 1,9 миллиард теңгеге 85 дана әртүрлі ауылшаруашылық техникасы сатып алынды. Негізгі капиталға 8,5 миллиард теңге инвестиция тартылды. Құрылыс саласында 6000 шаршы метр тұрғын үй іске қосылды. Жыл басынан 9,4 миллиард теңгеге құрылыс жұмыстары орындалды немесе былтырғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2 есеге өсті.

Бүгінгі күні аудандағы 26 елді мекен орталықтандырылған ауызсу жүйесімен қамтылған, бұл аудан бойынша 72,2 пайызды құрайды. 2020 жылы Еркін және К. Қазыбаев ауылдары орталықтандырылған ауызсу жүйесіне қосылып, қамтылу деңгейі жоғарылауы тиіс. Аудандағы жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының ұзындығы 998 шақырым, соның ішінде, 57 шақырымы республикалық маңызы бар, 532 шақырымы облыстық маңызы бар жолдар, 409 шақырымы аудандық және елді мекендердің көше жолдары. Өкінішке қарай, жол сапасы бүгінгі талапқа толық жауап бермейді. Облыстық маңызы бар жолдарды жөндеуге және оны күтіп ұстауға 2019 жылы 800 миллион теңге, аудандық маңызы бар жолдарға 336,6 миллион теңге бөлініп, жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Баяндамашы бұдан әрі мәдениет саласының, жастар ресурстық орталығының жұмыстарына көңіл бөлді. Сарқан аудандық жастар ресурстық орталығы 2019 жылы 15 460 жас қатысқан 519 әлеуметтік маңызы бар шара ұйымдастырды. Олардың арасында республика бойынша тұңғыш рет Жастар жылына орай «Жастар шыңын бағындыру» тақырыбымен 2 күндік туристік жорық жүзеге асырылды. Сонымен қатар, жыл басынан бері еріктілердің бастамасымен 30-ға жуық ардагер мен қарттарға көмек көрсетіліп, қайырымдылық және тазалық акциялары іс жүзіне асты.

Марат Мелісұлы есепті баяндамасында биыл атқарылатын шараларды саралап берді. Ауылшаруашылық саласы бойынша өнім көлемін арттыру, мал шаруашылығын дамыту, өнеркәсіп саласын ілгерілету бағытындағы басымдық берілген міндеттерге тоқталды. Үстіміздегі жылы 9 миллиард теңгеге инвестиция тарту болжануда. Бұл бағытта «МТиК» ЖШС су электр стансысын салу жобасы инвестициялық жоба ретінде танылды. Жобаны іске асыру барысында 20 тұрақты жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған. Аталған жобаны іске асыру үшін жеке қаржы есебінен 6 млн. 960 мың АҚШ доллары көлемінде қаражат тартылады. «АЗИЯ ГОЛД» ЖШС 2019-2020 жылдары қуаттылығы маусымына 200 тонна дайын өнім болатын дәрілік шөптерді қайта өңдеу зауытын салу, сондай-ақ, салынып жатқан зауытты шикізатпен қамтамасыз ету үшін көлемі 400 гектардан кем емес жер учаскесінде дәрілік түймедақ өсіру жобасының іске асырылуын жоспарлап отыр. Жобаны іске асыру барысында 30 тұрақты жаңа жұмыс орнын ашу жоспарлануда. Аталған жобаны іске асыру үшін жеке қаржы есебінен 442,7 миллион теңге көлемінде қаражат тартылады.

«ВЭС 50 Мвт «Абай 2» ЖШС 2019-2020 жылдары қуаттылығы 50 МВт болатын жел электр стансысының құрылысы жобасы іске асырылуы жоспарланып отыр. Жобаны іске асыру үшін жеке қаржы есебінен 19,4 миллиард теңге көлемінде қаражат тарту және 15 тұрақты жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған. «Jetisu Beef» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2019-2021 жылдары 10 000 бас ірі қара малға арналған 3 бордақылау алаңын салу, етті бағыттағы малдың өсімін көбейту, мал шаруашылығын дамыту жобасын іске асыруды міндетіне алды. Жобаны іске асыру үшін жеке қаражат есебінен 50 млн. АҚШ долларын тарту және 150 тұрақты жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған.


Баяндамадан соң залдан сұрақ қойған тұрғын жұртшылық көкейіндегі пікірді айтты. Жылу құбырлары жүргізілген көшелердің күйі сын көтермейді. Көктемгі, күзгі лайсаң да көпшілікке қолайсыздық туғызуда. Бұл сауалға орай аудан әкімі биыл қала аумағындағы 7 көшеге жөндеу жұмыстары жүргізілетіндігін жұртшылыққа жеткізді. Есепті баяндаманы талқылауға жиналғандар атынан сөз алған аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Қадыл Жанасбеков әкімнің өткен жылғы жұмысына қанағаттанарлық баға беруді ұсынып, Қарабөгет, Лепсі ауылдық округтерінің ауызсумен толық қамтылмағандығын ескертті.

Жиынды қорытындылаған Бағдат Сайланбайұлы облыста атқарылған жұмыстарға тоқтала келіп, Сарқан ауданының алдағы алар асуларын саралап өтті.

– Ақсу қант зауытының іске қосылуына байланысты қызылша көлемінің арта түсуі заңдылық. Өнімін өткізіп, төлемақысын ала алмай жүрген шаруа қожалықтары болмауы тиіс. Мұндай сылбырлыққа жол берілмейді, – деген облыс әкімінің орынбасары ауданда жүзеге асырылатын ауқымды жобалардың бірқатарына тоқталып, залдан түскен, жарыссөзде көтерілген мәселелердің аяқсыз қалмайтындығына сендірді.

Жомарт ИГІМАН
Сарқан ауданы

ТӨЛ ДЫБЫСЫМЫЗДЫ ҚАЙТАРАТЫН ҚАРІП



– «Ағынды менің Ақсуым, арқырап әлі ағарсың».

– Жоқ, «Ағынды менің Ақсуым, ақырып әлі ағарсың», – деп қолданғандарың дұрыс.

– Менің ойымша, «арқырап» болуы тиіс. Өзен «арқырап» ағады емес пе?!

Осылайша «Уатсаптағы» Ілияс Жансүгіровтың 125 жылдығын өткізуге атсалысатын топ бір мәмілеге келе алмай біраз «айтыстық». Ақырында өлеңнің түпнұсқасын тауып, соған жүгінуді дұрыс көрдік. Бұдан кейін де бірнеше өлеңнің сөзіне байланысты талас-тартыс туындап, ақыр соңында Ұлттық кітапханамен тығыз қарымқатынаста жұмыс істейтін жас ғалымға тапсырма беріліп, латын қарпінде шыққан нұсқаға жүгіндік.

Гүлжан ТҰРСЫН

Осы ретте Абай Құнанбай өлеңдеріндегі кейбір сөздердің де анығына жету үшін түпнұсқаға іздеу салынды. Өкінішке қарай, көптеген сөз әріптік қатенің кесірінен мүлде өзгеріп кеткен. Кейін «Ілияс ізімен» экспедициясының құрамында Ресейге барып, ақынның кітаптары мен «Тілші» газетіндегі аты аңызға айналған журналистердің мақалаларын таптық. Тағы да латын қарпі мәселесі алдымыздан шықты.

Табылған мақала, әңгімені бірден газетке ұсынайық десек, біздегі басылымдардың барлығы кирилл қарпінде. Егер осы дүниелерді түпнұсқа күйінде газетке баса қойсақ, жер бетінде тарыдай шашырап жүрген миллиондаған қандасымыз төл әдебиетіміздің жауһарымен сусындар еді-ау деген ойға қалдық.

Әлемнің ең дамыған 20 елінің 18-і латын әліпбиінде газет-журнал шығаратынын ескерсек, сыртпен байланысымыз біраз шектеулі екенін аңғарамыз. Кітапханада Ілияс Жансүгіровтың «Құл» деген кітабы қолға түсті. Оқи бастадық: «Құл қазіргі Алматы облысы, Лепсі ауданындағы қоныстаған бұрынғы Найман руының ішіндегі Садыр, Түгелбай, Буат, Қара Құлақ, Тобышақ деген елдерден келіп шығады. Туған жері – Лепсі өзенінің оң жағындағы Мақаншы деген жер».

Түк те қиындығы жоқ. Оқуға болады екен. Ниет болса, оп-оңай. Латынды қабылдасақ, әдебиет пен мәдениетіміздің қоры толығып, түркі әлемімен біте қайнасып кетер едік. Ілекеңнің әңгімелері мен мақалаларын оқып отырып жақұтқа тап болғандай күй кештік. Туған өлкенің табиғатын суреттегенде көңіл-күй жетегінде қазақы теңеулер қолданады. Тілге жеңіл, жүрекке жылы. Дыбыс үндестігі де ұғынықты. Өлеңдері әуезді. Мұның бәрі бізге латын қарпінде таңбалаудың артықшылығы екені айтпаса да түсінікті болып тұрды.

Біздің буын кириллмен сауат ашты. Басылымдарда орыс тілінен енген сөздерді сол қалпында, жіңішкелік және жуандық белгісімен жазатын болдық. Сөйлегенде тіпті қиналдық. Қазақ тілінің 28 дыбысы 42 таңбадан тұратын ұзыншұбақ әліпбиде орысша дыбысталады. Тіліміздің әуезі бұзылды. Бұл орайда Ахмет Байтұрсынұлы 1914 жылғы «Қазақ» газетінде: «Ресей тілін, дінін, жазу-сызуын орысқа аударса, үкіметке онан артық іс болмас», – деп «тілді отарлау» саясатынан қорыққан еді. Заманынан оза туған ойшылдардың сөзін ол кезде кім ескерді, кім еледі, кім тыңдады?! Бірақ айтқандары айдай келіп, сөздің айтылуымен бірге ой-санамыз орыстанды, тіліміз шұбарланды. Бүгінде одан да сорақысына тап болып жүрміз. Соңғы жылдарда өзімізде жарық көрген орфографиялық сөздікте төл дыбыс үндестігіміз мүлде бұзылды. Мысалы, айтылуы әп-әдемі ләзім деген сөзді сөздік бойынша «лазым» деп жазуымызға тура келеді. Өйткені, қазақ газеттері сөздерді Қазақстанда шығарылған орфографиялық сөздікке сүйене отырып, бірізділікпен жазады. Сондайақ, тәмам «тамамға», хәкім «хакімге» айналып кетті. Кей журналистер сөзді қазақы қалпында жазып, оны корректор «бірізділікке» түсірмеген жағдайда газет шыққан соң емле қателігіне байланысты мәселелер туындап жатады. Мынау «газет тіліне келмейді» деп кейбір ауызекі сөздерді мақаланың ішінен күзеп тастаймыз. Ой нақты емес болып, жетеге жетпей жатады. Ал қазақ, әсіресе, бұзақыны тезге салғанда немесе араздыққа араша түскенде «айтпаса сөз атасы өледі» деп ойды бүкпесіз, сол қалпында жеткізбеп пе еді?! «Ішегің шықса да айтайын» деп те сөз сабақтайтын кезіміз болады. Бұдан біз сөз құдіретінің қаншалықты маңызды екенін түсінеміз. Өкініштісі, кирилл қарпі қазақ тілінің орфографиясы мен орфоэпиясын алшақтатып тастады.

Баршаға ортақ, түсінікті тілде сөйлейміз деп ұлттық бірізділік пен қазақы қалпымыздан арылып қалғанымыз рас. Латын әліпбиіне ауыссақ, қазақ тілінің табиғи мазмұнын сақтап, ұлттық санамызды қалпына келтіретініміз анық. Өзімізді орыс тіліне деген тәуелділіктен арылтамыз. Артық дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, емле ережелерді қайта қарап, қазақ тілінің табиғи қалпын сақтасақ несі айып?!

Мұндайда қазақ «Өзіңді өзің жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін» демеуші ме еді?! Сондай-ақ, әлем бойынша, математика, физика, химия формулалары, терминдер, мамандықтарға қатысты ғылыми әдебиеттер латын әліпбиінде таңбаланады. Әрбірден соң күнделікті өмірімізде кездесетін, дәрігердің «нақтамасы» да латын қарпімен жазылады емес пе?!

Әліпбиді қолданысқа енгізу үшін жаңалық ашудың қажеті жоқ. Бұрынғы әдісті қолдансақ жеткілікті. Мысалы, өткен ғасырдың 20-30 жылдарында латын графикасына негізделген әліпби қолданысқа енгізілді. Бұл орайда «Жаңа түрік әліппесінің комитеті» құрылды. Нәтижесінде «Жаңа түрік әліпбиі» атты кітап шығарылып, мектептерде оқытылды. Барлық мемлекеттік мекемелер мен оқу орындарында «Жаңа әліпбишілер үйірмесі» немесе «Латыншылар үйірмесі» ашылған. Осы үрдісті қайтадан енгізсек болды емес пе? Оған біздің елдің мүмкіншілігі әбден жетеді. Аталмыш әліпби арқылы ғылыми, экономикалық әлемімізді кеңейте аламыз. Қазақ жазуын латын қарпіне көшіру арқылы ұрпақты оқу-білім және ғылымға бағыттаймыз.

> *Анар ФАЗЫЛЖАНОВА,*
> *филология ғылымдарының кандидаты:*
>
> *«Латын әліпбиінде сөзді басқа тілдің ережесімен жаз деген стереотип жоқ. Сондықтан латынға таза тілтанымдық тұрғыдан көшуіміз керек. Сонда шет тілден енген сөздерді игеру механизмі қайтадан іске қосылады, тіліміздің иммунитеті күшейеді».*

Осыдан бірер ай бұрын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев латын графикасына негізделген жаңа қазақ тілі әліпбиін жетілдіруді тапсырғаны белгілі. «Әліпбиді латын қарпіне көшіру туралы тарихи шешімнің қабылданғанына екі жылға жуықтады. Бірақ қарпімізде әлі де олқылықтар бар. Тіл мамандары жаңа әліпбиді жетілдіруі керек», – деді ол. Бұл орайда арнайы мамандар жұмыс жасап жатқаны белгілі. Десе де, жер-жерлерде курстар ашылып, оқыту жұмысы жүргізілсе құба-құп.

Егеменбіз! Өз елімізде өзімізге пайдалы шаруаны шешуге мүмкіндігіміз бар. Латын бізге бөтен емес. Бірден сыдыртып оқып кетпесек те «жетекке» жүретініміз анық. Ең алдымен ниет керек. Күнделікті ғаламтор желісіндегі әңгімеден халықтың латын қарпін меңгеруге деген ынта-ықыласы байқалады. Ендеше, алпауыт елдермен тереземізді теңестіретін, білім-ғылымға барынша жол ашатын, түркі халқымен етене жақындастыратын, шетте жүрген қандастарымызбен ой жалғастыратын қаріпті неге оқып, үйренбеске?! Ендеше, дәстүрдің озығына қол созайық!

◆ЖҮРЕК СӨЗІ

ҰСТАЗ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ



Әр адамның бала шақтан көкейіне ұя салған арманы болады. Өсіп, қанатың қатая келе ол арман мақсатқа айналады. Арман қол жетпес асудай болып көрінгенімен адамды жігерлендіріп, қайраттандырып, алға ұмтылдыратын ерекше бір күш. Армандап, алға мақсат қоя білу, ол – болашаққа деген жарқын жолдың баспалдағы.

Сол себепті бұл дүниеде армандамайтын адам жоқ шығар, сірә? Әр пенде армандайды, оған жету үшін түрлі әрекеттер жасайды, талпынады. Сол адамдардың қатарында мен де бармын. Менің арманым – ұлағатты ұстаз болу. Төл тіліміз – қазақ тілі мен асылымыз болып саналатын әдебиетімізді тереңдетіп меңгеріп, біліміне білігі сай, ісімен үлгілі, қарапайымдылығымен құрметті, жаңашыл ұстаз болсам екен деп армандаймын.

Мен мұғалім болу жауапкершілігі мен міндеті мол мамандық екенін жақсы түсінемін. Себебі, бала бойына ата-анадан кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, ар-ұят, әдептілік, ұлттық құндылықтарымызды сіңіруші – мұғалім. Олардың басты міндеті – тарыдай болып келіп мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндерден ойы жетіліп толысқан, терең біліммен сусындаған, жақсы мен жаманды ажырата білетін шәкірттер тәрбиелеу.

Болашақта мен өз ісіне берілген, жаңалық пен жаңашылдықты жатсынбай қабылдайтын, шәкірттердің жанына нұр құйып, білім беретін білікті ұстаз болсам деймін. Сол мақсатқа қол жеткізу үшін ізденіс пен талпыныс үстінде жүрмін.

Ұстаз өз өмірін балдырғандардың игілігіне арнайтын жан деп білемін. Ол да диқан сияқты, әр адамның бойына білім дәнін себеді. Әр шәкіртін аялап өсіріп, өмір атты шексіз ғаламға қанатын қатайтып ұшырады. Дәлірек айтсақ, өмір сүруге тәрбиелейді.

Ұлағатты ұстаз, білікті маман болу үшін тек жоғары білім ғана емес, жанжақты талпыныс пен еңбектенуге деген құлшыныс, білуге деген құштарлық, ізденімпаздық, бүлдіршіндерге деген сүйіспеншілік, өз-өзіңе деген сенімділік керек екені анық. Осы қасиеттерге ие болу үшін адам оқудан, білім алудан еш жалықпау керек. Ұстаз шәкірттерін білімімен, басқа да ізгі істерімен, тұлғалық қасиетімен сүйсіндіре білуі қажет. Себебі, ол арқылы болашақ ұрпақты ұлы жеңістер мен үлкен жетістіктерге бағыттайды. Өмірдің биік белестерін бағындыруға жол бастайды.

Ұстаз – өмір шырағын жағып, басқаларға мейірім мен жылу сыйлайтын жан. Мен де болашақта жан-жағыма жылулық нұрын шашып, бүлдіршіндерді білім нәрімен сусындатсам деймін. Бүгінгі таңда алдыма қойған айқын мақсатым – біліміне білігі сай, беделді ұстаз болу. Сол арманыма жетсем екен...

Арнагүл САЛЫҚ,
І. Жансүгіров атындағы
Жетісу мемлекеттік
университетінің студенті

◆ОЙ-ӨРІМ

• Атпаз көрген — ат таныр,
Ұстаз көрген — хат таныр.

• Ұққаның жақсы болса — жақының көбейеді.
Ұстазың жақсы болса — ақылың көбейеді.

• Ұстазыңды ұлы әкеңдей сыйла.

◆АРДАГЕР

ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Талдықорғанда ардагерлер кеңесінің өткен жылы атқарылған жұмыстарының қорытындысы шығарылып, алдағы міндеттер таныстырылды. Оған облыстық ардагерлер кеңесінің президиум мүшелері қатысып, жиынды аталған кеңестің төрағасы Ермек КЕЛЕМСЕЙІТ жүргізіп отырды.

Қажет АНДАС

«Келісіп пішкен тон келте болмайды» дегендей, өткен жыл облыс ардагерлері үшін табысты болды. Бүгінде облыстағы 220 мыңнан астам ардагердің мүддесін қорғап отырған ұйым жобаларды тыңғылықты атқарып, моральдық, материалдық тұрғыда көп қолдау танытты.

– Өткен жылды облыстық ардагерлер кеңесі нәтижелі аяқтап, бірқатар игілікті шара өткізіліп, елге ұйытқы, берекеге бастау болды. Айталық, ардагерлердің ұйытқы болуымен «Ұлт құндылығы – ұрпақ өзегі» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция, «Ұлы Дала өнері» атты ата-бабадан ұрпаққа жеткен қазақ қолөнер шеберлерінің байқауы, салауатты өмір салтын насихаттау барысында жер-жердегі ардагерлер арасында шахмат пен дойбыдан жарыс, облыстық тоғызқұмалақ федерациясының төрағасы болған марқұм Бекасыл Қозығұловтың 80 жылдығына орай тоғызқұмалақшылар сайысы, Балпық би бабамыздың 325 жылдығына орай «Бабалар сөзі – дананың көзі» атты батагөйлер жарысы, Ілияс Жансүгіровтің 125 жылдығына орай республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция, Қазақстан халқы бірлігі күніне орай «Бірлік бар жерде – тірлік бар» атты «дөңгелек үстел», Қарттар күніне орай «Көп жасаған қария – ақылы терең дария» атты мәдени-мерекелік шаралар, тағы да басқа маңызды жиындар өтті. Сондай-ақ, қоғам қайраткері Жұмахан Балапановтың ескерткішінің ашылуы мен Жаскілен Қалиевтың кітаптарының тұсаукесерін өткізуге де ардагерлер үлкен қолдау танытты, – деді облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт.

Биыл ардагерлер үшін тағы да қызу еңбектің жылы болмақ. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен ағымдағы жылы Ұлы Даланың ұлы тұлғасы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150, Алтын Орданың 750, Абай Құнанбаевтың 175, Жеңістің 75 жылдығы аталып өтеді. Бұл шараларға ардагерлер белсене қатыспақ. Өйткені, облысымызда бүгінде 72 соғыс ардагері бар. Оның 28-і соғыс мүгедегі және Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген локалды әскери күштерден 14 адам бар.

– Жеңістің 75 жылдығын өз деңгейінде атап өту үшін қазір ұйым жүйелі жоспар жасап, соған сай жұмыс басталды. Алдағы уақытта облыс бойынша соғысқа қатысқандар жайлы ескерткіш кітап шығару, облыстық «Жетісу» телеарнасынан «Қарттарым – асыл қазынам» атты бағдарлама бойынша көзі тірі соғыс ардагерлері туралы түсірілім жасап, елге насихаттау, республикалық «Ардагер айнасы» газетіне ардагерлер жайлы үзбей мақала жариялап тұру көзделуде. Әсіресе, облыстық «Жетісу» газетінің ішінен шығарылатын «Ардагер» қосымшасына соғыс ардагерлері үшін «Қаһарман майдангер», тылда еңбек еткендер үшін арнайы айдар ашуды жоспарлап отырмыз. Сондай-ақ, аудан, қала көшелеріне соғыс ардагерлерінің суретін іліп, жұртқа үлгі етпекпіз, – деді Ермек Әбілмәжінұлы.

Кеңес төрағасының баяндамасынан кейін көпшілік алдағы жоспарлар жайлы өздерінің қосар ойын айтып, тың ұсыныстарын білдірді. Көпшілікті облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мәрлен Көлбаевтың:

– Биыл облыс әкімінің қолдауымен Жеңістің 75 жылдығына арнайы кітап шығаруды жоспарлап отырмыз. Сондай-ақ, «Батырларға тағзым» атты ақындар байқауы, «Батырлар бейнесі» атты суретшілер байқауы ұйымдастырылып, облыстық театрда «Жәмила» атты жаңа спектакль дайындалуда. Бұрынғы қойылған туындылар жаңартылып, көрерменге қайта ұсынылады, – деген жүрекжарды сөзі көпшілікті қуантып тастады.

Өткен жылды табыспен аяқтаған ардагерлер кеңесінің ағымдағы жоспары да ауқымды. Атқарылар іс алда көп.

Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti

◆НҮСІПБЕК ӘШІМБАЕВ — 110



Тарих деген ұлы жазбаның әр бетіне бедерленер тұлғалар болады. Олардың бірі көмейінен сөз нілін тамызған көсем, бірі кәрі еменнің тамырындай шатысқан дүниені бірауыз лепеспен шешер шешен, енді бірі аттың жалын жастанып, қара жұрттың қамы деп қара адырларда шашақты найзасына сүйеніп қалғыған батыр болуы бек мүмкін. Ал солардың қатарында ерен еңбектің көрігін қыздырған атан жілікті, қара нардай қажырлы тұлғалардың есімі де қосарлана айтылып, қапталдаса таңбаланып жататыны бар! Неге? Өйткені, сан мехнатты жол жүріп өткен халықтың болашағының кемел болуы үшін қамау терін қара жерге шүмектете төккен еңбекторы азаматтардың да әр ісі жау жапырған батыр ерлігімен пара-пар! Міне, сондай тұлғамыздың бірі де бірегейі деп Социалистік Еңбек Ері Нүсіпбек ӘШІМБАЕВ атамызды айтамыз.

АҢЫЗҒА БЕРГІСІЗ ТҰЛҒА

Биыл дала академигі атанған Нүсіпбек Әшімбаевтың туғанына 110 жыл. Табиғаттың төл перзентін, қазақ халқының аяулы ұлын, бірегей тұлғасын кезінде көрнекті мемлекет қайраткері, Алматы облысында аттай 14 жыл бірінші басшы болып жұмыс атқарған Асанбай Асқаров «дала академигі» деп ерекше атап еді. А. Асқаров басқарған осынау уақытта облыстың дамуға бет алғанын, ірі жетістіктерге жетіп, бірнеше мәрте одақтың алдыңғы қатарынан табылып, Қызыл Туды жеңіп алып жүргенін, сол кезеңде аймағымыз үш мәрте Ленин орденін иеленгенін де өткен күн жазбаларынан жақсы танимыз.

Расында, құйқалы жер, құтты қоныстың гүлденіп, туған жер түтінінің түзу шығуына ерекше ықпал еткен Нүсіпбек Әшімбаевты замана заңғарларының бірі деп айтсақ, ұшқары байлам жасамағанымыз. Ол сол кездегі Нарынқол ауданындағы Ленин атындағы ұжымшарын аттай 30 жыл басқарды. Сол кезеңдерде ұжымшар ірі шаруашылыққа айналды. Орталығы Сарыбастау қыстағының өзі кентке пара-пар үлкен ауылға ұласты. Шаруашылықтың экономикасы айтса нанғысыз өркендеуге жол ашып, ұжымшар миллионер атанғаны бар.

Табиғат дарытқан еңбексүйгіштік, жігерлілік қасиеттерінің арқасында өзінің екі тізгін, бір шылбырын салалы саусақтарынан сусытпай, ұлы істердің ұйытқысы болған, шаруашылық тасын өрге домалатқан Нүсіпбек Әшімбаев басқарған сол уақыттарда аталмыш ұжымшар өкіметтің жәрдемінсіз, өз күшімен екі мектеп, Мәдениет үйі мен монша, кірпіш пен әк шығаратын цех, жүз орынды стадион, аурухана сияқты ғимараттардың іргетасын қалап, оны ел игілігіне бергені де әмбеге аян.

Міне, осындай келелі істің басында елдің келешегі үшін маңдай терін еселеп төккен Нүсіпбек Әшімбаевтай нар тұлғаның жүргені де тарихтың бетінде хатталып қалды.

Халық тұрмысының түзеліп, шаруашылықтың табысын еселеуге жан жүрегін, қажыр-қайратын жұмсаған ел перзенті Нүсіпбек әкеміз сонау 1910 жылы Шартас ауылдық кеңесіне қарасты орта шаруа отбасында дүниеге келген. 12 жасында, бір мүшелді қайырған тұсында әкесінен айырылып, бір іні, бір әпкесімен бірге ғазиз жүректі анасының қолында қалады. Молданың алдынан өтіп, төрт жыл араб жазуын үйреніп, тіл сындырған. Кейіннен Кеңес өкіметі орнаған уақытта сол білімімен хат танымайтын «ликвидация безграмотностиға» қатысып, ауыл адамдарын, қара домалақ балаларын оқытқан көрінеді. Ірі байлар кәмпескеленіп, ел алатайдай бүлінген шақта жаңы сергек Нүсекең ауылдық кеңеске хатшы болып қызмет еткен.

Иә, Нүсіпбек Әшімбаевтың ат жалын тартып мініп, елдің еңсесін түзеуге азаматтық күш-жігерімді сарп етермін деп қайраттанған шағы қазақ тарихындағы ауыр оқиғалармен тұспа-тұс келген. НЭП кезеңінде байлар кәмпескеленіп, оның арты орталық Ресей, Украинадағы аштыққа ұласып, 1931 жылы өкімет қаулысымен деп халықтың малын тәркілеу науқаны жүргені де көпке аян. Басында мал ауру десе, кейін түлікті жануарларды қажетсініп, ақыр-аяғында бәрін таразылап, қой мен ірі қараны түгел жинап алып кетті. Халықтың қолында азын-аулақ жылқы шұрқырап қалды. Зұлмат заман басталғанынан тіксінген елдің дені ертеңгі күнге сенбей шегарадан аттап, Қытайға бас сауғалады. Сол кезде комотрядтар мен заставалар тыңшылар арқылы елдің қай күні арғы бетке өтетінін біліп, оларға тосқауыл қойды. Жаппай қырғынға ұшыратты. Сонда біреудің баласы, біреудің анасы қой үстіне бозторғай жұмыртқалар кезеңнің келмеске кеткенін андап, туған жерден үдере көшті емес пе? Қытай асамын деп қыршыннан кеткен көптің қынадай қырылуы былай тұрсын, жетімдер қорғансыз жылап, талай жайсаң бір-бірін мәңгіге таба алмай дүниеден өтті-ау. Міне, осы кезеңді басынан өткерген атам маған құба түздегі ағарып жатқан сүйектерді нұсқап тұрып: «Қарашы, ана бетке застава пулеметтерін қойып, қаншама бейбіт халықты қырғынға ұшыратты. Қолдарында қару тұрмақ қатты таяқ жоқ аңғал жұрт, бала-шаға ажал ұңғысынан тәсілім болды», – деп аза бойы қаза болып әңгіме айтушы еді.

Қазақтың сол жылдары басынан өткерген ауыр-ауыр оқиғалары тек Алаштың ғана емес, адамзат тарихының трагедиясы іспетті. Ол ең үлкен қателікке ұласқан саясаттың солақайлығынан орын алған оқиғалар еді. Соның бәрін көзімен көріп, көкірегіне мұң ұяласа да, елім мен жерім үшін ерен еңбек етуге дайынмын деп іштей серт еткен Нүсекеңнің тағдыры да шым-шытырық жайттарға ұласқаны бар. Бір күні жарқын бейнелі асыл азамат ОГПУ «үштігінің» сырттай шығарылған қаулысымен үш жылға бас бостандығынан айырылып, Карлагқа айдалады. Кенеттен орын алған бұл жайттың түбі, әрине, шикі еді. Ауылдағы үш адам Нүсіпбек атамыздың үстінен «домалақ арыз» дөңгелетіпті. Сондағы уәжі: «Нүсіпбек туыстарын Қытайға көшіргелі жүр. Күндіз-түні ел аралайды. Жер шалады», – деген дәлелсіз қаңқу.

Қай заманда болмасын, жақсының артынан сөз еретіні рас. «Болат қайнауда, ер майданда шынығады» деген ділмар ой да бекер айтылмаса керек. Сонымен үшеудің дәлелсіз шешімі, «үштіктің» айғақсыз кесімімен жауапқа да тартылмастан үш жылға «за нарушение гос границы» деген айыппен Карлагқа айдалған Нүсекең сол бір қиын жылдардан да үлкен сабақ ала білген. Айдауға ауыр жазамен бармаған соң, ол жерде статьясына қарап, жеңілдік жасап арбакештің жұмысын тапсырыпты. Лагерь мен Қарағанды арасында арбамен, шанамен азық-түлік тасыған. Тағдыр тасы ауыр тартқан сайын ұлы жүрек иелері өмірге құштар болатыны рас. Біз сөз етіп отырған тұлға да айдаудағы ауыр кезеңде жүріп үлкен өмірден тәлімді, ұлы сабақ ала білген. Өзі де сол бір кезді еске алғанда: «Лагерь – менің университетім болды. Онда мен орысша тіл сындырып, кириллица жазуын танылым. Елмен қалай сөйлесуді, азаматтармен қалай тіл табысуды үйрендім», – деп тебірене термелеп отыратын.

Нар тұлғалы Нүсіпбек қария сол бір кезеңді былай деп толғанғаны бар. «Жазамды өтеп келгеннен кейін жұмыс бермейді. «Екі қолға бір күрек» демекші, құры жатуды жаным қаламайтын болған соң Живсырье деген мекемеге барып, заготовщик болып орналастым. Астымда велосипед. Көбіне ат арбаға тиеп тері, жүн жинаймын. Оны Нарынқолға апарып өткізем»...

Еңбек майданында шыныққан тұлға тағы бір тағдырдың ұлы сынағын бастан өткерді. Ол – зұлмат дүбірдің дабылы қағылып, Ұлы Отан соғысының әлемді қара бұлтымен қармауы еді. Міне, сол тұста Нүсекеңді сотталған деп армияға алмайды. 1942 жылы сотталғандары бар, туыстары Қытай асқан дегендері бар, жалпы саны 300-ге жуық адамды Қарағандыға қара жұмысқа (трудовая армияға) жібереді. Содан шахтер болып жер үңгіп, стахановец атанып, еңбек майданында тағы да шыныға түскен. 1944 жылдың қаңтар айында демалыс алып Сарыбастауға келген. Келген бетте А. Наурызбаев деген ұжымшардың сол кездегі басшысы Нүсекеңе: «Адам жоқ. Мен оқуға кетіп бара жатыр едім. Орнына істей тұрсаң» – деп қолқа салып, жатта жабысады. Олай болмайды, ертең мән-жайдың ақ-қарасын ажыратып, іздеп, «дизертир» деп соттайды деген Нүсекеңе, жүр-жүрлеп Алматыдағы обкомға апарып, броньмен қызметте қалдырады. Міне, содан бастап еңбек майталманы ел үшін, қоғам үшін бейнетшіл пейілін, адал терін сарп етеді. Аттай он жыл қой ферма бастығы болып істейді. Сол кездегі қиыншылықты, тірлік ауыртпалығын еске алғанда Нүсіпбек ата: «Өгізбен қойшыларды көшіреміз. Қой соңында жүргендердің көбі – әйел мен шал-кемпір. Қолмен қой қырқамыз. Адам тапшы болған соң, жұмыс оңай өнбейді», – деп сол жылдарды санаға салып, сабақ ретінде айтып отыратын.

1954 жылы сол кездегі ауданның бірінші хатшысы Рақымжан Мақашевпен бір кездесіп қалғанында Нүсіпбек әкеден «бастық болғың келмей ма?» деп сұраған екен. Сұрақтың мәнісін білмекке ұмтылса, алтыайлық курсқа жібермекші екен. Содан келісім беріп, курсты бітірген сол жылы-ақ еңбек майталманы Ленин атындағы ұжымшарға бастық болып тағайындалады.

Нүсіпбек Әшімбаев ұжымшар тізгінін алған уақыттан кейін шаруашылықтың табысы еселенеді. Жоғарыда атап өткеніміздей, миллионер ұжымшар үкіметтен бір тиын алмай бірқатар құрылыс жұмыстарын жүргізеді. Мектеп, Мәдениет үйі мен моншадан бөлек, төрт мың метр биіктікке теледидар мұнарасы салынып, ұжымшардағылар көкжәшіктің көзайымына айналады. Оған қоса, үш мың қой бордақылайтын комплекс, инкубатор станысы бой көтереді. Республиканың ғылыми институттарымен бірлесіп ұжымшар қойын асылдандырып, арқар-меринос тұқымы өсіріледі. Оның пайдасын бір ғана «Ленин» ұжымшары ғана емес, республиканың көптеген шаруашылығы көреді. Осынау ерен істердің нәтижесінде ұжымшар экономикасы көтеріліп, жұмысшылардың табысы артып, көптеген құрылыс тек шаруашылық есебінен салынады.

Осындай жағдай туғызған, жаңашылдық пен жаңқиярлық жігерді ұштастырып, еңбек көрігін қыздырған Нүсіпбек әкейдің ұжымшар тізгінін ұстаған отыз жылдағы жетістіктері толайым еді. Солардың қатарына мақтанышпен ауданның өзге шаруашылықтарынан көп жыл алда жүргенімізді атап өтуге негіз бар. Мәселен, өзге ұжымшарлардан бұрын ауылға ауызсу тартып, су қоймасын салып, онымен егінді алқапты суаруға мүмкіндік алдық. Оған қоса, ұзындығы 18 шақырым болатын Шақрамбал су каналы Тұздыкөл бөлімшесіндегі 1650 гектар жерді суғаруға мүмкіндік туғызды. Міне, осының өзі бір тұлғаның ғұмырында атқарған ғажайып істері десек, ең алдымен, оның нағыз нар тұлға екенін көзге елестетіп, «дала академигі» деген атаққа лайықтығын жете түсінеміз.

Оған қоса сол кезеңде малшылар тұратын үйлер стандартты үш бөлмелі болып еңсе көтерген. Бәріне электр жарығы тартылып, көптің қолы жетпейтін «Волга» автокөлігі (өзге көліктерді айтпағанда) ауыл еңбеккерінің он шақтысының астында жүрген. Оған қоса, тірлік тауқыметін тартып, келешектен күдер үзіп Қытай асқан қандастардың 2 миллиондайы елге оралғанда, Сарыбастау ауылына соның мыңға жуығы қоныс тепкен болатын. Міне, сол тұста ел десе ерен күшпен іс қылатын тұлға бәрін тез арада үймен қамтамасыз етуді өзекті мәселе етіп күн тәртібіне қояды. Ағаш тілу, құрылыс бригадаларын ұйымдастырып, бір жазда 300-ге жуық үй тұрғызған. Осындай көптеген кемел істің жүзеге асуына мұрындық болған Нүсіпбек ата елім деп келген қандастардың да алғысына ие болды.

Елге ел қосылды. Жұмыс күші арты. Бала саны көбейді. Міне, сол тұста тағы да Нүсекең парасаттылықпен шешім қабылдап, 7 жылдық мектепке бала саны симайтын болған соң алты айдың ішінде екі қабатты онжылдық мектеп тұрғызуға мұрындық болады. Осы орайда Нүсіпбек әкенің жиі айтып жүретін мына бір естелігіне зер салсақ: «Мектеп тамыз айында бітетін болды. Мен Алматыдағы атақты партизан, оқу министрі Шәріповқа бардым. Министрдің өзіне кіріп штат сұрадым. «Ақсақал, мұндай жұмысты бір жыл бұрын жоспарлаймыз. Ал сіз жоспарсыз мектеп тұрғызасыз және штат сұрайсыз», – деп қиқарлық танытты. Бірақ артынан солтүстік жақтағы бір мектеп бітпей қалуына байланысты сол жаққа белгіленген штатты бізге беруге тура келді» дейді дала академигі. Осының өзінен сонау қиян-қыстау заманда мектеп салып, оған ұстаз бекіттірген тұлғаның асқақ болмысын, ел үшін жаралған жан екенін түсінуге негіз бар.

Даланың түйір дәнінің түзде қалмай халық қамбасына құйылуын қадағалайтын еңбеккөр тұлға сол кездегі атқамінер азаматтардың қолдауымен жаладан арылды. Партияға өтті. Ерен еңбегі бағаланып, 1987 жылы Дінмұхамед Қонаевтың қолынан Социалистік Еңбек Ері атағын алды. Абыз ақсақалға айналған шағында, нақтырақ айтсақ, 74 жасында зейнетке шықты. Кейіннен Алматыға қоныс аударып, облыс әкімдігінің қолдауымен 1988 жылы 3 бөлмелі пәтерге қол жеткізді.

Түз тіршілігінің көрігін қыздырып қана қоймай, отбасында асқар таудай әке, абыз ата атанған Нүсіпбек Әшімбаев ұрпағына тағылымы мол тәрбие бере білді. Өзімен бірге қызметте болған А. Асқаров, К. Аухадиев, Қ. Байжанов, З. Батталханов, С. Тәнекеев, Қ. Ұлтарақов, Ә. Алыбаев, У. Нұрғазиев, С. Серкебаев, А. Алпысбаев сияқты атпал азаматтармен бірге тонның ішкі бауындай араласып жүрді.

Текті тұлғаның тіршілігіндегі сөздің түбін тауып айтатын әзілдері де елдің жадында еңбегімен қатар аталып жүр. Бірде, райкомның бюросында бірінші хатшы Б. Оспанов: «Сіздер жұмысты партияның барлық талаптарына сай істемейсіздер! Үкімет сіздерді 10 жыл мектепте, 5 жыл институтта оқытты. Ал бұл қалай?» деп көпшілікке қарата ренішпен сауал тастапты. Сонда Нүсіпбек әкей: «Бұл сөзге мен де жатамын ба? Менің бар оқығаным молданың 4 жылдық, курстың 6 айлық оқуы ғана. Партияның бар тапсырмасын артығымен орындап жатырмыз. Мен Үкіметке түскен тегін кадрмын ғой» десе керек. Сонда әзіл болса да аталы сөзге тоқтаған бірінші хатшы тегін кадрға қаратып айтылмаған сөз екенін мойындап, көпшілікті риза етіпті. Міне, осындай көптеген тапқырлық, аталы сөз, астарлы әзіл айтып жүретін нар тұлға ел үшін бейнет қамытын мойнынан шешпей жүріп, егемен елдің еңсе тіктегенін көзімен көрді. Өзі басқарған өңірдің гүлдей жайнағанын аңдап, өзі қалаған тіршілік іргетасының берік болып, ел игілігіне жарағанына жүзі жылып, шүкіршілікпен ел ортасында қасқайып жүрді. 2010 жылы жүзге таяған шағында ел абыройын асқақтатқан абыз тұлға, аңыз адам бақиға бет түзеді. Жұрт үшін ұлы істер атқарған әкеміз Нүсіпбек Әшімбаевтың есімі Мәңгілік елмен бірге жасай беретіні де сөзсіз.

Сағатбек ОМАРОВ

◆ДҮНИЕ ДАБЫЛ



АДАМАТ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ

Кейінгі бір-екі ғасырда адам баласы Жер шарын аялап, басқа жан иелерінің қалыпты тіршілік етуін қамтамасыз ету сынды жауапкершілігін ұмытып, табиғатты мейлінше бүлдіруге көшті. Осының салдарынан неше түрлі жойқын апаттар орын алып, тарих парақтарына қанмен жазылған қасіреттерді таңбалап кетті.

Қажет АНДАС

Былай қарағанда, адамзатқа ауыр қасірет әкелген апаттар өмірде болатын қалыпты құбылыс болып сезілуі мүмкін. Түптеп келгенде, соның бәріне адам баласы кінәлі. Өйткені, біз өзімізді табиғаттың қожасымыз деп шексіз сеніп кеттік. Өзіміздің шөп, ағаш, жәндік, жануар, су, топырақ сияқты Жер шарын мекен еткен түрлі жан иесінің біреуі ғана екенімізді ұмыттық. Оны қазақ «Шеткі үй көшсе ортаңғы үй шет болады» деген бір-ақ ауыз сөзбен тұжырымдаған. «Көкті жұлма, көктей орыласың» деген тежеммен санамызға шегелеген.

Осыдан бірнеше жүз мыңдаған, тіпті миллиондаған жылдардың алдында адамзат баласы тым әлсіз болды. Ол кезде ұлы табиғатқа алып динозаврлар мен айбатты тасбақалар, одан бертін келе сан түрлі жыртқыш аңдар қожалық етті. Қоршаған ортаға келтірген зияны көбейген тұста оларды табиғаттың өзі жер бетінен жойып жіберді. Кейін келе табиғатты қорғау міндеті адам баласының еншісіне тиді.

Адам баласы жетілген сана-сезімі, пайда мен зиянды, жақсы мен жаманды салмақтай білетін қасиеті арқылы айналасындағы жанды тірліктің бәрін бағындырды. Сан түрлі техника ойлап тауып, табиғатты өз ыңғайына бейімдеді. Жер бетінде өзіне тең келер күш қалмаған тұста байлық пен мансап үшін, мәртебе үшін бірімен-бірі қырқысатын жаман індетті санасына сіңіріп алды. Содан бастап Жер шарынан тыныштық кетті.

Ғалымдар адамзат өркениеті басталған 5 жарым мың жылдың ішінде жер бетінде 14 мың ірі соғыс болып, 4 миллиард адамның опат болғанын есептеп шығарды. Соңғы 3,5 мың жылдың 150 жылы ғана бейбіт өткен екен.

Адам баласының ындыны бұзылғаны соншалық, жиырмасыншы ғасырда екі бірдей дүние жүзілік соғысты бастан өткерді. Ұшақтар көкті тілгілеп, атом бомбалары, сынақтары жер танабын уытқа толтырды. Осы соғыстардың бәрінде бір жақ екінші жағын жеңу үшін сан түрлі жойқын құрал ойлап тапты. Түптеп келгенде азаптың бәрін Жер шары тартты, табиғат назаланды.

Физикада «Қысым артқан сайын кернеу күші де өседі» деген заңдылық бар. Бүлдіргісі бүлінген табиғат енді адам баласына өзінің ескертуін жасай бастады. Оның бірі зілзала, су тасқыны, сел мен цунами болса, енді бірі обыр шегіртке, оба кеселі, жер көшкіні ретінде көрініс тауып, тағы да басқа сипаттармен бейнеленді. Бірақ мұның өзін де біз табиғаттың бізге білдірген қарсылығы емес, әдеттегі құбылыс ретінде қабылдадық.

Біз асқазанымызға ас батпаса дәрі ішіп, оның қызметін реттеп аламыз. Әрине, біз оны дәрінің қуатынан көреміз. Негізінде дәрі тек аурудың салмағын уақытша бәсеңдететін қуатқа ие. Шын мәнінде асқазанның бұзылуын ағзамыздың ауруға қарсы элементтердің бір-біріне әсері арқылы реттейтінін ескермейміз. Бұл ақиқатты коронавирус Жер шарына таралғанда сезіндік. Демек, қанша ақылды болғанымызбен құдіретті табиғаттың алдында мыңдаған тіршілік иесінің бірі ғана екенімізді білетін кез келді.

Табиғаттың адамзатқа білдірген ескертпесі жайын сөз еткенде, арыдан тартып айтпай-ақ, тек XX ғасырда ғана жұмыр жер бетінде ірілі-ұсақты мыңға жуық апаттың тіркелгенін мысал етсек те жетер. Атап айтсақ, 1908 жылғы 29 желтоқсанда Мессина мен Реджо-ди-Калабрия қалаларында, 1920 жылы Қытайдың Ганьсу мен Шэнси аймақтарында, 1923 жылы Токио қаласында, 1950 жылы Моңғолияда, 1960 жылы Чилиде, 1976 жылы Гватемалада, дәл осы жылы Индонезияның Серирит қаласында, Түркияның Муардие шаһарында болған зілзаладан бірнеше мыңдаған адам қаза тауып, елді мекендер құлазып қалды.

2004 жылдың 26 желтоқсанында Индонезияның Суматра аралынан бастау алған зілзаланы теледидардан көріп, ақпараттан оқып, жағамызды ұстаған едік. Оның адамзат баласына әкелген қасіреті 1991 жылғы Бангладештегі тайфуннан да асып түсті. 1815 жылы Индонезиядағы Тамбора жанартауының, 1883 жылы Кракатау жанартауының атылуы да жаға ұстатар жағдайларға жеткізді.

Мұндай апат бізді де айналып өткен жоқ. Алматы қаласында 1911 жылы болған 9-10 баллдық жер сілкінісі Алатау баурайын қирандыға айналдырды. 1963 жылы Іле Алатауындағы Есік көлінде болған тасқын әлі күнге есімізден кеткен жоқ. Екінші дүниежүзілік соғыста атом бомбасының қолданылуы, Чернобыль АЭС-сында болған техногендік апат, Арал теңізінің тартылып қалуы да табиғаттың өзіне жасалынған қиянатқа жасалынған ескертпесі еді. Оны да қаперімізге алған жоқпыз. Ғарыш зымырандары апаттарының да берісі қазақ жеріне, арысы ұлы табиғатқа зор зиян келтіргені белгілі.

Ғалымдардың пайымынша, 2050 жылға қарай Қытай, Үндістан, Бангладеш, Тайланд, Вьетнам, Индонезия, Жапония, Филиппин елдерінің 300 миллионнан астам адам тұратын жері су астында қалуы мүмкін. Мұздықтардың еруі қазіргідей қарқынмен жүретін болса, 2075 жылы теңіз деңгейі 2 метрге көтерілуі мүмкін. Климаттың өзгеруі және экологияның бұзылуы салдарынан мұздықтардың еруі осылай жалғаса беретін болса, 1000 жылдан кейін жер бетін толықтай су басуы да ғажап емес. Қазақ оны «Ескермеген жау жаман» деп түйіндеген. Біз осы ескертулерді дұрыс қабылдап, дер кезінде қорытынды жасауымыз керек еді. Керісінше, табиғатқа қиянатымызды бұрынғыдан да өршіте түстік. Нәтижесі қалай болды?

Бүгінде байлығы сарқылған кен орындарының орнын сумен толтыру әдетке айналды. Былғанған сол су жерасты суына қосылып жатыр. Оны тұтынған тіршілік бұзылмайды деу де қиын.

Мүмкін, қазіргі адамзаттың ғылым мен техника саласында жеткен жетістігі кемел, соған арқасында қандай да бір апаттың алдын алып, тіршілігін қамтамасыз ете алады деп ойлайтын шығарсыз. Онда қателесесіз. Бір ғана мысал – осы төрт айдың ішінде бүкіл адамзатты әбігерге салған коронавируспен күрес барысы біздің табиғаттың алдында тым әлсіз екенімізді мойындатты. Осылайша табиғаттың тылсым күші өзін қорғайды деп сенген адам баласының ашкөз пиғылына анық қарсылығын көрсетті. Бұл жағдай жеке бастың байлығы үшін өзара қырқысып келген адамзат баласының алдына табиғатты қорғау үшін үлкен күрестің басталғанынан дерек береді. Бұл күрес дәл біз өмір сүрген ғасырға тура келіп отыр. Басқа сөзбен айтқанда біздің табиғатқа жасаған бірнеше мыңжылдық қиянатымызға жауап беретін мезгіл жетті.

Коронавирустың әлемге таралуының себебін сан-сақа жүгіртіп жүргендер көп. Оның бәрі адам баласының қауіп-қатердің түпкілікті себебін түсінбеуінің, қанына сіңген атаққұмарлық пен баянсыз байлыққа деген ашкөздігінің кесірі. Адамның ең асыл парызы – табиғатты қорғау екенін ескермей жүргеніміз өкінішті.

Су тасқыны неге жиі болады? Өйткені, біз аталарымыз айтып кеткен ақиқатты – «судың өз арнасынан ауып ақпайтынын» ескермедік. Соның салдарынан «суға кетіп, тал қармап» қалдық. Қисапсыз жарылыстардың кесірінен зілзала, цунами орын алды, тауды бұзып, ағаш-орманды қисапсыз бүлдіргеннен жер көшті, аспан әлемін тіліп ұшқан ұшақтар мен зымырандардың кесірінен ауа ағысы бұзылды. Ұшқан құс, жүгірген аң, жыбырлаған жәндіктерді жойып жібергеннен неше түрлі індет таралды. Қырып-жоятын радиоактивті, биологиялық қарулардың, орынсыз ыс-түтектің, уақытылы залалсыздандырылмаған қатты қалдықтардың кесірінен табиғатта жоқ микробтар ауаға таралды. Айта берсең, кете береді. Ақыр аяғында бүгінгідей ауыр халге дұшар болдық.

Жалпы, табиғат өзін-өзі реттеп отыратын үлкен күшке ие. Биыл Африканың бірнеше мемлекеті шегіртке апатынан ауыр зардап шекті. Шегіртке апаты бұрынғы жылдары да болған. Биыл олардың саны төрт жүз миллионнан асып, әкелген шығыны бұрынғы жылдардан бірнеше есе көп болды. Оның алдағы уақыттағы салдарының қалай боларын болжау қиын.

Бала күнімізде шегіртке айналамызда өріп жүретін. Бірақ апат тудырмайтын. Себебі, ол кезде табиғатта шегірткенің уытын қайтаратын өсімдіктер болатын. Қазір ол өсімдікті дәрі-дәрмек жасау үшін жұлып бітірдік. Ал адамдардың ақылпарасатымен шегіртке қарсы жасалынған дәрі-дәрмектің қуаты табиғи өсімдіктің қуатына жетпегендіктен оны жоюға дәрменсіз болып отыр.

Ғалымдардың айтуынша, коронавирус індеті жарғанаттан таралған екен. Бұл шындық. Алайда, менің замандастарым мен аға буын жарғанатпен бірге өстік. Жарықта қараңғы жерлерге жасырынып, кешкі қараңғылық үйірілгенде айналамыздан суылдап ұшып өтіп жарғанаттар әлі күнге көз алдымызда. Олардың бұл вирусты сол кезде таратуға да мүмкіндігі өте мол еді. Қазір өзіміз өскен ауылдан жарғанат түгілі оның елесін де көре алмайсың. Ертеңгі күні мұндай жойқын вирустар басқа да құстар мен жәндіктерден, өсімдіктерден таралмайды деуге бола ма?..

Әрине, коронавирустың емі табылады. Десе де табиғатқа жасалған қиянат осылайша жалғаса беретін болса, одан жүз, мың, миллион есе қуатты вирустар Жер шарының басқа бір жерінен бұрқ ете қалуы әбден мүмкін. Мүмкін емес, ақиқат. Сол үшін адам баласы табиғатты тынықтыруы керек. Жер бетінен жойылып бара жатқан өсімдіктерді қайта өсіріп, бір-бірімен байлық үшін бақталаспай баянды өмір сүру үшін Жер шарын қорғаудың түрлі жолдарын қарастырғаны жөн.

Табиғатқа құрмет біздің қанымызда бар. Көкті жұлмау, жас шыбықты кеспеу, суды лайламау, қоршаған ортаны қорғау бала күнімізден санамызға сіңген ұғымымыз. Қысқасы, дүниеге келген күннен бастап ұғымырымыз таусылғанша барлық өміріміз табиғатпен біте қайнасып жатады. Бірақ кейінгі кездегі жаһандану дерті көптеген салт-сана, әдет-ғұрыптарымыздан айырылуға мәжбүр етті. Мәселен, қазіргі көп келіндер нәрестені қырқына шығарғанда суға салатын қойдың қырық құмалағынан жиіркенеді.

Ғалымдардың дәлелдеуінше, сәбиге қырық күн толғанда оның терісі сыртқа әлемнің тітіркендіруін қабылдай бастайды. Қырық қойдың құмалағында микробқа қарсы қырық түрлі элемент болады дейді білетіндер. Суға салатын күміс теңге, сөлкебай, тағы да басқа күмістелген заттар уытты жоятын қасиетке ие.


Апаларымыз алаботадан сабын жасайтын. Алабота ең уытты шөп. Оның денеге жұққан зиянды микроботарды өлтіретін қасиетін аталарымыз сонау ертеде сезінген.

Мұндай мысалдар өте көп. Демек, біз ата-бабаларымыздың табиғатты қорғау, оны аялау дағдыларын күнделікті тұрмысымызға қайта сіңіруіміз керек. Сонда ғана табиғатпен жарасымдылықта ұзақ өмір кешетін боламыз.

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti

Jetisý

◆ ДҮНИЕ-ДАБЫЛ



ҚАЗАҚ ТАБИҒАТТЫ ҚАЛАЙ ҚОРҒАҒАН?

Біз қанша көз жұмып қарасақ та күн сайын, тіпті, сағат сайын әлемнің әр түкпірінде туындап жатқан жер сілкінісі, орман өрті, өзендердің тасуы, жердің опырылуы, емі жоқ аурулар, мал індеті, қуаңшылық, судың тартылуы секілді табиғи апаттар адам тіршілігіне орасан зор қауіп төндіруде. Халқымыз жерді анаға теңеп, әлпештеп келген саналы қауым еді. Бүгінгі адамзат сол саналық деңгейінен құлдырап барады. Тек жеке бастың қамын ойлайтынымыздың өзі айтуға ұят.

Қажет АНДАС

Расында, менің бала күнім отарлық саясаттың өршіп тұрған кезінде өтті. Ол кездегі отарлық идеология әсерінен өз ұлтыма деген өзгеше көзқарасымның болғанын жасыра алмаймын. Олар көшпенділердің ұлы мәдениетін жоққа шығарумен қатар біздің ата-бабамызды тек көшіп-қонып жүретін жабайы, мәдениеті жоқ тобыр ретінде ғана көрсететін. Сондай идеологияның әсеріне ұшыраған мен де, менің замандастарым да біраз уақыт солай «ауырып» жүрдік. Біздің өткеніміз жасық, басқалардікі асыл болып та көрінетін. Алғаш қалам ұстап, жазуға жаттыға бастағанда тіпті өз ұлтымды кемсіте жазған дүниелерім де жеке архивімде сақтаулы. Кейде ақтарып отырып, өзімнен-өзім ұялатыным бар. Ол менің кінәм емес. Алайда бүгінгі өткен тарихымыз түгенделіп, ұлттық болмысымыздың шынайы бет-бейнесі айқындалып, мәдениетіміздің мәйегі жарқыраған тұста сол кезде жіберген кемшілікті санадан тазалап, ата-бабаларымыздың асыл қасиетін айқындап бере алмау үлкен қателік болғалы тұр.

Әрине, мен көшпенді халықтың ұрпағымын. Оны тура мағынасында түсінсең, көшіп-қонып жүретін, сайда саны, құмда ізі қалмайтын жұрт. Ал шынайы мәніне үңілсең, судың тұнығын ішіп, шөптің шүйгініне мал жайып, жаз жайлау, күз күзеу, қыс қыстау, көктемде көктеулікке төрт түлігін өсіріп, ырысын байытып, бақытын шалқытқан ел. Көшпенділер мәдениеті, руханияты, өнері туралы жазып жатқандар көп. Мен олардың қоршаған ортаны қорғау, экологиялық тепе-теңдікті сақтау, табиғатты аялаудағы таңғажайып тапқырлығы туралы сөз қозғамақпын. Сондай-ақ, бүгінгі адам баласына апат әкелген алапаттардың емін сол жолдардың сүрлеуінен іздеудің қажеттілігін ұсынсам артық болмас.

Қазақ халқы ең алдымен су қадірін терең сезінген халық. Ата-бабаларымыздың ізі әлемнің қай бұрышында қалмады дейсіз?! «Барар жерің Балқан тау, ол да біздің барған тау», «Тар түп, кең түп, оған да сәлем бердік» деп келетін қанатты сөздер көп бізде. Балқан тауды бәріміз білеміз. Қысқасы, Еуропаға кіретін қақпа, Тар түбі – Үнді мұхитының жағалауы болса, Кең түп – Солтүстік мұзды мұхиты мен Америка құрлығына өтетін Аляска жазығы (бұрынғы атауы басқа болуы мүмкін). Осы тұста әлемнің төрт бұрышын шарлаған бабаларымыз ең соңында кезіндегі Тұран, бертінгі Қыпшақ, бүгінгі қазақ даласын қалайша таңдады деген заңды сұрақ туындайтыны белгілі. Ол су қадіріне деген сүйіспеншілік еді.

Осыдан бес жыл бұрын Жапонияның Токио қаласында өткен Әлемдік экологтар қауымдастығының халықаралық конференциясында су мәселесі сөз болды. Сол жиында жапон ғалымдары судағы элементтердің құрамы туралы ең соңғы ғылыми-талдау қорытындысын жариялады. Олардың пайымынша, судың құрамында 170-тен астам элемент болады екен. Соның бәрі Орталық Азиядағы өзендерден толықтай табылыпты.

«Ауру – астан» дейді халқымыз. Қазақтың асы сусыз жасалмайды. Демек, біздің бабаларымыз сол кездің өзінде дүниені шарлап жүріп, судың тұнығы бар жерге орналасты да, содан бері тапжылмай тұрып қалды. Сондай-ақ, тарихымызды шолып көретін болсақ, соғыстың көбі өзен-дариялардың қайнарын алу үшін болыпты. Қазіргі Қазақстанды суландырып отырған Іле мен Ертіс, Еділ мен Жайық, Шу мен Талас өзендері үшін қаншама қан төгілгенін енді-енді біліп жатырмыз. Осы өзендерге иелік еткен қазақ іргедегі жауға, алыстағы дұшпанға дес бермеп еді. Өкінішке қарай, отаршылдар қазақты өзен мен дарияның қайнарынан айырғанда ғана тізгіндеуге болатынын сол кезде сезінді де, ойлағанын іске асырды. Отарлаушылар Іле мен Ертістің басына Еділ мен Жайыққа, Шу мен Таласқа, Сыр мен Әмудариянның қайнарына ұмтылды.

Халқымызда суға дәрет сындырмау туралы тыйым бар. Біздің ата-бабаларымыз кезінде осындай сұйықтықты суға төккізбей, таза сақтаған өзен-көлдердің бүгінгі жағдайы жан ауыртады. Өзен бойына салынған зауыттар мен кәсіпорындардан шыққан сарқынды суға бақылау жүргізуге салғырт қарайтынымыз өкінішті-ақ. Соның салдарынан бұлақтар сарқылды, теңіз жануарлары мен өсімдіктер жойылып, шұрайлы жерлер шөлейтке айналып барады. Кезінде ақындарымыздың жырларынан оқитын шөп пен ағаштың келешекте тек атауы қалатын сияқты. Мұндай жағдай әлем бойынша өзекті. Демек, қазіргі бүкіл дүние, соның ішінде өзіміз де суды қадірлеуден ажырап барамыз. Мұны қорғаудың бір жолы – бәрін заңмен ретке келтіру. Өкінішке қарай, еліміздің заңы ағашты отап, суды лайлаған, экологияны бүлдіріп, табиғатты ойрандағандарға әкімшілік жаза қолданудан аса алмай келеді. Жалғыз ғана ҚР Экология кодексінің өзі барлық заңбұзушылыққа жауап бере алмай тұр. Өкініштісі, жыл сайын арғы беттен бері қарай ағып өтетін Іле мен Ертіс суының көлемі азайып барады. Соның салдарынан Балқашқа қауіп төне бастады. Эколог ғалымдардың айтуынша, Балқаш көлі суының тереңдігі 4 метрге түсіп кетсе, бір күнде буланып кететін көрінеді. Қазір оған екі метр жетпей тұр. Демек, ертерек ойланбасақ, аймағымызда екінші Арал қасіреті орнап қалуы әбден мүмкін. Балқаш сарқылса, Жеті суы арқыраған жер жаннаты Жетісудың хәлі не болмақ?

Қазақ – таза халық. Арыға бармай-ақ қоялық, бала күнімізде жазда жайлауға, күзде күзеуге, қыста қыстауға, көктемде көктеулікке көшіп жүргенді көзіміз көрді. «Бір жерде отырып та өмір сүруге болады ғой» деп ойлаушы едік сонда. Сөйтсек, бұл көш табиғатты қорғаудың ең ұтымды тәсілі екен. Ол бір жағынан мал мен жанды індеттен сақтау үшін болса, екіншіден, қоршаған ортаны қорғаудың ең озық амалы. Соның әсерінен табиғат ойран болмайды, өсімдік құрымайды, су лайланбайды. Тіпті, тіршілік көзі мен азық-түлікті табиғи өнімнен алатын адамдарға ауру-сырқау жолай алмайды. Оны қойшы, жайлауда қалың ағаштың ішінде отырсақ та үлкендер жас ағашты қидырмайтын. Отқа малдың қиын немесе құраған ағашты жағатын. Өйткені, олар орманның оталуы қоршаған ортаны бүлдіріп, судың тартылуына, тіршіліктің бүлінуіне әкеп соғатынын білген. Қазір ше, сол аталарымыз көзінің қарашығындай қорғаған орманды отап біттік. Үй тұрғыздық, жиһаз жасадық. Үйіміз көздің жауын алатын жиһазбен толып тұрғанымен, дала қу медиенге айналды. Соның салдарынан су тартылып, жерді құм басып барады. Амазонка аңғарындағы ауыр жағдай, Сібір ормандарының оталуынан туындаған Солтүстік мұзды мұхитындағы мұздықтардың еруі, Іле мен Жоңғар Алатауының қосылған тұсындағы ормандардың мейлінше кесілуінен Тянь-Шань тауларындағы мұздықтардың еруі біздің өмірімізге әсер ете бастады. Шоқан Уәлихановтың жазбаларында Іле өзеніне құятын 27 кіші өзеннің аты аталады. Соны түгендеп көріп едім, ұзын санын 11-ге жеткіздім. Олардың су қайнары да өзен деуге келмейді, бұлақ болып қалған. Өткен жылы әлемнің тек екі өңірінде өсетін, Қазақстанның байлығы саналатын, Үйғыр ауданына қарасты Ерентоғайдың 17 гектар аумағы құрап қалғанын күйіне жаздық. Бірақ нақты шара әлі де қабылдана қойған жоқ. Осының бәрі – орман байлығын орынсыз пайдаланудан келген зардап. Бұл соңғы 30 жылда болған қауіпті құбылыс.

Кейінгі бес жылда әлемнің кейбір аймағында болған соғыс салдарының да табиғатқа келтірген зияны санап тауысқысыз. Қираған қала, құлаған үйді айтпай-ақ қоялық, қаншама гектар табиғи орман, қолдан жасалған жасанды бақ, гүлзарлар отқа оранып, су қоймалары жермен-жексен болды. Бұл бізден шалғайда болып жатқанымен, оның Жер шарына келтірген зиянын ешкім есептеген жоқ. Бүкіл әлем біртұтас тұлға деп есептесек, ол жақта болған өрттің зардабы ертең бізге құм болып ұшып, ауру болып тарап, құйын болып қаптап келмесіне кім кепіл?! Осы тұрғыдан келгенде біздің бабаларымыздың тағы да аңғарымпаздығына тәнті боласың.

Қазақ даласында ат ауыздығымен су ішіп, ер етігімен су кешкен дәуірлер өтті. Осы далада сан мыңдаған жауынгер қатысқан ұлы шайқастар болды. Арғысын айтпағанның өзінде, бізге көп таныс Бұланты, Білеуті, Алакөл, Шыңғыстау, Аңырақай, Түркістан шайқастарын зерделеп көретін болсақ, бәрі табиғатқа еш залалы тимейтін жерде болыпты. Шайқастар орманы сирек, үлкен өзендерден алыс аймақтарда жүрді. Бабаларымыз орманды өртке орағысы келмеді, шылқыған қан, дертпен суды лайлап, жұқпалы ауруларды таратқысы келмеді. Сондықтан олар табиғаттың осы бір тосын апатынан өздерін де, келешекті де сақтап қалу үшін ашық жерлерді таңдап алған.

Қазір бүкіл дүниежүзі экологиялық апаттардың алдын алу үшін күресіп жатыр. Тіпті, өткен жылы экологиялық мәселеге оң көзбен қарамағандығы үшін Чили халқы өз Президентіне қарсы шығуға дейін барды.

Бір сөзбен айтсақ, біздің бабаларымыз табиғаттың байлығын қалай қорғаса, сол қасиетті өзімізге де, бүкіл әлемге де үлгі ететін күн туды.



175 JYL
Abai Qunanbaiulynyń mereitoiy

«Сурет әлеміндегі Абай бейнесі» атты облыстық кәсіпқой суретшілердің туындыларынан жинақталған көрме-байқаудың ЕРЕЖЕСІ

Өтетін орны: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, №27 "А"

БАЙҚАУДЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ:

Ұлы ақын, ойшыл, дана Абай Құнанбайұлының рухани мұрасын насихаттау мақсатында Абайдың жарқын бейнесін кеңеп бетіне түсіру. Сурет өнері арқылы өскелең ұрпақтың ел мен жерге деген перзенттік махаббатын, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру.

Облыстық кәсіпқой суретшілердің туындыларынан жинақталған көрме ұйымдастыру, жұмыстарын насихаттау, олардың тың шығармаларымен галерея қорын толықтыру.

БАСТЫ ТАЛАПТАРЫ МЕН НЕГІЗГІ ШАРТТАРЫ:

1. Байқауға барлық кәсіби суретшілер қатыса алады.
2. Әр үміткер 3 туындыдан өткізуі қажет:
– багетімен безендірілген;
– туынды көлемі 80х100 см.-ден кем болмауы тиіс.
3. Туынды төмендегідей тақырыптарды қамтуы тиіс:
– дара тұлға – Абай Құнанбаевтың бейнесі, портреттік жанр (графика, майлы бояу, су бояу, гуашь, акрил);
– Абай Құнанбаевтың шығармаларынан Отан, жер, туған ел табиғаты және т.б.
4. Әр үміткердің шеберлігі ескеріледі.
5. Жүлделі орындарға ие болған суретшілердің туындылары облыстық Көркемөнер галереясының негізгі қорының экспонаты ретінде сақтауға алынады.
6. Қазылар алқасының таңдауымен байқауға қатысушылардың суреттері «Абай» кітабына енгізіледі.

ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ:

7. Қазылар құрамына кәсіби білікті мамандар кіреді;
8. Қазылар алқасы белгілі бір орынды бермеуіне немесе екі адамға бөліп беруге құқылы;
9. Қазылар алқасының шешімі өзгертілмейді.

ӨТІНІШ БЕРУ ШАРТТАРЫ:

10. Үміткердің өтініші мен туындылары 2020 жылғы 25 қаңтар мен 15 наурыз күндері аралығында қабылданады;
– заңды түрде расталған төлқұжатының көшірмесі;
– үміткердің өмірбаяны;
– үміткердің көрмеге қойылатын туындыларының 13х18 көлемдегі түрлі түсті фотосуреттері /электронды нұсқасымен/;
– мекенжайы, байланыс телефондары.
11. 2020 жылдың 15-20 наурыз күндері аралығында іріктеу жұмыстары жүргізіледі;
12. 2020 жылдың 20 наурыз күні байқау қорытындысы негізінде көрме ұйымдастырылатын болады.

ЖҮЛДЕГЕРЛЕРДІ МАРАПАТТАУ:

Бас жүлде	–	300 000 теңге
Бірінші орын	–	250 000 теңге
Екінші орын	–	200 000 теңге
Үшінші орын	–	150 000 теңге

ЫНТАЛАНДЫРУ ЖҮЛДЕЛЕРІ – 3

«Үздік кескіндемеші»	–	50 000 теңге
«Үздік сюжет»	–	50 000 теңге
«Үздік композиция»	–	50 000 теңге

Ұйымдастырушылар: «Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесі, «Көркемөнер галереясы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Байқауға туындыларды 2020 жылдың 25 қаңтар мен 15 наурыз күндері аралығында ұйымдастыру комитетіне төменде көрсетілген мекенжайға кешіктірмей жіберуі қажет. Соңғы қабылдау күні 15 наурыз 2020 жыл.

Облыстық Көркемөнер галереясы
Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 27 "А"
Байланыс телефондары: 8(7282) 24-53-38, **тел/факс:** 24-52-50.
Электронды пошта: k.galereya@bk.ru

◆ БІЛІМ

БАЛА БОЛАШАҒЫН БҮГІННЕН ҚАЛА

Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесінің (МБЖЖ) басты идеясы – күллі қазақстандық үшін білім алуды мейлінше қолжетімді ету. Мемлекет өз тарапынан бізге балаларымыздың болашақта білім алуына алдын ала қаражат жинақтауға керемет жағдай жасады және бүгінде көптеген адам осы мүмкіндікті пайдалана бастады.

Бағдарлама идеясы «AQYL» деп аталатын нақты брендке, тұжырымдамаға, фирмалық стильге айналып отыр. Балаларымызға тілейтініміз де ақыл-ой, парасат, білімділік емес пе?

«AQYL»-дың басты көздегені, міне, осы – болашақта білім алудың әрбір қазақстандыққа қолжетімділігі. Өз сөзінде, ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Қаржы орталығы» АҚ президенті Асқар Ибраимов былай деді: «Егер ата-аналар оқуға қаражатты мақсатты түрде және алдын ала жинақтайтын болса, болашақта қалаған білімін алатын балалар қатары артатын болады. МБЖЖ өзінің өміршеңдігін толыққанды көрсете білді. Ол бойынша депозит ашқан отандастарымыз балаларының болашақта білім алуын инвестициялайды».

Осы жүйе бойынша кез келген адам өзінің немесе баласының атына білім беру жинақтау салымын ашып, оны болашақта Қазақстанда немесе шетелде кәсіптік-техникалық және жоғары білім алу үшін оқу ақысын төлеуге жұмсай алады. Білім беру депозитіне банктен пайыздар, оған қоса жыл сайын 5% немесе әлеуметтік әлсіз санаттағылар үшін 7% мемлекет сыйлықақысы үстемеленеді.

Есептеу мысалы (теңгемен):

Ай сайынғы жарна (міндетті емес)	10 жылға барлығы
3000	872.000
7000	1.989.000
10.000	2.826.000

Есептеулерге сәйкес, ай сайын білім беру салымына 10 мың теңгеден қаржы салып отырса, 10 жылдың ішінде 2,8 млн. теңгеден астам қаражат жинақтауға болады. Оның ішінде салынған қаражат үлесі 1.198.000 теңгені, ал мемлекеттік сыйлықақысы мен банктің сыйақысы – 1.628.000 теңгені құрайды.

МБЖЖ-ның артықшылығы көп, ол барлық қазақстандыққа басты байлығымыз – балаларымыздың болашағына деген сенімділігін қалыптастыруына және олардың лайықты білім алуына жол ашады. Сондықтан табыстылықтың берік іргетасын ертең емес, кәзірден қалап, нақты істі батыл қолға алған дұрыс. Ол үшін «AQYL» БІЛІМ БЕРУ ДЕПОЗИТІН АШЫП, БАЛАҢЫЗДЫҢ БОЛАШАҒЫН БҮГІННЕН ОЙЛАҢЫЗ!

Алма ТОПАНТАЙ

◆ ТӘРБИЕ

ТАНЫМДЫҚ КЕШ

№ 15 орта мектепте «Ата-баба дәстүрі – ұрпаққа аманат» бағдарламасы аясында «Ұлы Даланың жеті қырын» насихаттау мақсатында «Алма бағы жайнаған, бұлбұл құсы сайраған, жер жаннаты – Жетісу» тақырыбында әдеби-танымдық кеш өтті. Шарада жас ұрпаққа Жетісудың киелі жерлерін, өлкемізден шыққан танымал тұлғаларды насихаттап, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру көзделді.

«Тәрбие табалдырықтан басталады» дегендей, кіреберісте оқушылардың өз қолымен даярлаған қолөнерімен таныстық. Мектеп директоры Ләззат Кертаева қазақ даласының қай бұрышын алсаң да тарихи тағылымға, ашылмаған сырға, қойнауы құт-ырысқа толы екенін айта келіп, туған өлкенің әр тасы алтын, жусаны жұпар, шыбық қадасаң тал, дән тастасаң бау болған топырағының құнарлылығын мақтан тұта дәріптеп кешті бастап берді.

Иә, асқақ Алатаудың баурайында өскен алма мен қызғалдақтың тарихи отаны Жетісу екенін адамдардың бірі білсе, бірі білмес. Қазақстан әлемдегі алма атауларының арғы атасы – Сиверс алмасының Отаны. Тарихқа көз жүгіртсек, Ресей патшасы Романовтар әулетінің таққа отырғанына 300 жыл толуына байланысты жасаған тойына қазақ даласынан сұлтандар алма апарып, әлемге әйгілі болған деседі. Дәмінің ерекшелігі, иісінің тәттілігі мен алқызыл түсімен көз тартқан алманың атағы сөйтіп әлемге жайылған екен. Сонымен қатар, Жетісу талай алыпты, даналар мен ақындарды дүниеге әкелген ардақты мекен. Ескелді, Балпық би, Қаблиса жырау, Қаракерей Қабанбай, жыр сүлейі Сүйінбай, жыр алыбы Жамбыл, Сара ақын, Ілияс, Мұқағали, Дінмұхамед Қонаев, Нұрсұлтан Назарбаев сынды ардақтыларымыз өмірге келген, Шарын, Рай, Алакөл, Бұрқан-бұлақ, Хан Тәңірі, Тамшыбұлақ, Шыңғысханның шатыры, ежелгі Қойлық сияқты киелі жер-суымызбен әйгілі мекен. Көкорай шалғын алқабы, төбесін мұз басқан биік-биік таулары, сылдырай аққан кәусар бұлағы, мөлдір көлдерімен де аян!

Осының бәрін алға тартып, оқушылардың Жетісу жерінің тарихына бойлай қойған қойылымдары көпшілікті тәнті етті. «Талдықорған әуендері» фольклорлық-этнографиялық ән-би ансамблінің әншісі Нұржан Ахметбековтің «Алакөл», әжелердің шырқаған «Жетісу» әні кештің көрігін қыздыра түсті. Мазмұны терең тәрбиелік сағаттың үлкенге де, балаға да бергені мол болды.

Нұртай УӘЛИҚЫЗЫ,
Талдықорған қалалық ардагерлер ұйымының «Ғарышкер» шағынауданы филиалының төрайымы, ардагер ұстаз

Жетісу

25 желтоқсан, **сенбі**
2010 жыл

● Алматы облыстық қоғамдық-саяси газет ● e-mail: **Jetisu2**

Зерде

№12
ЖЕЛТОҚСАН





"Жетісу" газетінің білім, ғылым, тәрбие жөніндегі беті тел: 24-30-57.

Жауапты шығарушы Қажет АНДАС.

«Зерденің» айтары

МЕКТЕПКЕ БАРМАЙТЫН БАЛА

неге көбейді?

Қажет АНДАС,
«Жетісу»

Барлап қарасақ, қазақтың оқудан қалған еншісі көп. Ыбырай Алтынсариннен басталған оқыту үрдісіміз қазақ даласына білімнің шам-шырағын жағып, содан кейінгі бір-екі ұрпақ өкілдеріне өз ықпалын тигізді. Кейін орысша білім беру жүйесі «Абайдай артына сөз қалдырған» даналардың өсіп шығуына сеп болды. Кеңестер Одағындағы саясатты қанша сынағанымызбен оның қазақ ағартушылығына бетбұрыс әкелгенін жасыра алмаймыз. Ал *бүгінгі таңда* қазақстандық білім беру жүйесі қалыптасып үлгерді десекте, кейінгі жылдары оқуға деген ынта төмендеп кетті.

Әрине, қолға алынып жатқан шаралар жетерлік. Жаңа оқу маусымы басталмас бұрын мектеп жасындағы балалардың толық оқуға баруын қадағалау мақсатында түрлі шаралар ұйымдастырылады. Сондай-ақ, жыл сайын білім беру саласына бөлінген қаржы мөлшері артып, мектептерді заманауи құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етіп, балалардың алаңсыз білім алуына қажетті мүмкіндік жасалуда. Десе де, бүгінгі таңда дала безер болып бара жатқан балалардың саны күн өткен сайын артып келеді. Айтар ойымыз дәлелді болу үшін, мына дерекке назар салайық.

Облыстық ішкі істер департаменті тарапынан өткізілген «Жаппай оқыту» алдын алу іс-шарасы барысында ағымдағы жылдың 9 айында 46 оқушының сабаққа бармай жүргені анықталып, 3-еуі сабаққа отырғызылған. Зерделеп көрсек, олардың сабаққа бармауының ең басты себебі отбасындағы әлеуметтік жағдайының төмендігі. Оған жоғарыда айтылған 43 баланың 23-і аз қамтылған, 20-сы жағдайы төмен отбасы балалары болып шыққаны дәлел бола алады. Әрине, айналамызда баласының жай-күйі емес, жеке басын асырау қиын соғып жүрген адамдар баршылық. Тағдыры солай десек те, бұған талқысы ауыр нарықтық қатынастың да қатысы бар. Біз кейде: «Оқу тегін, кітап тегін, «Мектепке жол» бағдарламасы бойынша қолдау көрсетіп отырмыз», – деп ұпайымызды толықтаймыз. Десе де, балалардың алаңсыз білім алуын қамтамасыз ететін жоба-жоспар, заңнамалар бар болғанымен *бүгінгі әлеуметтің әлеуетін* негізге алғаны санаулы. Қысқасы, жүктің салмағын білім беру мекемелеріне аудара салатын жағдай етек алып кеткен. Енді бірі, көші-қон саласындағы ретсіздік сабаққа бармайтын балалардың санын көбейтіп отыр. Оған жоғарыда айтылған 43 баланың 10-ы шетелден *келген қандастарымыздың* балалары болғандығы. Бұған бола шеттен келген қандастарымызға түйіле қарауға болмайды. Өйткені, қазір көші-қон жұмысының өзі жүйелі қолға алынбай келеді. Бір ауылдан тағы бір мекенжайға көшуіне орай реттелген құжаттың қайта-қайта жаңартылуы қаракөздеріміздің ығырын шығарады. Мұнда шетелден келгендерді көшірмей, бір мекенжайда мәңгілік ұстайтын заң жоқ. Сондықтан көші-қон полициясы тым құрығанда оқу жасындағы балалардың құжатын электронды жүйе арқылы реттеп, ғаламтор арқылы мәлімет алмасуға мүмкіндік жасаса, сабаққа бармай жүрген балалардың саны азаяр ма еді.

Сонымен бірге, кейбір білім шаңырақтары өз жауапкершілік жүгін жете сезінбей отырғандығы көңілге күдік ұялатады. Оны алыстан іздемей-ақ қоялық, кәнігі оқырмандар газетіміздің 2 қазан күнгі санында жарияланған «Мектеп директорына сөгіс жарияланды» *атты мақаланы оқыса, көп* жайға қанық болары анық.

№1
Қаңтар

ЗЕРДЕ

"Жетісу"газетінің білім, тәрбие жөніндегі беті

Жауапты шығарушы Қажет АНДАС. Тел: 24-30-57

«ЗЕРДЕНІҢ» АЙТАРЫ

Қашанда баласы бәйгеге шапқанда үйде отырып тақымын қысатын халықтың перзенті емеспіз бе? Мұқағалиша айтсақ, бір дарын шықса, халқына танылмай қала ма деп те қамығып жүретініміз тағы бар. Өйткені, бірден-бірге ұласқан тарих көші таланттарымен танылып, тасқа басылып жазылатыны шындық. Сондықтан да халқымыз: «Ақыл жастан, асыл тастан» деп тұжырымдапты. Сол қатарда сәби кезінен ерекше қабілетімен келешегін абзал жолдармен өрнектеген Бекболат Саржанұлы да келеді. Әрине, біз оның болашақта талай табысты еңбек жазатынына сеніп осылай айтып отырмыз. Қатарласынан қара озып шыққан қабілетіне сенім артқандығымыз.



Бала ақын

Жетісу
Қажет АНДАС

Шаған тауының баурайында туып-өскен Бекболат Саржанұлының өлеңге деген құмарлығы 2003 жылы Көксу ауданы, Ақтекше ауылындағы Қабан жырау (Қаблиса) атындағы орта мектептің бірінші сыныбына қабылданған кезінде-ақ біліне бастайды. Ол балалық жүрегінен туған алғашқы өлеңін ата-анасына арнап жазды.

Ана деген алтыннан
да қымбатты,
Маған қарап «Құлыным»
деп үн қатты.
Ана есімі құрметті
гой қашанда,
Барлық ақын оған
жырын арнапты, –

деп анасын әспеттесе:

Жаны жайсаң, құшағы
кең, әкешім,
Өзің ақын, мейірімді екеңсің,
Биігіне жеткелеген өнердің,
Біліммен еңбегіңді өтермін, –

деп әкесін ардақтап, балалық сенімін білдіреді. Бұл оның тырнақалды туындысы болғанымен өлең өлшеміне сай келген тәп-тәуір дүние екеніне әркім шүбаланбас. Міне, осылай өнер жолына өлең сүрлеуімен өрлеген балғын ендігі қабілетін әдеби сайыстарда сынап көрді. Бастауыш сыныпта жүргенде-ақ ауандық, облыстық Қабан жырау, Абай, Шәкәрім, Ілияс, Мұқағали оқуларына қатысып, бас жүлдені басқаға бермей жүрсе, республикалық «Ақбота» марафонында III орынды иелініп, облысымыздың атын асқақтатты. Өңірімізде өтетін жас ақындардың мүшәйрасында біліктілігін байқатса, оқуда үздік, өнерге бейім ол 2007 жылы облыстық Президент шыршасына қатысып, өз өлеңдерін оқып, облыс әкімі Серік Үмбетовтің назарына ілікті. Ал 2009 жылы облыс әкімінің қабылдауында болып, «Барыс» бейнеленген көлемді естелік сыйлыққа ие болғаны Бекболаттың шабытына шабыт қосып, отбасына үлкен қуаныш сыйлағаны анық. Ізінше оның өлеңдері «Жауқазын жыр жанымды жүр мазалап» атты жас ақындардың жыр жинағына еніп, оқырмандардың ықыласына бөленді. Оның өлең өлкесіндегі жаңалығын ақын, қоғам қайраткері Мұхтар Шахановтың жоғары бағалағандығы көңілге қуаныш ұялатады. Әрине, мұндай жетістіктерін тізе берсек жеткілікті. Мұнда оны басқадан даралап тұрғаны – Төлеген, Олжас, Мұқағалидың ізін қуа өлең әлеміне жол алып, өзіндік өрнек, түйінді тұжырым жасай алатын даралығы. Сөзімізге дәлел ретінде «Абай рухымен сырласу» атты туындысынан үзінді келтірейік:

... Алысқан мыңмен жалғыз
қайран бабам,
Менің бар кейбіреуге
мұң мен налам.
Бұл күнде басқа жұрттар
қазақшалап,
Өз ұлтым тілін білмей
кетті мазам.
Ес білгені көргенім
осы заман,
Айыр тілді болып жүр
әлі де адам.
Жас намыссыз, қарт ойсыз
болып жүрсе,
Келешекке ертеңгі
қалай барам?!
Осыны айтам аруақты
Абай данам.

Қазақтың мен де ақын
баласымын,
Барша жұртқа болатын
жанашыры.
Дана, дара өзіңдей болсам
деймін,
Адамзатқа арнаған
сөз асылын,
Қолдай гөр рухыңмен
Абай бабам.

Қарап отырсаңыз, басқаға еліктеуден аулақ, поэзияға өз ізін салғысы келетіндігін аңғарамыз. Біздің айтарымыз, қазір Ш. Смағұлов атындағы облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттың 7 сыныбында оқып жүрген Бекболаттың қаламын қару етіп талай биікке жететініне тілектестік білдіру. Ертеңгі болашағын оның өзі жасайды.





ЗЕРДЕ

"Жетісу"газетінің ғылым-білім және тәрбие беті.

Жауапты шығарушы Қажет АНДАС. Тел: 24-30-57.

«ЗЕРДЕНІҢ» АЙТАРЫ



Қазақ поэзиясы қашанда қарымды қаламгерлерден кенде болмаған. Кешегі ұрпақ қазақ эпостарындағы батырлықтан нәр алып, Абай рухымен суарылған Алаш ұландарының отты жырларымен ой өрсе, бүгінгі буын Алаштың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевты муза тұтады. Бізді ақын шығармашылығына ден қойып, оның кәусарынан нәр алған өскелең ұрпақтың қатары күн санап өсіп келе жатқандығы қуантады. Соның бірі - Талдықорған қаласындағы Е. Бердіқожаұлы атындағы №11 орта мектептің 11- сынып оқушысы Өркен Сәйдібекұлы.

ІЗБАСАР

Жетісу
Қажет АНДАС

Туғанда өлеңмен ой өріп, жер қойнауына да жыр жолдарымен аттанатын қазақ баласының өнерге бейім өсетіні анық. Бұл біздің ұлттық құндылығымыз. Өркен де балғын шағынан көргеніне құмартып, білмегенін үйренуге талпынып өсіпті. Оның да өзіндік себебі бар. Әкесі Сәйдібек он саусағынан өнер тамған хас шебер еді. Астана қаласының 10 жылдық мерейтойында Ақорданың алдына тігілген 12 қанат ақбоз үйді жасаған осы кісі. Ұлттық қолөнерді әспеттейтін отбасында ержеткен Өркеннің де осы салаға бейім болып өсуі керек еді. Басында әкесі оны өзіне ізбасар етіп тәрбиелегісі келіп көп тырысты. Ертіп жүріп, шеберліктің сан қырын үйреткісі келді. Бірақ, бала Өркен әкесінің айтқанын тыңдамай, керісінше, кітап оқуға, өлең жаттауға ынталана бастайды. Бастауыш сыныпта жүргенде әкесі оның қолынан Мұқағали Мақатаевтың жыр жинағын көріп, оқи бастайды. Сырлы ойдың түкпіріне тереңдей бойлаған ол енді баласына өз ұстанымын тықпалай берудің керексіздігін сезінеді де балаларға арналған кітаптарды сатып әпере бастайды. Ал оның өлең жазуға талпынып жүргенін көрген мұғалімдері де шығармашылығын шыңдауға көп тер төгеді. Орта мектеп табалдырығын аттаған соң өніндегі аға буын қаламгерлермен жиі араласып, сыр-сұхбат құрады.

Қазақтың батырлық дастандарын, Абай, Жамбыл, Мағжан, Ілияс, Мұқағали мұраларын жаттайды. Ол қазір Абай өлеңдерінің денін жатқа білсе, Мұқағалидың 150-ге жуық өлеңін, бірнеше поэмасы мен дастанын жаттап алған. Тіпті, өз жанынан шығарған бір кітапқа жүк болатын өлеңдері де оқығанның көкейіне ұялайтын ойлылығымен айшықталады. Бірнеше рет түрлі байқауларға қатысып, жүлдегер болып жүрген ол биыл қалалық «Мұқағали оқуларының» бас жүлдесін жеңіп алып, облыстық байқауға жолдама алды. Осы байқауға қатысқан әділқазылар оның ұстамдылығы, жазған өлеңдерінің ойлылығы, ойының тереңдігі, Мұқағали поэзиясы жайлы көп білетіндігі мен өленді Мұқаңның әуенімен оқитын артықшылығын жоғары бағалады. Әрине, өзі жазғандай:

Жасыма дос, жүзіңді
жасқа малып,
Жас ағызып, жат ырым
бастамалық.
Өмір деген бірде – мұң,
бірде – шаттық,
Өзіңді-өзің жасытпа
босқа налып.
Нұрлы таңнан алдағы
үміт үзбе,
Тірлік деген түнек түн,
бірде жарық,

– дегендей, оның алдынан сан сынақтың дөп келері анық. Оған қайыспай қарсы тұрып, қинала жүріп шыңдалатын ақын боларына немесе өзге жолдан бақ іздерін өзі шешеді. Біздің айтарымыз, Өркеннің үлкен ақын боларына ақ жол тілеу ғана.

Өнерден өрлік іздеген...



Әлемде қанша ұлт болса, оның бәрі де өзінің құндылығымен ерекшеленіп жатады. Осы тұрғыдан келгенде, тал бесіктен жербесікке енгенше өмірі өлеңмен өрілетін халқымыздың өнебойы өнерге бейім тұрады. Бұл біздің қанымызда бар даралық қасиет. Осы ұлылық халық жырларынан, эпостарынан, әні мен күйі арқылы бастау алады. Сондықтан бүгінгі ұрпақты шынайы қазақы болмысқа ие, ұлтжанды, отансүйгіш етіп қалыптастырамыз десек, оларды сәби шағынан өнерге жақын, инабатты етіп өсіруге ден қойған дұрыс.

Жетісу
Қажет АНДАС

Осы ретте, балаларын қатарласынан қалдырмай, олардың жолын ашып жүрген отағасы мен отаналары аз емес. Соның бірі Талдықорған қаласында тұратын Әбдірахман Әріпұлы мен Нұрсара Әнуарбекқызының отбасы. Өзі сазгер, бірталай әннің авторы, бүгінде бір қыз, бір ұл өсіріп отырған Әбдірахман балаларының бойына ұлылықты өнер құдіретімен сіңіруге талпыныс танытып келеді. Бұл да тегін емес. Халқымызда: «Қанына тартпағанның қары сынсын» демей ме, ұлы аталары Шылбы Көбекұлы қазақ даласына аты мәшһүр, өз дәуірінің «Әлімақыны» (мүпти) атанған діндар адам. Әйгілі ақын, әнші Әсет Найманбаевпен үзеңгілес, шікірлес болған ақын. Бала жасынан атасының асыл мұрасын оқып өскен Әбдірахман қызы Іңкәр мен ұлы Еламанды сәби күнінен баба парасатымен сусындатуға күш салды. Арманы алдаған жоқ, екі құлыншағы әкенің айтқанын бұлжытпай орындап, ұлағат пен адамгершілікке мол ұлттық қасиетке ден қойды. «Балапан ұяда не көрсе ұшқанда соны іледі» демей ме, бастауыш сынып табалдырығын аттаған Іңкәр өнерге бейімділігін танытып, бірден көзге түсті. Басында мектепте өткен іс-шараларға белсене қатысып, өнер көрсеткен ол 2006 жылдан бастап Талдықорған қалалық өнер мектебінің мұғалімі Серікжамал Әжібековадан эстрадалық ән айту әдісін меңгерді. Осыдан бастап оның жолы ашылып, арманы ұштала бастады. Үлкен сахнада өнер көрсету мүмкіндігіне ие болып, бабы мен бағын сынайтын байқауларға қатысып, жүлделі орындарды еншіледі. Айталық, 2009 жылы М. Жұмабаев атындағы №19 мектеп-гимназиясында өткен «Мағжан аруы» байқауының бас жүлдесін иеленсе, облыстық мәдениет басқармасы мен Композиторлар одағы ұйымдастырған «Өткен жылдың жаңа әндері» атты облыстық байқауында ән номинациясы бойынша ақын Гүлнар Сләмқызы мен сазгер Әбдірахман Әріпұлының «Анаға тұңғыш жыр» әнін орындап, жеңімпаз атанды. Талдықорған қаласы әкімінің жүлдесіне арналған IX дәстүрлі «Талдықорған шұғыласы» жас таланттар байқауында «Эстрадалық ән салу» номинациясы бойынша ерекше орындаушылық шеберлігімен танылып, мерейленді. Ал ағымдағы жылы ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туғанына 80 жыл толуына орай өтіп жатқан іс-шараларға белсене қатысуда. Айталық, жуырда облыстық мәдениет басқармасы мен халық шығармашылық орталығы ұйымдастырған «Жырлайды жүрек» облыстық дәстүрлі әншілер байқауында жүлдегерлер қатарынан көрінсе, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде өткен «Поэзия, менімен егіз бе едің» атты жыр кешінде белсенділік танытқаны үшін университет ректоры Әбдіманап Бектұрғановтың қолынан Алғыс хат алды. Әрине, Іңкәрдің басқа да жетістігі жетіп-артылады. Орта мектеп қабырғасында жүріп қатарластарынан оқ бойы озып шыққан Іңкәрдің актерлік қыры да бар. Оған өткен жылы қала мектептері арасында өткен «Сахна саңлағы» байқауында ол жетекшілік еткен топтың бас жүлдені жеңіп алғаны дәлел болады.

«Өнер биігіне шығу үшін сегіз қырлы, бір сырлы болу керек» деген ұстанымға берік Іңкәр эстрадалық ән айтумен қатар домбыра шертіп, гитара да ойнайды. Халық әндері мен термені де тамаша орындайды. Пианиноны жетік меңгеруге де ден қоюда. Сондай-ақ, облыстық Б. Римова атындағы драма театрында ұзақ жылдар жұмыс істеген сахна саңлағы Өмірсерік Қалиевтің жетекшілігімен сахнаның сыры мен құпиясына қанығуда. Оның өнерге деген құлшынысын жоғары бағалаған Өмірсерік аға: «Театр өнеріне Іңкәр сияқты ділі мен жүрегі үндескен жастардың көп келгені артық болмайды», – деді бізге берген сұқбатында. Әрине, өнерге оң көзбен қарайтын отбасында ержеткен оның болашақта арманда-ған биігіне жетеріне сенеміз. Ол Т. Жүргенов атындағы өнер академиясына түсіп, сахна өнерін игеруді армандайды. «Талап бар жерде табыс та болады», біздің айтарымыз осы. Ал, келешегін қалай өрнектеу оның өз қолында.

№6
Маусым

ЗЕРДЕ

"Жетісу"газетінің білім, тәрбие жөніндегі беті.

Жауапты шығарушы Қажет АНДАС. Тел: 24-30-57

ЗЕРДЕНІҢ АЙТАРЫ...

- Білімнің басы бейнет, түбі зейнет.
- Білімді бесіктен тесікке дейінізде.
- Күш білімде, білім кітапта.
- Білегіңе сенбе, біліміңе сен.



Жігіттің үш жұрты болады деген халқымыз «Нағашы жұртың – шыншыл», – деп тегін айтпаса керек. Ертеден бүгінге жеткен бұл нақыл сөзде өмірдің терең шындығы жатқанын білеміз. Талдықорған қаласындағы Макаренко атындағы № 6 орта мектеп оқушысы Алтынардақ Жомарт үшін бұл ұғымның мәні терең. Өйткені, оның балалық болмысының қалыптасуына нағашы атасы Семинар Әпселеңнің ықпалы көп болды.

"БАЛА Райымбек"

Жетісу
Қажет АНДАС

Былдырлап бала тілі шыққаннан бастап немересіне ертегі оқып беруден жалықпаған атасы мектеп қабырғасында жүрген кезінде түрлі байқауға қатысуына дем береді. Сондықтан, бастауыштың төменгі сыныбында оқитын Алтынардақ жоғары сынып шәкірттерімен тайталасып, талай сайысқа қатысады. Тіпті, жүлделі орынды қанжығасына байлап, мектеп абыройын асқақтатты. Кейін орта мектептегі сынып жетекшісі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Гүлнафис Құрманәлікызының жетекшілігі мен анасы «Күншуақ» санаторийінің қызметкері Нұргүл Семинар қызының дем берумен сабақтан тыс уақыттарының денін өнер мен әдебиет саласына ден қоюға арнайды. Түрлі үйірмеге қатысып, демалыс күндері кітапханадан шықпайды. Қазақ классиктерінің шығармаларын оқып, одан өзіне керектісін іздейді. Құлшына жүріп, жыл сайын аудандық, облыстық, республикалық Абай, Шәкәрім, Мұқағали оқуларына, Оралхан Бөкей атындағы «Көркем сөз оқу» шеберлерінің, «Талдықорған шұғыласы» атты жас таланттардың байқауларына қатысып, бас жүлдені ұйысынан шығармады. Өсе келе театр өнерінен де бағы жанды. Басқасын айтпағанның өзінде, 2009 жылы Мұқағали Мақатаевтың «Райымбек, Райымбек» спектаклін сахналағанда бала Райымбектің рөлін сәтті сомдады. Биржан сал Қожағұлұлының 175 жылдық тойына орай, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Қарағанды облысы әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен республикалық театр фестивалінде

Б. Римова атындағы облыстық театр бас жүлдені иеленсе, бала Райымбекті сомдаған Алтынардақ Қарағанды облысы әкімі арнайы тағайындаған «Жеткіншек» сыйлығымен марапатталады. Бұл оның бүгінге дейінгі ең үлкен жетістігі саналады. Бүгінде қатарластары «Бала Райымбек» атап кеткен ол қаламызда өтетін мәдени шараларда жүргізушілік шеберлігімен жұртқа танымал.

Арманын жетістіктермен үкілеген жас талант биыл 9-сыныпты үздік бағамен тамамдады. Келешекте үлкен сахналарда қазақтың біртуар тұлғаларының бейнесін сомдауды армандаған ол келешегін актерлық жолдан іздеуді мақсат етіп отыр.

МАМАН МІНБЕРІ

Ұлт

Аулада ойнап жүрген қарадомалақ ұлды ағаштан, темірден түйін түйетін шебер Қағазбек атаның қолынан шыққан заттар өте қызықтыратын. Немеренің талпынған ниетін байқаған ата кішкене домбыра жасап, енді ата мен немере бір уақыт өнер кемесіне отырып, бірге жүзеді. "Талапты ерге нұр жауар" деп халық бекер айтпаған. Міне, осылай бала күнінен атасының ризашылығын алған Рақымбек 1969 жылы ауылдағы орта мектепті аяқтап, сол мектепте өнкүй пәнінен ұстаздық қызметті бастап, өмір бойы өнерге жас ұрпақты баулумен келе жатыр.

Арасында бір үзіліс – Алматы қаласындағы П. Чайковский атындағы музыкалық училищеде оқыған жылдар. Арнайы музыкалық білім мен табиғи дарындылық және өмірден өз орнын табу талғамы жас маманды жаңа жеңістерге итермеледі. 1978 жылы Рақымбек, Шелек аудандық Мәдениет үйінің директоры болып тағайындалады. Ұжым басшысы